# ШАЛҚАР

## энциклопедиясы

# ШАЛҚАР

## энциклопедиясы

ББК 92
Ш 21

«ШАЛҚАР» энциклопедия
Бас ред. Т.Тілешев
Шалқар, 2009. 337 бет

# А – Я

«ШАЛҚАР» энциклопедиясының
Бас редакциясы
Шалқар, 2009

Ш $\frac{5001000000}{00\ (05)\ 08}$

ISBN 978-601-06-0004-1

© «Шалқар» энциклопедиясы.
ББК 92. 2009

# «ШАЛҚАР» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

**«Шалқар» энциклопедиясын үйлестіру кеңесінің құрамы:**

**Р.М. Сыдықов –**
аудан әкімі, үйлестіру кеңесінің төрағасы.

**З.Ж. Жұмабаева –**
аудан әкімінің орынбасары, үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары

Шалкарская районная
централизованная библиотека

**КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ:**

Д. Әспенов
О. Әділбаев
З. Байдосұлы
Е. Бекмағанбетов
Е. Данағұлов
С. Ділман
И. Ерішов
С. Жұбаназар
Ж. Көптілеуов
Е. Қазыбеков
Р. Нұржанов
Т. Омаров
Қ. Табаналы
Ғ. Төлеген
С. Төлемісов
К. Төлеубай
Қ. Төлеуов
Е. Төлепбергенов

ББК 92
Ш 21

«ШАЛҚАР» энциклопедия
Бас ред. Т.Тілешев
Шалқар, 2009. 337 бет

# А – Я

«ШАЛҚАР» энциклопедиясының
Бас редакциясы
Шалқар, 2009

Ш $\frac{5001000000}{00\ (05)\ 08}$

ISBN 978-601-06-0004-1

© «Шалқар» энциклопедиясы.
ББК 92. 2009

# «ШАЛҚАР» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

**«Шалқар» энциклопедиясын үйлестіру кеңесінің құрамы:**

**Р.М. Сыдықов –**
аудан әкімі, үйлестіру кеңесінің төрағасы.

**З.Ж. Жұмабаева –**
аудан әкімінің орынбасары, үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары

Шалқар аудандық орталықтанған кітапхана
Шалкарская районная централизованная библиотека

**КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ:**

Д. Әспенов
О. Әділбаев
З. Байдосұлы
Е. Бекмағанбетов
Е. Данағұлов
С. Ділман
И. Ерішов
С. Жұбаназар
Ж. Көптілеуов
Е. Қазыбеков
Р. Нұржанов
Т. Омаров
Қ. Табаналы
Ғ. Төлеген
С. Төлемісов
К. Төлеубай
Қ. Төлеуов
Е. Төлепбергенов

# «ШАЛҚАР» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ


## ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫ:

Т.Тілешев (бас редактор)

Ж.Асанов

З.Байдосов

С.Байменше

С.Дәрібай

М.Есмағанбетов
(бас редактордың орынбасары)

Ш.Қарамергенов

А.Көздібаев

С.Мұхтаров

О.Оразов

Ж.Тұрлыбекова

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
# АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
# ШАЛҚАР АУДАНЫ







*Көл Шалқар, кеште көрдім айдыныңды,*
*Төсіңнен тостың маған ай нұрыңды...*

*Қ. Шаңғытбаев.*





Шалқардың құм деп жерін қомсынбаңыз,
Құмы - құт, суы - байлық, осында аңыз.
Еңбекпен бағы жанған, шамы жанған
Батырлар, бақыттылар осындамыз.

У. Уайдин







# АҚТӨБЕ қаласы







# ШАЛҚАР ауданы

| № | Шалқар ауданының селолық округтері | Округ орталықтарының аттары | Округ аумағы (га) | Халық саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шалқар қаласы | Шалқар | 228 998 | 27910 |
| 2 | Айшуақ селолық округі | Бегімбет селосы | 747 088 | 2529 |
| 3 | Ақтоғай селолық округі | Қотыртас селосы | 149 717 | 1270 |
| 4 | Біршоғыр селолық округі | Біршоғыр ст. | 153 308 | 2130 |
| 5 | Бозой селолық округі | Бозой селосы | 828 332 | 3346 |
| 6 | Жаңақоныс селолық округі | Аққайтым селосы | 416336 | 1190 |
| 7 | Есет Көтібарұлы селолық округі | Байқадам селосы | 739 813 | 1203 |
| 8 | Қауылжыр селолық округі | Қауылжыр селосы | 126 601 | 1780 |
| 9 | Мөңке би селолық округі | Мөңке би селосы | 312462 | 1596 |
| 10 | Тоғыз селолық округі | Тоғыз селосы | 372 419 | 1557 |
| 11 | Кішіқұм селолық округі | Шілікті селосы | 863 188 | 2138 |
| 12 | Шалқар селолық округі | Жылтыр селосы | 416692 | 1299 |
| 13 | Шетырғыз селолық округі | Қаратоғай селосы | 281 627 | 1251 |












44

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенмен боласың тең.

**Абай.**

Мертвые уже не мертвые, если живые благовейно воскрещают их.

**Аноре Моруа.**

Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі.

Ғылым деген үлкен бір әлем болғандықтан, оның белгілі бір биігіне өрмелеп жеткендер де, самғап барғандар да бізде көптеп ұшырасады.

Ұлылардың туған күні болады, өлген күні болмайды, өйткені олар өлмейді.

Тарих – ұлт рухының алтын қоймасы.

Қасиетті қазақ жері – ата-бабаларымыздың даңқты тарихын атының тұяғымен қазып кеткен жер.

**Н. Назарбаев.**

Уа, Дариға, алтын бесік – туған жер!
Қадіріңді білмей келсем, кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам егер мен.

**Қ. Аманжолов.**

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел, тегі, қайдан алсын кемеңгерді.

**І. Жансүгіров.**

Шұғылалы елдің шежірелі тарихы.

# ШАЛҚАР ӨҢІРІНІҢ ШЕЖІРЕСІ

***Тамыры жоқ ағаш, тарихы жоқ халық болмайды.***

*З. Қабдолов.*

Осыдан алты жыл бұрын, 2003 жылғы сәуірде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Мәдени мұра» бағдарламасын бастама ретінде көтеріп, Үкіметке нақты тапсырмалар берді. Бағдарламаны жасаудың күрделілігі мен ауқымының кеңдігі сондай, ол сегіз ай бойы әзірленіп, 2004 жылдың басында қабылданды. Бағдарламаның бірінші кезеңі 2004-2007 жылдарды, ал екінші кезеңі 2007-2009 жылдарды қамтиды. Тек қана бірінші кезеңді іске асыру үшін республикалық бюджеттен 2.728,8 млн. теңге қаржы бөлінді. 2006 жылы Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде Бағдарламаның тұсаукесері өткізіліп, онда мұндай теңдессіз жоба әлемдік тәжірибеде сирек кездесетіндігі және басқа елдерге үлгі боларлық жоба болып табылатындығы атап көрсетілді.

2007 жылы Бағдарламаның екінші кезеңінің іс-шаралары жүзеге асырыла бастады. Бұл кезеңге (2007-2009 ж.ж.) 4 млрд. теңгенің үстінде қаражат көзделген.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – тарих, археология, сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, облыстар бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерін жаппай инвентаризациядан өткізіп, Тізімін дайындау, энциклопедиялық анықтамалық томдар шығару, ғылымның әртүрлі салалары бойынша іргелі ғылыми басылымдар әзірлеу, 83 атаумен кітаптар шығару, 100 томдық «Бабалар сөзі», 100 томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы», 200 томдық «Әлемдік философиялық мұра», 10 томдық «Әлемдік педагогикалық ой-сана» кітап серияларын шығару, сондай-ақ тарихи-мәдени қорықмұражайлар құру, оларды туристік инфрақұрылымға енгізу, 2009 жылы әлемнің алты тілінде – орыс, ағылшын, француз, испан, қытай, араб тілдерінде, сондай-ақ қазақ, түрік, жапон және итальян тілдерінде Қазақстан мәдени мұрасы туралы кітап-альбом шығару жоспарланып отыр. Бағдарлама аясында атқарылатын басқа да көптеген жұмыстар бар.

Осы уақытқа дейін белгіленген жоспардың басым көпшілігі орындалды. Міне, «Шалқар» энциклопедиясын түзу Елбасының осы бастамасын қолдап, оны жүзеге асырудан туындап отыр.

Өткенсіз бүгін жоқ. Ал адамдардың өткен өмірі – тарих. Ол сол адамдардың өз заманы мен өз дәуіріндегі арман-мұраттары, іс-қимылдары, ықылас-ниеттері, сол дәуірдегі басқа да құбылыстарға байланысты қалдырған материалдық және рухани іздері. Ата-бабадан қалған мұра біздің тұтас елдік келбетімізді айқындайды. Адамзат ұрпағы қай заманда ғұмыр кешпесін, алдағы күнге көз тігумен бірге өткенді де жадынан шығармаған. Себебі, бұл құбылыс біріне-сіз екіншісі жоқ, тығыз байланысты табиғи желілер.

Сол себепті Энциклопедияда ой мен санада таңбаланып қалған тарихи-танымдық оқиғалар-ға, елге еңбегімен, өнерімен, білімімен, ел есінде қалған белгілі бір дәуірдегі іс-әрекетімен мәлім көрнекті тұлғаларға, биік адамгершіліктің, имандылықтың қалыптасқан ережелерін айқындайтын рухани ұғымдарына кеңінен орын беруді орынды деп ойлаймыз.

Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан Шалқар тарихында XVIII-XIX ғасырларда сыртқы күштерге қарсы күрестер мен XX ғасырға дейінгі жалғасқан ұлт-азаттық қозғалыстарды, ішкі ынтымақтықты жарастыру үшін қауіптерге бас тіге жүріп атқарылған азаматтық істерді жан-жақты баяндау – келешек ұрпақ алдындағы парызымыз.

Тарихқа үңілсек, Шекті атауының қай кезден белгілі бола бастағаны жайлы зерттеушілердің пікірі әртүрлі. «Құдатғу Білік» (1069 ж.) пен «Диуани лұғат-ат-түрік» шығармасында Шу өзенінің бойында Чекл тайпасы аталады. Ал Әлімұлы бірлестігіндегі тайпалардың Батыс Түрік қағандығының құрамында болғандығы белгілі. Негізінен Шекті руы орыс жазбаларында XVIII ғасырдан белгілі болды. Шекті

аталығының негізгі бөлігі бүгінде Ақтөбе, Қызылорда облыстарында, Қарақалпақстанда тұрады. Сол Шектінің бір бұтағы Өрістен тарайтын Айтұлы Тілеу (1630-1684) – қазақ тағдыры талқыға түскен Сайрам соғысына (1681-1684) 17 мың қол жинап, қасына баласы Жолдыаяқ, інісі Қалдыбай батырларды ертіп, бастап барып қатысқан сардар және соғыстың даңқты қаһарманы. 1684 ж. Сайрам қаласын қорғаудағы шешуші ұрыста өзі де, Жолдыаяқ батыр да опат болған. Екеуінің де сүйегі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген.

Кіші жүз ханы, қол астындағы жұртын сыртқы апаттардан сақтап қалған Әбілхайырдың қолбасшылық және саяси қызметтері, отаршылдыққа қарсы күресте қазіргі Ақтөбе өңірін тұтастай қамтыған. Ал Шалқар тарихында Есет Көтібарұлы (1803-1889) – 1847-1858 жылдардағы Үстірттен Електің орта ағысына дейінгі аралықты қамтыған Ресейдің отарлық саясатына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Ол 15 жасында-ақ Жайық казактарына қарсы күресте көзге түсіп «Батыр бала», ал кейін XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Жоламан Тіленшиев бастаған қозғалыста ерлік көрсетіп, сол кезден бастап-ақ ел ішінде Есет батыр атанған.

Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күресте және Хиуа хандығының қоқанлоққысына қарсы тойтарыс беруде Есет жалғыз болған жоқ. Олар Жанқожа батыр Нұрмұханбетұлы, Мәуміт батыр Сейітпембетұлы, Бекет Серкебайұлы, Ерназар Кенжалыұлы, Елтізер, Жәлімбет Қуатұлдары, Байқазақ батыр, т.б. тізе қосып, дұшпанға тойтарыс берді.

Міне, осы ұлт-азаттық қозғалыс кейін XX ғасырдың басындағы дүмпулер мен толқуларға ұласты. Бұл ғасыр Шалқар жеріне сонымен қатар өзінің ұлы жаңалығын да ала келді. 1900 жылы орыс патшасы Орынбор-Ташкент теміржолын салуды жоспарлап, Шеңгел, Қабырға болыстарынан жер сұратады. Сонда Шеңгел болысы Мырзағұл Шыманұлы елдің мекен жайы мен мал жайылымына үлкен қысым болатынын біле тұра халық алдында былай дейді: «...Салатын жолдардың қазаққа да септігі тиеді. Оған бүгін орыс ие болғанымен, қазақтың келесі ұрпағы осы жолға өзі ие болатыны анық. Өйткені жер, ел – қазақтікі». Марзағұл Шыманұлы 1903 жылы Арал теңізі мен Мұғалжар тауының аралығындағы Біршоғыр, Шалқар стансаларында басталған шаруалар көтерілісін басқарды. Көтеріліске 800 адам қатысты.

1917 жылы Ұлы Қазан төңкерісі де Шалқар жерін айналып өткен жоқ. Сол жылы 12 желтоқсан күні шалқарлықтар Кеңес Үкіметін таныды. Шалқар кеңесінің бірінші төрағасы Дмитрий Васильевич Наливкин болды. Ол 1899 жылы туған. Кейін академик, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты болды. Шалқар жерінде ақ гвардияшылармен күресте Ә.Т.Жангелдиннің еңбегі айрықша. Ал Шалқардың төл перзенттері Т.Жамашұлы, И.Р.Доценко, Ж.Мекебаев, Л.Мюльгаузен, П.Ознобин, Ы.Карагулин, Ж.Дүйісов, Ж.Беккұлов, Ж.Таушанов, А.Сүгіралин, Д.Е.Гражданкин, А.Невский, М.Князев, С.Ролдыгин, т.б. төңкерістердің бел ортасында жүрді.

1918 жылдың 21 наурызынан 3 сәуірге дейінгі аралықта Кеңестердің Торғай облыстық съезі болып, оған 600 делегат қатысты. Съездің 25 адамнан атқару комитеті құрылып, оның төрағалығына Әліби Тоғжанұлы Жангелдин сайланды. Сол кездегі қиыншылық жағдайларға байланысты атқару комитеті Шалқар қаласында да біршама уақыт жұмыс істеді.

Бұл кезең Ақтөбе маңайында кескілескен шайқас болып, елдің еңсесі басылған ауыр кезең еді. Осындай ауыртпашылық шақта Ә.Т.Жангелдиннің интернационалдық отрядының Ақтөбе майданына көрсеткен көмегі өлшеусіз болды. Бұл отряд Каспийдің Бозашы аралынан Шалқар стансасына дейін мың шақырымдық жол жүріп, Ақтөбе майданына қару-жарақ пен дәрі-дәрмек жеткізді. Бұл даңқты жорық 1918 жылғы 11 қарашада Шалқар қаласында аяқталды.

1919 жылдың жаз айларында Ақтөбе майданының жауынгерлері Шалқар-Арал маңында ақгвардияшыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді. Армия бөлімшелеріне көмек беру үшін Шалқар Революциялық комитетінің төрағасы және төтенше комиссар Иван Романович Доценко бастаған жауынгерлік отряд жөнелтілді. 11 қыр-

күйекте Шалқар ақгвардияшылардан азат етілді.

Өмір мен өлім беттескен сол бір қатыгез жағдайда қарапайым халықтың мүддесін қорғап, ерен еңбек пен үлкен ұйымдастырушылық қабілет көрсеткен жоғарыда аттары аталған азаматтардың есімдері Шалқар тарихында мәңгілік ескерткіш болып қалдырылды.

1921 жылғы 21 қазанда Шалқар ауданы ұйымдастырылып, орталығы Шалқар поселкесі болды. Ол кезде 8 мыңның үстінде халық тұрды. Аудан: Қабырға, Қарасай, Құланды, Теректі, Толағай, Ордақонған, Жыңғылды болыстарынан құрылды.

1922 жылдың 5 шілдесінен бастап Шалқар ауданы уезге айналды. Оған үш аудан Ырғыз, Қарашоқат, Шалқар аудандары кіреді.

1927 жылдары Шалқар уезінде 42 мыңдай жылқы, 40683 түйе, 56596 сиыр, 153081 қой, 47609 ешкі болған. Уезге қарасты 16995 отбасы тұрған, олардың 12405 кедейлер, 4406-сы орташалар, 134 бай отбасы болған. Шалқарда 1926-1927 жылдары екі жыл қатарынан жұт болып, көп мал шығынға ұшыраған.

1927 жылдың наурыз айында қалалық кеңестері ұйымдастырылды. Оның президиумына 9 адам ұсынылып, екеуі кандидат болған. Кеңестер мүшесінің құрамы 55 адамнан тұрған. Коммуналдық үй-жай, әкімшілік-кооперативтік сауда, финанс-бюджет, халық ағарту, денсаулық сақтау секциясы ұйымдастырылып, онда 13 әйел, 40 ер адам жұмыс жасаған. Ұсынылып отырған Энциклопедияда қалалық Кеңес жөнінде толық мәлімет бар.

Отызыншы жылдардың бас кезі бүкіл Республикамыздағы сияқты Шалқар жеріне де өз ауырпашылығын ала келді. 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтан ел босып кетті. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, әркім тек өз күнкөрісінің қамын ойлап, беті ауған жаққа кете барды. Бірақ солай бола тұрса да партия мен үкімет халықты отырықшылыққа айналдырудың барлық шараларын жасады. Мал шаруашылығымен бірге егін шаруашылығы да қолға алынды. 1934 жылы ауданда 6370 гектар жерге 412 центнер тұқым себілді. Колхоздардың көктемгі егіске әзірлігіне айрықша көңіл бөлінді. Мәселен, сол кездегі № 17 ауыл «Ворошилов» серіктестігінде 52 үй, 52 жұмысшы, 40 жұмыс көлігі, 13 шана болған. Міне, осы 40 жұмыс көлігінің шөбі ақпан айында таусылып қалып, серіктестік жұмысы қатты сыналды.

1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін Шалқар жерін де айналып өткен жоқ. Бірақ қанша адамның ұсталып, қанша адамның зәбір шеккені айтылмайды. Сол кездегі аудандық «Социализм туы» газетінде жапон тыңшыларының жауыздық әрекеттері үшін Ырғызда сот үкімінің орындалғаны ғана айтылады. Ал ол қандай үкім, кімдерге орындалды, ол жағы белгісіз.

1938 жылы ауданда 50 колхоз ұйымдастырылды. Ұсынылып отырған Энциклопедияда ол шаруашылықтар және оларды басқарған адамдар жөнінде толық мәлімет болмағандықтан, қалың оқырман үшін оларды түгелдей тізіп шығу артық болмас. Ол колхоздар: Дамбар, Аралши, Сарыөзек, Қарабұлақ, Қорғанжар, Қайыңды, Жаңақұрылыс, 2-бесжылдық, Шетырғыз, Көкжар, Талдықұм, Пішендісай, Қаратал, Сарықамыс, Шилібасат, Қызылжұлдыз, Ақтүбек, Қызылту, Жомарт, Социалистік жол, Сарыбұлақ, Көлтабан, Алақозы, Шолақжиде, Алғабас, Қамқа, Екпінді, Жаңа дәуір, Қаражиде, Кезқора, 3-бесжылдық, Маркс, Жаңа тұрмыс, Есентай, Жиделі, Қараша, Астаукөл, Аққөл, Сарытепсең, Шұбаржылға, Ворошилов, Тұмалыкөл, Көкала, Қызылжар, Сүттікөл, Қызылсаз. Осынау ұсақ колхоздарда мал саны да аз болды. Ең көп деген «Тұмалы» колхозында 191 ірі қара, 28 жылқы, 15 түйе, «Алғабас» колхозында 30 ірі қара, 1 түйе. Ал «Астаукөлде» небәрі 3 жылқы, 2 ірі қара болған. Демек, осыдан 10 жыл бұрынғы мәліметтерге қарағанда ашаршылық пен жұт салдарынан мал саны мың, жүз еселеп азайған. Осы жерде 20-30-жылдардағы кадрлар жөнінде де тоқтала кету керек. Сол жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ басшы кадрлар даярлауға ерекше көңіл бөлінді. Олар бір орында тұрақтамай үнемі жоғарылатып тұрылды. Мәселен, 1925 жылы Хансұлтан Сүйіншалин уездік комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Кейін Мәскеудегі жоғарғы партия мектебін бітіріп, Қазақ КСР оқу министрі болған.

Әшімбек Бекшурин 1925-27 ж.ж. уездік комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімін басқарды. Тағы бір аяулы азаматымыз Дәуқара Мырзалин 1929 жылы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып тұрғанда темір жол клубында болған конференцияда есепті баяндаманы қазақ және орыс тілдерінде жасаған.

Жиырмасыншы жылдары әйелдер арасындағы кадрлар даярлауға да ерекше көңіл бөлінген. 1924-1929 жылдары Раушан Байшеркенова, Зәуре Тасқарина, Зәмзәм Асқарова, Төлебике Ғалиева, Рахила Сәрсенова, Харира Мұқанбедиярова, Бану Досаева, Мамық Қитығұлова, Ермек Мәмбеталина, Шекер Құдайбергенова коллективтендіру ісіне белсене араласты. Олардың бірқатары кейіннен жоғарғы қызметке ауыстырылды. Мәселен, Зәмзәм Асқарова аудандық партия комитетінің хатшысы, кейін Орталық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарды. Шекер Құдайбергенова № 1 ауылдық кеңестің, Ермек Мәмбеталина № 9 ауылдық кеңестің төрайымы болды. Рахила Сәрсенова 1936 жылы Орталық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, Харира Мұқанбедиярова Орталық партия комитетінің жауапты қызметкері, ал Төлебике Ғалиева Қостанай облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде темір жол өндірісін дамытуға айрықша көңіл бөлінді. 1921 жылы байланыс және белгі беру дистанциясы құрылды. Жұбанышбай Көпжасаров, Шағыртай Шатаев, Қарымсақ Айтығұлов, Айназар Данашев, Үмбетбай Бишекенов, Оспан Байсанов теміржол өндірісін дамытуға белсене араласты.

Оспан Байсанов әуелі жұмысшы, Шалқар теміржол бөлімінің бастығы, кейін РСФСР қатынас жолдары халық комиссариатында жол басқармасының бастығы болды. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Ж.Айтмағанбетов 1938 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

1940 жылы халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің 80 жасқа толуы Республика көлемінде кеңінен атап өтілді. Ақынның Ақтөбедегі тойына Шалқардың сол кездегі газет редакторы Тілеужан Шойғарин қатысып, сөз сөйлеп, арнау өлеңін оқыды.

Кадрлармен жұмыс, ауылшаруашылығын ұйымдастыру және теміржол өндірісін нығайтуға осындай жұмыстар жүргізіліп жатқан шақта неміс-фашист басқыншыларының 1941 жылы 22 маусымда тұтқиылдан бастаған соғысы елдің шырқын бұзып кетті.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ жергілікті радиода және аудандық газетте И.В.Сталин мен В.М.Молотовтың сөздері халық арасында кеңінен насихатталған. Халық шаруашылығы түгелдей дерлік соғыс жағдайына көшірілді. Барлық еңбек ұжымдарында әскери дайындық өткізілді. Онда әуе шабуылынан қорғану, қаруды пайдалану, жауға соққы беру, тұтқиыл шабуылдан қорғаныс әдістері үйретілді. Жұмыс уақыты 16 сағатқа дейін ұзартылды. Радио мен жергілікті газетке Совинформбюроның хабарлары үздіксіз беріліп тұрды. Тіпті соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Кеңес ұшқыштарының Берлинге шабуылы жөнінде хабарлар беріліп жатты.

Идеология майданының барлық жауынгерлері халықты жауға қарсы соққы беруге және еңбек етуге насихаттады. Соғыс үшін облигация, ақша, киім-кешек жинау науқаны басталды. 1942 жылдың қаңтарында «Ақкөл» колхозы майданға жеті қой терісін, бір құлақшын, екі пар қолғап, үш пар шұлық, бір килограмм жүн жөнелтті. Олар сондай-ақ, сырмақ шалбар, телогрейка, құлақшын беруге уәде етті. Үй шаруасындағы әйелдер Сухова, Галауаддинова, Иванова, Самсонова бірыңғай киім тігумен шұғылданды. Самсонова 62 шұлық, 32 қолғап, Сухова 32 шұлық, Галауаддинова 104 шұлық пен қолғап тоқып тапсырған.

Біздің жерлес қыздарымыз Айыш Жанұзақова, Қамажай Князбаева, Тотия Тойбазарова, Татьяна Петровна Луценко, Мария Тимофеевна Прохина, Вера Тимофеевна Соколова, Мария Ивановна Колядич, Александра Сергеевна Матвеева, Надежда Александровна Петрова соғысқа аттанды. Соғыс жылдарында майданға кеткен ер адамдардың орнын басып, Рабиға Құлымғарина аудандық партия комитетінің хатшысы, Нәмира Аманжолова, Масаты Елубаева, Балсары Елеусізова, Зәкира Өтебаева, Қарлығаш Жанайдарова,

Меруерт Сұлтанбаева ауылдық кеңес төрайымдары қызметтерін атқарды. Ал Ақын Дарқанбаева паравоз машинисі болып еңбек етті.

«Тылда да соғыстағыша еңбек етейік» деген ұранмен тылда еңбек майданы кең өріс алды. Ауыл шаруашылығында малды қыста төлдету тәжірибесі басталды. 1942 жылғы 1 ақпанға дейін ауданда 247 сиыр, 654 қой төлдеді. Сол жылдың көктемінде аудан бойынша төлдейтін әр жүз малдан 90 бұзау, 107 қозы, 130 лақ, 76 құлын, 35 бота алынды. Мал өсіретін фермалар 1939 жылғы 48-ден 124-ке дейін көбейтілді. Аудан орталығында «Красный восток», Промкомбинат, Жамбыл, Микоян артельдері жұмыс істеп, халыққа керекті заттарды шығарды.

Ленинград қаласы жау қоршауында қалғанда оған шалқарлықтар да аянбай үлес қосты. Промкомбинат пен «Красный восток» артельдері 440 килограмм сабын өндірді. Ленинградты қорғаушыларға 800 литр сүт, 48 кг. сары май, 96 килограмм ет, 2 килограмм құс еті жөнелтілді. Тапсырылған әрбір килограмм майға бағасы толық төленіп қосымша 500 грамм сабын берілген. Еңбек жарысы кең қанат жайып, ол әрбір мерекелі күндері қорытындыланып отырды. 1943 жылғы 1 мамыр мерекесінің қарсаңында Шалқар паровоз деposинің жұмысшылары Айымбетов пен Прохоров жоспарын 360 процентке орындағаны үшін марапатталды.

Ауданда ферма саны көбейтілгенмен колхоздар саны ықшамдалды. Бұрынғы 50 колхоз 38 колхоз болып іріленді. 1943 жылы ауданда 8950 ірі қара, 31 мың 111 қой-ешкі, 1737 жылқы, 737 түйе, 123 шошқа, 100 қоян, 3800 тауық, 16 есек болды. Малы жоқ колхозшыларға 50 қашар сатылды.

Соғыс жылдары жазушылар мен ақындар ел аралап, халықты жауға деген өшпенділікке жігерлендіріп отырды. Аудандық газетте нөмір сайын қазақ ақындарының өлеңдері басылды. 1942 жылдың көктемінде ауданға Нұрпейіс Байғанин келді. В.И.Ленин атындағы теміржолшылар клубында қала халқымен кездесті, өзінің насихат өлеңдерін жырлады. Міне осыдан кейін аудан халқы майданға деп 3755 сом ақша, 604 мың сомның облигациясын, 48 түрлі 7927 киім-кешек жинады.

Соғыс жылдарында Шалқардан майданға 7500-дей қыздар мен жігіттер алынды. Оның 1951-і хабарсыз кетті, 1800-дейі елге аман-сау оралды, осылай ауыртпалықты бастан кешірген Шалқар халқы соғыстан кейін де өзінің елдігін, рухының асқақтығын, қандай қиыншылыққа да төзімді қайтпас қайсарлығын, жасампаз еңбеккерлігін көрсете білді.

Соғыс аяқталды, елде мамыржай тірлік басталды. Көптеген үйлер майданнан оралған азаматтарын күтіп алып, қуанышқа кенелсе, көптеген үйлер қара жамылды. Шалқар әлі көркейе қоймаған, жатаған үйлерден тұратын шағын ғана қала күйінде еді. Негізгі өндіріс ошағы – теміржол кәсіпорындары, оның ішінде тепловоз депосы. Осы күнгі Ұран Бақтыбай көшесінің басталар жері, қала ортасындағы сордың жағасы орталық базар болды. Базардың аумағы ат шаптырым айнала дүкен. Ол кезде көшеде сау адамды көру қиын болатын. Көбіне базарда отыратын да солар. Бірінің аяғы жоқ, бірінің екі қолы жоқ, бірінің екі көзі су қараңғы. Бір бұрышта қобыз, бір бұрышта сырнай, енді бір бұрышта домбыра тартып зарлап отырған бейшара жандар. Бәрі де халықтан қайырсадақа сұрайды. Көше кезген өзбек қайыршылары. Бірақ халық халықтығын істеп, қолында бар қара бақыр тиындары мен жарты күлше нанын соларға беріп жатады. Мектеп оқушыларының жас арасы өте алшақ. Ұстаздардың көбісі – кешегі жауынгерлер.

Соғыстан кейінгі бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру жылдары өте ауыр болды. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін күндіз-түні жұмыс істеді. Бесіктегі бала анасының арқасында таңулы күйде күн кешті. Колхоздарда жұмысшы күші өте қат болды.

Сөйтіп жүргенде 1953 жылдың «салқын» жазы келіп жетті. И.В. Сталин қайтыс болғаннан кейін Совет Одағының түрмелерінде отырған көп адам рақымшылыққа ұшырады. Елді ұрықары жайлап кетті. Есін жинап келе жатқан халық тағы да ауыр күйге ұшырады. Күн құрғатпай үйлер тоналып, бала-шаға жылап жатты. Қайсыбір үйлер қолындағы жалғыз ешкісінен айрылды. Қайсыбіреулер азын-

аулақ үй мүлкінен жұрдай болды. Шалқарда «Қара мысық» қаптап кетті. Бірақ ел елдігін істеді. Халық еңсесін көтерді. Жақын маңдағы колхоздар қалаға келіп өздерінің қолдан жасаған азын-аулақ бұйымдарын сатты. Сүт, айран, шұбат ағыл-тегіл болды. 1953 жылы қыркүйек айында СОКП Орталық Комитетінің Пленумы болып, ол ел аумағында ауыл шаруашылығын өркендетуді кезек күттірмейтін міндет етіп қойды. Кешегі күні өзінің жекеменшік бір ешкісін сойып жегені үшін сотталған адамдарға жеңілдік берілді. Халық жаппай мал өсірумен айналысты. Соғыс кезіндегі 38 колхоз іріленіп 11 болды. Аудан бойынша 1 қалалық және 15 ауылдық кеңес болды. Олар Дамбар, Амангелді, Қарасай, Қаратал, Алғабас, Қорғантұз, Шұбарши, Сарыбұлақ, Елтай, Жаңа тұрмыс, Бостандық, Төңкеріс, Тұмалыкөл, Қауылжыр ауылдық, Шахта поселкелік кеңесі еді. Ауданда мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы қатар дамыды.

1960 жылы қаңтар айында Шалқар ауданының жастары Ақтөбе облысының бүкіл комсомол жастарына арнап колхоздарды механизатор кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде үндеу қабылдады. Шалқарлық жастар сол кезде 150 тракторист, 50 комбайнер, 45 адамды екінші мамандыққа даярлау жөнінде бастама көтерді. Шалқарлық жастардың бұл үндеуі кеңінен қолдау тауып, ауыл шаруашылығына қажетті кадрлар артығымен даярланды. 1960 жылдың аяғында ауданда 230 мың қой, 13,5 мың ірі қара, 6000 жылқы болды. Аудан малы негізінен Аяққұм және Кішіқұм мал жайылымы учаскелеріне қыстатылды. Тек Аяққұмның өзінде аудан малының 70 пайызы қыстатылып шығатын еді. 1961 жылдың аяғында қой саны 270 мыңға жеткізіліп, ірі қара мен жылқы малы бұрынғы күйінде қалды.

Елуінші жылдардың орта шенінде шыға бастаған Шалқар минералды суының даңқы бұл кезде біраз жерге мәлім болған еді. Құрамында 13 түрлі минералды қоспа бар бұл су шын мәнінде адам денсаулығына өте пайдалы. Білікті мамандардың айтуынша, оның шипалы қасиеті Кавказдың Ессентуки минералды суларынан кем емес болатын. Шишасынан екі есе арзан – 6 тиынның шипалы суы Мәскеу, Алматы қалаларында, Қазақстанның көптеген облыстарындағы дүкен сөрелерінен орын алды. Бірақ «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей, осы шипалы су цехын ұлғайтуға пәлендей мән берілмеді. Оның ең көп өндірілген жылы 1977 жыл болды. Осы жылы тәулігіне 6800 шиша шығарылды. Бұл цех жабылып та қалды. «Жаңа дәуір» ЖШС Шалқардың шипалы суын қайта шығаруды қолға алып, қазір өнімді жұмыс істеп жатыр.

Соғыстан кейін 60-жылдардың басына дейін ауданның бірінші басшылары болып Д.Бөкешов, Ғ.Төлеуішов, Н.Құлмұханбетов, І.Нұркин, Е.Жаңбыршин, Қ.Рыскелдин, С.Хұсайновтар еңбек етті. Сол азаматтар кезінде аудан экономикасы мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға елеулі еңбек сіңіре білді.

1962 жылы бүкіл Кеңес Одағы бойынша бірнеше облыс бірігіп, өлке құрады. Бір өлкенің ішінде өндірістік және селолық деп аталатын екі партия комитеті жұмыс істеді. Аудандар бірігіп, өндірістік басқарма құрады. Сол уақытта Ақтөбе, Орал, Гурьев (Атырау) облыстары (Маңғыстау облысы ол кезде құрылмаған болатын) бірігіп, Батыс Қазақстан өлкесі болып аталды. Оның орталығы Ақтөбе қаласы болды. Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшылығына Коломиец бекітілді. Шалқар ауданына Ырғыз ауданының төрт кеңшары қосылып, Шалқар өндірістік басқармасын құрады. Басқарманың бастығы болып Кеңес Нокин, басқарма партия комитетінің хатшысы болып Төлеу Алдияров, басқарма атқару комитетінің төрағасы болып Сәндіғали Құсайынов сайланды. Аудандық «Социализм туы» жабылып, Алға қаласынан бірнеше басқармаға тарайтын «Жұлдыз» газеті ашылды.

Сөйтіп жүргенде 1963-1964 жылдардың қаһарлы қысы да келіп жетті. Бұл да халық есінде «Жалпақ қоян» деген атпен қалды. Бет қаритын үскірік аяз болмағанымен байланыстың барлық түрі үзілді. Жолаушылап шыққан бірқатар адамдар далада адасып, үсіп өлді. Аудан басшылығы ғана емес бүкіл өлке әбігерге түсті. Ол кезде «К-700» сияқты алып тракторлар жоқ болатын. Ең қуатты ауылшаруашылық техникасы «С-100» деген шынжыр табанды трактор еді. Ол да жеткіліксіз болатын. Кол-

хоздарға іс-сапарға кеткен адамдар екі-үш айға дейін хабарошарсыз жатып қалды. Ақтөбеден Мәскеуге, КСРО Қорғаныс Министрлігіне телефон шалынды. Қуатты әскери техника сұралды.

Көп ұзамай Шалқар өңірінде әскери танктер қаптап кетті. Олар елді мекендер мен қыстақтарға жол ашумен айналысты. Алыс қыстақтардағы отарларға жемшөп тікұшақпен жеткізілді. Мал қоралары мен үйлерді қар басып қалды. Мал үлкен шығынға ұшырады. Қанша малдың шығынға ұшырағаны дәл айтылмаса да «Қоян жылы» аудан малының шамамен үштен екі бөлігінен астамы қырылды.

1964 жылы басқарудың территориялық құрылымы қайта өзгерді., өлкелер мен өндрістік басқармалар таратылып, бұрынғысынша облыс және аудан болып қайта құрылды. Аудандағы колхоздар ірілендіріліп, тоғыз кеңшар болды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Төлеу Алдияров, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып Жиенбай Шарбақов, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы болып Задагерей Мұстафин сайланды.

Қыстайғы жауған мол қардан сол жылдың жазы өте берекелі болды. Жерде ылғал көп, кезкелген шұқыр суға толды. Ендігі ең басты міндет мал шаруашылығын шұғыл өрге бастыру еді. Ауыл шаруашылығына жаңа техникалар мен маман кадрлар келе бастады. Шалқар өңірі үлкен құрылыс алаңына айналды. Мал қоралары типтік жобамен қайта салынды. Ауданның мәдени-әлеуметтік өмірінде де үлкен өзгерістер болды.

Сөйтіп бас-аяғы он жылға жетпейтін уақыттың ішінде аудан экономикасы күрт ілгері баса бастады. Тек 1972-1974 жылдар аралығында ғана ауданда күрделі құрылысқа 23,6 млн.сом игерілді. Ал ол кезде бір бөлке нанның 24 тиын екенін ескерсек, бұл цифрдың қаншалықты қомақты екендігі өзінен өзі түсінікті болады. Сол жылдары ғана 964 орындық бір мектеп, химиялық тазалау фабрикасы, 54 орындық қонақ үйі, мемлекеттік банктің аудандық бөлімшесінің үйі, төрт дүкен, 26570 шаршы метрлік тұрғын үй, 119 мың қой сиятын 150 қора салынды. Ал ауданның өндіріс орындары осы уақыт ішінде 26 млн. 434 мың сом пайда тапты. 1974 жылдың аяғына қарай ауданда қой саны 325 мыңға, жылқы 11 мыңға, ірі қара 4950-ге, түйе 1513-ке жеткізілді. (Бұл тек қоғамдық мал ғана, жеке адамдардың қолындағы малдарының саны мұның ішінде жоқ).

Халық арасында 122 саяси хабарламашы, 1041 үгітші бұқаралық саяси жұмыстар жүргізді. Ауданда жұмыс істейтін 23 кітапхана, 16 селолық клуб, екі қызыл отау, теміржолшылар клубы мен жеті автоклуб өздерінің қызмет дәрежесін анағұрлым жақсартты.

Жетпісінші жылдардың орта кезінде Семей облысы Шұбартау ауданының мектеп бітіруші жастары мектеп партасынан қой шаруашылығы өндрісіне бару туралы үндеу қабылдады. Бұл үндеу бүкіл республика бойынша кең қолдау тапты. Әрине, мектептен бірден қиындығы мол мал шаруашылығына бару күтпеген жағдай еді. Бірақ бұл бастаманы қайткенмен де қолдау қажет болды. Сөйтіп, 1974 жылы ауданда тұңғыш сегіз комсомол жастар бригадасы ұйымдастырылды. Ең алдымен бұл бригадаларға жауапты қызмет атқарып жүрген кадрлардың балаларының баруы міндеттелді. Баласын қой отарына жіберуге келіспеген кадрларға қызметінен босатуға дейінгі шаралар қолданылды. Бригада құрудың экономикалық тиімділігі аз болғанымен, жыл сайын оның қатарын көбейту керек болды. Сөйтіп басаяғы он жылдың ішінде аудандағы комсомол жастар шопандар бригадасының саны 45-ке жетті. Бұлай етпеуге болмайтын еді. Өйткені СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы Л.И.Брежнев Қазақстанда қой санын 32-млн.-нан 50-млн.-ға жеткізу міндетін алға қойды. Бірақ бұл міндет өте ауыр еді. Қанша тырысқанымен бұл міндетті орындауға мүмкіндік болмады. Ақыры бригадалар тарап тынды. Бірақ осындай кедергі, қайшылықтары болғанымен ол бригадалар ауданда қой шаруашылығын өркендету ісінде көп жұмыстар тындырды. Жас азамат мал бағудың қыры мен сырын үйренді, кездескен қиындықтарға төзе білді. Олар жолдамамен оқу орындарына түсіп, көпшілігі кейін республиканың түпкір-түпкірінде және ауданда басшы лауазымды қызметтер атқарды. Кеңес үкіметі тарағанға дейін аудан-

да А.Төребаев, С.Беркімбаев, М.Жекеев, М.Жүсіпов, М.Біржанов, Ш.Атантаев, А.Марченко, В.Чемоданов, Б.Алдабергенов, Қ.Елеусізұлы, ал республикамыз өз алдына егемендік алып, тәуелсіз ел болғаннан кейін К.Абдуллин, М.Сейітжапаров, Ж.Оралмағамбетов басшылық етті. Ал 2002 жылдан Рахат Мәжитұлы Сыдықов аудан әкімі болып қызмет етіп келеді.

2007 жылғы тамыздың 7-сі мен 24-і аралығында «Сана» тәуелсіз ақпараттық-талдау орталығы Шалқар ауданында кәсіпкерлікті дамыту проблемалары мен перспективалары туралы зерттеу жүргізді. Онда ауданның географиялық жағдайы, табиғат және климаттық жағдайы, инфрақұрылым, шағын бизнес салалық құрылымының, әкімшілік-аумақтық бөлінісінің ерекшеліктері, мал шаруашылығын дамытудағы анықтайтын тарихи және географиялық факторлары, сондай-ақ Шалқар ауданы тұрғындарының кәсіпкерлік әлеуетінің жоғарылығы ескерілді.

Шалқар ауданы Ақтөбе облысының оңтүстігінде Ақтөбе қаласынан 363 км. жерде орналасқан. Аудан экологиялық қолайсыз Арал аймағына жатады. Жерінің көлемі – 61,2 мың шаршы км. Аудан бүкіл облыс жер көлемінің 20,6 пайызын алып жатыр (6,2 млн. га). Яғни облыстағы ең ірі аудан болып табылады. Топырағы ашық қоңыр, жылжымалы құмды. Өсімдіктен жусан басым. Жануарлар әлемі бай – киік, қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян, құстардан – бүркіт, көкқұтан, қасқалдақ, аққу, үйрек және т.б. мекендейді.

Аудандағы климат құрғақ. Көп бөлігін Үлкен Борсық, Кіші Борсық, Талдықұм, Маяқұм, Аяққұм, Мойынқұм, Қошқарата, Есеншағыл құмдары алып жатыр. Облыстық санақ басқармасының деректері бойынша, Шалқар ауданының тұрғындарының саны 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 46033 адамды құрайды. Әкімшілік жағынан аудан 12 селолық округке бөлінген. Олар – Айшуақ, Ақтоғай, Біршоғыр, Бозой, Жанақоныс, Есет Көтібарұлы, Кішіқұм, Қауылжыр, Меңке би, Тоғыз, Шалқар, Шетырғыз.

Тау-кен геофизик инженері, ҚР құрметті геологиялық барлаушысы Е.И.Книжниктің ақпараттарына сүйенсек, Шалқар ауданы аумағында көптеген пайдалы қазбалар, кен орындары бар. Олардың кейбіреулері барланған, Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік балансында ескерілген және өнеркәсіптік өндіруге тартылған, басқалары геологиялық барлау жұмыстарын аяқтауды талап етеді.

Пайдалы қазбалар кең спектрді қамтып отыр:

Көмірсутек шикізаты – табиғи газ – ондаған млрд. текше метрмен бағаланатын қор топтары бар (Бозой және Қызылой орындары).

Марганец рудасы – Біршоғырдағы кен орны, қазір онда барлау жүргізілуде және оларды өндіруге дайындауда.

Мұғалжар тауының оңтүстік бөлігіндегі мыс, мырыш рудалары;

Арал теңізі жағалауындағы Прогрозный кен орнындағы титан-цирконий рудалары;

Платформалы боксит (Ақтоғай) және қазаншұңқырлы типті (Оңтүстік Қайыңды);

Көптеген әртүрлі құрылыс материалдарының кен орындары: Өтеген, Төлегенсай кен орындары және басқалары (цемент-өнеркәсібі үшін шикізат және құрылыс тасы), Біршоғыр кен орындары топтарындағы кварцты профильдер, қалыптағы құмдар, құрылыс құмдары, құмқиыршықтас қоспасы;

Ас тұзы;

Асханалық-емханалық Шалқар минералды сулар, құмды алқаптардағы тұщы ауыз су, термальды сулар;

Емдік балшықтар;

Әртүрлі сәндік тастар: Жұмырсай яшмасы, Жалғызтау ағашы.

Келтірілген тізбе геологиялық барлау мамандардың пікірі бойынша Ақтөбе облысының таңқаларлықтай қызықты ауданы – Шалқар ауданының барлық пайдалы қазбаларын түгелдей алмайды.

Шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру жөніндегі дәйекті жұмыстар жалғасын табуда. Шағын кәсіпкерлік саласында ауданда шағын кәсіпкерлікті дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді.

2008 жылдың 1 шілдесіне кәсіпкерлік субъектілер саны 1828-ге, ал оларда жасаушылардың саны 8694-ке жетті, өндірілген өнім және көрсетілген қызмет

көлемі 3507,6 млн. теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда субъектілер саны 84-ке (104,8 пайыз), жұмыс жасаушылар саны 3242-ге (159,5 пайыз), өндірілген өнім және көрсетілген қызмет көлемі 1380,3 млн. теңгеге (164,8 пайыз) артты.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 16-ы өндірісте, 499-ы ауыл шаруашылығында, 11-і құрылыс, 107-і көлік және байланыс саласында, 933-і саудада, 32-і қонақ үйлер мен мейрамхана, шайханаларда және 230-ы қызметтің басқа түрлерінде жұмыс жасап, аудан халқына қызметтің барлық түрлерін көрсетіп отыр. Аудан халқының жалпы саны 46334 (01.11.2008-ге).

Халыққа білім беру саласында бірқатар шаралар атқарылуда: 2007-2008 оқу жылында 42 мектепте 9113 оқушы білім алды. 187 оқушы контингентімен 3 мектеп жанында интернат жұмыс істейді. Саз, өнер мектептерінде 570 оқушы оқып, тәрбиеленуде. 2006-2007 оқу жылында аудандағы 22 орта мектепте 11 сыныпты 756 оқушы аяқтап, оның 667-і ұлттық бірыңғай тестке қатысты, яғни 88,0 пайыз. Тестілеу нәтижесі бойынша аудандық көрсеткіш 71,04 балл құрады. Бұл көрсеткіш сапа бойынша облыстық көрсеткіштен 2,26 балға артық. Республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген қаржыға Меңке би селосындағы М.Тәжин атындағы және Байқадам селосындағы Қорғантұз орта мектебі, Шалқар қаласындағы 140 орындық балалар бақшасы пайдалануға берілді. 2007 жылы республикалық бюджеттен бөлінген 423,5 млн. теңге қаржыға Шалқар қаласынан 1200 орындық және жергілікті бюджеттен бөлінген 100,0 млн. теңге қаржыға Шілікті селосында мектеп құрылыстары басталды.

Ауданда салауатты өмір салтын қалыптастыру мен денсаулық сақтау салалары бағытында да бірқатар жұмыстар жасалды: 2002-2007 ж.ж. 5 дәрігерлік емхана, 11 медициналық пункт ашылып, жаңадан 1 аурухана мен 1 емхана (тәулігіне 300 адам қабылдайтын), 2 дәрігерлік емхана іске қосылды. Көрсетіліп отырған мерзім ішінде Шалқар қаласында спорт кешені ашылды.

Ауданда экономика саласында жұмыс жасаушылар саны 2002 жылы 20360 адамды құраса, қазіргі таңда 22600 адамды құрап, 2240 жаңа жұмыс орындары ашылды.

Жыл басынан бері ауданда жолаушылар тасымалымен айналысатын заңды тұлға «Жол махан» ЖШС, 15 сауда орны, 2 ветеринарлық қызмет, 9 коммуналдық қызмет, 1 құрылыс, 2 дәріхана, 3 жолаушылар тасымалы, 1 медициналық қызмет, 1 шаштараз, 1 наубайхана, 1 монша, 1 ақпараттық қызметпен айналысатын орын т.б. жеке тұлғалар ашылды.

Қазіргі уақытта магистральді «Бейнеу–Бозой–Шалқар–Самсоновка» газ құрылысының жобасы жүзеге асырыла бастады. Жобаланып отырған газ құбыры жергілікті құрылыстардан тұратын, Қазақстанның батыс өңірлерінде орналасқан мұнай-газ кен орындарынан табиғи газды ҚР оңтүстігіндегі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының және Алматы қаласының табиғи газға қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында осы облыстар мен Алматы қаласына тасымалдауға арналған өндірістік-технологиялық объектілердің, құрылыстардың және қондырғылардың бірегей жүйесі болады.

Газ құрылысын екі кезекте жүргізу жоспарланып отыр. Бірінші кезек (2009-2010) «Бейнеу-Бозой-Самсоновка» магистральді газ құбырының жылына 10 млрд текше метр газ тасымалдауды қамтамасыз ету үшін бір басты және бір желілік компрессорлық станция құрылысы. Бірінші кезек құрылысына 2 млрд 850 теңге инвестиция қажет. Екінші кезек (2011-2012) жылына 20 млрд текше метр газ тасымалдауды қамтамасыз ететін алты желі компрессорлық станция және тасымалданатын газ мөлшері жылына 6,5 млрд текше метр болатын «Союз» МГ, «Орынбор-Новоисков» және «САЦ» арасында газ құбырын жалғастыру құрылыстары. Екінші кезекті жүзеге асыру саласындағы инвестициялар 835 млн. АҚШ долларын құрайды.

2008 жылғы 1 карашадағы дерек бойынша, ауданда 501 ауыл шаруашылығы құрылымы болды, оның 494-і шаруа қожалықтары, қалғандары заңды тұлғалар. Ауданда «Тау-кен», «Жаңатас-Ақтөбе», «Ырғыз-

тасқұм» ЖШС-тері, Біршоғыр қиыршақ тас зауыты, «Алай», «Жаңа дәуір», «Көктас» минералды су құю цехтары, ондаған теміржол кәсіпорындары мен денсаулық сақтау, білім, байланыс орындары жұмыс істейді.

Аудандағы шағын бизнестің ағымдағы жағдайын бағалау үшін облыстық санақ басқармасының, кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаментінің директері, аудан паспорты, БАҚ, бұрын жүргізілген зерттеулер нәтижелері талданды. Сондай-ақ кәсіпкерлерге сауал жүргізілді. Бүгінгі таңда ауданда шағын бизнестің 59 субьектісі (заңды тұлғалар) тіркелінген, 705 жеке кәсіпкер бар. 2003-2007 ж.ж. аралығындағы мерзімде сауда 225,8 пайызға, көлік және байланыс 225 пайызға, көрсетілген дербес, әлеуметтік және коммуналдық қызметтер 173,7 пайызға өсті. Бұл салалар алдағы уақытта да дамитын болады. Жылына 1 млн. тонна цемент өндіретін зауыт, Бейнеу-Шалқар теміржолы және автомагистралін салу алдағы жылдардың үлесінде.

Шалқар халқы өз тарихында қандай қиын жағдай кездессе де, оны қажырлылықпен жеңіп келеді. Осындай нық сеніммен болашаққа қадам баса береді.

**Энциклопедия Бас редакциясы.**

# А

*Асыл сөзді іздесең,*
*Абайды оқы, ерінбе.*
*Адамдықты көздесең,*
*Жатта, тоқып ал көңілге.*

***(С.Торайғыров).***

**Абай (Ибраһим) ҚҰНАНБАЕВ**

(29.7 (10.8), 1845 ж., қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қасқабұлақ жайлауы – 23.6 (6.7), 1904, сонда Балашақпақ жайлауы, бейіті Жидебайда) – ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор.

Ақынның арғы бабасы – Олжай батыр, Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек есімді 3 ұрпақ тарайды. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай туады. Бұлардың әкесі момын, шаруа адамы, ал шешесі өткір тілді, өр мінезді әйел болатын. Сол Айпара ана балаларына: «Шынжыр балақ, шұбар төс Ырғызбайым, Тоқпақ жалды торайғыр Көтібағым, әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым, сірә да оңбас Торғайым», – деген сипаттама берген (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 26-б). Анасы айтқанындай, Ырғызбай ортасынан оза шауып, ел басқарған. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай тарайды. Өскенбайдың әйелі – Зереден Құнанбай туады. Құнанбай 4 әйел алған. Оның бәйбішесі Күңкеден – Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң, өзі алған екінші әйелі Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген кіші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. А-дың «Атадан алтау, анадан төртеу...» едім дейтіні осыдан. Болашақ ақын сабырлы мінезіне, кең пейіліне сай ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің мол қазынадай аңыз ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті. А. бала кезінде ширақ, пысық болмағанымен, елдегі шешен, ақын, ертегішілер әңгімесін тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген. Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, Марабай, Шөжелерді тыңдап өскен. Анасы Ұлжан да шешен болған, сөз қадірін білетін ортада өскен кісі. Оның ағасы (әкесі Тұрпанның інісі) Тонтайдың өлерінде қожа-молдаларға қарап: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – дегені халық аузында мәтел боп кеткен. Құнанбай қажының да кеңінен толғап сөйлер тереңдігі, өз тұстастарының ғана емес, шетелдік саяхатшылардың да назарына іліккен (қ. Янушкевич.).



Құнанбай қажы «Ескітам» деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. А. сегіз жасында әуелі сол «Ескітам» медресесінде дәріс алып, ауыл молдасы Ғабитханнан оқыған. Әкесі оның зеректігін байқағаннан кейін, 10 жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда 3 жыл оқыған. Медресенің үшінші жылында ол осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда 3 ай орысша оқиды. Бұл тұста М.О.Әуезовтың «Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа

айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. ...Оқуға кірген соң-ақ тез есейіп, ілім қуған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болды.

...Сол бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған» деген тұжырымы болашақ ұлы ақынның қалыптасу кезеңін айғақтайды. А. бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, тағы басқаларды оқыса, екінші жағынан А.С.Пушкин, А.И.Герцен, М.Е.Салтыков-Щедрин, Н.А.Некрасов, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, Ф.М.Достоевский, И.С.Тургенев, Н.Г. Чернышевский мұраларын оқып, терең таныс болған, Батыс әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқты ақындарды оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізді. Есейген шағында, осы өзі оқыған философ, ақын, ғалымдармен тең дәрежеде пікір таластырып, олардың ішінен ірі ақындардың өзіне әсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударған. Аударған өлеңдері көркемдік жағынан негізгі нұсқасымен тең түсіп, кейде асып та жатады.

Құнанбай А.-дың өзге балаларынан ерекше зеректігін ерте сезіп, оны әрі қарай оқытпай қайтарып алып, ел ісіне араласуға баулиды. Сөйтіп 13 жастағы А. әке ықпалымен әкімш.-билік жұмыстарына араласады. Ол әке қасында болған жылдарда қазақ даласындағы әлеум. өмір қайшылықтарын жан-жақты тани түседі. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен парақор орыс әкімдерінің, жергілікті жарамсақ болыстар әрекеттерінің халық тағдырына кеселді, зияндылығын айқын түсініп, соған қарсы батыл қимылдар жасаған. Алайда оның тамыры тереңде жатқанын, отарлау жүйесінің бел алып, елдің құрсауда қалғанын сезіп күйзелген. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен оның аярлығын түсінбей өзара қым-қиғаш айтыс-тартысқа түскен, танымы таяз болыстар мен ел билеушілеріне қарсы күресуге бел буған А.болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады. 1875-78 ж.ж. Қоңыркөкше еліне болыс болады. Бұл жылдары өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға күш салды. А. кейіннен, 1886 ж. Е.П.Михаэлистің ұсынысымен, Семей облыстық статистика комитетінің толық мүшесі болып сайланды. А. 1880 ж. И.Долгополов, А.А.Леонтьевпен танысып, олармен тығыз қарым-қатынаста болған. Ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі.

«1885 ж. мамыр айында Шар өзнің бойындағы Қарамола деген жерде Семей ген.-губ Цеклинскийдің басқаруымен Семей губ-на қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған А-ға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. А. бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. Бұл қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның, әсіресе, ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Бірақ А.-дың беделін өсірген Қарамола съезінен кейін оның қарсыластары көбейіп кетеді. 1890 ж. Байғұлақ, Күнту деген кісілер бастаған 16 атқамінер Жиренше қыстауының шетіндегі Ши деген жерде А.-ға қарсы дұшпандық әрекетке сөз байласады. 1891 ж. Оразбай бастаған дау 1897 жылға дейін созылады. Бұл шиеленістің аяғы 1898 жылғы Мұқыр сайлауындағы жанжалға, А. өміріне қастандық жасауға әкеп соқтырады. Ақын бұл жанжалдың барша жиренішті сырын, өзінің ақ екендігін Сенатқа жазған хатында айғақты деректермен дәлелдеп береді». (Абай. Энциклопедия. А., 1995, 49-бет). Ел басқару қызметінде барынша әділ болып, халық қамын ойлаған, «тура биде туған жоқ» принципін ұстанған. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбісін шығармашылыққа арнаған.

А. үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; екінші әйелі Әй-

герімнен – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайіл, Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан – ұрпақ көрген жоқ. А. өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи-Рәушән», екіншісі – «Физули, Шәмси». Өлеңдерін қағаз бетіне 80-жылдардың ортасында түсіре бастайды. «Сапсап көңілім», «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870-80 ж.ж. аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Бастан-аяқ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі ұғымдардан өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. А. лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясында тіл кестесіне, сөз қолдауына да жаңа сипат дарытқан ақын. А. поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, жүрек лүпілін, сезімнің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа да бейнелі сөздердің жаңа өзі шығарған соны үлгіөрнектері мол. Мыс., «жүректің көзі», «жүректің оты», «көңілінің көзі ашық», «көңілдің жайлауы», «ой өлкесі» деген ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздерді – метафораларды қолданады. Бірде ақын жүрегі кейіптеу бейне арқылы сипатталады: «Жүрегім менің – қырық жамау». Осындағы жұлқыланып, кескіленген, қырыққа бөлінген, парша-парша болып бөлектенген жүрек бейнесі ақынның өкінішін, арманын, қастандықөшпенділіктен шеккен азабын, сүйенерге тірек таппай күйзеліп налуын, т.б. көркемдік шеберлікпен жеткізіп тұр.

А.-дың ұлылығын танытатын өлеңінің бірі – «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». Осы өлеңнің бастапқы тармағындағы сөздердің мәнісіне үңілсек, табиғат сөзін қалыпты мағынада алып, аспан мен жер, күн мен айды айтып отырған сияқты. Олардың өмірі адам өмірінен ұзақ екені талассыз. Ескі филос. еңбектерде табиғат өлсе де, адам өлмейді деп, осы екеуін біріне-бірін қарама-қарсы қою кездеседі. Мыс., Сократ адамды табиғатқа қарсы қойып, әділдік, ізгілік секілді адамның жақсы қасиеттерін зерттеу қажет те, ал табиғатты зерттеу деген көңіл бөлуге тұрмайды деп санаған. Табиғат өзгереді, құриды, мәңгі өзгермейтін жаратушы бір Алла ғана деген ұғым бар. Жақсы адамның өзі өлсе де, жаны өлмейді деген пікірді философтар да айтқан. «Адам өлмес» деп бірден кесіп айтқан ойын А. төмендегідей жалғастырады:

«Ол бірақ қайтып келіп ойнапкүлмес, «Мені» мен «менікінің» айрылғанын «Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес».

...Дәл осы өлеңінде «мен» және «менікі» деген ұғымды А. ажыратып, дәлірек айқындамайды. Келесі шумақта:

...«Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып аяғын көп шалдырған», – дей келіп, алғашқы ойын енді тікелей жалғастырғандай:

«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» – дейді. «Адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. А. «Өлең – сөздің патшасы» өлеңінде «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!» – деп жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. А. оны жақсы түсінді, мұны оның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңіндегі мына шумақтар толық дәлелдейді:

...«Шу дегенде құлағың тосаңсиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей». Бұдан біз ақын өлең-жырларындағы жаңа, соны ой-пікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Өлең-жырға көңіл қоятын қауымнан мән-жайын түсініп байыбына жетуді талап етті. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей». А. ақын халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның жоғын жоқтаушы болуға тиіс деп санаған. А-дың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаз», («Жаздыгүн шілде болғанда»), «Желсіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді»,

«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман – алдындағы келер заман» секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармаларды атауға болар еді. А. өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жанрлық сипаты немесе өлең өрнегі мүлде жаңа болып келетіндіктен осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте қиын. Міне, осындай ондаған кемеліне келген өлең үлгілерін туғызған А. соларға ұқсас, біртектес өлеңдер жазуға ұмтыла бермеді. Әрине, қай ақында болсын бірнеше өлеңдер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа тереңдеп бару үшін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырынан ашылады. А-дың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні.

А.-дың тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»), «Күз» («Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан»), «Жаз» («Жаздыгүн шілде болғанда»), «Жазғытұры» («Жазғытұры қалмайды қыстың сызы») секілді бір топқа, циклге жататын өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең сөз, ән-күйдің мәнін, ақындық өнердің қасиетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамның кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі, пікір сонылығы, бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша бір-бірінен өзгеше сипат алған.

Осындай бір-біріне ұқсамайтын әр өлеңінде ақынның өнерпаздық тұлғасы әр қырынан көрініп, жаңаша сипат табады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман алдындағы келер заман», «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген сияқты өлеңдерін оқығанда А. ойшыл ақын екен деп таңдансақ, «Жүрегім, нені сезесің», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» секілді өлеңдерді оқығанда, А. асқан сыршыл лирик ақын-ау деп тамсанамыз. Ал «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Жаздыгүн шілде болғанда», «Желсіз түнде жарық ай», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» сияқты өлеңдерге назар салсақ, А.-дың өмір құбылыстарын сөзбен мүсіндеп, жанды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жан салмайтын суреткер ақын екеніне ден қоямыз. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», тағы сондай туындыларға қарап нағыз сықақшыл, өткір мысқылға шебер ақын осындай-ақ болар десек, «Мәз болады болысың» атты өлеңді еске түсіріп, әжуалап келемеждеудің мұндай да өте нәзік, өтімді түрі болатынына тәнті боламыз. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені көңіл аударады. Ал «Сен мені не етесің», «Ем таба алмай», «Қор болды жаным» секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын теппеген сыршыл лириканың жаңа үлгілері екені айқын аңғарылады. А.-дың әр өлеңінде оның осындай ақындық тұлғасына жаңа бір қырынан танытатын өзгешелігі болады десек, олар іштей астасып жатқан сипат, қасиеттер екенін де айтуымыз керек. «Сегіз аяқты» оқығанда мұнда терең сыршылдық, ғибратты насихатшылдық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең өрнегін өзгеше өрнектеуге шеберлік те – бәрі ұштасып келетіні анық көрінеді.

А.-дың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, даралық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан дайын үлгілерді қайталамайды. Осының өзі-ақ оның поэзиясына жаңашылдық сипат дарытады. Ол қазақ поэзиясының мазмұндық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер туғызды. Халықтың сөйлеу тілінің, қазақтың ауыз-

екі ақындық және ән өнерінің байлығын кең пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемнің интонациялық-ритмикалық байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдылық-бейнелеу, стилистикалық мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін ұстартып жетілдірді, әдеби тілді биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастырды.

А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, т.б. ақындардың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» бірнеше үзінді-нұсқаларды таңдап алып, «Татьянаның хаты», «Ленскийдің сөзі» атты өлеңдерін шығарды. Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр», «Жартас», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Альбомға» өлеңдерін қазақтың төл туындысынша сөйлетті. Бұл шығармалар А-дың ой көрігінде қайта қорытылып жаңадан дүниеге келген туындылар еді. Мыс., А-дың Лермонтов мәтінін қазақша жеткізу әдістері әр түрлі аударманың түпнұсқаға жақындық дәрежесі ылғи бірдей емес. Бара-бар, дәлме-дәл аудармаларында А.Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқын лебізін, жаңа саласын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып, мол жеткізеді. Барлық жарастық сәнімен қазақ тілінде қайтадан туғызады. Солардың қатарына «Альбомға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» сияқты өлеңдерін жатқызуға болады. Ал қалған жартысы еркін аудармалар. Мыс., «Ой», «Теректің сыйы» сияқты өлеңдер. А. жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кеткен тұстары бар дегенде, көбірек айтылатыны өлеңнің алғашқы шумағындағы:

«Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып», – деп келетін тармақтар. Бірақ осындағы «айдаһардай бүктеліп» дегенін еркіндікке жатқызсақ та, «арыстанның жалындай» дегені Лермонтовтың басқа бір шығармасындағы:

«И Терек, прыгая как львица, с косматой гривой на хребте», деп келетін сөздермен үндес екені байқалады. Және жал арыстанда ғана болатынын А. дұрыс ескерген. («львица» деп жаңылыс айтылған ғой). А.-дың аударма жасауға тереңдікпен, шеберлікпен, жауапкершілікпен келгенін байқайсыз. А. аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табысы болды.

А. – мысал өлеңдердің де шебері. Қазақ халқының сол дәуірдегі өмірін шыншылдықпен суреттеуге, әр түрлі топтар өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелер жасауға сөз өнерінде мысал жанрынан асқан көркемдік құрал жоқ. А.-дың мысал өлеңдері Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап танығанда мысалдың өзіндік жанрлық ерекшелігін ескеру қажет. Мысалдары толық мағынасындағы аударма емес, көбінесе, белгілі бір сюжет еркін баяндалады. А. мысалдарының тағы бір дені ауыз әдебиетінен бастау алып, әлем халықтары әдебиетінде кеңінен таралған ежелгі танымал мотивтерден тұратындығы. Ортақ сюжетке жазыла берер мысал жанрының типологиялық дәстүрін сақтай отырып, сол сюжетке мысал жазған ақындармен жарысқа түскен: «Қарға мен түлкі» (Эзоп, Федр, Бабрий, Крылов, Абай, Ыбырай, Әлихан, Ахмет т.б.), «Құмырсқа мен шегіртке» (Эзоп. Федр. А.Құрманбаев, Абай, Әлихан, т.б.) Бұдан Аарне және Томпсонның дүн. жүз. ертегілер каталогындағы сюжеттердің (сюжет ауысу теориясы) мысал жанрында әлем жазушыларының шығармаларында көрініс тапқанын байқап отырмыз. А. мысалдары Крыловтан аударма емес, ортақ сюжетке жазылған төл шығармалар.

Абай «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» поэмаларын жазған. Олардың үшеуі де шығыс халқына ортақ сюжетке құрылған. Бұларға қоса, ол Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кірісkenін ескерсек, поэма жанрындағы ақынның шығармашылық ізденістері аз болмағанын көреміз. Бұл екі аудармасы мен «Әзім» поэмасы бізге толық жетпегендіктен, нақтылы байлам жасау қиын. Ал «Масғұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ, олардың өзгешелігі, бұрынғы осы сюжетке жазылған поэма-дастандар ізін қумай, басқа қалыпта жазылуы поэмаларға даралық сипат берген.

А. – әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік филос. түйіндері бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы терең мағыналы филос. идеяларға толы. Ол күллі Шығыста филос-ның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеум. ролі туралы, адамтану мәселелерін көтерді.

Даналықтың өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. А.-ды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экон., саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық хал-жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға болады.

Ақын шығармалары сусындаған негізгі үш қайнар көзді айтатын болсақ,ол ең алдымен А. қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейкесті арманы мен даналық ойларын абыздық көрегенділікпен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренеді. Сондай-ақ А.-дың жүйелі ойларының үлкен бір арнасының қалыптасуына Шығыстың рухани қазынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Өйткені ол күллі араб пен парсының батырлық дастаны мен жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындарын, Әбу Жафар Мұхаммед ат-Тараби, Рабғузи, Рашид Әд-Дин, Бабыр Захыреддин Мұхаммед, Әбілғазы Баһадур ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық құқық, Шығыстың шариғат қағидаларын ұғындыратын ғұламалар еңбектерін жетік меңгерген. Сол еңбектерді түпнұсқасында оқитын жан-жақты білімдар, ғұлама болған.

Араб, парсы, түркі тілдеріндегі білім көздеріне А. ерекше көңіл аударады. Айрықша қабілетінің арқасында, араб, парсы тілдерін өз бетімен жүйелі түрде оқып, игереді. Сөйтіп ол Ә.Бөкейханов айтқандай, қасиетті кітаптардың білімпазы атанады.

Отырардан шыққан және Шығыстың екінші ұстазы атанған ғұлама ғалым Әбу-Насыр Әл-Фараби философиясы А.-дың дүниетанымын қалыптастырып дамытуда елеулі рөл атқарған. Ақынның шұрайлы филос. ойлары. негізінен. Шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел пікірлерін айрықша шеберлікпен игергендігін көрсетеді.

Орыстың қоғамдық-филос, ақыл-ойы ақынның эстетик. көзқарасының қалыптасуына елеулі әсер етті. Сондай-ақ басын сонау антикалық ежелгі заман мәдениетінен алатын Батыс Европа мәдениеті А. дүниетанымының даму процесінде тарихи сабақтастық желісін атқарды. Қазақ кемеңгері Сократ, Платон, Аристотель еңбектерімен жақсы таныс болды. Сонымен қатар ол Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюстің «Позитивтік философиясын», Дрепердің «Европа ақыл-ойының даму тарихы» атты туындылары мен Милльдің, Бокльдің және тағы басқа көптеген авторлардың да шығармаларын оқыған.

Батыстың өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың даму тарихы, ғылымы мен мәдениеті А.-дың рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін оның өз дүниетанымында тамаша ұштастырды. А.-дың негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның эстетик., этик. талғамы, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреніске түсірген. Шығыс ойшылы ретінде А. адам проблемасын үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылық, этик., эстетик. тұрғыдан зерделеді. Ол адам табиғатын этик. тұрғыда қарай отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады. «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні», – дейді М.Әуезов. Шындығында, А.-дың «жан сыры», «жан құмары», «жан қуаты», «жан жарығы», «хауас», «хауас сә-лим», «хауаси хамса», «хауаси хамса заһири», «толық адам» т.б. филос. ұғым-танымдар жөніндегі көзқарасы Ислам философсын терең таныганын байқатады.

«Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым», «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» – деген пікір-ғұламаның филос. көзқарасы. Жалпы, А.-дың филос. көркемдік, әлеум. гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері (ғаклия) –

ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, филос-дағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық алты бөлек шығармадан тұратын А.-дың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. А. өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен филос. сананы ұштастырады. А.-дың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеум. ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының филос. концепциясын құрайды. А.-дың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды.

А. муз. саласында да мол мұра қалдырып, қазақтың муз. өнерін дамытты. Қазіргі уақытта ақынның 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген. «А. қазақтың ән-күй творчествосын ерекше бағалаған. Бірақ ән атаулының бәрін қабылдамай, оның да «естісі мен есері барын» айтып, «Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күйді» ғана ұнатқан. Бүкіл шығыстың, орыстың, қазақтың халықтық әдебиетін терең зерттегеніндей, А. қазақтың халық ән-күйлерін жете білген. Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет, Жаяу Мұса сынды халық композиторларының ән-күй дариясынан сусындап, әншілік-күйшілік өнерді ерекше бағалаған. А. тек тыңдаушы ғана болмай, өзі де ән шығарған. А.-дың ән творчествосы қазақтың халық муз-ның тарихында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сұрғылт тұман», «Желсіз түнде жарық ай», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Амал жоқ, қайттым, білдірмей» («Татьянаның хаты»), «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ішім өлген, сыртым сау», т.б. әндері арқылы ол халықтың ән творчествосын сан жағынан байытып қана қойған жоқ, сондай-ақ қазақ поэзиясында жаңа өлшем, жаңа түр тапқаны сияқты, қазақ әніне де жаңа әуен-ырғақ, жаңа үн, өлшем мен түр ала келген жаңашыл композитор болды. А. әндерінің бір саласы тек өз творчествосына ғана тән өлең өлшемдеріне сай соны ықғақпен өріс табады. «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Көзімнің қарасындағы» 4, 5, 6, 8 буынды өлең өлшемдеріне орай, олардың әні де халық муз-нда бұрын кездеспейтін өзгеше сазға құрылады. «Бойы бұлған» әнінің алғашқы жартысы өлеңнің жол санына орай цезуралар арқылы үшке бөлінсе, екінші жартысы өлең ұйқастарына сай (бастым, састым, қаштым), іштей біртұтас сарында астасып жатады. А-дың муз. ойы жаңа өлшемді, соны ырғақты өлеңдерінің негізінде туады. А.-дың басқа халық композиторларынан ерекшелігі – қазақ әндерімен қатар, орыстың халық муз-на, қаланың демокр. ән-романстарына, М.И.Глинка, А.Г.Рубинштейн сияқты классиктердің вокалдық творчествосына құлақ түруі, содан үйренуі. А. әндерінен орыстың, украинның халық әндеріне, романстық лирикалық үлгісіне, демокр. муз. дәстүріне сарындастық айқын сезіледі. Осының нәтижесінде жаңа ырғақты соны әуенді әндер туады. А.-дың «Сұрғылт тұман», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Өлсем орным қара жер...», т.б. әндері, – қазақтың ән творчествосында жаңалық ашқан шығармалар. А-дың осындай шумақта келетін әндерінің бірі – «Қараңғы түнде тау қалғып». Бұл ән 4 муз. фразадан: -а+б+с+б құрылады да, соңғы с+б бөлімдері екі рет қайталанады.

А. орыс классиктерінің шығармаларын аударып қана қоймай, сол аударма өлеңдерге ән де шығарған. А. әндерінің үшінші бір саласы – осындай аударма өлеңдерінің негізінде шыққан әндер тобы. «Татьянаның хаты», «Онегиннің хаты» әндері – кезінде қазақ даласына кең тараған шығармалар. Бұл сияқты әндер Пушкин поэзиясын қазақ тілінде өлеңмен де, әнмен де насихаттау ниетінен туғаны байқалады. А. муз өнерінде жалғыз болмаған. Оның айналасында ән-күйдің, өлең-жырдың қадірін білетін өнерпаз топ болған. А.-дың Петербургте оқыған баласы Әбдірахман мен ағайындас інісі Мұқа скрипкада ойнаса, Ақылбай, Әлмағамбет, Әйгерімдер әннің майын тамызған. Бұл топ А.-дың ән творчествосының жанашыр сыншысы да, орындаушысы да, таратушысы да болған. Сондықтан А. ән шығаруға өзгеше жауапкерші-



Ы.Абдуллин



К.Абдуллин

лікпен қараған. А.Жұбанов пен Л.Хамиди ақын А. әндерін операға пайдаланса, Е.Брусиловскийдің «Жалғыз қайың», А.Жұбановтың «Абай» атты симф. поэмалары, С.Шабельскийдің фортепьянолық триосы, М.Скорульскийдің фортепьянолық квинтеті А. әндерінің негізінде туды. Ұлы ақынның өлеңдеріне қазақ композиторлары М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Н.Меңдіғалиев, Ә.Еспаев, М.Қойшыбаев, С.Тұрысбеков, т.б. композиторлар өздерінің әнроманстарын жазды. М.Төлебаевтің «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», С.Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» атты романстары – А. сөзіне жазған вокалдық шығармалардың сәтті үлгілері. Ақынның муз. мұрасын жазып алу 20-жылдары басталды. Алғаш, А.Э.Бимбоэс Абайдың екі әнін (Мұстафа Нұрбаевтан «Сегіз аяқ», Нәзипа Құлжановадан «Татьянаның Онегинге жазған хатын») нотаға түсіріп алды. А.В.Затаевич, Е.Г.Брусиловский, Л.Хамиди, Б.Г.Ерзакович, А.Жұбанов, Қ.Жүзбасов, У.Бекенов, т.б. маман-зерттеушілер А. әндерін білетін адамдардан жазып алып, бүгінгі күнге жеткізді. А. муз. мұрасын жинап, сақтауға Әуезов көп күш салды.

А. мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. Оның шығармалары басқа тілдерге аударылу арқылы дүние жүзіне тарады. Шығармалары орыс (1910, 1914, 1936, 1940, 1945, 1951, 1958, 1972, 1980, 1981, 1983, 1985, 1995), өзбек (1945, 1961, 1970), татар (1949, 1981), қырғыз (1954), әзербайжан (1971), қарақалпақ (1955, 1985), түркімен (1958, 1970), ұйғыр (1951, 1972, 1984), молдаван (1970), латыш (1970), украин (1977), ағылшын (1970, 1985), араб (1970), қытай (1955,1983), моңғол (1954), чех (1952, 1959), т.б. әлем тілдерінде басылып шықты. Қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі – абайтану ғылымы ақын мұрасын кең ауқымда зерттеу мәселесімен шұғылданады. Елімізде ұлы ақынға жасалған құрмет ерекше. А. атында қала (Қарағанды обл.), аудан (Шығ. Қазақстан обл), Семей, Қарқаралы, қалаларында, Жидебайда әдеби-мемор., музей-мұражайлары бар. А.-дың әдеби мұрасын студент жастарға тереңдей таныстыру мен оның шығармаларын ғылыми тұрғыда зерттеу мақсатында 1969 ж. Алматы МУ-нің (бұрынғы Қаз.ПИ-дің) қазақ әдебиет кафедрасы жанынан Абай кабинеті ашылған. Алматы, т.б. қалалардағы театрларға, көшелерге ақын аты берілген. Абай атында шың, асу бар. Абай қоры жұмыс істейді. Фильмдер, көркем шығармалар, зерттеулер жазылған. Қазақтың классик жазушысы М.Әуезовтың бас кітабы – «Абай жолы» ұлы ақынға арналған. Ақын тұлғасы өзге де көркем өнер туындыларына өзек болды. «Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған (1993).

*Қараңыз: ҚҰЭ, 1-ші том, 11-17 беттер.*



Азат Қ.Т.



Азамат Қ.Т.



Абат Қ.Т.

**АБДУЛЛИН Ысқақ**

(15.10.1936 ж.т., Шалқар ауд. Жаңа қоныс ауылы), – облыстың таңдаулы шопаны, «Еңбек даңқы» орденінің толық иегері (1975, 1976, 1982), Қаз. КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1987).


Б.Абуов


Ж.Айжанова


Г.Аймаханова


Ж.Айпақов

1954-66 ж.ж. «Жаңа қоныс» ұжымшарында шопаң аға шопаң, 1966-74 ж.ж. «Айшуақ» кеңшарында аға шопан. 1974-87 ж.ж. «Жас жігер» қой өсіруші комсомол-жастар бригадасының жетекшісі, кейін осы кеңшарда малдәрігерлік дәріхана меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ақтөбе облысының 1969 ж. таңдаулы шопаны. Қазақстан Компартиясының XV съезінің делегаты (1981).

КСРО халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, күміс медальдарының иегері. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер атанған адам. Атында көше бар.

**АБДУЛЛИН**
**Кеңес Асанұлы**

(1950 ж.т.). 1971 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын, 1993 жылы Қазақтың экономика, болжам, менеджмент институтын бітірді; экономист, саясаткер (политолог).

Еңбек жолын Мұғалжар ауданының «Жаңажол» кеңшарында бастаған ол басшы қызметтерде болды, Қарабұтақ ауданын басқарды. 1992-1996 ж.ж. Шалқар ауд. әкімі, «Ауданның құрметті азаматы». Қазір Ақтөбе гидрометеорологиялық орталығының бастығы. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған.

**АБАТ, АЗАМАТ және АЗАТ**
**Қайратұлы Төлегеновтер**

Бір отбасынан шыққан әлемнің үш чемпионы, Шалқарлық үш азамат.

Азамат Қайратұлы Төлегенов (16.05.1988 ж.т. Шалқар қ). Кикбоксингтен ҚР спорт шебері, бокстен спорт шеберлігіне кандидат. Аталған спорт түрлері бойынша турнирлердің бірнеше дүркін Чемпионы. (2003, 2004, 2005). Таэквондодан бірнеше дүркін Әлем Чемпионы. (2004, Вашингтон, 2006, Лас-Вегас, АҚШ). Қара белбеу иегері.

Абат Қайратұлы Төлегенов (03.10.1989 ж. т. Шалқар қ). Кикбоксинг, бокс, кунг-фу, таэквондо спорт түрлері бойынша облысымыздың, қазақ елінің, Европаның бірнеше дүркін чемпионы. Таэквондодан Әлем чемпионы (2004). Кикбоксингтен абсолютті Әлем чемпионы (2005). Спорттың бұл түрінен 13 жасында облысымыздан шыққан бірінші әлем чемпионы. Таэквондо мен Каратэ-до-дан Қара белбеу иегері.

Азат Қайратұлы Төлегенов (29.02.19-92 ж.т. Шалқар қ). Таэквондодан халықаралық турнирдің, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы (2003-2004 ж.ж. Россия және АҚШ), әлемнің екі дүркін чемпионы (2004, Россия және АҚШ), Кикбоксингтен Әлем чемпионы (2005, Греция), Европа чемпионы (Италия, 2005), Қара белбеу иегері.

**«АЗАМАТ-М» ЖШС**

1936 ж. Орынбор теміржолына қарасты паровоз депосының вагон участогі болып құрылды. 1964 ж. вагон жөндеу мекемесі болып өзгертіліп, Ақтөбе вагон депосы қарамағына берілді. 1970 ж. Қазақ теміржолына қарасты Шалқар вагон депосы болып қайта құрылды. 1978 ж. Батыс теміржол аймағы бойынша Тоғыз-Қотыртас бірінші ПОНАБ приборларының құрылысы салынып, іске қосылды. 1999 жылы Шалқар және Қандыағаш вагон депосы біріктіріліп, Қандыағаш вагон депосы қарамағына берілді. 2001 ж. 17 қаңтарда Қандыағаш вагон депосы қарамағынан шығарылып, Шалқар стансасындағы жөндеу цехтары негізінде «Вагон-жөндеу» еншілес мемлекеттік кәсіпорын филиалы – Шалқар вагон доңғалақтар шеберханасы құрылды. 2004 ж.

1 сәуірден «Азамат-М» ЖШС-і болып қайта құрылды. Бүгінгі таңда 169 адам еңбек етеді.

**АБУОВ Бақыт Абуұлы**

(01.08.1926 ж.т. Шалқар ауданы, Маяқұм елді мекені), соғыс және еңбек ардагері, белгілі аға шопан.

Өмірдерегі: ауданның «Жаңа жол» ұжымшарында жұмысшы, есепші (1941-1944, 1947-1957), әскер қатарында (1944-1947), сол ұжымшарда шопан (1957-1964), «Шалқар» кеңшарында аға шопан (1964-1986).

Марапаттары – ордендер: «Құрмет белгісі» (1971), Еңбек Қызыл Ту (екі рет – 1975, 1981), «Отан соғысы» (ІІ дәрежелі – 1985); Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін мерекелік 4 медалі бар; БОХШ жетістіктері көрмесінің 4 медалін және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екі грамотасын алған (1961, 1964). Бүгінде зейнеткер.

**АЙЖАНОВА**
**Жанар Мерғалиқызы**

(06.02.1968 ж.т. Шалқар ауд. Тұмалыкөл а.) – танымал әнші.

Еңбек жолын Шалқар ауд. мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып бастаған.

1995 жылы Алматы қ. Абай атындағы пединституттың музыка факультетін бітірген соң Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияда, «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамбльде әнші. Репертуарында екі жүзге жуық қазақ әндері бар. Қытай, Монғолия, Иран, Германия, Италия, Египет, Франция және басқа елдерге өнер сапарлары әншіні көпке танытты. «ҚР Мәдениет қайраткері», Қазақстан жастар одағы «Дарын» сыйлығының лауреаты.

**АЙМАХАНОВА**
**Гүлсамал Төрединқызы**

1962 жылы Шалқар қаласында туған. 1979 жылы Шалқар қаласы, І.Үргенішбаев атындағы орта мектепті, 1985 жылы Әл-Фараби атындағы Қаз МҰУ-дің журналистика факультетін бітірді. Еңбек жолын Алға аудандық «Жұлдыз-Звезда» газетінде тілші болудан бастады. 1988 жылы Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова атындағы №1 мемориалдық мұражайда ғылыми қызметкер, 1989-1999 ж.ж. Ақтөбе облысы телерадиокомпаниясында редактор, 2001 жылы «Ақтөбе» энциклопедиясында, 2002-2004 ж.ж. «Нұр-Дәулет» газетінде редактор, 2004-2005 ж.ж. Европалық Одақтың «АСМЕД» жобасында сарапшы, 2006 жылдан осы уақытқа дейін республикалық «Педагог» компаниясына қарасты журналдардың Ақтөбе облысы бойынша меншікті тілшісі қызметтерін атқаруда. Г.Аймаханова 1994 жылы Ақтөбе қалалық мәслихатына депутат болып сайланған. Қазақстан Журналистер Одағының (1990), Қазақстан Жазушылар Одағының (2008) мүшесі. Бірнеше өлеңдер жинағының авторы.

**АЙПАҚОВ Жәлекеш**

(15.07.1904 ж. т. Шалқар ауданы №22 ауыл – а.к.б. 1967 ж. Ақтөбе қаласы), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі.

Өзіндік орындаушылық өрнегі бар дарынды домбырашы. 1935 жылы Алматыға шақырылып, көп жылдар бойы Қазақ мемлекеттік филармониясында домбырашы-солист болып қызмет атқарды. Атақты қазақ күйшілері Махамбет Бөкейханов, Науша Бөкейханов, Лұқпан Мұхитов, Әбікен Хасенов, Қали Жантілеуовтермен қатар Жәлекеш Айпақовтың да репертуарынан алынған күйлер Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық ұлт аспаптар оркестрінің алтын қазынасына айналды. 1953 жылы Ж.Айпақов Ақтөбе облыстық филармониясына қызметке ауысады.

Қазанғап күйлерін алғаш рет астанаға таныстырған да осы кісі.

«Қазанғаптың артында оннан аса шәкірт қалды. Оның шығармаларын орындаушы домбырашылардың ішінде қазір Ақтөбе облыстық филармониясында жұмыс істейтін, республикамыздың еңбек сіңірген артисі Жәлекеш Айпақов ерекше орын алады. Жәлекеш Қазанғап тартатын күйлердің 20-ға жуығын біледі» (А.Қ.Жұбанов).

*Әдеб: А.Жұбанов «Ғасырлар пернесі», А.Райымбергенов «Қазанғап, Ақжелең», М.Есмағанбетов «Иә, Жәлекешті ұмытпайық» «Ақтөбе» газеті, 26.08.2004 ж.*

**АЙТ**

Мұсылмандардың ең үлкен мерекесі; 1) ораза айты. Бұл рамазан (рамадан) айы біткен соң, шәууал айының 1-2-3-күндері ауыз ашуға байланысты өтеді. Отыз күндік ораза біткеннен кейінгі бірінші күні таңертеңгісін бүкіл мұсылман жамағаты өз үйінің маңындағы ме-

шіттерге жиналады. Сол арада имамға ұйып, айт намазын оқиды. Бұл – оразаның соңғы өтелетін шарты. Намаз оқылып болғаннан кейін айт мейрамы басталады. Сол жерде адамдар бірін-бірі: «Оразаң қабыл болсың, айтың мүбәрәк болсын!», – деп қол алысып, төс қағыстырып, құттықтасады. Ең алдымен өз үйіне келіп дұға оқиды да, айтқа арналған тағамнан дәм татады. Содан кейін көршіқолаңның үйіне кіріп дәм татып, ықылас-пейілін білдіреді. Бұл күні әр мұсылман кез-келген мұсылманның үйіне кіріп, құттықтауына болады. Ол сөкет саналмайды. Айт мейрамына арнап әр үй бауырсақ пісіріп, шелпек салады. Айтшылағандар сол үйдің ата-баба аруағына бағыштап дұға оқып, жақсылық тілейді.

Қазақта айтшылаудың өзі-бір салтанат. Кәрі-жас түгел сәнді киініп атқа мінеді де, ауылауылды аралайды. Саусылдап жүре бермей, өз тұрғыластарымен сайрандайды. Қыз-келіншектер мен жігіттер өз сәнімен жүріпән салып, өлең айтады. Мұның бәрі осы айт жоралғысынан аспайды. Бүкіл мұсылман қауымы бұл мейрамды зор салтанатпен өткізеді. Айт күндері жеңіл-желпі ойын-сауыққа тыйым салынбайды. Бірақ салттан шыққан дарақылыққа жол да берілмейді; 2) құрбан айт. Құрбан шалу мейрамы жыл сайын зу-л-хиджа айының 10-ынан бастап 3 күн, яғни дүние жүзіндегі мұсылмандардың қажыға барғандарының Меккеде қажылық парызын өтеуі кезінде болады. Бұл – аллаға ғибадаттың басы. Сол күні жер бетіндегі барлық мұсылман



*С.Айтығұлов*

қауымы құрбан шалып, айт мейрамын мерекелейді. Құрбан айт басталатын күні де жамағат таңертеңгісін мешіттерге жиналып, айт намазын оқиды. Намаздан кейін бірін-бірі құттықтайды. Жетім-жесір, ғарып-қасырларға садақа береді; намаздан қайтқан соң әр үйдің иесі құрбан шалады. Құрбан айтқа да дастарқан мол жайылады. Сойылған малдың еті асылып, айтшылап келгендерге беріледі. Барлық үйдің есігі ашық тұрады. Мұсылман баласы қай үйге кірсе де ерікті. Айтымен құттықтап, дәм ауыз тиеді.

Ұзақ тарихи дәуірлер өте келе ораза айт пен құрбан айт ұлттық мейрам санатына қосылып, адалдық, ынтымақ көріністеріне айналып кеткен. Мың жарым жылға жуық уақыттан бері қазақ елі де бұл мейрамдарды аса зор қуанышты ықыласпен мерекелеп келеді.

*Қ.Толыбаев. ҚҰЭ, 1-ші том, 144-бет.*

### АЙТ

Кіші жүз құрамындағы Әлімұлына кіретін Шекті руының бір атасы. А. ұрпағы негізінен Жем бойын, Ұлықұм, Кішіқұм баурайын мекендейді.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 219-бет.*

### АЙТЕНОВ Елшімбай

(1890-1960 Шалқар қ.), озат теміржолшы. 1924 жылдан т.ж. бойында жол қараушы.

Ленин орденімен (1951 ж.), бірнеше медальдармен марапатталған.

### АЙТЫҒҰЛОВ Сары

(1896-1975 ж.ж., Шалқар ауданы). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне Шалқар ауданынан сайланған бірінші депутат.

Еңбек жолын байға жалшы болып бастаған, кейін темір жолда жұмысшы болған (1930-1938), аянбай еңбек етіп, белсенділік танытқан. «Стахановшы». Бірінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаты (1938). Дамбар ауылдық Кеңес атқару комитетінің төрағасы (1938-1943) болып қызмет атқарған, 7 жылдық мектеп салдырып, ауыл мәдениетін көтеру ісіне тікелей араласқан. «Жаңа жол» ұжымшарында бригадир, ферма меңгерушісі қызметтерінде болған.

Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

### АЙТЫС

Ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. А.-синкреттік жанр, ол тұрмыстық-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирик., эпик., драм. сипаттар мол ұшырасады. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөліп келген А. халқымыздың сан алуан ойын-той, әртүрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтай-

тын театры іспеттес болған. Жұрт көпшілік алдында сөз сайысына түскен екі ақынның жеңіске жету жолындағы тапқырлықтары мен алғырлықтарына куә болып, солардың біреуінің намысын жыртып, тілеуін тілейтін жанкүйеріне айналды. А. кез келген жерде өте береді де, мұның тыңдаушысы да, бағасын беріп, төрелік айтушысы да халық немесе қадірлі ел ақсақалдары болады. Айтыстың дәстүрлі өнерге айналуына көшпелі өмір салты тікелей әсер еткені байқалады. Көшпелі елде шілдехана, ойын-тойға ерекше мән беріліп, қонақ кәдеден бастап, кішігірім ауыл айтыстары да өтіп отырған. Бұлар ертеңгі көрнекті А-қа бастайтын дайындық тәрізді бүкіл халықтық сипат алған. Алқалы айтыс ақындары бірін-бірі іздеп келіп айтысатын дәстүрге жалғасты. Бірде бір үлкен жиын, ас-тойлар ақындар айтысынсыз өтпейтін болды. Бұл дәстүр айтыстың сан алуан мазмұнды, мол ауқымды жанрға ұласуына қолайлы жағдай жасады. А.-тың алғашқы бұлақ көзі тұрмыс-салт жырларындағы «Жар-жар» мен «Бәдік» жырларынан басталған. Кейін қыз бен жігіт айтысына да (қайым өлең) ұласқан. Киелі ақындар айтысы екі ұдай жұрттың ортасында бетпе-бет отырып, қолма-қол шығарылып айтылады. Өткен ғасырдың басында Шалқарда Ашубай Жарымбетұлы, Сарышолақ Боранбайұлы сынды айтыс ақындары өмір сүрген, қазір Аян Сейітов, Қайнар Алакөзов сияқты жас айтыскерлер республика жұртшылығына жақсы таныс.

*ҚҰЭ,1-том, 149-бетті қараңыз.*

**АЙШУАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ**

Шалқар ауданындағы әкімшілік бірлік. Орталығы Бегімбет а. Аудан орталығынан 100, облыс орталығынан 470 км. қашықтықта орналасқан. Халқының саны – 2250 адам. Жер көлемі 48394 га. Мұнда газ айдау бөлімшесі бар. (№ 11 ГКС). Бұл ауылдан кезінде 53 адам КСРО ордендерімен және медальдармен марапатталған, соның ішінде «Еңбек Даңқы» орденінің толық иегері Ысқақ Абдуллин бар. Бұл аумақтан ұлы күйші Қазанғап Тілепбергенұлы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Бек Сүлейменов, күйші Сәдуақас Балмағанбетов шыққан. Округ территориясында бір өндірістік кооператив және ондаған шаруа қожалықтары бар. Олар төрт түлік мал өсірумен айналысады. Округте орта мектеп, интернат, бала-бақша, дәрігерлік емхана, клуб, кітапхана, мешіт бар.

**АЙЫРЫҚ**

Анау қос биік ежелден Айырық деп аталған. Арғы түптегі ата-бабамыз сол бедерлі белеске елдің-жердің тыныштығын сақтап тұрғандай тәуеп етіп, тілегі мен тынымына теңеген. Бергі атаң Батақтың Сарысы «Басына шауып шықтым Айырықтың» деп барынша әуелетіп, қазақтың даласына кең таратқан. Әр ұрпақтың өз әуені мен әні болған.

*А.Көздібай. «Ғазиз жүрек».*

**АЙШӨКЕҰЛЫ Нұрым**

(1813-1856 ж.ж.). Шектінің Қабақ руының Жангелдісі. Адайдың қырықмылтығы Шабай батырдың жиені. Ел жадында оның биік тұлғасы әрі батыр, әрі суырып салма ақын ретінде сақталған.

Есет Көтібарұлының қол бастаған «Көкжал» батырларының бірі. 1847-1858 ж.ж. Кіші жүз қазақтарының қозғалысына белсене қатысқан. 1856 ж. шайқастарға белсене араласып, майданда қаза болған.

Есет Көтібарұлының оны «Ұрыстың иесі» деп бағалағанын өз өлең жолдарынан байқаймыз.

*«Баласы ем Айшөкенің*
*атым Нұрым,*
*Ақжолдап былғарыдан*
*таққан тұрым,*
*Ерегіс екі талай*
*болған жерде.*
*Кім шабады мына жауға*
*менен бұрын.*
*Баласы ем Айшөкенің*
*Нұрым батыр,*
*Жау келсе, Үштайлақты*
*қырындатар,*
*Жігіттер, шабыңыз да,*
*шаншыңыз да.*
*Ұрыста өлген шейіт,*
*жеңген батыр».*

Бейіті Шалқар қаласынан 100 шақырым жердегі «Құмалақтының қара суы» деген жерде.

*М.Аяпов. Әдеб: «Шалқар» газеті», 1998 ж. 10 қазан.*

**АҚЖАНОВ Орынбасар**

(1921-1996), соғыс және еңбек ардагері. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1941-1946 ж.ж. 101-ұлттық бригада құрамында жауынгер, 1942-1946 ж.ж. 1-Прибалтика майданының құрамындағы 360-атқыштар дивизиясында бөлімше командирі, орта саяси-әскери мектептің курсанты, 119-атқыштар дивизиясында батальон комсоргі, 1946-1951 ж.ж. Шалқар аудандық қаржы



бөлімі меңгерушінің орынбасары, аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бас есепшісі.

1951-1954 ж.ж. саяси қызметкерлердің жоғары курсының тыңдаушысы (Улан-Удэ), рота командирінің орынбасары (Владивосток), батальон командирінің саяси тәрбие жөніндегі орынбасары (Самарқанд) болып, капитан шенінде елге оралған. Кейін 1954-1958 ж.ж. аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1958-1966 ж.ж. «Коммунизм жолы» ұжымшарының төрағасы. «Шетырғыз», «Бершігүр» кеңшарларында бас зоотехник, партком хатшысы, ауд. ауылшаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы комитетінде бас есепші (1966-1981 ж.ж.) қызметтерінде болған.

«Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1965), бірнеше медальдармен мара патталған.

**АҚЖЕЛКЕК (Armorakia)**

Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық аудандарында егіледі. Оның бір түрі – кәдімгі А. (rustikana) – жабайы түрінде бақтарда, егістерде өседі. Қазақстанның көптеген аймақтарында қолдан өсіріледі. А.-тің биікт. 1 м-дей, сабағы тік, жоғары жағы бұтақты келеді. Тамырға жақын өскен жапырақтары сопақша, жұмыртқа пішінді, ортаңғы сабақтан шыққан жапырақтары ұзынша қандауыр, ал сабақ ұшындағы жапырақтары таспа тәрізді, жиектері тегіс, кейде тісшелі болады. Гүлі ақ түсті, хош иісті. Тұқым салмайды, маусымда гүлдейді, өсімді (вегетативті) жолмен көбейеді. Суыққа төзімді, оның тамыры мен жапырақ құрамында минералды тұздар (калий, натрий, фосфор, темір, хлор, мыс) эфир майы, С витамині, лизоцим ферменті, т.б. бар. А-тің тәбет ашатын ерекше иісі оның құрамындағы аллил майы мен глюкозид-сингринге байланысты. А көкөніс, дәрілік заттар ретінде қолданылады, тамыры мен жасыл жапырағы қияр, томат, саңырауқұлақтарды тұздап, бұқтырғанда пайдаланылады.

*Д.Ильясова. ҚҰЭ, 1-том, 180 б.*

**АҚЖЕЛЕҢ**

Қазанғап – «Ақжелең» деп аталатын күйлердің негізін салушылардың бірі және оны дамытушы. Ол адам жанын тебірентерлік назға, қуаныш пен махаббат лирикасына толы, терең мағыналы, әуен жағынан құбылып, құлпырып тұратын Ақжелеңнің алпыс екі түрін шығарған. Күйдің әрқайсысының атына, мазмұнына сәйкес екпінін, өлшемдерін, әуенін өзгертіп дамытады. Өзінің стильдік ерекшеліктерін осы күйлерінің өн бойында сақтап отырады. Халқымызда «Ақжелең» атты күйлер көп. Ары бармай-ақ Ұзақ, Құрманғазы, Дәулеткерейді алып қарасақ, «Ұзақ Ақжелең», «Қыз Ақжелең» деген күйлер шығарған. Ал Қазанғап болса, осы бір тақырыпты дамытып, тарамдаған. Ол өзінің күйлерінің жиынтығы ретінде «Күй басы – Ақжелең» күйін шығарады. Қазанғап тыңдаушы қауымға домбыра тартарда күйлерінің беташары ретінде осы «Күй басымен» бастайды екен. Қазанғап творчествосында ауқымды орын алатын туындылардың тағы бір түрі – «Жыр» атты күйлері. Оған «Ноғайлының жыр күйі», «Балжанның жыр күйі» мен ел басына күн туған шақта өз халқының қамын ойлап, патша үкіметіне қарсы шыққан ағайынды Ерназар, Бекет туралы шығарған «Қос қыран», «Бекеттің жыр күйі», «Зар күйі», «Шырылдатпа», «Жіберсейші», тағы басқа күйлері дәлел бола алады. Қазанғаптың көптеген күйлері жеке адамдарға («18 жасар Балжан қыз», «Үлкен Қаратөс», «Кіші Қаратөс»), жан-жануарларға («Ақсұңқар құс», «Көкіл», «Торы аттың кекіл қақпайы», «Майда қоңыр»", «Бөгелек»), әзіл-сықақ («Бұраңдама, келіншек», «Бұраңбел Ақжелең»), көңіл-күй лирикаларына («Қап әттеген-ай», «Дүркін-дүркін дүние», «Ілме», «Домалатпай Ақжелең», «Жаңылтпаш»), философиялық терең ойға («Өттің дүние», «Жұртта қалған») арналған күйлері бар. Қазанғап домбырада күйлерді өте шебер орындаған. Домбыраны оңқай да, солақай да тартқан. Ол домбырадағы сүйретпе қағыс пен ілме қағысты астастыра отырып, өзінің орындау дәстүрін қалыптастырды.

Қазанғаптың күйлері басқа халық композиторларының күйлерімен қатар консерваторияның оқу программасына енгізілді, көптеген майталман орындаушылардың репертуарынан берік орын алып, үлкен сахналарда тартылып жүр. Бұның барлығы күйші мұрасын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу бағытында істеліп жатқан игі істер деп білеміз.

*Әдебиет. С.Балмағамбетов. «Саз зергері Қазанғап», Алматы, 2001 жыл.*

### АҚҚОЛҚА БЕЙІТІ

Бозой ауылынан оңтүстік-батысқа қарай Аққолқа деген жерде тұр. Бірақ, экспедициялар, сондай-ақ обаға қарсы күрес стансасының картасында «Бала мола» деп түсірілген. Себебі, бейіттің ішінде жас баланың қабірі сияқты кішкентай төмпешіктер бар. Кесене ішінің бояуы сол күйінше сақталған. Өзі күйдірген кірпіштен салынған. Жауыншашын мен жел-құздың аздаған әсері болмаса, кесене бұзылмаған, сол күйінде тұр. Осы кесенеден оңтүстікке қарай 30 метр жерде кірпіш күйдіретін пеш бар. Бірақ, бұл кесенені тұрғызған кім, онда кімдер жерленген, ол жағы белгісіз. Бұл деректерді Шалқар обаға қарсы күрес стансасының биологы Алмат Амандосұлы Баймырза берді.

### АҚКІСІ Барақұлы

Кіші жүз әлім тайпалық бірлестігі, кезіндегі Шекті руының (қазіргі тайпалық деңгейдегі) арасында өсіп-өнген қырғызәлілердің арғы бабасы. Ол шамамен XVII ғасырдың 30-жылдары мен 1733 жыл арасында өмір сүрген. Аққісі жайлы Ақтөбе, Қызылорда аймақтарында аңыз әңгімелер баршылық. Алайда олардың бірсыпырасы мифологиялық сарында айтылғанмен, негізінде шындық бар екендігіне шек келтіруге бола қоймас. Аққісінің шежіресі тікелей алғанда; Қырғыз – Домбауыл – Дәурен – Қалпақ – Телғазы – Сәтеке – Ағұл – Тағай – Арыстан – Бұғы – Солты – Оқшы, одан кейінгі көптеген буын белгісіз, сосын Арқарбек (шамамен 1570-1625), одан Барақ (ш. 1610-1670), Көпекі (ш. 1615-1673), Шырдай (шын аты Жайылхан, ш. 1617-1680), Тата (1619-1686), Естек (ш. 1621-1700) бес ағайынды болып тарайды. Соның біріншісі мен соңғы екеуі шекті арасына келіп орналасқан да, Көпекі мен Шырдай Сыр бойында, қазіргі Қызылорда облысы Қазалы өңіріндегі кейінірек «Қырғыз арығы» деп аталған жерге қоныстанып, жергілікті халық ішіне сіңісіп кеткенге ұқсайды. Міне, сол 5 аталықтан тарағандар қазір бес рулы халыққа айналып отыр. Бұлардың бүгінгі саны шамамен 2500 шаңырақтан, олардағы жан саны он мыңнан арта жағылады. Оның 6.0 мыңға тақауы Ақтөбе облысында, ал қалғандары Қызылорда аймағында өсіп-өніп, құдалық-жекжаттықпен қанаттарын жайып, ұрпақ өсіріп, ертеден ата-бабасы қоныс тепкен жерінен табан серіппей өмір сүруде.

*З.Байдосов. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеттің профессоры. «Ақтөбе», 06.11.2007 жыл.*

### АҚТАН Ақайұлы

(Шамамен 1770. Қызылорда обл. Қазалы ауд. Түлкіқашқан қонысы – 1854, Ақтөбе обл.) – халық батыры, Қаракесектің Жақау аталығынан, Хиуалықтарға қарсы шайқастарда аты шыққан сол кездегі халық батырлары Жанқожа, Есет, Әзберген, Қарағұл, Ерназар, Бекеттермен ниеттес болған. Жанқожаның Хиуа, Қоқан бекіністеріне жасаған жорықтарына қатынасқан. 1842 ж. қазанда Хиуа хандығының Сыр бойы қазақтарынан ұшыр, зекет жинауға қойылған найыб Бабажан сарттың көне Жанкент шаһарының маңындағы бекінісі Бесқаланы аларда ерлік көрсеткен. Батыр бастаған қазақ сарбаздары қамалды қоршауға алып, Бабажанды қолға түсірген, ол Жанқожаның үкімімен жазаланған. А.б. Шалқар ауд. Тебенсай деген жерде қайтыс болған, бейіті Біршоғыр бекетінің батысында 30-35 шақырым жерде. Қазалыдағы бұрынғы Арықбалық ауылына, Шалқар қаласының бір көшесіне батырдың есімі берілген.

*«Ақтөбе» газеті, 14.12.1999 жыл. «Ақтөбе» энциклопедиясы, 2001 жыл. 230 бет.*

### АҚТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Аудандағы әкімшілік бірлік. Орталығы Қотыртас ст. Аудан орталығынан 90 км., Ақтөбеден 270 км. қашықтықта орналасқан. Тұрғыны 1,2 мың адам. Өзендері: Қауылжыр, Ақтансай, Бахатай, Шуылдақ, Садысай, Шетырғыз, Арандысай, Базарсай, Балғасын, Қарасай, Мимаша, Сырлыбай, Орта Қарасай, Жырыққұдықсай, Жаманшилі, Алабас, Бөртебай, Қарабұлақсай, Қартанжар, Шилі-

сай, Жаңғана. Көлдер: Бақсыкөл, Жаркөл, Құдайкөл. Таулары: Жамантау, Жақсытау. Округте орта мектеп, балабақша, дәрігерлік емхана, клуб, кітапхана бар; телехабар қабылдайды.

### АҚТӨБЕ

Қала, Ақтөбе обл-ның әкімш. орталығы (1932). Қазақстанның ірі өнеркәсіп және мәдени орталықтарының бірі. Т.ж., әуе және автомоб. қатынастарының маңызды торабы. Мұғалжар тауының оңт.-батысында Елек өзенінің сол жағалауына Ақ төбені айнала орналасқан. Патша әскерінің Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы үшін соғыс бекінісі ретінде алғашқы қазығы 1869 жылдың мамырында қағылған. 1891 жылдың 25 мамырынан уездік қала, Торғай обл. Ақтөбе уезінің орталығы. Орынбор-Ташкент т.ж.-ның салынуына байланысты (1905) тораптық т.ж. стансасына айналды. 1933 ж. аэропорт (жаңасы – 1978) пайдалануға берілді. Тұрғыны 1897 ж. 9,8 мың, 1938 ж. 45 мың, 1959 ж. 97 мың, 1970 ж. 150 мың, 01.01.1997 ж. 253,1 мың адам болды. Қалада әр жылдары маңызды саяси оқиғалар өтті. Тұрғындары Бүкілресейлік ереуілге қатысты (1905). Кеңес өкіметі орнағаннан кейін (8(21). 1.1918) азамат соғысы жылдары ақ гвардияшылармен күрескен әскери күштер жасақталып, Кеңестік майдан орталығына айналды. Қазақстан өлкесінің 1 Кеңестік конференциясы өтіп, онда барлық қазақ жерін Кеңестік Қазақ респ-ның құрамына біріктіру туралы шешім қабылданды. 20-30 ж.ж. қалада паровоз және вагон деполсы, мех. зауыт. диірмен, элеватор, нан комбинаты, «Металлист» артелі салынды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары ферроқорытпа және хром, рентген аппаратуралары, а.ш. машиналары (қой қырқатын электр аппараттары, трактордың қосалқы бөлшектері), тамақ және жеңіл өнеркәсіп орындары (ет комбинаты, қалалық сүт зауыты, элеватор, тоқыма, жиһаз және тігін фабрикалары) пайдалануға берілді. Құрылыс базасы (кірпіш, темір-бетон бұйымдары, силикат-қабырға материалдары зауыттары, үй құрылысы комбинаты, т.б.) құрылды. Ірі құрылыс ұйымы – 1946 ж. іргесі қаланған «Ақтөбеқұрылыс» тресі (қазіргі «Ақтөбеқұрылыс» жобалау құрылыс фирмасы). Ұлы Отан соғысы жылдары мұнда бірсыпыра кәсіпорындар көшіп келді. Қалада 312-атқыштар дивизиясы, 101-ұлттық атқыштар бригадасы, 129-миномет полкі және басқа да әскери бөлімдер мен бөлімшелер ұйымдастырылды. Қаланың 29 тұрғыны Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған. Оның ішінде Шығыс халықтарынан шыққан екі қаһарман қыздың бірі – Әлия Молдағұлова бар. А.-де алғашқы оқу орны – екі кластық орыс-қазақ уч-щесі 1884 ж. ашылды. 1886 ж. Ы.Алтынсариннің бастамасымен қазақ қыздары үшін әйелдер уч-щесі жұмыс істей бастады. Мемл. ун-т, мед. академиясы, «Дүние» ун-ті, Т.Бигельдинов атынд. д/жоғары әскери авиац. уч-ще, колледждер, қазақ және орыс драма театры, тарихи-өлкетану мұражайы, Отан соғысында қаза тапқандар мемориалы, Қазақстанда саяси қуғынға ұшырағандарға, Әйтеке би, Ә.Молдағұлова мен И.Таймановқа қойылған ескерткіштер бар.



*Қ.Ақшолақов*



*С.Ақшолақов*

*Ю.Романов. ҚҰЭ, 1-ші том, 218-бет.*

### АҚТӨБЕ ТЕМІР ЖОЛ БӨЛІМШЕСІ

Ақтөбе даласы арқылы өтетін болат жолдың (631 шақырым Жайсаң-Сексеуіл ст. аралығы) құрылысы Орынбор-Ташкент темір жолының құрылысымен байланысты. 1889 жылдың 16 маусымында Орта Азияға баратын темір жол салу туралы мәселені талқылау үшін ерекше мәжіліс өткізілді.

Орынбор-Ташкент жолы құрылысының бағыттарын зерттеу 1899 жылы басталды.

1901 жылдың 26 сәуірінде мемлекеттік кеңеске осы жолды жобалау мен салудың техникалық шарттары берілді. Орынбор-

Ақтөбе аралығындағы учаскеде поездардың жүруі 1903 жылдың 5 қазанында басталды. Ташкент т.ж. 1906 ж. 01.01. толық пайдалануға тапсырылды.

Шекарасы әлденеше өзгерген Ақтөбе бөлімшесінің тарихы бірқатар жолдардың (1905-1930 Ташкент, 1930-1934 Самара-Златоустовская, 1934-1958 Орынбор, 1958-1977 Қазан, 1977-1997 Батыс Қазақстан, ақпан 1997 Батыс) тарихымен тікелей байланысты.

Ақтөбе темір жол бөлімшесі 1947 жылдың қыркүйек айында құрылып, Қазақстан үкіметі темір жол көлігін реформалауына байланысты ақпан 1997 ж. таратылды.

*Ш.Қарамергенов.*

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ШАЛҚАР ФИЛИАЛЫ»**

Облыстық мұрағаттың Шалқардағы филиалы еңбекшілер депутаттары Батыс Қазақстан өлкелік Кеңесі атқару комитетінің 1963 жылғы 6 маусымдағы № 265 «Ақтөбе мемлекеттік архивінің Шалқардағы филиалын құру туралы» шешімімен ашылды.

Филиалда Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар, Шалқар, Темір аудандары атқару комитеттері мен олардың бөлімдерінің, осы аудандарға қарасты селолық және ауылдық кеңестерінің, аудандық жоспарлау комиссияларының, аудандық тұтынушылар одағының, ауыл шаруашылығының жағдайы мен дамуы, мәдениет, халық ағарту (білім беру) мәселелері, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтуға байланысты құжаттар сақталуда. Бұл құжаттардан аталған аудандарда ұжымдастыру қалай жүргізілді, әр түрлі жылдардағы мәдени және экономикалық келбеті қандай болды, Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға қандай көмек берілді – осының бәрін білуге болады. Филиалда 1921-1956 жж. аралығындағы 189 қор, 20754 сақтау бірлігі де бар.

Бүгінгі күні филиалда 488 қор бойынша 57239 құжат сақталған.

Филиал негізінен заңды тұлғалар мен жеке азаматтардың әлеуметтік-құқықтық сұраныстарын орындау үшін қызмет етеді.

*Е.Мусин.*

**АҚША Сейітқұлұлы**

(1573-1659 ж.ж.) – Қоқан ханы. Сыр бойында дүниеге келген. Атақты Әйтеке Байбекұлының атасы. Әлім тайпасының төртқара руынан. Әкесі Сейітқұл 1590-1620 ж.ж. Самарқан мен Бұқара аймағындағы 40 мың үйлі қазақ, 35 мың үйлі қарақалпақ, 100 мың үйлі өзбек жұртын біріктіріп, солардың ханы болған. 1622ж. өзбек ханы Иманқұл Түркістан маңындағы Қарақалпақтарға шабуыл жасады. Қарақалпақтарға А.-нің інісі Жалаңтөс Баһадур өз жасағымен көмекке аттанады. Жалаңтөстен қаймыққан Иманқұл бітім жасауға мәжбүр болды. Қоқан мен Самарқанды сыйға тартып, екеуінің де әмірі етіп Жалаңтөсті жариялады. Осы кезде өзге елдерге жорыққа аттанбақ болған Жалаңтөс Қоқанның билігін туған ағасы А.-ға берді. А. шамамен 1622-35 ж.ж. Қоқан ханының тағында отырды. Кейбір деректерде оны Қоқан әмірі деп атайды А. інісі Жалаңтөс Баһадур бастаған жорықтарға қатыспаған. Алайда оның жорықтарына әскер дайындау, жол шығындарымен жабдықтау, қару-жарақпен қамтамасыз ету жұмыстарына белсене араласқан. Сонымен бірге Қоқан қ. мен сол төңіректегі уәлаяттарды басқаруда әділ басшы ретінде кеңінен танылып, құрметке бөленген. Кейін 1635 ж. Қоқан билігін Жалаңтөстің өзіне берді. А.-ның қабірі Өзбекстанның Науаи обл. Нұрата ауданының жерінде.

*ҚҰЭ, Алматы, 1998 жыл, 1-ші том, 228 бет.*

**АҚШОЛАҚОВ Қуандық**

(25.12.1922 ж.т. Шалқар ауд. № 25а – 18.01.2003 ж. Шалқар қаласы), әскери ұшқыш, дербес зейнеткер.

1941 ж. «Сүттікөл» су шаруашылығы мекемесінде жұмысшы. 1941-1946 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасқан, Кеңес Армиясы қатарында Ибирск, Кировоград әскери ұшқыштар мектебінде оқыған, Грозный әскери ұшқыштар училищесінде ұшқыш, штурман мамандықтары бойынша (1945 ж.) тәлім алып, Москва әскери округында звено командирі; 277-ші бомбалаушы ұшқыштар полкінің, 146-Прикарпатия әскери округінің ұшқышы (1946-1947 ж.ж.) болып жауынгерлік қызметін аяқтаған. Елге оралған соң, аудандық комсомол комитетінде (1948 ж.), ауылдық және Шалқар қалалық кеңес атқару комитеттерінде (1949-1953), аудандық қаржы бөлімінде (1953-1955) басшы қызметтерде болды. «Қызыл Ту», «8 Март» ұжымшарларын

(1955-1963) басқарды. Кейінгі қызметі астық және мал өнімдерін дайындау мекемелеріне басшылық жасаумен байланысты болды (1963-1983 ж.ж). Зейнеткерлікке шыққаннан кейін (1983 ж.) ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін 1996 ж. дейін абыройлы атқарды. «Шалқар ауданының құрметті азаматы», «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі», «Қызыл жұлдыз», І және ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерінің және 7 медальдің иегері.

*Т.Тілешев.*



О.Ақылбеков



Н.Алдашев



А.Алдашева

**АҚШОЛАҚОВ**
**Серік Қуандықұлы**

(03.07.1952 ж.т. Шалқар қаласы), медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы медицина ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Әлем дәрігері, Бүкіл әлемдік нейрохирургтер ассоциациясының Құрметті мүшесі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас нейрохирургі.

Шалқарда орта мектепті бітіргеннен кейін Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын тәмамдап (1976), үш жыл (1976-1978 ж.ж.) травматология және ортопедиялық клиникалық ординатурасында оқыған, кейін Ақтөбе облыстық ауруханасында нейрохирург болып қызмет істеген. Аспирантурада оқып, «Гипофиз безінің адекомасының анатомиялық ерекшелігі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады (1986). Академик Н.Н.Бурденко атындағы Москва АЗИ (1986-1989), өз республикамызда дәрігерлердің білім жетілдіру Мемлекеттік институтында (1989-1992) ғылыми қызметкер болып жұмыс жасады. Содан кейін академик Н.Н. Бурденко атындағы Ресей медицина ғылым академиясының нейрохирургия АЗИ докторантурасын (1992-1995) бітірген ол «Ми жарақатын клиникалық-эпидемиологиялық зерттеу» (ҚР жағдайында) тақырыбына докторлық диссертация қорғады (1995). Профессор (1998). ҚР денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс нейрохирургі, «Нейрохирургия и неврология Казахстана» журналының бас редакторы (2004), Қазақ МҰМУ жанындағы диссертациялық Кеңестің төраға орынбасары (2004 ж. бастап), Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығының директоры (2008), 3000-ның үстіне күрделі операциялар жасады.

Ақшолақов С.Қ. бүгінде ҚР нейрохирургтер Ассоциациясының Президенті, Европа және Дүниежүзі нейрохирургия федерациясы сертификаттарының иегері. 100-ден астам ғылыми зерттеу жұмыстары жарияланған, оның бесеуі монография.

Медицина ғылымдарының 20 кандидатын, 2 докторын және 20 клиникалық ординатор даярлаған. «ҚР еңбегі сіңген қайраткер» (1998).

«Платина тарлан» және Н.И. Пирогов атындағы сыйлықтардың лауреаты, «Михаил Ломоносов», «Пирогов» ордендерінің иегері, (Москва, 2007), «Жалпыресейлік қазына орталығының (ВВЦ) лауреаты» медалінің иегері (Москва, 2005). А. Байтұрсынов атындағы күміс медальдің жүлдегері, «Әлем дәрігері» атағының иегері (2005), «Алтын адам» сыйлығының лауреаты (2008).

**АҚЫЛБЕКОВ Оспан**

(05.09.1907 ж.т. Шалқар ауданы Қопасор ауылы – 14.10.1996 Шалқар ауданы Мырзағұл ауылы), соғыс және еңбек ардагері (партизан, ұстаз).

1924-1925 ж.ж. Казкоммунада оқып, тәрбие алады. Біріккен Орта Азия мектебінде (Ташкент қаласында) оқуға қабылданады, Түркіменстанда басмашы бандыларын талқандауға қатынасады (1930-1932). Елдегі ашаршылық, голощекиндік нәубетті көріп, «күн көсем» Сталинге хат жазып, нәубетке ұшыраған халыққа жәрдем беруді сұрайды. Сол үшін мектептегі оқуынан қуылып, түрмеге қамалады. 1936 ж. ақталады. Ұстаз болып қызмет жасайды. Н.Байғанин атындағы Ақтөбе оқытушылар институтын бітіреді (1950).



Т.Алдияров



Ә.Алгиев



Т.Алдембергенов

1941 ж. Ұлы Отан соғысы, Вязьма түбінде ауыр ұрыста жараланып, тұтқынға түседі; қашып шығып, Белоруссия партизандарына қосылып, ерлік көрседі. Бұл жорық жолдары мен жылдары «Участие Казахстанцев в партизанском движении в годы Великой Отечественной войны», «Шла война народная» кітаптарында баяндалған.

«Қызыл жұлдыз» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалымен, тағы 3 жауынгерлік медальмен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен (1985) марапатталған.

Соғыстан кейін 40 жыл бойы ұстаздық етіп, халық ағарту ісінің ардагері атанды; дербес зейнеткер болды (1990).

**АЛАШБАЕВ Бертағы**

(1881-1940), руы Қаракесек, Жақау тарауы. Мұрағат дерек көздеріне қарағанда, Б.Алашбаев кезінде көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған адам болған. Ырғыз өзенінің Шуылдақ саласындағы Ашық деген жерде қоныстанған, ауыл басқару ісіне араласқан. 1904 ж. 31 желтоқсандағы Ресей Императорының 351 жарлығымен 1905 жылдан бастап Ырғыз уезі Қабырға болысындағы №5 ауылға халық судьясы болып бекітілген. (қасындағы кандидат Әбіш Балтин). Бел баласы Бақтыбай 1937 ж. УНКВД үштігінің шешімімен контрреволюциялық ұйымға қатысқан деген желеумен 8 жылға сотталған, елге оралмаған, бірақ 1993 ж. ақталған.

Жақсы аты, айналасына жасаған қайырымдылығы мен игі істері ел аузында.

**АЛДАБЕРГЕНОВ**
**Бағдат Өтемісұлы**

(1946 жылы туған). 1968 ж. В.И.Ленин атындағы (қазір Қ.Сәтбаев атындағы) қазақ политехникалық институтын, АЖПМ-ді (1984), Халықаралық сапа басқару академиясын (Германия, Эрфурт қаласы) бітірген. Мамандығы: металлург, саясаттанушы. Еңбек жолы: 1968 ж. Ақтөбе ферроқорытпалар зауытында № 1, № 2 балқыту цехтарында балқытушы, ауысым бастығы, 1972 ж. партком хатшысының орынбасары. Кейін Ақтөбе қаласы Фрунзе аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, Ақтөбе облпарткомы бірінші хатшысының көмекшісі (1984), Ақтөбе қаласы Пролетар аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, Ақтөбе облаткомы бас экономикалық-жоспарлау басқармасында бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары (1984-1991) болды.

1991 ж. Шалқар аупарткомының бірінші хатшысы, осы ауданда аудандық кеңес төрағасы-аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы. Кейін газ саласы қызметінде: «Ақтөбетрансгаз» ЖШС бас директоры (1992), «Ақтөбе» ӨБ бас директоры (1997), «Ақтөбе» АГҚБ бас директоры, «Интергаз Азия» ЖАҚ бас директорының орынбасары, 2005 ж. ИОА АҚ «Ақтөбе» АГҚБ директоры. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

**АЛДАШЕВ**
**Нұрдәулет Мырзалыұлы**

(1961 ж.т. Шалқар ауданы Сарыбұлақ ауылы)

Шалқар ауданы Айшуақ орта мектебін (1978), С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (1983) бітірген. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

Еңбек жолын 1983 ж. Ақтөбе облысында бастады: Темір ауданының оқу бөлімінде инспектор, аудандық партия комитетінде нұсқаушы (1983-1986), Бәшенкөл орта мектебінде директор (1986-1988), Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында оқытушы (1988-1989). 1989 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде жұмыс жасап келеді.

1989 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы алғаш ашылғанда аға оқытушы болып қабылданған ол осы мамандықтың өз алдына факультет болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді.

Н.М.Алдашевтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты бағыттары – профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларын



*Ж.Алмағанбетов*

игеру, қазақ тіл білімінің жаңа салаларының бірі – сөзжасам мәселесіне және қазақ тіл біліміндегі мыңдаған сөздерге қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары. 1996 жылы 17 сәуірде «Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. «Сөздікпен жұмыс түрлері» атты еңбегін жазды. «Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің анықтамалық сөздігі» атты еңбегі қазақ тіл біліміндегі қысқарған сөздерге арналған тұңғыш еңбек болып табылады. Басқа да ғылыми еңбектері бар.

Қазіргі уақытта Н.М.Алдашев Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетінің «Қазақ тілі теориясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Сонымен бірге облыстық және қалалық Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының алқа мүшесі. Бұл қызметте де Н.М.Алдашев мемлекеттік тіліміздің нығаюына, халықаралық аренада мәртебесінің өсуіне өз үлесін қосуда.

### АЛДАШЕВА
### Айман Мырзалықызы

(04.06.1951 ж.т. Шалқар ауданы) – филология ғылымдарының докторы (1999), профессор, әскери шені – полковник.



*С.Алтаева*

Әл-Фараби атындағы Қаз. МҰУ-нің қазақ филологиясы факультетін (1973), осы университеттің аспирантурасын бітірген (1979). Кейін ҚР ҰҒА А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының тіл мәдениеті бөлімінде кіші, аға ғылыми қызметкер (1976-1990). «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі лексикалық жаңа қолданыстар» деген тақырыпқа кандидаттық (1992), «Аудармату: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері» жөнінде докторлық (1999) диссертация қорғады. Қазір ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Академиясының кафедра меңгерушісі, Қазақ тілінің лексикологиясы, семасиологиясы, аудармматанудың лингвистикалық мәселелері, қазақ тілі мәдениеті, стилистика, орфография және терминдік қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселелерімен айналысып жүр. Қазіргі қазақ әдеби тілінің проблемалары бойынша 60-қа жуық ғылыми еңбек жазды. Оның «Қазақ тілі» оқулығы 1997 ж. «Сорос-Қазақстан» қорының жеңімпазы атанды. 3 монография, 12 оқулық пен 150-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

«ҚР Қарулы Күштеріндегі мінсіз қызметі үшін» III,II дәрежелі медальдардың иегері.

### АЛДАШЕВ
### Сәрсенғали Мырзалыұлы

(05.12.1963 ж.т. Шалқар ауданы), заңгер, ғылым кандидаты, доцент.

С.М.Киров атындағы Қаз МУдің заң факультетін бітірді (1990). Университетке түспестен бұрын кәсіптік-техникалық училищеде оқып, екі жыл қой өсіруші комсомол-жастар бригадасында (Шалқар ауданы) жұмыс істеп, еңбекте шыныққан. Мамандығы бойынша Шығыс Қазақстан МУ заң факультетінде оқытушы (1990-1992), Әл-Фараби атындағы Қаз МҰУ-де ассистент, аспирант, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканының орынбасары (1992-2005). 2005 жылдан бері университетте кафедра меңгерушісі, 30-ға жуық ғылыми мақалалары бар.

### АЛДЕРЗИН Тәкібай

1917 жылы Қорғантұз өңіріндегі Байқадам елді қонысында дүниеге келген. 1926-1935 ж.ж. Шалқардағы қазақ орта мектебінде, 1935-1937 ж.ж. Қызылордадағы педучилищеде, 1937-1939 ж.ж. сондағы пединститутының тарих факультетінде оқыған. 1939-1946 ж.ж. КСРО-Фин, КСРО-Герман соғыстарына қатынасып, «Қызыл Армия капитаны» деген әскери шен алып елге оралған. 1946-1947 ж.ж. Жұрын аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1947-1951 ж.ж. Орынбор-Ташкент темір жолы Шалқар бөлімшесі бастығының саяси істер жөніндегі орынбасары, 1951-1953 ж.ж. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия мектебінің тыңдаушысы болды. Оны

бітіргеннен кейін 1953-1959 ж.ж. Қарабұтақ аупарткомының хатшысы, кейін МТС аймағы бойынша хатшысы болып қызмет жасады. Ақтөбе облысында тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне белсене араласты.

А.Т. бірнеше жауынгерлік ордендер мен медальдардың иегері. 1958 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

*З.Байдосұлы. Қ.Жұбанов ат. мем. ун-тің профессоры.*

**АЛДЕМБЕРГЕНОВ Таңжарбай**

(1939-2004 ж). 1970-1980 ж.ж. «Облыстың таңдаулы шопаны».

Шалқар ауданының төл перзенті: оқыды, білім алды, үш жыл (1959-1962 ж.ж.) Кеңес армиясы қатарында болды, қалған уақыттарда ауданның «Жаңа қоныс» ұжымшарында, «Айшуақ» кеңшарында аға шопан болып нәтижелі қызмет атқарды. 1963-64 ж.ж. «Қоян» жылының қысында бағымындағы мал басын аман сақтап, «Құрмет белгісі» орденімен (1966), кейін екі рет «Даңқ» орденімен (III, II дәрежелі), КСРО БОХШ көрмесінің алтын, күміс медальдарымен, көптеген мақтау грамоталарымен марапатталды. Есімі ел аузындағы еңбек ардагері.

**АЛДИЯРОВ Төлеу**

(05.01.1926 ж. Алға ауд. Темірей ауылы – 09.11.1984 ж., Ақтөбе қаласы) – экономист. Ленинградтағы Бүкілодақтық Жоғары қаржы мектебін бітірген (1954). 1942-44 ж.ж. әскери міндетін атқарды, нотариалдық кеңседе қызмет етті. 1944-46 ж.ж. ҚКП ОК тапсырмасымен үкіметтік іссапарда болды. 1946-51 ж.ж. Алға аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. Ақтөбе қаласы қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, мемлекеттік еңбек-жинақ кассалары және мемлекеттік несие жөніндегі облыс басқармасының бастығы. 1954-62 ж.ж. облыстық парткомда нұсқаушы, Темір аупарткомында екінші хатшы, Темір аупарткомының бірінші хатшысы, 1962-73 ж.ж. Шалқар аудандық ауылшаруашылық өндірістік басқармасының партия ұйымдастырушысы, осы аудандық парткомының бірінші хатшысы, 1973-78 ж.ж. Қарабұтақ аудандық парткомының бірінші хатшысы, 1978-84 ж.ж. обл. қаржы бөлімінің меңгерушісі болды. Алтыншы, жетінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне Шалқар округінен депутат болып сайланған. Батыс Қазақстан өлкелік, Ақтөбе облыстық партком мүшесі, облыстық кеңестің бірнеше дүркін депутаты болған. Октябрь Революциясы, екі рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және 7 медальмен марапатталған. Шалқар қаласындағы бір көшеге оның есімі берілген.

**АЛҒИЕВ Әділхан Қалиұлы**

(04.02.1928 ж.т. Шалқар ауд. №5а) – жаңашыл ұстаз. Еңбек жолын 1942 ж. Біршоғыр шахтасы поштасында хат тасушы болып бастаған, кейін бөлімше бастығы. Қазақтың С.М.Киров атындағы МУ тарих факультетін (1951) бітіргеннен кейін 1951-95 ж.ж. Ақтөбе облысының халық ағарту саласында мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, облыстық оқу бөлімінің инспекторы, мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры, Қазақ педагогикалық Қоғамы облыстық кеңесі төрағасы қызметтерінде болды. Ақтөбе қаласындағы №17 мектеп директоры кезінде білім беру сапасын арттырып, оқу-тәрбие үлгісін жетілдірді. Ә.Қ.Алғиевтің жұмыс тәжірибесі Одақ мектептеріне таратылды. Педагогикалық-психологиялық ғылым мен практиканы ұштастырудағы табыстары, жаңашылдығы үшін оған оқу-ағарту саласындағы ең жоғарғы награда – Н.К.Крупская атындағы медаль берілді. Мұғалімдердің Бүкілодақтық III съезіне (1978), республикалық II-VI съездеріне делегат болып сайланды. Бүкілодақтық V, VI,VII Педоқуларға, рес-лық ғылыми-педагогикалық конференцияға қатысып, баяндамалар жасады. Сол кезде мектеп реформасының тұжырымдамасын жасауға, оны жүзеге асыруға атсалысты.

Ә.Қ.Алғиев – «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» (1971), «Құрмет белгісі» орденінің иегері (1972). «В содружестве с наукой» (1984) монографиясы, үш кітапшасы бар.

**АЛМАҒАМБЕТОВ Жанұзақ**

(28.07.1940 ж. – Шалқар ауданы, Тұмалыкөл ауылы, 21.01.1995 ж. – Алматы қаласы).

1956 жылы Шалқар № 1 қазақ орта мектебің, 1961 жылы Абай атындағы Алматы педагогикалық институтын бітірген. Қызметі- Абай атындағы педагогикалық институтта жоғары математика кафедрасында аға оқытушы, Қа-

зақ КСР-і мемлекеттік жоспарлау комитетінде бөлім меңгерушісі бола жүріп ғылыми жұмысын жалғастырған. Зерттеген тақырыбы – модельдер теориясы.

Модельдер теориясының алгоритмикалық проблемалары жайында кандидаттық диссертациясын қорғады (1966 ж). Докторлық диссертациясын дайындау үстінде қайтыс болды.

**АЛМАҒАНБЕТ**
**Ахун Бұхарбайұлы**

(1869-1943 ж.ж. Шалқар ауд. Тұмалыкөл ауылы (бұрынғы №19 ауыл), ахун, ауыл молдасынан сауат ашып, 12 жасында Қожаназар ишанның медресесінде білімін жалғастырды. Кейін Бұхараға барып оқып, білімін тереңдетіп, қол тапсырып, «ахун» атағын алып, шәкірттерге дәріс береді.

Елге оралған ахун Тұмалыкөл ауылының Көкпектікөл деген жерінде мешіт ұстап, бала оқытқан. Еліміздің мұсылмандар дүниесінің рухани көсемдерімен тығыз байланыста болған.

17.XII. 1937 ж. Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізген және ишан А.Төлегеновпен тығыз байланыста болған деген айыппен 10 жылға сотталған, 1943 ж. Барнаул түрмесінде көз жұмған. 1989 жылы ақталған.

**АЛПЫСБАЕВ**
**Сейтпағанбет**

(1901-1974 ж.ж. Шалқар ауд.)

15 жасынан бастап еңбекке араласып, мал бағып, ата-анасына жәрдем берді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, Украина, Польша, Чехословакия жерін жаудан азат етуге қатысып, елге 1945 жылдың ортасында оралған. 1947-1953 жылдары Жамбыл атындағы колхозда сиыр фермасының меңгерушісі болды. 1953-1966 ж.ж. Жамбыл колхозында, кейіннен «Ақтоғай» совхозында аға шопан болып жұмыс жасады.

1964 жылы Ленин орденімен марапатталған.

**АЛТАЕВА**
**Сәуле Мұхамбетқызы**

(14.10.1935 ж. Ақтөбе обл, Қосестек пос.)

Орта мектепті Шалқарда (1955), Жен ПИ-ді Алматыда (1959) бітірген, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.

Еңбек жолы: 1959-1970 ж.ж. мектепте ұстаз, директордың орынбасары, 1970-1985 ж.ж. Шалқар аупарткомының хатшысы. «Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер» (1985), «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1970), «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1996), бірнеше медальдармен марапатталған.

**«АЛТЫН АЛҚА»**

Көп балалы аналарды марапаттайтын награда. 1993 ж. ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілді. «А.А.» он және одан да көп бала туған және тәрбиелеп өсірген аналарға беріледі. «А.А.» белгісіне марапаттау осы ананың оныншы баласы бір жасқа толған және басқа балалары тірі болған жағдайда ұсынылады. ҚР-ның мүдделерін қорғау кезінде немесе өзге де қызметтік міндеттерді атқару үстінде қаза болған балалары ескеріледі. Жібек бауға тағылған алқада алақанда аялған сәбидің бейнесі және күн шапағы бейнеленіп, айшықты өрнекпен көмкерілген.

*ҚҰЭ, 1 том, 150 бет.*

**АЛШЫН**

Қазақ халқын құраған тайпалар бірлестігі, кіші жүздегі байұлы, жетіру, Әлімұлы сияқты тайпалардың ортақ атауы. А. туралы деректер 7-10 ғасырдағы көптеген құжаттарда кездеседі. Ежелгі мекені Алтай, 10 ғ-да Алтай бойынан ойысып Арал және Каспий теңізі маңындағы ежелгі тайпалармен араласып кеткен. Бір бөлігі Қыпшақтармен бірге батысқа қарай жорыққа шығып, Мысырға дейін барған, онда Мысыр билеушілерінің қарамағында болып мәмлүктер әулетінің үстемдігін орнатуға белсене араласқан. А.-дар 10-12 ғ-да Қырымда болған, 12-14 ғ-да А.-ның кейбір рулары ноғай ордасының нығаюы үшін белсене күрескен. М.Тынышбаев Ачинскі төңірегіндегі үлкен ашын, кіші ашын руларын А.-ның байланысы болуы керек деген болжам жасайды. Кіші жүз шежірешілері А. атын қазақтың алғашқы биі Майқы есімімен де байланыстырды. А. ұрпақтары башқұрт, татар және Кіндік Азия халықтарының құрамында да бар.

*ҚҰЭ,1-том, 322-бет.*

**АМАЛ**

1) байырғы қазақ күнтізбесіндегі наурызға сәйкес келетін ай. Ол амал жұлдызы деп те аталған. Мұнан екі мың жыл бұрын көктемгі күн мен түннің теңелу нүктесі Тоқты шоқжұлдызында болды. Оны арабтар бордж-улхәмәл дейді (Тоқты жұлдызы).



Аманғали ахун

«Амал» атауы осыдан шыққан; 2) ертеректе жыл мезгілдеріндегі ауа райының қолайсыз жағдайларынан алдын ала сақтанып, шаруа жайын реттеп отыру үшін қазақ есепшілері қолданған жеті амал. Олар: Ай тоғамы, Қарашаның қайтуы, Қарашаның қары, Қыс тоқсан, Киіктің матауы, Үркердің батуы, Күннің тоқырауы. Ай тоғамы – Айдың Үркермен тоғысуы. Бір жаңасындағы Айдың Үркер, тұсына жақын келуін – тоғам дәл тұсына келуін – ауыл үй қонды, басып өтуін – өріп шықты дейді. Бұл үш күн Тоғыс есебіндегі 13 айдың әрқайсысының басы болып саналады. Қарашаның қайтуы – жайылымның сонысы шайылып, айнала төңірек көңілсіз сұркай түске енген мезгіл. Есепшілердің айтуы бойынша, Үшарқар – Таразы шоқжұлдызы көтеріліп, «Теке бұрқылдақтың» қары жауғанда қараша қайтады. Қарашаның қары-су бетіне алғашқы жұқа мұз қабыршақтанған немесе мұз қатқан мезгіл. Ол «Қазан суығы» ұрған күндерден басталады. Қыстоқсан –Қарашаның қары мен наурыз айының аралығы, шаруа үшін «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін» кезеңі. Киіктің матауы – кей жылы күн үрлесін болып, алыс жер көзге көрінбейді, бұр-



С.Анапин

қасындатып тұратын кез. Қаңтардың орта шенінде Үркер таң ата батады, сол күндері арқар, құлжа, таутеке, тауешкі үйірге түседі. Содан «Үркер батқанда таутеке тастан ұшады» деген кәсіби есепші сөзі қалыптасқан. Үркердің батуы – Үркердің 40 күн бойы көрінбейтін мезгілі. Үркер мамырдың 10-нда батып, маусымның 20-нда туады. Есепшілер Үркерге байланысты: «Үркер жерге түспей жер қызбайды», «Үркер жерге түссе, жаз құрғақ болады», Үркер көкжиекке жақындаса: «Үркер тасқа түсті, жаман болады», Үркер көкжиектен көрініп тұрса: «Үркер суға түсті, жаз жаңбырлы болады», «Үркер туды, енді шықпаған шөптің басы шығады» деген жорамал жасаған. Күннің тоқырауы – күн мен түннің ең ұзақ кездері. Жазғы тоқырау (21-22 маусым) кезінде күн ұзарып, түн қысқарады, қысқы тоқырауда (21-22 желтоқсан) түн ұзарады, күн кеш шығып, ерте батады; 3) математикалық ұғым – арифметикалық амалдар; 4) белгілі бір ниетті жүзеге асыру үшін қолданылатын айла, әрекет.

*Әдеб: Әбішев Х., Халық астрономиясы, А.., 1959; сонықі, Аспан сыры, А.., 1962; Исқақов М., Халық календары, А., 1980. Қ.Қамбаров. ҚҰЭ, 1-том, 332-б.*

**АМАНБАЕВА Нұрыш**

(Т.ө.ж.б. белгісіз). Байлардың жалшысы болған. «Тұмалыкөл» серіктігі ұйымдастырылғанда алғашқылардың бірі ретінде мүше болып кірді. 5-6 жыл ішінде серіктік колхозға (ұжымшарға) айналдырылды. 1935 жылы Қазақ Кеңес республикасының он бес жылдық мерекесіне, 1936 жылы Бүкілресейлік Советтердің Төтенше VIII съезіне делегат болып Мәскеуге барып, КСРО Конституциясын қабылдауға қатысады. 1939 жылы әр 100 сиырдан 100 бұзау алғаны үшін Бүкілодақтық ауыл шаруашылық Көрмесіне қатысады. Осы жылы ол Тұмалыкөл селолық Кеңесінің төрайымы болып сайланады.

1980 жылдарға дейін ГКС-12 – Қауылжыр ауылында тұрды.

**АМАНҒАЛИ**
**Ахун Итесұлы**

(1884 ж. Арал ауд. Құланды түбегі – 1936 ж. Өзбекстан, Термез). Қабақ руы, Бақтыбай баба тегі. Әкесі Итес баласын Хорезмге діни оқуға жібереді. Сол жақта жиырма жыл білім алып, Хиуада үш жыл ұстаздық етеді. 1914 ж. елге оралады. Құланды түбегіндегі Жантақты деген жерде 1915 ж. мешіт салдырады. Ол жер әлі күнге дейін «Аманғали ахун мешіті» деп аталады. 1918 ж. Хиуаға барып, «Ұстаз Шатырхат ахун» деген ғылыми атақ алып қайтады. Ол араб, түрік тілдерінде еркін оқып, аудара білген. Шалқар аймақтық діни басқармасына бас муфти болып тағайындалған, оның атына берілген мөр болған, қазіргі күні ол ұрпақтарында сақтаулы. Өткен ғасырдың 30-жылдарында

қуғынға ұшырап, 1936 ж. Термез қаласына жақын Китап деген станцияда қайтыс болып, сол жерге жерленеді.

Бозой елді мекеніндегі мешіт Аманғали ахун атымен аталады.

**АМАНОВ Мәмбеталы**

(20.02.1937 жылы туған – Шалқар ауданы № 7 ауыл).

Еңбек жолын Шалқар жол аралығында (дистанциясында) 1951 жылы жол жөндеушісі болып бастаған. 1954-1955 ж.ж. Батраки стансасында техникалық мектептің бригадирлік курсын оқып бітірді. Ол 1955-1959 ж.ж. жол бригадирі қызметінде болған. 1959-1962 ж.ж. Ақтөбе теміржол техникумында оқып, білімін жетілдірді. 1975-1995 ж.ж. Шалқар жол аралығы (дистанциясы) директорының орынбасары, 1995-1998 ж.ж. т.ж. қызметкерлері кәсіподағы төрағасы болды. Темір жол бойындағы еңбек өтілі – 47 жыл. Ұзақ жылғы еңбегін ескеріп ұжымы оны «Құрмет белгісі» орденіне ұсынған. «Құрметті теміржолшы» атағы бар (1986), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет Грамотасымен (1987), бірнеше медальдармен марапатталған.

**АНАРОВ**
**Елеусіз Жұбанышұлы**

(23.02.1924 ж. – Шалқар а. Тұмалыкөл ауылы – 27.02.1998, Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері. Ұлы Отан соғысына, кейін милитаристік Жапониямен болған шайқастарға қатынасқан (1942-1947).

Соғыс жылдарында ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», І дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, 8 жауынгерлік медальмен марапатталған. Елге оралдған соң 36 жыл бойы аудан экономикасын көтеру ісіне араласып, абыройлы еткен еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған (1971).

**АНАПИН Сейітжан**

(07.01.1934 ж.т. – Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, 2006 ж. – Ақтөбе қаласы), партия-кеңес қызметкері, Шалқар жерінің зиялы азаматы.

Республикалық мәдени-ағарту училищесін (1953), Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институтын (1969) бітірген, ғалым-зоотехник. 1953 ж. Шалқар аудандық мәдениет бөлімінің аға инспекторы болып еңбек жолын бастаған (1953-1963) ол аудандық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарған. (Нұсқаушы, бөлім меңгерушісі 1963-1971). 1971-1973 ж.ж. Ақтөбе облаткомында төрағаның көмекшісі, облпаркомында ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісінің орынбасары (1973-1977), Исатай ауданы «Краснояр» кеңшарының директоры (1977-1981), облаткомның жауапты хатшысы (1981-1982) қызметтері – азаматтың еңбектегі өсу жолдары. Кейін облыстық қой шаруашылығы басқармасының бастығы (1982-1986), облагропромның, кейін облыстық ауылшаруашылық басқармасының кадр бөлімінің бастығы (1986-1994) қызметтерін абыройлы атқарып, зейнеткерлікке шықты.

«Құрмет белгісі» ордені мен 4 медальдің иегері. Есімі «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» көптомдығына енген.

**АРАЛ АПАТЫ**

Арал теңізінің тартылуына байланысты Орта Азия мен Қазақстанның үлкен аймағындағы адамдарға, табиғатқа, өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесіне келген экол., әлеум.-экон. үлкен апат. Соңғы 40 жылда сол өңірдегі суармалы жер көлемінің ұлғаюы, суды қажет ететін кәсіпорындардың көбеюі, Арнасай, Шардара, Сарықамыс сияқты көптеген жасанды су қоймаларының пайда болуы Арал айдынының аумағын, көлемін, тереңдігін азайтты (қ. Арал экологиясы). Ауаның ылғалдылығы (жаз, күз айларында 9%-ке дейін) азайып, жазы құрғақ та ыстық (шілдеде 45°С-қа шейін, 1985), қысы суық (47°С-қа шейін, 1986) болатын жылдар мен күндер көбейді. Өзен жағалауындағы суармалы егістерде (негізінен, мақта мен күріш) және өнеркәсіп орындарында пайдаланылған сулар Арал меңізіне құйылып теңіз түбіне 1 млрд. т-дан астам улы шөгінділерді әкелді. Сөйтіп су тұздылығының артуы (1 л-де 35 мг, 1996) нәтижесінде су түбіне шөккен тұз шөгінділері пайда болды. Ауд. 40 мың км$^2$-ге жуық жалаңаштанған теңіз түбінен көтерілген (жыл сайын 70 млн.т) улы шөгінділер тұзды шаңға айналып, жайылымдар мен егістіктерді улап, үлкен апат әкелді. Бағалы балықтардың түрлері (бекіре, сазан, шоқыр, қаяз, ақмарқа, алабұға, т.б.) құрып кетті. Осыған орай, теңіз жағалауындағы балық зауыттары, А. кеме көлігі кәсіпорындары, ш-мен айналысатын шаруашылықтар, Барсакелмес аралындағы хайуанаттар қорығы,

Возрождение аралындағы кәсіпорындар жабылды. А.а. аймағынан жүздеген мың адам туып өскен жерін тастап, өзге өлкелерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Ғарыштан қарағанда, теңіздің жиегінен 400 км-ге дейін созылған «тұзды бұлт» өсімдік пен жануарлардың түрлерін азайтты. Бұрын теңіз маңында мекендеген су құстары түгелге жуық, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген жануарлардың кейбір түрлері (итала қаз, бұлдырық, жидек, Арал шағаласы, ондатр т.б.) құрып кетті. А.а. сол өңірдегі 60 мыңға жуық тұрғындарының денсаулығына зиянды әсерін тигізді. «Қоршаған орта және балалар» деген тақырыпта 1998 ж. Амстердамда өткен балалар дәрігерлерінің дүние жүз. 22-халықаралық конгресінде Арал аймағындағы балалар денсаулығының мәселелері қаралды.

*Ө.Жолымбетов. ҚҰЭ, 1-том, 410-411-беттер.*

### АРАЛ ТЕҢІЗІ

Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе обл. Шалқар ауд.) жерінде Тұран ойпатының шөлді белдемінде, үстірттің шығыс шетінде орналасқан тұйық көл. Алабындағы қарқынды антропогендік әрекеттерге дейін 1960-70 ж. дүн. жүз. Теңіз деңгейінен 53,0 м биіктікте жатқан кестені қ. Осы деңгейдегі айдынның ауд. 66,1 мың км$^2$ аралдарымен қоса суының көл. 1064 км$^3$ орташа терең 16,1 м, ең терең жері 67 м, ұз. 428 км, ені 235 км су жинау алқабының ауд. 69000 км$^2$ болған. Алабындағы шаруашылық мақсаттарға үздіксіз су алу барысында 1998 ж. теңіз деңгейі 18 м төмендеді. 1997 ж. нәтижесінде теңіз 2 су қоймаға – үлкен Арал және кіші Аралға бөлініп қалды.

*ҚҰЭ, 1-ші том, 415 бет.*

### АРАЛ МАҢЫ ТӘЖІРИБЕ СТАНСАСЫ

1930 жылдар ауыл шаруашылығынан, оны зерттейтін ғылымнан Қазақстанның шөлейт аймақтарының аса қатал ауа райында өсетін өсімдіктерді зерттеуді талап етті. Осыған байланысты 1931-1932 жылдары сол кездегі Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтынан А.Г.Гаельдің басшылығымен гидротехникалық және құм-мелиоративтік экспедициясының төрт отряды ұйымдастырылды. Зерттеу нәтижесінде солтүстік Арал маңындағы құмды шөлейт өңірлердің геоморфологиясы мен бірте-бірте даму эволюциясы анықталып, оларды алдағы уақытта ауылшаруашылықтық мақсатта игеру шаралары белгіленді. Экспедицияның зерттеу жұмысына Бүкілодақтық өсімдіктер институты мен Ақтөбе облыстық Кеңесі ерекше назар аударып отырды.

Бұдан кейін 1933 жылы наурыз айында шөл және шөлейт аймақтықтарды игеру мақсатында осы Арал маңы тәжірибе стансасы құрылды. Н.И.Вавиловтың ұсынысымен далалық жұмыстар аяқталғаннан кейін 1934 жылы шілде айында Бүкілодақтық өсімдіктер институтының құрамына енді. Арал маңы тәжірибе стансасын ұйымдастырушы Е.А.Малюгин және М.С.Коликов болды. 1933-1945 жылдар аралығында Е.А.Малюгин директорлық қызмет атқарды. Кейін ол шөл, шөлейт аймақтық өсімдіктер дүниесін зерттеудегі тамаша еңбектері үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды.

Солтүстік арал маңының табиғаты басқа аймақтарға қарағанда аса континентальды – өте ыстық және құрғақшылық, шөлейт өңірлердің қатарына жатады. Мұнда жаз күндері 40 градус ыстық болса, қыс күндері осындай температурада аяз болады. Ылғал өте аз түседі. Жылдық ылғал дефициті 1400-1600 миллиметрге жетеді. Ал тіпті кей жылдары қар болмайды. Айдың орташа температурасы шілде айында 25 градус жылылыққа көтеріліп, қаңтар айында 15 градусқа дейін төмендейді. Бұл өңірде көбінесе қатты жел, құмды дауылдар соғып тұрады.

Станса жұмыс істейтін өңірде үш үлкен құм мастивтері орналасқан. Олар: Үлкен Борсық (көлемі 1 миллион гектар), Кішіқұм (көлемі 0,3 млн гектар) және Арал маңындағы қарақұмдар (көлемі 1,5 миллион гектар).

Тәжірибе стансасының орталығы Шалқар қаласында орналасқан. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жоңышқаның, бидайықтың, бидайдың, арпаның, шиенің, соргоның, судан шөбінің, сексеуілдің, теріскеннің т.б. мәдени өсімдіктердің дүниежүзілік ресурстарын зерттеу мақсатында жүргізіледі. Ғылыми егістіктер Қауылжыр, Лайғақ және Чиевник участоктарына орналасқан. Оның барлық алаңы 600 гектар жерді алып жатыр.

Тәжірибе стансасының тарихы екі кезеңді қамтиды. Алғашқысы 1933-1950 жылдар, екіншісі

1950-1983 жылдар. Бірінші кезеңде Батыс Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтары зерттеліп, оны ауыл шаруашылығы мақсатында игерудің әдістері өндіріске енгізілді.

1. Қырлық жер шаруашылығы әдісі. Мұнда барлық жерлердегі егіс алқаптарында ауыл шаруашылығы дақылдарын егу және олардың агротехникалық әдістері зерттеліп, олардың жер эрозиясына қарсы пайдалануын жүзеге асыру.

2. Траншейлі жер шаруашылығы әдісі. Мұнда жеміс-жидектердің, овощтардың өсірілу әдістері зерттелді.

3. Құм массивтерінде өсімдіктердің геоморфологиялық және ауыл шаруашылықтық өсірілу әдістері зерттелді.

4. Сондай-ақ жоңышқаның тибеттік және Арал маңындық картоп, жуа, сорго, африкан тарысы, жіңішке және жалпақ жапырақты Ақтөбелік бидайық, қиярдың шалқарлық сорттары, помидордың елу күндік сорты. Берсиев тарысы, Арал маңы, Ашамбаев, Ойыл тарылары және де басқа дәнді дақылдар сорттары зерттелді және өндіріске енгізілді. Сонымен қатар суармалы егістің де агротехникасы зерттелді, көшпелі құмды тоқтатуға бағытталған жасыл белдеулер жасаудың агротехникалық жүйесі жасалды. Тұщы, минералды тұзы аз топырақты өңірлерде артезиан құдық суларымен егіс егудің агротехникасы практикада сыннан өткізілді.

Тәжірибе стансасының алғашқы кезеңдерінде көптеген адамдар ғылыми еңбектер қосты. Олардың қатарына Е.А.Малюгин, А.Г.Гаель, П.А.Малюгин, А.И.Миловзоров, М.С.Коликов, А.М.Альпатев, С.В.Зонн т.б. Шөлейт аймақтарды ауыл шаруашылығына ғылыми негізінде игергені үшін стансаның ғылыми қызметкерлері Е.А.Малюгин, М.С.Коликов, А.И.Миловзоров және П.А.Малюгин КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алды.

1969 жылдан бастап стансада ауыл шаруашылығы ғылымының докторы А.И.Ивановтың басшылығымен Бүкілодақтық өсімдіктер институтының Қазақстан экспедициясы жұмыс істеді. Бұл экспедиция мәдени және табиғи өсімдіктердің төрт мыңнан аса түрлерін жинады. Стансада зерттелген мәдени өсімдіктердің ерекшеліктері, яғни олардың құрғақшылыққа, ыстыққа, қатты аязға төзімділіктері зерттелгеннен кейін бұл өсімдіктерді КСРО және шет елдердің селекционерлері де ауыл шаруашылығына кеңінен пайдалана бастады. Бұл өсімдіктерді өсіріп және зерттеуде көптеген ғылыми қызметкерлер лайықты үлес қосты. Олар А.И.Иванов, Р.А.Курятникова, И.Е.Козулья, Е.Г.Шымарев, В.Д.Карпенко, В.Е.Тихонов, З.С.Виноградов, Р.Г.Красноштейн, Л.Л.Жестянщикова, Н.Л.Милорадова, И.И.Беляков, Н.Н.Гуляева және т.б.

Тәжірибе стансасына 1934 жылы академик Н.И.Вавилов келді. Сол жылы Американың ғалымдары, докторлар Вестовер және Энлоу келіп, стансаның жұмыс тәжірибесімен танысты. Ал 1966 жылдың мамыр айында тәжірибе стансасына ВАСХНИЛ-дің вице-президенті, академик Д.Д.Брежнев келді.

1982 жылы станса жанында эксперименттік шаруашылық ұйымдастырылды. Мұнда азықтық және овощтық дақылдардың элиталық тұқымдары өсіріліп, тәжірибеден өткізілді. Мәдени және табиғи өсімдіктердің түрлерін өндіріске енгізуден 1,7 млн. сом табыс түсті.

*А.Еспанов.*

## АРАЛ ТЕҢІЗІН САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРАЛАР

Арал апатынан зардап шеккен елдер басшыларының іс-қимылдарына көмектесуге бағытталған алғашқы халықаралық келісім 1990 жылы 24-26 қаңтарында БҰҰ-ның қоршаған орта бағдарламасының (ЮНЕП) ұсынысымен жасалған. Бұл халықаралық құжат «Арал теңізін сақтауға арналған нақтылы іске дайындыққа қатысу» деп аталады. 1990 жылы 11-12 қарашада Хаттамаға қол қойылып, келісім заңды түрде бекітілді. Келісім бойынша оқымыстылар мен мамандардың қатысуымен «Диагностикалық құжат» жасалды. Бұл үлкен ғылыми-тәжірибелік зерттеу Арал апаты кеселінің бетін ашып берді, нақтылы іске бағдарлама жасауға себебін тигізді. «Диагностикалық құжат» 1992 жылы 4 тамызда ЮНЕП-тің басқаруымен Женева қаласында бекітілді, оған ҚР атынан Ұ.Қараманов, Қ.Салықов, Н.Мұхитанов қол қойды. Келесі сатыда Дүниежүзілік Банк пен ЮНЕП, ПРООН, ЮНЕСКО, т.б. мекемелер қосыла отырып, Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық кеңесінің және Ха-

лықаралық Арал қорының басшылығымен «Арал теңізі» мәселелеріне нақтылы көмек бағдарламасын іске қосты. Бұл тарапта 7 бағдарлама, 18 жоба жасалып, ауылда жұмыс қолға алынды.

*ҚҰЭ, 1-ші том, 418 бет.*

**АРАЛ ТҰЗ КЕНДЕРІ**

Арал теңізі алабындағы түбіне тұздар шөккен көлдер. Тұз кені, негізінен, Шалқар ауданы көлемінде – Балғасынтұз, Қорғантұз, Жақсықылыш, Кішкенетұз және Бұғажайлы (Арыс көлі), Қаратұз ойпаттарындағы көлдерде орналасқан. Олардан галит, (NaCL), тенардит ($Na_2SO_4$), мирабилит ($Na_2SO_4$*10 $H_2O$), эпсомит ($MgSO_4$*7 $H_2O$), астраханит ($Na_2SO_4$*$MgSO_4$*4$H_2O$) тұздары өндіріледі. Аталған тұздардың ішінде тенардит барлық көлдерден алынып біткен. Оның 20 ғ-дың соңғы жылдарындағы жаңадан шөгуі бірнеше мм-ден аспайды. Жақсықылыш көлдеріндегі аралас тұздар – мирабилит пен эпсомиттің қоры 10 млн. т. шамасында, галиттің қоры 29 млн. т. (1998). Көлдердегі тұз шөгінділері тақта немесе линза пішінде түзілген. Галит минералының кристалдары мен түйіршіктері көлдер түбіндегі қара түсті лаймен араласқандықтан қарасұр, кейде қара болып келеді. Ас тұзының барлық кендерінде қосындылардан көптеп бром, аздап бор мен магний кездеседі, ал иодтың мөлшері өте аз немесе мүлдем жоқ. Тұз өндіру жұмыстары механикаландырылған және жоғары өнімді агрегаттар – тұз сорғылары, фрезалы кескіш кешендер, экскаватор, т.б. арқылы жүргізіледі. Ал А.т.к-н игеру көп қаржы, материал және еңбекті талап етпейді. Олардағы әр түрлі пішінді және өлшемді кен шоғырлары тұздардың бірнеше түрінен тұрады. Сондықтан мұндай көп құрамды шикізатты кешенді игеру өте тиімді.

*Е.Тапалов. ҚҰЭ, 1-том, 418 б.*

**АРДАГЕР**

Құрметті, ардақты, қадірлі адам деген мәнді білдіретін этикалық ұғым. Ел қамын ойлап, намысын қорғаған, елеулі еңбек сіңірген абыройлы адамды халық А. деп жоғары бағалайды. Жеке адам қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жұртшылыққа танылғанда ғана А. болады. Қазіргі кезде еңбек А., соғыс А-і деп айтылады.

*ҚҰЭ, 1-том, 430-бет.*

**АРЫНОВ**
**Мұхтар Ғалиұлы**



(20.05.1936 ж.т. Алматы обл. Ақсу ауд. Ақсу а. – 10.9.1995, Алматы обл.) – ғалым, филол. ғыл. канд. (1973), проф (1988). Алматы мемл. пед. шет тілдер ин-тын (қазіргі Халықаралық қатынастар және әлем тілдері ун-тін) бітірген (1957). Осы ин-тта оқытушы, кафедра меңгерушісі, Абай атындағы Қазақ пед. ин-тының проректоры (1974-81), Білім мин-нің бөлім меңгерушісі (1981-83) қызметтерін атқарды. 1983 жылдан өмірінің соңына дейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ун-тінің ректоры болды. А-тың «Неміс тілінің қысқаша грамматикасы» (1971), «Неміс грамматикасы (морфология)» (1986) оқулықтары тіл білімі ғылымындағы елеулі табыс ретінде бағаланды. А. ұлт мәдениетін өркендетуге елеулі үлес қосты. 1989 ж. Халықар. «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына ұйытқы болды. Ақтөбе обл-дағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып, ұлт тілінде оқытатын мектептердің ашылуына көп күш-жігер жұмсады. А.-тың ұйымдастыруымен «Ақтөбе өңіріндегі білім беру жүйесінің дамуы» мұражайы ашылды. Ол қазақ тіл білімінің тұңғыш проф-ы Қ.Жұбановтың 90 жылдығына орай респ. ғыл.-теор. конференция ұйымдастырып, «Жұбанов тағылымы» оқуларын жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырды. Қ.Жұбановтың мұражайы мен лабораториясын ашуға басшылық етті. А.-тың ұлттық филос., дидак., этногр. және этнолингвист. деректер негізінде жазған «Бес анық» (1996) кітабы – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын зерделеуге арналған алғашқы еңбектердің бірі болды. Ұлттық рухтың ерекшелігін көрсететін тіл, дін, салт-дәстүр, тарих, атамекен туралы ой-толғамдары халықтық пед. пәнінің қалыптасуына негіз болып қаланды. Сонымен қатар ол Есет, Көтібар батырлардың, күйші



*Ә.Асанов*

Қазанғаптың тарихи-архит., кешендерінің бой көтеруіне ұйытқы болды. Әйтеке бидің, кердері Әубәкірдің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге үлес қосты. А. – белгілі мемл. қайраткері. Ол ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты ретінде тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясының, «Тілдер туралы», «Жоғары білім туралы» заңдарының қабылдау мен талдау жұмысына қатысты.

*ҚҰЭ, 465 бет.*

**АРЫСТАН Рахметұлы**

XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басында Шалқар өңірінде өмір сүрген жырау, әнші. Тегі Шекті, Қабақтың Жарас аталығынан. Атақты Қазанғап күйшімен аралас-құраласта болған. Әлима Қабылқызының аянышты тағдырына арналған «Әлиманың әні», жалғыз қызына арналған «Айналайын, Жұмажан» әндері мен Бөгенбай Қаршыға жыраумен айтысы секілді тағы басқа бірқатар шығармалары қағазға түсіп, баспа бетін көрген. Ел аузында басқа да шығармалары сақталған. Шығармалары бүгінгі күнге негізінен Құдабай жырау, Қалесет әншілер арқылы жетті.

*С.Мұхтаров.*



*Қ.Асқаров*

*Әдебиеттер:*

1. Мұхтаров С., Арыстан жырау шығармашылығы жөнінде, қазіргі дәуір және Байғанинтану мәселелері. Аймақтық ғылымипрактикалық конференция материалдары, Ақтөбе, АЦНТИ, 2006 жыл, 56-65 б.;

2. Қазанғаптың ізімен. Күйші Бақыт Басығараев (Естеліктер, күйлер мен әндер), Алматы, Әуен, 2003 жыл, 138-139 б.б.;

3. Асарбаев Ж., «Әлиманың әні» авторы туралы, Ақтөбе мемлекеттік ун-тінің Хабаршысы, 2005 жыл, № 2;

4. Еңсепов М., Бір әннің тарихы туралы, ЖОО-аралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Ақтөбе, Принт-А, 2006 жыл, 64-66 б.б.;

5. Жанаманов Н., Арыстан мен Бөгенбай Қаршыға жыраулардың сөз қағысы, Ақтөбе мемлекеттік университетінің Хабаршысы, 2006 жыл, № 3, 79-80 б.б.;

6. Мақатов О. Әлиманың әні, Алматы, Үш қиян, 2006 жыл;

7. Аманұлы Қ., Жарас мерген, Ақтөбе, Ақжар-АБК, 2002 жыл, 144-бет;

**АРЗЫҚҰЛОВ**
**Шамқал Ізтілеуұлы**

(1908-1976 ж.ж. Шалқар ауданы, № 7 ауылдық Кеңесінде т.) 1928 ж. Бішкек қаласындағы малдәрігерлік институтына түсіп, 1933 ж. бітіріп шығады. 1934-36 ж.ж. Аяққұм өңірінде, 1937-40 жж. Алабас, Шахта жағында малдәрігері болып еңбек етеді. 1941-45 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысып, елге 1949 ж. оралады. Елге келген соң 1968 ж. зейнеткерлікке шыққанға дейін Шалқар қаласында мамандығы бойынша қызмет атқарады. Жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Ту», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**АРХИПОВ**
**Владимир Михайлович**

(1.6.1933 ж.т. Шалқар қ.) – Мәскеу қаласы – армия генералы (1988). Ташкент танк уч-щесін (1955), бронетанк әскерлерінің әскери академиясын (1966), Бас штабтың әскери академиясын (1972), оның жанындағы Жоғары академиялық курстарын (1979 және 1985) бітірген. Танк взводына, ротасына, батальонына командир болды. 1966 ж. танк полкі командирінің орынбасары, 1967 ж. командирі, 1972-74 ж.ж. дивизия, 1974 ж. корпус, 1975-79 ж.ж. бірлестік командирі. 1979 ж. сәуірден Орта Азия әскери округінің штаб бастығы, 1983 ж. тамыздан Закавказье әскери округінің, 1985 ж. шілдеде – Москва әскери округінің қолбасшысы, 1988 ж. сәуірден – қорғаныс министрінің орынбасары – КСРО Қарулы Күштері Тылының бастығы. Октябрь Революциясы, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, медальдармен, шетелдердің орден-медальдарімен марапатталған.

**АСАН ишан Жанұзақұлы**

(1832-1896 ж.ж.). Шалқар ауданында белгілі орны болған қадірлі адам. Есімі күні бүгінге дейін ел аузында. Қазан, Хорезм қалалары діни оқу орындарында бірнеше жыл оқып, терең білім алған. Мекке мен Мәдинаға барған.

**АСАНОВ Жұбаназар**

(11.01.1950 ж., Шалқар қ.) 1967 ж. Шалқар қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика, қазақ филологиясы факультеттерін тамамдаған. Орта мектепте мұғалім, мектеп директоры болып жұмыс атқарған.

1980-84 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясында, 1984-1990жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болды. 2002 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне «Ырғыз, Шалқар өңірі ақындарының әдеби мұрасы» деген тақырыпта диссертация қорғады.



1999-2004 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде, ал 2004 жылдан бастап Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, қазақ әдебиеті кафедрасының, Аймақтық әдебиеттану зертханасының меңгерушісі болып жемісті қызмет атқарып келеді.

Ж.Асанов – 115 ғылыми еңбектің авторы. Ол аймақ ақындары шығармашылығын зерттеуге елеулі үлес қосуда. Мөңке Тілеуұлы, Сарышолақ Боранбайұлы, Жөкей Шаңғытбайұлы, Ақпан Әйтбекұлы сияқты XVIII-XX ғ.ғ. басында өмір сүрген ақындар шығармаларын жинап, зерттеуде белсенді еңбек атқарды. Ғылыми басылымдарда, сондай-ақ республикалық белді басылымдар «Жұлдыз», «Ақиқат», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» журналдары мен газеттерінде мақалалары жарық көрді.

Бірнеше кітаптары, құрастырған жинақтары жария көрді. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша «Шекті Мөңке би Тілеуұлы» атты зерттеуі 2001 жылы Астанадағы «Елорда» баспасынан шықты (Шекті Мөңке би Тілеуұлы. – Астана: Елорда, 2001. – 164 бет.) Ақтөбе өңірі ақындарының тұңғыш антологиясын құрастырып, онысы 2001 жылы «Асыл қазына» деген атпен Ақтөбеде баспа бетін көрді. (Асыл қазына. XVIII-XX ғасыр басындағы Ақтөбе өңірі ақындарының антологиясы. – Ақтөбе, 2001. – 273 бет). 2005 жылы «Әзберген Мұңайтпасұлы» атты тарихи-филологиялық зерттеуі жарық көрді. (Әзберген Мұңайтпасұлы. – Ақтөбе, 2005. – 120 б.)

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты ректоратының «Әдеби мұра» жобасы бойынша Ақтөбе өңірі ақындарының 5 томдығын дайындады. Бұл бағытта да доцент Ж.Асанов жемісті еңбек етіп, 2006 жылы Алматы қаласындағы «Арыс» баспасынан шыққан Нұрпейіс Байғаниннің таңдамалы шығармалар жинағын құрастырып, түсіндірме мақаласын жазып, текстологиясын қарады. (Нұрпейіс Байғанин. Естеліктер. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Арыс, 2006. – 312 бет.)

Ж.Асанов аймақ әдебиетінің танымал өкілі Сарышолақ Боранбайұлының 16,5 баспа табақтық шығармалар жинағын құрастырды. Ол Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми Кеңесі шешімімен мақұлданып, Алматыдағы «Ел-Шежіре» баспасынан 2006 жылы жарық көрді. (Сарышолақ Боранбайұлы. «Азаттық еді аңсаған». – Алматы: Ел-Шежіре, 2006. – 264 бет.) Ғалым дайындаған эпик ақын Жөкей Шаңғытбайұлының 18 баспа табақтық дастандар жинағы 2007 ж. аталған баспадан шықты.

Ж.Асанов мамандығы әдебиетші болғандықтан, көркем шығармалар жазумен де айналысады. Жазған әңгімелері «Жас алаш», «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан әйелдері», «Алтын Орда», «Жұлдыз», «Жалын», «Таң-Шолпан», т.б. басылымдарда жарияланған. 2006 жылы Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы «Жәдігерге» есімі еніп, шығармасы басылды.

Драматург А.Өтәлиевпен бірігіп, «Мөңке би» атты екі бөлімді тарихи трагедия жазып, оны Алаш жұртының әдеби, әлеуметтік журналы «Жұлдызда»

(№ 7,2006) жариялады. Жеке кітап түрінде баспадан шығарды.

*Д.Абдуллина.*

**АСАНОВ Құрманәлі**

(1884, Шалқар ауд. Жаңажол өңіріндегі Маяқұм қонысы – 1978, Ырғыз ауд. Ырғыз а).

Ағаштан түйін түйген шебер. Шектінің Тілеу руынан. Әкесі Асан үй басқан шебер болған. Өнер содан жұққан. Ағаш үй жабдықтарын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (есік), сандық, керует, кебеже, домбыра, ер-тұрман, ат шана, ағаш ыдыстарын жасаған. Соғыс жылдарында Қарабұтақ ауд. партия комитетінің бірінші хатшысы С.Өжікеновтың жеке тапсырмасымен қасына бес адам (Дәрібай, Досмағанбет, т.б.) алып, шығыр жасаған. Әр ұжымшарға сатылған шығырмен 10 га тары егісі суарылды. Халық астықтан тарықпады. Майданға да жөнелтілді. Нұрмаханов Қайсарға сатқан көк ағаш үй Ырғыздың «Нұра» кеңшарында сақтаулы. Құрманәлі – әрі күйші болған кісі. Тәттімбеттің көп күйлерін шебер тартқан, Кердері Әбубәкірдің, Батақтың Сарысының көп өлеңін жатқа айтқан. Сүйегі Қарабұтақ жеріндегі Милідегі үлкен қорымда.

**АСАНОВ**
**Әбдірахим Қапенұлы**

(1925 ж. Шалқар қ. – 09.10. 2001 ж. Ақтөбе қ.) – инженер, теміржолшы: Ташкент темір жол көлігі инженерлері институтын (1967) бітірген.

Еңбек жолы 1942 ж. Секеуіл деподында паровоз бригадаларын жұмысқа шақыратын кезекшіліктен басталды. Кейін от жағушы, машинист көмекшісі, паровоз машинисі, тепловоз машинисі, Арыс локомотив депосында машинист-нұсқаушы. 1967ж. Түркістан локомотив депосы бастығының пайдалану ісі жөніндегі орынбасары, Қандыағаш және Шалқар локомотив деполарының бастығы, (1970-1977). Кейін Ақтөбе жол бөлімшенің жолаушылар бөлімінің бастығы, Ақтөбе темір жол бөлімшесінде материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы (1978-1987) қызметтерін атқарды.

Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. «Құрметті теміржолшы» атағы бар.

**АСҚАРОВ**
**Қыдырберген Асқарұлы**

(01.05.1932 ж.т. – Шалқар ауданы 4 ауыл – 04.06.1997 ж. Алматы қаласы), белгілі қазақ тарихшысы.

1953 ж. Орал педагогикалық институтының тарих ф-тін үздік бітірген ол 1955-58 ж.ж. Шалқар ауданының Шахты орта мектебінде оқытушы, мектеп директоры болды. 1958-61 ж.ж. Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыды.

1961 ж. бастап Алматы Халық Шаруашылық институтында аға оқытушы, декан, кафедра меңгеруші қызметтерінде болды.

Тарих ғылымдарының кандидаты (1983), доцент (1984). Ғылыми кадрлар дайындауда және тарих ғылымын насихаттауда көп еңбек сіңірді. 60-тан астам ғылыми жұмыстардың авторы. Оның жетекшілігімен 20-дан астам кандидаттық диссертациялар қорғалды.

**АСҚАРОВ Сыраш**



(12.02.1918 ж.т. Қызылорда облысы Көкарал ауылы – 2004 Шалқар қаласы), ұлағатты ұстаз. Қызылорда облысының Арал ауданында туғанмен бүкіл саналы өмірін бала оқытуға арнап, Шалқарда оқып, білім алып, ауданның мектептерінде мұғалім, директордың орынбасары, мектеп директоры болып, 40 жыл қызмет етті. Химия, биология пәндері бойынша маман. «Қазақ КСР-інің ағарту ісінің үздігі» (1956), «Ерен еңбегі үшін» медалының, т.б. 5 медальдың иегері, облыстық дәрежедегі зейнеткер болып дүниеден өтті (2004). Шалқар халқының құрметіне бөленді, «Наурыз ата» атанды.

**АТАМЕКЕН**

Атыңнан айналайын,
атамекен,
Кім сені Ұлықұм деп
атады екен?!
Сүйегі топырағында
қалған адам
О дағы мен өлдім деп
жата ма екен.
Атыңнан айналайын,
Ұлы Борсық,
Біздерге мына соғыс
болды қырсық.

Аңызақ, аптап желдің
ыстығында.
Жүруші ем қанжығама
байлап торсық.
Атыңнан айналайын,
Ордақонған,
Баурайың ыңырсыған
малға толған.
Бірі бай, бірі батыр,
бірі әруақты.
Үстінде неше түрлі
бабам болған.
Атыңнан айналайын,
Найзакескен,
Шалықтап бауырыңда
бабам өскен.
Үлкендер әңгіме айтып,
кіші тыңдап,
Бабалар айтқан сөзін
мақұл дескен.
Өмірге ерте туып, асыға өскен.
Дүниеге адам – қонақ
түнеп көшкен.
Ер боп туып, ел қорғаған
ата-бабам,
Солардың ізі қалып,
тозаңы өшкен.
Ұлықұм, шөбің шүйгін,
суың балдай,
Сіміріп ішуші едім,
кепсе таңдай.
Құдайым оң сапарын
берсе бізге
Ұшар ем қанат қағып
ақ сұңқардай.
Туған жер, ұмытармын
сені неғып,
Жылынғам томарыңды
отқа жағып,
Құдайым оң сапарын
берсе бізге,
Ұшар ем қарлығаштай
қанат қағып.
Ұлықұм, батыс жағың
мидай жазық.
Жүгірдім құмшығыңнан
көсік қазып
Ит Герман соғыс ашып,
бүлік салды,
Жүрмедім ел ішінде
құлаш жазып.
Ұлықұм, батыс жағың
жазық мидай.
Жылады-ау бала-шаға
жасын тимай.
Жері едің кіндігімнің
қаны тамған
Жаутаңдап біздер кеттік
қимай-қимай.
Көңілім сені ойласам
бос болып тұр,
Біздерге мына дұшпан
өш болып тұр,
Туған жер, топырағыңнан
айналайын,
Көрмесек, енді айналып
қош болып тұр.

*Әбжан Ормұқамбетұлы.*

*(Бұл өлең 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезінде ұрыс даласында қаза болған жауынгердің елге жазған хаты. «Шалқар» энциклопедиясына тапсырған інісі Әбдірахман).*

**АТАЛЫ СӨЗ**

Өгізді өрге салма, қанатың талар, наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, сенімің кетер, дұшпанға сырыңды айтпа, түбіңе жетер. Қару жисаң, мылтық жи: жаяу жүрсең – таяқ, қарның ашса – тамақ. Ит жүгіртіп, құс салсаң, әуейі боларсың. Әйел алсаң, көркіне қызықпа, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң – ұятқа қалдырар. Ұрыншақ ат жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, тұман түбі жұт болар. Елге бай құт емес, би құт. Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш, ел шетіне жау келсе, батыр менен биге күш. Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр; кәсіп болмай, нәсіп болмас.

*Төле би.*

**АТ ЖОРЫҒЫ**

Ақтөбе облысының мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының спортшы атшылары 1979 ж. қыркүйек-қазан айларында Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Көкшетау, Ақтөбе облыстарының территориялары арқылы 1360 км. жол жүрді. Жорық 20 күнде аяқталды. Жорықтың бас дәрігері Яков Николаевич Липериди, басшысы 68 жастағы Александр Иванович Беляев – спорт шебері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Атшылар күніге 63 км жол жүрген. Мақсат – жылқының көшім тұқымының Ақтөбе тәжірибе стансасында өсірілген тұқымының төзімділігін, ұзақ жолдарға шыдамдылығын тексеру.

Бұл жорық Ақтөбеде тың игерудің 25 жылдығына арналған. Атшылар жорық күндерінде жауын-шашынға қарамай далада түнеген. Олар бес салт атты болып қатысқан, жолсыз, қия тастың қойнауларынан өтіп, Қазақстан диқандарының мол астық үшін күресіне куә болған. Қазақстан Отан қоймасына 1 млрд. 250 млн. пұт астық құйған.

**АХМЕТОВ Жалғасбай**

(1896 ж.т. Шалқар ауданы – 1970 сонда), озат теміржолшы.

1921 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, қараушы жұмысында болған. Ленин орденімен (1952), бірнеше медальдармен марапатталған.

**АХМЕТОВ Құрманбек**

(1903-1979, Шалқар ауд. Қотыртас бекеті), озат теміржолшы.

1930-1941 ж.ж. т.ж. бойында жұмысшы, жол бригадирі.

Ұлы Отан соғысына қатысқан (1941-1945). Соғыстан кейін т.ж. бойында жұмысын жалғастырған.

Еңбек Қызыл Ту орденімен (1953), бірнеше медальдармен марапатталған.

### АХМЕТОВ Аймырза Құлахметұлы



(09.05.1932 ж.т. Шалқар ауданы, № 71 т.ж. бекеті), денсаулық сақтау ісінің айтулы ұйымдастырушысы, белгілі оташы.

Шалқарда орта мектепті (1950) бітіргеннен кейін Алматы медицина институтына түсіп, 1956 ж. Орынбор мединститутының емдеу факультетін бітірген.

Қызмет дерегі:

– Шалқар қаласындағы Орынбор т.ж. қарасты №13 ауруханасында оташы-дәрігер, емхана бөлімшесінің меңгерушісі, аурухананың бас дәрігері;

– Қазақ т.ж. дәрігерлік-санитарлық қызметі бастығының орынбасары (1969-1977);

– Батыс Қазақстан т.ж. басқармасы дәрігерлік-санитарлық қызметі бастығы (1977-1982), аттестациялық комиссияның төрағасы. Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Гурьев (Атырау) өңірінде т.ж. бойындағы медицина мекемелері үшін салынған күрделі құрылысты нәтижелі басқарған, «КСРО денсаулық сақтау ісінің озық қызметкері», «КСРО санитарлық қорғаныс үздігі». Көптеген медальдары бар. Өмір жолы мен қызметі «Қазақстан темір-жолдары медицинасы тарихы» кітабында толық баяндалған.

### АУА РАЙЫН БОЛЖАУ

(Грек. prognosis – алдын ала білу, болжау – ауа райын алдын ала болжау, ғыл. негізде анықтау. Алдымен синоптикалық процестер (ауа массалары, антициклон, атмосфера шебі т.б.) анықталады, соның негізінде метеорол. өлшемдерінің таралуы және атмосф құбылыстар (жауыншашын, тұман, боран) болжанады. Уақыт ұзақтығына байланысты өте қысқа 1-2 тәулікке, орта 3-10 тәулікке, ұзақ бірнеше айға дейін және өте ұзақ бір жылдан астам мерзімдік болып бөлінеді. Синоптикалық және эрологиялық стансалардан келетін мәліметтердің өңделуі нәтижесінде циклондар мен антициклондардың т.б. синоптикалық объектілердің қозғалысы бақыланады. А. р.б. үшін қысым және топография карталары, ғарыштық түсірімдер, т.б. мәліметтер қолданады. Синоптикалық жағдайларды болжау бірнеше кезеңнен тұрады. 1) Циклондар мен антициклондардың пайда болуы дамуын және қозғалысын. 2) Атмосф. шептердің қозғалысын және өзгеруін. 3) Атмосферадағы ағындардың бағытын болжау. Синоптикалық жағдайлар болжамына сүйеніп метеорол. өлшемдер, құбылыстар сипатталады, олардың әрқайсысына болжау жасалады. Гидрометеорология орталығында ауа райын, басқа а.ш. дақылдардың өсуі өсімділігі болжанады, сондай-ақ мал ш-на да қатысты болжаулар жасалынады.

*К.Ахметов. ҚҰЭ, 1-ші том, 539 бет.*

### АХТАНОВ Тахауи



(25.10.1923 ж., Шалқар ауд. Шетырғыз а. – 25.09.94, Алматы) – Қазақстанның халық жазушысы. 1940 ж. Абай атынд. Қаз ПИ-ге түскен. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Қаз. мем. Баспасында (1948-51), «Қазақфильм» киностудиясында (1951-53) қызмет етті. «Әдебиет және искусство», (1953-54) «Жұлдыз» журналының (1971-72) редакторы, Қазақстан жазушылар одағы басқармасының хатшысы (1954-57) болды. Қазақ КСР Үкіметі жанындағы өнер жөніндегі басқармада (1957-58), мемлекеттік кітап палатасында (1975-84) жауапты жұмыстар атқарды. Алғашқы өлеңдері майдандық газеттерде жарияланған. Өлеңдері 1949 ж. баспадан шыққан «Жастар дауысы» атты ұжымдық жинаққа енген. Баспасөзде алғаш жарияланған әңгімесі – «Күй аңызы». 1956 ж. «Қаһарлы күндер» романы жарық көрді. Бұл роман бірнеше рет қайта жарияланып, орыс, неміс, т.б. халық тіліне аударылды. Романда екінші дүние жүзілік соғыс майдандарында қарапайым жауынгердің көрсеткен ерлігі шындықпен шынайы бейнеленді. Жазушының «Махаббат мұңы» (1960), «Дала

сыры» (1963) кітаптары, «Боран» (1966), «Шырағың сөнбесін» (1973) романдары, «Таңдамалы шығармалары» (1974), 5 томдық шығ. жинағы (1985) жарық көрді. «Боран» романы үшін 1966 ж. Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді. Роман орыс, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен, грузин, армян, әзірбайжан, түрік, украин, беларус, т.б. тілдерге аударылды. Шығарма қазақ әдебиетіндегі оқшау туынды ретінде бағаланды. «Шырағың сөнбесін« романында соғыс қасіретін қарапайым қазақ әйелінің көзімен бере білді. Көптеген драмалық шығармалары – «Сәуле», «Боран», «Күтпеген кездесу», «Махаббат мұңы», «Әке мен бала», «Ант», «Жоғалған дос», «Күшік күйеу» қазақ театрларлары сахналарында бірнеше рет қойылды. Жазушы «Ғабит Мүсірепов» (1956), «Керуен» (1969), «Көкей кесті» (1980) кітаптарында әдеби үрдіс хақындағы ой толғаныстарын ортаға салды. Ол А.С.Пушкиннің «Алтын әтеш ертегісін», А.Толстойдың «Азапты сапарда» трилогиясын, С.Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт» романың, И.С.Тургеневтің, А.М.Горькийдің, басқа да көрнекті қаламгерлердің шығармаларын қазақ тіліне аударды. I және II дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 2 рет Қызыл жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1993).

*Әдеб: «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3 т. 2-кіт.*

*А. 1967 ж; Р.Бердібаев. «Роман және заман»;*

*А. 1967 ж. Ә.Тәжібаев. «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы». А.1971 ж. ҚҰЭ. 1-том, 578-579 бет.*

## АУДАНДА КЕЗДЕСЕТІН ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Шалқар ауданы өте құрғақ ыстық агроклиматты шөлейтті аймақта орналасқан. Өсімдіктер жамылғысы эфемерлі және ксерофитті экологиялық типтерден құралған. Өсімдіктерді зерттеген ботаник ғалымдар: Эверсман (1822), Борщов (1860), Дубянский (1911), Спиридонов (1922), Самсель, Киселев, Осипов, Коликов (1934) және 1933 жылы құрылған Шалқар тәжірибе стансасының қызметкерлерінің биологиялық және мал азықтық ерекшеліктерін зерттеу нәтижесінде 43 тұқымдастыққа жататын 300 түрге жуық өсімдік анықталды.

Эфемерлерге ұсақ бір жылдық өсімдіктер: астық тұқымдастар, бұршақ тұқымдастар, еріндігүлділер, крестігүлділер, күрделігүлділер және тағы басқа тұқымдастар жатады. Эфемерлер тіршілігінің қысқалығымен ерекшеленеді. Өсімдіктердің өсіп өнуі көктемдегі топырақ ылғалдылығы мен жауын-шашынның мөлшеріне байланысты. Көктем мезгілінде булану аз мөлшерде болады. Топырақтағы төменгі температурада өсетін болғандықтан өскін кезінде суыққа және аязға төзімді. Күзде, жаңбырдан кейін өседі. Наурыздың аяғы мен сәуірдің басында жылдам өсіп, гүлдейді және тұқым береді. Өз бойларын 10 см шамасында шектей отырып бір жылдық эфемерлер сәуірдің аяғында немесе мамыр айының басында піседі. Тұқымдарын шаша отырып, қурайды.

Эфемерлер тобына бірнеше көпжылдық эфермероид шөптерді кіргізуге болады. Шөл мен шөлейтте кең тараған үрмежеміс қияқ, өлең (Carex hostli; C. physodes), қоңырбас (Poa bulbosa), түйе жапырақ (Rheum caspicum) және мортық (Eremopyrum triticum, E. oritale) малдың семіруіне және сүтті мол беруіне әсер етеді. Тұқыммен көбеюмен бірге, жазда тамыр немесе ұсақ жуашықтар түрінде ұзақ тыныштықта өткізеді, күзгі жаңбыр жауғанда өсіп шығады. Осындай әдіспен көбеюді кейбір ірі көп – жылдық қос жарнақты өсімдіктер пайдаланады, бірақ жақсы өсіп жетілу үшін ұзақ мерзімді ылғалдықты қажет етеді.

Сонымен қатар жерімізде тұрмыстық және емдік мақсатта қолданылатын итсигек (Anabasis aphylla), құмсағыз, адыраспан (Pega-num harmala) кездеседі. Итсигек құрамындағы алколоид анабазиннен инсектицидті препарат өндіріледі, сонымен қатар анабазин, афиллин, лупинин алкогоидтары бастапқы материалдар ретінде дәрілік препараттар өндірісінде қолданылады. Адыраспан тұқымының құрамында 3 алколоид кездеседі: гармин, гармалин, гармалол. Гармин хлорсутек тұзы түрінде 1952 жылдан бастап Мемлекеттік Фармакопеяға енгізілген. Жерімізде кездесетін құмсағызды келешекте мұнай қорымыз таусылған кезде немесе одан бұрын полимер алуда қолдануға болады. Шалқар қаласының айналасында өсіріліп жиналған құмса-

ғызды өткен ғасырдың 30 жылдарына дейін каучук зауыты өндіріп, шикізатты Мәскеуге жіберіп отырған.

Эфемерлер ішінде көпжылдық монокарпиктер де кездеседі, олар көпжылдық болғанымен өмірінде бір рет тұқым береді. Бірнеше жылдар бойы (5-7 жыл) көктем мезгілдерінде жапырақтары өсіп шығады, ассимиляция арқасында тамырында қор жинайды. Белгілі бір көлемде толық қор жиналғаннан кейін, гүлі бар сабақ өсіп шығады мол тұқым пайда болады. Өсімдікте жылдам репродукция жүруіне әсер етеді. Тұқым жетілген соң тамыр өз қызметін тоқтатады, шіриді. Бұл әдіспен шатырша тұқымдас түйінегі сәбізге ұқсас кеусек (Ferula) тарайды.

Эфемероид тобына бір қатар жуа және түйнекті өсімдіктер кіреді: лалагүл тұқымдастар (жуа, қызғалдақ), ирис секілділер, көкнәр секілділер, геран секілділер, еріндігүлділер және тағы басқалар. Тұқымдармен, жуашық немесе түйнектерімен тарай отырып вегетациясы ерте көктемде жүреді, гүлдейді және тұқым береді. Жаздың құрғақшылығын ұзақ тыныштықта өткізеді.

Ксерофиттер негізінен көпжылдық бұталар мен шөп тектестер. Бұл өсімдіктердің жапырақтары жетілмеген (сексеуіл, жүзген, қылша, арам сояу, т.б.) түктер жамылған, сабақтары ағаштанған, тікенді. Тамыр жүйелері жақсы дамыған, кейбір өсімдіктің тамырлары 15-20 м тереңдікке дейін барады (Жантақ).

Ксерофиттердің бір бөлігі шырынды, етті жапырақтарымен немесе сабақтарымен ерекшеленеді. Олар суккуленттер деп аталады, сортаңды жерлерде өседі. Бұл топтың ішінде бір жылдық түрлері де кездеседі, эфемерлер емес.

Шөлейттегі ксерофиттердің вегетациясы ұзақ мерзімді. Олардың көктеуі сәуір айының аяғында немесе мамырда кеш басталады. Сондықтан бұл топтың бұталары жоқ жерлерде шөптесін түрлері көктем мезгілінде эфемерлі өсімдіктер жамылғысы кезінде білінбейді. Эфемерлер солғаннан кейін көктері көріне бастайды, жылдам дамып, өседі. Ветегациялары қара күзге дейін созылады. Тұқымды жаздың соңында немесе күзде береді.

Ұлы және Кіші Борсық құмдарында және далада табиғи түрде тараған өсімдіктер:

Ағаштар: жиде, әртүрлі жапырақты тораңғы терегі.

Бұталар: жүзген, сексеуіл, қоянсүйек, тобылғы, тал, шеңгел, жыңғыл.

Шөптер: жусан, шағыр, еркек шөп, изен, теріскен, жантақ, көкпек, ақ селеу, боз селеу, құмаршық, бұйырғын, ала бұта, қияқ, бетеге, қаңбақтар, сораңдар, ши.

Шалқар қаласының шығысында Ұлы Борсық құмында темір жолды құм көшкіні баспау үшін қазаншұңқырларда 1949-63 жылдар аралығында орман шаруашылығының қызметкерлері қарағай көшеттерін отырғызды. Қазір қарағайлар биік әдемі болып өсіп, темір жолмен өткен жолаушыларды таңқалдыруда.

1974 жылы Шалқар тәжірибе бекеті Лайғақ учаскесінде қара сексеуілдің көшеттерін отырғызып жасыл жолақтар жасады. Тұқымдар жергілікті популяциялардан терілді.

Жылтыр селосында құм көшкінін тоқтату үшін 2003 жылдан бастап 50 га жерге дүзген көшеттерін отырғызу арқылы фитомелиорациялық жұмыстар жүргізілді.

Аудан тұрғындарының аулаларында, көшелерде, парктерде, мектептер мен мекемелерде қарағаш, ақ терек, мырза терек, бальзам теректері өсіріледі. Шалқар тәжірибе бекетінің мәліметі бойынша бальзам терегін өсіру тиімді. Ауданымызда жиде, үйеңкі, қайың, емен, қарағай, шаған ағаштары сирек кездеседі.

Сәндік бұталар: гүлшетен, тал, итмұрын, қараған, жыңғыл және бау-бақша ағаштары мен бұталары: алма, шие, жүзім, қарақат, қызыл қарақат, өрік, таңқурай өсіруге де болады.

Біз алдымызға жерді аздырмау, оның өнім беру мүмкіншілігін жоғалтып алмау, жалпы табиғаттың бір-бірімен байланысын жойып алмау мақсатын қоюымыз керек. Жас жеткіншектер –болашағымыз табиғатты сақтауды, қорғауды білетін, соны сүйетін саналы азаматтар болып тәрбие алып, болашақ үшін қызмет жасауы керек.

*М.Қ.Айжарықова.*

## АУДАНДЫҚ ӘСКЕРИ КОМИССАРИАТ

(Қазір Шалқар ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі). Алғашқы құрылған жылы 1938. Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 7 мамыр № 1085 Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 тамыздағы № 785 қаулысы бойынша 2004 жылдың 1 маусымынан бастап Шалқар ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлім болып өзгерді.

Міндеті: Шалқар ауданындағы әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу (шақыру) және жұмылдыру жұмыстарымен айналысу және мекемелердегі, ауылдық округтардағы әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің есебін бақылау.

*А.Қоңыратбаев.*

## «АУДАНДЫҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ

Аудан әкімдігінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы «Аудандық мемлекеттік мекемелерді қайта құру туралы» №11 қаулысымен «Шалқар аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі алғашқы рет құрылды.

Ақтөбе облысының әділет департаменті Шалқар ауданының әділет басқармасы заңды тұлға ретінде «Шалқар аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ-не 2006 жылы 3 ақпанда №63-1904-17-ММ тіркелген куәлігін тапсырды. Куәлік қызметті ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Заңдары шеңберінде жүзеге асыру құқығын береді.

«Шалқар аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ аудандағы осы саланың болашақтағы дамуы мен жағдайы үшін Шалқар ауданы әкімдігі мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы алдында дене тәрбиесі мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саяси топтастықты жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады. Бөлімнің шекті штат саны үшеу: бастық, бас маман, жетекші маман. Заңды мекен жайы: 031200. Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, 63 үй.

Бөлім ауданда дене тәрбиесі мен спорттағы басшылықты тиісті спорт ұйымдары мен басқа да заңды және жеке тұлғалар арқылы меншік түрлері мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жүзеге асырады. Шалқар ауданы аумағындағы спорттық шараларды өткізуді және спорттың әр түрі бойынша аудандық құрама командалардың дайындығын үйлестіріп, олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуын қамтамасыз етеді.

*Ы.Бигеев.*

## АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ

Облыс әкімиятының 2003 жылғы 20 қаңтардағы № 3 қаулысымен ашылған

2005 жылдың қаңтарынан ішкі саясат және мәдениет бөлімдері «Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» болып біріктірілді.

2006 жылдың қаңтарынан «Аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды.

Бөлім мемлекеттің ішкі саясатының ауданда жүзеге асырылуы, болып жатқан қоғамдық-саяси процестерді және олардың даму тенденцияларын талдау және қорыту, «Қазақстан-2030» даму стратегиясының бағыттарын түсіндіру және насихаттау, басқа да іс-әрекеттерді үйлестіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және іске асырудағы қарым-қатынастарды реттеумен айналысады.

*Е.Төлепбергенов.*

## АУДАНДЫҚ ПОШТА-ТЕЛЕГРАФ БАЙЛАНЫСЫ

Қазан төңкерісіне дейін біздің облыста бірде-бір телефон стансасы болмаған. Ақтөбе қаласы телеграфы арқылы Шалқар мен Ырғыз ғана Орынбормен байланысқан. Пошта байланысы 2 тракт бойынша (біріншісі, Ақтөбе – Жаманқала, екіншісі, Шалқар – Ырғыз – Торғай арқылы) жүргізілген.

1905 жылы Шалқарда, 1911 ж. Бершүгір бекетінде пошта-телеграф бөлімшесі ашылды. 1921 ж. Ақтөбе губерниясы құрылғанда Шалқар, Бершүгір пошта бөлімшелері Ақтөбе губерниялық пошта бөлімінің қарауында болды.

1925 жылы Ақтөбе пошта-телеграф кеңсесінің құрылуына байланысты барлық пошта мекемелері губерниялық бағыныстан шығарылып, округтік кеңсенің қарауына (пошта, электр байланысы, радио байланысы) берілді.

1930 ж. Ақтөбе округі таратылып, Ақтөбе ауданы құрылды. Осыған байланысты округтік кеңсе де таратылды. Сол жылы 16 ауданда 13 кеңсе болды.

1932 жылы ақпан айында Ақтөбе облыстық әкімшілік ұйымдастырылып, облыстық кеңсесінің орнына облыстық байланыс басқармасы құрылды.

Батыс Қазақстан өлкесі (1962-1964) таратылғаннан кейін 1965 жылы бірнеше байланыс бөлімшелері құрылды. 1968 жылы Қазақ КСР-і байланыс министрінің бұйрығымен өндірістік-техникалық байланыс басқармасы құрылды.

1993 ж. телеграф қызметі жеке шығып, пошта мекемесі болып аталды РГ ППС.

20.12.1999 ж. шыққан ҚР Үкіметінің №1940 қаулысы бойынша Ақтөбе ОГППС филиалы «Казпошта» ААҚ Ақтөбе облыстық филиалы болып қайта құрылды. Оның құрамында қазір аудандық 12 пошта байланысы торабы бар, соның бірі – Шалқар аудандық пошта байланыс торабы (АПБТ).

## АУДАНДАҒЫ СОВХОЗДАР (КЕҢШАРЛАР)

Батыс Қазақстан аумағында, оның ішінде Шалқар ауданында 1963-1964 ж.ж. қысы өте қатал болды. Қар қалың түсті, апталап боран соқты; малға жемшөп жетіспеді. Ұжымшарларда типтік жобалармен салынған мал қоралары болмады. Малдың, әсіресе, қойдың 60-70%-ы шығынға ұшырады.

1964 жылдың маусымында Республика Үкіметі шөл және шөлейт жерлерді игеру мақсатында жаңадан совхоздар (кеңшарлар) құру туралы арнайы қаулы қабылдады.

Ауданда «Айшуақ», «Ақтоғай», «Аяққұм», «Бершүгір», «Жаңа қоныс», «Сарыбұлақ», «Тоғыз», «Шалқар», «Шетырғыз», «Южный» деп аталған он совхоз құрылды. Оның екеуі – «Аяққұм» (1965 ж.), «Южный» (1971 ж.) жабылып, сегізі 1997 жылға дейін жұмыс істеді. Совхоздар (кеңшарлар) толықтай мемлекет меншігінде болды, оларға техника, қосалқы бөлшектер, жанар-жағар майлар, құрылыс материалдары, ақшалай қаражаттар мемлекет есебінен берілді.

Материалдық-техникалық базасы мүлдем нашар ұсақ колхоздар (ұжымшарлар) негізінде құрылған совхоздардың иелігінде 24 ферма, 4053704 га жер, оның ішінде ауыл шаруашылығына тиесілі жер көлемі 3816906 га болды.

Осы жылдар ішінде совхоз, ферма орталықтары көркейтіліп, көптеген әкімшілік, мәдени-ағарту ғимараттары іске қосылды; тұрғындардың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайлары түбірімен жақсарды.

Типтік жобаға сәйкес 138783 ш.м. 2499 тұрғын үй, 2306 орындық 8 клуб, 3092 оқушы орындық 12 мектеп, 77 жатын орындық 3 аурухана, 9 ФАП, 1018 орындық бала бақша, 210 орындық 16 монша салынды.

Бұған қоса жеке тұрғындардың өз күштерімен 85000 ш.м. 896 үй салынды; 4 елді мекенге көгілдір отын пайдалануға берілді. Аудан бойынша 6437 үйге газ желісі жүргізіліп, 291 шақырым газ құбыры тартылды; оның ішінде елді мекендерде 895 тұрғын үйге газ берілді. Шаруашылық аралық 125 шақырым жол табаны көтеріліп, 16 шақырымға асфальт төселді.

Типтік жобалармен 3400 басқа сиыр қора, 190 мың басқа мал қоралары, 6 автогараж және 9 шеберхана салынды.

Аудан облыс ауыл шаруашылығындағы жетекші өңірлердің біріне айналды. Меншіктің барлық түрлері бойынша қой саны 370 мыңға, ірі мүйізді қара 20 мыңға, жылқы 17 мың, түйе 5,0 мың басқа жетті. Төліммен қоса есептегенде жаз айларында шартты қой малына айналдырғанда 1,0 миллионға дейінгі мал жайылымдарға шығарылып жүрді. Орта есеппен мемлекетке жыл сайын 9,0 мың тонна ет, 750 тонна жүн, 1,0 мың тонна сүт тапсырылды.

Аудан және оның «Тоғыз», «Сарыбұлақ», «Айшуақ» совхоздары жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін облыстық, республикалық және одақтық дәрежедегі жеңімпаздар атанып, сыйлықтарға ие болды.

«Тоғыз» совхозын ұзақ жыл басқарған Нағым Қобыландин Социалистік Еңбек Ері атанды.

*Қ. Төлеуов.*

## АУДАН ЖЕРІ

Шалқар ауданы Ақтөбе облысының оңтүстігінде орналасқан, жер көлемі – 62,0 мың шаршы шақырым. Аудан Өзбекстан Республикасы, ҚР Қызылорда облысымен және Ақтөбе облысының Байғанин, Мұғалжар, Ырғыз аудандарымен шектеседі.

Ақтөбе облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы мұрағаттық деректер Шалқар аудан мәртебесін алғаш рет 1921 жылғы 21 қазанда алғандығын көрсетеді. 1922 жылғы 5-шілдеде құрамында 6 болысы бар аудан уезге айналды. Кейін уезд 3 аудан болып құрылып, өткен ғасырдың отызыншы жылдары олар ірілендірілді. Ақтөбе облысы Бүкілодақтық Атқару Комитетінің 1932 жылғы 20 ақпандағы қаулысымен Шалқар ауданы болып қайта құрылып, Ақтөбе облысының құрамына енді.

Қазіргі таңда аудан 46133 адам мекендейтін 1 қалалық, 12

ауылдық округтен тұрады. Бельгия мемлекетінің екеуіндей болатын аудан жерінің 1 шаршы шақырымына 0,8 адамнан келеді. Жергілікті әкімдіктердің аудан орталығынан ара қашықтығы 18-220 шақырым аралығында. Аудан орталығы Ақтөбе қаласынан 365 шақырым жерде орналасқан. Аудан орталығы Шалқар қаласы арқылы Алматы-Москва, Ташкент-Москва, Бішкек-Москва, Ақтөбе-Алматы, Атырау-Алматы, Ақтау-Алматы темір жолы, Шалқар-Ырғыз, Шалқар-Ақтөбе тас жолы және ауданның ауылдық елді мекендерімен облыстық, жергілікті маңызы бар көлік жолдары арқылы байланысады. Жер реформасы басталғанға дейін ауданда 8 өндіріс, көлік, байланыс кәсіпорындары жұмыс жасады. 1993-1995 жылдар аралығында таратылған кеңшарлар өндірістік кооперативтер болып ұйымдасып, мемлекет меншігінен шығарылды. Осы жылдары ауданда небәрі 4 қосалқы шаруашылық, 12 шаруа қожалықтары ұйымдасты. Елді мекендерді аралап аудан тұрғындарына жерді пайдалану, онымен жұмыс жасау туралы түсінік жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде 1996-1997 жылдар аралығында шаруа қожалықтарының саны 152-ге жетіп, 247,0 мың гектар ауыл шаруашылығы жері, 13 өндірістік кооператив құрылды. 2007 жылдың 1-шілдесіндегі есеп бойынша 492 шаруа қожалығы 1053853 гектар, 6 ЖШС 34424 гектар, 1 Акционерлк қоғам 44913 гектар және 2 өндірістік кооператив 6982 гектар ауыл шаруашылық жерлерін пайдалануда. Сонымен қатар, өндіріс, көлік, байланыс мекемелері 17597 гектар жер алып пайдаланып отыр. Шалқардағы Ұлы Борсық орман шаруашылығы мекемесі 28352 гектар, Арал маңы тәжірибе стансасы 500 гектар жерді пайдалануда.

Ауданда мал басының өсуі, шаруашылық құрылымдарының саны мен өндірістік қуаттарының артуы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемінің соңғы жылдарда 180,0 мың гектарға дейін ұлғаюына ықпал етті. Ауданда 2005 жылы Ақтөбе облыстық мемлекеттік жер-кадастрлық орталығының автоматтандырылған ақпарат жүйесі орталығының аудандық жүйесі құрылып, өз жұмысын бастады.

Ақтөбе жер ӘӨО Еншілес мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесе жұмыс жасау нәтижесінде аудан бойынша 2008 жылы 470 жеке тұрғын үй, 75 ауыл шаруашылық құрылымы, 29 жеке кәсіпкердің, 13 заңды тұлғаның жер учаскелеріне құқық беретін құжаттар, жер актілері дайындалып, иелеріне табыс етілді. 2008 жылдың 6 айында 150 тұрғын үй, 12 ауыл шаруашылық құрылымы, 16 жеке кәсіпкер, 7 заңды тұлғалардың құжаттары дайындалып, жер актілері берілді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы „Жер кодексінің» 170 бабына сәйкес бірқатар іс-шаралар жасалынып, ауқымды жұмыстар атқарылды.

Сондай-ақ, өткен жылы жергілікті бюджеттен бөлінген 900,0 мың теңге қаражатқа Шалқар ауданы және қаласындағы 58 мемлекеттік мекемелердің жерін аймақтарға бөлу жұмыстары жүргізілді. 2008 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген 1636000 мың теңге қаражатқа Ақтоғай, Шетырғыз, Мөңке би, Қауылжыр селолық округтеріне қарасты 10 елді мекендер жеріне жер шаруашылық орналастыру жұмыстары жоспарланды.

*Т.Омаров.*

### АЮ БАБИ

Баби Көңілдікұлы 1821 жылы туып, 1900 жылы дүниеден өткен. Суырып салма ақын. Халық арасында сөз тапқырлығымен, тура билігімен аты шыққан. Ел ішінде Баби айтты деген шешендік сөздер ауыздан-ауызға тарап, айтылып келе жатыр. Бабидың диханшылық істері де елге үлгі болған.

Шалқар ауданының жерінде Баби тоғандап су ұстаған көл бар. Баби сол көлден арықпен су жүргізіп, суармаға егін салған. Бабидың қолмен жасаған тоғаны, су жүргізген арығы, егін еккен іздері ақ қағазға сызғандай жердің бетінде сақталып қалған. Ел кейін Баби тер төгіп, еңбек еткен жердегі биік қырдың және көлдің атын Баби деп атап кеткен.

*Е.Жұмаұлы.*

### АЯЗБАЕВ Аманжол

(13.08.1943 ж.т. Шалқар ауданы, № 15 ауыл), аға шопан, аға түйеші, облыстың таңдаулы малшысы.

Еңбек жолын 1958 ж. ұжымшарда жұмысшы болып бастаған. 1961 ж. комсомолдық жолдамамен екінші тыңға – қой шаруашылығын көтеруге малшы болып барады: Жданов атындағы ұжымшарда, «Сарыбұлақ» кеңшарында аға шопан (1961-1971), аға түйеші (1971-1989).



Темір ауыл шаруашылық техникумын сырттай оқып бітіргеннен кейін ферма коменданты, құрылыс бригадирі, есепші болып қызмет еткен (1989-1998). 1998 жылдан «Алымбет» шаруа қожалығының жетекшісі, Бозой селолық округінің мал дәрігері.

Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Ақтөбе облысының «Таңдаулы шопаны», «Таңдаулы түйешісі», селолық, аудандық кеңестерге бірнеше рет, облыстық кеңеске екі рет депутат болып сайланған. Шалқар ауданының 2005 ж. «Жыл адамы».

### АЯҚҚҰМ

Аудан көлеміндегі Қарашолақ қырынан бастау алатын Үлкен Борсық құмдарының бір бөлігі-Ұлы құм аудан орталығынан оңтүстікке қарай 100 шақырымға созылып жатыр. Одан әрі қарай Жіңішке құмынан басталып, Қоянқұлақ-Қос құлақ шоқысына дейін 120 шақырымға созылып, көлденеңі 40-50 шақырым құрайтын құмдар тізбегін Аяққұм деп атайды. Атауы көрсетіп тұрғанындай, ол Үлкен Борсықтың аяқ жағы, Ұлы құмның оңтүстігіндегі жалғасы болып табылады.

Аяққұм өңіріне ауданның оңтүстік-батысындағы Қыздар шыққан, Арал теңізі маңындағы Есеншағыл, Шөлшағыл құмдары да кіреді.

Арал апатына дейін Аяққұм өңірінің жазы ыстық болғанымен, қысқы ауа райы жұмсақ, жылы әрі қысы ұзаққа созылмаған; 1-1,5 айдан аспаған: өсімдігінің құрамы алуан түрлі, азықтық қуаты өте-мөте жоғары, әрі малға жұғымды: онда жайылған мал тез оңалып, семіреді.

Су көздері де тайыз әрі тұщы болатын.

Ертеде Аяққұм бойын Қабақ руының ауылдары, Қыздаршыққан төңірегін Жаңғылыш руының ауылдары қысқы жайылым ретінде пайдаланған. Қыс әбден бекіген желтоқсан-қаңтар айларында көшіп келіп, қыс жайлап, наурыз айының басында жазғы жайылымға 9-10 ай бойы тыныс беріп, оның өсімдігінің өсіп-жетілуіне жағдай жасап, есеппен пайдаланған.

1930 жылдардың басына дейін су көздері де тартылмаған болатын. Мұғалжар, Қарашатау, Әлітау, Доңызтаудың бұлақтарынан бастау алып, қар, жаңбыр суларымен толысатын. Майлы сай, Қараның сайы, Шаған сайы бойымен су үзіліссіз ағып, Шошқакөл мен басқа да көлдерге құятын.

Осы су көздерін сағалай жайлаған, халқының саны бірнеше болыстыққа жеткен қалың елді алда нәубет жылдары да тосып тұр еді.

1920-1921 ж.ж. мешін-тауықтың қысындағы жұттан көп малынан айрылған елде тұмау-сүзек, кең жайылып, көп адам қайтыс болды; тұтас бір ауылдың адамы түгелдей дерлік өлген жайттар да кездескен.

1927-1928 ж.ж. байлардың мал-мүлкін тәркілеу, халықты күштеп артельге ұйымдастыру кезеңінде малынан айрылған ел әбден күйзелді. 1931-1933 ж.ж. аштыққа ұшырады; көп адам қырылды, тірі қалғандары көршілес республикаларға ауа көшті. 1938-1939 ж.ж. ата қоныста қалған бірқатар күйсіз ауылдарды аудан орталығына жақын ұжымшарларға көшірді.

Осындай нәубеттерді басынан кешіріп, халқынан, байлығынан айырылып, құлазыған Аяққұм өңірін 1941-1945 ж.ж. Отан соғысында зардап шеккен халық шаруашылығын қалпына келтіру жоспарына сәйкес қайта игеру 1946 жылдан басталды. Аудандағы экономикасы мешеу 38 ұжымшардың 30-ының аз ғана малын Аяққұм қысқы жайылымына қыстатудың шаралары алынды.

1950 жылы 38 ұжымшарлар ірілендіріліп, «Жаңа жол», «Жамбыл», «Жаңа қоныс», «Жданов», «Карл Маркс», «Комсомол», «Коммунизм жолы», «Қызыл жұлдыз», «Қызыл ту», «30 жылдық Қазақстан», «8-март» болып, 11 ұжымшарларға біріктірілді.

«Жаңа жол», «30 жылдық Қазақстан» ұжымшарларының малы кейіннен игерілген Кішіқұмда, «Коммунизм жолының» малы Ұлықұм бойындағы Ақши маңында қыстатылды да, қалған 8 ұжымшарлардың 200 мың қойы, 7 мың жылқы мен 2,0 мың түйе малдары Аяққұмда қыстатылып жүрді.

Мал қыстатуға дайындық жұмыстарын жүргізуге, малды қыстақтарға орналастыру, жазғы жайылымға қайта көшіруді, халыққа қызмет етуді ұйымдастыру үшін 1946 жылы штаб құрылып, Қаңбақты деген жерде орналастырылды. Осы кезде орталық «Аяққұм. Штаб. Отгон» деп аталды (хат-хабар осылай айналатын). Штаб (отгон) бастығына Б.Есенеев, хатшы-зоотехнигі болып Жұмағұлов Дәде тағайындалды. 1956 жылдан штаб бастығы болып Д.Жұмағұлов, жылқы мен түйе шаруашылығы саласын басқаруға Оразалин Әбдіғали бекітілді. Бұл екі азамат та елдің, жер мен судың, малдың жағдайларын жақсы білетін, өндірісті ұйымдастырудың хас шеберлері еді. Ел арасында зор беделге ие болды, облыс пен аудан басшылары оларды «Даланың оқымаған академиктері» деп атап кетті.

Қысқы жайылым (отгон) орталығы Аяққұм штабында жеті жылдық мектеп, дүкен, қызыл отау (кітапхана), дәрігерлік пункт, пошта, байланыс бөлімі (рация), метеорологиялық станса, мал дәрігерлік участке тұрақты жұмыс істеді. Әр жылдарда Н.Иманов, Ә.Қансұлтанов, С.Қарағұлов, О.Оразов (мектеп директорлары), Қ.Өтегенов (дүкенші), Ә.Дүйісов (кітапханашы), М.Майкопов, С.Сүлейменов, Ы.Сейтқұлов (дәрігерлер), Е.Қалдыбаев, Ж.Өтешов (мал дәрігерлері), К.Әлиев, С.Шәңгереева (пошта қызметкерлері, байланысшы-



*С.Аяпбергенов*

радист) және де Ә.Ниетов, Е.Ізбанов, С.Әбілов, К.Көпенов, Т.Бекжанов, т.б. көптеген азаматтар Аяққұм өңірін игеруде, өндірісті дамытуда, халыққа қызмет етуді ұйымдастыруда өлшеусіз еңбек сіңірді.

1964 жылғы мамырда Аяққұм өңірінде «Аяққұм» және «Южный» кеңшарлары құрылды. Көп ұзамай «Аяққұм» кеңшары жабылып, оған бекітілген жерді «Сарыбұлақ» кеңшарының № 2 фермасы пайдаланды.

Кең қонысты иеленген Аяққұм фермасы иелігінде 23 мың қой, 1 мыңдай жылқы, 500-ге тарта түйе малы болып, ферма «совхоз ішіндегі совхоз» атанды, көрсеткіштері жөнінен үнемі алда болды, себебі шаруашылықты білгір басшы Қалдау Әділханов, білікті мамандар Дощанов Қонысбай, Таласбаев Жолшаралар басқарды.

Қазіргі кезде бұрынғы №2 ферманың жері мен Қаңбақты (бұрынғы «Штаб») елді мекені Бозой а/о, Аяққұмның қалған бөлігі Айшуақ ауылдық округіне қарайды. Мұнда бірнеше шаруа қожалықтары құрылып, табысты еңбек етуде. Олардағы мал саны жылдан-жылға көбейіп, халықтың әл-ауқаты жақсаруда. Аяққұм негізгі мектебі жаңадан салынып, пайдалануға берілді, елді мекен 2007 жылы жоғары кернеулі электр желісі мен спутниктік байланыс жүйесіне қосылды.

*Қ.Төлеуов, Т.Тілешев.*

### АЯПБЕРГЕНОВ
**Сағитжан Аяпбергенұлы**

(20.08.1950 ж.т. Шалқар ауданы Қорғанжар ауылы), атақты шопан, шаруа қожалығының белгілі басшысы.

№179 Шахта (Шалқар ауданы) кәсіптік-техникалық училищесін (1967) бітірген. 1967-69 жылдар арылығында Шалқар ауданы «Сарыбұлақ» кеңшары Аяққұм бөлімшесінде тракторист, көмекші шопан болып еңбек еткен.

1969-71 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында. 1971-74 ж.ж. кеңшарда шопан. Темір а.ш. техникумын бітірген (1974), осы жылдан бастап аға шопан болып 1997 ж. дейін абыройлы еңбек етті.

Ауыл шаруашылық көрмесінің бірнеше медальдарымен, II-III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен марапатталды. 1983-1989 ж.ж. қатарынан екі рет облыстық Кеңестің, бір рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің (1989) депутаты болды. Қазір «Ақжол» шаруа қожалығын басқарады.

*Т.Тілешев*

# Ә



З.Әбдуәлиев



Б.Әбдікәрімқызы



Қ.Әбдіразақов



Н.Әбуов

**ӘБДУӘЛИЕВ Зиядин**

(15.01.1931 ж.т. Ырғыз ауданы, Шеңбертал ауылы), шалқарлық ақын. Әкесі Әбдуәли діни сауатты, емші, шайыр болған адам көрінеді. Ата-анадан ерте айрылған болашақ ақын қиынқыстау кезеңдердің қияметін бір кісідей тартқан.

8 кластық біліммен Шалқар теміржол училищесін бітіріп, Шалқар теміржол торабында аға кондуктор, тепловоз машинисінің көмекшісі, тепловоз машинисі болып жұмыс жасап, 38 жыл табан аудармай Шалқар теміржол бойында еңбек етті. 1986 жылдан зейнеткер.

Өлең-жырлары, мақала, очерктері 50 жылдан бері аудандық, облыстық, республикалық баспасөздерде, «Теміржолшы» газетінде үзбей жарық көріп келеді.

«Шұғылалы Шалқар» (1999), «Асыл арым – қазынам» (2002), «Жомарт жүрек» (2006) атты кітаптар авторы, Сарышолақ шайыр Боранбайұлы атындағы әдеби сыйлықтың иегері.

Ақтөбелік ақын-жазушылардың «Жәдігер» атты антологиясына «Өшпеген жалын» атты дастаны енгізілген. Марапаттары бар.

**ӘБДІКӘРІМҚЫЗЫ Балсұлу**

(08.03.1942 ж.т.) Алматыдағы халық шаруашылығы институтының экономика факультетін үздік бағамен бітірген Б.Әбдікәрімқызы 1965 жылы жолдамамен келіп, Шалқар аудандық қаржы бөлімінде экономист болып бастап, кейін жоспарлау бөлімін басқарады.

1970-73 жылдары Шалқар аудандық ауылшаруашылық материалдық-техникалық бірлестігінде бөлім бастығы, кейін жаңадан ұйымдастырылған есептеу станциясының бастығы қызметтерін атқарады.

1975 жылы Ақтөбедегі № 3 автокөлік кәсіпорнында аға экономист, оған қоса әуелі мекеменің кәсіподақ ұйымын, одан кейін бастауыш партия ұйымының хатшысы болып сайланады.

1988 жылы ұжымның бірауыздан қолдауымен осы автокөлік кәсіпорнының директоры болып сайланып, зейнеткерлік жасқа келгенге дейін басқарды. Сол кездегі Қазақстан бойынша мұндай үлкен автокөлік кәсіпорын басқарған жалғыз әйел болды. Ол басшылық еткен ұжымда 305 жұмысшы-қызметкер болса, оның 18-әйел, 287-сі ер азаматтар. 16 ұлттың өкілі қызмет еткен.

**ӘБДІРАЗАҚОВ Қойшыбай**

(1921 ж.т. Шалқар ауданы, № 8 ауыл) – соғыс және еңбек ардагері, ұстаз.



О.Әділбаев

Өмір жолы: 1940-1941 ж.ж. жаяу әскер училищесінің курсанты, 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер. 1945-1948 ж.ж. ІІБ қызметкері. 1948 жылдан бастап 40 жыл бойы мұғалім болған, оның 22 жылында ауданның Сарықамыс, Тоғыз, Талдықұм мектептерін басқарған (директор). «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі», II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденінің, тағы 5 медальдің иегері.

**ӘБУОВ Нұрғали**

(1927-2005 ж.ж.). Еңбек жолын колхозшыдан бастап, 1947-1951 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет еткен. 1951-1986 ж.ж. №19 Шалқар азаматтық үй-құрылыс дистанциясында құрылысшы болып еңбек етті. «Қазақ КСР еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағы бар. Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ӘДІЛБАЕВ Оразбай**

(20.02.1937 ж.т. Қызылорда облысы Құланды ауылы), «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (2007).



Қ.Әділханов

Шалқар ауданының құрылыс мекемелерінде қызмет жасады.: 1963-1966 ж.ж. құрылыс банк инженері, Шалқар ПМК-ның бастығы (1974-1975), 30 жылдай Шалқар аудандық а/ш басқармасының бас құрылыс инженері қызметтерін атқарды. 1996 жылдан бері ардагерлердің аудандық Кеңесінің төрағасы қызметінде.

«Ауылшаруашылығы құрылысының үздігі», «Еңбек ардагері» белгілерімен, ҚР Құрмет грамотасымен, Тәуелсіздіктің 10 жылдығына байланысты Президенттің Алғыс хатымен, республика Ардагерлері Орталық Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ардагерлер Орталық Кеңесінің I-II-V съездерінің делегаты, ардагерлердің Орталық және Ақтөбе облыстық Кеңестерінің мүшесі, аудандық ономастикалық комиссия мүшесі. Шалқар ауданының 2004 ж. «Жыл адамы», Бақтыбай, Көтібар, Есет, Арыстан, Ақтаң, Мырзағұл бабалар ескерткіштері мен мерейтойларын ұйымдастырушылардың бірі.

**ӘДІЛХАНОВ Қалдау**

(А.ж.б. 1928 ж.т. Шалқар ауданы №15 ауыл – 29.09.1989 Шалқар ауданы, Аяққұм елді мекені), ауыл шаруашылығы өндірісінің ардагері, бірнеше медальдің иегері.

Саналы өмірінің 41 жылында туған жерде ұйымдасқан ұжымшар, кеңшарларда қызмет істеген, оның 39 жылында Жданов атындағы ұжымшарда қой фермасының меңгерушісі, «Сарыбұлақ» кеңшарының ферма басқарушысы қызметтерінде болған (1950-1989). Ол басқарған кеңшардың № 2 (Аяққұм) фермасы төрт түлік мал өсіріп, үлкен табыстарға жетті: облыстық, республикалық жарыстың 5 дүркін, аудандық жарыстың 7 дүркін жеңімпазы, ХШЖБК жүлдегері (1981), «Кеңшар ішіндегі кеңшар» атанған шаруашылық бөлімшесі. Ферма меңгерушісі Қ.Әділханов мал қыстатудың аса қиын жылдарында да (1963-1964) ұжым мүшелерінің намысын қайрап, жігерін жанып, жетістікке қол жеткізе білді. Бүгінде Аяққұм өңірінде 19 жеке шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Қ.Әділхановтың кешегі өзі тәрбиелеген кадрлары, шаруа қожалығы басшылары С.Төлебаев, Т.Сағымбаев, С.Аяпбергенов, А.Аязбаевтар Аяққұм өңірін малға толтырып, халқын табысқа кенелтіп отыр.

**ӘЗБЕРГЕН Мұңайтпасұлы**

(1813-1881 ж.ж.), батыр, би. Патшалы Ресей отаршылдығына қарсы 1847-1858 ж.ж. Орал, Торғай өңірінде болған ұлт-азаттық көтерілістер басшыларының бірі. Ел жадында «Қарадан шығып, хан болған» деген атпен сақталған тарихи тұлға. Көптеген ескі әңгіме, жырлармен қатар

бүгінгі заманғы көркем шығармалардың басты кейіпкері. Бейіті Қарақалпақстанның Қоңырат қаласы маңындағы Әзбергеннің қорған бағы ішінде. 1996 жылы ағасы Қарағұл Қонақбайұлы бейітінің жанына Әзберген Мұңайтпасұлына арналып ескерткіш-белгі қойылды. Ақтөбе, Шалқар қалаларындағы бір-бір көше батыр есімімен аталады.

*С.Мұқтарұлы.*

*Әдебиеттер:*


1. Қазақ Кеңес энциклопедиясы, 8-ші том, Алматы, 1976 жыл, 214 бет;
2. Сейпілмәлікова С., «Әзберген Мұңайтпасұлы кім еді?» Қазақ тарихы, 2006 жыл, № 5;
3. Әбенова Б.С., 1869 жылғы Кіші жүз қазақтары көтерілісінің жазалануы, Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары, Ақтөбе, 2006 жыл, 134-136 беттер;
4. Валиханов Ч., Собрание сочинений в 5-ти томах, 5-том, Алма-Ата, 1985, 444стр;
5. Әбенов Д., Мұхтаров С., Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері, Ақтөбе, Принт-А, 2006 жыл;
6. Асанов Ж., Әзберген Мұңайтпасұлы, Ақтөбе, Ақжар-АБК, 2005 жыл;
7. Асқар И., Әзберген. Рухтың оянуы. Эссе, Ақтөбе, 2008 жыл.


## «ӘЙТЕКЕ БИДІҢ АҚ ЖОЛЫ» қоғамдық қоры

«Заманына қарай амалы» дегендей, Әйтеке би бабамыздың Нұратадағы (Өзбекстан, Науаи облысы) Сейітқұл атасының қасына жерленгені анықталып, Қазақстан Республикасы тарапынан «Сейітқұл әулие – Әйтеке би кесенесінің жобасы» бекітіліп,



*Әйтеке би*

қазығы қағылды (2008). Аудан әкімі (Р.М.Сыдықов) бастамасымен, халықтың қолдауымен 2007-2008 ж.ж. ауданда ашылған қорға 1 миллион қаржы жиналып, аударылды. Осы игі істің басында ауданның зиялы азаматы, бидің тікелей ұрпағы Бақытжан Иманқұлов жүріп, айтарлықтай іс тындырды: ОҚО-дағы қорды ұйымдастырушыларға, Нұрата қорымына (Өзбекстан) барып, қолма-қол қызмет жасады.



**Бақытжан Иманқұлов** (1938 ж.т.) – Шалқар, Ырғыз, Комсомол (қазір Әйтеке би) аудандарында «Казсельхозтехника» бірлестіктерін, орман шаруашылығы, сүт зауыты (Шалқар ауданы) мекемелерін басқарған азамат.

Бастама аяқсыз қалған жоқ: Ақтөбеде бабаға ескерткіш орнатылды (2008), Арал ауданы орталығында комплекс тұрғызылды, Шалқар қаласының бас көшесі Әйтеке би атында.

## ӘЙТЕКЕ Байбекұлы

(23.03.1644, Өзбекстан, Қазбибі тауы, Қызылша м. – 1700, Өзбекстан, Нұрата ауд, Сейітқұл қорымы) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері.

Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ, құрама жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атанған Сейітқұл әулиенің – үшінші ұрпағы. Ә.Қоқанға (1622-35) хан болған Ақшаның немересі, Самарқан әмірі (1622-56) Жалаңтөс Баһадурдың немерелес туысы. Ә. бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан. Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің айрықша ықпалы тиеді. Алайда жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс Баһадур Ә.-ні өз тәрбиесіне алады. Ол әулие Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадур салдырған, сән-сәулетімен әйгілі «Тілләқари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құқық, аспан әлемі, жағырапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады.

Ә. Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрі мен дағдыларға жаттығады. Баланың он екі жасында Жалаңтөс атасы, он бес жасында Ақша атасы дүниеден озады. Ә. медресені бітірісімен

туған ауылына оралып, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақпен бірге ел басқару істеріне араласады. Сөйтіп жиырма бір жасында бүкіл Бұқара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ, құрама жұртының бас биі болды. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. 1680 ж. Салқам Жәңгірдің жасы үлкен балалары Уәлі мен Бақыны емес, кішісі Тәукені хан етіп сайлауға қазақ халқының бетке ұстарлары: Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Майлы, Төле, Қазыбек, қарақалпақ Сасық, құрама Мұхаммед, қырғыз Қоқым билермен бірге Ә. би де айрықша ат салысты. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқықты «Хан кеңесі» сайланды. Ә. Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Осы кезде бұрынғы «Қасым салған қасқа жолдың», «Есім салған ескі жолдың» заман өзгерісіне орай кейбір тұстарының ескіруіне байланысты жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі туады. Тәуке хан және жоғарыда аталған билердің қатысуымен 1684 ж. «Жеті жарғы» қабылданды. Күні бүгінге дейін негізі сақталып отырған ежелгі Солон заңымен (б.з.б.-6ғ.) терезесі тең бұл заңның, бытыраңқы елдің басын біріктіруге, жұртымыздың әл-ауқатының артуына, ата дәстүріміздің сақталуына, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды.

«Жеті жарғыға» Ә.-нің ұсынған баптарының ішінде екеуі ғана белгілі. Ол – «Сүйек құны», «Өнер құны». 1685 ж. Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы бір жанжал үлкен дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның есерсоқ баласы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына дегеніме көнбедің деп әбден өшігіп алады. Бүркіт ұстап, құс салатын аңшылығы бар екен. Дегеніне көнбейтініне көзі жеткен жігіт бір күні қыз қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, бүркітін шүйітіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры, ел арасы «төре жақ», «қара жақ» болып екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Ә.-ге келіп өтініш жасайды. Ә. қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. Ә.-нің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Алайда Ә. қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен. Сөйтіп Ә.-нің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі құн төлеуге мәжбүр болады. Бұл Ә-нің ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге өнерге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді.

Ә. шешендігімен, «қара қылды қақ жарған» әділдігімен бірге жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтының оң мың жасағына Нұрата, Қыз Бибі, Ақтау, Тамды, Кенимех төңірегіндегі алшындар мен қарақалпақтардан және құрамалардан жиналған бес мың қол әскерімен Ә. қарсы аттанады. Ол әуелі Қалдан-Бошақтының өз әкесінен емес, есігінде жүрген қытай құлдан туғанын бетіне басып жерге қаратады. Ізінше жан алып жан берген соғыс басталады да, бір күнге созылады. Келесі күні Ә.-ге Самарқаннан, Бұқарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан-Бошақты негізгі жасағы қалған Сайрам төңірегіне шегініп кетеді. Сол жылы Сайрам талқандалып, жыл сайын Күлтебеде өтіп жүрген «Хан кеңесі» болмай қалады.Бұдан кейінгі қазақ жиыны Қарақұмда және Тәуке хан ордасын тіккен Түркістан маңында болғаны тарихтан мәлім. Қазақ сахарасына көз тіккен көрші елдерден қауіптенген Ә. би 1698-99 ж.ж. Түркістанда өткен екі жиында мынадай ұсыныс жасайды: 1). Ресеймен, Қытаймен не басқа бір елдермен одақ жасаудың ешбір қисыны жоқ. Олардың көксегені терезесі тең одақ емес, қазақтарды қайткенде де бодан елге айналдыру. Қазақ жұрты әлі де іргесі мықты ел бола алады. Өйткені қарамағындағы қарақалпақтар мен құрамаларды есептемегенде, әлі өз жұртынан сексен мыңдық қол жинай алады. Шекара аймақтарында әскери соғыс әдістеріне үйретілген жасақтар ұстайық. шекараға таяу ауылдарды ішкі бетке көшірейік. 2) Мал-мүлікті аямайық. Ресейден, Қытайдан, Хиуадан және Бұқара мен Түріктерден қару-жарақты көптеп сатып алайық. Әскери әдістерге әбден жетілген тұрақты жасақ ұстау үшін керекті қаражатты тө-

релерден, сұлтандардан, ауқатты адамдардан жинайық... 3) Бүкіл қазақ жасағы бір қолбасшыға бағынсын. Қолбасшы Ресей, Қытай, Түрік не Еуропаның әскери өнері жетік бір елінде оқытылсын. Ол өзі шешен, батыр, көпті көрген көсем, елшілік жұмыстарды жақсы білетін адам болсын. Ол тек «Хан кеңесіне» ғана бағынатын және айрықша құқты адам болсын. 4) Қолбасшы қарадан шыққан адам болсын. Өйткені төре арасы тату емес, қайқайсысы да хандық жолында қарабастарын ойлаудан әрі аса алмайды дейді. Ел ішіндегі бірі орға, бірі сорға тартқан алауыздық солардың ісі дейді. Ә-нің бұл ұсыныстары Төле, Қазыбек секілді ел басқарған билер тарапынан қолдау тапқанымен, сұлтандар мен төрелер, әскерге жиналатын мол шығынды ауырсынған байлар қарсы шығып, түрлі себептер айтылып, ақырында қабылданбайды. Ел аузында Ә. айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Ол туралы аңыз әңгімелер мен жырлар да жеткілікті. Соның бірі авторы беймәлім, «Әйтеке би» деген ұзақ дастан. Биді халық «Айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Ә. қайтыс болғаннан кейін Нұрата тауы маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Ә-нің тікелей өзінен тарайтын алтыншы-жетінші ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе облыстарында, бірқатары Өзбекстан Республикасының Науаи облысындағы Нұрата ауданында тұрады. Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір Әйтеке би ауданы деп аталады.

*Әдеб: Толыбеков С., Әйтеке би, Қазақ шежіресі, А., 1992;*

*Досмұхамедұлы Х., Аламан, А., 1993 ж.; Әйтеке би, А., 1998 (Н.Назарбаевтың 1993 ж. 28 мамырда Ордабасында сөйлеген сөзі; Ә.Кекілбаевтың «Әйтеке би» мақаласы); Есламғалиұлы М., Әйтеке би, А., 1998.*

*ҚҰЭ,1-том, 651 бет.*

**ӘЙТЕНОВ Бақберген**



(1915 ж.т. Шалқар ауданы-1996 ж. Шалқар ауданы), соғыс және еңбек ардагері. Еңбек жолын сонау 1932 жылы бастаған байырғы ұстаз. Қарабұлақ бастауыш, Қарашоқат жеті жылдық мектептерінде 1932-1936 ж.ж. ұстаздық еткен ол 1936 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанша 41 жыл бойы № 77 т. ж. айырығындағы Шағыр мектебін басқарды, мұғалім болды; талай жас жеткіншектің азамат болып қалыптасуына игі ықпал етті.

Ол оқытқан ағайынды Торғаевтар, Оразбаев А., Жаманқұлов С., т.б. шәкірттері елге белгілі азаматтар болды, ауданымыздың мақтанышы болған генерал Т.Жалмағамбетов, О.Боранбаевтар да Б.Әйтеновтың шәкірттері...

Ұлы Отан соғысы жылдарында, кейінгі бейбіт өмірде бірнеше Үкімет наградаларын алды, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1976) атанды. ҚР Президентінің 1995 ж. 2 наурыздағы жарлығымен тағы да марапатталды.

**ӘЛИЯ ДА ШАЛҚАРДА БОЛҒАН**

Әлия Молдағұлованың әкесі Сарқұлов Нұрмағанбет Ақтөбе облысы Қобда ауданының Бесқопа ауыл Советінде, қазіргі Ақтөбе облысының «Көксай» колхозында 1896 жылы туған. 1939 жылға дейін «Бесқопа» және «Көксай» колхозында тұрған. 1939 жылы Темір ауданының Киров атындағы колхозының Родин ауыл Советіне көшеді.

Әлия, анығы Ылия (осыдан Лия шыққан)1925 жылы туған. Әлияның анасы Маржан 1933 жылы қайтыс болады. Нұрмағанбет әйелі қайтыс болғаннан кейін 8 жасар Әлияны, оның інісі Бағланды алып, Ойыл ауданының «Тегісшіл» колхозы, Қызыладыр ауыл советіне көшеді. Онда бір жыл тұрады.

Анасыз қалған екі баланы бағу қиын болғандықтан, әкесі Әлияны анасының інісі Әубәкір Молдағұловтың тәрбиесіне береді. Молдағұлов Әубәкір (1902 жылы Ақтөбе обл. Темір қ. – 1982, Алматы қ.) белгілі теміржолшы. 30-жылдары Ақтөбе облысы Шалқар аудандық малшылар одағы төрағасы. Алматыда Казкомвуз аспирантурасын бітірген. Әулиеата (Тараз), Түркістан-Сібір теміржолында саяси қызметкер. 1935 жылдары Москвада және Ленинградта әскери темір-

жол академиясында оқып, Ташкентте қызмет етті. Жамбыл облыстық партия комитетінің хатшысы, 60-жылдары Алматы теміржол вокзалының бастығы. («Ақтөбе» энциклопедиясы, 559 б.).

Ә.Молдағұлов туралы тағы да бірер сөз. Әубәкір Темір қаласында туып өскен. Ақтөбе облысының түлегі. Ол батыр Әлияны патриоттық жоғары саналы адамгершілік рухта тәрбиелеп қана қойған жоқ, соғыс кезінде де әскери транспортта қызмет етіп, Владивосток, Қиыр Шығыстың басқа да қалалары мен Орта Азияда соғыс жүктерін майданға суыт жеткізуді ұйымдастырды.

Ұрысқа тікелей де қатысты. Алматылық Әубәкір Бөпіш жеңгей екеуі жоғары білімді төрт бала тәрбиелеп, немере сүйген жандар.

Халықтың қаһарман қызы Әлия өзін тәрбиелеген ағасы Әубәкірдің отбасымен бірге ол қызмет еткен жерлерде, атап айтқанда Шалқарда, Алматыда, Әулиеатада (Таразда) болған.

*Ш.Қарамергенов, теміржолшы, Ақтөбе қаласы.*

## ӘЛИМА

(Т.ө.ж.б.) Әлима – XIX ғ. аяғында, XX ғ. басында Шалқар ауд. Ұлы Борсық құмының бойында өмір сүрген ақын. Әкесі оны сүйген жігітіне қоспай, Қоңырат еліне ұзатты. Сүйген жігіті Шораға деген Әлиманың зары, сағынышы мен орындалмаған арманы ұрпақтан ұрпаққа ауысып, махаббаттың тарихтың бір әсем беті болып келеді:

*Таққаным түймелерім*
*тамағыма,*
*Зер салдым сол балағыма*
*Көл шайқап, ерке өскен*
*Әлимажан,*
*Қор болдың Қоңыраттың*
*Шабағына.*

Әлиманың көптеген өлеңдері ел аузында әлі бар, бірқатары баспасөзде жарияланды. «Әлиманың әні» атты поэма бар (авторы О.Мақатов – қараңыз).

## ӘЛІМҰЛЫ

Қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша кіші жүз құрамына енеді. Каракесек деп те аталады. Таңбасы – алшын таңбасының қосарласқан түрі (Е). Ә.-нің алты тармағы болғанына орай ел ішінде «Алты әлім» деп те атайды. Белгілі ақын Көлдейбекұлы Ерімбет (1850-1911) шежіресінде Ә.-на жаманақ (шекті), қарамашақ (төртқара), айнық (қарасақал), ұланақ (каракесек), тегінболат (қарасақал), тойқожаны (ақ кете) жатқызады. Мұны тарихшылар С. Толыбеков, Х.Маданов, зерттеуші Қ.Салғараұлы, шежіреші Ө.Ахметов те қостайды. Ә.-нің тармағы алтау болғанымен, енші алып, ұранға шыққаны – төртеу. Олар: жаманақ, ұланақ, қарамашақ, айнық. Ұланақтың қаракесек атану себебі Әлімнің әкесі Қаракесек немересі Ұланақты бауырына басып, бала етіп алады да жүрістұрысына қарай Сасықбай деп атайды. Былайғы жұрт «Күлтелі» бала атандырған. Ұланақтың үйінде үлкен баба Қаракесек тұрғандықтан Ұланақ есімі аталмай Қаракесек болып аталып кеткен көрінеді. Тойқожадан туғандарды ел іші басқа кете ұрпақтарынан айыру үшін Ақ кете деп атаған. Ел аузында «Әлімнің түйе қараған бір үйлік» – деуі Ә. өсіп-өнген тайпа екендігін көрсетеді. Ә.-нің үлкені болып есептелетін шектіні Ә. Қоңыратбаев, О.Смирнова секілді ғалымдар Бұлғар қыпшақтарымен байланыстырады. «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасында Шу өзнің бойындағы шекті тайпасы аталады. Ал Ә. бірлестігіне жатқызылатын шөмекей, каракесек, кетелердің Батыс Түрік қағандығының құрамында болғаны белгілі. Осындай жорамалдардың бәрі Ә. тайпасының тарихын тереңге сілтейді. Ә. Ырғыз өз-нің бойынан Қаратауға дейін көшіп барып, Сырдарияның төменгі ағысындағы Қуаңдария, Жаңадария, Қарақұмдық салаларын, Құлақшы, Барбы-Қайрақты көлдерінің төңірегін жаз жайлап, қыс қыстаған. Ә. бірлестігіне кірген рулардың кейбір бөліктері Каспий т-нің солт. алқабын, Жем, Темір, Сағыз, Ойыл, Қобда, Жайық өзендеріне дейін жайлап, Арал теңізінің атырабын, Мұғалжар тауының бөктерін, Сырдарияның төменгі ағысындағы өлкелерін қыстаған. Ә.-ның кейбір рулары егіншілікпен айналысып тұрақты баспаналар салған. Тайпаны құрайтын бірқатар рулардың бөліктері ерте замандардан бері Хорезм ойпатының халықтарымен сыбайлас, көршілес тұрған. Олардың көпшілігі Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат қалаларында тұрады. Бұлардың басым бөлігі отырықшы болып, егіншілікпен, Арал т-нің оңт. жағалауын мекендегендері балықшылықпен шұғылданған. Тек, Қызылқұмның батыс жағындағылары ғана бірыңғай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан.

1730-43 ж.ж. дейін Ә. тайпасының білікті адамдары тәуелсіздікті қолдан бермейміз деп Әбілқайыр ханға қарсы болған. Бақтыбай батыр мен Сырлыбай би де көпке дейін келісімін бермей жүрсе де, ел іргесінің сөгілмеуін көздеп халыққа басу айтып, хан ұсынысын қолдауға көндірген. 1815 ж. Қоқан ханы Мұхамед-Рақым Ә. тайпасын қол астына қаратпақ болды. Екінші жағынан Ресей мен Хиуа қысты. Үш жақты езгіге шыдамаған Ә. Тәуелсіздік күресін бастады. Бұл Жанқожа батыр бастаған көтеріліске ұласты. Ә. тайпасынан Жалаңтөс баһадүр мен Әйтеке биден бастап алты алашқа белгілі Есет, Көтібар, Құлбарақ, Жанқожа, Ақтан, Алтай, Арал батырлар, қарасақал Ерімбет ақын, Нұртуған жырау, Жетес шешен, Әжібай, Сопақ, Мырзағұл, т.б. билер шыққан.

*Әдеб: Тынышбаев М., «Материалы к истории киргиз-казахского народа»,Таш., 1925; Востров В.В., Муканов М.С., «Родоплеменной состав и расселение казахов», А-А., 1968; Құттыбаев С., Дәуренбеков Ж., «Алты ата Әлім», А., 1992; Маданов Х., «Кіші жүздің шежіресі», А., 1994. У. Шәлекенов, Т. Дайрабай. ҚҰЭ, 1-ш3 том, 676-бет.*

## ӘЛІТАУ

Мұғалжар тауының оңт. сілемдерінің бірі. Ақтөбе облысының Байғанин ауд. жерінде орналасқан. Ұз.5 км., ені 3 км. абс. биікт. 354 м. Етегінің жер бедері жыралы сай болып келеді, бор – палеоген кезеңдерінің бор – мергельді және құмдақты – саздықты шөгінділерінен түзілген. Сортаң келген топырағында тасбұйырғың, боз жусанды, сораңды өсімдіктер өседі. Бұл өңірді Шалқар ауданы мал азығын дайындау үшін пайдаланып келеді.



*С.Әспенов*

## ӘСПЕНОВ Сражадин

(а.к.б.1923 ж. Шалқар ауданы, № 10 ауыл – 15.07.1997 Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері, Еңбек жолын 1940 жылы Біршоғыр шахтасында жұмысшы болып бастаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943-1967 ж.ж. Шахты, Біршоғыр елді мекендерінде сауда, кооператив саласында әртүрлі қызметтер атқарды. Шалқар аудандық тұтынушылар қоғамының төрағасы болып елеулі еңбек етті. (1967-1984), І, ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

## ӘСІП

Ұлттық тағам. Ә. дайындау үшін қойдың ішегін айналдырып, жақсылап жуып тазалайды. Ет, жүрек және бауырды ұсақтап турап, бұрыш, тұз, күріш салып, аздап су құйып араластырады. Содан кейін барлығын ішекке тығып, аузын үйеді де, қайнаған суға салып, 50-60 минут қайнатады. Қайнап жатқан Ә.-ті істікпен түйрелеп, желін шығарып отырады. Ішек болмаса, қойдың бүйені пайдаланылады. Ә.-ті дастарханға қоярда дөңгелектеп кесіп, ыстықтай немесе салқындатып беруге болады.

## ӘСІРЕЛЕУ

Гипербола (грекше hyperbole – күшейту) – әдебиеттегі көркемдеу тәсілдерінің бірі, әр түрлі құбылыстарды немесе белгілі бір нәрсені шамадан тыс асыра суреттеу тәсілі. Ә. – әдеби тілдің көркемдігін ғана емес, бейнелілігін, әсерлілігін артырып, құбылтудың бір түрі. Көне эпостық жырларда, фольклорлық туындыларда жиі кездеседі. Мыс: «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар» (мақал), «Астындағы бурылдың, Жоғарғы ерні көк тіреп, Төменгі ерні жер тіреп...» («Қобыланды батыр»). Ә. ақын-жыршылар шығармаларында да жиі қолданылған. «Аққан жасы сел болған, Етегі толып, көл болған...» (Дулат). «Балығы тайдай тулаған. Бақасы қойдай шулаған, Шырмауығы шөккен түйе таптырмас. Балығы көлге жылқы жаптырмас» (Қазтуған жырау) сынды айшықты шумақтар – осының айғағы.

Ә. жазба ақындар шығармашылығында да қолданылады, бірақ оның сапасы, жасалу түрлері басқаша болып келеді және ауыз әдебиетіндегідей жиі кездесе бермейді. Мыс: С. Торайғыров: «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам!» – десе, Т. Жароков: «Қарыңды қағып – су қылдым, Суыңды сілкіп – бу қылдым. Түтініңмен таң атқыздым. Жеріме жұлдыз жаққыздым...», – деп жырлайды. Осының екеуінде де Ә. бар.

# Б

**БАЗАРБАЕВА**
**Айша Базарбайқызы**

(10.05.1939 ж.т. Шалқар ауданы), «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» (1993).

1956 жылы Шалқар қаласындағы №1 қазақ орта мектебін бітірді. 1956-1961 ж.ж. Гурьев педагогика институтында оқып, үздік дипломмен аяқтады.

Еңбек жолы: 1961-1963 ж.ж. Ақмола облысының Атбасар қаласында алған мамандығы бойынша мектеп-интернатта математика және физика пәндерін оқытып, 1963-1971 ж.ж. аралығында Шалқар қаласындағы №40 т.ж. мектебінде математика мен физикадан сабақ берді.

1972 жылдан бастап Ақтөбе педагогикалық училищесінде (гуманитарлық колледжінде) жұмыс жасап келеді. Педагогикалық өтілі – 48 жыл.

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен (1971), «Қазақ КСР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен (1978) бірнеше медальдармен марапатталған.

**БАЙДАЛЫ Өмірұлы**

(Шамамен 1732-1793 ж.ж.) – Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық соғысының қаһарманы. Заманында атағы Кіші жүзге жайылып, «Алшынның ақсақ батыры» атанған тарихи тұлға. Ел аузында батыр туралы



*А.Базарбаева*

ескі әңгімелер, жыр үзіктері мол сақталған. Байдалы батыр – Қазақайдың қырық шәкіртінің бірі Қонақбай молданың әкесі, 1847-1858 жылдар аралығындағы Шекті руы қазақтарының патшалы Ресей отаршылдығына қарсы көтерілісі басшыларының бірі Қарағұл батырдың атасы. Ақтөбе қаласындағы бір көше Байдалы батыр есімімен аталады.

*С.Мұқтарұлы.*

*Әдебиеттер:*

*1. Ақтөбе энциклопедиясы. «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспаханасы. – Ақтөбе, 2001 жыл, 311-бет;*

*2. Есмағамбетов К. Батырлар тарихы-рухани байлығымыз. Қазақ тарихы (ғылыми-әдістемелік журнал), № 4, 2007 жыл; 65-66 б.б.;*

*3. Әбенов Д., Мұхтаров С. Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері (тарихи-филологиялық зерттеу), Принт-А, Ақтөбе, 2006 жыл, 13-16б.б.;*



*З.Байдосов*

*4. Оралмағанбетов Ж., Есмағанбетов М. «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі» – Алматы, 2001 жыл, 64-67 б.б.;*

*5. «Ел қорғаған Көтібар» – Алматы, Нұрлы әлем, 2000 ж. 90,94 б.б.*

**БАЙДОСОВ**
**Зәкіратдин Байдосұлы**

(24.06.1933 ж.т. Шалқар ауданы Құлтай қонысы), тарихшы-ғалым. Профессор (1998).

1951 жылы №1 Шалқар қазақ орта мектебін бітіріп, сол жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне түскен. Оны тамамдағаннан кейін 1955-1957 ж.ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шолаққорған орта мектебінде оқытушы, 1958-1964 ж.ж. Созақ, Шалқар аудандық комсомол комитеттерінің бірінші хатшысы, Батыс Қазақстан Өлкелік комсомол комитетінің үгіт-насихат

бөлімінің меңгерушісі, 1965-1969 ж.ж. Ойыл аудандық партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы, Ақтөбе облпарткомының нұсқаушысы, 1970-1985 ж.ж. Ақтөбе аупарткомының 2-ші хатшысы, Қобда аудандық Кеңес аткомының төрағасы, Темір, Исатай аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болып қызмет жасады. Қазақстан Коммунистік Жастар Одағының XI, Қазақстан КП XIII-XIV съездеріне делегат болып қатынасты. 2003 жылы Дүниежүзі Қазақтарының Түркістанда өткен II-ші Құрылтайының делегаты болды. Франция, Португалия, ГДР, Болгария, Чехословакия елдерінде сапарда болды. (1972-1980).

1985 жылдан бері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе techинститутында, оның негізінде құрылған мемлекеттік университетінде қызметте: оқытушы, аға оқытушы, тарих факультетінің деканы, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі. Тарих ғылымдарының кандидаты (1989). 120-дан астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектер жазып, жариялады. Соңғы 10 жылдың ішінде 14 көлемді кітаптар шығарды: «Ақтөбе облысының тарихынан» (1991), «Ту ұстап, тарлан мінген тархан» (1992), «XVII-XIX ғ.ғ. халық-азаттық қозғалысының типологиясы» (1992), «Азаттықтың сұңқары» (1993), «Қазан жүрек Қайдауыл» (1996), үш томдық «Қуғын-сүргін құрбандары» (1997), «Үш ғасыр перзенттері» (1998) атты туындылары бар. Оның үстіне ол 16 рет республикалық, аймақаралық, облыстық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасап, бұрын-соңды зерттеліп, жария болмаған мұрағаттық деректерді бірнеше рет ғылыми айналымға шығарды. «Ақтөбе мұнайы: тарихы және қазіргісі» (2001) атты көлемді еңбекті жария етті. «Алды кең, арты майса Дербісәлі» атты кітабы (2007) жұртшылықтың жақсы бағасын алды. «Қаражігіт» (2008) кітабының авторы.

З.Байдосұлы «Ақтөбе» энциклопедиясының шығуына да үлкен үлес қосты: энциклопедияның тарих редакциясын басқарды, ғылыми-танымдық мақалаларын жариялады.

Ғалым «Шалқар» энциклопедиясын дайындап, жарыққа шығаруда ғылыми ұсыныс, кеңестерін берді.

«Октябрь революциясы» (1982), Еңбек Қызыл Ту (1977), «Құрмет белгісі» (1973) ордендерімен, 8 медальмен, Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, әлденеше рет ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Комсомолдағы ерен еңбегі үшін» алтын белгісімен марапатталған. 2007 жылдың желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығына сай «Парасат» орденімен, 2001-2003 жылдар арасында Қазақстан Республикасының 10 жылдығына байланысты мемлекеттік наградалар санатына жататын медальдармен марапатталды, Елбасының бірнеше Алғыс хаттарына ие болды.

«Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1996), «Темір ауданының құрметті азаматы» (2004), «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» (2005), «Ақтөбе облысының жыл Адамы» (1998) атақтары бар.

Ұстаз-ғалым 4 ғылым докторы, 8 ғылым кандидатын даярлауға қатынасты.

З.Байдосұлы өзі туып-өскен Шалқар өңірінің тарихи тұлғалары жайлы да көптеген ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды. 1992-1998 ж.ж. Есет Көтібаров, Мырзағұл Шыманов, Қайдауыл батыр, Достан би, Бақтыбай батыр, Көтібар батыр жайлы өткен ғылыми-теориялық конференциялардың ұйымдастырушысы әрі бас баяндамашысы болды. 2005 жылдан «Ақтөбе мешіті» қоғамдық қорының директоры ретінде Ақтөбе қаласында облыстық Орталық мешіт ғимаратын салу ісіне басшылық жасады, оны қаржыландыруда зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

## БАЙҚАДАМ АУЫЛЫ

Есет Көтібарұлы атындағы ауылдық округтің орталығы. Шалқар ауд. оңт-де ауд. орт. 61 км. Ақтөбеден 410 км. Халқы 943 (1999 ж.) 1964 ж. «Сарыбұлақ» кеңшарының орталығы болды. Бұрын бұл аумақта (1950 ж.) 8-март, Жданов атынд., «Комсомол» ұжымшарлары болған. Селолық округтің 2000 ж. жер көлемі 193000 га, ауд. аралық көтерме жол бар. Округтегі елді мекендер: Байқадам, Алақозы. 1985 ж. кеңшарда 74 трактор, 69 машина, 3443 жылқы, 550 түйе, 1275 мүйізді ірі қара, 62744 қой болды. Жазғытұры су таситын сай, сала: Жыландысай, Шаған, Алтынқазған, Сабыржылға, Елғасай, Дауылсай, Қарақалпақсай, Қыздарсай, Алпысай, Қаралысай. Көлдер: Бозкөл, Сасықкөл. Биік төбелер: Қарашоқы (309), Ақшат (289), Ақұшпа,

Қарақолдан (236), Құшоқы (250), Аққеуек, Үштаған (201). Құмдар: Ұлыборсық. Сирек кездесетін шөптер: берік сүттіген. Жануарлар: шұбар күзен. Құстар: балықшы, дуадақ, қара бауыр бұлдырық. Кеңшарда а.ш. техн. жөндеу шеберханасы, орта мектеп, интернат, клуб, кітапхана, аурухана, бала бақша болған. Телехабар қабылдайды, осы өңірде Есет-Дәрібай кесенесі, Сынтас орны бар, Алшын Қаражігіт, Дәулет, Жанаман мешіті болған. 1990 ж. реформаға байланысты мұнда 1 өндірістік кооператив, 31 шаруа қожалығы құрылды.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 2001 жыл, 312-бет.*

### БАЙҚАЗАҚ батыр

1826 жылы туып, 1907 жылы қайтыс болған делініп келеді. Ал батыр туралы Байқазақтың Елкей деген баласының жалғыз баласы Бектемір деген азаматтың айтуынша, Байқазақ 1839 жылы Ырғыз ауданының Темірастау болысында дүниеге келіп, 1896 жылы Қоңыраттан 30 шақырым жердегі Құсқана тауында дүние салған. Бұл деректер зерттелуде.

Байқазақ батырдың руы төртқара, оның ішінде Жаншұқыр тармағына жататын Қасымның (Қаракісі) Мазысы. Кәдімгі Мазы Бұзаубайдың жақын туысы. Батырдың әкесі Жолдасбайдың Байқазақ, Қазақбай, Садақбай, Қаптағай, Шуақбай, Қарсақбай, Шала деген жеті баласы және Көлдей атты бір қызы болған. Бұлардың жетеуі де жау түсірген батыр, палуан, ақын, әнші болған.

Байқазақ өзінен үлкен ағааталары Әлімнің батырлары Жанқожа, Есеттердің жорықтарына қатысып, елінің, жерінің азаттығы жолында күрескен қаһарман батырлардың бірі.

Ұлт-азаттық көтерілістің батыры, соңғы батыры. «Батырдың соңы – Байқазақ» деген сөз тегін айтылмаған. Байқазақ батыр-Жанқожа Нұрмұқамбетұлының туған жиені. Жанқожа оны өзінің баласы Итжемеспен бірге өсіріп, тәрбиелеген, жастайынан жорықтарға алып шығып, соғыс өнеріне баулыған.

Жанқожа үлкейген шағында Әлімнің қырық батырын жинап, солардың көзінше Байқазаққа өзінің алмас қылышын сыйға тартқан.

Жанқожаны жазғы жайлауда жалғыз үй отырғанда патша жендеті Елкей төренің жұмсауымен біреулер қапияда өлтіріп кетеді. Бірнеше жылдан кейін Байқазақ іздестіріп жүріп олардың Шөмекей елінің батырлары екенін біледі. Арнайы іздеп барып алты інісімен бірге Сауқым батырды жанындағы серіктерімен қоса өлтіріп, нағашысының кегін алады.

Міне, осыдан кейін Байқазақтың үстінен арыздан арыз... Бірнеше рет қамауға алынады, босанып шыға береді.

Бір қамалғанда оны Ақтан батыр босатады. Бұл жөнінде ол:

*Байтөре Бекарыстан*
*ұстап берді,*
*Жақыннан жауын іздеп*
*тапқандай-ақ.*
*Ішінен жанған оттың*
*суырып алды,*
*Ұл тапса қатын тапсын*
*Ақтандай-ақ,*

– деп батырға ризашылығын білдіреді. Байқазақ соңғы рет ұсталып, түрмеде екі жыл отырады.

Бұл жолы оны түрмеден бұрын өзі жанашырлық жасаған орыс генерал-губернатор босатады. Содан соң ел ішінен қоныс таппаған батыр Қоңырат жағына кетіп, сол жақта дүниеден озады. Сүйегі сол жақта.

*М.Оралбаев.*



*О.Баймағанбетов*

### БАЙМАҒАНБЕТОВ Отарбай

(16.05.1941 ж.т. Қызылорда обл. Арал ауд. Авань а.), ғалым, физика-математика ғылымдарының кандидаты (1980), профессор (1999).

Шалқар қалалық №1 қазақ орта мектебің, Орск қаласында техникалық училищені бітірді. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етіп, 1969 ж. Қазақ мемл. университетінің механика-математика факультетін бітірді. 1969-83 ж.ж. Целиноград (Астана) қ. С.Сейфуллин атындағы пед. институтының оқытушысы, аға оқытушысы, Қазақ МҰУ стажер зерттеуші аспирант. Кандидаттық диссертацияны Ленинград қаласында қорғады. 1983-90 ж.ж. Ақтөбе пед. институтында матанализ кафедрасының доценті. 1990-93 ж.ж. кафедра меңгерушісі, 1993-98 ж.ж. педагогика факультетінің деканы. 1999 ж. мат-

анализ кафедрасының профессоры, 36 ғылыми еңбектің авторы.

*Шығ: Об исследовании двумерного распространения волн в смешанных слоистых анизотропных упругих средах. Изд. «Кітап». Алматы, 1989. Оқушылардың творчестволық ойлау қабілетін дамытуда ПМК-ны қолдану. Ақтөбе, 1993. Бастауыш кластарда программалаушы микрокалькуляторды қолдану. Ақтөбе, 1993. Об исследовании распространения волн в моделях трещиноватых сред. Шымкент, 1997.*



*С.Байменше*

**БАЙМЕНШЕ**

**Серікқали Ердіғалиұлы**

(18.02.1956 ж.т. Шалқар ауданы, Жылтыр селосы), 1972 жылы Т.Шанов атындағы (бұрынғы Дамбар орта мектебі) қазақ орта мектебін бітірді. 1972-1977 ж.ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (КазГУ) журналистика факультетінде оқып, университетті үздік аяқтады. 1980 жылдан СССР Журналистер Одағының мүшесі. Журналист-публицист, ғалым-зерттеуші, оқытушы-ұстаз, аудармашы, баспагер, дипломат.

1995 жылы журналистика мамандығы бойынша (10.01.10) кандидаттық диссертация, 2004 жылы қазақ әдебиеті мамандығы бойынша (10.01.02) докторлық диссертация қорғаған. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Еңбек жолын 1977 жылы Ақтөбе облыстық «Коммунизм жолы» (қазіргі «Ақтөбе») газетінде тілші болып бастады. Бұдан кейін осы газетте бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болды, республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Қазақстанның батыс облыстары бойынша меншікті тілшісі болып істеді. 1989-1991 ж.ж. С.М.Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты, аға оқытушысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Баспасөз орталығының консультанты, Қазақ ССР Сыртқы істер министрлігінің екінші хатшысы болып еңбек етті. 1991 жылдан 2007 жылға дейін бұрынғы Жоғарғы Кеңесте, кейін қос палаталы Парламентте, Сенат Аппаратында жауапты қызметтер (Баспасөз хатшысының орынбасары, Редакциялық-баспа бөлімі, Жалпы бөлім меңгерушілерінің орынбасары) атқарды. «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» ресми басылымының жүйелі жарық көруіне басшылық жасады. 2007 жылдан – дипломатиялық қызметте, қазір Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің Кеңесшісі – Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бөлімінің басшысы болып істейді.

Танымал қаламгер. Публицистикалық шығармалары облыстық, республикалық баспасөзде жарияланды, көптеген очерктері жеке жинақтарда жарық көрді. Бірнеше кітаптардың авторы.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Жас Алаш» газетінің Ғани Мұратбаев атындағы сыйлығының тұңғыш иегері. Запастағы Әділет подполковнигі.



*Ә.Байсалбаев*

**БАЙСАЛБАЕВ**

**Әбубәкір Жақияұлы**

(1912, Ырғыз ауд. № 14а. – 1979, Ақтөбе қ.) – өндіріс ұйымдастырушысы. 1922-27 ж.ж. Ырғыз балалар үйінде тәрбиеленіп, Ақтөбе аймақтық комс. ком. жолдамасымен Мәскеу обл. Ногинск қ. Васильев атынд. ұжымшар жастар мектебінде оқиды (1928). Мәскеудегі Д.И.Менделеев атындағы химия-технология институтында оқыған (1930-32). Еңбек жолын 1932 ж. Шалқар ауданы жер бөлімінде бөлім меңгерушісі болып бастады, ауд. партия, комсомол ұйымдарында жетекші қызметтерде, мектеп директоры болды, 1943-55 ж. обл. партия ком. нұсқаушысы, Шалқар ауд. парткомының екінші, бірінші хатшысы, Ойыл ауд. кеңесі атқару комитетінің төрағасы. 1955-73 ж. Шалқар және Ырғыз ауд. ұжымшар төрағасы, кеңшар директоры. Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен



С.Байсанов

марапатталған. Есімі Шалқар қаласының бір көшесіне берілді.

**БАЙСАНОВ**
**Сайлаубай Омарұлы**

1950 жылдың 2 желтоқсанында Ақтөбе облысының Шалқар ауданы № 7 ауылдық советінде дүниеге келді. 1968 жылы Шалқар қаласындағы № 40 орта мектебін аяқтап, 1974 жылы Москва қаласында Болат және қорытпа институтын «Металлургия процесстерін физика-химиялық зерттеу» мамандығы бойынша бітіріп, инженер-металлург мамандығын алды.

Техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін 1982 жылы Свердловск қаласындағы Урал политехникалық институтында «Қазақстандағы марганец мәселелері» бойынша диссертация қорғады.

1974 жылы Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтында инженер, аға инженер (1975 ж.), кіші ғылыми қызметкер (1977 ж.), аға ғылыми қызметкер (1983 ж.), ал 1985 жылдан бері металлургиялық балқымалар зертханасының меңгерушісі, 1994 жылдан осы уақытқа дейін аталған институттың ғылыми жұмыстары бойынша директордың орынбасары қызметін атқарады.



Г.Байшукірова

Техника ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін 2002 жылы Ж.Әбішев атындағы ХМИ-ның Д 53.40.01 диссертациялық кеңесінде «Металлургиялық жүйеде фазалық тепе-теңдік заңдылықтары және ферроқорытпа балқыту технологиясының тиімді тәсілдерін құру» тақырыбы бойынша диссертация қорғады. 2003 жылдың мамыр айынан диссертациялық кеңестің мүшесі. 2003 жылдың шілде айында профессор атағы берілді. 2001 жылы «Техногенді шикізаттан өнім шығаруда дүниежүзілік деңгейге сай ферро-силикоалюминий (дүние жүзінде алғаш рет) және күкірт қышқылының таза сорттарын өндірудің технологиясын жасау және өндірісті ұйымдастыру» жұмыстар циклы үшін ғылым, техника және білім беру саласынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының Лауреаты атағына ие болды.

**БАЙШУКІРОВА**
**Гүлнұр Жолаушыбайқызы**

(1972 ж. Шалқар қаласы), 1989 жылы Шалқардағы № 5 – орта мектепті бітіргеннен кейін Әл-Фараби атындағы Қаз.МҰУ-дің орыс филологиясы факультетіне оқуға түсіп, университетті және оның аспирантурасын тәмамдайды. 2002 жылы «Қазақстан жазушыларының тарихи шығармаларындағы фразеологизмдердің семантикалық құрылымы мен қызметі» деген тақырыпта диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Қазір Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде доценттік қызмет атқарады.

**БАҚТЫБАЙ Төлесұлы**

(1698-1758). XVIII ғасырда өмір сүрген, атағы Ұранға айналған Қазақтың аға батыры, белгілі қолбасшы. Кіші жүз Әлімнің Шекті руынан. Қабақтың немересі, Төлес бидің баласы. Оның өмір сүрген кезеңі қазақ халқының басына зобалаң мен қайғы-қасірет әкелген «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманына сәйкес келіп, бүкіл ғұмыры ат үстінде, белін шешпей, бес қаруын асынған қалпында өткен. Б.Т.қазақтың жоңғар шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық соғысының тарихында Тама Есет, Табын Бөкенбай, Тархан Жәнібек, т.б. сияқты «Қазақтың аға батыры» ретінде аталады. Оның есімі Бұланты және Аңырақай шайқастарында ерекше ерлігімен көзге түсіп, 15 жасында Шекті деп аталатын жалпақ елге Ұран болған. Әбілқайыр, Нұралы хандар тұсында оның ордасында болған орыс патшасының тілмаштары мен әскери қызметкерлері М.Тевкелев, И.Муравин, И.Ригельман, Я.Гуляевтардың 1760 жылға дейін жүргізгенісжазбаларында, архивтік құжаттарда Бақтыбай батыр Төлесұлының ел бас-

қарудағы, хан Кеңесіне қатысқан, ірі саяси мәселелерді шешуде ықпалды тұлға болғандығы ашық айтылады.

Патша өкілі М.Тевкелевтің Ресей сыртқы істер министрлігіне жазған құпия хатында (1732 жылғы 20 маусым) полк. Гарбердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуаға бет алған 500 түйелі керуенін Б.б. басып алып, дүние-мүліктерін жергілікті елге таратып бергені баяндалады. Б.б. жергілікті халық «Әлім Қарасақал әулие» деп те атайды.

1758 жылы 60 жасында кезекті ұрыста қаза тапқан. Бейіті Байғанин ауданының Жарқамыс поселкесінің оңтүстік-батысында 60 шақырым жерде, Жем өзенінің бойындағы «Қарасақал әулие» қорымында.

1998 жылы батырдың 300 жылдығына байланысты басына үш күмбезді кесене тұрғызылды. Ақтөбе, Шалқар, Арал қалаларында Бақтыбай батыр атында көшелер бар. Шалқар қаласында № 2 мектеп-гимназияның алдында ескерткіш орнатылған.

*Әдеб: Ә.Кекілбаев, «Үркер». Тарихи роман. Алматы 1981 ж. Ә.Оспанов «Жанқожа батыр». Тарихи роман. Алматы. 1992 ж. Григорьев В.В., Отзыв о статье «О веденом 1732 году дневнике путешествия Гарбера из Астрахани через Киргизскую степь по пути в Хиву», «Известия Руского географического общества» 1870, т.6 вып. 1.*

## БАЛАБАҚША

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мекеме. Мұндай мекеменің ең алғашқы үлгісін неміс педагогы Фребель



Т.Бақтыбай

(1702-1852) ұйымдастырған (1837). Еліміздегі Б. тұңғыш Алматы қаласында 1917 ж. ұйымдастырылып, онда 100-ге тарта бала тәрбиеленді. 1919-20 ж.ж. Қызылорда, Торғай, Орынбор, Қостанай қалаларында 115Б. жұмыс істеді. 1997 ж. ҚР бойынша барлығы 1419 ж. Б. жұмыс істеп, 162,2 мың бала тәрбиеленді. Олардың 425-і (18,2 мың бала) қазақ, 994-і (114,0 мың бала) орыс тілдерінде тәрбие жұмысын жүргізді. Б-да тәрбие, білім беру жұмыстары баланың жас ерекшелігіне, күн режиміне сәйкес жасалған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмыстарын арнайы мамандықтары бар тәрбиешілер жүргізеді. Б.-дағы балалар 2-ден 3 жасқа дейін бөбектер тобына, 3-тен 4 жасқа дейін – сәбилердің 1-тобына, 5-тен 6 жасқа дейінсәбилердің 2-тобына, 5-тен 6 жасқа дейін – естиярлар, 6-дан 7 жасқа дейін – мектепке даярлық топтарына бөлінеді. Б-лар бюджеттік, гимназиялық, жекеменшіктік, коммерциялық негізде жұмыс істейді.

*С.Бәтібаева. ҚҰЭ, 2-том 96 бет. Әдеб: «Мектеп жасына дейінгі тәрбие».*

## БАЛҒАСЫН

Орта ғасырлардан сақталған көне қорым. Қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар қаласынан солтүстікке қарай 55 км жерде, ауд. 140*220м. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында Орынбор ғыл. архив комиссиясының мүшелері А.Матов, И.Хохлов, Ж. Кастанье болған. 1979-80 ж.ж. Қазақстан Мәдениет мин-нің экспедициясы (жетекші С.И.Әжіғалиев) зерттеген. Қорым Балғасын мұнарасының қалдығынан, Оңалбек ата (шамамен 17-18 ғ.ғ.) кесенесінен және шикі кірпіш пен тақтатастан салынған көптеген бейіттерден тұрады. Көркем стела немесе құлыптас жоқ, сиректеу ғана өңделмеген дөрекі белгілер кездеседі. Олардың кейбірінде шекті руының таңбасы ойылып салынған.

*С.Әжіғалиев.*



*Бақтыбай Төлесұлының кесенесі*

*Әдеб: Аджигалиев С.И., Генезис традиционной архитектуры Западного Қазахстана, А., 1994 г.*

**БАЛҒАСЫН МҰНАРАСЫ**

Осы аттас қорымда орналасқан сәулет өнері ескерткіші. Қазақ аңыздарында Балғасын көші-қон кезінде өлген қыздың есімі екен, жерленгеннен кейін басына әкесі Қазтуған ханның: «Қол астымдағы әрбір отбасы бір кірпіштен қаласын!» деген нұсқауы бойынша мұнара бір күнде тұрғызылыпты делінеді. Мұнара қазір бұзылған. Ол ұзақ уақыт бойына қыпшақ дәуірінің ескерткіші деп есептеліп келген. 1979-80 ж.ж. Қазақстан Мәдениет мин-экспедициясының (жетекші С.И.Әжіғалиев) зерттеулері нәтижесінде Б.М.-н 15 ғ.-дың аяғы мен 16 ғ-дың басындағы қазақ-өзбек-ноғай дәуірінің құрылысы екендігі анықталды. Құлағанға дейінгі (1900) мұнара сипаттамаларына, әсіресе А.Матовтың суретінде (1897), кесенеде Әмір Темір заманындағы сәулетшілер мектебінің белгілері айқын байқалады. Б. м-н 9*10м шаршыға жуық жобадағы діңгекті ғимарат деп есептеуге болады. Кіретін есік оңт-батыс қабырғаның оң жағында. Суретте көрсетілгендей, жататын тұғыр үстіндегі кеңірдек тәрізді барабанға көп қырлы күмбез салынған. Ғимараттың биікт. 18-20м. Түркістан қ-ндағы осы тектес Рабия Сұлтан-бегім (15 ғ-дың аяғы) кесенесінің биікт. 23 м. Б.м. 4,5-5, *11*12 см және 5,0*22*22 см тікбұрышты және шаршы, өте жоғары сапалы күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, күмбезі көгілдір эмаль жалатқан кірпішпен қапталған. Мұнара құлай бастағанда бұл кірпіштерді кейінірек салынған Оңалбек ата кесенесіне пайдаланған. Б.м-ның архитектурасы Мауераннахр және Дешті Қыпшақ мемориалдық құрылыстарымен композициялық байланысын көрсетеді. Сондай-ақ оның 19 ғ-да Ырғыз-Мұғаджар өңірінде салынған ғажайып күмбезді кесенелерге ықпалы байқалады.

*С.Әжіғали.*

*Әдеб: Матов А., О развалине Балғасын. Протоколы Оренб. уч.ст. архивной комиссии, 1914, вып. XIX; Әжіғалиев С., Ескерткіш – ел тарихы, Ақтөбе, 1992.*





**БАЛҒАСЫНДЫ ЗЕРТТЕУ ЖАЛҒАСУДА**

Жоғарыда аталған мұнара жайлы 2003 ж. ҚР мемл. хатшысы «Мәдени мұраларды» қорғау жөніндегі комиссия төрағасы И.Н.Тасмағанбетов мырзаға хат жолдап құлыптастардағы жазулардың қай тілде екенін сұраған болатынбыз. Көп кешікпей хатымызға ғылым департаменті директорының орынбасары Ә.Зейнуллин мырзадан жауап келді, онда Б.М. 2004-2005 ж.ж. «Мәдени мұра» бағдарламасына енгендігі, зерттеу жұмысына республикалық бюджеттен 3,5 млн. теңге бөлінгендігі айтылған болатынды.

2005 ж. 3 мамыр күні Шалқарға Ақтөбе, Алматы, Түркістан қалаларынан бір топ ғалымдар келді. Комиссия мүшелері 3-8 мамыр аралығында Балғасын бойында болды; лазерлік құралдармен жұмыс жасап, түрлі топографиялық өлшемдер алынды, бейне таспаға түсіру жұмыстары жасалынды. Енді ғалымдардың ұйғарымы бойынша, Б. мұнарасына археологиялық қазба жұмысы жасалыну керек деп табылды да белгіленген уақыттан сәл кейінірек, қыркүйек айының 8-20 аралығында қазба жұмыстары жүргізілді. Оның негізгі мақсаты Б. мұнарасының іргетасының периметрін анықтау болды. Қазба жұмыстары кезінде керамикалық бұйымдар, қазан сынықтары, моншақ, таспихтар, жебе ұштары және 1859 жыл белгіленген 5 тиындық орыс ақшасы табылды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде мұнарада көпшіліктің түнегені анықталды. Сонымен қатар мұнарадан 400-

500 матрдей жерде кірпіш күйдіретін пештің орны табылды. Оның маңайында шала күйдірілген, дұрыс піспей қалған кірпіштер және оттың күлі әлі күнге дейін анық байқалады. Аңызы мен ақиқаты қатар жүрген мұнараның құпиясының ашылуы алдағы уақыт еншісінде. Зерттеу жұмысы жалғасуда.

*Н.С.Пұсырманов. «Ақтөбе» газеті, № 23,30 наурыз, 2006 ж.*

**БАЛМАҒАНБЕТОВ**
**Сәдуақас**

(1941, Шалқар ауд. «8-март» ұжымшары – 1999 Алматы қ.), өнер зерттеуші, сазгер.

Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының доценті. Ақтөбе музыка уч-щесін, Алматы мемлекеттік консерваториясының домбыра кафедрасында ұстаздық қызметін атқарды. Б. халық композиторы Қазанғап шығармашылығын зерттеуге барша өмірін арнап, заманның «Тірі Қазанғапы» атанды. «Қыз қуу», «Шашу», «А.Жұбановқа арналған күй», «Менің Ақтөбем», «Күй дастан ауылым», т.б. күйлері, домбыра мен фортепьяноға арналған «Жас отау», Қазақ ұлт аспаптар оркестріне арналған «Күй поэмасы» арқылы есімі елімізге танылған сазгер. Күйлері Қазақ радиосы мен теледидарының алтын қорына енген.

* * *

XX ғасыр халқымызға ұлы тарихи өзгерістер әкелген аласапыран кезең болды. Қаншама сұрапыл тезден өтсе де сілтеген сайын шыңдалар түрік алдаспаны, тәңір қосыны аталған осы бір жауынгер халық, дала серісі өткен ғасырда тағдырдың тәлкегімен зобалаң зардаптарға ұшырады, кеңістік пен мезгіл аясынан көшіп кете жаздады, алайда өзінің бұла өнерін етегінен болса да ұстап қала алды.

Ұлы Даласы жасаған, ғажап өнері сан-салалы бұл халықтың бір қыры оның күй өнері еді. Осы өнердің шаужайын ұстап қалған небір саңлақтар қазіргі тарихнамада жан-жақты қарастырылып, өнер кеніштерінің ерекшеліктері үрдісті түрде зерттеле бастады. Сондай өнерпаздардың бірі – Сәдуақас Балмағамбетов.

Ол 1941 жылы Батыс Қазақстандағы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы Сарыбұлақ деген жерде туады. Алғашқы ұстаздарының бірі Қазанғаптың шәкірті Матай Қуантайұлы болды. Бертінде Жәлекеш, Қадірәліден күй алды, өнерін шыңдады. Әкесі Балмағанбет те белгілі күйші, Қазанғаптың алдын көрген өнер иесі еді.

Сәдуақас 1974 жылы Алматы консерваториясын бітірді. 1978 жылдан бастап аталмыш консерваторияда ұстаздық етті.

Ол асқан домбырашы, күйші, күй дүниесін жетік түсінген дарынды ұстаз. Қазақ сахарасында күй мектептерін шартты түрде саралаған кезде біз көбінесе өз дәстүрлерін, тың жолдарын ала алған тарихи тұлғаларды қолда бар мұралар көлемі, ондағы ақпарат мөлшері бойынша ғана бағамдап, бажайлай аламыз.

Бүкіл саналы өмірін өзіне дейінгі күйшілерді насихаттаумен өткізген, күй өнерінің қайыспас қара нарындай өз өмірін осы жолға сарп еткен, қарапайым ғана тіршілік құрып, келешек үшін тамаша да тәлімді еңбек етіп кеткен осы бір жанның қадірі мезгіл дөңгелегі жалт-жұлт етіп өткенге сіңіп, көлеңкесі ұзарған сайын айқындалып, қомақтала бермек. Ол ұлы Қазанғаптың мол мұрасын шашасына су тигізбей адал да кіршіксіз саф түрінде жеткізді.

*Айтжан Тоқтаған. Алматы консерватория-ң профессоры.*

**БАРМАҚ**
**Мұхаммедқалиұлы**

(1703 – Солт. Қазақстан обл. Целинный ауд.,ө.ж.б. – Орынбор обл. Ақбұлақ ауд.) – батыр, қолбасы. Руы – Уақ. Б. 1723-58 ж.ж. Еділ-Жайыққа батыстан шабуылдаған қалмақ шапқыншылығына, Маңғыстауды басып алған түрікпендерге, шығыстан баса-көктеп қазақ жеріне іркерілей енген жоңғар басқыншыларына қарсы күрестерде Кіші жүз жасағына Балта, Бөгенбай батырлармен бірге қолбасылық еткен. Әбілқайыр ханның Ресей империясының қол астына өту туралы шешіміне наразылық танытқан. Б.-тың ерліктерін кезінде қазақ ақын-жыраулары жырға қосқан. Бізге жеткен «Бармақ батыр» қиссасының алғашқы нұсқасын Дәстем сал Қарабасұлы жырлаған. Б.батырдың ұрпақтары Ресейдің Орынбор обл. Ақбұлақ ауд-да, Ақтөбе қаласы мен осы облыстың аудандарында, оның ішінде Шалқар ауданында да өмір сүріп, тұрып жатыр.

*Қ.Биғожаұлы.*

*ҚҰЭ, 2-том, 153 бет. Ұлылардың туған күні болады, өлген күні болмайды, өйткені олар өлмейді.*

**БАСЫҒАРАЕВ**
**Бақыт Шаңбатырұлы**

(14.1.1926 ж.т. Қызылорда обл. Арал ауд. Құланды ауылы – 22.04.2001 ж., Ақтөбе қ.) – домбырашы, сазгер, термеші, халық композиторы Қазанғаптың күйшілік дәстүрін жалғастырушы. Гурьев политехникалық техникумын бітірген, ұзақ жыл Бұқара-Орал газ құбырында еңбек еткен. 13 жасынан домбыра тартады, Қазанғаптың шәкірті Қадіралы Ержановтан күйлер үйреніп, күйлердің ойнау тәсілін ойдағыдай меңгерген. Б. Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Қазанғаптың, Динаның, Тәттімбеттің, Сүгірдің және басқаларының 100-ден астам күйлерін орындаған. Әлиманың, Батақтың Сарысының әндерін, Нұртуғанның термелерін, Сыр бойының махамдарын шебер орындағаны үшін дипломант атанған.

Академик Ахмет Жұбановпен тығыз қатынаста болған. 1980 жылдары Құрманғазы атындағы консерваторияда домбырадан дәріс оқыған ұстаз «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған, «Түркістан және ұлы дала музыкасы» атты халықаралық фестивальдың бас жүлдесінің иегері. А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыка колледжінде домбыра сабағын жүргізді. «Толқында», «Аманғосым, аман бол!» атты күйлері бар. Орындауында Қазанғаптың 16 күйі жазылған күйтабағы 1987ж. Ташкентте шыққан.

*«ҚР-нің еңбек сіңірген қайраткері» (1998 ж.).*



*С.Балмағанбетов*



*Ш.Басығарин*

**БАСЫҒАРИН Шәкір**

(1917 ж.т. – Шалқар ауд., 1982 ж. – Шетырғыз ауылы.) – озат шопан, әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысқан (1938-1945). Соғыстан кейін ұжымшар, кеңшарда, «Шетырғызда» аға шопан (1945-1980) болған.

Қазақ КСР-інің (1973), Ақтөбе облысының (1967-1968) «Таңдаулы шопаны», «Октябрь революциясы» орденімен (1971), бірнеше медальдармен марапатталған.

**БАТА**

Қысыр бақсаң қазылы болғай,
Қара қойың қозылы болғай!
Ойсыл қараң жоталы болғай,
Жыл құрғатпай боталы болғай,
Өрелі биең құлынды болғай,
Қызың мен ұлың
тұлымды болғай!
Ініңің бәрі иықты болғай,
Шетінен алып сиықты болғай!
Тау мен тасың
қорықты болғай,
Көл-дарияң борықты болғай,
Ақ жүгерің шашақты болғай,
Арпа-бидай масақты болғай!
Мәуелі бағың жемісті болғай,
Жоталы жоның егісті болғай!
Қараңның бәрі қарынды
болғай,
Құлаңның бәрі шалымды
болғай!
Сексеуілің сіңірлі болғай,
Шикі өкпең дүбірлі болғай!
Құрбының бәрі кеуделі болғай,
Шетінен жібек жиделі болғай,
Оң жақта қалған есікті болғай,
Шүмегі алтын бесікті болғай!
Қамысың қауылдырықты
болғай,
Балығың уылдырықты болғай!
«Құраулап» құлын
қайырғайсың,
Табындап жылқы
айырғайсың!
«Шөрелеп» қозы айдағайсың,
Шеше көріп тон пішкейсің,
Еңбек еміп, сорпа ішкейсің!
Зеңгі бабаң сүтті болсын,
Шопан атаң құтты болсын!
Ай-Тәңірің іркілмесін,
Күн-Тәңірің күрсінбесін!
От-Тәңірің көз ілмесін.
Су-Тәңірің безінбесін!
Аталар рухы араша болсын,
Азалы жерде тамаша болсын!
Қатерде Қызыр серігің болсын,
Сапарда дүлдүл көлігің
болсын!
Өткеннің бәрі иманды болсын,
Фәни жүзі дидарлы болсын!
Өзің тоқтар тәңірің болсын,
Тәңірің тоқтар өмірің болсын!
Бүгінгі тұяқ аталы болсын,
Аталар ақ баталы болсын!

Ертеңгі тұяқ бабалы болсын,
Бабалар алтын жағалы
болсын!
Ұлыс ұлы тойлы болсын!
Ұл менен қыз бақты болсын,
Кешер ғұмыр жақсы болсын
Бірдің басы екеу болсын,
Жұптың басы жетеу болсын.
Жетеу болған жетпіс болсын,
Жетпіс болған көп күш болсын!
Ханталапай, барымта
болмасын,
Барымта бітсе қарымта
болмасын!
Ағайын арасын бөлекет
бөлмесін,
Елге нәубет, әлемет
келмесін!
Осы ақ батамды,
Көктегі Хан Тәңір,
Әулие-әмбиелер мен
Ғайып ерен қырық шілтен
қолдасын!
Алла-тағаланың құлағына
шалынсын!
Әумин!

*Ділдә Матайқызы. Тасмағамбет келіні, «Айналайындарым менің» кітабынан.*

**БАТЫРҒАРИН Есенгелді** (04.01.1971 ж.т. Шалқар қаласы – 1995 Алматы қаласында белгісіз себептермен қайтыс болған). Грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі КСРО спорт шебері.

Білімі жоғары: Алматы дене тәрбиесі және спорт институтын бітірген. Шалқар қаласынан шыққан ең талантты палуан. Грек-рим күресінен Ақтөбе облысы бойынша халықаралық дәрежедегі ең бірінші КСРО спорт шебері. 1986 жылы Шалқар спорт мектебінен спорттық шеберлігін шыңдау үшін Алматы қаласындағы дарынды балаларға арналған Қажымұқан атындағы республикалық спорт-интернатына қабылданған. Осы спорт-интернатта жүрген 6 жыл ішінде үлкен жетістіктерге жетті. Жасөспірімдер, жастар, ересектер арасында ҚР-ің бірнеше дүркін чемпионы, студенттер Универсиадасының чемпионы, КСРО Кубогінің чемпионы, «Буревестник» ерікті спорт қоғамы Орталық кеңесі біріншіліктерінің чемпионы. 1991 жылы қаңтар айында жастар арасындағы КСРО чемпионатының күміс жүлдегері, наурыз айында ересектер арасындағы ҚР чемпионы, маусым айында Запорожье қаласында грек-рим күресінен өткен КСРО халықтары X спартакиадасының чемпионы, осы спартакиадамен қатарлас өткен КСРО чемпионатының күміс жүлдегері, сол жылы қыркүйек айында Чехословакия елінде жастар арасында өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, қараша айында Болгария елінде өткен әлем Кубогінің күміс жүлдегері болды. 1991 жылдың өзінде өткен жауапты 6 жарыста 2 алтын медаль, 4 күміс медаль жеңіп алды. 1991 жылы грек-рим күресінен Запорожье қаласында өткен КСРО халықтары спартакиадасында Қазақстан құрама командасы грек-рим күресінен Ресей командасынан кейін командалық 2-ші орынды жеңіп алған. Жарыс алаңының иелері Украинаны 3-ші орында қалдырса, Белоруссия, Грузия, Армения сияқты республикалар қазақ палуандарының күшін, шеберліктерін мойындауға мәжбүр болды. Шалқар №1 спорт мектебінің түлегі Есенгелді Батырғарин осы спартакиаданың чемпионы атанды, КСРО-iң жеті дүркін чемпионы болды. Әлем кубогінің иегері, әлем чемпионы, Олимпиадалық ойындардың 2 дүркін жүлдегері Дәулет Тұрлыхановпен, КСРО чемпионы, Европаның чемпионы Бисолт Дециевпен, әлем, Азия чемпионы болған Бахтияр Байсейтовпен, кейін Азия чемпионатының бірнеше дүркін чемпионы Сергей Матвиенкомен қатар Қазақстан командасының үлкен жеңісіне өзінің мол үлесін қосқан Есенгелді Батырғарин тума талантты палуан, ол Қазақстан, КСРО құрама командаларының мүшесі болды. 1992 жылы Барселонада өткен Олимпиада ойындарында грек-рим күресінен 48 кг. салмақ дәрежесінде КСРО намысын қорғайтын бірден-бір кандидаты болған. Бірақ, өкінішке орай, Есенгелдінің спорттық өмірі өте қысқа болды, аққан жұлдыздай тез сөнді.



*Е.Батырғарин*

Дегенмен, Есенгелді Батырғариннің аты, оның жеңістері Қазақстан спорты тарихында алтын әріппен жазулы. Шалқар қаласында оның атында көше бар.

*Ж.С.Симбетов (Шалқар), М.Қошаев (Алматы) – ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушылары.*

**БАТЫРХАНОВ**
**Алдажар Батырханұлы**

(05.05.1932 ж.т. – Шалқар қ., 07.05.1998 – Шалқар қ.) – терапевт-дәрігер.

Қарағанды медицина институтының емдеу факультетін (1961ж) бітірген. Шалқар қаласындағы теміржол ауруханасында 38 жыл жұмыс істеді.

«Денсаулық сақтау саласының үздік қызметкері» (1970), «Құрметті теміржолшыға» (1975) белгілерімен марапатталған.

Абыройлы азамат, қолы шипалы дәрігер атанып дүниеден өтті (1998 жыл).



*А.Батырханов*

**БАТЫС ТЕМІР ЖОЛЫ**

1977 жылдың мамыр айында Батыс Қазақстан темір жолы ұйымдастырылды, ол Қазақстан, Ақтөбе, Орал, Гурьев, Маңғышлақ, Орынбор облыстарының территориясында орналасқан. Ол 4: Поволжье, Оңтүстік Орал, Алматы және Орта Азия темір жолдарымен шектесіп жатты. Оның құрамында Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Гурьев бөлімшелері кірді. 1997 жылдың ақпан айынан бастап, «Қазақстан темір жолы» еншілес кәсіпорны Батыс темір жолы болып қайта құрылды. Ол 4: Повольже, Оңтүстік Орал, Түркістан және Орта Азия жолдарымен шектесіп жатыр.

Батыс темір жолы Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орынбор облыстарының территориясында орналасты. Жол 70-тен астам ірі кәсіпорындарды біріктіреді. Орталығы – Ақтөбе қаласы, Шалқар ст. – ең үлкен бекеттерінің бірі.

Жолдың пайдалану қашықтығы 3020,6 километр.

*Ш.Қарамергенов.*

**БӘЙІМБЕТ БАТЫР**
**Аққісіұлы**

(шамамен 1670-1749 Шалқар ауд.) Ол қырғыз Аққісінің баласы, XVII ғ-дың 90 ж. жоңғар шапқыншылығында күресте Кіші жүз түмені құрамында асқан ерлік көрсетіп, батыр атанған. Ол інісі Қара батырмен (1708-1709, 1712-ж.) Әлім тайпасының әскери құрамында жоңғарларға қарсы Отан қорғау соғысына, 1710 ж. Қарақұмда Бүкілқазақтық құрылтайға, сондай-ақ Бақтыбай, Есет, Бөкенбай батырлармен бірге 1726 ж. Ордабасында болған үш жүз өкілдерінің құрылтайына қатынасты. Сол жылы Сарысу өзенінің батысындағы Бұланты түбегіндегі шайқаста жоңғарлардың батырымен жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен. Б.б. 1731 ж. Кіші жүздің Ресейдің қоластына енуі жөнінде Әбілқайыр саясатын қолдаған. Ол Қорғантұз бойын жайлаған қырғыздардың аға биі дәрежесінде болған. 1750 ж. 7 маусымда инженер-подпоручик И.Ригельман мен аудармашы Я.Гуляевтің Орынбор губерниялық кеңесіне жазған хатында: «Сего июня 5 числа будучи на поминках умершего Чикли-кыргызского роду старшины Баимбет батыра с ханом Нуралы и с двумя родными братьями его, где Есет тархан, Бактыбай бии и проч., несколько знатных батыров было...» – деп көрсетеді. Бұл белгілі адамдардың Бәйімбет батырдың жылына берген асына қатынасуы, оның сол уақыттағы қауымдағы орнын көрсетеді.

*З. Байдосұлы.*

*Әдеб: Казахско-русские отношения в XVIII в. Алматы, 1961, 517-бет. З.Байдосов. «Қазан жүрек Қайдауыл», Ақтөбе, 1996. З.Байдосов, «Үш ғасыр перзенттері», Ақтөбе, 1997.*

**БӘСЕНОВ**
**Төлеу Құлшаманұлы**

(12.09.1909 ж.т. Шалқар ауд. – 04.05.1976, Алматы) – тұңғыш қазақ сәулетшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы. КСРО Архитектура Академиясының корр. мүшесі (1950). Қазақстанда қазіргі архитектуралық мектептің негізін салып, Сәулетшілер одағын ұйымдастырушылардың, сәулет саласындағы алғашқы ғалым-педагогтардың бірі. Санкт-Петербург азаматтық инженерлер институтын бітірген (1933). 1933-37 ж.ж. Жамбылда, Алматыда, Қырғызстанда қызмет етті. 1937-41 ж.ж. Қазақ КСР Мин. Кеңесі жанындағы архит. басқармасының бастығы, 1958-76 ж.ж. Құрылыс істері жөніндегі мемл. Комитет төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Ол Алматы қаласының бас жоспарын, Мәскеудегі халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі Қазақстан павильонын, Алматыдағы Достық даңғылы-

ның бас жобасын (1968-69), Алматы әуежайының бірінші кешенін (1936-37), Қазақ опера және балет театрының үйін (1941), Амангелді ескерткішінің архит. жоспарын (1949-1951), тұрғын үйлерді жобалау жұмыстарын кәсіби шеберлікпен орындап шықты. Бат. Қазақстан сәулет ескерткіштерін зерттеп, Ембі, Маңғыстау, Үстірт аймақтарындағы мемориалды-ғұрыптық тарихи құрылыстардың ерекшеліктеріне ғыл. талдау жасады. «Сам аймағындағы архитектуралық ескерткіштер» (1974), «Қазақстан архитектурасындағы өрнектер» (1957), «Архитектура және қала құрылысы» (1974), т.б. еңбектердің авторы. Қазақ мемл. Сәулет және құрылыс академиясының үздік студенттеріне Т.Бәсенов атындағы диплом тағайындалған.

*Г.Қисамедин, С.Рысбеков, Н.Жалғасбаев. ҚҰЭ.*

**БЕГІМБЕТ**

Айшуақ ауылдық округінің орталығы, Шалқар ауд. оңт., ауд. орт 110 км, Ақтөбеден 470 км. Халқы 2250 (1999 ж.). Жер көлемі 48394 га. 1964 ж. «Айшуақ» кеңшары, селолық кеңес ұйымдасты. Мұнда газ айдау ст. (ГКС №11) бар. 1986 ж. жер көлемі 628636 га болды. Ауд. аралық көтерме жол бар. Округтегі елді мекендер: Бегімбет, Қосқақ, Есет Көті-барұлы а. 1985 ж. кеңшарда 68 трактор, 53 машина, 2731 жылқы, 686 түйе, 2366 мүйізді ірі қара, 47244 қой болды. Кезінде 53 адам КСРО ордендері және медальдармен марапатталған. «Еңбек Даңқы» орденінің толық



*Т.Бәсенов*

иегері Ысқақ Абдуллин еңбек еткен. Осы аумақта ұлы күйші Қазанғап Тілепбергенұлы жерленген. Сай-салалар: Алтынқазған, Сабыржылға, Елғасай, Дауылсай, Қарақалпақсай, Қыздарсай, Алпысай, Қарлысай, Жыландысай, Шаған. Көлдер: Берденкөл, Боқантайсор, Қорлыбайкөлі. Биік төбелер: Дамбартау (238), Жаман шиелі (285), Жақсыбұталы (345), Елтау (400), Арадантау (227), Қожаберген (280). Құмдар: Ұлыборсық, Аяққұм, Мойынқұм, Жаманқұм, Жіңішкеқұм, Қаражиде, Қамқа, Ақбауыр. Құстар: ақбауыр, бұлдырық. Кеңшарда а.ш. техн. жөндеу шеберханасы, орта мектеп, интернат, клуб, кітапхана, бала бақша болған. Телехабар қабылдайды. Осы өңірде Ақыс әулие, Қошқарата, Арыс әулие қорымдары, Жәніке мазары, Қыздаршыққан, Қойтам ескерткіштері бар. Асан, Әбдіғалім, Әбдіғали, Қозыайдар, Сексенбай, Бибітәлі, Дәулет, Төремұрат, Шереке, Шертіке, Нұрымбет, Ілияс, Қожахмет мешіттері болған. 1990 ж. реформаға байланысты мұнда ө.к., бірнеше ш.қ. ұйымдасқан.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 2001, 333-334-беттер.*

**БЕКЕЕВ Жолмырза**

(12.02.1948 ж.т. Шалқар ауданы Біршоғыр бекеті).

Орта мектепті Шахтада (Шалқар ауданы) бітірген соң (1965) әскер қатарында азаматтық борышын өтеген (1966-1968). Содан кейін темір жол сауда саласында әртүрлі жұмыстар атқарған. Соңғы 18 жыл бойы мұнайлы өңірде жауапты қызметте. ҚР Журналистер одағының мүшесі. Қандыағаш қаласындағы «Нұртай» мешітін салуға үлес қосқан, «Асар» қайырымдылық қорының төрағасы. Қажылық сапарына 1998 жылдан бері 5 рет барып, кейінгі екі сапарында болашақ қажыларға жолбасшылық жасаған.

Ұстанымы – дін жолы, «Адам баласы үшін намаз, жарасымды жақсы сөз және мейірімділіктен абзал іс жоқ» қағидасы. *«Ақтөбелік қажылар» кітабынан.*

**БЕКЕЖАН Айбекұлы**

(1667, Ақтөбе өңірі Мұғалжар тауы маңы – 1730) – батыр, «Қыз Жібек» дастанында Бекежанның прототипі. Сұрмерген садақшы, «қылыштың перісі» атанған. Ел арасында оның ерлігін баяндайтын көптеген жырлар сақталған. Алғашқы әйелі – башқұрт мырзасы Құрамыстың қызы Салиха, одан туған Қайрақ, Байрақ, Тайлақ деген ұлдары да танымал батырлар. Тайлақ Аңырақай шайқасында Кіші жүз жасағын бастаса, Қайрақ пен Байра[к] мыңбасы болған. Б.Батырдың дүниеден озуы жайында екі түр[лі] дерек бар: бірінде, 45 жасын[да] соғыста алған жарақатына[н] қайтыс болды деседі, екінші[сі] түркімендермен болған соғыст[а]

мерт болды делінеді. Б мен оның ұлдарының қабірлері Бат. Қазақстан обл. Сырым ауд. Шідерті өз бойындағы Тайлақ қорымында.

*ҚҰЭ. Алматы, 2000, 2-том, 254 бет.*

**БЕКЕТ БАТЫР**
**Серкебайұлы**

(Шамамен 1823-1856). Әлім ішіндегі Шектінің Қарабас аталығының Мәмбетәлісінен. Бекет жас кезінен алғыр, қайратты, әрі шешен, өте сымбатты болған, жігіттігін сал-серілікпен өткізген. Халық оны «Паң Бекет», «Сал Бекет», «Сал мойын Бекет» деп атап кеткен. Бекет шөбере інісі Ерназармен бірге өскен, батырлық жолдары түрікпендермен шайқастан басталады. Олар түрікпеннің Аллақұл батырын байлап-матап, әскерлер қосына әкелген. Сонда Бекет 17 жасар, Ерназар 15 жасар екен: олар осы кезден батыр атанған. Б.б. 1847-56 ж.ж. патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы Есет Көтібарұлы бастаған халық-азаттық қозғалысына қатынасып, әскери-тактикалық қимылдарға басшылық етті. Б.б. Есет батыр шыққан Кіші жүздің Орта бөлігінің аға сұлтаны Арыстан Жантөриннің тоқтаған жерінде 1855ж. 7-ші шілдеде таңсәріде шабуыл жасап, оның қазақтардан, башқұрттардан, казактардан тұратын 500 әскерін талқандауға қатысады. Сол жылы көтерілісшілер Орал казактарының отрядымен де шайқасты. Орынбор шекара комиссиясы Есетті келісім жасауға шақырады. Есет 1856 ж. ортасында інісі Бекетті, тумалары Көрік Көрпебаевты, Жәнібек Ақпановты, Байжарық Кемаловты, Тілеу руының старшинасы Күлекеновты, баласы Назарды, т.б. жібереді. Шекара комиссиясының төрағасы В.В.Григорьев: «Посланных Есетом сына Назара и Пан-Бекета с напроважатыми сегодня арестовать...» деп жарлық береді. Орынбор әкімшілігінің жанындағы әскери сот шешімімен Бекет, Ерназар Кенжалин, Қарабас 1856 ж. Сібірге айдалғанда Б.б. 33 жаста екен. 1897 ж. Қазанда жарық көрген «Бекет батыр туралы жыр» деген кітапта көрсетілгендей, ол «Отыз үшке келгенде, түстім жаудың қолына» деп толғанады. В.В. Григорьевтің Орынбор генерал-губернаторына жазған хатында: «...как говорят киргизи, он (Назар) по природе скромный. Его Есет не любит за эту скромность... Поэтому предлагаю отпустить Назара» (Қаз. Р.Ұлттық архив, 4 қор, 1 тіркеу, 2793 п. 41-41 айналмалы парақтары. «Назарға ат алу үшін 30 сом, базарлыққа күмістен жасалған қошқар мүйіз, тоқымалы үлкен орамал, 13 аршын көк мата...») (54 парақ) берген.

*Әдеб: 1. А.А. Диваев. Киргизская былина о Бекет батыре II Ученые записки им-го Казахского ун-та. Одиннадцатая книга. Казань, 1897, с. 34.*

*2. З.Б.Байдосов «Үш ғасыр перзенттері». Ақтөбе, 1997.*

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, Ақтөбе, 2001, 335-336 б.*

**БЕКЖАНОВ**
**Сапар Көшетұлы**

(15.09.1917 ж.т. Шалқар ауданы, № 1 ауыл – 1992 Алматы қаласы), полковник.

Шалқар қазақ орта мектебін, ФЗО мектебін бітірген соң Шалқар паровоз деповында слесарь болып еңбек жолын бастаған. Кейін Алматы техникумының саясаттану бөлімінде оқып (1936-1939), бітіріп, партия жұмысында қызметте жүргенде әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатынасып, 1946 ж. полковник шенінде аяқтайды. Соңғы жылдары (1972-1986) Алматы қалалық Атқару Комитеттерінде әскери жұмылдыру бөлімін басқарған.

Москваның әскери-саяси академиясын бітірген. Қызыл Жұлдыз (екі рет) және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған.

**БЕКМАҒАНБЕТОВ Қанаш**

(а.к.б. 1910 ж.т. Шалқар ауданы, Аралши ауылы, 20.11.2001 – Шалқар қаласы), еңбек және соғыс ардагері.

Жастайынан еңбекке араласқан. Өз бетінше оқып білім алған, өмір өткелдерінен өткен, «Аралши» ұжымшарында жұмысшы, бригадир, ферма меңгерушісі (1935-1942) болған.

1942 жылы әскер қатарына шақырылып, Сталинград майданында болған қатардағы жауынгер Қанаш Бекмағанбетов ауыр жараланып, 1943 жылы елге оралады. 3-4 жыл жеңіл жұмыстар атқарып, 1947-1964 ж.ж. бригадир, ферма меңгерушісі, ұжымшар төрағасының орынбасары, 1964-1978 ж.ж. «Шалқар» кеңшарында аға жұмысшы, мал жайылым учаскесінің басқарушысы, №1 ферма меңгерушісі қызметтерін атқарған.


С.Бекжанов


Қ.Бекмағанбетов


І.Бекмұратов


К.І.Бекмұратов

Ұйымдастырушылық қабілеті, еткен еңбегі еленіп Ленин (1966), «Құрмет белгісі» (1963) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**БЕКМҰРАТОВ Іскендір**

(14.02.1911 ж.т. Шалқар ауданы № 14 ауыл – 5.09.1965 Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері. Еңбек жолын қаржы бөлімінде агент болып бастаған, кейін инспектор (1941 жылға дейін). Ұлы Отан соғысына қатынасып, елге мүгедек болып оралған соң Елтай, Қаратал ауылдық кеңес атқару комитеттерінің төрағасы (1942-1950), «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ұжымшарларының төрағасы (1950-1957), Сарыбұлақ ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы (1957-1960) қызметтерінде болған.

4 медальмен марапатталған. Бүкілодақтық халық шаруашылы көрмесіне қатынасқан. (1956 ж.)

Артында өнегелі ұрпақ қалды: ұл-қыз өсірді, оларға жақсы тәрбие берді. Баласы **Кеңесбай Іскендірұлы Бекмұратов** (1936 ж.т.) Шалқар кәсіптік-техникалық училищесін (кейін КТМ) 16, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін 6 жыл басқарды, «Жаңа қоныс» кеңшарында партком хатшысы, аудандық кәсіподақтар кеңесі төрағасы болып қызмет атқарды.

**БЕКМҰХАМЕДОВ**
**Еркін Лутфуллаұлы**

(1934 ж.т. Шалқар қ.) – ғалым а.ш. ғыл докторы (1992). 1954-59 ж.ж. Қазақ Мемл. А.ш. интитутында оқып, ғалым-агроном мамандығын алған, 1959-63 ж.ж. қой шаруашылығының Бетбақдала тәж. ст-ның мал азығын өндіру бөлімінің кіші ғылыми қызметкері болып, Мойынқұм құмдарында шөп егу, зерттеу жұмысын атқарған. 1963-69 ж.ж. Қазақ мал шаруашылығы (қазір қой шаруашылығы) ғылыми-зерттеу интының жайылымын жақсарту бөл-нің кіші ғылыми қызметкері., 1965-68 ж.ж. осы ин-тың аспиранты кезінде Алматы обл-ның өңіріндегі шөл аймақты зерттеп, а.ш. ғыл. канд. диссертациясын (1972) қорғады. 1969-91 ж. қазақ тоғай-жайылым ғылыми-зерттеу ин-тының кіші ғылыми қызметкері, 1991-93 ж. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік ин-тында мал азығын өндіру, агрономия мен ботаника каф-ның доценті. Ғылыми іссапармен Монғолияда болған. Куба Республикасында мал азығы және жайылым тәжірибе ст-нда ғылыми кеңесші қызметін атқарған. 1991 ж. Волгоград а.ш. ин-тындағы ғылыми кеңесте «Қазақстанда шөп өндірудің агробиологиялық ерекшеліктері мен оны егудің технологиясы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Баспасөзде 60-тан астам ғылыми еңбектері жарияланған. Того, Мали, Эфиопия елдерінен ғыл. канд. даярлауға үлес қосқан.

**БЕКТЕНҒАЛИЕВ**
**Хайрулла**

(1918-1976 ж.ж.), абыройлы да ардақты педагог. Жас кезінде медреседе оқып білім алған, діни де сауатты. Ақтөбедегі оқытушылар институтын бітірген (1937), мамандығы – мұғалім. Шалқар ауданында 1945 жылға дейін қызмет жасаған: мектепте оқу ісінің меңгерушісі (1937-1939), мектеп директоры (1939-1940), аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі (1940-1942), Шалқар қазақ орта (қазіргі №1) мектебінің директоры (1942-1945). Кейінгі жылдары Темір педучилищесінде директор (1945-1949), Темір қазақ орта және «Еңбекші» жеті жылдық мектептерінің директоры, аудандық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі (1949-1956) қызметтерін абыроймен атқарды.

Еңбегінің жемісті де нәтижелі болған кезеңі Шалқар ауданында өтті, ауданның саяси, мәдени өміріне тікелей араласты. Сол үшін оған КСРО Жоғарғы Кеңесінің Указымен Үкіметтің жоғарғы наградасы табыс етіліп, ауданда үлкен митинг өтті (1939). Кейінгі жылдары да бірнеше орден, медальдармен марапатталды.

Тілге шешен, артында ұлағатты сөзі қалған, Шалқар, Темір аудандарының күні бүгінге дейін атын ардақтайтын құрметті азаматы.

*Т.Тілешев.*

**БЕКШОРИН Оразғали**

(а.к.б. 1908 ж.т. Шалқар ауданы, 19 ауыл – 13.02.1983 ж. Шалқар ауданы, Шілікті ауылы), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі.

Еңбек жолын 1920 ж. малшы болып бастаған. 1923-1934 ж.ж. мектепте, Орынбор жұмысшылар факультетінде, Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтында оқып, бітірген. Торғай аудандық жер бөлімінде (1934-1938), Шалқар аудандық жер бөлімінде (1938-1942) аға зоотехник қызметтерінде болған.

1942-1943 ж.ж. Чкалов (Орынбор) қаласында атқыштар полкінің қатардағы жауынгері, училищенің курсанты. 1943-1946 ж.ж. ішкі істер қызметінде болды.

1947 жылдан Шалқар ауданында жер бөлімінің учаскелік зоотехнигі, бастығы. Содан кейін «Коммунизм жолы» ұжымшарында төраға болып қызмет істеген (1952-1958 ж.ж.), аудандық ауыл шаруашылық инспекциясында зоотехник, экономист-зоотехник (1958-1967), Кейінгі жылдары Шалқар ауданының «Тоғыз» кеңшарында экономист қызметін атқарған (1967-1978).

Ленин орденімен (1958), 5 медальмен марапатталған, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі» (1966).

**БЕРДАЛИН**
**Берік Жұмабайұлы**



(25.06.1955 ж.т. Шалқар қаласы), КСРО спорт шебері, грек-рим күресінен ересектер арасынан шыққан әлем чемпионы (2003). Шалқар қаласындағы І.Үргенішбаев атындағы орта мектепті (1972), Алматы дене тәрбиесі және спорт институтын (1982) бітірген. 10 жасынан күрестің классикалық (грек-рим) түрімен айналысып келеді. 1975 жылдан спорт шебері, бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы, теміржолшылар арасында өткен КСРО чемпионаттарының 6 дүркін чемпионы, ВЦСПС чемпионатының қола жүлдегері (1979). Фила федерациясының ұйымдастыруымен ардагерлер арасында 6 рет өткен чемпионаттың бесеуінде жүлдегер (II, III, IV орын), біреуінде әлем чемпионы (2003) атанған. Елбасы Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Алғыс хат» иегері (2003), Шалқар ауданының 2000 ж. «Жыл адамы», Қазір мектепте жаттықтырушы.

**БЕРДІМҰРАТОВ**
**Жанділда**

(а.к.б. 1926 ж.т. Ақтөбе облысы Шалқар ауданы «Сарытепсең» ауылы). Еңбек және соғыс ардагері. 1942-44 ж.ж. ұжымшарда есепші, 1944-50 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында болған. 1951 жылы Шалқар теміржол милициясында қызмет атқарды. 1954 ж. «Сарытепсең», кейін «Амангелді» атанған ұжымшар тың жерді игеруге Оңтүстік Қазақстан облысы Ильич ауданына көшірілгенде сонда аудандық Кеңес атқару комитетінде жауапты хатшы, төраға орынбасары, бірінші орынбасары қызметтерін атқарады. 1958 жылы Ильич аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы. Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болады (1958-1963 ж.ж.).

1963 ж. Қызылорда облыстық партия комитетінде нұсқаушы, ауылшаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 1964-76 жылдары Қармақшы аудандық партия комитетінің екінші хатшысы (1968-1976). «Ленин» кеңшарының директоры (1976-1989) қызметтерін атқарды.

Ташкенттің ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Ленин, Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері. Әскери атағы-майор, 2-дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденін алған, бірнеше медальдары бар.

**БЕРЖАНОВ**
**Амантай Бержанұлы**

(07.11.1948 ж. Ақтөбе қаласы), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры.

Шалқар қаласында мектеп бітірген. Ақтөбе педагогикалық училищесін (1966 ж.), Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін (1971 ж.) үздік бітірген. Еңбек жолын Шалқар ауданының Сарыбұлақ сегізжылдық мектебінде бастап, Қорғантұз орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып қызмет істеді. 1973 жылдан бастап Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында аға оқытушы, доцент, декан орынбасары қызметін атқарды. Абай атындағы Каз.ПИ-дің аспирантурасында ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Д.Ү.Үмбетжановтың жетекшілігімен «Бірінші ретті дербес туындылы интегродифференциялық теңдеулер жүйесінің көппериодты дерлік шешімдері» тақырыбына диссертация қорғады (1978 ж.).

2003-2006 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің математика ғылымы бойынша конкурстарында Ақтөбе университеті ғалым-математиктері жеңіп алған гранттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып, 90-нан астам ғылыми еңбек жариялаған. «Қазақстан Республикасы білім беру саласының үздігі».

**БЕРДЕНОВ**
**Серік Мақсотұлы**

(19.12.1959 ж.т., Шалқар қаласы), қаржы полициясының полковнигі. Екі жоғарғы оқу орнын бітірген, мамандығы бойынша заңгер, экономист, автоматты және есептеу техникасы саласының білгір маманы. Еңбек жолын 1981 жылы Ақтөбе қаласындағы «Актюбрентген» зауытында инженер қызметінен бастаған ол 1987-2004 ж.ж. ІІБ лауазымды қызмет атқарды.

Бүгінде Ақтөбе облысы бойынша экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті бастығының орынбасары. «Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің озық қызметкері», басқа да марапаттары бар.

**БЕРКІНБАЕВ**
**Сәлім Фахатұлы**

(11.05.1957 ж.т. Шалқар ауданы, Бершүгір селосы). Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы медицина ғылымы Академиясының корреспондент-мүшесі. Шалқар қаласындағы № 1 қазақ орта мектебін бітірген (1973) ол 1973-1979 ж.ж. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында оқыды. 1979-1980 ж.ж. Ақтөбе облыстық клиникалық ауруханасында дәрігер-интерн, 1980-1983 ж.ж. Ақтөбе мединститутының ішкі аурулар кафедрасының аға лаборанты болды. Н.И.Пирогов атындағы № 2 Мәскеу мемлекеттік медицина институтының клиникалық ординатурасында (1983-1985), осы институттың күндізгі аспирантурасында (1985-1989), РМҒА жүрек-тамыр хирургиясы институтының докторантурасында (1990-1993) оқыды. 1993-1995 ж.ж. аталмыш институттың аға ғылыми қызметкері, 1995-2001 ж.ж. Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясының дәрігерлер білімін жетілдіру факультетінің кафедра меңгерушісі, ғылыми-клиникалық жұмысы жөніндегі проректоры болды. 2001-2003 ж.ж. Астана қаласындағы Республикалық клиникалық емхана директорының бірінші орынбасары, 2003-2007 ж.ж. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының ректоры қызметтерін атқарды. 2008 жылдан бастап Астана қаласында қызметте.

**БЕРКІНБАЕВ Фахат**

(22.06.1930 ж.т. – 08.01.1997 Шалқар қаласы), ауыл шаруашылығының шебер ұйымдастырушысы.

Ауыл шаруашылық техникумын (1949 ж. Түркіменстанда), қазақтың ауыл шаруашылық институтын (1956 ж. Алматыда) бітірген, ғалым-агроном. Қызметі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты болды: Аламес және Бершүгір МТС-тарында агроном, «Жаңа жол» ұжымшарында басқарма төрағасы, «Шалқар» кеңшары мен Үлкен Борсық орман шаруашылығы мекемесінде директор, Шалқар ауыл шаруашылық басқармасында бастықтың орынбасары, экология бөлімінің бастығы (1949-1992) қызметтерінде болып абыройлы да адал жұмыс жасады. Еңбегі еленіп, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды (1974), бірнеше медаль иегері атанды.

**БЕРКІНБАЕВ**
**Сматолла Молдашұлы**

(28.08.1931 ж.т., Хромтау (бұрынғы Новоресей) ауданы Ойсылқара а.), партия қызметкері, дербес дәрежедегі зейнеткер.

Ақтөбедегі № 6 қазақ орта мектебін (1949), Мәскеудің ауыл шаруашылығы институтын



Ж.Бердімұратов



А.Бержанов



С.Берденов



С.Беркімбаев

(1954) үздік бітірді. Мамандығы-ғалым-зоотехник. Кейін КОКП Орталық Комитеті жанындағы жоғарғы партия мектебін қызыл дипломмен (1971) тәмамдады.

Еңбек жолы: «Қопа» кеңшарында бас зоотехник, директор (1954-1959) қызметін атқарған ол 1959 жылдан бастап партия жұмысында: Новоресей аупарткомының екінші, Байғанин және Темір аупарткомдарының бірінші хатшысы (1959-1982). 1983-1984 ж.ж. Ақтөбе облпарткомы жанындағы партия комиссиясының төрағасы, 1985-1986 ж.ж. Шалқар аупарткомының бірінші хатшысы болды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Ақтөбе қаласы әкімшілігінде жетекші маман болып қызмет атқарды.

1975 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды, 1965-1986 ж.ж. Ақтөбе облыстық партия комитетінің мүшесі, бірнеше рет облыстық кеңестің депутаты болды.

Қазақстан Компартиясының XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты. Отан алдындағы еңбегі жоғары бағаланып, халық шаруашылығын өркендетудегі қол жеткен табыстары үшін Ленин, «Октябрь революциясы», 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, күміс, қола медальдарымен марапатталды. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1972) атанды, Байғанин, Темір аудандарының «Құрметті азаматы» болды.

Қазіргі күнде зейнеткер, оған 1992 жылы Қазақстан Республикасы алдындағы қызметі үшін өмірлік дербес зейнетақы тағайындалды.

**БЕРКІНОВ Абдолла**

(1882 ж., Жұрын ауд. Ащықұдық а. – 1971, Ембі қаласы)

Халық ағартушысы. 1911 ж. Уфа қ. «Ғалия» медресесін бітірген. Сол жылы Ащықұдықтан мектеп ашып, 1922 ж. дейін бала оқытты. 1958 ж. дейін Аққемер, Темір, Шұбарқұдық, Шілікті, Сабындыкөл, т.б. мектептерде мұғалім, директор болған. Шәкірттері – ғалымдар А.Жұбанов, Т.Бәсенов, С.Бәйішев, Социалистік Еңбек Ері Н.Жақсыбаев, Кеңес Одағының Батыры М.Бөкенбаев, жазушы Ж.Тілепбергенов, т.б. есімдері елге кеңінен мәлім тұлғалар. 1948 ж. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

**БИЕКЕНОВ**
**Әбидулла Үмбетжанұлы**

(1911 ж. – Шалқар қ., 1946 ж. – Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, заңгер. Ақтөбе кеңес-партия мектебін (1931), КСРО Әділет Министрлігі ж-дағы академиялық курсты үздік бітірген (1939). 1931-42 ж.ж. Шалқар ауд. газ. алғашқы редакторы, ауд. комсомол комитетінің хатшысы, халық судьясы, облсоттың алқа мүшесі, төрағасының орынбасары, төрағасы. 1942 ж. Қарағанды облпарткомының хатшысы, одан кейін Кеңес Армиясы қатарында саяси жұмыста – 1 Белорус майданы саяси басқармасының нұсқаушысы болды. Польша, Германия жеріндегі ұрысқа қатысты, жарақат алды. 1946 ж. Б.Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы. Екі рет Қызыл Жұлдыз орденімен, 4 медальмен марапатталған.

**БИЕКЕНОВ**
**Кеңес Үмбетжанұлы**

(26.09.1933 ж. Шалқар қаласы). Шалқардағы қазақ орта мектебін (1951 ж.), С.М. Киров


Ж.Бекеев


Ф.Беркімбаев


С.Беркінбаев

атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындағы) ҚазМУ-дің тарих фактін тәмамдаған. Социология ғылым докторы, (1993 ж.), профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі (1997 ж.) 1956-1959 ж.ж. комсомол қызметінде: ҚЛКЖО Ақтөбе обл. ком-нің хатшысы, 1961-1965 ж.ж. СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мект-ің аспиранты, 1968 ж. осында кандидаттық диссертация қорғады. 1971 ж. дейін Ақтөбе қалалық партия қызметінде (1971-1973 ж.ж.) хатшы, ұзақ жылдар Ақтөбе мединститутында кафедра меңгерушісі, 1993 ж. бері Әл-Фараби ат. Қаз. МҰУ-де социология кафедрасының меңгерушісі. ҚР Мемл. наградаларымен марапатталған, 90-нан астам ғылыми еңбектің, көптеген кітаптардың авторы.

**БИЕКЕНОВ**
**Марат Әбидоллаұлы**

(1942 ж.т. Қарағанды қ.) – философия ғыл. докторы (1989), профессор (1990), ҚР халық ағарту ісінің үздігі. Шалқар қ. орта мектепті бітірген соң осында еңбек жолын локомотив депосында жұмысшы боп бастады. Алматы х.ш. институтын, Қазақтың ТҰУ аспирантурасын бітірген соң 1972-82 ж.ж. Алматы мемл. Медицина инс-да аға оқытушы, доцент, 1982-84 ж.ж. КСРО ҒА философия ин-тының докторанты, 1984-94 ж. Алматы мемл. медицина институтында саясаттану, социология және құқық кафедрасының меңгерушісі, 1994-95 ж. ҚР Жоғарғы Кеңесі халықаралық қатынастар комиссиясының эксперті, 1995-96 ж. ҚР Үкіметі аппаратының сыртқы байланыстар бөлімінің референті, 1996 ж. – ҚР Сенаты Аппаратының халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік секторының меңгерушісі, 60-тан астам ғылыми еңбектері, монографиясы жарық көрген.

**БИЕКЕНОВ**
**Қалекеш Әбидуллаұлы**

(25.4.1940 ж.т. – Шалқар қ.), медицина ғыл. докторы, профессор. Ақтөбе медицина ин-тын бітірген соң Қостанай қаласында медицина техникумында оқытушы. Мәскеуде кандидаттық диссертация қорғады. 20 жылға жуық республикалық дәрігерлер білімін жетілдіру ин-ның 2 кафедрасында доцент, 1991ж. Қазақтың кардиология ғылыми-зерттеу ин-тының функционалдық диагностика бөлімінің жетекшісі. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі комитетінің штаттан тыс маманы, ФОМС эксперті, 70-тен астам ғыл. мақалалары, бір монографиясы жарық көрген. Қазақстан, Орталық Азия және ТМД елдері кардиологтары Ассоциациясының мүшесі. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

**БИЕКЕНОВ**
**Нұрлан Амангелдіұлы**

(4.02.1969 ж.т. – Шалқар қ.), Заң ғыл. кандидаты (1997). 1986 жылы № 39 орта мектепті бітірген соң 1986-1987 ж.ж. осы мектепте мұғалім болды. 1987-1989 ж.ж. әскер қатарында. 1989 ж. Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1994 ж. қызыл дипломмен бітірген.

1994-2003 ж.ж. Қарағанды жоғары милиция мектебінде кафедра меңгерушісі. Заң ғылымдарының кандидаты (1997). 2003 жылдан күні бүгінге дейін ІІМ оқу ісі жөніндегі бөлім бастығы. Қазіргі кезде докторлық диссертациясын қорғау үстінде.

**БИМАҒАНБЕТОВ**
**Жұбаныш**

(20.12.1938 ж. – Шалқар қаласы), денсаулық сақтау саласының белгілі ұйымдастырушысы. Ақтөбе медициналық институтын бітіргеннен кейін Аяққұм учаскелік ауруханасының (Шалқар ауданы) бас дәрігері (1964-1965), Шалқар аудандық ауруханасында терапевт, бас дәрігер-терапевт, бас дәрігердің орынбасары (1965-1975), Шалқар т.ж. тораптық ауруханасының бас дәрігері (1975-1984)


Ә.Биекенов


М.Биекенов


Қ.Биекенов

қызметінде болды. 1984 жылы Ақтөбе қаласына қызметке жоғарылатылады.

Батыс Қазақстан т.ж. басқармасының дәрігерлік-санитарлық қызметінің бастығы (1984-1988), осы т.ж. басқармасына қарасты туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері (1988-1997).

Атақтары мен марапаттары:

1-ші санаттағы денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы (1982 ж.);

– КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі (1984);

– Қаз. КСР Денсаулық сақтау Министрінің арнайы марапаты – Мақтау грамотасы (1980, 1983), медальдар. Қазір зейнеткер.

## БОДАН

(1890 ж. – Шалқар ауданы, 11.01.1973). Жаратылысынан бойына туа біткен сезімталдығы, табиғатқа зер сала жүре өмір тәжірибесіне, аң-құстың қимыл-әрекетіне, жұлдыздарға қарап ауа райын болжаған адам ретінде белгілі.

Көне көз ауылдас қариялар арасында «Бодан айтқан» деген әңгімелер көп. Өз баласы Қ. Боданов (бүгінде зейнеткер) былай дейді: «Әкем марқұм «Қарағым, осы бүгін, еру бола тұрып, ертең ақ жүрсең қайтеді» дейтін кейде. Бірақ со сәтте күн шайдай ашық, ауа райы аяқ астынан бұзылады деген ой еш қаперге келмейтін. «Қызықты» ауылдан ұзай бере көретінбіз. Барлық жол сапардағы сәтсіздіктерді әкемнің болжауына ұйғарудан аулақпын, әйтсе де көп жағдайда айтқаны айна қатесіз дәл келетін. Әкемнің түн ортасында жұрт шырт ұйқыда жатқанда екі-үш рет далаға шығып, жұлдыз қарап, топырақ үйіп, өзінше тәжірибе жасап жүргенін талай көрдім. Ал күндіз ұшқан құс пен жорытқан аңға, үй жануарларының қылуасына зер салатын». Бодан ақсақалмен ауылдас болған Қайырла Бекбашев: «Бодан ақсақалдың бойында, жүріс-тұрысында, қылуасында бір өзгеше ерекшелік бар сияқты көрінетін. Жалпы ол кісі ауа райын болжаумен тым ертеден бері шұғылданған адам. Жол сапарда дәл со кісі айтқандай-ақ күн райы күрт өзгеріп, жауын-шашын, жел тұрып, мінез көрсететін және сол өзі айтқан уақытта сап басылып, жарқырап ашылатын».

## БОЗДАҚОВ Қойшекен

(1935 ж.т. Шалқар ауданы, Көпмола ауылы). ҚР білім беру ісінің үздігі, еңбек және тыл ардагері. Білім саласының ардагері. Саналы өмірін бала оқыту ісіне арнады. 45 жыл ұстаздық етті, бір жерде, бір мекемеде – теміржол бойының Көпмола бекетінде, Көпмола мектебінде. Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» атанды. (1996), бірнеше үкімет наградаларымен марапатталды, оның ішінде 2004 ж. тәуелсіз еліміздің мерекелік медалі де бар. 1941-1945 ж.ж. Отан соғысының (тыл) ардагері Қ. Боздақов, ауылдың, ауданның мәдени, саяси өміріне араласып, игі істердің ұйытқысы болып келеді. Темір жол бойы сыйлайтын құрметті теміржолшы, ардагер ұстаз, 10 бала тәрбиелеп өсірген отбасының басшысы (зайыбы Бибайша Боздақова «Батыр Ана»).

## БОЗОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы Бозой елді мекені. Құрамына Қаңбақты, Қоянқұлақ ауылы кіреді. Ауданның оңтүстігінде 220 км., Ақтөбеден 600 км. қашықтықта орналасқан, тұрғын саны 2,7 мың адам. 1965 ж. Бұқара-Орал газ тасымалдау желісінің осы өңірде төселуіне байланысты Бозой газшілер поселкесі пайда болды. Ауыл шаруашылығы құрылымдары болмаған, 1997 ж. Бозой селолық атқару комитеті Бозой ауылдық округі әкімшілігі болып құрылды. Округ оңтүстігінде 40 км. қашықтықта Арал теңізімен, шығысында 60 км. қашықтықта Қызылорда облысы Арал ауданының Құланды елді мекенімен, оңтүстік батысында 67 км. қа-

1946-1950 ж.ж. Алматы заң институтында оқып, еңбек жолын 1950 ж. Ақтөбе қалалық прокурорының көмекшісі қызметінен бастады. Мұнан кейін Ақтөбе обл. прокуратурада аға тергеуші болды. 1957 ж. Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) заңгерлердің Бүкілодақтық 6 айлық курсында білім жетілдірді.

1958-1968 ж.ж. Қарабұтақ ауд.прокуроры, 1968 ж. өмірінің соңына дейін Шалқар ауданының прокуроры қызметін атқарды. КСРО Бас прокурорының грамоталарымен, бірнеше медальдармен марапатталған. 2007 ж. 19 шілдеде Шалқар аудандық прокуратура ғимаратының қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды.

**БОРАНБАЕВ**
**Орыналы Тілеуліұлы**

(01.1933 ж.т. Шалқар ауд. Шағыр бекеті) – әділет генерал-майоры. Алматы мемл. Заң институтын бітірген (1954) соң құқық қорғау прокуратурада аға тергеуші. 1961-66 ж.ж. Қызылорда облпарткомының нұсқаушысы, бірінші хатшысының көмекшісі, 1966-75 ж.ж. Республикалық прокуратураның тергеу бөлімінің бастығы, Алматы обл. прокурорының орынбасары, 1975-88 ж.ж. Гурьев (Атырау), Қызылорда облыстарының прокуроры, 1988 ж.ж. ҚР прокуратурасы аппаратында тергеу басқармасы бастығының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік және Кеден органдарындағы заңдылықтардың орындалуын қадағалау бөлімінің бастығы, құқықтық ақпарат жүйесінің бастығы, кадрлар басқармасының бастығы



*М.Боқаев*

қызметтерін атқарған. 1991 ж. қазан айында Әзірбайжан мен Армения арасындағы таулы Қарабахқа байланысты ұлтаралдықты реттеу тобының мүшесі болды. Республикада заң шығару ісіне салмақты үлес қосты: ҚР прокуратурасы туралы заңның мәтінін мемлекеттік тілге аударған, «ҚР прокуратура қызметкерлеріне кластық шендер мен әскери атақ беру туралы» Ереженің жобаларын әзірлеуге қатысқан. Бірнеше медальдармен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. «КСРО Прокуратурасының құрметті қызметкері».

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 349-бет.*

**БОТАШЕВА Ұлдай**

(19.02.1928 ж.т. Шалқар ауданы – 27.04.1983 ж. Шалқар қаласы), ұлағатты ұстаз.

1948 жылы Н. Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтына түсіп, 1950 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1950 жылы Шалқар ауданының Дамбар жетіжылдық мектебінде бастап, үш жыл бойы осы мектепте мамандығы бойынша сабақ берген. 1953 жылдың тамыз айынан бастап отыз екі жыл бойы Шалқар қаласындағы №1 қазақ орта мектебінде бастауыш кластар мұғалімі, мектеп директорының орынбасары болып қызмет еткен.

Боташева Ұлдайдың жас жеткіншектерді оқытудағы еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1963), «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» (1964) атанды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды, «КСРО Оқу ісінің үздігі» (1970) болды.

Басқа да марапаттары бар. Бірнеше мәрте аудандық кеңестің депутаты болған, Қазақстан Компартиясының XIII съезінің делегаты болып қатысқан.

**БҮРКІТБАЕВ**
**Мұхамбетқали**

(14.11.1952 ж.ж. Ақтөбе обл. Шалқар ауд. 25-а) ғалым, хим. ғыл.докт. (1996), проф. (1998).

Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ-ды бітірген (1975). Қазақстанда радиоэкологияның негізін қалап, ядр. физ. құралдармен жабдықталған қазіргі заманға сай лаб. ұйымдастырған. Б.-тың негізгі ғыл. еңбектері сулы орталарда фосфонаттарды радиациялы – стимулденген тізбекте тотықтыру, ерітінділерде фосфор мен күшәннің төмен валентті қосылыстарын тотықтырудың тотығу-тотықсыздану және радиац. – стимулденген тізбекті реакцияларына арналған. Ол радиац. химия әдістері көмегімен V-топтың қосымша элементтері қосылыстарының тотығу процестерінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеді.



С.Болысбаев

Б. 160-тан аса ғыл. еңбектің авторы, оның ішінде 1 монографиясы, 6 әдістемелік құралдары, 4 патенті бар.

Ол «Қазақстан ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін» белгісімен (1992) және «Қазақстан жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантымен (2006) марапатталған.

*«Қазақстан Ұлттық энциклопедия», 10-шы том, 167 бет.*

**БҰЖЫР**

(т.қ.ж. белгісіз), Кіші жүздің Әлімұлынан Өріс-Бөлек-Бұжыр болып тарайды. Тарихи тұлға. Шамасы бұдан 300-350 жыл бұрын өмір сүрген. Палуан тұлғалы, қайратты, ірі кісі болған. Қазақ пен қалмақ соғысында ерлікпен көзге түскен. Дүниеден өтерінде сауытын – үлкен баласы Назарға, дулығасын – Шуренге, қылышын – Жекейге берген деп айтылады ауызекі әңгімеде. Сауыты – темір шынжырдан тоқылған кең, көйлек сияқты дүние, ілгегі де шынжыр іспетті дөңгелек екен. Назарда екі батыр болған – Жәлімбет, Тыным. Кейін сауыт Тынымға, найзасы – Жәлімбетке тапсырылады. Сөйтіп сауыт қолдан қолға көшіп, Дүзмағанбеттегі Абылази (1925 ж.т.) үйінде сақталған. Қатал заман кесірінен сауыт 40 жыл жер астында жатып тот басқан. Сауыт облыстық мұражайда сақтаулы.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 356-бет.*



Ұ.Боташева

**БҰХАРА-ОРАЛ газ құбыры**

КОКП Орталық Комитеті, КСРО Министрлер Кеңесі 1958 жылғы 15 тамызда қаулы қабылдап, онда Орал өңіріне газ жеткізу арқылы газ өнеркәсібін одан әрі өркендету мәселесі сөз болды. Газли газ қоймасы есебінен Орал өңіріндегі, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан қалаларын және кәсіпорындарын арзан отын және шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында Бұхара-Орал газ құбырын тарту жөнінде шешім қабылданды.

Сөйтіп 1961 ж. Бұхара-Орал газ құбырының құрылысы басталды. 1962 жылдың желтоқсан айында Газли-Челябинск магистралы пайдалануға берілді. Ал 1964 ж. Бұхара-Орал магистралды газ құбырының кәсіпкершіліктері мен транспорт нүктелері ортақ болды. 1965 ж. осы магистраль бойында № 11, 12, 13, 14, 15, 16,17, ал 1966 ж. № 10,13,19 газкомпрессор стансалары салынды, Өз алдына Орта Азия-Орталық магистральді газ құбыры басқармасы құрылып, ол Бұхара-Орал газ құбыры басқармасынан бөлінді. 1968 ж. Бозой газ кәсіпшілігі құрылып, ол бір жыл ішінде тұтынушыларға 100 млрд.текше метр көгілдір отын жөнелтті. 1978 ж. ақпан айында «Уралспецстройтрансгаз» тресі құрылып, оған Бозойдағы Арал және Шалқардағы Шалқар тораптық өндірістік басқармалары қарады.

1970 ж. Шалқар қаласындағы 30 үйге алғаш рет көгілдір отын берілді. Бұл күндері Шалқар қаласы түгелдей қосылып, бірнеше елді мекендер табиғи газ игілігін көруде. Ауданды толық газдандырудың бағдарламасы жасалып, кейбір елді мекендер табиғи газ желісіне 2008-2010 ж.ж. қосылмақ.

**БІРМАҒАМБЕТОВ Ыбырай**

(а.к.б. 1918 ж.т. Шалқар ауд. – 1999 сонда) – Ұлы отан соғысы жылдарында (1941-1945) 635-ші атқыштар дивизиясында, 569-шы танктерді жоятын артиллерия полктерінің қатарында ұрыстарға қатысқан. Мәскеудегі Жеңіс парадына қатынасқан (1945). Кейін Новоресей ауданында қаржы бөлімінің меңгерушісі, «Құдықсай» кеңшары партком хатшысы қызметтерінде болған. 1-ші және 2-ші дәрежелі «Отан соғысы», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**БІЛІМ МЕН БАЙЛЫҚ**

Білім мен байлықтың қайсысын таңдарын білмей жол айры-

ғында тұрған жасөспірімдер бір ғұламаға келіп, ақыл сұраған екен. Сонда ғұлама білімнің артықшылығын он түрлі дәлелмен бейнелепті.

Біріншіден, білім бұл пайғамбардан қалған мирас, ал байлық бақылдардан қалған мұра.

Екіншіден, білім сені бағады, ал байлықты сен бағасың.

Үшіншіден, білім досыңды көбейтеді, ал байлық дұшпаныңды арттырады.

Төртіншіден, білім іздеген сайын көбейе, молая береді, жұмсағанмен азаймайды, ал байлық жұмсасаң азаяды, кемиді, жойылады.

Бесіншіден, білімді ұрыдан қорғаудың қажеті жоқ, ал малмүлікті, дүниені, жиған-терген байлықты ұрылардан күнде қорғайсың.

Алтыншыдан, білімің көп болса, ел сені құрмет тұтады, ал байлығың мол болса қызғанады.

Жетіншіден, білімге есеп-қисап жүргізбейсің, ал байлығыңды күнде есептеп отыруың қажет.

Сегізіншіден, білім қаншама көп болғанымен іріп-шіріп бүлінбейді, ал байлық бір жұттық – өледі, жоғалады.

Тоғызыншыдан, білім жан дүниеңді байытады, ал байлық қиялыңды, көзқарасыңды шектейді, тура жолдан тайдырады.

Оныншыдан, білімді адам мәдениетті, әдепті, адамгершілікті болады, ал байлығы мол адам мақтанады, әркімге астамшылдық көрсетеді.

Таразының қай басы ауыр тартқанын өздерің бағамдай жатарсыңдар...

*Д. Матайқызы.*

**БІРШОҒЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ**

Шалқар ауданындағы әкімшілік бірлік. Орталығы – Біршоғыр стансасы.

Аудан орталығынан – 120, облыс орталығынан – 250 км қашықтықта орналасқан. Оңтүстігінде – 60 км. Мөңке би селолық округімен, шығыында 120 км. Шетырғыз селолық округімен, солтүстігі мен батысында Мұғалжар ауданымен 30 км. шектеседі. Жер көлемі – 153308 га.

Тұрғын халқының саны – 2183 адам, 8 ұлт өкілі тұрады. Негізгі кәсібі – теміржол саласының қызметі және тау-кен өнімдерін өңдеу (тас ұнтау).

Округте 4 елді мекен Біршоғыр, Сарысай, Алабас, Қарабұлақ, 25 шаруа қожалығы, 7 дүкен, 1 кафе-бар, 2 дәріхана, 2 монша, шаштараз, кітапхана, клуб, туб. санаторий, 6 Ж.Ш.С.-і, фельдшерлік пункт, 1 емхана, пошта бөлімшесі, «Казтелеком», «Транстелеком» байланыс желілері, теміржол бойын көгалдандыру мекемесі, бір орта, екі негізгі мектеп, балабақша бар.

**БІРШОҒЫР САНАТОРИЙІ**

Біршоғыр темір жол стансасында, Мұғалжар тауының қырқалы беткейінде теңіз деңгейінен 400-500м биіктікте орналасқан. 1880 ж. орыс кәсіпкері қымызбен емдеу орны ретінде Ресейдің ауқатты адамдары үшін санаторийдің негізін қалаған еді. Екінші рет санаторийді 1924-1926 ж.ж. жол қатынас министрлігі қайта салып, Бүкілодақтық мәнде теміржолшыларға берді. 1959 жылы санаторий Қазақ КСР Денсаулық Мин. қарамағына беріліп, респ. дәрежедегі бюджеттік санаториялық мекемеге айналды. 1965 ж. обл. бюджетте. 1983. дейін 200 төсектік, маусымдық болып, тек жаз айларында жұмыс істесе, 75 төсектік қысқы корпусы, жылу беру орталығы іске қосылғасың, 1983 ж. қарашадан жыл бойы жұмыс істейді. Жыл сайын респ-ның 10-12 облысынан келген өкпе ауруларымен ауыратын 500 адам демалып, емделеді.

*М.Тәжімұқанбетов.*

**БІРШОҒЫР ТАС КӨМІР КЕН ОРНЫ**

Ембі қаласының оңт.-батысында 55 км. Біршоғыр т.ж, ст-ның оңт.-шығ. 7 км жерде. Өнімді қалыңның қуаты 375-900 м. Онда 11 көмір қабатының кені бар, осының 5-еуі пайдаға асады. Жұмыс қабатының қуаттылығы 0,4-1,15 м. Қабаттар қуаттылығы мен күлі бойынша түскен салмаққа шыдамай, жеке бөліктерге бөлініп кеткен. Сапа көрсеткіштері: ылғалдылығы 2,6%, күлі 41,88%, құрғақ затқа ұшуы 39%, күкірті 2,6-4,0%. Нағыз құрғақ отынға жылу шығару мүмкндігі 3575-5190 ккал, ыссы массаға – 7160 ккал. ГЖ маркалы тас көмір-энергетикалық, клиренді-дюренді, күлі жоғары, ұшпалы және күкірті мол.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы. 361-бет.*

**БІРШОҒЫР ТЕМІР ЖОЛ СТАНСАСЫ**

Шалқар ауд. солт.бат. Мұнда қиыршақ тас заводы, өкпе ауруы санаторийі, № 7 Біршоғыр жол дистанциясы, дәрігерлік мекеме

орналасқан. Бұрын мұнда Біршоғыр көмір шахтасы болған. Кезінде 12 адам КСРО ордендері мен медальдарына ие болған. Соц. Еңбек Ерлері А.П. Тихонов пен Е.Е. Ерімбетов қызмет істеген. Ауд. аралық тас жол бар, округтегі елді мекендер: Қотыртас, Шахты, Сартөбе, Алабас Сарысай, Орта Қарасай, Қауылжыр өзені. Қарасай, Көлдер: Қобыкөл, Домалақкөл, Бақсыкөл, Жомарткөл, Егіндікөл, Милікөл, Бескөл, Шұбаркөл, Таулар: Боқтыбай (657), Шымылдық тау (600), Біршоғыр (632), Балабақтыбай, Қараадыр, Тағаң, Ырысты. Сирек кездесетін шөптер: Мұғалжар кíринеясы, ақтұңғиық. Жануарлар: шұбар күзен. Құстар: балықшы, безгелдек, дуадақ, қарашақаз, сұңқылдақ, аққу, қарабауыр бұлдырық.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы. 360-бет.*

### БІРШОҒЫР ЖОЛ АРАЛЫҒЫ ДИСТАНЦИЯСЫ

Біршоғыр темір жол бекетінде орналасқан. 1937 жылға дейін дистанция аймағында екі телім болды, кейін ауыр климаттық жағдайға және күрделі профиліне байланысты 1931 жылы Орынбор теміржолының құрамын-да 8-ші Бершүгір жол дистанциясы құрылды.

Алғашқыда дистанцияға Ұлпан бекеті мен 57-айырықтың арасындағы жол телімдері қарап, оның құрамында 14 околотка, механикалық шеберхана, азаматтық құрылыс цехы, көпір жөндеушілер бригадасы және жол жөндейтн колонна болды. Дистанцияның бірінші бастығы болып Петр Федорович Павкин тағайындалды, кейін ол теміржолдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы ұйымдастыру жұмыстары үшін Ленин орденімен марапатталды. 1942 жылдан бастап дистанцияны Алексей Петрович Тихонов басқарды. Ол 24 жыл дистанцияны басқарған кезде, мекеме Ақтөбе бөлімшесі, темір жол басқармасы, қатынас жолдары министрлігі бойынша бірнеше рет ауыспалы Қызыл туды жеңіп алды және жүлделі орындарға ие болды.

1981 жылдан 1996 жылға дейінгі уақытта бекеттерде, айырықтарда шаруашылық әдіспен үйлер салынды, жолдың күтімі жақсарды.

1996 жылдан 2005 жылға дейін дистанцияның өндірістік базасы нығайды, автотұрақтар, жол техникасы машиналары үшін депо, дистанцияның кеңсесі салынды. Дистанция орталық Азияны Ресейдің орталық аудандарымен жалғастыратын бағытта орналасқан. Дистанцияның телімдері Орал тауларының жалғасы – Мұғалжар асуы арқылы өтеді. Ауа райы өте қатал, қыста ауаның температурасы 35-40 градус суық, ал желдің жылдамдығы 30-40 м/сек болады. Қазіргі уақытта дистанцияға Құдық бекеті мен Қайдауыл бекетінің аралығындағы 1967-ші шақырымнан 2107-ші шақырымға дейінгі жұп және тақ жолдары қарап, құрамында 12 айналым, механикалық шеберхана, ақау тапқыш, жасанды құрылыс және азаматтық құрылыс цехтары бар. Дистанцияда 380 жұмысшылар мен қызметшілер еңбек етеді. Бас жолдарының ұзындығы 289,6 шақырым. Дистанцияда 233 қисық сызықты жол телімі бар (92,3 шақырым), оның 115-і (40,7 шақырым) радиусы 650 метрден кем. Бас жолдарда темірбетонды шпалдар салынған жол 71,4 шақырым. Барлық бағыттамалы бұрмалар – 257 дана, оның ішінде бас жолдардағы бұрмалар – 127 дана. Жасанды құрылыстар: 1) көпірлер-45 дана, 2) құбырлар – 176 дана, 3) өткелдер – 2 дана. Қардан қорғалатын жолдың ұзындығы 144,5 шақырым. 1956 жылы Қазақ темір жолының құрылуына байланысты 51-ші, 1977 жылы Батыс Қазақстан темір жолының 6-шы Бершүгір жол дистанциясы, ал 1997 жылы Батыс темір жолының филиалы 7-ші Бершүгір жол дистанциясы болды. Темір жолдағы құрылымдық өзгерістерге байланысты 2004 жылы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының филиалы 7-ші Біршоғыр жол дистанциясы болып өзгертілді. Кезінде дистанция жұмысшылары мен қызметкерлері арасынан 1 адам Социалистік Еңбек Ері атағын, 1 адам Кеңес Одағы Мемлекеттік сыйлығын алған. 20 адам Ленин орденімен, 19 адам «Еңбек Қызыл ту», 4 адам «3-ші дәрежелі Еңбек Даңқы», 3 адам «Құрмет белгісі» орденімен, 21 адам «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталған. 1 адам тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» орденімен марапатталды.

*Жұбаназар Сағынғали.*
















МУЗЕЙ


ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ


50
ЕЛ МЕЖЕСІ - ЕЛУЛІК


ШАЛКАР АУДАНДЫК СОТЫ














# Г

**ГРАЖДАНКИН Дмитрий Евсеевич**

(1900, Ресей, Бузулук – 1982, Шалқар қаласы). Еңбек жолын 19 жасында Қызыл Армияда қатардағы жауынгер болып бастады. 1926 жылы Шалқар қаласына көшіп келіп, теміржолда бағыттаушы, қозғалыс қызметін құрастырушы. 1930-1946 ж.ж. Шалқар, Соленая, Ембі стансаларында кезекші және станса бастығы, 1946-1956 ж.ж. Шалқар жол бөлімшесінде диспетчерлік қызмет атқарды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту және Қызыл Жұлдыз ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

# Д

**ДАДИН Ақылбек Дәдеұлы**

(20.03.1956 ж.т. Шалқар ауданы, Аяққұм ауылы) – техника ғылымдарының кандидаты (2006). Еңбек жолын 1973 ж. «Айшуақ» кеңшарында тракторшы болып бастаған. 1980 ж. Қазақ политехникалық институтын (қазір Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ) бтірген, тау-кен инженері. 1980-1985 ж.ж. Ақтөбе аупарткомында нұсқаушы, 1991-1995 ж.ж. Қарғалы селолық кеңесінің төрағасы, ауылдық-әкімшілік басшысы, Қазақстан менеджмент, экономика және болжам институтын (КиМЭП-ті) сырттай оқып бітірген. (1992). «Ақтөбеоблгаз» АҚ қалалық газ



А.Дадин

қызметі басқармасының бастығы (1997-1999), «Нитрохим» ЖАҚ-ның коммерциялық директоры қызметтерін (2000-2002) атқарды. «Ақтөбе газ шаруашылығы басқармасы» ЖШС-де аудандар бойынша менеджер, басқарма директорының орынбасары болды (2002-2004). 2004 ж. бастап Ақтөбе облыстық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасының бастығы, 2008 ж. наурыздан Қостанай және Ақтөбе облыстарында өңірлік болып келетін Тобыл-Торғай экология департаментінің бастығы. Ақтөбе облысының 2006 жылғы «Жыл адамы», «Құрмет» орденімен (2008) және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

**ДАЙРАБАЕВ Орман Мусаұлы**

(а.к.б. 1921 ж.т. Ақтөбе облысы Құйылыс а. – 26.07.1986 Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері, ұстаздардың ұстазы атанған адам.



О.Дайрабаев

Ақтөбе қаласындағы Байғанин атындағы оқытушылар даярлайтын 2 жылдық институтын 1941 ж. бітірген де мұғалім болған.

1942-1946 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында болып, келгеннен кейін ұстаздық қызметін жалғастырған. Қызылорда педагогикалық институтында оқыған (1948-1950).

1950 жылдан Шалқар қаласындағы № 1 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1981 ж. осы мектептен зейнеткерлікке шыққан.

1959 ж. тіл маманы И. Ұйықбаевтың редакциясымен шыққан диктанттар жинағын шығаруға қатысқан авторлардың бірі. «Сұлтанмахмұт Торайғыров творчествосын оқыту туралы» еңбегі бар («Қазақстан мектебі» журналы, 1965 ж.). «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. (1963). 1977 ж. оған «Аға



Ә.Данабеков

мұғалім» атағы берілген. «Құрмет белгісі» орденінің иегері (1978).

Ұлы Отан соғысының ардагері, 1959 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», 1967 жылы «СССР қарулы күштеріне 50 жыл», 1985 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 40 жыл» медальдарымен, 1985 жылы екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

**ДАНАБЕКОВ**

**Әбукәким Алдиярұлы**

(01.01.1919 ж.т. Шалқар ауданы № 8 ауыл – 30.03.2001 ж. Шалқар ауданы Аққайтым а.).

№ 1 Шалқар орта мектебін бітіргеннен кейін Шалқар балалар үйінде тәрбиеші (1938-1939), Кеңес Армиясы қатарында (1939-1945), Шалқар аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1945-1949), «Талдықұм» колхозының (ұжымшарының) төрағасы (1949-1950), аудандық кеңес атқару комитетінің шаруашылық бөлімінің бастығы (1950-1952) қызметтерін атқарған.

Крупская атындағы колхоздың (ұжымшардың) төрағасы (1952-1956 ж.ж.), Біршоғыр туб-санаториясы қосалқы шаруашылығының директоры, аудандық спорт комитетінің төрағасы (1956-1959 ж.ж.), Жаңақоныс селолық кеңес атқару комитетінің төрағасы (1959-1984) болған.

Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы (1956) мен 2 орден, 3 медальдің иегері.



А.Дарқанбаева

**ДАРҚАНБАЕВА Ақын**

(01.1925 ж. Ойыл ауд. № 5а – 12.1994 ж. Никельтау ст) – өлкеде қазақ қыздары арасында шыққан тұңғыш машинист.

1942 жылы т.ж. дистансасына жұмысқа орналасады. 1948 ж. Шалқар паровоз деposында жұмысшы, слесарь мамандығын игереді. 1952 ж. Қазалы техникалық мектебінің паровоз машинисінің көмекшісін даярлайтын алты айлық курсын бітіріп, Шалқар паровоз деposында слесарь, паровоз, тепловоз машинисінің көмекшісі болып істейді. Қарағанды тепловоз машинистерін даярлайтын алты айлық курсты үздік бітірген оған бірінші класты тепловоз машинисінің көмекшісі деген атақ беріледі (1959). Содан кейін Ақтөбе локомотив деposында бірінші класты тепловоз машинисінің көмекшісі, маневр тепловозының машинисі қызметтерін атқарды (1961-1975).

Қазақ теміржолы кәсіподағының XII (1963), XIII (1965) конференцияларына делегат болды. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталды.

*Ш. Қарамергенов.*

**ДӘСТҮР**

Әр ұлттың болмысын, мәдениеті мен табиғатын айқындайтын дәстүрі екендігі белгілі. Ата-баба дәстүрін сақтау – қазақ халқына тән қасиет. Бабаларымыз қашан да салт-дәстүрді ұлқызының бойына дарытуды көздеген. Әр адам өз елінің, халқының салтын білуі – парыз. Әдет-ғұрпымызды сақтап бағалай алмасақ, ұлт болып қалу мүмкін емес.

Қазақ халқының арасында бүгінге дейін сақталып келген некенің негізгі формасы дара неке (моногамия) болды. Ол – жоғалтып ала жаздаған ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізге қайтып оралу. Әрине, бұл үшін халқымыздың неке мәселесі төңірегіндегі таным-түсінігі кең болуы қажет.

Қазақи некенің басқа халықтардың некелесу дәстүрінен ең басты ерекшелігі – қандас ағайындар бір-бірімен жеті атаға дейін қыз алыспайды. Алысқан күннің өзінде арадағы туыстық, яғни қан жақындығы жеті атадан асуы шарт. Тіпті олардың қоныстарының арасында жеті өзен болуы керек деген де қағида бар. Қазақтың байырғы шежірелік дәстүрі бойынша жеті атадан тараған ұрпақ – бір ата, он үш атадан асқанда ру болып есептеледі. Жеті атаның ішіндегі ұрпақ туыс аталады.



О.Дәуленбаев

Қазақ салтында бір ананың сүтін емген екі бала туыс болып есептеледі. Қоныстарының арасында жеті өзен болу керек деген шарттың астарында терең мағына, үлкен саясат жатыр. Емшек сүті араласпауы керек. Егер араларында жеті өзен болса, әйелдің емшектегі баласын үйге тастап, жеті өзеннен өтіп қыдыруы ескеріліп, мұндайда емшек сүтінің араласпауын негізге алған. Қандас адамдар, яғни ер бала мен қыз некелессе, тектілік қасиет жойылып, уақыт өте келе ұрпақ азып немесе ұсақталып кетуі әбден мүмкін екен. Осыны сонау ықылым заманда-ақ сезіп-білген қазақтар бір-біріне тым жақын туыс жастардың қосылуына қатаң тыйым салған. Біздің ауданда да осы ұстаным қатаң сақталған.

Бабаларымыздың ұстанған осы бір қағидасының айна-қатесіз шындық екенін бүгінгі генеология ғылымымен айналысатын ғалымдар да ашық мойындап отыр.

**ДӘУЛЕМБАЕВ**

**Орынбасар Смағұлұлы**

(09.08.1947 ж. Шалқар қ.) – әділет полковнигі. Шалқар қаласындағы № 1 қазақ орта мектебін бітірген (1965).



М.Дәулетов

Еңбек жолын Шалқар вагон деposында қарапайым жұмысшыдан бастады. Кейін Шалқар азаматтық құрылыс дистансасында ағаш шебері, Шалқар локомотив деposында слесарь, токарь болды (1965-1968). Кеңес Армия қатарында азаматтық борышын өтеді. (1968-1970). 1970-1977 жж. Қазақтың мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыды, мамандығы – заңгер. 1972 ж. теміржол бойындағы тораптық милиция бөлімінің инспекторы, ауданаралық тергеуші, аға тергеуші қызметінде болды (1972-1983). Ақтөбе облысы Октябрь ауданында прокуратура тергеушісі (1983-1990 ж.ж.), Темір ауданында прокурор және Ақтөбе облысы прокурорының орынбасары (1990-1992) қызметтерін атқарды. 1992-2004 ж.ж. Батыс Қазақстан көлік прокуроры, Ақтөбе және Орал облыстық көлік прокуроры, 2004 жылдан Ақтөбе қалалық Әділет басқармасының бастығы. Әділет аға кеңесшісі (1995).

Іс-тәжірибесі ҚР Бас прокурорының бұйрығымен бүкіл республика көлемінде үлгі ретінде ұсынылды, кеңінен насихатталды. Темір аудандық, Ақтөбе облыстық Кеңестің депутаттығына сайланды. Облыстың Заң жөніндегі комитетіне төрағалық етті. «Кеңес Одағының үздік тергеушісі» (1992 ж). «ҚР Құрметті прокуратура қызметкері» (1995) атағы, басқа да марапаттары бар.

*«Әділет жолымен» кітабының авторы.*

**ДӘУЛЕТОВ Мұхит**

(08.01.1913 ж.т. Шалқар ауданы № 1 ауыл – 07.03.1978 Шалқар қаласы), ардагер ұстаз.

Еңбек жолы: сауатсыздықты жою ісіне араласып, ересектерді оқытқан, ауданның № 4 ауылдық кеңесінде хатшы болған (1931-1938), аудандық оқу бөлімінде инспектор, интернат директоры, аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған (1938-1946). Екі жыл ауданда халық соты болған (1946-1948) ол қайтадан білім беру саласына ауысып, пансионда директор болып абыройлы еңбек еткен. (1948-1957). Кейінгі қызметі – аудан мұғалімдері кәсіподақ комитетінде төраға (1957-1975). «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1960), бірнеше үкімет наградаларының иегері.

**ДЕМЕСІНОВ Есен**

(1901 ж.т. Шалқар ауданы – 23.10.1970 Шалқар ауд. Қотыртас т.ж. бекеті), теміржолшы.

Саналы өмірі т.ж. бойында өткен: жол жөндеуші, аға жол жөндеуші, жол бригадирі, жол шебері (1933-1961), Еңбек Қызыл Ту орденімен (1954), көптеген медаль, төс белгілерімен марапатталған.

### ДОГОНКИН
**Степан Федорович**

(15.11.1932 ж.т. Шалқар ауданы № 65 бекет) – 1 класты тепловоз машинисі.

Еңбек жолын 1949 ж. Шұбарқұдық жол дистанциясында жұмысшы болып бастады. Шұбарқұдық локомотив деposында паровоз от жағушысы болған ол кейін әскер қатарында болды (1951-1954), содан соң тепловоз машинисінің көмекшісі, тепловоз машинисі, машинист-нұсқаушы (1954-1987) болып еңбек етті.

«Құрмет Белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған, «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері (1969), КОКП XXVI съезіне делегат болып қатынасқан.

### ДОС АТА МАЗАРЫ

Сердәліұлы Дос 1860 жылы дүниеге келген деген дерек бар. Кішіқұм өңірінен, бұл жерде әуелі мешіт салынған, ол кейін мазар деп аталып кеткен. Формасы қос бетті, дөңгелек келген, үш күмбезді; ортаңғы бөлігі биік симметриялы, оған қосымша бұрыш жалғасқан. Қалақ тастардан сылақсыз қаланған. Мазар Қарашоқат елді мекенінен жиырма шақырымдай жерде Жаманшың мен Толағай тауының аралығында орналасқан.

*Д. Төлебаева.*

### ДОСТАН БИ
**Тәңірбергенұлы**

(Шамамен 1757 ж. Шалқар ауд. – 1839, Арал ауд. Ақтасты а.,) белгілі тұлға. Заманында дәулетті, асқан бай болған. И.Ф.Бларамберг Санкт-Петербургте 1852 ж. шыққан «Кіші жүз қырғыздарының жері» деген кітабында: «Қырғыз – қайсақтардың байлығының ең басты бұлағы мал шаруашылығында. Шектінің Тілеуінен шыққан Достан биде 7000 жылқы, 2500 түйе, 40000 қой болған. Достан-Қырғыз қайсақ даласындағы ең бай, әрі мырза адам. Оның аталығы сол байлығы арқылы ерекше орынға ие болған. Достанның 32 ұлы, 11 әйелі болған. Әр әйелі бір-бір ауыл. Әр ауылда 20-25 шаңырақ бар. Достанның көзінің тірі кезінде оның ауылдары балалары мен немерелерінен тұратын сақадай сай қаруланған 100 атты жасақ шығаратын болған. Олардың бәрі дәулетті», – деп жазған. Халық оны «30 ұлды Достан» деп атаған. Жоғарыда көрсетілген малды бағып-күтуде және басқа да шаруалар жасау үшін құрамы бір мыңнан аса шаруалар жұмыс жасаған. Д.б. Ресейдің отарлау саясатына қарсы Сырым Датұлы бастаған 1783-97 ж.ж. азаттық қозғалысқа қатынасқан. 1786 ж. Сырым батыр Шекті еліне келгенде, көтерілісшілердің қажетіне 400 сәйгүлік берген. 1787 ж. старшиналыққа ұсынылады. Сол жылдың 9-қарашасында Орынбор генерал-губернаторы О.А. Игельстром II Екатеринаға жазған хатында: «Кіші жүздегі үш Орданың әрбіреуінен бір-бір аса беделді қырғыз-қайсақтарды старшиналыққа ұсынамын. Атап айтқанда Әлімұлы Ордасынан 3 аға старшина: төртқарадан Қаракөбен би, шөмекейден Сармалай би, шектіден Достан би», – деген жолдар бар. 1797 ж. Достан, Көтібар бастаған 100 шекті Есім ханның ордасын шауып, мал-мүлкін талапайға салады, өзін өлтіреді. Достан би, Сырым батырдың сенімді серігі болған делінеді: «Сырым Датов шектілерге сенеді. Соның ішінде Қаражігіт Бектауұлы, Шақшақ Азаматов, Достан мырзамен ақылдасады». Д.б. Арынғазы сұлтанды қолдап, оны босату туралы Ресей патшасына хат жазушылардың бірі. 1998 жылы Д.б. ұрпақтары оның Ақтасты деген жердегі бейітін қайтадан жаңартып, ас берді.


*Достан би кесенесі*

*З.Байдосов. Достан би, «Ақтөбе». № 124, 6.10.1998.*

### ДОЦЕНКО
**Иван Романович**

(1889 ж.т. Одесса обл. Екатериновка с., – 1978, Шалқар қаласы), Ақтөбе және Шалқар өңірінде Октябрь революциясына, Азамат соғысына қатысушы, 1918-1919 ж.ж. Шалқардағы Қызыл гвардия ұжымының төрағасы, I-Северный полкының комиссары және революциялық комитетінің төрағасы, комис-



Ә.Дүйсенбаев

сары. Азамат соғысынан кейін ұзақ жылдар теміржол көлігінде жұмыс істеді. Жауынгерлік ерліктері мен бейбіт еңбегі бағаланып екі рет Ленин орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**ДҮЙСЕНБАЕВА**
**Жібек Көптілеуқызы**

(1946 ж.т.), техника ғылымдарының кандидаты. Шалқардың № 39 т.ж. мектебін үздік бітіріп, Москва институтын Қызыл дипломмен тамамдаған. Электроникалық байланыс және белгі беру саласының білікті маманы. Теміржол саласында қызметте болған ол кейін Алматы т.ж. көлік инженерлері институтында ұстаз болған.

**ДҮЙСЕНБАЕВ Қондыбай**

(1923 ж. Шалқар ауд. Қопасор ауылы – 1997, Шалқар қ.) – шопан. «Қазақ КСР мал шаруашылығының еңбек сіңірген шебері» (1957 ж.). Ұлы Отан соғысына (1942-1944) қатысқан. 1939 жылдан колхоз (ұжымшар) өндірісіндегі жұмысқа араласқан. Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, орден, медальдармен марапатталған.



Ә.Дүйсенов

**ДҮЙСЕНБАЕВ**
**Әкімжан Қондыбайұлы**

(1949 ж. Қопасор ауылы), мәдениет қызметкері. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін, Шымкент мәдениет институтын бітірген. Әскер қатарында қызмет еткен. Ойыл аудандық мәдениет бөлімінің автоклуб меңгерушісі, Темір аудандық мәдениет үйінің, Шалқар «Родина» кинотеатрының директоры. 1977 ж. аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1978 жылдан 22 жыл бойы аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1999-2002 ж.ж. аудандық мәслихаттың хатшысы, ал 2002 ж. аудандық тарихи -өлкетану музейінің директоры, 1991 ж. ауданда көркемөнерпаздықты дамытуға сіңірген еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген құрметті атақ берілді. «Сарышолақ шайыр» кітабының авторы (Ж. Асановпен бірігіп жазған). Әр жылдары қалалық, аудандық Кеңестердің, мәслихаттың депутаты, аупарткомның мүшесі болып сайланған.

**ДҮЙСЕНОВ Әлібай**

(17.09.1941 ж.. Шалқар ауд. – 13.02.1986. Алматы), институт оқытушысы.



М.Дүйісмағамбетов

Шалқардағы № 1 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін 1960-1965 ж.ж. Куйбышев (қазіргі Самара) политехникалық институтында оқып, оны үздік дипломмен бітіреді. Бүкіл саналы ғұмырын Қ. Сәтбаев атындағы Алматы мемлекеттік политехникалық институтының «Машина құрылысы» факультетінің студенттеріне сабақ беруге арнады. Техника ғылымдарының кандидаты (1983 ж.).

**ДҮЙІСМАҒАМБЕТОВ**
**Мақсат**

1953 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданының «Сарыбұлақ» кеңшарында туған. Қазақтың Абай атындағы педагогика институтының филология факультетің, осы институттың аспирантурасын бітірген. 1980 ж. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Еңбек жолын 1973 жылы Шалқар ауданының Айшуақ және Қорғантұз орта мектептерінде мұғалімдік қызметтен бастады. Ұстаздық қызметтегі еңбегі жоғары бағаланып, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды (1981 жыл).



Ә.Дүйісов

Дүйісмағабетов М. оқырман қауымға әдебиет және өнер сыншысы ретінде жақсы таныс. 1972 жылдан бастап «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» басылымдарында әдебиет сыны және өнер проблемалары туралы материалдары жарияланып келеді. Қазақ кино өнерінің соңғы 20 жылындағы іздену жолдары, экранға жол тартқан төл кинематографымыздың жаңа туындыларына байыпты баға, терең талдау жасау журналист шығармашылық еңбегінің негізгі бөлімін құрайды. Әдеби зерттеу, театр сынына да белсене араласады.

1984-1989 ж.ж. «Қазақстан мектебі» журналының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін басқарған ол республика мектептерінде ана тіліміз бен әдебиетімізді оқытудың көкейтесті мәселелерін көтерген, осы бағытта ізденістер жолына шыққан ұстаздардың шығармашылық лабораториясын зерттеген еңбектерімен жұртшылық назарын аударды.

Көркем әңгімелері «Қазақстан әйелдері» және «Қазақ әдебиеті» басылымдарында жарық көрді. Алғашқы әңгімелері «Арман қанатында», «Байғазы» деп аталатын жинақтарға енді.



Ж.Дүйісов

Дүйісмағамбетов М. 1989 ж. 2005 жылға дейін «Қазақстан әйелдері» журналында әуелі бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, кейін бас редактордың орынбасары болып қызмет істеді.

2005 жылдан бастап «Қазақстан» ұлттық телеарнасында қызметте. Бұл күндері ол «Қазақстан» ұлттық телеарнасының Киноаударма және дубляж бөлімін басқарады. Ол басқаратын бөлім орыс, түрік, корей, ағылшын тілдеріндегі фильмдерді ана тілімізде сөйлетіп, ел көңілінен шығып жүр.

**ДҮЙІСОВ Әбдіраш**

(1924-1995 Шалқар қ.) – № 1 қазақ орта мектебінің 9-сыныбын бітіргеннен кейін 1942 ж. өз еркімен майданға аттанады. 1945 ж. 22 ақпанда ауыр жараланып елге оралды.

1946-1948 ж.ж. Шалқар қалалық Кеңесінде хатшы, 1948-1988 ж.ж. Аяққұм қызыл отауының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Екі мәрте Қызыл Жұлдыз, III дәрежелі «Даңқ», «Отан соғысы» ордендермен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ДҮЙІСОВ Жұмабек**

(1902, Шалқар ауд. № 1а. – 26.09.1976, Шалқар қ.) Социалистік Еңбек Ері (1948). 1933-36 жж. Ақтөбе жоғары коммунистік а.ш. мектебінде оқыған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1924-30 ж.ж. ауылдық кеңестің хатшысы, төрағасы, Қосшы одағы Шолақжиде комитетінің төрағасы, еңбекшілер депут-ры ауд. Кеңесінің төрағасы, ауд. партия комитетінің хатшысы, Шалқар ауд. «Жаңақоныс» кеңшары жұмысшылар комитетінің төрағасы. 1945-50 ж.ж. Ырғыз ауд. кеңес атқару комитетінің төрағасы. Ленин, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі. «Отан соғысы» ордендерімен, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің екі рет (1947, 1951) депутаты болып сайланды.

**ДІЛМАНОВ Жаңабай Рахметуллаұлы**

(31.08.1949 ж.т. Шалқар қаласы – 1983 Шалқар ауданы, «Сарыбұлақ» кеңшары), комсомол, партия қызметкері.

Шалқар қалалық қазақ орта мектебін (1966), Алматы халық шаруашылық институтын (1973) бітірген, мамандығы – мал дәрігері. Екі жыл кеңшарда шопан болып қызмет еткен ол кейін қой өсіруші комосомол-жастар бригадасы мүшелері жұмысына басшылық жасап аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде болды (1976-1982). Заман талабына сай абыройлы істер атқарды. Сөйтіп республика комсомолының XIV, XV съездеріне делегат болып қатынасты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен,

Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалымен, бірнеше диплом, төсбелгілерімен марапатталды. Осының бәрі аудан жастары арасында жүргізген тынымсыз істерінің абыройы мен мадағы. Кейін «Сарыбұлақ» кеңшары партия комитетінің хатшысы болды. Өмірі қысқа болғанмен атқарған қызметтеріне адал болғаны үшін көпшілік оның есімін құрметпен атайды.

## ДІНИ ОРЫН ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДАР

**Хазірет** – діни лауазым. Жоғары дәрежелі дін иелеріне берілетін діни атақ. Мұхаммед (С.А.У) пайғамбардан кейінгі 4 – халифтің бірі Әли қазақта «Хазірет Әли» деген атпен мәлім. Х. атағы мешіттің немесе белгілі бір аймақтағы мұсылман дін иелерінің басшысына да беріледі. Х. атағы лауазым иесінің дін қағидаларына жүйрік, ғұлама адам екендігін аңғартады.

**Халифа** – (орынбасар) Ислам мемлекеттерін бір орталықтан басқарушы. Төрт халиф: Әбу Бәкір, Умар, Усман, Әли.

**Қажы** – Меккеге қажылыққа бару, исламның бес парызының бірі. Дәулеті жеткен мұсылман, ең болмағанда бір рет қажыға баруға міндетті.

**Мешіт** – Мұсылмандардың құдайға құлшылық етуіне арналып салынған діни үйі.

Мешітке мұсылмандар намаз оқу, діни өсиеттерді тыңдау және қоғамдық мәселелерді талқылау үшін жиналады.

Мешіттің Меккеге қараған тұсында мінажат ету үшін жасалған қуыс-михраб, оның оң жағында уағыз-насихат айтатын мінбер болады.

**Молла** – (мырза, әмірші, ағзам деген ұғымды білдіреді).

Мұсылман дәстүрін, жөн-жосығының білігі, дін қызметкері, дін мектебінің ұстазы, білімді оқымысты адам.

**Имам** – 1) Мұсылман дін басы, 2) Мұсылмандар қауымының басшысы, 3) Мешітте намазды басқаратын адам. 4) Суннизм мазхабының негізін салушылар, 5) Шииттердің жоғарғы басшысы.

**Ахун** – Ислам діні қызметшілерінің лауазымы, муфтиден кейінгі діни атақ, (қазіргі өкіл имамдар сияқты).

**Сопы**. Аллаһқа жақындауы үшін тақуалық жолға түскен адамды Орта Азия халықтары Сопы деген.

*«...Мешіт тек Ислам дініне ғана емес, рухқа сенген, жүрегі таза, адамгершілікке ұмтылған бүкіл адамзаттың басын қосатын киелі орын...»*

*Нұрсұлтан Назарбаев*



*Ақтөбе облыстық Орталық Мешіті*




*Ақтөбе. Свято-Никольский храм*

# Е

### ЕДІЛБАЙ ҚОЙЫ

Ет май өндіру бағытында өсірілген қылшық жүнді, құйрықты қазақы қой тұқымының бір түрі. 19 ғ-ың аяғында Еділ Жайық бойынан тараған. Құрғақ және шөлейт аймақтарда өсіруге бейімделген. Түсі бозғылт, қызыл қоңыр, көбінесе қара болады. Дене бітімі мығым, басы үлкен, тұрқы ұзын, жоталы, кеудесі кең, құйрығы үлкен. Қошқарының тірідей салм. 100-120 кг (160 кг-ға дейін), саулығы 65-75 кг (115 кг-ға дейін), қозысы енесінен айырғанда 40-45кг. тартады. Е.қ. өсімтал келеді, тез ет алады. Семіз ісектің сойыс сал. 40-45 кг, құйрық майы 10-12кг. Ет түсімі 50-55%. Жүн түсімі де басқа құйрықты қой тұқымдарынан жоғары, түбіті көбірек, қылшығының ұз. 15 см. жіңішке әрі жұмсақ. Қоршқарынан 3,5-5 кг, саулығынан 2,3-2,6 кг, қозысынан 0,6-1,0 кг жүн қырқылады. Әр 100 саулықтан 110-115 қозы алынады. Е. қ. құйрықты қазақы қой тұқымдарын жақсарту үшін пайдаланады. Көбінесе бат. Қазақстан, Қарағанды обл. өсіреді.

*Ә.Байжұманов. ҚҰЭ, 3-ші том, 346 бет.*

### «ЕКІ ЕЗУ» эстрадалық шағын қойылым театры

1998 ж. құрылған осы аттас әзіл-сықақ отауынан бастау алады. 2001 ж. театр болып ұйымдастырылып, облыс әкімінің шешімімен бюджеттен қаржыландырылады. Театр қазақ әзіл-сықақ өнерін насихаттауға, өмірдің көлеңке жақтарын әжуалауға көңіл бөледі. Репертуарында республика сықақшыларының шығармалары көптеп енген. Театр Алматыда, Атырау, Ақтау, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарында өнер көрсетіп, көрермендерден жоғары бағаға ие болды.

### ЕЛАМАНОВА
### Сара Иманбайқызы



(11.05.1936 ж.т. Шалқар қ.), мұғалім, «КСРО ағарту ісінің озық қызметкері», Қаз. КСР халық ағарту ісінің үздігі», кеңес қызметі қайраткері.

Абай атындағы Алматы пединститутының орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітіріп, Қарабұтақ орта мектебінде мұғалім, директордың орынбасары, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі қызметінде болды (1958-1967). Темір совхоз-техникумын бітірді.

Білім саласында 9 жыл қызмет еткен ол 1967 ж. әлеуметтік саланы басқаруға, кеңес қызметіне жоғарылатылып, Қарабұтақ ауаткомы төрағасының орынбасары болып жұмыс жасады (1967-1975), Ақтөбе облыстық оқу бөлімін басқарды (1975-1982), Ақтөбе облаткомы төрағасының орынбасары қызметінде 10 жыл болып (1982-1992) облыстың саяси, мәдени, әлеуметтік өміріне, білімі беру саласына тікелей араласып, игі істердің ұйытқысы болды: Қарабұтақта музыка (саз) мектебін ашты; білім және медицина саласында облыс көлемінде іске асқан жақсы жұмыстардың жанашыры, орындаушысы болды. Шалқар ауданында типтік жобамен салынған Айшуақ, Дамбар,

№ 2, № 41 орта мектеп үйлері мен қаладағы 2 бала бақшаның пайдалануға берілуі, аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасының жақсаруы, соның нәтижесінде аудандық оқу бөлімінің республика бойынша 2-орын алып, марапатталуы да (1981) С.И. Еламанованың есімімен тығыз байланысты. Сол үшін аудан педагогтары, жалпы жұртшылық ерекше құрметтейді. Кезінде облыстық Кеңеске депутат етіп те сайлады.


М.Елғондина


Г.Елғондина


К.Елғондинов


Қ.Елеусіз

Екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен, бес медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен, Бейбітшілік қорының алтын медалімен марапатталды. «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» (1999). Дербес дәрежедегі зейнеткер. С.И. Еламанова бүгінде тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау республикалық қоғамы Ақтөбе филиалының директоры.

**ЕЛҒОНДИНА Марден**

(14,11,1964 ж.т.) және **ГҮЛДЕН** (3.05.1971 ж.т.) **Базарбайқыздары**, ғылым кандидаттары.

Екеуі де Шалқар ауданы Қотыртас т.ж. бекетінде дүниеге келген. Шалқарда мектеп бітіріп, ЖОО оқуға түскен.

М.Б. Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік университетін бітірген (1986), математика ғылымдарының кандидаты (1991), 1991 жылдан аталған университетте оқытушы, 20-дан астам ғылыми еңбегі бар. Доцент.

Г.Б. Алматы Мемлекеттік медицина институтын бітірген (2001 жыл), университетте оқытушы, аға оқытушы, медицина ғылымдарының кандидаты (2007 жыл), 10-нан астам ғылыми еңбектердің авторы.

Екеуі де ғылыми жұмыстарын жалғастыруда.

**ЕЛҒОНДИНОВ Көлбай**

(1903 ж.т.-1976 ж. Шалқар ауд. Қопасор а.), озат теміржолшы. 1927-1938 ж.ж. т.ж. бойында жұмысшы болған. 1938 ж. Мәскеу қаласында Жоғарғы Кеңестің ақшалай сыйлығын алған. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1948), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ЕЛЕУСІЗ**
**Қанатбай Елеусізұлы**

(1951 ж. Шалқар ауданы). Білімі жоғары: Ақтөбе педагогика институтын (1973), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын» (1994) бітірді.

Еңбек жолын 1973 жылы Шалқар қаласындағы №2 мектептің мұғалімі болып бастаған. 1973-1974 ж.ж. әскери борышын өтегеннен кейін комсомол, партия органдарында басшылық қызметтер атқарды (1975-1989).

1989 жылдан Халық депутаттары Шалқар аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары, ал 1992 жылдан 1993 жылдың желтоқсан айына дейін Шалқар аудандық Кеңес төрағасы, содан кейін Шалқар ауданы әкімінің орынбасары, Шалқар қаласының әкімі, аудан әкімінің бірінші орынбасары (1993-2001).

2001-2002 жылдары «Ақтөбегаз» АҚ Шалқар филиалының директоры.

2003 жылдың қаңтарынан «Ақтөбе облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» ММ директоры, кейін Ақтөбе жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы қызметтерінде болды. 2008 жылдың қазан айынан бастап Ойыл ауданының әкімі.

Қанатбай Елеусізұлы Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың салт-дәстүрің, мәдениетін, тарихын, ұмыт болып бара жатқан игілікті қасиеттерін қайта жаңартуға, тілі мен дінін дамытуға зор үлес қосып келеді. «Адамның сұңқары» және «Тілеу батыр» атты тарихи-танымдық кітаптардың авторы.

**ЕЛЕУСІЗОВ**
**Дәулетжан Райымұлы**

(26.01.1938 ж.т. Арал қаласы). Шалқар ауданының «Жыл адамы-2006».

Шалқар қазақ орта мектебін (1955), Алматы ауылшаруашылық институтын (1961) бітірген, ғалым-агроном. Мамандығы бойынша Ақтөбе облысының «Ем-



Д.Елеусізов



А.Елеукенов



С.Елубаев

бі», «Темір» кеңшарларында бас агроном, «Ақжар» кеңшарында директор (1961-1986), Мұғалжар, Байғанин, Шалқар аудандық а/ш басқармасының (АПК-нің) төрағасы, ауатком төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды (1986-1992). Соңғы қызмет орны – Шалқар аудандық экология, табиғат ресурстары комитетінің төрағасы (1992-1996). Қайдауыл батыр, Мөңке би, Т.Шойғарин, т.б. кесенелерін тұрғызу, мерейтойларын өткізу сияқты игі істердің басқарушысы болып атсалысқан азамат. «Құрмет белгісі» орденімен, 2 медальмен марапатталған. «Астанаға 10 жыл» мерекелік медальдың иегері.

**ЕЛЕУСІЗОВА**
**Балсары Тілесқызы**

(1919-1981, Шалқар ауданы), ауданда басшы қызметте болған әйелдердің бірі.

Еңбек жолын колхозда жұмысшы болып бастады. 1941 ж. дайындау министрлігінің Шалқардағы өкілдігінде инспектор. 1942-1952 ж.ж. Шалқар аудандық партия комитетінде нұсқаушы, әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1952-1956 ж.ж. «Жаңа жол» колхозы басқарма төрайымы, 1956-1958 ж.ж. Шалқар аудандық кеңес атқару комитеті ұйымдастыру-кадр бөлімінің меңгерушісі, 1958 жылдан бастап зейнет демалысына шыққанға дейін «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында ауылдық кеңес атқару комитетінің төрайымы, Мұғалжар ауданы ауыл шаруашылығы басқармасында, Байғанин ауданында балалар бақшасының меңгерушісі болды. «Дайындау министрлігінің үздік қызметкері». Бірнеше медальдар және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

**ЕЛЕУКЕНОВ Ахметулла**

(02.01.1939 ж.т. Шалқар ауд.), озат механизатор. Еңбек жолын колхозшы болып бастаған (1958), кейін шопанның жәрдемшісі, механизатор (1958-1964). Совхозда тракторист, трактор бригадасының бригадирі (1964-1965 ж.ж.).

Екі орден – Еңбек Қызыл Ту (1976), «Еңбек даңқы» (1982), екі медальмен (1966,1975) марапатталған. Еңбек ардагері.

**ЕЛТІЗЕР** (1803-1870) **және ЖӘЛІМБЕТ** (1805-1897) **Қуатұлдары**

Шектінің Қабақ руының Жангелдісі. Ел жадында бұл бабалардың биік тұлғасы батырлығына сай біріктіріліп «Көкжалдар» деген атақ алған. Сирек кездесетін табиғи құбылыс желкелерінен құйымшақтарына дейін созылып шыққан қаракөк қылшықты жалы болған.

Есет Көтібарұлының қол бастаған бас батырлары. 1847-1858 ж.ж. көтеріліске қатысқан және 1869-1870 ж.ж. көтерілістерде болған.

Есет Көтібарұлынан мынадай сөз бар: «Шайқастарда Қарағұл батырдың бір көзі жауда болса, бір көзі менің үстімде болатын. «Көкжалдар» жауға шапқанда алдымда, шегінгенде артымда қалқаным еді».

Елтізердің бейіті Жем бойындағы Батпаққөл, Сарыкөл деген жерде, Жәлімбеттің бейіті Шалқар ауданының, Қосақтан Аяққұмға барар жолдың сол жағындағы биік төбенің басында. Екеуінің де Шалқар қаласындағы көшелерге есімдері берілген.

*М.Аяпов.*

*Әдеб: Ж.Оралмағамбетов., М.Есмағанбетов. «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі», Алматы, 2001 ж. «Шалқар» газеті, 1997 жыл, 10 қазан.*

**ЕЛУБАЕВ Советбай**

(27.07.1938 ж. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Астаусор ауылы), педагогика ғылымдарының кандидаты (1974), доцент (1975 жыл).

Шалқардағы №1 мектепті (1956), Абай атындағы КазПИ-ді 1961 жылы бітірген, мамандығы математика-сызу пәнінің мұғалімі. Шалқар мектептерінде 5 жылдай ұстаз болған ол кейін ғылым жолын таңдаған. Қазір Алматыда тұрады. Бірнеше оқу



А.Елшібаева



А.Елшібеков

құралдары мен ғылыми-әдістемелік мақалалардың авторы, «Қазақстан орта мектебі», «Начальная школа Казахстана», «Шағын мектеп» педагогикалық журналдары мен әдеби-ақпараттық көркемсуретті «Ерке» журналының бас редакторы.

**ЕЛШІБАЕВА Айгүл Иманқұлқызы**

(1977 жылы 2 мамырда туған-Ақтөбе облысы Шалқар қаласы), әнші, термеші.

1999 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын қызыл дипломмен бітіріп, 2001 жылы «Еліміздің батыс өңіріндегі халық әндерінің табиғаты» жайлы ғылыми еңбек жазды. 1993 жылы Ақтөбе облыстық термешілер байқауының «Бас жүлдесін», 1997 жылы Аймақтық конкурстың «Бас жүлдесін» жеңіп алды.

1997 жылы «Юнеско» шеңберінде атақты жазушы М.Әуезовтың 100 жылдығына орай Францияда өткен үлкен шарада өнер көрсетті. Әнші ретінде Израиль, Чехия мемлекеттерінде, Түркіменстан, Өзбекстан республикаларында өткен түркі халықтарының дәстүрлі фестивальдарына қатысып, жүлде алды. 2000 жылы «Шабыт» Халықаралық фестивалінің лауреаты атанды. Орал қаласында өткен Мұхит Мералыұлының 160 жылдығына байланысты Республикалық әншілер байқауының жүлдегері атанды. 2005 жылы Тараз қаласында өткен К.Әзірбаев атындағы әншілер байқауының лауреаты болды. «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығын (2006) иеленді. Қазір Астана қаласында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік университетінің оқытушысы. Бірқатар шетелдерде болып өнер көрсетті.

**ЕЛШІБЕКОВ Айгөнек**

(1928-1993 жж. – Шалқар ауданы). Еңбек жолын Тоғыз т.ж. бекетінде кіші стрелкашы болудан бастаған, бірінші класты диспетчер. 1959 жылдан бастап Шалқар жол бөлімшесінде, кейін Ақтөбе жол бөлімшесінде пойыз диспетчері болып еңбек етті. Өзінің мінсіз қызметі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Есімі Қазақ КСР-нің Алтын Құрмет кітабына жазылған. «Құрметті теміржолшы» (1983).

**ЕРБОЛАТ Толыбайұлы**

(1750-1820). Ел арасында әрі батыр, әрі әулие атанған ардақты адам болған. Руы төртқара, атақты Толыбай батырдың баласы. Табын Барақ батырдың баласы Асаумен бірге қалмақтарға қарсы соғыста ерлік көрсеткен деген дерек бар. Бұл күндері Кішіқұм өңіріндегі Мұрынқұмда (Шалқар ауданы) жерленген батырды жұрт әулие тұтып, басына түнейді. Ұрпағы басына кесене орнатып, мәрмәр тастан ескерткіш қойған (2005).

**ЕРЖАНОВ Кәдіралы**

(1885-1968). Кәдіралы тоғыз жасынан ұлы күйшінің қасына еріп жүрген төл шәкірті. 1916 жылы патша қазақтан қара жұмысқа адам алғанда інісі Нысаналы екеуі қашып кетіп, Аманкелді Имановтың отрядына қосылған. Кейін қайтып келіп, Қазанғап қайтыс болғанша оның қасына еріп, барлық күйін үйренген.

1934 жылы академик А.Жұбанов халық таланттарын Алматыға шақырғанда Кәдіралы артынан қаңқу сөз еріп бара алмай қалады. Кейін 1960 жылдары Ахаңның өзі Шалқарға іздеп келіп, Қарамергенде отырған Кәдіралыға сәлем беріп, Қазанғаптың көп күйлерін жазып алған.

*М.Есмағанбетов.*

**ЕРНАЗАР батыр Кенжалыұлы**

(1825-1856) – Кіші жүз батыры. Бекет батырмен шөбере. Өжет, қайратты адам болған. Ол 1840 ж. түрікпендермен шайқаста олардың белгілі бір батырын Бекет екеуі қолға түсіріп, ат құйрығына байлап алып келді. Содан бастап халық оны «Ерназар батыр» деп атап кеткен. 1841 ж. Есет Көтібарұлы баста-



*Д.Ертаев*



*Ә.Ерімбетов*



*И.Ерішов*

ған шектілер жасағының құрамында патшалық Ресейдің Ақбұлақтағы әскери бекінісін, Ембі әскери қарауылдығын талқандауға қатынасқан. 1843-45 ж.ж. Хиуа хандығының Кіші жүз аймағының оңтүстігіндегі шекті, табын, тама, шөмекей елдерінен алым-салық жинау жорықтарына қарсы күрескен. 1847-56 ж.ж. Есет Көтібарұлы қозғалысына белсене қатынасып, 1855 ж. патшалық Ресей қолшоқпары сұлтан Арыстан Жантөринді өлтірушілердің бірі болған. Бекет батыр екеуін Орынбордағы патша әкімшілігі қолға түсірді. Қазақ елін зерттеушілердің бірі И.В.Аничков бір еңбегінде: «Ерназар және Бекет Сұлтан-правитель Арыстанды өлтіруге қатысқаны үшін 12 ай бойы Орынбор түрмесінде отырып, Сібірге айдалды», – деп көрсетеді. Бұл 1856 ж. болатын. Оның кейінгі өмірі белгісіз.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы.*

**ЕРТАЕВ Дүйсенбі**

(1922 ж.т. Шалқар қаласы), партия, кеңес қызметкері.

Еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан (1941-1945). Жоғары партия мектебінде оқыған (1946-1948).

Кейінгі қызметі: Степной аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, Жұрын аудандық кеңес атқару комитетінің төраға орынбасары (1950-1955), Буденный атындағы колхоздың төрағасы (1955-1957).

Жұрын аудандық тұтынушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары (1957-1961), аудандық оқу бөлімінде педкабинет меңгерушісі (1961-1967). Шалқар аудандық кеңесінің атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (1967-1977), аудандық қорғаныс штабы бастығы (1977-1983) қызметтерінде болып, абыройлы қызмет атқарған. Кезінде ауданның зиялы ақсақалы атанған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ЕРІМБЕТОВ Елубай**

(1884 ж.т. Ырғыз у. – 1961, Шалқар қаласы). Социалистік Еңбек Ері. Малшы. 1907 ж. байға жалданған. 1929 ж. Шалқар ауд. «Жаңа құрылыс» ұжымшарына кірген. 1937 ж. аға шопанның таяғын ұстаған. 1947 ж. 440 саулықтың әр жүзінен 127 қозыдан алып, аман өсірді. Социалистік Еңбек Ері (1948). 1950-1954 ж.ж. Шалқар ауданының Жамбыл атындағы ұжымшарында, кейін 1964 ж. бастап «Ақтоғай» кеңшарында жылқышы, ферма меңгерушісі. Ленин орденінің иегері (1948).

**ЕРІМБЕТОВ Әбдіхалық**

(1910 ж. Ырғыз ауд. – 2001 ж. Шалқар қ.). 1952 ж. академик А.Жұбановтың жеке шақыруымен республикалық филармонияға, ұлт-аспаптар оркестріне шақырылған, яғни Құрманғазы атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің алғашқы мүшелерінің бірі болған. Олдәулескер күйші Қали Жантілеуов, Шара, Роза, Күләш сияқты қазақтың біртуар өнер тарландарымен бірге қызмет етіп, ұлт мәдениетіне айтулы үлес қосқан.

Ерімбетов Әбдіхалық Сталиннің қолы қойылған Грамотамен, КСРО мәдениет және өнер халық комиссарының Құрмет грамотасымен, бірнеше медальмен марапатталған.

**ЕРІШ молда Ізбасарұлы**

(1888-1970 Шалқар ауданы), діни сауатты, дуахан молда. Дін сауатын әуелі өз бетінше ашып, кейін Шереке молдада оқып, білімін жетілдірген. Дуахан молда атанған. Ауырған мал-жанды дұ-



Х.Есбосынов



С.Есбосынов

ға оқып емдеп, жазған; оқығаны ем болып дарыған соң, ел пір тұтқан дейді көнекөз қариялар. Болжап айтқаны келген. Бейіті Кезқора қыстағында (Айшуақ ауылдық округі), жұрт тәу етіп, түнейді. Осы қасиетті адамның бір баласы **Иманияз Ерішұлы** (22.06.1947 ж.т.) Шалқар мектебін Алтын медальмен бітірді. (1965). Саратовта (Ресей) институтты (1970) тамамдады, экономист-агроном. Ауданның басшы орындарында қызмет етті: аупарткомда нұсқаушы, ауданның ауыл шаруашылығы басқармасында экономика-жоспарлау бөлімінің бастығы, аудан а.ш. басқарма төрағасы – ауатком төрағасының бірінші орынбасары, совхоз (кеңшар) директоры, «Игілік-банк» Шалқар филиалының директоры, 1999ж. бері халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі аудандық бөлімнің бастығы.

Аудандық мәслихаттың депутаты, «Отан» партиясы алғаш құрылғандағы аудандық филиалына бірінші сайланған атқарушы директор. Марапаттары бар.

**ЕСБОСЫНОВ Хамит**

(а.к.б. 1916 ж.т. Шалқар ауданы №1 ауыл – 01.12.1984 Шалқар қаласы), байырғы теміржолшы: Шалқар ауданынан қазақ жастары арасынан алғашқы паровоз және тепловоз машинисі.

Еңбек жолын 1938 жылы Шалқар локомотив депосында паровоз кочегары болудан бастаған. 1941-1943 ж.ж. машинист жәрдемшісі, ал 1943-1977 ж.ж. машинист болып жұмыс істеген.

Қазақстан Компартиясының XII съезіне делегат болып қатысқан (1966). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1961) марапатталған. Үкімет наградалары бар. Өзі ұзақ жыл қызмет жасаған мекемесі қабырғасына Есімі жазылған ескерткіш тақта орнатылған (2004 жыл).

**ЕСБОСЫНОВ Саудағазы**

(11.04.1937 ж.т. Шалқар қаласы), инженер-механик, еңбек ардагері. Шалқар қазақ орта мектебін (1956), Талғар ауылшаруашылығы механизациясы техникумын (1958), Орынбор ауылшаруашылық институтын (1974 жыл) бітірген.

Еңбек жолы: Шалқар ауданының Жамбыл атындағы ұжымшарында механик (1959), әскер қатарында (1960-1962). Шалқар аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде слесарь, инженер, аға инженер (1963-1964), аудандық ауылшаруашылық басқармасында бас инженер (1965-1969) болған. 1970-1975 ж.ж. аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы, Шалқар аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары (1975-1983 ж.ж.) қызметтерін атқарған.

1983-1984 ж.ж. Комсомол аупарткомының екінші хатшысы, Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясында инженер (1985-1987), Шалқар аудандық агроөнеркәсіп бірлестігі бастығының орынбасары (1987-1988) қызметтерінде болған.

1988-1992 ж.ж. Шалқар аудандық ӨТК бастығының орынбасары, «Ұлықұм» ААҚ басқарма төрағасы (1993-2005).

Зейнеткер (1995), «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (2007), бірнеше үкімет наградалары бар.

**ЕСЕНАМАНОВ Әбілғазы**

(а.к.б. 1912 ж.т. Шалқар ауданы №10 ауыл – 03.02.1987 Шалқар ауданы), Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері.

Жас кезінде ауыл молдасынан сабақ алып, хат таныған, кейін Кеңес өкіметі тұсында бастауыш мектеп көлемінде білім алған, сол кезде оқу жүйесіне қатысып, білімін біршама жетілдірген.

Шаруашылықты коллективтендіру жұмысына белсене қатысып, еңбек жолын қатардағы колхозшыдан бастап, ауылда есепші, колхоз басқармасы төрағасы болып 1933-1942 ж.ж. аралығында қызмет атқарған.



А.Б.Есенжолов



Б.Қ.Есенжолов



М.Ә.Есенжолов

Ұлы Отан соғысына қатысқан (1942-1945). Соғысты Воронеж, Орел қалалары түбінен бастап, Жеңіс мерекесін Германия жерінде қарсы алған.

Соғыстан кейін «Социалистік жол», «Қайыңды» колхоздарында басқарма төрағасы, іріленген «Коммунизм жолы» колхозы бас-қарма төрағасының орынбасары болып жұмыс атқарды. 1954-1957 ж.ж. колхоздың қой фермасы меңгерушісі, шаруашылық бригадирі болып еңбек еткен. 1957-1965 ж.ж. селолық дүкен меңгерушісі, 1965-1972 ж.ж. дайындау мекемесінде шикізат өнімдерін қабылдаушы болып еңбек жасады.

I дәрежелі Отан соғысы, III дәрежелі «Даңқ» ордендерімен және «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарімен наградталған. Бұлардан басқа Жеңістің 20, 30, 40 жылдық мерекелік медальдары бар.

## ЕСЕНЖОЛОВ
### Арман Бекетұлы

(18.01.1964 ж.т. Шалқар қаласы), инженер-металлург.

Шалқар қаласында орта мектепті бітіргеннен кейін 1981-1986 ж.ж. Мәскеудің болат және қорытпа институтында оқыған; мамандығы – инженер-металлург.

1986-2002 ж.ж. Ақтөбе ферроқорытпа зауытында металл қорытушы, өндірістік шебер, смена, шихта дайындайтын цех пен өндірістік техника бөлімінің бастығы қызметінде болып, зауыттың бас инженері дәрежесіне көтерілген (2002-2006). 2006-2008 ж.ж. РФ Серов қаласындағы ферроқорытпа зауытының бас директоры қызметінде болды, қазір Ақсу ФҚ зауытының бас директоры.

Ғылым, техника және білім беру саласы бойынша ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2003), техника ғылымдарының кандидаты (2006). ҚР мен РФ 9 патенттелген жаңалықтары мен 15 озат ұсынысының авторы.

## ЕСЕНЖОЛОВ
### Бекет Құрмашұлы

(09.08.1938 ж.т. Шалқар қаласы). Шалқардағы №1 мектебін (1955), Гурьев (Атырау) педагогикалық институтын (1961), Алматы Жоғары партия мектебін (1971) бітірді. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастап, кейін комсомол, партия жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды. Аудан мәдениет бөлімін басқарды. Жоғары партия мектебін бітірген соң облыстық партия комитетінде лектор (1971-1974), Ақтөбе қалалық парткомында бөлім меңгерушісі (1975-1987) қызметтерінде болды. 15 жыл бойы Батыс Қазақстан т.ж. басқармасына қарасты білім саласын басқарып, өз ауданымыздағы білім саласының дамуына да үлесін қосты. Азаматтың ұйымдастырушылық қабілетінің дұрысырақ ашылған тұсы да осы кезде байқалды. «Құрмет белгісі» орденін алды, «ҚР білім беру ісінің үздігі». Бірнеше медальмен марапатталды. Зейнеткер, Ақтөбе қаласында тұрады.

## ЕСЕНЖОЛОВ
### Мұрат Әлімбайұлы

(1945 ж.т. Шалқар қаласы), «ҚР Құрметті спорт қайраткері».

Шалқар қаласында орта мектепті (1962), Орал педагогикалық институтын (1968) бітірді. Мамандығы бойынша мұғалім (ұстаз). 1968 ж. Шалқар балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде директордың орынбасары, мектеп директоры болып жемісті еңбек етті.

«КСРО спорт шебері» (1972) атағын Шалқар қаласы қазақ жастары арасында бірінші болып


А.Есентүгелов


М.Есмағанбетов


Е.Есмаханов

алған белгілі спортшы, классикалық (грек-рим) күрес бойынша маман. Республикалық дәрежедегі төреші (1986).

«ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы» (1994). «Қазақстан республикасының құрметті спорт қайраткері» (2007 ж.) атағы бар.

**ЕСЕНТҮГЕЛОВ**
**Арыстан Есентүгелұлы**

(12.01.1934 ж.т. Шалқар қаласы), экономист-математик, экономика ғылымдарының докторы.

Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін, университетте оқытушы, кейін Қазақ КСР Жоспарлау комитетінде әртүрлі қызметте (1965-1973), КСРО сауда министрлігіне қарасты «Союзторгсистема» бірлестігінде жауапты қызметте (1973-1984) болып, 1984 ж. республика ЭЗИ бөлім меңгерушісі, 1989-1996 ж.ж. оның директоры қызметін атқарды. 1996-1999 ж.ж. Республика мәжілісі аппаратында сектор меңгерушісі, төраға кеңесшісі қызметінде болған ол 1999 ж. республика ЭЗИ бас директор болып қайта келеді, экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде кеңесші де болады (2002-2004). «ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері» (2001). Көптеген монографиялары мен кітаптары, республика баспасөзі беттерінде жарық көрген мақалалары мен зерттеулері бар. Экономика ғылымдарының докторы (1990), экономист-ғалым ретінде елімізге аса танымал азамат, бұл күнде ғылыми жұмысын жалғастыруда.

**ЕСМАҒАНБЕТОВ**
**Мұқамбетәли Матқанұлы**

1946 ж. дүниеге келген. Шалқардағы №1 орта мектепті (1965), С.М.Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы Қаз МҰУ-ді (1971) бітірген. Қазақстан Журналстер Одағының мүшесі (1972), «КСРО баспасөзінің үздігі» (1984).

Еңбек жолын аудандық баспаханада әріп терушіліктен бастап, «Шалқар» газетінің редакторлығына дейінгі сатылардан өткен. Аудандық тәуелсіз «Шежірелі өлке» газетінің (2001-2008) ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы. Халық композиторы Қазанғап Тілепбергенұлы, «Қыз Жібек» дастаны, оқиғаның болған жері жайлы, сондай-ақ Шалқар өңірінен шыққан батырлар, хандар, билер, шешендер, арулар, ақын-жазушылар, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы жазған мақалалары одақтық «Журналист» журналында, Халықаралық «Азия» газетінде, «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ұлан» газеттерінде, «Жұлдыз», «Парасат», «Ақиқат» «Пионер» журналдарында, облыстық «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланды. 2001 жылы шыққан «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі» кітабының (Алматы, «Кітап» баспа үйі, Гагарин даңғылы, 93-үй) авторларының бірі. ҚР Президентінің «Алғыс хатымен», Одақ және республика Журналистер Одағының Дипломдарымен, партия, Кеңес органдарының Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Шалқар ауданының жыл адамы» (2004), «Шалқар» энциклопедиясы бас редакторының орынбасары.

**ЕСМАХАНОВ**
**Есен Бималиұлы**

(1956 ж. Шалқар ауданы, Шахта поселкесі), ішкі істер қызметінің полковнигі.

1973 ж. Шахта орта мектебін бітіргеннен кейін 1974-1976 ж.ж. Кеңес армиясы қатарында қызмет етті, КСРО ІІМ Қарағанды Жоғары милиция мектебін бітірді (1985). 1981-1987 ж.ж. Октябрь

ауданының ІІБ инспектор, аға инспектор, тергеу бөлімінің бастығы, 1989-1991 ж.ж. Қобда ауданының ІІБ Ақырап бөлімшесінің бастығы, 1991-1998 ж.ж. Исатай ауданының ІІБ-нің бастығының орынбасары, Әйтеке би, Шалқар ауданының ІІБ-нің бастығы қызметтерін атқарды. 1998-2008 ж.ж. Ақтөбе облысының ІІБ Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы, Ақтөбе қалалық ІІБ-нің бастығы, облыстық ІІД бастығының орынбасары, 2008 ж. 20 сәуірден Ақтөбе қалалық ІІБ-нің бастығы.

**ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ**

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы – Байқадам елді мекені. Шалқар ауд. оңтүстігінде, аудан орталығынан 61 км., Ақтөбеден 410 км. қашықтықта орналасқан, тұрғыны 1,5 мың адам. Бұрын (1950 ж.) бұл аумақта 8-март, Жданов атынд. «Комсомол» ұжымшаралары болған, кейін (1964 ж.) «Сарыбұлақ» кеңшарына біріккен. Жері шұрайлы, нулы, тоғай, малға жайлы, қыста іргесінде Ұлы Борсық құмы, жазда етегінде Шолақжиде бойында тұщы сулы бұлақтар бар. Мұнда жаңадан салынған орта мектеп, балабақша бар, дәрігерлік амбулатория, 150 сандық АТС, мәдениет үйі, мешіт халыққа қызмет етеді.

**ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ**

(1803, Жем өзенінің бойы-1889) – батыр, екі теңіздің арасын ереуілдеткен, тепсінген жауға теңдік бермеген ер, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы. 1838 ж. Жоламан батырмен бірге көтеріліске шығып, Елек қорғанына шабуыл жасады. 1847-78 ж.ж. Жанқожа батырмен бірге Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы шықты. 1847-58 ж.ж. Е. Арал те-нің бат. жағалауын, Үлкен және Кіші Борсық құмдары мен Мұғалжар тауларын, Жем, Сағыз, Ырғыз, Елек, Ойыл, Қиыл өз-нің бойын жайлаған қазақтардың Ресей имсының отаршылдық саясатына қарсы көтерілісіне басшылық жасады. 19 ғ-ың 40-50 жылдарындағы Е. бастаған ұлт-азаттық көтерілісі, негізінен ұсақ қимыл-әрекеттермен сипатталады. Олар шекараға жақын орналасқан Ресей бекеттеріне шабуыл жасап отырды. 1853-54 ж.ж. Е. басшылығымен қарулы көтеріліске шыққан Кіші жүз қазақтарының шекаралық әкімшілікпен қақтығыстары болды. 1853 ж. мамырда осы көтерілісті басуға сұлтан Арыстан Жантурин, екі қазақ отряды мен 200 жігітті бастап сұлтан Таукин, Орал бекінісінен майор Михайлов пен 600 жігітті бастаған сұлтан Е.Қасымов аттанды. Патша әкімшілігінің бұл жоспарынан хабардар болған Е. шекті ауылдарын Үстіртке жіберіп, өзі 800 жігітпен жазалаушы отрядтарды күтіп қалды. Жақсы қаруланған жазалаушы отрядтардың көтерілісшілерге қарсы бұл жорықтары нәтижесіз болды. Орынбор генерал-губернаторының нұсқауымен көтерілісті басу келесі көктемге қалдырылды. Е. 1853-54 жылдың қысын Үлкен Борсықта өткізді. 1854 ж. көктемде көтерілісшілердің саны 1500-ге жетті. Олар Ресей үкіметінің алдына: қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтату, түтін салығын жою, қазақ даласына әскери жазалау отрядтарын жіберуді тоқтату, жайылымдық жерге еркіндік беріп, Жем, Мұғалжар, Елек, Қобда, Жайық өзенінің бойларына көшіп қонуға мүмкіндік жасау туралы талаптарын қойды. Көтерілісті басуға 1854 ж. көктемде барон Врангель бастаған жазалаушы отряд жіберілді. Бұл отрядпен қарсыласу қиын екендігін түсінген Е. енді олармен келіссөздер жүргізіп, өзінің патша үкіметіне адалдығын, айыбын өтеу үшін генерал-губернаторға баратынын мәлімдеді. Бірақ кейіннен бұл уәдесінен бас тартып, төңірегіне сенімді адамдар жинап, ұрысқа дайындала бастады. Көтерілісшілер орыс-казак әскерлеріне далада тұтқиылдан шабуылдар жасау, олардың аттарын айдап әкету, әскери шептерге шабуыл жасау әрекеттерін жалғастырды. 1854 ж. 21 тамызда іштерінде Е.-тің туған інілері Сатай мен Матай бар 60 адамдық топ Орал бекінісіне шабуыл жасайды. 1855 ж. жазда Көкпекті тоғайы деген жерде Ерназар Кенжалин жетекшілік еткен көтерілісшілердің бір тобы Орал бекінісіне келе жатқан 11 адамдық Ткачев бастаған казактарға шабуыл жасап, 6 адамын өлтіріп, қалғандарын қолға түсірді, ал Ткачевтің өзі әзер қашып құтылды. 1855 ж. маусымда Орынбор генерал-губернаторы Кіші жүздің бір топ билеуші сұлтандарына (Арыстан Жантөрин, т.б.) көтерілісті басып, Е.-ті қолға түсіруге қатаң тапсырма берді. Маусымның аяғында тапсырманы орындау үшін 900 адамдық отрядпен, өзіне бекітілген екі зан-

бірегі бар казак жүздігі және дистанция бастықтарымен Арыстан Жантөрин жорыққа аттанып, Орал бекінісінен 140 шақырым жер шамасындағы Елек өзенінің жоғары сағасындағы Суықсу шатқалына келіп бекінеді. Сұлтан ордасы мен көтерілісшілер арасында бірнеше күн бойы келіссөздер жүргізіліп, екі жақ нақты бір шешімге келе алмайды. Осыдан кейін Е. өз адамдарымен кеңесіп, сұлтан ордасына шабуыл жасауды ойластырады. 1855 ж. 8 шілдеде көтерілісшілер сұлтан ордасын тұтқиылдан шабуылдап, Арыстан Жантөрин бастаған он шақты бистаршындарын өлтіріп, казак әскери отрядын талқандайды. Бұл оқиғаға мазасызданған Орынбор әкімш. көтерілісшілерді басуға тағы да жазалаушы отрядтар жібереді, олар қазақ ауылдарын қырғынға ұшыратты. 1856 ж. 27 қыркүйекте әскери дала сотының үкімімен Ақтыбай Есмамбетов, Құлшық Қарин және Ерубай Айнақұловтар атылды. 1857 ж. наурызда Ерназар Кенжалин, Бекет Серкебаев, т.б. 18 адам Сібірге жер аударылды. 1858 ж. қыркүйекте Бородин басқарған жазалаушы отряд көтерілісті біржолата басты. Е. көтерілістен бас тартқан соң, оған кешірім жарияланды. 1859 ж. тамызда бір топ сұлтан, билермен бірге Санкт-Петербургке жіберіліп, 24 тамызда патша Александр ІІ-нің қабылдауында болды. 1861 ж. қабақ руының басқарушысы болып тағайындалды. 1869 ж. Ырғыз уезі бастығының кіші көмекшісі болып бекітілді. 1873 ж. Хиуа жорығына қатысқаны үшін патшадан алтын медаль алды. 1879 ж. ол қызметтен босатылды. 1889 ж. картайған шағында дүние салды. Төрт күмбезді мазары Ақтөбе обл. Шалқар ауд-дағы Шолақжиде деген жерде.

*З.Байдосов, «Үш ғасыр перзенттері» Ақтөбе, 1997. 85-154 беттер. З.Байдосов, Т.Төлепбергени, Есет батыр, Атырау. 1993 жыл.*

## ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ БАСТАҒАН ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

Есет Көтібарұлы бастаған Халық-азаттық қозғалыс 11 жылға созылған (1847-1858). Бұл қозғалысты негізінен үш кезеңге бөлуге болады. **Бірінші кезең** – 1847-1854 жылдар арасын қамтиды. Осы уақытта Есет Көтібаров өз айналасына Електің жоғарғы ағысынан Ұлы Борсық аралығын, одан Үстірт, Жем бойын жайлаған халықты толық қамтыған. Ресейдің саяси, сауда керуендерін, әскери бекіністеріне шабуылдар жасаған күш жинады. Жанқожа Нұрмұхамбетов бастаған халық қозғалысымен үндесті. **Екінші кезең** – 1854-1855 жылдың шілдесіне дейінгі аралық. Осы кезеңде Есет батыр көтерілісте жасақтарының санын 1500-ге дейін жеткізді. Патша әкімшілігінің алдына қазақ қауымынан түйе жинауды тоқтату, шаруаларға жайылымдылық қысымын тоқтату, түтін салығын жинауды болдырмау, Жем, Елек, Жайық бойларына көшіп қонуға толық мүмкіндік беру талаптарын қойды. 1855 жылы Кіші жүздің орта бөлігінің аға сұлтаны Арыстан Жантөриннің өзіне қарсы бағытталған 500-ден аса қарулы күшін талқандап, аға сұлтанды халық атынан өлім жазасына кесті. **Үшінші кезең** – 1855 жылдың шілдесінен 1858 жылдың тамызына дейінгі аралықты қамтыды. Осы мезгілде патша үкіметі Есет Көтібаров бастаған көтерілісшілерді үш жақтан әскери қысымға алды. Есет батыр көтерілісшілерді бірнеше құрамға бөліп партизандық күрес жолына түсті. (Қозыбаев М., Байдосов З.Б. «Народно-освободительное движение в Казахстане в XVIII-XX веках-единый исторический процесс: проблемы, поиски, решения». Алматы, 1992, 98-бет.)

Қозғалыс Шалқар, Темір, Байғанин ауд, Маңғыстау, Атырау обл-ның теріскік-шығыс беткейін қамтыған Шекті, Тама, Табын, Мұғар руларынан құралған көтерілісшілердің саны 3000-ға дейін жетті. Көтерілісшілердің шығуына патша үкіметінің отарлық саясаты мен Орынбор әкімшілігінің Кіші жүз қазақтары Орта бөлігінің шұрайлы жайылымдарын тарылтып, шөлейт аймақтарға ысыруы, «Түтін салығының» мөлшерін күміс есебінен 1 сом 5 т. 4 сомға дейін өсіруі, Хиуа, Бұқар, Қоқанд хандықтарын жаулап алуға Орынбор-Орск арқылы Ақмешіт жорығы үшін сан мыңдаған түйелерді күштеп жинауға, оның үстіне қазақтардың саяси әкімшілік жағынан құқықсыздануы, орыс көпестерінің тонау саудасы, Жайық, Орынбор орыс казактарының «тәртіп орнатамыз» деген желеумен қазақ ауылдарын тонауы, тағы басқа да заңсыздықтар себеп болады. Мысалы: XIX ғ-дың бірінші жарты-

сында қазіргі Шалқар, Темір, Мұғалжар, Байғанин ауд. жеріне 27 рет әскери экспедициялар жіберілген. 1835 ж. полковниктер Жемчужников, Мансуров бастаған 500 Жайық қазақтары мен 1000 башқұрттан тұратын әскер орыс керуендерін тонады деген сылтаумен Ұлы Борсық бойындағы 50-ден аса Шекті ауылдарын шауып, 320 түйе, 370 мүйізді ірі қара, 12 мыңнан аса қойды тартып алды, ондаған қазақтар өлтірілді. Қозғалыс үш кезеңге бөлінді – бірінші кезеңінде (1847-53 ж). Е.К.Сырдария, Борсық, Елек, Темір, Ойыл бойындағы тайпаларды күреске көтеріп, өз айналасына топтастырады. Ол Жанқожа Нұрмұханбетұлы бастаған Кішкене Шекті елімен тығыз байланыс жасап, ондағы қозғалыс пен Борсық, Жем бойы қозғалысын бір арнаға бағыттағысы келеді. Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы В.В.Григорьев Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийге «Қарабас бөлімінің батыры Есет Көтібаров Хиуа ханына және Адай елінің бүлікшісі Сүйінқараға біз Ресейдің жарлықтарына бағынбаймыз. Сондықтан Сіз өз күшіңізді жинап маған қосыңыз», – деп хабарлайды. Бұл кезде патша үкіметі Орта бөліктен 5000 түйе жинауға билеуші сұлтан Арыстан Жантөринге қатаң тапсырма берді. Алайда Е.К. бұдан бас тартты. Көтерілісшілер Ырғыз бекінісіне шабуыл жасады. Е.К. күшін талқандап, оны ұстау үшін Фитенгоф бастаған үлкен әскери күш шықты. Мұрағат құжаттарына қарағанда, көтеріліске 30 мыңға тарта халық тартылған. Одан 1200-1500-і ел бостандығы үшін қарулы күреске шықты. Көтерілістің екінші кезеңінде (1854-56 ж). жасақшылардың саны 9000-ға жетіп, жауға қарсы ұрысқа үш құрамға бөлінген. Ырғыз бағытында Бекет Серкебайұлы басқарған бірінші құрам, Орск беткейінен күтілетіндерге Есет басқаратын құрам, Орал жағынан келетіндерге Ерназар Кенжалиннің үшінші құрамы қарсы тұрмақ болды. Е.К. 1850-53 ж.ж. Ырғыз, Қарабұтақ, Калмыково, Ембі әскери бекіністеріне және Хиуа, Бұқара, Қоқандқа бара жатқан Ресейдің керуеніне тұтқиылдан шабуыл жасады. Көтерілісшілер мен отаршылар шиленіскен тұсы 1855 ж. шілдеде сұлтан Жантөринді және оншақты би-старшындарды өлтіріп, оның отрядын талқандау болды. Көтерілісті басу мақсатында Ырғыз, Орск, Арал, Орал бағыттарынан Михайловтың, Кузминскийдің, Фитенгофтың, Гекенің басқаруымен 2000-ға тарта әскери күш шығарылды. Көтерілісшілер 1855-56 ж.ж. шағын құрамдарға бөлініп, жазалаушылармен партизандық әдіспен соғысып, Үстіртке шегінді, Хиуа шебіне жетті. Жазалау әскери құрамдары Шекті елінің бейбіт ауылдарына шапқыншылық жасап, қырғын салды. Тек Ерназар Кенжалыұлының ауылынан 350 жылқы, 200 қой, 40 ірі қараны тартып алып кетті, 8 адамды өлтірді. Тоналған мал-мүліктің құны 125241 сом құраған. 1857 ж. Орынбор әкімшілігінің әскери сотының алқасы Е.К. айналасына топтасып көтеріліс барысына ұйытқы болған 18 адамды ұстап, оның ішінде Бекет Серкебайұлын, Ерназар Кенжалыұлы, жақайым руының батыры Қарабасты Сібірге мәңгілікке айдау, 2 адамға ату үкімін шығарды. Қалған 13 адамды әртүрлі мерзімге Сібірге каторгаға жіберді. 1853-1854 ж. қысын Е.К. Борсық құмында өткізді. Ерте көктемде құм бойын жайлаған елге барон Врангель отряды жіберілді. Көтерілістің үшінші кезеңінде (1856 жылдың шілдесі – 1858 жылдың ортасы) – Орынбор әкімшілігі жазалаушы отрядтарға толықтай еркіндік берді. Орыс-казак отрядтары кез-келген қазақ ауылдарын шауып, мал-мүлкін тонады, қарсыласқандарын сотсыз-ақ атып тастап отырды. Жазалаушы отрядтардың басшылары подполковниктер Дарышев, Кузьминский, майор Михайловтардың қаталдықтарымен Ресей империясының қанқұйлы саясаты А.Герценнің Лондонда шығарып тұрған «Колокол» газетінде әшкереленді. 1856-57 жылдары Мұғалжар, Жем бойын, Үстірт, Арал маңдарын зерттеген Ресей ғалымы Н.А.Северцев Есет Көтібаровқа кешірім жасау, Сібірге айдалған Бекетті, Ерназарды еліне қайтару туралы Орынбор генерал губернаторына хат жазды. Қозғалыс жеңіліспен аяқталды. 1858 ж. қыркүйекте Орал казак-орыстарының әскери тобын басқарған Бородин көтерілісшілерді талқандады. Есет халықты қырғынға ұшыратпау үшін күресті тоқтататынын мәлімдеді.

*Әдеб: З.Байдосов. «Азаттық сұңқары». Ақтөбе, 1993 ж. «Үш ғасыр перзенттері», Ақтөбе, 1997 жыл*

## ЕСЕТ-ДӘРІБАЙ КЕСЕНЕСІ

XIX ғасырда өмір сүрген халық батыры Есет Көтібарұлына тұрғызылған ескерткіш. Ол Шалқар қа-нан 65 км жерде. Кесененің бірінші нұсқасы 1890 ж. төртбұрышты шикі және күйген кірпіштен күмбезбен өріліп, қабырғалары әшекейленіп салынған. Бірақ, уақыт әсерімен құлаған. Шалқар өңірі халқының бастамасымен бұл кесене екінші рет, қазіргі заманның сәулет өнерінің талаптары ескеріліп, ұлттық нақышпен 1993 ж. қайтадан салынды. (сәулетшісі Әділбаев О.) Кесене құбылаға қарағанда оң жағындағысы Есеттің, сол жағындағысы інісі Дәрібайдың тамдарынан тұрады.

Осы екі тамның ортасында биік шырақ мұнарасы бар. Бұлардың аумағына тас төселінген. Әрбір там жанында құлыптастар орнатылған. Есет пен Дәрібай тамдарының әр біреуінің сыртқы өлшемі 7х7, ішкі өлшемі 6х6, биіктігі 8 метрден. Олардың бірінші деңгейі 4 м. биіктікте. Одан жоғары 4 м. биіктікте мазардың күмбезі бар. Екі тамның ортасындағы мұнараның биіктігі 16 метр. Мұнара бойындағы мрамор тақтаға сол кездегі тарихи тұлғалардың аттары жазылған. Кесене Республикадағы тарихи ескерткіштер қоғамының есебіне алынды. Кесене басында шырақшы тұрады. Ақтөбе облысындағы туристік бағдарға енгізілген. Есет әулие басына барып түнеушілер көп.

Аталмыш кесене 1993 жылы өзінің бұрынғы табанында, XX ғасырдың аяғындағы Қазақстан сәулет өнерінің жетістіктерін құйыстыра отырып қайта салынған. Оның құрылыстық-архитектуралық жобасын жасақтаған Оразбай Әділбай, Қанатбай Елеусіз т.б.

*Әдеб: З.Байдосов. «Ақтөбе» энциклопедия, Ақтөбе, 2001, 394-395 беттер.*

## ЕСЕТ-ДӘРІБАЙ КЕСЕНЕЛЕР КЕШЕНІ

XIX ғасырдың қаһарман батырлары Есет (1803-1889) және Дәрібай (1806-1892) Көтібар ұлдарына тұрғызылған ескерткіш. (1890).

Уақыт өте олар тозып, құлай бастаған. Кесенелер кешені Шалқар қаласынан оңтүстікке қарай 65 км Шолақжиде деген жерде автожолдың бойында. Бұл кесенелерді салу аудан бойынша бүкілхалықтық іс болды. Осы істі атқару үшін ауданда әр салада қызмет жасайтын 12 азаматтан ынталы топ құрылды. Ол топты сол кездегі аудандық кеңес төрағасының орынбасары – аудандық а/ш басқармасының бастығы, қазіргі Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Оралмағанбетов Жеткерген Тлеулесұлы басқарып, заманның өтпелі кезеңінде үлкен іскерлікпен ойдағыдай іс атқарылды. Ынталы топта Ж.Елемесов, Ж.Қобландин, С.Әйтенов, С.Қаниев, Б.Боқаев, М.Есмағанбетов және құрылыс шебері Х.Шойғарин бастаған 17 құрылысшы жұмыс жасады.

Кесенелер мен азаттық мұнарасының құрылысын жобалау мен сәулеттік шешімін, әшекейлік жағын үйлестіру құрылысшы-сәулетші маман ретінде маған тапсырылған болатын.

Кесенелер ғасырларға беріктігі мол болсын деп ыстық пен суыққа төзімді арнайы (огнеупорный) кірпіштерден жасалды. Әр кесенелерге Есет пен Дәрібайдың аттары, қысқаша тарихи мәлімет беріліп, тас белгілер қойылды.

Кесенелердің сыртқы өлшемдері 7м х 7 м. биіктігі 8 м. Көне кесенелердің орнына салынды. Биіктігі 16 метр азаттық мұнарасы орнатылды. Дөңгелек пішінді. Диаметрі сыртынан 4 м. Ішінде мұнараның басына шығатын темірден баспалдақ жасалған. Мұнараның бойына Шектінің таңбасы қашалып, Ұраны Бақтыбайдың аты және Есет пен қарулас 12 батырдың аттары мрамор тақталарға жазылған.

Кесенелер мен мұнараның жалпы жер аумағы 40мх20м. Құрылыстың құны сол кездегі бағамен 30 млн сомдай болды. Кесене Республикадағы тарихи ескерткіштер қоғамының есебіне алынған. Осы заманның әсемдік жағынан шебер салынған құрылыстар болғандықтан және белгілі тарихи орын деп Ақтөбе облысындағы туристік бағдарға енгізілген. Есет әулие басына барып түнеушілер көп.

Кесенелер кешенін сәулеттік жобалаушы-сәулетші – құрылысшы Оразбай Әділбаев.

*Әдеб: «Ақтөбе» энцик-сы.*

## ЕСКЕРТКІШ

1) кең мағынасында – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарих және мәдениет Е.-терінің жиынтығы мұражайлық, көрмелік маңызы бар заттар мен жылжымайтын Е.-терді (құрылыстар, ғимарат-

тарды, т.б.) қамтиды. Ортақ типологиялық белгілері бойынша Е.-терді негізгі 4 түрге бөледі: археологиялық ескерткіштер, тарихи ескерткіштер, сәулет өнері Е.-тері, монументтік (мүсін) өнері Е.-тері. Сондай-ақ, Е.-терге тарихи-танымдық немесе тарихи-көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады. Яғни адамзаттың көне заманнан күні бүгінге дейінгі дамуы жолындағы түрлі саладағы аса маңызды жетістіктерінің ерекше, қайталанбас заттық-рухани үлгінұсқаларын; адам өміріндегі оқиғаларды, белгілі бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды Е-деп атау қалыптасқан. Оларды шартты түрде ауыз әдебиеті Е.-і, діни Е., т.б. деп те түрліше жіктеуге болады. Мәселен, адам қабірінің басындағы оба, қорған, дың, сондай-ақ, сақ дәуірінен, көне түркі, қыпшақтар кезеңінен жеткен тас мүсіндер, сынтас, сартас, құлпытас, қойтас, үштас, бестас, сағана, төртқұлақ, кесене, т.б. археол. және сәулет Е.-тері – ең алғашқы Е. түрлері қатарына жатады. 2) тар мағынасында – ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды. Бұл атау монумент деген ұғымның мағынасына жақын. Алайда, Е., әдетте, дүние салған адамның құрметіне тұрғызылады. Е.-тің кең тараған түрі де осы – көлемі нақты тұрпаттан үлкендеу мүсіндік бейнелер. Олар, әдетте, көнекті жерге (қала алаңына, саябаққа, тарихи орындарға, тарихи адамдардың туған жерлеріне, ұрыс даласына) орнатылады. Өлген адамға Е. орнату дәстүрі ерте заманда-ақ пайда болған. Мыс. ежелгі Грекияда аса көрнекті қолбасшылар мен қоғам қайраткерлерінің құрметіне, Римде императорларға Е. қойылған. Қайта өркендеу дәуірінде Италияда Микеланджело, Францияда Т.Бонтан, т.б. сияқты мүсін өнері шеберлерінің аты әйгілі болды. 19 ғ-да Еуропа мен Америкада әр түрлі оқиғаларға, 20 ғ-да ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлеріне, жазушы, суретші, музыкашыларға Е.-тер жасау үрдісі кең етек алды. Ресейде 18 ғ-да және 19 ғ-дың 1-жартысында мүсіншілер К.Б.Растрелли, М.И.Козловский, Б.И.Орловский, И.П.Мартостың жобасы бойынша Санкт-Петербург пен Мәскеуде Петр І-ге, А.В.Суворовқа, М.И.Кутузовқа, К.Минин мен Д.Пожарскийге Е. орнатылды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап Н.А.Андреев, Н.В.Томский, В.И.Мухина, К.М.Мерашвили, т.б. мүсіншілер көптеген қалаларда даңқты адамдарға тұлғалы Е.-тер орнатылуына үлес қосты. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ерлігін мәңгі есте қалдыруға арналған Е.-тер өте көп. Солардың ішіндегі ең күрделісі – Берлиндегі кеңес әскері жауынгерлері құрметіне тұрғызылған (мүсіншілер Е.В.Вучетич, Я.Б.Белопольский) тарихи-мемориалдық ескерткіш. Қазақстанда Е. орнату 1940 жылдан кейін кең өріс алды. Алғашқы Е.-тердің бірі – Алматыдағы «Амангелді Иманов» ескерткіші (мүсінші Х.Б.Асқар-Сарыджа, сәулетші Т.Бәсенов; 1947 ж.). Белгілі мүсінші Х.Наурызбаевтың «Абай» (1960), «Шоқан Уәлиханов» (1969, екеуі де Алматыда), «Жамбыл Жабаев» (1964, Тараз), «Амангелді Иманов» (1959, Қостанай обл. Амангелді ауд.), Т.Досмағамбетовтің «Шоқан Уәлиханов» (1972, Көкшетау), Ю.Г.Былықтың «Нұркен Әбдіров» (1969, Қарағанды), т.б. мүсін-ескерткіштері Қазақстандағы алғашқы Е.-дің ең көрнектілері болып табылады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де ұмытылмас есімдер мен тарихи оқиғаларды жаңғыртатын бірқатар Е.-тер тұрғызылды.

*Әдеб: Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдіқұлов М., Қазақстан архитектурасы, А., 1959; Жәнібеков Ө., Жолайрықта, А., 1995.*

*«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 3-том, Алматы, 2001, 429-430 б.*

**ЕСТӨРИН**
**Аманғали Естөреұлы**

(041.01.1942ж.т. Шалқар ауд. Ақтоғай ауылы).

Саналы өмірін ауыл шаруашылығына арнаған, мал баққан. Озат шопан. Кешегі Кеңес үкіметі кезінде «Бесжылдықтың үздігі» төсбелгісімен, Еңбек Қызыл Ту (екі рет) және «Халықтар достығы» ордендерімен, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын және күміс медальдарымен марапатталған.

**ЕҢСЕП**
**Бердімжай Еңсепұлы**

(20.01.1936 ж.т. Шалқар ауданы, № 7 ауыл), облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер, ұстаздарға ұстаз болған басшы.



Б.Е.Еңсеп



У.Е.Еңсепова



М.А.Еспанов



Ә.Ещанов

Еңбек жолын мектепте есепші, мұғалім болып бастаған (1953) ол кейін А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында оқыған (1954-1959), мамандығы – физика және математика пәндерінің мұғалімі.

Шалқар қаласындағы № 1, № 2, орта мектептерде директордың орынбасары (1960-1973), кейін Ә. Жангелдин орта мектебінің директоры (1973-1998) болған. Үгітші. Насихатшы. «ҚР халық ағарту ісінің үздігі», бірнеше марапаттардың иегері.

**ЕҢСЕПОВА Уфуза Еңсепқызы**

(23.2.1940 ж.т. Шалқар ауд. Талдықұм а.) – «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1987), жоғары категориялы акушер-гинеколог дәрігер. №1 Шалқар қалалық қазақ орта мектебін бітірді (1957).

Еңбек жолын Талдықұм ұжымшарында клуб меңгерушісі болып бастаған (1957-1959 ж.ж.). Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін бітірді (1965). Институт бітірген жылы Шалқар теміржол тораптық ауруханасының акушер-гинекологиялық бөлімінің меңгерушісі (1965-1977 ж.ж.), Батыс Қазақстан теміржолының санитарлық-медициналық қызметінің бас акушер-гинекологі (1977-1991 ж.ж.), Ақтөбе теміржол тораптық ауруханасының акушер-гинекологиялық бөлімінің меңгерушісі (1991-2004 ж.ж.).

«Құрметті теміржолшы» төс белгісімен (1997), бірнеше үкімет наградаларымен марапатталған.

**ЕСПАНОВ Маханбет-Али**

(1925-2000) заңгер, аға әділет кеңесшісі. 1952 жылы Алматының заң мектебін үздік және 1959 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң факультетін сырттай тәмамдаған. Еңбек жолын 1952 жылы Ақтөбе облысы Родников аудандық прокуратурасында тергеушіліктен бастаған ол 1985 жылы зейнеткерлікке шыққанша Ақтөбе облысының прокуратура органдарында еңбек етті. 1955 жылы Мартук аудандық прокуратурасында тергеуші, 1961 жылы Ақтөбе облыстық прокуратурасының аға тергеушісі болып тағайындалады және осы жылы Ленинград қаласындағы прокуратура тергеушілерінің білімін жетілдірудің екі айлық курсын тәмамдап, үздік оқуы үшін бірінші кластық заңгер шені берілді. Ақтөбе облысы Новоресей ауданының прокуроры етіп тағайындалады.

1973-1978 жылдары Мартук ауданының прокуроры, 1978-1985 жылдары Шалқар ауданының прокуроры болып еңбек етті.

2-ші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Соғыс кезіндегі сіңірген еңбегі үшін», «Жапониямен соғыстағы жеңіс үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін» және т.б. медальдармен марапатталған.

**ЕЩАНОВ Әлібай**

(1907-26.04.1959, Шалқар ауд. Көкжиде ауылы), елге еңбегі сіңген ұстаз. Ақтөбе облысының Темір ауданы «Көкжар-Коммуна» мектебінде, Ақтөбе техникумында оқыған (1928-1930), кейін Н.Байғанин атындағы оқытушылар институтын сырттай оқып бітірген (1947-50). 1930-59 ж.ж. Шалқар ауданының №13 және № 24 ауыл бастауыш, Қорғантұз, К.Маркс, Сарықамыс жетіжылдық мектептерінде мұғалім, директор болған. Арасында үш жылдай Ұлы Отан соғысына қатысқаны (1941-43). 4 медальмен марапатталған. «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» (1959 жыл).

# Ж

## ЖАСЫБАЙ, ЖАУЫЛДЫ

Жасыбай, Жауылды – Шалқар ауд-ндағы өзен. Шалқар алабында. Ұз. 72 шақырым, су жиналатын алқабы 2380 км². Қарашолақ тауының солтүстігіндегі бұлақтардан басталып, Мелдекөлге 5 шақырым жетпей тартылып қалады. Арнасы тар, көктемде қар ерігенде ғана су ағады. Әрқайсысының ұз. 10 шақырымнан аспайтын 34 саласы бар, мал суаруға пайдаланады.

## ЖАДЫРАСЫНОВ
**Нағашыбай Тарғынұлы**

(02.05.1951 ж.т. Шалқар ауданы Тоғыз т.ж. бекеті – 13.08.2006 Қарағанды қаласы), белгілі ғалым – Дүние жүзілік Халықаралық Академияның (МАИН) академигі.

Қарағанды политехникалық институтын бітірген (1973), инженер-құрылысшы. Институтта оқытушы (1973-1979), Киевте кандидаттық диссертациясын (1999) қорғаған, доцент (1985), профессор (2001). Техника ғылымдарының докторы, ҚР Инженерлік Академиясының Корреспондент-мүшесі, құрылыс механика саласындағы халықаралық деңгейдегі білікті маман, белгілі ғалым.

«Құрылыс механикасы» оқулығының авторы, 200-ден астам



Н.Жадырасынов

жарық көрген ғылыми және оқу-әдістемелік құралдары, 8 ғылыми монографиясы бар. Ол жасаған негіздемелер Грузияның Зестафон ферроқорытпа заводында, Жезқазған кеніштерінде қолдау тапқан, Қазақстанның, Ресейдің шахта жұмыстарында да қолданылып жүр: «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» көптомдығына есімі енген.

## ЖАҚСЫБАЕВ
**Нәби Құлшаманұлы**

(1912, Шалқар ауд. № 11а. – 1975, Алматы қ.) – Социалистік Еңбек Ері (1966). 1937 жылы Мәскеудің түсті металдар және алтын институтын бітірген. Ұзақ жылдар Қазақ тау-кен металлургия институтында (қаз. Сәтбаев атын. техникалық ун-т) оқытушы болды. Оңт. Қаз. және Ақтөбе облаткомы төрағасының орынбасары, Ақтөбе обл. партия комитетінің хатшысы, 1953-59



Б.Жақсымбетова

ж.ж. Кеңшақың, Қасқайыр-Ақжол кеніштерінің директоры, Республика түсті металдар министрінің орынбасары, КСР Министрлер Кеңесінің тау-кен жұмыстарын қадағалау жөніндегі Мемл. Комитетінің төрағасы, 1959 жылдан Зырян қорғасын комбинатының директоры. Комбинат еңбек көрсеткіштері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Қаз. Компартиясы ОҚ-ң мүшесі, облкомның бюро мүшесі, облыстық кеңестің депутаты боп сайланған. Ленин, Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, медальдармен марапатталған. Ол – техника ғылымдарының кандидаты.

## ЖАҚСЫМБЕТОВА
**Бижамал**

(1925 ж. Орал обл. Сырым ауданы). Ұлағатты ұстаз.



*Б.Жақыпов*

Еңбек жолын 1941 ж. колхозда жұмысшы болудан бастаған. 1944-1948 ж.ж. Орал педагогикалық институтында оқып, қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1948 ж. бері Шалқар ауданында оқытушылық қызмет атқарып, 1986 ж. зейнеткерлік демалысқа шықты. 1962 ж. – мұғалімдердің республикалық слетіне қатысты. «ҚР халық ағарту ісінің озық қызметкері», Еңбек Қызыл Ту орденінің және бірнеше медальдың иегері, көп балалы ана.

**ЖАҚЫПОВ Бөген**

(10.3.1936 ж.т. Шалқар қ.) – өндірісті ұйымдастырушы, еңбек ардагері.

Алматыдағы тау-кен институтын бітірген (1958), инженер. Жезқазған тау-кен комбинатында инженер, аға конструктор, Шалқар комплексі партиясының бастығы, Ақтөбе экспедициянының бас инженері (1958-1965 ж.ж.). Біршоғыр құрылыс материалдарын өндіретін зауыт пен Мұғалжар қиыршық тас зауыттарында директоры болды (1965-1992 ж.ж.). «Көктас» АҚ ұйымдастырылып, оның президенті болып сайланды (1992). Кәсіпорын Қазақстанның батыс аумағын, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан кәсіпорындарын әртүрлі ірілі-уақты қиыршық таспен қамтамасыз етеді. АҚ Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларында, Шалқар, Мұғалжар, Әйтеке би аудандарында жаңа жұмыс орындарын ашты. Жұмыс істейтін адам саны 1000-ға жетті. 1999 ж. АҚ басшысы Париждің Тпе АРСН OF EU POPL (Арка Европа) Корпорациясының дипломымен марапатталған. Зауыт кентінде 460 орындық орта мектеп, клуб, балабақша, тұрмыстық комбинат, наубайхана, монша, 4 дүкен, телефон стансасы, мешіт, 5 каналды теледидар жүйесі жұмыс істейді. Ж.Б. облыстық маслихат депутаты (1999).

«Құрмет белгісі», 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған. «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (2000), «Облыстың жыл адамы» атақтары бар.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы.*

**ЖАҚЫПОВ Өтеп**

(15.08.1927 ж.т. – 16.08.1985 Шалқар қаласы), атақты құрылысшы (34 жыл бойы бір жерде Шалқар азаматтық үй-құрылыс дистанциясында қызмет еткен). Бастауыш кластық білімі бар. Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеген (1947-1950). 1951 жылдан ағаш шебері. Есімі т.ж. Құрмет кітабына жазылған. (1974).

Ленин (1970), Еңбек Қызыл Ту (1974) ордендерімен марапатталған. Аудандық кеңестің депутаттығына бірнеше рет сайланған.



*Т.Жалмағанбетов*

**ЖАЛМАҒАМБЕТОВ Тәңірберген**

(1920, Шалқар ауд. № 24а. – 1998 ж., Алматы қ.) – генерал-майор (1977).

1929-33 ж.ж. Шалқар қаласында шаруа балалары интернатында тәрбиеленген. Арал, Қызылорда қ. жұмысшы фак-інде оқыды (1933-1935). Алматыда Абай атындағы пединститутында сырттай оқып бітірген (1956). 1943 жылдан Меml. Қауіпсіздік органдарында: Арал ауданында, Қызылорда, Қарағанды облыстарында шұғыл қызметтер атқарды; 1952-60 ж.ж. Қаз КСР Мемл. қауіпсіздік министрлігі мен комитетінде бөлімше бастығы және бөлім бастығының, Ақмола обл. басқарма бастығының орынбасары, респ, қауіпсіздік бөлім бастығы, 1960-65 ж.ж. Көкшетау обл. бөлімінің бастығы, Тың өлкелік Мемл. қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары, 1972-76 ж.ж. Целиноград, Онт. Қазақстан облыстық басқармаларының бастығы, 1977-84 ж.ж. Алматы қаласы және Алматы обл. басқармасының бастығы. 1984-88 ж.ж. Алматыдағы «Қазақстан» қонақ үйінің директоры, 1991 жылдан Арал төңірегіндегі экологиялық зардаптарға ұшы-

раған балаларды әлеуметтік қорғаумен айналысатын «Антитеза» республикалық қайырымдылық ассоциациясының президенті. Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдармен, 3 рет Қаз КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, бір рет Грамотасымен марапатталған. «Мемлекеттік қауіпсіздіктің құрметті қызметкері».

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 405-бет.*

**ЖАЛАҢТӨС**

**Баһадур Сейітқұлұлы**

(1576-1656)-қазақ батыры, қолбасшы, Самарқанның әмірі, 17-18 ғ-да өмір сүрген Әйтеке бидің үлкен атасы. 1581 ж. Шығай хан мен Ж.Б.-дің әкесі Сейітқұл өз елдерінен көшіп барып, Бұхардың Нұрата тауын мекендеген. Ж.Б. Тамды, Қызылқұм қазақтарының ханы Дінмұхаммедке 12 жасынан қызмет еткен. Жас кезінен-ақ ақылдылығымен көзге түскен. Сол дәуірдегі жоғары атақ – аталық лауазымына ие болды. 1640 ж. қазақ пен өзбек жеріне шабуыл жасаған қалмақ ханы Батырға (Батур) қарсы соғысқа Ж.Б. әскерге қолбасшылық етіп, жауды күйрете жеңген. 1643 ж. Жетісу өлкесіне басып кірген қалмақ-жоңғарларға қарсы шайқасып жатқан Жәңгір ханның әскеріне Ж.Б. Самарқаннан 20 мың қолды көмекке жіберіп, басқыншыларды ойсырата жеңуге жәрдемдесті. 1649 ж. Бұхар ханы Абд ул-Әзиз бен Иран патшалығы арасында Хорасан мен Балх үшін болған соғыста Ж.Б. жауды жеңіп



*Ш.Жамансарин*

шықты. Бұл соғыста Бұхар мен Қазақ хандығы ортақ жауға қарсы одақ құрды. «Тарих-и қыпшақи» атты еңбектің авторы Хожамкули бек Балхидың жазуына қарағанда, қазақ ханы Жәңгір осы шайқасқа 100 мың әскермен қатысқан. Ж.Б. Ташкент пен Түркістанға үш рет жорық жасаған. Кабул мен Мешхедті бағындырған. Ерлігімен, соғыс өнерін жетік білетіндігімен көзге түскен қолбасыға Үндістаннан, Хорезмнен, Қырғыз, Қалмақ, Қазақ, Қашғар хандарынан, тіпті Тибеттен де қымбат тартулар келіп тұрған. Акад. М.Е. Массонның айтуынша, Ж.Б.-ға сырттан келген сыйсияпаттардың мөлшері мемлекетке түсетін қазына байлығынан асып түскен. Ол осы қаражатбайлыққа әскер ұстаумен қатар, Самарқанда зор құрылыс жұмыстарын жүргізіп, салтанатты сарайлар, медреселер салдырған. 1619-35/36 ж.ж. Ж.Б. Самарқанның орталығы Регистанда атақты «Ширдор» («Арыстанды медресе», 1647-60 ж.ж. «Тілләқари» («Алтынмен аптаған» – деген ұғымда) медреселерін салдырған. Бүкіл Шығыс сәулет өнері тарихында аса көрнекті орын алатын бұл ғимараттар өзінің әсемдігімен, шебер орындалуымен көзге түсті. Ж.Б.-дің сүйегі Самарқаннан 12 км жерде, Дағбит қыстағындағы қорымда жерленген. Ж.Б.-дің ұрпақтары қазір Қызылорда облның Қазалы ауд-да тұрады.

*Әдеб: Сейфуллин С. Шығ. 6 томдық. 6 т., А., 1963, 40-б.*

*«Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. А-А, 1969, стр. 396-97. Массон М.Е. «Регистан и его медресе». Самарканд. 1929. Иванов П.П. «Очерки по истории Средней Азии» (XVI-середина XIX в.) М. 1958 ж. Түркістан Халықаралық Энциклопедия. 303-бет. Алматы. 2000 жыл.*

**ЖАМАНСАРИН**

**Шұқат Оразұлы**

(15.01.1927 ж.т. Шалқар ауданы – 22.12.1998 Алматы қаласы). 1942 ж. Шалқар қазақ орта мектебін үздік бітіреді. Ұлы Отан соғысы кезінде мұғалімдер жетіспегендіктен мектепті озат бітіргендерді оқытушылыққа қалдырған. Қайыңды, Сарқамыс жеті жылдық мектептерінде мұғалім болған (1942-1943). Алматы мемлекеттік университетін бітірген (1948) соң Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтында мұғалім (1948-1958), республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі (1958-1961), «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы» журналының ғылыми хатшысы (1961-1967). 1967 ж. Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институтында аға оқытушылық қызметке ауысып, ұзақ жылдар бойы осында ұстаздық етеді.



С.Жаманқұлов

Тарих ғылымдарының кандидаты (1966), доцент (1972). Тарихшы, журналист, педагог. Ғылыми еңбектері, алған марапаттары бар.

**ЖАМАНҚҰЛОВ**
**Сержан Боранқұлұлы**

(17.08.1944 ж.т. Шалқар ауд. Тоғыз б. – 29.05.1998 ж. Ақтөбе қ.), партия, кеңес қызметкері.

Еңбек жолын Ақтөбе локомотив депосында бастаған: шебердің көмекшісі, цех шебері, депо бастығының орынбасары, депо бастығы (1970-1978), содан кейін Батыс Қазақстан теміржолы басқармасы локомотив қызметінің бастығы (1978-1980), Ақтөбе обл партия комитетінің көлік және байланыс бөлімі меңгерушісі, Ақтөбе қалалық партия комитетінің 1-ші хатшысы, қалалық кеңестің төрағасы, қала әкімі (1980-1987). Облыстық, қалалық кеңестердің депутаты.

Қазақстан Компартиясының XVIII, КОКП XXVIII съездерінің делегаты, Ақтөбе, Шалқар қалаларында С.Б.Жаманқұлов атында көше бар. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



Ә.Жангелдин

**ЖАНГЕЛДИН**
**Әліби Тоғжанұлы**

(1884 ж. Қостанай обл. Амангелді ауд. – 14.8.1953 ж. Алматы), мемлекет қайраткері. Торғайда кәсіптік уч-де, Қостанайдағы екі кластық орыс-қазақ уч-де оқыған. 1903 ж. Орынбордағы діни уч-шені бітіріп, Қазандағы мұғалімдер семин-сында екі жыл оқыған соң, 1905 ж. революцияға қатысты деген айыппен оқудан шығарылады. Сол жылы Мәскеудегі діни академияға түсіп, 1906 ж. «сенімсіз студент» деп танылып, академиядан қуылған. 1909-12 ж.ж. шет ел халықтарының тұрмыс-салтымен танысуды (кейбір деректерде діни уағыздарды насихаттауды) мақсат еткен. Ж. Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Азия елдерін жаяу аралап, 1913 ж. Жапония арқылы туған жерге оралады. Ел аралап, киноаппаратпен шет ел халықтарының өмірі мен тұрмысына байланысты фильмдер көрсетіп, жергілікті халықтың саяси сауатын көтеруге ықпал етті. 1915 ж. Ресей коммунистік партиясының қатарына өтіп, Қырымда астыртын рев. қызмет атқарды. Ж.Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы Торғай қазақтарының көтерілісін қолдап, Торғай қ-н қоршауға қатысты. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін 7 наурызда Петроград жұмысшы және солдат депутаттары кеңесіне «Торғай облысында ескі үкіметінің жазалау отряды осы уақытқа дейін өзінің зорлық-зомбылығына және қырып-жою сияқты сұрқия әрекеттерін әлі де жүргізіп отырғанын баяндап», бұл жүгенсіздікті тиюды талап етті. РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің шешімімен Торғай облның төтенше соғыс комиссары болып тағайындалды. 1918 ж. 21 наурыз 3 сәуірде Орынборда өткен Торғай обл. кеңестерінің 1-съезінде обл. атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. Ж-нің ұсынысымен Торғай обл. атқару к-ті ұлт істері жөніндегі комиссариат құрылды және Ұлттық халық комиссариаты жанынан тұңғыш ұлттық бөлім ұйымдастырылды. РКФСР Халық комиссарлар кеңесі Қазақстанда ақ гвардияшыларға түпкілікті соққы беріп, Кеңес үкіметін қалпына келтіру мақсатымен қару-жарақ, азық-түлік, әскери көмек беру туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты Ж. Далалық өлкенің төтенше комиссары болып тағайындалды да, өлкеде алғашқы Ұлттық әскери отряд құрып, ақ гвардияшыларға қарсы күресті. Ресейдің орта аудандарында арнаулы қарулы отрядтар жасақтап, бірнеше қалада Кеңес өкіметін қалпына келтірді. 1918 ж. тамыз-қазан айларында Ақтөбе майданының әскерлеріне қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлік жеткізген арнаулы отрядтарды басқарды (қ. Жангелдин экспедициясы). 1920ж.



Ә.Жанаманов

ды. Мектепті 25 жыл бойы басқарған «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1990), бірнеше үкімет наградаларының иегері Бердімжай Еңсеп Еңсепұлы мектептің жаңа ғимаратын салуда қажырлы еңбек етті. Бұл күнде мектеп – жарты ғасыр тарихы бар таңдаулы оқу орны, басты бағыты-патриоттық тәрбие. Ауған соғысының қаһарман жауынгері И.Тұрғанбаев, үздік шекарашы Е.Ниязов – осы мектеп түлектері (екеуі де ерлікпен қаза тапты).

**ЖАНЫҚҰЛОВ Әділхан**

(1893-1973, Шалқар ауд. № 62 т.ж. айрығы), озат теміржолшы.

1922-1953 ж.ж. темір жол бойында жұмысшы болған. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ЖАНАМАНОВ Әдман**

(02.09.1912 ж.т. Шалқар ауданы №13 ауыл – 29.07.1984 Шалқар ауданы, Бегімбет селосы), соғыс және еңбек ардагері.

Бүкіл еңбек жолы Шалқар ауданында өтті: ет-тері дайындау пунктінде есепші, ауылдық кеңес хатшысы (1932-1937). Ақтөбе педучилищесін (1938-1940), Н.Байғанин атындағы Ақтөбе



Б.Жанасаев

мұғалімдер даярлайтын институтын бітірген (1949-1952). Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан (1941-1945).

Соғыста көрсеткен ерлігі үшін екі рет «Қызыл жұлдыз», бір рет «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен, т.б. 7 медальмен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. 1946-1974 ж.ж. аудан мектептерінде мұғалім, мектеп директоры, директордың орынбасары қызметтерінде болған. Артында үлгілі ісі мен өнегелі ұрпағы мен ұлағатты сөзі қалған ұстаз.

**ЖАНАМАНОВ**
**Нұрболат Әдіманұлы**

(25.06.1955, Шалқар ауданы), Республикаға белгілі танымал домбырашы, Қазанғап күйлерін насихаттаушы.

1980 жылғы Алматы қаласында өткен Республикалық «Көктем-80» күй сайысында лауреат атанды. 1994 жылы Ақтөбе қаласында өткен Қазанғаптың 140 жылдық мерейтойындағы Республикалық күйшілер сайысында «Виртуоз домбырашы» атанды. Негізінен Қазанғап күйлерін шебер орындайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды (25.09.2005). Осы жылы қазан айында Ақтөбе қаласында өткен Қазанғап Тілепбергенұлының туғанына 150 жыл толу құрметіне арналған Республикалық күйшілер сайысында Бас жүлдені жеңіп алды.

Қазанғап шығармаларының жинағын құрастырып шығарудағы атқарған жұмыстары үшін Ақтөбе облысы әкімінің сыйлығы берілді (12.12.2007).

Бұл күнде Қазанғап атындағы Шалқар саз мектебінде домбырадан сабақ береді.

**ЖАНАСАЕВ**
**Болат Бақытжанұлы**

1952 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысының Темір қаласында дүниеге келген. (Ата-тегі Шалқар өңірінде өмір сүрген). 1975 жылы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесін бітірді. Офицерлік қызметін мотоатқыштар взводының командирі, мотоатқыштар ротасының командирі, Германиядағы кеңес әскерлері тобы мотоатқыштар батальонының штаб бастығы, Сібір әскери округі мотоатқыштар батальонының командирі лауазымдарында өткерді.

1987 жылы М.В.Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірді. Академияны бітіргеннен кейін Киев әскери округі мотоатқыштар полкінің штаб бастығы болды. 1989 жылғы қыркүйектен бастап КСРО Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер басқармасы жедел бригада командирінің орынбасары. 1990 жылы нау-

рызда КСРО Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер басқармасы оқу полкінің командирі болып тағайындалды. 1991 жылы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 12-шақырылымының депутаты болып сайланды. 1992 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлер жедел бригадасының командирі. 1992 жылы шілдеде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитетінің төрағасы болып тағайындалды. 1994 жылы наурызда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 13-шақырылымының депутаты болып сайланды, Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс жөніндегі комитет төрағасының орынбасары болды. 1994 жылғы қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің қолбасшысы. 1995 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлер министрлігі Ішкі әскерлер қолбасшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды. 2001 жылғы наурыздан бастап Қазақстан Республикасы Республикалық Ұланының қолбасшысы. 2002 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің қолбасшысы болып тағайындалды. 2003 жылғы қыркүйектен бастап «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы. 2004 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Вице-министрі болып тағайындалды.

2006 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары. Әскери шені – генерал-лейтенант.

1984 жылы ақпанда жауынгерлік және саяси даярлықта қол жеткізген табыстары үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен наградталды. Әскери және қызметтік міндетін үлгілі орындағаны үшін 2003 жылғы мамырда II дәрежелі «Даңқ» орденімен және Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің 28 медалімен марапатталды.

**ЖАНДОСОВ**
**Өтеген Ұлмағанбетұлы**



(10.01.1933 ж.т. Шалқар қаласы), құрылысшы-теміржолшы.

Еңбекке 16 жасында араласқан, 1949 жылдан бері т.ж. карасты Шалқар үй құрылысы дистанциясында (бұрынғы НГЧ) бір орында 46 жыл 5 ай қызмет істеген. «Жол қатынасы министрлігінің үздік жұмысшысы» (1969), «Құрмет белгісі» орденінің иегері (1973), «Құрметті теміржолшы» (1990), Шалқар қаласының «Құрметті азаматы» (1996), КОКП XXVIII съезіне делегат болған, 12 бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке.

**ЖАНТӨРИН Арыстан**

(т.ж.б. – 8.7.1855, Елек өзенінің бойы, Суықсу деген жер) – Ресейдің отаршылдық саясатына көмектескен сұлтан. Кіші жүзде хандық билік жойылып (1824 ж.), Кіші жүз жері үш аймаққа (Батыс. Орт., Шығыс) бөлінгеннен кейін Ж. 1841-55 ж.ж. Орта аймақты биледі. 1836-38 ж.ж. Кіші жүз қазақтары ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі Махамбет Өтемісұлы 1841 ж. ақталғаннан кейін Ж-ның бақылауында болады. Ж. Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісін басуға да қатысқан. 1853 ж. көтерілісті басуға жазалаушы отрядты бастап шығады. 1855 ж. үлкен жазалаушы отрядты басқарған Ж. көтерілісшілерге қарсы тағы да аттанады, көтерілісшілермен Ж-нің жазалаушы отряды Елек өзенің бойында, Суықсу деген жерде кездеседі. Есет Ж.-ге елшілер жіберіп, кері қайтуы туралы ұсыныс жасайды. Арадағы келіссөз нәтижесіз болған соң көтерілісшілер таңсәріде күтпеген жерден Ж.-нің қосынына шабуыл жасап, сұлтанды бірнеше билеушілермен қоса өлтіреді.

*ҚҰЭ, т 3, 546-бет.*

**ЖАНУАР, ХАЙУАНАТТАР**

Ақбөкен, Қарақұйрық – өте жүйрік аңдар. Кеудесі, аяқтары сыдиған жіңішке және мықты болады. Олар қорек, су іздеп алыс жерлерге барады. Таң сәріден су ішіп сусындап, ыстық түскенше жайылады. Ақбөкен – кәсіптік бағалы аң. Көп аулап, аяусыз қырудан саны



С.Жантуренов



С.Жанұзақов



Б.Жанғалиева

азайып барады. Сондықтан олар қорғауға алынды. Тасбақа, жылан, кесірткелер – бауырымен жорғалаушылар. Жылан бауырын жерге төсей жорғалап жүреді, аяқтары болмайды. Кесірткенің аяғы өте қысқа. Жыландар бақамен, насекомдар, тышқандармен қоректенеді. Кесіртке жәндіктермен, өрмекшілермен, құрттармен қоректенеді. Бауырымен жорғалаушылардың денесінің температурасы өздерін қоршаған ауаға байланысты өзгеріп отырады. Суық түсе бастағаннан, бұлардың қозғалысы баяулайды, қыста көрінбейді, топыраққа, ағаш арасына тығылып, ұйқыға кетеді. Көктемде қайта тіріледі.

**ЖАНТУРЕНОВ**
**Сағит Сағынбайұлы**

(1952 ж.т. Шалқар қаласы), инженер-механик, Алматы т.ж. транспорты институтының түлегі (1981). Шалқар қазақ орта мектебін, Ақтөбе профтехучилищесін бітірген (1969-1970), машинист. Қазақ т.ж. Шалқар локомотив депосында машинист жәрдемшісі (1971-1973) болған. Қарулы Күштер қатарында азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін Алматы (КВОиТ) зауытында вагон құрастырушы, машинист, электрод цехының шебері, кейін бастығы (1974-1989), завод кәсіподағы комитетінің төрағасы (1989-1993), завод директорының орынбасары (1993-1997). 1997 жылдың сәуір айынан бері аталған зауыттың Бас директоры.

Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен (2000), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ЖАНҰЗАҚОВ Сағынтай**

(1917 ж.т. – 1999, Шалқар қаласы), ауданның абыройлы азаматы болған адам.

Еңбек жолын 1938 ж. қатардағы теміржолшы болудан бастаған. 1939 ж. Кеңес Армиясы фин соғысына, 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Генерал Доватор басқарған 4-ші атты әскер корпусы 15-полкінің кавалері. Соғысты Эльба өзенінің бойында аяқтап, елге бірінші топтағы мүгедек болып оралды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін қатардағы сатушыдан Шалқар теміржол жұмысшыларын жабдықтау филиалының бастығына дейінгі қызмет жолдарынан өтті. «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, 17 медальмен марапатталған.

**ЖАНҒАЛИЕВА Бақыт**

(11.6.1947 ж.т. Шалқар ауд. №13а.) – театр және кино актрисасы, ҚР еңбек сіңірген әртісі (1973). 1966. Ақтөбе қ. респ. мәдени ағарту уч-щесінің театр бөлімін, 1970 ж. Құрманғазы атындағы өнер институтын бітірген. 1969 жылдан Қазақтың М.Әуезов атындағы акад. драма театрында қызмет етуде.

Сахнаға жиырма жасында шыққан табиғи талант иесі. Бақыт өнерге, халқына қалтқысыз адал еңбегін сіңіріп келеді. Осы уақыт ішінде жүзге жуық роль орындап, рухани мәдениетімізге мол үлес қосты. Ол сомдаған Баян сұлу (Ғ.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»), Ақтоқты (Ғ.Мүсірепов, «Ақан сері – Ақ-



Т.Нұрмағанбетов «Ескі үймен қоштасу» Доскел – А.Сұрапбаев, Назгүл – Б.Жанғалиева



И.Жанияз

тоқты»), Айман (М.Әуезов, «Айман-Шолпан»), Бәтима (Т.Ахтанов, «Бәтима ханым»), Шырын (Н.Хикмет, «Фархад-Шырын»), Ақбала (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»), Кальпурния (В.Шекспир, «Юлий Цезарь»), Әйгерім (М.Әуезов, «Абай»), т.б. күрделі бейнелер көрермен көңілінен шықты.

Бақыт Жанғалиева – театр сахнасында ғана емес, теледидарда да танымал тұлға, «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1997).

**ЖАНИЯЗ ишан Ізтілеуов**

(1853-1937). Туған жері –Ақбасты (Ақсай ауылы). Діни сауатын Бұхарда ашқан, туған жерінде мешіт салдырып, бала оқытқан. (Бүгінде сол баяғы өзі салдырған мешіттің ізі сақталған, фотосы бар). Кеңес үкіметі кезінде қудалауға түскен ол 30-шы жылдары Өзбекстанға өтіп, бой тасалауға мәжбүр болған. Шалқарға кейін қайта оралғанымен 1937ж. қарашасында УНКВД үштігінің шешімімен ұсталып, ату жазасына кесілген. 29.05.1989 ж. ақталған. Қазір ишан салдырған мешіт орнында «Жанияз мешіті» деп жазылған тақта тұр. Ишан есімі «қуғын-сүргін құрбандары» кітабына жазылған.



Ә.Жанияз

**ЖАНИЯЗ**
**Әбдіжали Жұмашұлы**

(1940 ж.т. Шалқар ауданы). Шалқар қазақ орта мектебін (1958), Абай атындағы КазПИ-ді (1966) бітірген, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.

Кеңес Одағының Батыры Ідіріс Үргенішбаевтың еңбек жолын зерттеуші, әдіскер ұстаз. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі», «Мектеп» баспасынан шыққан «Қазақ тілі лексикасының таблицалары» атты еңбектің авторы (1978). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған (1977). Қазақстан мұғалімдерінің VI съезінің делегаты.

**ЖАҢАБАЙҰЛЫ Мәселе**

(1910, Шалқар ауд. №5 Ақтоғай а. – 1942 майданда) – ақын. Ауыл мектебінде сауат ашып, бастауыш білім алған. 30-жылдары комсомолға мүше болып кіріп, ауылдағы мәдени-ағарту ісіне белсене қатысқан. 1936-37 ж.ж. Шалқар ауд. газетінде қызмет атқарды. Жастайынан өлең шығаруға әуестеніп, берірек талантты ақын ретінде облыс көлемінде белгілі болды. Шығармалары республикалық, облыстық газеттерде жарияланып тұрды. 1938-40 ж.ж. Қазақстан халық ақын Нұрпейіс Байғаниннің әдеби хатшысы. 1939-40 ж.ж. өлеңдер жинағы баспадан шыққан. Өлеңдері негізінен кеңес үкіметінің қазақ даласында билік жүргізуіне, қазақ жастарының білімге, мәдениетке құштарлығы мен жаңа қоғам құрудағы еңбектеріне, фашистердің қанқұйлы басқыншылығын әшкерелеуге арналған. 1940-42 ж.ж. Кеңес жүйесінде істейді, әскерге алынады, содан хабарсыз кеткен.

**ЖАҢА ҚОНЫС**
**АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ**

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы – Аққайтым елді мекені. Құрамына Аққайтым, Қопасор елді мекендері кіреді. Жер көлемі 23885 га., халқы 0,8 мың адам. Бұрын (1964-1992 ж.ж.) «Жаңа қоныс» кеңшарының орталығы болды. Кеңшар аумағы жерінде ертеде «Қызыл жұлдыз», «Қызыл ту» ұжымшарлары болған. Сайлар: Құмсай, Тебенсай, Ашылыаша, Майлысай, Жыландысай, Қауылжыр, Көпбергенсай, Сарғанақтысай; Көлдер: Қопасор, Шөмішсор, Қаракөл, Тентексор, Жомарт, Жалтыркөл, Соркөл, Домалаққөл; Құмдар: Ұлы Борсық, Қабырға, Шырақбай, Қонақбай, Сартабан, Маяк. А.О. орта мектеп, балабақша, клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория бар, телехабар қабылдайды. Бұл ауылда Соц. Еңбек Ері Ж.Дүйісов қызмет еткен. 73 адам КСРО ордендері және медальдарымен марапатталған. Таяуда округ орталығы, жақын елді мекендер газдандырылады деп күтілуде.

### ЖАҢБЫРШИН Есім Құсайынұлы

(1916 ж. Қостанай облысы, Красногор ауданы, Починовкі селосы. – 01.07.1975, Қобда селосы) – ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы. 1937-46 ж.ж. Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданының оқу бөлімінің меңгерушісі, Ведск ауданының Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1946-48 ж.ж. Алматы республикалық партия мектебінің тыңдаушысы, 1948-55 ж.ж. Шалқар аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасы, 1955-58 ж.ж. Мәскеу қаласы КОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы, 1958-62 ж.ж. облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және сапасын тексеру жөніндегі мемлекеттік инспекциясының бас инспекторы болып қызмет жасаған. «Құрмет Белгісі» орденімен, т.б. медальдармен марапатталған.

### ЖАРАС Пұсырманұлы

(1688-1774 жылдары өмір сүрген), Әлімнен тарайтын Қабақтың немересі, Пұсырман батырдың баласы, Шектінің батыры.

Жарас Пұсырманұлы 1710 жылғы қазақ тарихында орны бар Қарақұм кеңесіне қатысқан. Әбілхайыр жанның 1716-1723 ж.ж. Еділ қалмақтарының ханы Аюкені тізе бүктірген шайқастарына қатысып, ерлік көрсеткен. Әбілхайыр ханның қолбасшылығымен жоңғар қалмақтарымен болған Бұланты, қазақ та-



Е.Жаңбыршин

рихында маңызды орын алатын Аңырақай шайқастарына қатысып, ел тағдыры үшін қан төккен батыр.

Жарас Пұсырманұлы «қарадан хан болған» Қалдыбай ханмен, жүз жылдығын болжаған Мөңке бимен, Шектінің ұраны болған Бақтыбай батырмен, басқа да батырлармен бірге жүрген тарихи тұлға, мерген адам болған.

Сезгіштігі алты қырдың астындағы аттылының жүрісін ғана емес, түз тағыларының жорытқанын сезетін, қырағылығы қыран құстай қалт еткенді жібермес, еңсегей бойлы, аса нұрлы, сұлу болған деседі; осындай қасиеттерімен қоса елім деп туған халқының жанашыр, қамқоры бола білген, бойындағы барын туған елінің игілігіне жұмсаған ауыл ағасы, ел иесі, жер иесі.

Ұрпақтан ұрпаққа ауызекі аңыз-әңгімелер мен өлең-жырлар арқылы жеткізіліп келген, үш ғасыр өтсе де, ел есінде сақталған тұлға. Бүгінгі күні Қабақтың бір аталығы болып тараған Жарас ата ұрпақтарының арасында елеулі тұлғалар көптеп саналады.

Ел дерегі бойынша, Жарас ата да Бақтыбай мен Қарабас батырлардың қасына (Оймауыт-



Ж.Пұсырманұлы

тағы Қарасақал қорымына) жерленген. 2007 жылы ата ұрпақтары басына ескерткіш белгі тас қойды, 2008 ж. қыркүйек айында Шалқар қаласында бабаға арнап ас берді.

*Ұзақбай Қауыс.*

*Пай. әдебиеттер: Қазақ энцик-ы, С. Құттыбайұлы, Ж.Дәуренбеков «Алты ата Әлім». А.Қалмұратов, Х.Табылдиев «Кіші жүз рулары», Ұ.Қауыстың «Жалғыз оқ» дер. повесі, А.Қосалы «Жарас мерген». Ә.Кекілбаев, Ж.Асанов. А.Шотов. С.Қарағұлов, Ә.Ізбаев т.б. авторлардың мақалалары.*

### ЖАРАСОВ Молдағазы

1908 жылы Шалқар ауданы Қорғантұз өңірінде туған. 1917-1921 ж.ж. ауылдық мұсылмандық мектепте оқып сауатын ашқан. 1922-1924 ж.ж. Шалқардағы орыс-қазақ училищесінде білім алған. 1925 жылы Ақтөбе губерниялық оқу-ағарту бөлімінің ұсынысы бойынша Ж.М. Орынбордағы төрт жылдық жұмысшылар факультетіне жіберілген. Онда қазақтың ең бірінші архитекторы Т.Бәсенов, А.Закаринмен бірге оқыған. Осы оқу орнын үздік бітіргеннен кейін ол 1929

жылы Қазақ Автономиялық Республикасының астанасы Алматыға жұмысқа шақырылып, Мемлекеттік Жоспарлау Комитетіндегі жол қатынастары бөліміне бастықтың орынбасары етіп тағайындалды. 1932 жылы Москвадағы темір жол инженерлерін дайындау институтына түсіп, оны 1936 жылы бітіреді. Ол әуелі Калугада, кейін Воронеж темір жол бөлімдерінде жұмыс істейді. 1937 жылы Қазақстан Орталық партия комитетінің шақыруымен Алматыға келеді. Онда Қазақ КСР мемлекеттік Жоспарлау Комитеті төрағасының орынбасары етіп бекітілді. 1938 жылдың аяғында Ж.М.-ны Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Москвадағы уәкіл елшісі етіп тағайындайды. Осы жұмысты ол 1964 жылға дейін атқарады. 1965-1984 ж.ж. КСРО ауыр өнеркәсібі Министрлігінде кеңесші қызметін атқарады. Ол ВКП (б)-ның XVIII, XIX, Қазақстан Компартиясының III-IX съездеріне делегат және Орталық Партия Комитетінің мүшесі болып сайланды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Ж.М. 1984 ж. дүниеден өтті.

*З.Байдосұлы, Қ.Жұбанов ат. мемл. ун-тің профессоры.*

**ЖАРМАҒАМБЕТОВ**

**Жаржан**

(20.02.1919 ж.т. – Шалқар ауданы, 17-ауыл – 20.06.1975 Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері, кеңес қызметкері.

Қарашоқат бастауыш (1928), Шалқар қалалық қазақ орта мектебін (1937), Ақтөбе мұғалімдер институтын бітірген (1939). 1939 жылдан Кеңес Армиясы қатарында болған. 1954 ж. дейін 711 атқыштар полкінің рота командирінің орынбасары, командирі болған. Капитан. Елге оралып аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1954-1955), Шалқар аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары (1955-1963), қалалық кеңес атқару комитеті төрағасы (1968-1975); арасында Шалқар мал семірту пунктінің директоры (1963-1965), «Южный» кеңшары партком хатшысы (1965-1968) қызметтерінде болған, ауылдық, қалалық, аудандық кеңес депутаты болып бірнеше рет сайланған. Жауынгерлік Қызыл Ту және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, 7 медальмен марапатталған.



*Ж.Жармағанбетов*

**ЖАРМАҒАМБЕТОВ**

**Сүйеш**

(16.09.1938 ж.т. Шалқар ауданы, Кішіқұм ауылы), медицина ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын 1965 жылы бітірген соң 1970 ж. дейін Шалқар аудандық ауруханасында оташы (хирург) болып жұмыс атқарған. 1970 жылдан 1972 жылға дейін Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының жалпы хирургия кафедрасында клиникалық ординатурасын бітіргеннен кейін осы кафедрада ассистенттікке қалдырылған.



*С.Жармағанбетов*

Жоғарғы дәрежелі маман әрі педагог, ғылыми еңбектері әртүрлі халықаралық конференциялар мен конгрестерде баяндалып, жарық көрген, 12 өнертабыс авторлық куәлігі бар. Бітпеген сүйек сынығын емдеу үшін тұрақты электр қуатымен емдеуге арналған аппарат ойлап тапқаны үшін ВДНХ-ның Қола медалімен және «СССР өнертапқышы» төс белгісімен (1982) марапатталған. Ғылыми-әдістемелік ұсынысы кітапша болып басылып шықты (1988).

2005 жылы мемлекеттік тілде студенттерге арналған «Жалпы хирургия» оқулық кітабы және орысша-қазақша сөздік кітапшасы шықты. Москвадағы Н.Н.Пирогов атындағы орталық травматология және ортопедия институтында кандидаттық диссертация қорғаған (1985). Доцент (1993). «ҚР-ның денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1998).



Ә.Жәмеков



Е.Жәмеков



Ж.Жәмеков



М.Жекеев

**ЖАРЫМБЕТҰЛЫ Ашубай**

(1879-1938). Кішіқұм өңірінде, осы күнгі Тоғыз ауылдық округінің территориясында өмір сүрген. А. жырау емес, ақын ретінде қалыптасқан сөз зергері. Оның қолжазбалары Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы.

А.Сырғамен және Сыр бойының дүлдүлі Нұрмағанбет ақынмен айтысы оның творчествосында ерекше орын алады. Ақын 1938 ж. «Халық жауы» ретінде ұсталып, ишанның баласы деген лақаппен атылған, кейін ақталған.

**ЖӘМЕКОВ**
**Әнес Ермекұлы**

(15.10.1950 ж.т. – Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті), білім беру саласы бойынша абыройлы мектеп басшысы.

1971 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын физика-математика мамандығы бойынша бітірді. Ұстаздық еңбек жолын Тоғыз орта мектебінен бастады. Кейін Тұмалы, К.Маркс (Қаратоғай), Тоғыз мектептерін басқарды. Бүгінде мектеп директоры қызметінде. Ауданның «Жыл директоры» (1993), «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1993), ауданның «Жыл адамы-2005», ҚР білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасының иегері (2006 жыл).

**ЖӘМЕКОВ**
**Ермек Қамысбайұлы**

(24.10.1918 ж.т. Шалқар ауд, Сартепсең ауылы – 4.07.1988 ж. Қарашоқат бекеті). Соғыс және еңбек ардагері.

Н.Байғанин атындағы Ақтөбе оқытушылар институтын бітірген (1957). Педагогикалық өтілі-50 жыл, аудан ағарту ісінің ардагері, ұлағатты ұстаз.

1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасып, 5 медальмен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

**ЖӘМЕКОВ Жетес**

(12.5.1959 ж.т., Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті), әнші-термеші, қол өнер шебері, әнші-термешілер конкурсының лауреаты. Қазақтың а.ш. институтын бітірген (1989). Кейінгі жылдарда Ақтөбе, Қандыағаш қалаларының мектептерінде халық өнерінен, ән-күйден сабақ берді. Наурызбек жыраудың «Ал, жігіттер, сал құлақ», Кердері Әубәкірдің «Насихат», Базар жыраудың «Сөйле десең, сөйлейін», Кердері Құдайбергеннің «Толғау да толғау сөздер бар» термелерін, «Аяққұм», «Балқадиша», «Темір-тас», басқа да 30-ға тарта әндерді шебер орындайды. Халық арасында кеңінен тараған «Шалқардан ұшқан аққулар» әнінің авторы. Халық емшісі.

**ЖЕКЕЕВ**
**Мәлік Наурызғалиұлы**

(01.08.1948 ж.т.) Комсомол, партия және кеңес органдары қызметкері, агроном, саясаттанушы.

Мектеп бітірген соң Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны ғалым-агроном мамандығы бойынша (1971) бітірді, Алматы Жоғарғы партия мектебін (1978) тәмамдап, саясаттанушы (политолог) мамандығын алды.

Еңбек жолында қызметі үнемі өсу үстінде болды: Хобда ауданында «Жарық» кеңшарының агрономы (1971-1972), аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1972-1976), Алматыда екі жыл оқығаннан кейін Хобда аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аупарткомның екінші хатшысы (1978-1985), Шалқар ауаткомының төрағасы, аупарткомының бірінші

қазанда өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің құрылтай съезінде алғаш құрылған үкімет мүшесі болып сайланды. Қазақ АКСР Орт. атқару к-ті президиумы төрағасының орынбасары және Қазақстан Қамсыздандыру халық комиссары болды. Съезден кейін Қазақ Орт. атқару к-ті Ж-ді Шығыс халықтарының насихат және іс-қимыл кеңесіндегі қазақ халқының өкілі етіп тағайындады. 1922ж. 20 мамырда Орынбордан шығып, 9 тамызға дейін Жаманқала, Торғай, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Семей бағытында үш мың шақырымдай жол жүріп өткен Ж. басқарған қызыл керуен Азамат соғысынан зардап шеккен халық ш-н қалпына келтіру, ауылдарда мәдени ошақтар ашу, мектеп, аурухана жұмыстарын жандандыру ісінде бірқатар шаралар атқарды. Ж. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында халықты күреске жұмылдыру, соғыс жүріп жатқан аймақтардан көшіріліп әкелінген кәсіпорындарды орналастырып, іске қосу, соғыс аяқталған соң зардап шеккен аймақтарға материалдық көмек көрсету, мал-мүлік жеткізу жұмыстарына белсене араласты. Ж. 1920 жылдан РП (б) Қырғыз (қазақ) обл. к-тінің және Қазақ АКСР Орт. атқару к-тінің мүшесі, 1938 жылдан Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болды. Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Қостанай облысының бір ауданы, елді мекендер мен мектептерге Ж. есімі берілді. Ол туралы көркем шығарма жарық көріп, кинофильм түсірілген. Алматы, Ақтөбе, Торғай қалаларында ескерткіштер орнатылған.

*Әдеб: «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 3-том, Алматы, 2001, 531 бет.*

### ЖАНГЕЛДИН ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

Азамат соғысы кезінде Ә.Жангелдин басқарған әскери отрядтың Мәскеуден Шалқар ст-на дейінгі жауынгерлік жорығы. Отрядтың 600 адамдық алғашқы тобы словак, хорват, поляк, неміс, чех, венгр, серб, орыс, қазақ халықтарының өкілдерінен құралды. Отрядтың алдына ақ гвардияшылармен шайқаста ауыр жағдайда қалған Ақтөбе майданының әскери бөлімшелеріне қару-жарақ, дәрі-дәрмек және қаржы жеткізу міндеті қойылды. Жангелдинге берілген 68 млн. сомның 30 млн-ы Қазақстанда ұлттық дивизиялар құруға, 38 млн-ы ақ гвардияшылар Ресей орталығынан бөліп тастаған Түркістан майданына тапсырылуға тиісті болды. Экспедициялық отряд жол бойы бүлікшілермен соғыс жүргізе отырып, 1918 ж. 13 тамызда Царицындегі Халық банкісіне қымбат мүлікті тапсырды да, И.В.Сталинмен байланысып, Түркістан майданына 3 млн. сомға оқ-дәрі, басқа соғыс жабдықтарын жеткізу туралы нұсқау алды. 15 тамызда Астрахандағы бүлікті басуға әскери көмек көрсетті. Жангелдин мұнда бірнеше күн болып, Астраханда жұмыс істейтін қазақтармен байланыс орнатты. Отряд Красноводск, Ашғабад қ-ларының ақ гвардияшылар қолына көшуіне байланысты орталықта бекітілген алғашқы бағыттан бас тартып, Каспийден Түркістан майданына Торғай даласы арқылы жетуді белгілейді. Экспедиция қажетті оқдәрі мен соғыс жабдықтарын «Абассия» және «Мехди» кемелеріне тиеп, Каспий т. арқылы 25 тамызда Александровск портына (қазіргі Маңғыстау обл. Түпқараған ауд. Баутино порты) тоқтады. Олар мұнда кескілескен ұрыста ағылшын басқыншылары мен ақ гвардияшыларды қарусыздандырып, Кеңес өкіметін қалпына келтірді. Отрядқа порттағы балықшы қазақтар келіп қосылды. Дегенмен, шөлде жүруге қолайлы керуенді Бозащы түбегіне келіп, негізгі тұрғындары адайлардың көмегімен ғана ұйымдастырудың сәті түсті. Олар Ж. э-на 600 түйе, 600 ат берді. Отрядқа өз еріктерімен жолбасшы ақсақалдар қосылды. Экспедиция бүлікшілердің шағын топтарымен соғыс жүргізе отырып, 2 мың. шақырымнан астам жол жүріп, 11 қарашада Орынбор-Ташкент т.ж. бойындағы Шалқар ст-на келіп жетті.

Ж.э. өзінің алға қойған және әскери мақсатын орындап, нағыз қаһармандық пен табандылықтың үлгісін көрсетті.

*Әдеб: ҚҰЭ, 3-том, Алматы, 2001, 532-бет.*

### Ә.Т. ЖАНГЕЛДИН АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП

Шалқар қалалық (№1) мектептің қаланың Ә.Жангелдин бөліміндегі бастауыш мектебі (филиалы) негізінде 1961 ж. ашылып, әуелі 8 жылдық (1966), кейін орта мектепке (1980) айналды. Мектептің материалдық-техникалық базасы нығай-



Ә.Жанаманов



Б.Жанасаев

ды. Мектепті 25 жыл бойы басқарған «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1990), бірнеше үкімет наградаларының иегері Бердімжай Еңсеп Еңсепұлы мектептің жаңа ғимаратын салуда қажырлы еңбек етті. Бұл күнде мектеп – жарты ғасыр тарихы бар таңдаулы оқу орны, басты бағыты-патриоттық тәрбие. Ауған соғысының қаһарман жауынгері И.Тұрғанбаев, үздік шекарашы Е.Ниязов – осы мектеп түлектері (екеуі де ерлікпен қаза тапты).

**ЖАНЫҚҰЛОВ Әділхан**

(1893-1973, Шалқар ауд. №62 т.ж. айрығы), озат теміржолшы.

1922-1953 ж.ж. темір жол бойында жұмысшы болған. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ЖАНАМАНОВ Әдман**

(02.09.1912 ж.т. Шалқар ауданы №13 ауыл – 29.07.1984 Шалқар ауданы, Бегімбет селосы), соғыс және еңбек ардагері.

Бүкіл еңбек жолы Шалқар ауданында өтті: ет-тері дайындау пунктінде есепші, ауылдық кеңес хатшысы (1932-1937). Ақтөбе педучилищесін (1938-1940), Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер даярлайтын институтын бітірген (1949-1952). Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасқан (1941-1945).

Соғыста көрсеткен ерлігі үшін екі рет «Қызыл жұлдыз», бір рет «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен, т.б. 7 медальмен марапатталған. Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері. 1946-1974 ж.ж. аудан мектептерінде мұғалім, мектеп директоры, директордың орынбасары қызметтерінде болған. Артында үлгілі ісі мен өнегелі ұрпағы мен ұлағатты сөзі қалған ұстаз.

**ЖАНАМАНОВ**
**Нұрболат Әдіманұлы**

(25.06.1955, Шалқар ауданы), Республикаға белгілі танымал домбырашы, Қазанғап күйлерін насихаттаушы.

1980 жылғы Алматы қаласында өткен Республикалық «Көктем-80» күй сайысында лауреат атанды. 1994 жылы Ақтөбе қаласында өткен Қазанғаптың 140 жылдық мерейтойындағы Республикалық күйшілер сайысында «Виртуоз домбырашы» атанды. Негізінен Қазанғап күйлерін шебер орындайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды (25.09.2005). Осы жылы қазан айында Ақтөбе қаласында өткен Қазанғап Тілепбергенұлының туғанына 150 жыл толу құрметіне арналған Республикалық күйшілер сайысында Бас жүлдені жеңіп алды.

Қазанғап шығармаларының жинағын құрастырып шығарудағы атқарған жұмыстары үшін Ақтөбе облысы әкімінің сыйлығы берілді (12.12.2007).

Бұл күнде Қазанғап атындағы Шалқар саз мектебінде домбырадан сабақ береді.

**ЖАНАСАЕВ**
**Болат Бақытжанұлы**

1952 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысының Темір қаласында дүниеге келген. (Ата-тегі Шалқар өңірінде өмір сүрген). 1975 жылы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесін бітірді. Офицерлік қызметін мотоатқыштар взводының командирі, мотоатқыштар ротасының командирі, Германиядағы кеңес әскерлері тобы мотоатқыштар батальонының штаб бастығы, Сібір әскери округі мотоатқыштар батальонының командирі лауазымдарында өткерді.

1987 жылы М.В.Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірді. Академияны бітіргеннен кейін Киев әскери округі мотоатқыштар полкінің штаб бастығы болды. 1989 жылғы қыркүйектен бастап КСРО Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер басқармасы жедел бригада командирінің орынбасары. 1990 жылы нау-



Ә.Жәмеков



Е.Жәмеков



Ж.Жәмеков



М.Жекеев

**ЖАРЫМБЕТҰЛЫ Ашубай**

(1879-1938). Кішіқұм өңірінде, осы күнгі Тоғыз ауылдық округінің территориясында өмір сүрген. А. жырау емес, ақын ретінде қалыптасқан сөз зергері. Оның қолжазбалары Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы.

А.Сырғамен және Сыр бойының дүлдүлі Нұрмағанбет ақынмен айтысы оның творчествосында ерекше орын алады. Ақын 1938 ж. «Халық жауы» ретінде ұсталып, ишанның баласы деген лақаппен атылған, кейін ақталған.

**ЖӘМЕКОВ**
**Әнес Ермекұлы**

(15.10.1950 ж.т. – Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті), білім беру саласы бойынша абыройлы мектеп басшысы.

1971 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын физика-математика мамандығы бойынша бітірді. Ұстаздық еңбек жолын Тоғыз орта мектебінен бастады. Кейін Тұмалы, К.Маркс (Қаратоғай), Тоғыз мектептерін басқарды. Бүгінде мектеп директоры қызметінде. Ауданның «Жыл директоры» (1993), «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1993), ауданның «Жыл адамы-2005», ҚР білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасының иегері (2006 жыл).

**ЖӘМЕКОВ**
**Ермек Қамысбайұлы**

(24.10.1918 ж.т. Шалқар ауд. Сартепсең ауылы – 4.07.1988 ж. Қарашоқат бекеті). Соғыс және еңбек ардагері.

Н.Байғанин атындағы Ақтөбе оқытушылар институтын бітірген (1957). Педагогикалық өтілі-50 жыл, аудан ағарту ісінің ардагері, ұлағатты ұстаз.

1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасып, 5 медальмен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

**ЖӘМЕКОВ Жетес**

(12.5.1959 ж.т., Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті), әнші-термеші, қол өнер шебері, әнші-термешілер конкурсының лауреаты. Қазақтың а.ш. институтын бітірген (1989). Кейінгі жылдарда Ақтөбе, Қандыағаш қалаларының мектептерінде халық өнерінен, ән-күйден сабақ берді. Наурызбек жыраудың «Ал, жігіттер, сал құлақ», Кердері Әубәкірдің «Насихат», Базар жыраудың «Сөйле десең, сөйлейін», Кердері Құдайбергеннің «Толғау да толғау сөздер бар» термелерін, «Аяққұм», «Балқадиша», «Темір-тас», басқа да 30-ға тарта әндерді шебер орындайды. Халық арасында кеңінен тараған «Шалқардан ұшқан аққулар» әнінің авторы. Халық емшісі.

**ЖЕКЕЕВ**
**Мәлік Наурызғалиұлы**

(01.08.1948 ж.т.) Комсомол, партия және кеңес органдары қызметкері, агроном, саясаттанушы.

Мектеп бітірген соң Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны ғалым-агроном мамандығы бойынша (1971) бітірді, Алматы Жоғарғы партия мектебін (1978) тәмамдап, саясаттанушы (политолог) мамандығын алды.

Еңбек жолында қызметі үнемі өсу үстінде болды: Хобда ауданында «Жарық» кеңшарының агрономы (1971-1972), аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1972-1976), Алматыда екі жыл оқығаннан кейін Хобда аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аупарткомның екінші хатшысы (1978-1985), Шалқар ауаткомының төрағасы, аупарткомының бірінші

хатшысы (1985-1991), облыстық а/ш басқармасының бастығы, жер ресурстарын басқару жөніндегі облкомның төрағасы (1991-2005).

Шалқар ауданында қызмет еткен жылдарында ауданның экономикалық, мәдени, әлеуметтік өміріне, ауыл шаруашылығының өркендеуіне қосқан үлесі өте зор болды, есімін Шалқар халқы үлкен ілтипатпен есінде сақтауда. Сол үшін ол 1999 жылы «Шалқар ауданының Құрметті азаматы» атанды. Хобда ауданының, Ақтөбе облысының да «Құрметті азаматы» (2004), «ҚР Құрметті жерге орналастырушы», «Құрмет» ордені мен 6 медальдың, бірнеше төсбелгілердің иегері, баспадан шыққан 3 кітаптың авторы.

Қазіргі қызметі – 2005 жылдан бері жер қатынастары жөніндегі облыстық басқарманың бастығы.

*Т.Тілешев.*

### ЖЕРҰЙЫҚ

Біле-білсек, Шалқардың
Халқы-ізгілік үлгісі.
Бауыр тартып баршаны,
Құшаққа алу үрдісі.
Сүю, күю арқылы
Сезеді ғой ақындар:
Күллі Шалқар халқының
Көздерінде жарқыл бар!
Шалқарлықтар күлгенде
Жадырамас жан қандай!
Батырлары жүргенде,
Танкі келіп қалғандай.
Ай, күн сүйген, жел сипап,
Шалқар халқы шырайлы.
Қысы-жазы – емтихан
Ердің ері шыдайды.
Орман, тоғай-нуы бар
Әрі тамақ, әрі емдік.
Ноль градус суы бар.
«Спросы» – әлемдік.
О-О, Шалқардың құмы да ем,
Химфармсыз жасалған.
(Кәрі-құртаң кейбіреулер
Бес-он күнде жасарған)...

*Үмбетбай Уәйдаұлы*

### ЖЕТЕС Қыстаубайұлы

(Шамамен 1828, Қызылорда обл. Арал ауд. – 1914, сонда) – би, шешен. Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасы, шекті руының жақайым аталығымен шыққан. Ж. би ел арасындағы даулы мәселелерді шешуде тапқырлығымен, әділдігімен көзге түскен. Ол халық қамын ойлаған болыс ретінде де ел құрметіне бөленген. Ж. бидің Райым, Шыбынды болыстарын басқарғаны туралы деректер бар. Оның билік кесімдері, шешендік сөздері ел арасына тарап, «тілді би» атанған. Ж. би туралы Қ.Салғариннің «Көмбе», С. Толыбековтің «Қазақ шежіресі» кітаптары мен «Ел аузынан» жинағында жазылған.

*Т. Дайрабай.*

### ЖЕТЕСОВ
### Сәнтай Сүлейменұлы

(10.04.1939 ж.т. Шалқар ауданы), ҚР жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы (1991) профессор, өнертапқыш.



Шалқарда туған, мектеп бітірген. Қарағанды политехникалық институтын тау-кен инженер-механигі мамандығы бойынша тамамдаған (1960). «Қарағандыкөмір» комбинатының шахтасында еңбек жолын бастаған. Днепропетровск тау-кен институтының аспирантурасында оқып, кандидаттық диссертация қорғаған.

200-ге тарта ғылыми еңбектердің авторы, 20-дан астам өнер туындыларын ойлап тапқан. Механикаландырылған, автоматтандырылған шахта тіреулері жұмысы бойынша докторлық диссертация қорғаған.

Мақұлданған, авторлық куәлігі бар ППЖ-05 (Жетесовтың пистолет-пулеметі), СПЖ-06 (Жетесовтың солдат-пушкасы), т.б. еңбектері бар. Отандық өнертапқыш.

*«Алтын орда» газеті, 9 (423) 28.02. – 05.03.2008.*

### ЖЕТІ АТА

Ата, әке, бала немере, шөбере, шөпшек және немене.

### ЖЕТІ ЖҰТ

Қуаңшылық, жұт, (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су қаптау және зілзала (жер сілкінуі).

### ЖЕТІ ЖОҚ

Аллада бауыр жоқ, жерде өлшеуіш жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, таста тамыр жоқ, тасбақада талақ жоқ, құста сүт жоқ және жылқыда өт жоқ.

**ЖЕТІ ҒАЛАМ**

Бұл түсінік бойынша жеті саны негізгі жеті бағытты білдіреді. Олар – дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер қойнауы – төменгі ғалам.

**ЖЕТІ ҚАЗЫНА**

Ер жігіт, сұлу әйел, ақыл-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық және құмай тазы.

**ЖЕТІ ЖАРҒЫ**

Әз Тәукенің заңдары:

**1-жарғы.** Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туды).

**2-жарғы.** Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы халықтың ортақ мүддесі – елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі.)

**3-жарғы.** Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын. (Бұл жарғы да жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілікке тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық).

**4-жарғы.** Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын. (Бұл жарғы да шаңырақтың бірлігін қамтамасыз еткен, неке парызына адалдықты талап еткен маңызы зор бап).

**5-жарғы.** Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын. (Ол кезде «Ер қанаты – ат» елдің, мемлекеттің соғыс күші ретінде бағаланды).

**6-жарғы.** Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін: а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалыңмалын береді; б) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

**7-жарғы.** Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.

Міне, XVII ғасырда өмірге келген «Әз Тәукенің Жеті жарғысының» негізгі баптары осындай. Алайда оның негізі ежелгі Түркі мемлекетіне (қағанатында) VI ғасыр ортасында туған болатын. Яғни, жеті жарғы негізіне ел төресі (мемлекет заңдары) және әртүрлі кесік жарғыжарлықтар алынды.

**ЖИДЕХАНОВ Өтеғұл**

(01.08.1938 ж.т. Шалқар қаласы – 05.11.2001 ж. сонда), ардагер ұстаз. 45 жыл саналы өмірін бала оқытуға арнаған педагог, еңбегі бағаланған ардагер: «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері». (1971), «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасының» иегері (1972).



*І.Жиеналина*

**ЖИЕНАЛИНА Іңкәр Сүйеумағамбетқызы**

(1962 ж. Шалқар қаласында туған), педагог-ғалым.

Шалқар қаласындағы № 40 орта мектепті Алтын медальмен бітіріп (1979), осы мектеп жанынан құрылған комсомол-жастар бригадасына мүше болып, «Ақтоғай» шаруашылығында қызметте болды (қой бақты). 1981 ж. Москва қаласындағы ВЛКСМ-нің (комсомолдың) Жоғары мектебінде оқып, оны 1986 жылы бітірген. Содан кейінгі қызмет бабыШалқар аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1986-1988), аудандық партия комитетінде нұсқаушы (1988-1990). 1990-1997 ж.ж. Ақтөбе қаласындағы № 34 мектептің директорының орынбасары, 1997-2007 ж.ж. Ақтөбе политехникалық колледж директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 2007 жылдан бері Ақтөбе қаласындағы С.Бәйішев атындағы университеттің оқу жұмысын ұйымдастыру департаментінің директоры болып жұмыс жасайды. Тарих ғылымдарының кандидаты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан Комсомолы XVI съезінің делегаты. 1985 жылы дүниежүзілік жастар фестивалінің делегаты. 2005 жылы Қазақстан Республикасының үздік ұстаздар сапында Елбасы Н.Назарбаевтың қабылдауында болып қайтты.

**ЖОЛАЕВ Асқар Жанғазыұлы**

(13.7.1929 ж.т. Шалқар ауд.) – гидротехника саласының көр-

жылы Қазақ Автономиялық Республикасының астанасы Алматыға жұмысқа шақырылып, Мемлекеттік Жоспарлау Комитетіндегі жол қатынастары бөліміне бастықтың орынбасары етіп тағайындалды. 1932 жылы Москвадағы темір жол инженерлерін дайындау институтына түсіп, оны 1936 жылы бітіреді. Ол әуелі Калугада, кейін Воронеж темір жол бөлімдерінде жұмыс істейді. 1937 жылы Қазақстан Орталық партия комитетінің шақыруымен Алматыға келеді. Онда Қазақ КСР мемлекеттік Жоспарлау Комитеті төрағасының орынбасары етіп бекітілді. 1938 жылдың аяғында Ж.М.-ны Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Москвадағы уәкіл елшісі етіп тағайындайды. Осы жұмысты ол 1964 жылға дейін атқарады. 1965-1984 ж.ж. КСРО ауыр өнеркәсібі Министрлігінде кеңесші қызметін атқарады. Ол ВКП (б)-ның XVIII, XIX, Қазақстан Компартиясының III-IX съездеріне делегат және Орталық Партия Комитетінің мүшесі болып сайланды. Лениң, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Ж.М. 1984 ж. дүниеден өтті.

*З.Байдосұлы, Қ.Жұбанов ат. мемл. ун-тің профессоры.*

**ЖАРМАҒАМБЕТОВ**
**Жаржан**

(20.02.1919 ж.т. – Шалқар ауданы, 17-ауыл – 20.06.1975 Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері, кеңес қызметкері.

Қарашоқат бастауыш (1928), Шалқар қалалық қазақ орта мек-



*Ж.Жармағанбетов*

тебін (1937), Ақтөбе мұғалімдер институтын бітірген (1939). 1939 жылдан Кеңес Армиясы қатарында болған. 1954 ж. дейін 711 атқыштар полкінің рота командирінің орынбасары, командирі болған. Капитан. Елге оралып аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1954-1955), Шалқар аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары (1955-1963), қалалық кеңес атқару комитеті төрағасы (1968-1975); арасында Шалқар мал семірту пунктінің директоры (1963-1965), «Южный» кеңшары партком хатшысы (1965-1968) қызметтерінде болған, ауылдық, қалалық, аудандық кеңес депутаты болып бірнеше рет сайланған. Жауынгерлік Қызыл Ту және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, 7 медальмен марапатталған.

**ЖАРМАҒАМБЕТОВ**
**Сүйеш**

(16.09.1938 ж.т. Шалқар ауданы, Кішіқұм ауылы), медицина ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын 1965 жылы бітірген соң 1970 ж. дейін Шалқар аудандық ауруханасында оташы



*С.Жармағанбетов*

(хирург) болып жұмыс атқарған. 1970 жылдан 1972 жылға дейін Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының жалпы хирургия кафедрасында клиникалық ординатурасын бітіргеннен кейін осы кафедрада ассистенттікке қалдырылған.

Жоғарғы дәрежелі маман әрі педагог, ғылыми еңбектері әртүрлі халықаралық конференциялар мен конгрестерде баяндалып, жарық көрген, 12 өнертабыс авторлық куәлігі бар. Бітпеген сүйек сынығын емдеу үшін тұрақты электр қуатымен емдеуге арналған аппарат ойлап тапқаны үшін ВДНХ-ның Қола медалімен және «СССР өнертапқышы» төс белгісімен (1982) марапатталған. Ғылыми-әдістемелік ұсынысы кітапша болып басылып шықты (1988).

2005 жылы мемлекеттік тілде студенттерге арналған «Жалпы хирургия» оқулық кітабы және орысша-қазақша сөздік кітапшасы шықты. Москвадағы Н.Н.Пирогов атындағы орталық травматология және ортопедия институтында кандидаттық диссертация қорғаған (1985). Доцент (1993). «ҚР-ның денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1998).



Ә.Жәмеков



Е.Жәмеков



Ж.Жәмеков



М.Жекеев

**ЖАРЫМБЕТҰЛЫ Ашубай**

(1879-1938). Кішіқұм өңірінде, осы күнгі Тоғыз ауылдық округінің территориясында өмір сүрген. А. жырау емес, ақын ретінде қалыптасқан сөз зергері. Оның қолжазбалары Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы.

А.Сырғамен және Сыр бойының дүлдүлі Нұрмағанбет ақынмен айтысы оның творчествосында ерекше орын алады. Ақын 1938 ж. «Халық жауы» ретінде ұсталып, ишанның баласы деген лақаппен атылған, кейін ақталған.

**ЖӘМЕКОВ**
**Әнес Ермекұлы**

(15.10.1950 ж.т. – Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті), білім беру саласы бойынша абыройлы мектеп басшысы.

1971 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын физика-математика мамандығы бойынша бітірді. Ұстаздық еңбек жолын Тоғыз орта мектебінен бастады. Кейін Тұмалы, К.Маркс (Қаратоғай), Тоғыз мектептерін басқарды. Бүгінде мектеп директоры қызметінде. Ауданның «Жыл директоры» (1993), «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1993), ауданның «Жыл адамы-2005», ҚР білім және ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасының иегері (2006 жыл).

**ЖӘМЕКОВ**
**Ермек Қамысбайұлы**

(24.10.1918 ж.т. Шалқар ауд, Сартепсең ауылы – 4.07.1988 ж. Қарашоқат бекеті). Соғыс және еңбек ардагері.

Н.Байғанин атындағы Ақтөбе оқытушылар институтын бітірген (1957). Педагогикалық өтілі-50 жыл, аудан ағарту ісінің ардагері, ұлағатты ұстаз.

1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасып, 5 медальмен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

**ЖӘМЕКОВ Жетес**

(12.5.1959 ж.т., Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті), әнші-термеші, қол өнер шебері, әнші-термешілер конкурсының лауреаты. Қазақтың а.ш. институтын бітірген (1989). Кейінгі жылдарда Ақтөбе, Қандыағаш қалаларының мектептерінде халық өнерінен, ән-күйден сабақ берді. Наурызбек жыраудың «Ал, жігіттер, сал құлақ», Кердері Әубәкірдің «Насихат», Базар жыраудың «Сөйле десең, сөйлейін», Кердері Құдайбергеннің «Толғау да толғау сөздер бар» термелерін, «Аяққұм», «Балқадиша», «Темір-тас», басқа да 30-ға тарта әндерді шебер орындайды. Халық арасында кеңінен тараған «Шалқардан ұшқан аққулар» әнінің авторы. Халық емшісі.

**ЖЕКЕЕВ**
**Мәлік Наурызғалиұлы**

(01.08.1948 ж.т.) Комсомол, партия және кеңес органдары қызметкері, агроном, саясаттанушы.

Мектеп бітірген соң Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны ғалым-агроном мамандығы бойынша (1971) бітірді, Алматы Жоғарғы партия мектебін (1978) тәмамдап, саясаттанушы (политолог) мамандығын алды.

Еңбек жолында қызметі үнемі өсу үстінде болды: Хобда ауданында «Жарық» кеңшарының агрономы (1971-1972), аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1972-1976), Алматыда екі жыл оқығаннан кейін Хобда аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, аупарткомның екінші хатшысы (1978-1985), Шалқар ауаткомының төрағасы, аупарткомының бірінші

некті маманы. Техника ғыл. кандидаты (1955). Шымкент а.ш. техникумын (1944), Қазақ мемлекеттік а.ш. ин-тын (1949) бітірген. 1949-53 ж.ж. Қаз.КСР Ғылым Академиясының аспирантурасында оқыған. 1952-58 ж.ж. осы Академияның энергетика институтында кіші ғылыми қызметкер, 1958-62 ж.ж. аға ғылыми қызметкер болды. 1962 ж. осы институттың гидротехникалық құрылыстар лабороториясының меңгерушісі. 1962-73 ж.ж. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының су қуатын пайдалану кафедрасының меңгерушісі, 1973-87 ж.ж. Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметтерін атқарды. Оның мұз термикасы, гидроэнергетикасы, инженерлік гидравлика және су шаруашылығының басқа да мәселелері жөніндегі еңбектері – гидротехника ғылымының теориясы мен практикасына қосылған елеулі үлес. Қазақстанның Ертіс-Қарағанды сияқты аса ірі гидротехникалық объектісінің негізін салудағы зерттеулері де белгілі. Оның жетекшілігімен 5 адам техника ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін диссертация қорғады. Ол Алматы қалалық кеңесінің депутаты, кеңес-монғол достығы қазақ қоғамы облыстық бөлімшесінің алқа мүшесі болып сайланған. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальмен марапатталған.

**ЖОЛАЕВ**
**Рахмет Жанғазыұлы**

(1910, Шалқар ауд. – 1978, Жамбыл қ.) – қазақ гидротехнигі.



Р.Жолаев

Тех. ғыл. докторы (1962), профессор (1964), Қаз. КСР ҒА корр-мүшесі (1962), Қаз, КСР-нің еңбек сіңірген гидротехнигі (1963). 1935 ж. Ташкент ирригация және а.ш. механикаландыру ин-тын бітірген. 1935-44 ж.ж. жобалау ин-ттарында инженер, техникумда мұғалім болған. 1945-61 ж.ж. Қаз. КСР ҒА энергетика ин-тында лаборатория меңгерушісі, директорының орынбасары. 1962-73 ж.ж. Жамбыл гидромелиорация және құрылыс ин-тының ректоры. Ғылыми еңбектері өзен және ирригация жүйелерінің энергет. қорын есептеу теориясына, Іле Алатауы өзендерінің тасуы мен сел-тасқын заңдылықтарына, т.б. арналған. Халықаралық гидравликалық зерттеулер ассоциациясының кеңестік ұлттық комитетінің екі секциясына мүше болды. «Құрмет Белгісі» (1967), Октябрь Револю-иясы (1971) ордендерімен марапатталған.

*Шығ: Суландыру жүйесіндегі су энергетикасы қуатын есепке алудың тәсілі. А. 1950; Улучшенный тип водозабора с данной решетчатой галереей. А-А., 1961 (Совм. С А.И.Арыковой) ҚКӘ. т.-4., 464-465 б. «Ақтөбе» энциклопедиясы, 428 бет.*



К.Жұбаназаров

**ЖОЛАМАНОВ Елеусіз (Елеукен) Құламанұлы**

(а.к.б. 1917 ж.т. Шалқар ауданы Есентай елді мекені – 08.05.1982, Шалқар ауданы), соғыс және еңбек ардагері, дәрігер.

Ата-анадан ерте қалып, жетімдік көріп, ауылда өскен, қазақи тәрбие, ауыл молдасынан білім алған, жаңаша оқып, Қызылорда медицина техникумына түсіп, бітіріп, (1933-1940) ауылда фельдшер болған (1940-1941). 1941 ж. Қараша айында майданға аттанып, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында Ленинград майданында ерлік көрсетіп, екі «Қызыл ту» орденімен, 3 жауынгерлік медальмен марапатталған. Соғыстан кейінгі қызметі – дәрігерлік. Алға ауданында дәрігер, ауданның бас дәрігері (1946-1967). Денсаулық сақшысы атанып, Еңбек Қызыл Ту (1957), Ленин (1967) ордендерімен марапатталған. Зейнеткерлікке шыққанша Ақтөбе химия зауытында емхана меңгерушісі болып еңбек еткен (1967-1978). Діни де сауаты бар ол медицина мен дінді қатар ұстап, кіріптар жандарға қызмет көрсетіп, «Елеукен – емші-көріпкел» атанған. «Жалғаншыны жабу, бір Алланы табу жолы» атты өсиет кітабы бар.

**ЖОЛДЫАЯҚ Тілеуұлы**

(1665 ж.т. Ақтөбе облысы-1684 ж. Сайрам қ), батыр, Кіші жүздің белгілі биі Тілеу Айтұлының баласы. Сайрам шайқасында ерлігімен көзге түсіп, сол шайқаста қаза тапқан. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі жанына жерленген. Түркістан қаласында әкелі-балалы Тілеу мен Жолдыаяқ батырлар атында көше бар. Ұрпақтары Ақтөбе облысында тұрады.

**ЖОЛМҰРАТОВ Жолмұхамбет**

(1912 ж.т. Шалқар ауданы). Еңбек жолын темір жол бойында бастап, 1972 жылы зейнеткерлікке шыққанша т.ж. бойында жол бригадирі, жол шебері болып жұмыс жасап Шалқар жол дистанциясы бастығының орынбасары дәрежесіне дейін көтерілген (1951-1954), кейін Шұбарқұдық, Шалқар, жол дистанцияларын басқарған (1954-1972), абыройлы басшы болған азамат. Еңбек Қызыл Ту орденін алған «Құрметті теміржолшы».

**ЖҰБАНАЗАРОВ Кенжебай**

(21.01.1929 ж.т. Шалқар ауданы № 2 ауыл) қаржы, есеп саласының майталман маманы, құрметті теміржолшы, ел құрметтейтін абыройлы ақсақал.

Бүкіл саналы өмірі, 43 жыл қызметі Бершүгір т.ж. дистанциясымен тығыз байланысты: аға есепші, бас есепші. Қызметіне адал, тындырымды болған ол білікті маман ретінде бағаланып, 7 медаль, бірнеше төсбелгілермен марапатталып, «Құрметті теміржолшы» (1988) атанды. «Есеп саласының үздік қызметкері», Ұлы Отан соғысының ардагері (теңестірілген), үлгілі отбасы басшысы.



З.Жұмабаева

**ЖҰБАЙ Иманбай**

(1961 жылы Шалқар ауданы Байқадам ауылы). Шалқар ауданы Қорғантұз орта мектебін, Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетін бітірген. 25 жыл бойы теле-радио саласында редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, бас редактор, агенттік жетекшісі, филиал директоры, басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Қазір «Қазақстан» телеарнасының продюссері. Телеарна қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасы Президентінің грантына ие болған (2004) тұңғыш журналист.

**ЖҰМАБЕКОВ Зинекеш**

(05.10.1924 ж.т. Шалқар ауданы), соғыс және еңбек ардагері – 1942-1947 ж.ж. Ұлы Отан соғысының отты жолдарынан өткен, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарына белсене араласқан. II дәрежелі Отан соғысы орденімен (1985) марапатталған. Маршал Жуков және Белорусь медальдарының (2004), тағы басқа да 8 медальдың иегері. Еңбек Қызыл Ту орденін (24.12.1976) алған. 1969 жылдан 1986 жылға дейін түйе баққан «Облыстың озат түйешісі» (1972). Еңбек жолын «Есентай» ұжымшарында жұмысшы болып бастап, «Жданов» ұжымшарында ферма меңгерушісі, «Сарыбұлақ» кеңшарында директордың орынбасары қызмет жолдарынан өткен. Ардагер, ауданның құрметті ақсақалы.



Д.Жұмағұлов

**ЖҰМАБАЕВА Зәпен Жақсыбайқызы**

(11.02.1960 ж.т. Шалқар қаласы), партия, кеңес қызметкері, Шалқар ауданы әкімінің орынбасары.

Шалқар қаласындағы жүз жылдық тарихы бар № 59 (кейін № 39) орыс мектебін бітіргеннен кейін мектепте мұғалім болып қызмет жасаған (1977). Білімі-жоғары: орта мектептің орыс тілі пәні мұғалімі.

Шалқар аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметінен (1986) партия жұмысына жоғарылатылған. 1996 жылдан бері Шалқар ауданы әкімінің орынбасары.

Атқарған қызметтерінде абыроймен аудан жұртшылығы құрметіне бөленуде.



Т.Жұмағалиев



Е.Жумин



Е.Жүгінісов

Бірнеше марапаттары бар: басқа атақтарын қоспағанда еліміз егемендік алғаннан кейін «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне-10 жыл», «Қазақстан Республикасы Конституциясына-10 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

«Шалқар» энциклопедиясы үйлестіру кеңесі төрағасының орынбасары.

**ЖҰМАҒҰЛОВ Дәде**

(1912 ж.т. Шалқар ауд. № 22 а. – 1989 сонда) – ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы (оқымаған академик). Орталау мектепте оқыған. Шалқар аудандық және Елтай ауылдық Кеңестерінде жауапты қызметтерде болған. (1933-1937). 1937 ж. «Кеңестік құрылысқа қарсы шыққаны үшін» деген «айыппен» 8 жылға сотталып, Қиыр Шығысқа айдалып, түрмеде болып (1937-1944) елге оралған соң мектепте шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген (1944-1946).

1946 ж. ауданның 30 ұжымшарлары (колхоздары) үшін Аяққұм мал жайылым өңірі штабы ашылғанда (1946) оның басшыларының бірі болып (Есентасов, Жұмағұлов) 1956 ж. дейін «Штаб» бастығы ретінде абыройлы қызмет атқарып, «оқымаған академик» атанған. Москваға БХШК-не арнайы шақырылып, марапатталған. 3 медалі бар. Кейінгі атқарған қызметтері де абыройлы: Қызыл отау меңгеруші, жаңадан ашылған кеңшар директорының орынбасары, ферма меңгерушісі (1956-1972). 1960ж. қылмысының болмауына байланысты ақталған.

**ЖҰМАҒАЛИЕВ Тынымбай**

(01.05.1931 ж.т. Шалқар ауд. №7а. – 23.05.2002, Шалқар қаласы), озат жылқышы.

Еңбек жолын Шалқар ауданында бастаған, «Қызыл жұлдыз» кеңшарында жылқы баққан (1941-1963), «Жаңа қоныс» кеңшарында аға жылқышы, бірнеше дүркін аудан, облыс чемпионы атанған (1964-1993). БОХШ көрмесінің 4 медалін (алтын, күміс, қола) алған.

Ленин (1971), Октябрь революциясы (1973), Еңбек Қызыл Ту (1975) ордендерімен марапатталған. Шалқар қаласында атында көше бар.

**ЖУМИН Елемес Жұмаұлы**

(17.10.1938 Шалқар ауданы Мұрынқұм ауылы). Ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы, өнертапқыш, ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

Шалқар қаласындағы №1 орта мектепті (1956), Орынбор ауыл шаруашылығы институтын бітірген (1962). Инженер-механик.

Шалқар ауданының шаруашылықтарында, 1970-1980 ж.ж. аудандық ауылшаруашылығы басқармасында бас инженер, 1980-1993 ж.ж. «Бершүгір» кеңшарының директоры қызметтерін атқарды.

Бүкіл саналы өмірін ауылшаруашылығы өндірісін ұйымдастыруға, ауылды көркейтуге арнады. Оның жасаған ұсыныстары бойынша өзі басқарған шаруашылықтарда далалық жұмыстарды өнімді жүргізетін тиімді технологиялар, техника, құрал-жабдықтар өндіріске енгізілді. Кеңшар озат тәжірибе мектебіне айналды. Жаңашылдық ұсыныстары Бүкілодақтық конкурстарда жүлделі орындарға ие болды. Ұсыныстарына авторлық куәлік пен патенттер берілді.

Бүкілодақтық өнертапқыштар мен жаңашылдар қоғамының «Белсенді қызметі үшін» және «Өнертапқыштық пен жаңашылдықтың үздігі» деген төс белгілерімен, бірнеше медальдармен марапатталды. «Құрмет» орденнің иегері атанды.

Директордың қажырлы еңбегінің нәтижесінде «Бершүгір» кеңшары орталығы (қазіргі Меңке би ауылы) магистральды газ құбырына қосылды (1992). Сол кезден бастап ауыл тұрғындары табиғи газдың игілігін көріп отыр.

Қазақстан Компартиясының XVII съезінің делегаты. 1963 жылдан бастап бірнеше қайтара ауылдық және аудандық кеңестердің, аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды.

**ЖҮГІНІСОВ**
**Елеусіз Маштиұлы**

(15.07.1944 ж. Шалқар ау. №65 т.ж. бекеті – 22.05.2007 ж. Ақтөбе қ.) – 1 класты пойыз диспетчері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Шалқар №1 қазақ орта мектебін (1960), Ақтөбе темір жол техникумын (1963) бітірген. Алғашқы еңбек жолын т.ж. 1962 ж. стрелкашы болып бастаған, станса кезекшісі (№65 т.ж. бекеті). 1964-68 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында. 1968 ж. Ақтөбе т.ж. бөлімшесінде пойыз диспетчері. 1986 ж. – Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. Қа-зақ ССР Жоғарғы Советі Призидиумының Құрмет грамотасы мен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 1 класты пойыз диспетчері атағы берілді (1982).

*Ш.Қарамергенов.*

**ЖҮГІНІСОВ**
**Мұхит Жаржанұлы**

(04.02.1928 ж.т. Шалқар ауданы 63-т.ж. айрығы – 07.10.2006 сонда), үздік теміржолшы.

Әкесі Жаржан да, өзі де теміржолшы, 15 жасында (1943) Біршоғыр дистанциясына жұмысшы болып кірген, кейін бригадир, жол шебері, аға жол шебері (1943-1993). Абыройлы қызмет еткен. Ленин орденімен (1971), 4 медальмен марапатталған, «Құрметті теміржолшы» (1972) атағы бар.


М.Жүгінісов


К.Жүгінісов


Ж.Жүсіпов

**ЖҮГІНІСОВ**
**Кенжетай Жүгінісұлы**

(06.11.1931 ж.т. Шалқар ауданы №25а. – 25.02.2002 ж. Москва қ.) – Профессор (1995).

1956 ж. М.И.Калинин атындағы Санкт-Петербургтің политехникалық институтын бітірген. Еңбек жолын Челябі обл. Уст-Каталский вагон зауытында шебер (мастер) болып бастап, заводтың Бас металлургтің орынбасары қызметіне дейін көтерілген (1956-60 ж.ж.) Содан кейінгі жылдары Мәскеу обл. Чеховский зауытында цех бастығы, директордың орынбасары (1960-1964), КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ Үкіметі өкілдігінде аға референт, бөлім бастығы (1964-1991) болып істеген. Ақтөбе облысының мүддесін көземелдеуші ретінде кезінде көптеген мәселелердің оң шешілуіне ықпалын тигізген. 1991 жылдан өмірінің соңына дейін Мәскеу халықаралық экономикалық қатынастар институтының аға оқытушысы қызметінде болды. Экономика ғылымдарының кандидаты (1975). Бірнеше үкімет наградалары бар.

*Шығ: «Экономические проблемы литейного производства, Мәскеу, 1996. «Кем живу», дышу, о тех и пишу», Москва, СП, 2001.*

**ЖҮЗ ЖАСАҒАНДАР**

1999 ж. санақ бойынша республикада 474, Ақтөбе қаласында 33 болса, біздің Шалқар ауданында 10-ға жуықтап қалды. Бұл қарияларға талаптарына қарай аудан, қала әкімдігі, ардагерлер кеңесі, денсаулық сақтау орындары ұдайы назар аударып, мұқтаждарын өтеп отырады. Олар: Нұрсұлу Сарыбаева, Күсебай Құрымбетов, Жарқыналы Тасымов, Сармұқан Кенжебаев, Мағрипа Баспақова, Смағұл Есенқұлов, Қарашаш Күншығарина, Құттыбай Әли, Жұқатай Өтегенов, Мәлика Шурина (2008 ж. 106 жаста).

**ЖҮСІПОВ Мұрат**

(23.8.1925 ж.т. қазіргі Қарғалы (Ақтөбе) ауд. Елек а.) а.ш. өндірісін ұйымдастырушылардың бірі. Талғар а.ш. тех-мың, Алматы жоғарғы партия мектебін

(1962) бітірген. Еңбек жолын 1943-45 ж.ж. III Интернационал ұжымшарында колхозшы болып бастаған. 1945-51 ж.ж. әскер қатарында қызмет етті. 1951-57 ж.ж. МТС механигі, партком хатшысы, Степной аупарткомының нұсқаушысы, хатшысы, МТС аймағындағы партком хатшысы. 1962-65 ж. Ақтөбе облпарткомының нұсқаушысы. Темір ауд. «Кеңес туы» кеңшарының директоры, 1965-69 ж. Ойыл ауаткомының төрағасы, 1965-73 ж.ж. Ойыл а.ш. басқармасының бастығы, обл. а.ш. басқармасы бастығының бірінші орынбасары, 1973-83 ж. Байғанин, Шалқар ауаткомдарының төрағасы. 1983-88 ж. Шалқар селолық кәсіптік-тех., уч-щесінің директоры. Екі рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» (үш рет), «Халықтар достығы» ордендерімен, жеті медальмен марапатталған.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, 442 бет.*

**ЖҮСІПОВ Жолдыбай**

(22.03.1938 ж.т. Шалқар ауданы №64 т.ж. бекеті –09.08.1997 ж.ж. Шалқар қаласы), дәрігер.

Шалқар қазақ орта мектебін бітіріп, 1957 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына оқуға түскен. Институт қабырғасында оқып жүріп оқудан қол үзбей медицина саласында лаборант, кіші ординатор қызметтерін атқарған. 1963-1969 ж.ж. Шалқар ауданы бас дәрігерінің орынбасары, 1969-75 ж.ж. Шалқар темір жол ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарған.

Бірінші дәрежелі (1968), жоғарғы санатты оташы (1992). Жүсіпов Жолдыбай аудандық ауруханаға бас дәрігер болып қызмет еткен уақытта ауданда 6 дәрігерлік амбулатория, 1 жылжымалы амбулатория, 3 ФАП және аудан орталығында типтік жобадағы аурухана үйі іске қосылды.

«Қазақ КСР денсаулық сақтау ісінің үздігі». Шалқар қалалық, аудандық, Ақтөбе облыстың кеңестерінің депутаты болып бірнеше рет сайланды. Аудандық аурухана үйінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылған, ол жөнінде «Тұлпардың тұяғы» атты естелік кітап бар.

**ЖЫЛҚЫАМАН**
**Отыншыұлы**

(1712 ж.а., к., б., Қызылорда облысы Арал ауданы Бөген елді мекеніндегі Ақшатау (Аманөткел) – 1796 ж. а., к.,б., Қарақалпақ стансасының Қаратөбе қорымында жерленген), батыр.

Жылқыаман батыр сонау атақты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында үш жүздің басы қосылып, жоңғарларды түре қуатын ұлт-азаттық көтерілісінде 13 жасында-ақ ат ойнатып, қарсы келген дұшпанды «Ақшұбармен» (қаруы, мылтығы) қойдай жуасытып, талқандаған, атағы күллі қазаққа жайылған батыр.

Жылқыаман батыр Сыр бойында енді-енді қоныс тебе бастаған Қоқан-Хиуа хандықтарының озбырлығынан елді қорғап, сол уақыттарда «Текежәуміт» тұлпарымен жиі-жиі барымтаға келген Түрікпен батырларына мал алдырмай, Маңғыстауды қоныс еткен Адай, Беріш жігіттерімен бірлесіп, елді жерді қорғаған. Жылқыаман батыр сол уақыттағы Сартай, Сырым, Жанқожа, Толыбай, Ақтан, Кетібар, т.б. бірсыпыра батырлармен замандас, сырлас, сапарлас болып, талай шайқастарды басынан өткізген.

*А. І. Қалыбаев.*

**Аманкелді Інжілісұлы ҚАЛЫБАЕВ**



(31.08.1941 ж.т.), инженер-механик, «Авто-Алтын» автомектебінің директоры (бұл қызмет бойынша еңбек өтілі 35 жыл). Жылқыаман батырдың тікелей ұрпағы болып есептелетін осы азаматтың ұйымдастыруымен 2000 ж. қыркүйек айында Ақбасты елді мекенінде Жылқыаман және Шабан бабалар аруағына арналып ас беріліп, кесене орнатылды.

Шалқар қаласында батыр атында көше бар. Батыр туралы толық дерек «Жылқыаман батыр» кітабында баяндалған.

**ЖЫРАУЛЫҚ ӨНЕР**

Жырау атауы «жыр» сөзінен туындайды. Махмұт Қашқари жырау сөзін «Йырағу», өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді. Дәстүрлі қазақ қоғамында Жыраулар халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарды; өз толғауларында замана туралы философиялық ойларын, адамгершілік құндылықтар мен этик өлшемдер ха-

қындағы ойларын баяндайды, елеулі мәселелерді көтереді. Әлемде, болмыс пен тіршілікте, табиғатта жүріп жатқан өзгерістер мен оның мәні жөніндегі өз көзқарастарын аз сөзге көп мағына сиғызып, көпшілікке білдіріп отырған.

Ән-жырымыз бен терме-толғауларымыздың, ұлттық мәдениетіміздің мәйегі болып табылатын жыраулық өнерді дамытқан Бұқар, Базар, Сыпыра сынды дүлдүлдердің ізін жалғастырушы жыраулар біздің елде де болған. Олар домбырамен сүйемелдеп ұзақ жырларды құбылтып, сүйкімді етіп жырлайды, сахнада артистік өнер көрсетеді, арасында термелетіп төгілтеді, табан астынан да өлең шығарып, оған сәйкес мақам табады.

Отырыстарда, жиын-тойларда олар өздері жаттап өскен «Қарасай-Қази», «Қобыланды», «Ер Тарғын», т.б. жыр-дастандарды құбылтып орындап, өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге көлеңке тұстарын да көрсете білген шалқарлық жыраулар қатарында Наурызбек, Есентүгел, Құдабай, Қаршығалы, Нәжімадин, Пұсырман, Омар күні бүгінге дейін ел аузында. Олардың ізі жалғасуда. Солардың бірі қоңыр қобыз бен домбыра сазын қатар меңгерген жерлесіміз, жас талант Жетес Жәмеков – ел мақтанышы.

*Т. Тілешев.*

## ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

ҚАЗАҚТА бұрын жыл басы наурыз айының (марттың) 22-нен басталатын (қазір де солай). Он екі жыл айналғанда бір мүшел толды деп есептелетін. Жыл басы «тышқан» жылы болды. Ал 1987 жылдың мартында «қоян» жылы басталса, ол енді 1999 жылдың мартында қайта келді. Кестеде қазіргі жыл санау мен ескі жыл қайыру қатар берілген. Сол арқылы әркім ескіше жыл қайыру әдісімен өзінің қай жылы туғанын және неше мүшелге толғанын біле алады. Оған он екі жастан қосып отырсаңыз, келесі мүшел шығады. Бірінші мүшел 13 жаста толады. Осы кестені пайдаланбай-ақ өзінің қай жылы туғанын қазақша атау бойынша білгісі келгендер туған жылын (мыс. 1992 жыл) 12-ге бөлу керек те, шық-қан санға (1992: 12=0-ге) 9-ды қосу қажет (0+9=9). Міне, осы сан (9) кестедегі «мешін» жылын көрсетеді.

Бір есте қалар жайт: кей кезде (мәселен, 1991), оны 12-ге бөлсек, қалдық 11, оған 9-ды қосқанда қосынды 12-ден асып кетеді. (мыс., 11+9=20), ондай кезде соңғы табылған қосындыдан (20-дан)12-ні алып тастаңыз болғаны (яғни 20-12=8), қалдық 8. Енді кестеге қараңыз: № 8 – «қой» жылы, яғни 1991 жыл – «қой» жылы – сізге керегі де осы.

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тышқан | 1924 | 1936 | 1948 | 1960 | 1972 | 1984 | 1996 | 2008 |
| Сиыр | 1925 | 1937 | 1949 | 1961 | 1973 | 1985 | 1997 | 2009 |
| Барыс | 1926 | 1938 | 1950 | 1962 | 1974 | 1986 | 1998 | 2010 |
| Қоян | 1927 | 1939 | 1951 | 1963 | 1975 | 1987 | 1999 | 2011 |
| Ұлу | 1928 | 1940 | 1952 | 1964 | 1976 | 1988 | 2000 | 2012 |
| Жылан | 1929 | 1941 | 1953 | 1965 | 1977 | 1989 | 2001 | 2013 |
| Жылқы | 1930 | 1942 | 1954 | 1966 | 1978 | 1990 | 2002 | 2014 |
| Қой | 1931 | 1943 | 1955 | 1967 | 1979 | 1991 | 2003 | 2015 |
| Мешін | 1932 | 1944 | 1956 | 1968 | 1980 | 1992 | 2004 | 2016 |
| Тауық | 1933 | 1945 | 1957 | 1969 | 1981 | 1993 | 2005 | 2017 |
| Ит | 1934 | 1946 | 1958 | 1970 | 1982 | 1994 | 2006 | 2018 |
| Доңыз | 1935 | 1947 | 1959 | 1971 | 1983 | 1995 | 2007 | 2019 |

Мына бір шумақты да есте сақтаңыз:

*Түйе сеніп бойына,*
*Қалған ұмыт жылдардан.*
*Жатпа қарап, мойыма,*
*Тайма именіп – ділмардан.*

Осы 12 сөздің әрқайсысының бас әрпі 12 жыл атының әрқайсысының бас әріпіне келеді («түйе», т-тышқан, «сеніп», с-сиыр... т.т.). Сонда сіз жылдардың рет тәртібінен жаңылыспайсыз.

*Т. Тілешев.*

# И

## ИДДА

Иддәт – мұсылмандық құқықта неке шарты жойылған немесе бұзылған әйелдің келесі некеге күтетін мерзімі. Әйелдің екінші рет тұрмысқа шығуы үшін И. мерзімі толықтай күтілуі шарт. Неке шарты жасалған соң жыныстық қатынаста болмай ажырасқан әйелдің И. мерзімін күтуі міндетті емес. (Құран, Кәрім, Ахзап сүресі, 49-аят). Ажырасқан әйелдің И-сы, Құран Кәрім бойынша (Бақара сүресі, 228-аят), үш хайыз (етеккір) мерзімі болып белгіленген. Күйеуі өлген әйелдің И.-сы егер ол әйел екіқабат болса, бала туған соң бітеді. Ал ол әйел екіқабат болмаса, оның И.-сы төрт ай он күн болып табылады. Бұл мерзім біріншіден, ықтималды екіқабаттықты анықтаса, екіншіден, азалы әйелдің есін жиып, қайғысын тарқатуына және өлген адамның мұрагерлерінің анықталуына мүмкіндік береді. Балиғатқа жетпеген қыздар мен 55 жастан асқан әйелдердің И. мерзімі үш ай болып бекітілген. (Талақ сүресі, 4-аят). Мұсылман еркектің некесінде болған өзге діндегі әйелдің И. мерзімі мұсылман әйелдермен бірдей саналады.

*М.Бұлұтай. ҚҰЭ, 4-том, 230 б.*



*Ж.Избембетов*

## ИЗБЕМБЕТОВ

**Жұбатқан Жұмақанұлы**

(17.11.1947 ж.т. Шалқар ауданы Шахта ауылы), инженер-металлург, профессор. Шахта орта мектебінде (Шалқар ауданы) оқыған, Қарағанды политехникалық институтын бітірген, мамандығы инженер-металлург.

1971-1975 ж.ж. Қарағанды металлургия комбинатында (Теміртау қ.) инженер, комбинаттың жанындағы «Завод-ВТУЗ-да» оқытушы болып жұмыс істеді. Осы жылдары Қостанай облысындағы Лисаковск кен орнының кендерінен Қарағанды металлургиялық комбинатының домна пештерінде алынған фосфорлы шойыннан конвертерлік болат алудың жаңа технологиясын өндіріске енгізумен белсенді айналысты. Осы шикізат түрінен Новотульск металлургиялық зауытында Ж.Ж.Избембетовтың тікелей қатысуымен дүние жүзінде алғаш рет конвертерлік металл алынды. Кейіннен осы тех-нологияның негіздері Қарағанды металлургиялық комбинатында қолданылды. 1978 ж. конвертерлік өндірісте сапалы болат алу проблемасын шешуге арналған кандидаттық диссертацияны табысты қорғап шықты. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Челябі және Новолипецк металлургиялық зауыттарында енгізілген.

1978-1981 ж.ж. Қарағанды металлургия комбинатының жанындағы «Завод-ВТУЗ-дың» болат металлургиясы кафедрасында аға оқытушы және доцент.

1981-1984 ж.ж. Қазақстан ғылым академиясының Химия-металлургия институтының (Қарағанды қ.) конвертер зертханасының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді. Осы жылдары Қарағанды металлургия комбинатында ақ қаңылтыр өндірісіне арналған жұқа жаймалы конвертерлік болат сапасын арттыру проблемаларымен айналысады. Осы жұмыс нәтижесінде жасалған бірқатар ұсыныстар осы комбинатта бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

1984-1992 ж.ж. Қарағанды политехникалық институтының құю өндірісі кафедрасының доценті, кейіннен меңгерушісі болып жұмыс істейді. 1992 жылдан



Х.Иманалин

берi Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттiк университетiнде инженер-техникалық факультетiн басқарып келдi. 2005 жылдан бастап «Казхром» трансұлттық компаниясының құрамындағы ғылыми-инженерлiк орталығының директоры қызметiнде.

100-ге жуық мақалалардың және 2 монографияның авторы, КСРО-ның 37 авторлық куәлiктерi мен ҚР 6 патентiнiң иегерi.

**ИМАНАЛИН**

**Хайролла Сердалыұлы**

(22.08.1923 ж.т. Шалқар ауданы, № 9 ауыл – а.к.б. 1977 Ақтөбе қаласы), партия, кәсiподақ қызметiнiң, Ұлы Отан соғысының ардагерi.

1942 ж. Ақтөбе қаласындағы ауыл шаруашылығы бiлiмiн беретiн 2 жылдық мектепте оқып жүргенде майдан шебiне шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысқан: рота саяси бөлiмi командирiнiң орынбасары. 1943 ж. ауыр жараланып, 1946 ж. дейiн Челябi әскери гарнизоны iшкi iстер бөлiмiнде қызмет еткен. Елге оралған соң облыстық ауыл шаруашылық бөлiмiнде зоотехник, облыстық комсомол комитетiнде



Б.Иманғазина

жұмысшы-жастар бөлiмiнiң меңгерушiсi, Шалқар аудандық партия комитетiнде екiншi хатшы (1948-1960), облыстық партия комитетiнiң партиялық-ұйымдастыру бөлiмiнiң меңгерушiсi (1960-1972), облыс кәсiподақтары кеңесiнiң төрағасы (1972-1977) қызметтерiнде болған.

Қызыл жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгiсi» (2 рет) ордендерiмен, бiрнеше медальдармен марапатталған.

*Әдеб: «Ақтөбе» энциклопедиясы, 2001, 450 бет. З. Байдосов, «Иманалин Хайрулла». («Қазақ жерiнiң зиялы азаматтары»). 314-321 б. А. 2005 ж.*

**ИМАНҒАЗИНА**

**Бибiгүл Қабиқызы**

(24.12.1940 ж.т. Шалқар қ.) – жазушы, Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттiк консерваториясының актерлiк факультетiн бiтiрген. Жазушы өз басындағы қайғы-қасiреттi, қилы-қилы тағдырды арқау етiп, «Тауқымет» атты роман жазды. 1992 жылы Б.Иманғазина асырауында балалары бар мүгедек әйелдердiң «Бибi-Ана» атты республикалық қоғамын құрды. Бүгiнде оның Президентi. Қоғамның барлық облыстарда филиалдары



А.Иманғазина

жұмыс iстейдi. «Бибi-Ана» қоғамы тағдыр талайы күрделi 200-ден астам баланы оқытып, тәрбиелеуде, олардың жоғары бiлiм алуы үшiн жағдай жасайды. «Бибi-Ананың» республикамызда жанашырлары, демеушiлерi көп.

Б.Иманғазинаның қаламгерлiк еңбегi, әсiресе мейiрiмдiлiк, қайырымдылық iстерi жоғары бағаланып, «Құрмет» орденiмен марапатталды.

**ИМАНҒАЗИНА**

**Айгүл Әбидуллақызы**

(02.03.1976 ж.т. Шалқар ауд. Бегiмбет селосы) – филология ғылымдарының кандидаты. Қазақ мемлекеттiк қыздар институтын (1997), осы институт аспирантурасын бiтiрген (1997-2000).

2001-2005 ж.ж. А.Байтұрсынов атындағы Тiл бiлiмi институтында ғылыми қызметкерi болып қызмет iстеген. «Қазақ тiлi лексикологиясының теориялық қырлары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (2003).

2005 жылдан берi Ақтөбе Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттiк университетiнде аға оқытушы. 20-дан астам ғылыми мақалалары бар.

**ИМАШЕВ**
**Тәңірберген Қалыбайұлы**

(01.08.1940 ж.т. Шалқар ауд, Жылтыр а.) «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» (1992). 1958 жылы Біршоғыр геофизика экспедициясында жұмысшы, кіші техник болып еңбек жолын бастады. Қазақ политехникалық институтының геология-барлау ф-тін бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алғаннан кейін, 1975 жылға дейін Батыс Қазақстан аймақтық геология басқармасына қарасты (Ембі қ.) Борлы геологиялық барлау экспедициясында тау-кен инженері, участке, партия бастығы, бас инженер, экспедиция бастығы, Мұғалжар экспедициясы бастығының қызметтерінде болған (1966-1975). 1975-1982 жылдары «Запказгеология» өндіріс бірлестігінің Индер экспедициясының бас инженері, Бас директордың орынбасары, Бас директоры, 1993-1996 жылдары ҚР Геология министрлігінің Мемлекеттік «Зерттеу» холдинг компаниясының президенті. 1996 жылдан бастап «Запрудгеология» АҚның президенті. «Индер» ас тұзы кен орнын ашқаны үшін «Қазақстан Республикасының қазба байлықты алғашқы ашушы» белгісімен және дипломымен марапатталған.



Т.Имашев

**ИМИДЖ**

(Лат. Imago-бейне, түр) – 1) іскер адамның бет-бейнесі, оның қоғамдағы беделі. Мұның өзі нарықтық қатынас жағдайында кәсіпкер бизнесінің дамуына тікелей ықпал етеді; 2) фирманың, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, сауда таңбасының қызметтен қосымша табыс беретін немесе залал келтіретін бейнесі. Фирманы тұтас мүліктік кешен ретінде сату кезінде имидж субъектінің сату (сатып алу) бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде бағалануы мүмкін. Оң айырма – «гудвилл», теріс айырма – «бэдвилл» деп аталады.

*С.Тоқсанбай. ҚҰЭ, 4-ші том, 250-бет.*

**ИСАЕВ Нұрхан Исаұлы**

(05.10.1940 ж.т. Шалқар қаласы) Профессор, ішкі істер қызметінің полковнигі.

Орта мектепті үздік бітіргеннен кейін еңбек жолын автокәсіпорын жүргізушісінен бастады. Орск қаласындағы №1 техникалық училищесін «Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрлендіру» мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітірген соң, Орск мұнай өңдеу зауытының Орталық тарату станциясында электрик-диспетчер болып жұмыс істейді.

Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеген (1960-1962). Қарағанды политехникалық институтын бітіріп (1962-1967), осы институттың «Тау кен құрылыс-жол машиналары»



Н.Исаев

кафедрасында аға инженер-оқытушылыққа қалдырылған.

Кейіннен ол КСРО Көмір өнеркәсібі басқармасының аға инженері, Қазақ КСР Ғылым академиясының Қарағанды металлургия ғылыми-зерттеу институтында бас инженер болып еңбек етеді (1967-1969).

1969 ж. арнайы қаулыға сәйкес ішкі істер органдарына жұмысқа жіберіледі. Жолды қадағалау инженері, Ақтөбе облыстық Ішкі істер басқармасы Мемлекеттік автоинспекциясының батальон командирі, Қарағанды облыстық Мемлекеттік автоинспекциясы басқармасының бастығы қызметтерін атқарды (1969-90).

1990 жылы Талдықорған облыстық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары қызметінде жүрген ол кейін КСРО Қарағандыдағы Милиция жоғары мектебінің ректоры қызметіне тағайындалды. 1993 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Мемлекеттік автоинспекциясы бас басқармасының бастығы қызметіне тағайындалды.

1993 ж. ҚР Министрлер кабинетінің шешіміне сәйкес ол басқарған ІІМ МАИ Бас басқармасы Женева қаласындағы (Швей-

цария конфедерациясы) Халықаралық жол қозғалысы ұйымында Мемлекет мүдделерін қорғаушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті органы болды.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес ол Швейцариядағы Женева Халықаралық жол қозғалысы ұйымының штаб-пәтеріне халықаралық шенеунік (өкіл) ретінде жіберілді. Үш жылдан астам сол мекеменің Вице-президенті – заң комиссиясының төрағасы қызметін атқарды және халықаралық тасымалдарға байланысты көлік және кеден мәселелері бойынша БҰҰ Ішкі Көлік Комитетінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі болды (1995-1998).

Егеменді Қазақстанның дүниежүзілік қатынастар жүйесіне интеграциялануына елеулі үлес қоса отырып, олардың халықаралық-құқықтық базасын жетілдіру ісіне еңбегін сіңірді.

Швейцариядан оралғаннан кейін, Қазақстан Жүргізушілер одағы орталық кеңесінің Вице-төрағасы қызметін атқарды. Оның бастамасымен 1998 жылы штаб-пәтері Қазақстан Республикасында орналасқан «Еуразиялық Автомобилистер Альянсы» Халықаралық ұйымы құрылды. Осы ұйымның Бас хатшысы қызметіне тағайындалды.

Қажырлы еңбегі үшін бірнеше рет КСРО, ҚР ІІМ және атқарушы билік органдарының құрмет белгілерімен және 15-тен астам медальдарымен марапатталған. Қарағанды облысы халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланған. 20-дан астам ғылыми еңбектері жарық көрген.



С.Итеғұлова

2005 жылғы сайлауда ҚР Президентіне кандидаттыққа Н.Ә.Назарбаевтың сенімді өкілі болды. Екі рет ел Президентінің қолынан құттықтау хаттарын алған.

Қазіргі уақытта ҚР Ішкі Істер Министрлігінің Жол полициясы ардагерлері кеңесінің төрағасы.

2002 жылдан бері М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының әкімшілік-кадр жұмысы жөніндегі проректоры қызметінде еңбек етуде.

«Қарағанды қаласының құрметті азаматы», КСРО және ҚР ІІМ еңбек сіңірген қызметкері, ҚР ЖҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, милиция полковнигі.

**ИТЕҒҰЛОВА**
**Сая Ағанасқызы**

(18.07.1975 ж.т. Шалқар қ). 1995 ж. Ақтөбе қ. Қ.Жұбанов атындағы пединститутты қызыл дипломмен бітірген.

ҚР Президенті атындағы стипендияның иегері. Филология ғылымдарының кандидаты (2002). 2002-2006 ж.ж. Ақтөбедегі «Дүние» университетінде сырттай оқу бөлімінің деканы. 2006 ж. осы университеттің ғылыми жұ-



К.Ещанова

мыстар жөніндегі проректоры. 50-ге жуық ғылыми мақалалардың, «Сезім елестері», «Қазақ мифологиялық эпосы» атты еңбектердің, әдістемелік құралдардың авторы.

**ИЩАНОВ (Ещанов)**
**Келмағанбет Дәрібайұлы**

(03.01.1940 ж.т. Шалқар ауданы № 1 ауыл – 2005 Шалқар қаласы), Шалқар ауданындағы ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастырушылардың бірі. 1947 жылы Дамбар орта мектебіне 1-класқа барып, орта білім алып аяқтады.

1960-1963 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеді.

Бөрлі ауыл шаруашылық техникумын (1971), Қазақтың ауылшаруашылық институтын (1981) бітірді. Мамандығы – инженер-механик. «Шетырғыз», «Сарыбұлақ» кеңшарларында директор (1983-1994), «Тоғыз» кеңшарында бас инженер, су шаруашылығы мекемесінің бастығы қызметтерін абыройлы атқарды. Аудандық, ауылдық кеңестерге бірнеше рет депутат болып сайланды. Бірнеше медальдармен марапатталды.

# К

## КАЗАНЦЕВ
**Флорентий Пименович**

(06.12.1877 ж. Бугульма қаласы – 04.11.1940 ж. Москва).

Совет өнертапқышы, автоматты тежегіш жүйелерінің авторы. Тежегіш Орынбор темір жолының депосында жасалып, сынақтан ойдағыдай өтті, 1910 ж. барлық құралдар дайын болды. Сынақ жүргізуге рұқсат берілді.

Шалқардан Ақтөбеге қарай ұзын да құламалы жол бар. Бұл машинистерге Біршоғыр асуы деген атпен белгілі болатын. Сол асудан төмен түсетін кезде үнемі тежеп отыру керек. Мұндай жағдай Вестенгаузеннің тежегішін тез тоздырып, істен шығарып тастайтын. Біршоғырда жолаушылар поездары жиі апатқа ұшырайтын. Сондықтан сынақты дәл осы асуда жүргізу ұйғарылды. Жаңа тежегіш өзінің беріктігін көрсетті.

Поездарды автоматты тежегіштерге көшіру құрамаларға жоғары жылдамдықпен жүруге мүмкіндік берді, ал бұл темір жолдың өткізу мүмкіндігін арттырды. Сөйтіп 1923 жылдың басында тежегіш дайын болды. Комиссия Шалқарлық машинист жаңалығын бір ауыздан мақұлдады. Теміржолшы өнертапқыштың атағы кеңге жайылып, есімі көпке мәлім болды. Ол электропневматикалық тежегіш жасау



*Ф.П.Казанцев*

жөніндегі жұмысын аяқтай алмай кетті. Бірақ оның бастаған ісі өз қолдаушыларын тауып, бірнеше жылдан кейін Совет Одағында жаңа электропневматикалық тежегіш пайда болды.

Казанцев Ф.П. Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған.

## КАЛУГИН
**Иван Николаевич**

(1901-1969), озат теміржолшы. 1924 жылдан т.ж. бойында: жұмысшы, жол қараушы. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.

## КАУЧУК

Эластикалық полимер. К табиғи және синтет болып екіге бөлінеді. Табиғи К тропикалық өсімдіктердің, олардың ішінде гевея ағашының сүт тәрізді сөлінен алынатын жабысқақ, жұмсақ, серпімді зат. Синтетикалық К-ті алғаш рет 1932 ж. акад.

# Л

С.В.Лебедев (1874-1934) алды. Бұл әдіс бойынша алдымен катализаторлар мырыш оксиді мен алюминий оксиді қатысында спирттен бутадиен алынды, оны натрий катализаторы қатысуымен полимерлеу арқылы синтет. К. алды. Қазіргі кезде бутадиенді алу үшін мұнайдан алынатын көмірсутектер қолданылады. Бутадиен 1,3 пен бензолдың гомологі стиролдың бірге полимерленуі нәтижесінде бутадиенстирольді К алынады. Фторлы К-тер резеңкеге айналдыру үшін күкірт т.б. заттар қосылады. Күкірт К-тің ұзын молекулаларының арасын біріктіріп торлайды. Бұдан басқа К-ке инертті толтырғыштар саз, бор және серпімділік, мықтылық, төзімділік қасиеттер беретін активті толтырғыш күйге, тозуын азайтатын тұрақтанғыштар қосады. К. автомобиль, ұшақ доңғалақтарын жасауда, механизмдерді қозғалтатын тұйық белдіктер, электр оқшаулағыш материалдар, аяқ киім, спорт тауарларын, ойыншық, санитарлық-гигиеналық бұйымдар т.б. жасау үшін қолданылады.

Бутадиенстирольді К. өте мықты, темп-ға төзімді. Бутилкаучукті изобутилен мен бутадиен – 1,3-тің бірге полимерленуі нәтижесінде алады. Бутилкаучук газ өткізбейді, хим. әсерлерге, темп-ға төзімді әрі диэлектрлік

қасиеті бар. Майға, бензинге, темп-ға және әртүрлі тотықтырғыштарға төзімді хлорпренді К-ті хлорпренді полимерлеу арқылы алады. Ол үшін алдымен ацетиленді димерлеу арқылы винилацетилен алады. Винилацетилен хлорсутекпен әрекеттесіп хлорпрен түзеді. Фторлы К-терді әртүрлі қанықпаған көмірсутектердің фтор туындыларын (гексафтор-пропилен мен винилдиен-фторды) бірге полимерлеу арқылы алады. Фторлы К.-тер мықты, темп-ның, хим. реактивтердің, еріткіштердің әсеріне өте төзімді келеді.

*ҚҰЭ, 4-том, 444 бет.*

### КАУЧУК ЗАУЫТЫ

1930-1932 жылдары Шалқарда каучук зауыты салынды.

Каучук зауытының орны Шалқар қаласының күншығыс жағындағы темір жол бекетінің құмды беткейінде орналасқан. Бұл – қазіргі «СМП-660» деп аталатын шағын ауылдың орны.

Зауыт басшысы И.Разов, хатшысы И.Предков, құм сағыз қабылдаушы Тілеужан Шойғарин болған. Оның құрамында 30 адам жұмыс істеген. Кезінде жұмысшылар құм сағызды құмнан айырып престеп, алынған каучук өнімін Мәскеуге жіберіп отырған.

### КЕНЖЕҒҰЛОВА Айболған

(13.02.1948 ж.т. Шалқар ауданы), педагог-ғалым.

Білімі жоғары: 1975 жылы Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Оның алдында Ақтөбе педагогикалық училищесін (1965) бітіріп, сол жылдан



*А.Кенжеғұлова*

бастап халық ағарту саласында 40 жыл еңбек етіп келеді: мұғалім, мектеп директоры, облыстық білім басқармасының инспекторы, институтта оқытушы. 1978 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1981 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Мұғалімдердің республикалық V съезінің делегаты болды.

1989-2005 ж.ж. аралығында Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында қызмет етіп келеді. 6 жылдан бері кафедра меңгерушісі.

1990-2000 ж.ж. бастауыш мектеп бағдарламасы мен оқулықтарын жетілдіру мақсатында эксперимент жүргізіп, 3 жыл бойы облыстық білім басқармасы бекіткен авторлық сыныпта өзі жазған оқулықтарын байқаудан өткізді. 1994 ж. бастап ҚР Білім министрлігінің рұқсатымен ол оқулықтар облыстық баспадан шығарылды, 15 оқулық, әдістемелік нұсқаулар жарық көрді. Ақтөбе облысының 53, Алматы қаласының 1 мектебінде, барлығы 110 мұғалім авторлық оқулықтарды пайдаланды. Осы еңбегі үшін А.Кенжеғұлқызына 1997 жылы академиялық доцент атағы берілді.



*С.Кенжеғұлов*

2000 ж. «Вариативтік авторлық ана тілі оқулықтарындағы интеграциялық ұстанымның ғылыми-әдістемелік негізі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

2004 ж. бастап 12 жылдық жүйеге арналған альтернативті «Әліппе» кешенін жазып, баспаға ұсынды. Көптеген халықаралық, республикалық конференцияларда баяндамалар оқыды.

1990 ж. бері кафедра меңгерушісі болып қызмет етіп келеді.

*Ғ.Нұрышев.*

### КЕНЖЕҒҰЛОВ Сәду

(1919-1990), еңбек және соғыс ардагері, ұлағатты ұстаз.

Бүкіл саналы өмірін Шалқар ауданы мектептерінде бала оқыту ісіне арнаған: К.Маркс, Қарашоқат жеті жылдық мектептерінде мұғалім (1939-1942), Дамбар, Қорғантұз, Қайыр, Қарашоқат, Қызылту, Шалқар қалалық жеті жылдық мектептерінің директоры қызметтерін атқарған. Педагогикалық өтілі – 48 жыл. 2 жыл (1942-1943 ж.ж.) Ұлы Отан соғысына қатысқан жаралы жауынгер. III дәрежелі «Даңқ» (1976), Еңбек Қызыл Ту (1985), I дәрежелі «Отан соғысы» (1985) ор-

дендерінің, 4 мерекелік медальдің иегері, «Қазақ КСР ағарту ісінің озық қызметкері» (1957).

**КЕРІМ**

**Шәмшәдин Тұрсынұлы**

(1962 жылы туған), ғалым. Шалқар ауданы Бозой селосында орта мектепті (1980), Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ (1985) бітірген. Мамандығы-қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілі. 1985-1987 ж.ж. Қазақстан Республикасы Орталық мұражайында, 1987-1992 ж.ж. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Осы кезде республиканың әр түрлі өңірлерінде экспедицияларда болып, фольклорлық, этнографиялық материалдар жинады. Сол уақытта ақтаңдақтар санатында болған атақты қоғам қайраткері Халел Досмұхаммедовтің ұрпақтарымен кездесіп, оның өмірбаяны, ғылыми-қоғамдық жұмыстары туралы мақалалар жариялады, оның еңбектері негізінде «Аламан» (1991) атты кітапты құрастыруға қатысты. Кеңестік идеологияның ықпалымен ұзақ уақыт жарияланбай келген Мұрат Мөңкеұлының отты жырларын баспасөз беттерінде оқырманымен қайта қауыштырды, оның шығармаларын жинақтап, «Алқаласа әлеумет» (1991) атты топтамада бастырды. 1992-1994 ж.ж. Өзбекстандағы Ғ.Ғұлам атындағы Сырдария мемлекеттік университетінде доцент, кафедра меңгерушісі, 1994-2001 ж.ж. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде



Ш.Т.Керім

шығыс филологиясы кафедрасында доцент, меңгерушісі болып қызмет атқарды.

2001 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам университетінің ректоры болып тағайындалады. 2001 жылдың 18 маусымынан бері Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры.

1991 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы әнші-ақындар поэзиясындағы дәстүрлік пен даралық мәселесі» деген тақырыптағы кандидаттық, 2000 жылы «Қазақ фольклорындағы жұмбақ жанры» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. «Қазақ жұмбағы» (2000) атты зерттеу кітабы жарық көрді. Фольклортану, әдебиеттану, шығыстану, исламтану саласында зерттеу жүргізіп келе жатқан ғалым. 30-дан аса халықаралық конференцияларға қатысып, баяндама жасаған.

Жоғарғы оқу орындарында оқытушылық, ұйымдастырушылық, басшылық қызметтермен шұғылданып келеді. Нұр-Мүбарак университетінде Қазақстандағы діни-ислами жоғары білімді кадрлар даярлауды жолға қоюда тер төгіп келеді.



Н.Князов

Қажылық парызын өтеген. Қызмет және ғылыми мақсаттармен Иран, Түркия, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресейде, т.б. шетелдерде болған.

**КИІТ**

Құдалар арасында жасалатын дәстүрлі кәденің бірі. Қазақ халқы арасында «Құдалық белгісі – киіт, қоныс белгісі – бейіт» деген мақал бар. Яғни К. –құдалықтың негізгі белгілерінің бірі. К. бас К., аяқ К. болып бөлінеді. Құдаларды бастап барған үлкен адамға бас К. беріледі де, қалған құдаларға екінші дәрежедегі (аяқ) К. беріледі. К. келген құданың беделіне, алатын орнына қарай бөлінеді. Мыс., бұрын құндыз жағалы тон, қасқыр ішік, кілем, т.б. қымбат бұйымдар, киімдер мен заттар, жүздеген мал (жылқы, түйе, қой) берілген. К-тің ең төм. түрі кездемелермен бітеді. Қазақстанның кейбір аймақтарында құда түспей-ақ тойы болғанда, сол үй ішіндегі адамдарға жеке-жеке арнап апарылған киімді де К. деп атайды. Қазіргі кезде «қалың мал» төленбесе де, оның К. кигізу сияқты дәстүрлері, басқа да жоралғылары жасала береді.

*А.Жақыпова, ҚҰЭ, 4-ші том, 585-бет.*

**КНЯЗОВ**
**Нұртай Жұмабайұлы**

(1950 ж. Шалқар қаласы). №1 орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы халық шаруашылығы институтын тәмамдаған. 1970-1972 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етіп Египет Араб Республикасындағы әскери қақтығыстарға қатысқан. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Институтты бітіргеннен кейін Ақтөбе облысының қаржы бөлімінде аға экономист, 1981-1983 ж.ж. Ақтөбе ауданының қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер инспекциясының бастығы, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, 1990-1995 ж.ж. Ақтөбе қалалық салық инспекциясының бастығы, 1995-2005 ж.ж. Ақтөбе облысы бойынша салық комитетінің төрағасы, облыстық әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы, ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдігінің бастығы, осы министрлік департаментінің директоры, ал 2005 жылдан Ақтөбе облысы бойынша қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу басқармасының бастығы.

**КНЯЗОВ Төлеубай**

(а.к.б. 1919 ж.т. Шалқар ауданы №14 ауыл,) соғыс және еңбек ардагері, II, III дәрежелі «Даңқ» ордендерінің иегері. Еңбек жолын Шалқар вагон деposында слесарь болып бастаған (1939) ол сол жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылған, Амурдағы Комсомольск қаласындағы №23 атқыштар дивизиясы құрамында соғысқа кірісе-



*Т.Князов*

ді. Ленинградты азат ету шайқасына тікелей қатынасады. (№23 атқыштар бөлімінің командирі, дивизия пулеметчигі). 1942 жылы жараланады. №1014 атқыштар полкі. Тағы да жараланады. Кейін №53, 1347, 13, 204 атқыштар полктері құрамында жаумен соғысып, Ленинградты азат етеді, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалымен марапатталады (1943). Содан кейін Латвия, Нарва көпірі үшін шайқаста ерлік көрсетіп, III дәрежелі «Даңқ» орденін алады. Соғысқа бастан аяқ қаты-насқан ол II дәрежелі «Даңқ» (1944), I дәрежелі «Отан соғысы» (1945) ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен (барлығы 6 медальмен) марапатталады. Соғыс біткеннен кейін елге оралған соң вагон депосында жұмысшы болды (1945-1954). «Жаңа Қоныс» ұжымшарында (кеңшарында) шопан болып қызмет етті (1954-1979). Озат шопан атанды. зейнеткерлікке шыққаннан кейін ҚР «Құрмет» орденімен марапатталды. II топ мүгедегі.

**КОМСОМОЛ**

(Орысша Коммунистический Союз молодежи тіркесінен қысқартылып алынған), Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы (БЛКЖО) – Кеңес үкіметі кезінде КСРО-да болған жастардың қоғамдық-саяси ұйымы. 1918 ж. 29 қазанда Мәскеуде өткен Жұмысшы-шаруа жастарының 1-съезінде құрылған. Басты міндеті-14-тен 28 жасқа дейінгі қыздар мен жігіттерді марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеу, болашақ коммунистерді даярлау болды. Азамат соғысы жылдарында Қызыл Армия қатарында 75 мыңнан аса К. мүшесі болды. 1919 ж. қазан айында өткен К-дың 2-съезінде Жастардың коммунистік интернационалын (КИМ) құру жөнінде қаулы қабылданды. КИМ осы жылдың аяғында өткен конгресте құрылды. К-дың белсенді түрде араласуымен 1920 ж. қыркүйекте жастардың 1-Бүкілресейлік сенбілігі өтті. Сол жылдары ашаршылық уақытында ел ішіндегі бүліктерді басу үшін К-дар мен коммунистерден ерекше мақсаттағы бөлімдер (ЧОН) құрылды. Ауылдарда шаруалар серіктестіктерін құру мақсатында К-дар үгіт-насихат жұмысына тартылды, оқу үйлері мен клубтар ашылып, коммунизм идеялары насихатталды. К-дардың басшылығымен ФЗУ мектептері, жұмысшы ф-тері ұйымдастырылды. 1921 ж. К-дың Қазақ обл. ұйымы құрылды (қ. Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы). В.И.Лениннің қайтыс болуына байланысты, 1924 жылдан бастап К. ұйымы РЛКЖО (Ресей Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы), ал 1926 жылы БЛКЖО (ВЛКСМ) деп аталды.

Лениннің «Жарысты қалай ұйымдастыру керек» атты мақаласын кең насихаттай отырып, БЛКЖО басшылығы жастарды Бүкілодақтың соц. жарысты бастауға шақырды. Нәтижесінде КСРО-дағы 1-бесжылдықтың (1928-1933) ең басты құрылыстарында (Днепро ГЭС, Магнитогорск, Түрксіб, т.б.) 200 мыңнан аса К. мүшесі еңбек етті. 1928 ж. басталған а.ш-н ұйымдастыру саясатына 1 млн-ға жуық шаруа жастары тартылды. 1935 ж. жас жұмысшылар мен колхозшылардың (ұжымшарлардың) стахановшылар қозғалысы (жаңа техниканы игеру негізінде еңбек өнімділігін арттыруды көздейтін соц. жарыстың жаңа кезеңі) басталды. Ұлы Отан соғысы (1941-45) жылдарында 12 млндай К. мүшелері майданға аттанды және тылда қызмет етті. 3,5 млн-дайы орден, медальдармен марапатталып, 3,5 мың қыз бен жігіт Кеңес Одағы Батыры атанды. Соғыстан кейін соц. жарыстар қайтадан басталды. 1948 жылға дейін жастардың күшімен КСРО-да 6200 электр ст. салынды, соғыстан қираған көптеген қалалар мен селолар қалпына келтірілді. 20 ғ-дың 50 жылдары К-дың қатысуымен КСРО-да күрделі құрылыстар (Волга-Дон каналы, т.б.) қайта басталды. 1954-55 ж.ж. 350 мыңнан астам қыздар мен жігіттер К. жолдамасымен Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеруге жіберілді. 1960-70 ж.ж. К-дың белсене қатысуымен КСРО-да дүние жүзіндегі аса ірі құрылыстар салынды (Братск ГЭС-і, Белоярск атом ст., Соколов-Сарыбай кен байыту комб., Байкал-Амур магистралы, т.б.). 1970 жылдан бастап жоғары оқу орындары студенттерінен құрылыс отрядтарын ұйымдастыру дәстүрге айналды. К-дың барлық жұмысына СОКП басшылық жасап отырды. К. СОКП-ның көмекшісі және резерві деп танылды. 1991 ж. тамыз бүлігінен кейін СОКП-ның жұмысына тыйым салынды да, БЛКЖО жастардың саяси ұйымдастырушысы және жетекшісі ретіндегі өзінің беделін жоғалтты. Осыған байланысты 1991 ж. қыркүйекте өткен БЛКЖО-ның 22-ші төтенше съезі өзін өзі таратты. Оның орнына ТМД елдерінде әр түрлі жастар ұйымдары пайда болды.

*ҚҰЭ, 4-том, 626-627 беттер. Алматы, 2002 жыл.*

### КОМСОМОЛ

(БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы) Кеңес үкіметінде 1918 жылы 29 қазанда құрылды. Ол Бүкілодақтық Коммунистік Большевиктер партиясының (ВКП(б)) басшылығымен жастар арасында саяси-тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізумен айналысты. Комсомолдың 1919 жылғы қазан айында Ақтөбе губерниялық, көп ұзамай Шалқар уездік комитеттері құрылды. Аудан комсомол ұйымы 1991 жылы Кеңес үкіметі ыдырағанға дейін 72 жыл өмір сүрді. Осы уақыт ішінде мына төмендегі азаматтар аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды:

Сүйіншалин Қансұлтан, Мырзалин Дәуқара, Дінішев Мұса, Әйтімов Тұрғанбай, Орынбасаров Нұрғожа, Мыңжасарова Сара, Ертаев Дүйсенбі, Құрманалин Шерали, Хусайнова Рауза, Идрисова Рафиха, Есенқұлов Қойшыбай, Қожабергенов Төлеу, Тәжин Жанжа, Нұржанов Рамазан, Байдосов Закратдин, Пұсырманов Сағынай, Қалтаев Сәрсеналы, Қалмұратов Ақылбек, Мәмбеталин Аманғос, Комлева Наталья, Шәңгірбаев Юнис, Ділманов Жаңабай, Мұңайтбасов Марат, Жиеналина Іңкәр, Бигеев Ысқақ.

1922 жылы Шалқарда 39 комсомол мүшесі болды. Аудандық комитет басқарған бұл жастар өз қатарластарымен жұмыс жүргізді, кедейленген шаруа және жалшы жастармен байланысты күшейту, Біршоғырдағы қызыл әскерлер мен жұмысшылар арасындағы үгіт қызметін жақсарту, қараусыз, панасыз қалған балалармен жұмыс, қыздарды комсомол қатарына тарту, аудан орталығынан алыс жерлердегі қазақ және татар жастары арасындағы саяси жұмыстарды жандандырумен айналысты. 1926 жылы аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыруымен Шалқарда сауатсыздықты жоюмен (ликбез) айналысатын 1 пункт ашылды.

XX ғасырдың 30-40 жылдары аудандық комсомол комитеті бай-құлақтармен күрес, әйелдер теңсіздігін жою, жалшыларға азаттық беру, жастарды темір-жол өндірісіне тарту, ауыл шаруашылығында ұжымдастыру жұмыстарын жүргізу, Ұлы Отан соғысы кезінде жастарды майданға жіберу, елде фашистік Германияға қарсы насихат және үгіт жұмысын күшейту, майдан

мен тыл арасындағы байланысты жақсарту, Кеңес әскерінің, соның ішінде Шалқарлық жауынгерлердің ерлік істерін паш ету, бұл жолда аудандық «Социализм туы» газетінің және оның тілшілерінің ролі мен беделін арттыру, қала және ауыл еңбеккерлерінің ерлікке пара-пар еңбектерін мадақтау, соғыстан кейін бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру үшін ауданнан жастар күшін ұйымдастыру, тағы да басқа қыруар жұмыстармен айналысты.

1960 жылы қаңтар айында Шалқар ауданының жастары Ақтөбе облысының бүкіл комсомол жастарына арнап колхоздарды механизатор кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде үндеу қабылдады. Шалқарлық жастар сол кезде 150 тракторист, 50 комбайнер, 45 адамды екінші мамандыққа даярлау жөнінде бастама көтерді. Шалқарлық жастардың бұл үндеуі кеңінен қолдау тауып, ауыл шаруашылығына қажетті кадрлар артығымен даярланды.

1965 жылы ақпан айында Алматыда жас қой өсірушілердің II республикалық слеті өтті. Оған біздің ауданнан оннан астам жас шопан қатысты.

1967 жылы Бүкілодақтық комсомол ұйымы бойынша комсомол құжаттарын алмастыру жұмысы жүргізілді.

Жетпісінші жылдардың бас кезінде ауданда спорт жұмысын жандандыруға айрықша көңіл бөлінді. КСРО спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Шалқардағы спорт мектебін алғашқы ұйымдастырушысы Владимир Николаевич Цеханович аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. Ауданда «Қайрат», «Локомотив», «Буревестник» сияқты спорттық қоғамдық ұйымдар жұмыс істеді.

1974 жылы Семей облысы (қазір Шығыс Қазақстан облысының құрамында) Шұбартау ауданы жастарының үндеуін мақұлдаған Шалқарлық жастар тұңғыш рет 8 қой өсіруші комсомол-жастар бригадасын ұйымдастырды. Бұл бригадалардың саны 80-жылдардың аяғына қарай 50-ге, ал аудандағы мүшелерінің саны 8 мыңға жетті.

1991 жылы Кеңес үкіметінің ыдырауына байланысты БЛКЖО және оның жергілікті ұйымдары өз жұмысын тоқтатты.

*М.Есмағанбетов.*

**КӨБЕЕВ Спандияр**

(01.10.1889 ж.т. бұрынғы Торғай облысы, Николай уезі, Обаған болысы, №3 ауыл-02.12.1956 ж. Алматы қаласы) – Шалқар ауданында бала оқытқан ұстаз, көрнекті жазушы, «Қазақ халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1947), 2 рет Ленин орденімен марапатталған (1939, 1949), «Қазақ КСР-ына еңбек сіңірген мұғалім» (1944), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1944) болған, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған (1944). «Қалың мал», «Орындалған арман» романдарының авторы.

Шалқар ауданында (Ақтөбе облысы) Кішіқұм деген жерде мектеп ашқан (1901).

«Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарасты Кішіқұм дейтін жердегі ауылдық мектепке оқытушы болып тағайындалады...

Кішіқұм – қаладан тым шалғай, халқы өмірі бір оқыған адам көрмей өскен, қазақшылықтың қаймағы бұзылмаған жер екен».

*(Академик Серік Қирабаев. «Спандияр Көбеев», 19 бет.)*

**КӨМЕКБАЕВ Бисембі**



(10.03.1938 ж.т. Шалқар ауданы, 15 ауыл – 03.12.2004 ж. Шалқар қаласы), ауыл шаруашылығы қызметінің шебер ұйымдастырушысы, белгілі есепші-экономист.

Еңбек жолын Шалқар ауданында ұжымшарда жұмысшылықтан бастаған, жылқышы болған, арнаулы оқу орнын бітіріп Жданов атында ұжымшарында есепшілік қызмет атқарған (1954-1964). Алматы халық шаруашылығы институтын сырттай бітірген (1970).

1964 жылдан «Сарыбұлақ» кеңшарында қызметте: ферма есепшісі, экономист, бас экономист (1964-1970), партком хатшысы (1970-1972). 1972-1981 ж.ж. «Айшуақ» кеңшарының ди-


К.Көпенов


А.Көптілеуов


Б.Көптілеуов


Н.Көптілеуов

ректоры, 1981-1984 ж.ж. аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы – аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 1984-1985 ж.ж. «Жаңа қоныс» кеңшарының директоры, 1985-1989 ж.ж. – әртүрлі шаруашылықтарда басшы қызмет атқарып, 1989 ж. Қазақ т.ж. қарасты «Жомарт» кеңшарына директор болып тағайындалды, бұл қызметті 1997 ж. дейін мінсіз атқарды.

«Құрмет белгісі» (1976), «Халықтар достығы» (1981) ордендерінің иегері, 5 медальмен марапатталған.

**КӨПЕНОВ Көшер**

(1916 ж.т. Шалқар ауд. № 4а – 03.07.1997 ж. Шалқар қ.), статистика саласының ардагері.

Еңбек жолын 1934 ж. Шалқар құрылыс бөлімінде есепші болып бастаған, кейін Шалқар байланыс бөлімінде инспектор (1935-1937 ж.ж.) болған. Одан кейінгі қызметі статистика саласы: Орал қаласындағы статистика курсын оқып келіп Шалқар аудандық статистика басқармасында инспектор, бөлім бастығы, (1938-1975 ж.ж.). Арасында бір жыл Ұлы Отан соғысына қатысқан (1942 жыл). «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

**КӨПТІЛЕУОВ**

**Айтжан Әбілұлы**

(1915 ж., Шалқар ауданы № 5 ауыл – 1964, Шалқар қаласы).

Еңбек жолын т.ж. № 66 разъезінде кезекші болып бастап Шалқар бөлімшесінде паспорт столдың, кондуктор резервінің және Қотыртас стансасының бастығы қызметтерінде болған.

Шалқар ауаткомы төрағасының орынбасары болып жұмыс жасаған.

Елеулі еңбегі ескеріліп Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапаталып (1959), бірнеше үкімет наградаларын алған. Бүгінде есімі ел есінде.

**КӨПТІЛЕУОВ**

**Балапан Көптілеуұлы**

(06.03.1930 ж. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы Тоғыз ст. – 30.04. 2006 ж. Ақтөбе қаласы) – теміржолшы, 1-ші класты машинист. Еңбек жолын 12 жасар Балапан Көптілеуұлы Тоғыз ст. темір жол телеграфында «Морзе» аппаратында телефонист болып (1942) бастады. 1943-1945 ж.ж. жұмысшы-байланысшы болып жұмыс істеп жүріп, командировка есебінде бірнеше рет әдейі жасақталған колонна құрамында соғыс жүріп өткен Сталинград жерінде бүлінген байланыс шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде жұмысшы және қажет болған жағдайда уақытша аппарат «Морзе»-де телеграфист болып жұмыс істеді.

1945-1947 екі оқу жылында Ақтөбе облысының Жылан стансасындағы Орынбор темір жолының оқу бөліміне қарасты темір жол мектебінде оқытушы, мектептің меңгерушісі болып қызмет етті. 1948 ж. Шалқар паровоз деposында паровозда кочегар (от жағушы), паровоз, кейін тепловоз машинисінің көмекшісі, машинист, машинист-нұсқаушы болып жұмыс атқарды. 1971-1987 ж.ж. Маңғыстау жерінде жаңадан салынған Мақат-Маңғыстау т.ж. бойында орналасқан Бейнеу локомотив деposында машинист-нұсқаушы болып қызмет атқарды.

«Құрметті теміржолшы» белгісімен (1980), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы еңбегі үшін» медалімен, тепловоз машинисі болып атқарған

еңбектері өте жоғары бағаланып «1000000 шақырым ақаусыз өткені үшін» белгісімен марапатталған.

**КӨПТІЛЕУОВ Ниетқали**

(1941ж.т. Шалқар ауданы №13 ауыл – 25.04.1998, Шалқар ауданы, Бегімбет ауылы).

Ауданның Қорғантұз орта мектебін тәмамдап, Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітірді (1965). Мамандығы – мал дәрігері. Әскери борышын өтеген соң «Сарыбұлақ», «Ақтоғай» кеңшарлары мен аудандық мал дәрігерлік стансасында мамандығы бойынша жұмыс жасады (1966-1973). Директор болып екі шаруашылықты – «Ақтоғай», «Шалқар» кеңшарын (Шалқар ауданы) 11 жыл бойы басқарды. Абыройлы болды. Ұйымдастырушылық қабілетімен танылды.

Кейін Айшуақ селолық Кеңес атқару комитетінің төрағасы, Айшуақ ауылдық округі әкімі болып қызмет етті (1987-1998). Ел алғысына бөленді. «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1999) атанды. Артында жақсы ісі, «Ниетқали айтқан» деген сөзі қалған елдің абыройлы азаматы болды.

**КӨРПЕБАЕВА Бөпей**

(01.03.1930 ж.т. Шалқар ауданы, Тұмалы ауылы), ұлағатты ұстаз. Шалқар ауданы Тұмалыкөл орталау мектебінде оқып, қалалық қазақ орта мектепті (1951), Ақтөбедегі мұғалімдер даярлайтын екі жылдық институтты (1953), Қызылордадағы



*Б.Көрпебаева*

мемлекеттік педагогикалық институтты (1960) бітірген. Қызмет орны: бір мектеп – Шалқар қалалық қазақ орта (№1) мектебі, осы мектепте мұғалім, мектеп басшысы болып 40 жыл қызмет еткен. Озат тәжірибесі республика мектептеріне таратылып, насихатталған. Аудан өміріне, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін сый-сияпат көріп, сайланбалы органдарға депутат, делегат болып бірнеше рет сайланған. Үкімет наградалары бар. «Қазақ КСР білім беру ісінің озық қызметкері» (1963), «Аға мұғалім» (1982). Таңдаулы насихатшы, үгітші, Шалқар өңірі құрмет тұтатын ағарту саласының ардагері.

**КӨТІБАР батыр Бәсенұлы**

(т.ж.ш. 1757 – 1833). Ол белгілі Бәсен батырдың алты баласының бірі, Әлім, Шектіден шыққан Қабақ руының Қарабас аталығынан. Ол жас кезінде-ақ 1775 ж. шамасында Шектілер мен Түрікпендер арасындағы ұрыста батырлығымен көзге түскен. Әкесі екеуі арқа тіресе шайқасып қоршауды бұзып шыққан. Кейінгі өмірі негізінен патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы күреспен өткен. 1780-85 ж.ж. ол шағын топпен Гурьев қалашығына, Оралға қарай таратылған Жайық казактарының бекіністеріне әлденеше рет шабуылдар жасаған. 1783-97 ж.ж. Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған халық азаттық қозғалысқа өзі және тумалары Арыстан батыр, Достан би, Қаражігіт Бектауұлы, Қайдауыл, Өтеғұл бастаған 800-дік жасақты қосқан. К.б. 1798-1816 ж.ж. Шекті тайпасындағы Қабақ руының старшинасы болды. Осы кезеңде 12 рет Ресейдің Хиуа, Бұқар, Қоқанд хандықтарына бара жатқан және олардың Ресейге келе жатқан 2,7 млн. сомдық тауарлар бар 24 керуендерді тонап, түсірген олжаларын шектілерге таратрып берген. Бұл қимылдар да Ресейдің отарлық саясатына қарсы күрестің бір түрі еді. 1816 ж. бастап Көтібар және оның Шектілік ортасы Шерғазы хан мен Арынғазы арасындағы хандыққа талас дүрбелеңіне қатынасты. К. б. әуелі Шерғазыны қолдағанмен кейін Арынғазы жағына шықты. Ол сонымен қатар Хиуа хандығы мен түрікпендердің Шекті, Шөмекей, Табын, Тама, Адай жерлеріне 1787-1819 ж.ж. жасаған озбырлық шапқыншылықтарына қарсы күресті. Алайда 1816-20 ж.ж. орыс әскері мен казактардың Көтібар еліне қанды жорықтарының нәтижесінде Көтібар, Достан, Арыстан батырлар Хиуа хандығының қол астында болуын мойындайтындығы туралы ант беруге мәжбүр болды. Алайда, бұл ант баянды болған жоқ. Себебі 1820-22 ж.ж. Хиуа хандығы Кіші

жүздің оңтүст. елдеріне түрлі алым-салықтар (ұшыр, зекет. т.б.) жинауды көбейту, Шекті, Кішкене Шекті, Табын ауылдарын шауып, адамдарын құлдыққа, күңдікке және малдарын айдап кетуі Хиуамен қатынасты үзуге әкеліп соқты. XIX ғ-дың басында Башқұрттардың Қазақ жеріне, соның ішінде шектілер жеріне, еніп олжа табу, жайылымдықты кеңейту үшін жасаған жорықтарына қарсы Көтібар, Арыстан, Қайдауыл батырлар 5 рет тойтарыс берген. К.б. руаралық барымталық шабыстар мен тартыстарға да қатынасқан. 1810 ж. Жетірудың табындарына, 1831 жылы шөмекей аймағына жорық жасайды. К.б. 1833 ж. басшылық әкімшіліктің Жағалбайлы-Шекті арасында арандату саясатының құрбаны болып, қыркүйектің 23-күні қаза болды. К.б. қазіргі Мұғалжар ауд. Есенбай сайының бойындағы Көктөбе шоқысының басына жерленген. Оның кесенесі 1836 ж. салынған еді. 2000 ж. тамызында кесенесін «Көктас» АҚ (президенті Б.Жакупов) қалпына келтіріп қайтадан салды.

*Әдеб: З.Байдосов «Үш ғасыр перзенттері» Ақтөбе, 1997; Көтібар батыр тарихи тұлға (Көтібар батырға арналған ғылыми-практикалық конференцияда жасалған баяндама.) Ақтөбе, 8 қыркүйек, 2000 ж.; Төлепбергени Т., «Қарабас батырдың ұрпақтары» Ақтөбе, 2006 ж.*



Б.Көшелеков

**КӨТІБАР батыр кесенесі**

(2000 ж. – сәулетші Ә.Баяндин). Отаршылдыққа қарсы күрестің көрнекті қайраткері, халық батыры Көтібар Бәсенұлының Кесенесі Ақтөбе қаласынан 100 шақырым жерде Көктөбе мекенінде орнатылған. Кесене биіктігі 12 м. Маңғыстау түбегіннен жеткізілген ұлутастан өрілген. Сырым, Көтібар бастаған Кіші жүз қазақтары бірлігінің белгісіндей кесене жанында үш қойтас орнатылып, оның бетіне Әлім, Шөменнің, Байұлының, Жетірудың 29 руларының таңбасы ойып жазылған. Кесене жанына орнатылған құлыптас бетінен Көтібардың үзеңгілес, қарулас замандастарының есімдерін оқуға болады. К.б.к. мемлекеттің қамқорлығына алынған.





Қ.Көшелеков

Көтібар батыр кесенесі өзінің архитектуралық тұрқы мен сәулеттілігі, мазмұны жағынан ерекшелігі мол. Бұл тарихи ескерткіш Қазақстанның батысындағы бірден бір ескерткіш болып табылады. Оның мазмұнында XIX ғасырдағы қазақ халқының бостандыққа ұмтылысы, күресі қазіргі XXI ғасырдың басындағы сәулет өнерінің жетістігімен ұштастырылған.

*З.Байдосов, «Ақтөбе» энциклопедиясы, 2001 ж., 474-бет.*

**КӨШЕЛЕКОВ Берден**

(а.к.б. 1925 ж.т. Шалқар ауданы, №14 ауыл – 10.12.1974 ж. Шалқар қаласы). Кезінде Шалқар ауданының белгілі де беделді азаматы болған адам.

Еңбек жолы: қатардағы жұмысшы, Кеңес Армиясы қатарында (1945-1950), 1951-1966 ж.ж. ауданда әртүрлі мекемелерде кадрлар жөніндегі инспектор, нұсқаушы, зоотехник, экономист-

қаржыгер, аға экономист қызметтерінде болған, ұжымшар басқарған (1954-1963).

1966 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық байланыс торабының бастығы болды. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1957 ж).

Берден Көшелеков аудандық, қалалық Кеңестердің депутаты болып әлденеше рет сайланған. Өзі ұзақ жыл қызмет еткен байланыс торабы мекемесінің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды (2005). Өмір жолы «Ғибратты ғұмыр» кітабында баяндалған.

**КӨШЕЛЕКОВ**
**Қарасай Берденұлы**

(1960 ж.т. Шалқар қаласы), КСРО Спорт шебері, полиция полковнигі. 1978 жылы № 2 Шалқар қазақ орта мектебін бітіріп, спорт мектебінде жаттықтырушы (1978-1979) болып қызмет жасады.

Классикалық күрестен «КСРО спорт шебері». Жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионы (1977), Кеңес Одағы біріншілігінің күміс жүлдегері (1977). Жастар арасында өткен Қазақстан біріншілігінің чемпионы. Ересектер арасында өткен КСРО бойынша теміржолшылар біріншілігінің чемпионы, Республикалық және Бүкілодақтық турнирлердің бірнеше дүркін чемпионы және жүлдегері. Ақтөбе пединститутын бітірген (1983).

1985 жылдан бастап Ішкі істер қызметінде, полиция полковнигі. «Қазақстан Республикасы ішкі істер қызметі ісінің үздік қызметкері». Ақтөбе облыстық ІІД басқарма бастығы, 2007 жылдан облыстық ІІД бастығының орынбасары.

**КӨШЕНОВ Қуаныш**

(04.12.1940 ж.т. Шалқар ауданы, № 71 темір жол айрығы), ардагер, теміржолшы. Ұлы Отан соғысынан кейін-ақ 14 жасында темір жол бойында жұмыс істей бастаған: жұмысшы, бригадир, жол шебері. Адал еңбегін бағалап Орынбор темір жол басшылығы Құрмет грамотасымен, ақшалай сыйлықтармен бірнеше рет марапаттаған (1953, 1957).

«Құрметті теміржолшы» төсбелгісі (1988), «За трудовую доблесть» медалімен (1986), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1958) марапатталған. Азамат болған 10 баланың әкесі, елге сыйлы азамат.

**КУДРЯКОВ**
**Николай Андреевич**

(1902-1975). Еңбек жолын 1916 жылы Шалқар паровоз деposында слесарьлықтан бастаған. 1920-1934 ж.ж. машинист жәрдемшісі, машинист. 1935-1942 ж.ж. нұсқаушы-машинист, 1949-1957 ж.ж. Шалқар сумен жабдықтау мекемесінде қызмет істеді. Ленин орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**«КҮМІС АЛҚА»**

Көп балалы аналарға арналған награда. ҚР Президентінің 1996 ж. 1 қаңтардан бастап күшіне енген жарлығымен бекітілген.

Алқамен сегіз-тоғыз балалы аналар сегізінші баласы бір жасқа жеткен басқа балалары тірі болған ретте марапатталады. ҚР мүдделерін қорғау кезінде қылмысқа қарсы күресте немесе өзге қызметтік міндеттерін өтеу кезінде қаза болған немесе хабарсыз кеткен балалар ескеріледі. «К.а» ҚР ордендерінің мәртебесіне ие. Дөңгелек пішінді алқаның жиектері өрнектеп көмкеріліп, ортасында алақанда аяланған сәби бейнесі және шуақты күн бейнесі бедерленген.

*ҚҰЭ, 10 том, 193 бет.*

**КҮШТАЕВА**
**Майра Төлебайқызы**



(1.05.1971 ж.т. Шалқар ауд. Ақтоғай а.), филология ғылымдарының кандидаты (2003).

Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау университетінде оқып, «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығын алды (1993 жыл).

Еңбек жолын Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университетінде оқытушы болып бастаған. «Қазақ тіліндегі лексемалардың лингвомәдени мазмұны», «Стандарттау және сертификаттау» атты оқу құралының және 20-дан астам ғылыми мақалалардың авторы.

**КІШІ ЖҮЗ**

Қазақстанның батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар

одағы. Қазақ халқының этн. құрамына енеді. Шежіре бойынша, К. ж. рулық бірлестіктері Әлімұлы, Байұлы, Жетіру тайпаларынан тарайды. Қазақ халқының қалыптасқанынан көп бұрын Бат. Қазақстан өңірінде маңғыт немесе ноғайлы тайпалар одағы өмір сүрген болатын. Оның құрылуына ішкі себептермен қоса сыртқы дұшпаннан қорғану мақсаты да әсер еткен. Ноғай ордасынан бөлінген қазақ тайпаларынан, яғни алшын одағының негізінде К.ж. бірлестігі қалыптасты. Соған байланысты К.ж. қазақтары ел арасында кіші жүз алшын атанған, оның құрамына 12 ата байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, ысық, қызылқұрт, шеркеш), жетіру (табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан), 6 ата әлімұлы (қаракесек, қарасақал, төртқара, кете, шөмекей, шекті) тайпалар енеді. К.ж-дің рулық құрамы туралы алғашқы мәліметтерді 1748 ж. Тевкелев жазған. Рулық құрамын түзе келе, жетіруға кірген рулардың бұрын бытыраңқы болып, неғұрлым күшті рулардан теперіш көріп келгенін айтады. Олар өздерін бірігу ғана сақтап қалатынын аңғарып, Тәуке ханның ақылымен, туыстық жағынан емес одақ «Жетіру» болып бас қосқан. Жалпы 15-17 ғасырларда К.ж. құрамына енген ру тайпалық топтар Бұрындық, Қасым, Ақназар, Тәуекел, Есім және Тәуке хандардың иеліктерінде болады. Қасым ханның інісі Таһирдың тұсында қазақ хандығы бытыраңқылыққа ұшырап, саяси рөлінен айырылды. Жоңғар хандығымен күрестің барысында кіші жүз бен орта жүз жеке-жеке иеліктерге бөлініп кетті. Ықпалды хан деп саналғанмен Әбілхайырдың билігі К.ж.-ге түгелдей жүрмеді. Оған қоса Қайыптың (Хиуа ханы) баласы Батыр сұлтан, Әбілхайырдың баласы Нұралы сұлтан өз алдына ел биледі. Еділ қалмақтарының қазақ қоныстарына шапқыншылығын тоқтатуды, Ресей көмегімен жоңғар қалмақтарының қол астында қалған қазақ жері мен қалаларын қайтаруды, патша әкімшілігіне сүйеніп, қазақ арасында беделін арттыруды, хандықты мұрагерлік жолмен балаларына қалдыруды көздеді. Ресей империясының түпкі саясаты қазақ жерін түгелдей отарлау болды. Мұны кеш түсінген Әбілхайыр хан Ресей патшайымдарының талаптарына мойынсұнбауға, дербес саясат жүргізуге тырысып бақты. Оны орысшыл деп айыптап, жеке мүддесін көздеген Барақ сұлтан 1748 ж. өлтірді. Одан кейін кіші жүзде оның мұрагерлері Нұралы, Ерәлі, Есім, Айшуақ және Шерғазы хандар билік құрды. 18 ғ-да байұлы рулары Жайық өз-нің төменгі ағысы мен Жем бойын, Сам құмы мен Маңғыстау түбегін мекендеген. Жетіру руларының көпшілігі Жайық өз-нің орта ағысын, Қобда, Елек және Ор өз-нің бойын, Мұғалжар тауларының қойнауларын мекен еткен. Әлімұлы тайпасының құрамындағы рулар Ырғыз, Торғай, өзендерінің бойын, Шалқар төңірегін, Кіші және Үлкен Борсық құмдары мен қарақұм атырабын және Сырдарияның төменгі ағысын мекендейтін. Бұл көрсетілген мекенжайлар әрдайым тұрақты болып қала берген жоқ, түрлі жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Орта жүз бен Ұлы жүздің тарихи аймақтарына яғни Қазақстанның түпкір-түпкіріне, сондай-ақ Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Ресей және алыс шетел Иран, Ауғанстан, т.б. жерлерге көшіп барып қоныстанып қалған осындай көші-қон, араласулар нәтижесінде тайпалық одақтардың алғашқы құрылған кездегі мәні жойылып, біртұтас қазақ халқының қалыптасуын обьективті ақиқатқа айналдырды.

*ҚҰЭ, Алматы, 2003, 5-том, 163 бет.*

## КІШІ БОРСЫҚ

Ақтөбе обл-ның Шалқар және Қызылорда обл-ның Арал аудары жеріндегі төбешікті құм. Абс. Биікт. 60-200 м. Ауд. 650 км². Ұз 100, ені 2-15 шақырым. Құм төбешіктерінің биікт. 5 м-ден 50 м-ге жетеді. Өсімдіктермен бекіген. Мұнда жусан, еркек, изен, теріскен, жүзгін, жиде және аздап сексеуіл өседі. Грунт сулары 2-40 м тереңдікте кездеседі, көбіне тұщы. Жайылымға пайдаланылады.

## КІШІҚҰМ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Шалқар ауданындағы әкімшілік бірлік, құрамына Шілікті, Ақеспе, Қарашоқат, Сардүлек, Шағыр, Шоқысу кіреді. Тұрғындар саны 2120 адам, 404 жанұя бар. Орталығы – Шілікті селосы, Шілікті темір жол бекеті. Ақтөбе қаласынан 462 шақырым, Шалқар қаласынан 110 шақырым

қашықтықта, жер көлемі 863188 м2. Округте 4 мектеп (2 орта, 1 негізгі, 1 бастауыш), дәрігерлік емхана, мәдениет үйі, 44 шаруа қожалығы, АТС, кітапхана, 8 жеке кәсіпкер және темір жол мекемелерінің бөлімдері бар.

Бұл жерде бұрын «Аққөл», «Қараша», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Ворошилов» ұжымшарлары болған. 1964 жылы «Тоғыз» кеңшары ашылды. 1997 жылдан бастап кеңшар негізінде 2 өндірістік кооператив және 6 шаруа қожалықтары құрылды, қазір олардың саны – 44. Округтен Социалистік Еңбек Ері Н.Қобыландин, жазушы С.Мыңжасарова шыққан. Кеңестік дәуірге дейін бұл жерде Теректі, Толағай деген 2 болыстық болған. Теректі болысына қарайтын қазіргі «Опытный» деген жерде каучук шикізатын дайындайтын Сағыз тәжірибе бекеті ашылып, оны Ж.Таушанов басқарған.

**КІШІҚҰМ МЕКТЕБІ**

(1901 жылы ашылған) –«Кішіқұмда С.Көбеев 1903 жылға дейін істеді» (Академик С.Қирабаев). «Мектеп үйі он төрт шаршы метр шамасындай жер үй екен. Қақ төбесінде жалғыз терезесі бар, оның да көзі әйнек емес, қарын. Пеші жоқ. Жер едені тегістелмепті. Есігі де қондырылмапты. Бір бұрышта киіз үйдің сықырлауық есіктері тұр.

– Міне, есіктеріне дейін әкеліп қойдық, тек қондыра қоюы ғана қалды, – деді бай сол есіктерге қарап.

– Әдемі-ақ емес пе? – деді старшын маған...

– Әйбет, әйбет, – деді молда.

– Төрде балалар мен өзіңіз отырасыз, есік жақта қысқа қарай бірең-сараң кенже туған арық-тұрық төлдер тұрады, – деп бай жалпы жағдайды түсіндіріп жатыр...

– «Ер қосы жүре түзеледі» деген емес пе? – деді старшын байды қостап».

*Т.Тілешев.*

*Әдеб: С.Көбеев, «Орындалған арман».*

**КІШІҚҰМ ӨҢІРІ**

(ХХ ғасырдың басында) «Мың шақырымдай жол жүріп, көшпелі қазақ елінің шөл сахарасын көктей өтіп келген маған Кішіқұмдағы ауылдар онша тосырқарлықтай болып көрінбеді. Белес-белес құмдары ғана болмаса, қалпы да бірыңғай мал баққан бытыраңқы ауылдар екен.

Жерінің ерекшелігі тек қана қыр емес, белес-белес, қызылшағыл құм болады екен. Сол құмдардың кең қойнауларын жайлаған шоғыр-шоғыр ауылдар. Құм қойнауының шөбі шүйгін, оты мол болады екен. Қойнау тобының суы да жақын көрінеді. Жарты метр құдық қазсаң, тұп-тұнық, мөп-мөлдір мұздай суық суы шыға келеді.

Жерінің тағы бір өзгешелігі – жазы ұзақ, қысы әрі қысқа, әрі жылы болады екен. Аз жауған қары көп жатпай еріп кетіп, ысқырған борансыз, түтеген аязсыз қара суық болады да тұрады. Қысы бейне біздің жердің қоңыр күзі сияқты. Елінде қыстау болмайды. Елі жазында да, қысында да киіз үйде отырады екен. Бірен-саран байларда ғана малдың төліне арнап салынған кірпіш үйлер болады екен.

Кішіқұмды жайлаған ел Толағай болысындағы малды ауылдар екен. Кішіқұмның қойнауынан үйір-үйір жылқы, қора-қора қой өреді.

Соншалықты төңкеріліп жатқан қыруар малдың жүзден сексені байлардікі. Әрбір байдың үйінің қасында он бес-жиырма қараша киіз үйлер отыр. Бәрі де байлардың тегін малшылары: бірі қойшы, бірі жылқышы, бірі түйеші, байдың малын жайып, суаратын да солар. Байдан алатын ақысы жарытымсыз: сауың, бірен-саран ат майы. Бірақ бай кедейге бүйірін шығару үшін емес, зықысын шығару үшін емексітеді. Қытымыр байдың тастаған сүйегі сорлылардың екі бүйірін емес, екі көзін шығарардай еді. Кішіқұмдағы менің көрген ауылдарымның табиғи және әлеуметтік жағдайлары осындай еді».

*Т.Тілешев.*

*Әдеб: С.Көбеев, «Орындалған арман».*

**ЛУРЬЕ**
**Абрам Михайлович**

(1903-1975 ж.ж.) Еңбек жолын 1923 ж. электр стансасында машинист болудан бастаған. 1927-1932 ж.ж. Украинада және Ленинградта (Санкт-Петербург) әртүрлі кәсіпорындарда еңбек еткен. 1932-1959 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Бұдан кейін Шалқардағы №19 азаматтық құрылыс дистанциясында шебер болып жұмыс істеді. Ленин, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ҚАБАҚ Айтұлы**

(Шамамен 1611-1689 ж.ж. қазіргі Өзбекстан, Шыршық өзені, Аққайран деген жер) – Ноғай Ордасының билеушісі Мұсаханның ұрпағы. Ел ұйтқысы болған би есімі руға шыққан. Сайрам соғысының (1681-84 ж.ж.) қаһарманы Тілеу Айтұлының туған ағасы. Ағайынды екеуіне қатысты «Тілеу-Қабақ» дейтін ән бар. Ойраттарға қарсы күрескен Есет Көтібарұлы, Ерназар – Бекет батырлардың, Әзберген Мұңайтпасұлының, т.б. әйгілі адамдардың арғы атасы. Ақтөбе облысында ондаған мың ұрпақтары тұрады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 221 б.*

**ҚАБАҚБАЕВ**
**Қартбай Жұмағалиұлы**

(20.09.1930 ж.т. – Шалқар ауд. Алғабас а.), ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы.

Еңбек жолын ҰОС жылдарында жұмысшы болып бастаған (1942-1947 ж.ж.). Темір қа+ласындағы малдәрігерлік-зоотехникалық техникумын (1949), Алматы қаласындағы малдәрігерлік-зоотехникалық институтты (1954) бітірген. Мамандығы – мал дәрігері.

1954-1959 ж.ж. Шалқар МЖС (машина-малшаруашылығы стан-



*Ж.Қабақбаев*

сасында) бас мал дәрігері болып қызмет жолын бастаған. Кейін 1959-1964 ж.ж. Жамбыл атындағы ұжымшар төрағасы. «Сарыбұлақ» кеңшарында бас мал дәрігері (1964-1965 ж.ж), «Мұғаджар» кеңшарында (1965-1972) директор, Шалқар аудандық малдәрігерлік стансасында мал дәрігері (1972-1974) болып, кейін аудандағы мал дайындау мекемесінде (1974-1982) директор, Шалқар ет комбинатында (1982-1986) директор, 1986-1987 ж.ж. аудандық мал дәрігерлік стансасында бас малдәрігерінің орынбасары, 1987-1989 ж.ж. аудандық шикізат дайындау мекемесінде директор, аудандық а/ш басқармасында жетекші маман қызметтерінде болған (1986-1995).

«Құрмет белгісі» ордені (1966) мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасы (1958) және 8 медальмен марапатталған.



*Қ.Қабақбаев*

**ҚАБАҚБАЕВ Жұмағали**

(а.к.б. 1905 ж.т. Шалқар ауданы № 8 ауыл – 09.01.1982, Шалқар ауданы), Кеңес қызметкері, еңбек және соғыс ардагері.

Еңбек жолын ұжымшарда жұмыс істеуден бастады. 1938 жылы еңбекшілер депутаттары Қауылжыр ауылдық кеңесінің хатшысы болып сайланған ол осы қызметті 1942 жылдың наурыз айына дейін атқарды. 1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының майдандарында шайқастарға қатысып, елге жарақатпен оралады. Еңбекшілер депутаттары Қарасай (1945-1947), Дамбар (1947-1950), Қаратал (1950-1964) ауылдық кеңестерінің, Бершүгір селолық кеңесінің (1964-1966) төрағасы болып қызмет етті. 1966 жылдан бастап облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды.

Ж.Қабақбаев өзі қызмет атқарған өңірдегі ауылдық кеңестің депутаты, аудандық кеңестің

қатарынан он бір жыл шақырылымында депутаты, 1963 ж. № 93 Қаратал сайлау округінен Ақтөбе селолық облыстық кеңесіне депутат болып сайланды.

«Ұлы Отан соғысы жылдарында Германияны жеңгені үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» мерекелік медалімен марапатталды. 1954 жылы КСРО Ауыл шаруашылығы жетістіктері Көрмесіне қатысып, алтын медальға ие болды.

### ҚАБАҚБАЕВ
### Сәтбай Жұмағалиұлы

(1954 ж. Шалқар ауданы, Көкжиде ауылы) Шалқар қаласындағы № 2 қазақ орта мектебін алғаш «Алтын медальмен» (1971), С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін (1978 ж.) бітірген. Физика-математика ғылымдарының докторы.

1978-1986 жылдар аралығында Алматы институтының Ақтөбе филиалында лаборант, комсомол ұйымының хатшысы, ассистент болып жұмыс істеді. 1986 жылы Мәскеудің Ф.Э.Дзержинский атындағы теміржол институтына жолдамамен стажер-оқытушылыққа жіберілді. 1987 жылы аталған институттың аспирантурасына іштей бөлімге дифференциальдық теңдеулер бойынша түсті. 1987-1992 жылдар аралығында М.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде, Москва энергетика институтінде, автоматика-телемеханика институтінде, теміржол институтінде практикалық сабақтар және дәрістер



С.Қабақбаев

өткізді. Әртүрлі тақырыптарда ғылыми баяндамалар жасады. Әлемдік деңгейдегі математиктер Д.Ж.Конн, Ниренберг, Фикера, М.И.Вишик, А.В.Бабин, Е.В.Радкевич, О.А.Олейник айналысқан параболалық типтегі дербес туындылары бар дифференциальдық теңдеулердің шешімдерінің тегістігін зерттеумен шұғылданды. Зерттеудің нәтижесінде жаңа кеңістік дәлелденді және жаңа метрикалар енгізілді. Бұл жөнінде М.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік Университетінің механика-математика факультетінде, Академик М.И.Вишиктің үлкен семинарында баяндалып, талқыланды және мақұлданды, лайықты бағаланды. Москваның энергетика институтіндегі профессор И.С.Дубинский төрағалық ететін кеңеске физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғауға жолдама берді. Бұл кеңестің құрамында белгілі математиктер С.М.Похожаев, С.М.Бесов, А.Н.Кислов бар болатын. 1992 жылы аталған жоғары оқу орнында «Параболалық типтегі дифференциальдық теңдеулердің шешімдерінің тегістігі жөнінде» ғылыми тақырыпта диссертация қорғады. Ғылыми



Ж.Қабақбаев

Кеңестің шешімімен Физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

2000 жылы кандидаттық ғылыми диссертацияның тақырыбына байланысты кеңейтілген зерттеулер нәтижесінде докторлық диссертация қорғады және аттестациялық комитетте бекітілді.

1998-2003 жылдар аралығында Ақтөбе қаласында Орталық Азия университетінің филиал директоры, осы университеттің Батыс аймағы бойынша ректоры қызметін атқарды.

2003-2007 жылдар аралығында М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және транспорт академиясының Ақтөбе филиалында кафедра меңгерушісі, ал 2007 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Сапа мониторинг» бөлімінің бастығы, профессоры.

1995-2000 жылдар аралығында Ақтөбе қаласының алғашқы сайланған мәслихатының депутаты болды.

2000 жылы Санкт-Петербургтің Халықаралық экология, өмір қауіпсіздігі академиясына мүше-корреспондент болып сайланды. 40-қа тарта ғылыми жұмыстардың авторы.

**ҚАБАҚБАЕВ Жанғабыл**

(1950 ж. Шалқар ауданы), 1966 ж. Қорғантұз орта мектебін, 1973 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-нің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Мұғалжар ауданы «Еңбек таңы»-«Коммунист» газеттерінде корректор болудан бастаған. Кейін Шалқар аудандық «Коммунизм таңы» газетінде (1969-1981 ж.ж.) әдеби қызметкер, бөлім меңгеруші, жауапты хатшы, Ақтөбе облыстық «Коммунизм жолы» газетінде Шалқар, Мұғалжар, Ырғыз аудандары бойынша меншікті тілші (1981-1988), Қарабұтақ аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакторы (1988-1993 ж.ж.), «Ақтөбе» газетінде тілші, жауапты хатшы, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1993-2005 ж.ж.), тілдерді дамыту жөніндегі облыстық басқармада бөлім бастығы (2005-2008 ж.ж.), Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, «Қолтаңба» кітабының авторы. Облыстық «Тілтағдыр» қорының директоры (2008),«Астанаға – 10 жыл» медалінің иегері.

**ҚАДЫРОВ Сейтім**

(1914 ж.т. Шалқар ауд. № 2а, 06.1979, Мұғалжар бекеті), озат жұмысшы. 1934 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, жол бригадирі, жол шебері.

Еңбек Қызыл Ту орденімен (1954), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ҚАЖЫЛЫҚ**

«Мұнда келуге мүмкіндігі болған адамның бәрі Аллаһ үшін сол үйді хаж етуге парыздар». *(Әл-Ғимран сүресі, 97-аят)*

Ер жеткен, есі дұрыс, күшқуаты болған әр бай мұсылманның өмірінде бір рет, Қажылық заманында Қағбаны және маңындағы мүбәрак жерлерді зиярат етуі парыз.

Қажылық – исламның бес парызының бірі. Әл-Ғимран сүресінің 97-аятында айтылғандай, «Кімде-кім Алланың үйіне баруға шамасы жетсе, Алла соған қажылық жасауды міндет артқан».

Бұл имандылық сапарына біздің ауданымыздан, Шалқар өңірінен адамдар бағзы заманда да жол тартқан.

Солардың бірі – Тоқ қажы. Шалқар ауданының Байқадам өңірінде туып-өскен. Меккеге екі рет барған. Оның немересі Дүйісмағамбет Таубайұлы 1866 жылы дүниеге келіп, 1892 ж. Бұқар медресесіне оқуға түседі.

Шеріп Ешпанбаласы – Шалқар ауданындағы 9 ауыл аймағында дүниеге келген. Баласы Иманалы 1874 жылы туыпты. Шеріп сол кезде елулер шамасында екен. Ал, қажылыққа барған кезі 1900 жылдар болса керек. Баласы Иманалыны ертіп, төрт кісі болып барыпты. Иран арқылы үш ай жүріп, пароходтан түскен соң нар түйемен жеткен.

Шеріп қажы ауқатты адам болған. Қажылыққа екі рет барған. Ұрпағы Ақтөбе қаласында тұрады.

Бұлар – толық емес деректер. Біздің өңірден қажылыққа сапар шеккендер бұрын да болған, бұл үрдіс республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда қайта жаңғырды.

Шалқарлық қажылар: Сүгіралина Жайнагүл Қалиқызы, Сейткамалова Мәрия Жұмағалиқызы, Төлетов Берік Құдайбергенұлы, Садықов Махабад Мұтиғоллаұлы, Бекеев Жолмырза, Бөлебаева Бибігүл Барлыққызы, Шуданов Орман Қалымжанұлы, Мұратов Алтынбек Кәдірұлы, Рсалиев Имұханбет, Әбдіғалиев Сәндібай, Есалин Төлеген Досалыұлы, Шоқай Қалмұхаммед Боранбайұлы, Бишекен Керімберді Үмбетбайұлы, Мырзатай Ниеталы, Насыров Сағынай Ахмедуллаұлы, Бекембай Реш Бекбергенұлы, Алдамбергенов Балқашбай, Еркебаев Әкімғали, Халиков Булат, Юсупова Әсия Тілеубайқызы, Жанғалиев Ғалымжан, Тілеумағанбетова Бибіқатша, Рсалиева Балжібек Елубайқызы...

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ**

Туымыздың ашық көгілдір түсі халықтың мәдени-этникалық бірлігін, сонымен қатар мемлекеттің біртұтастығын білдіреді. Көгілдір түс сондай-ақ төбеміздегі көгілдір аспанмен ортақтығы жайлы зор ғаламшарлық және жалпы адами ой-мұраттарды ашып көрсетеді.

Күн – тіршілік пен қуат көзі, сондықтан күн бейнесі тіршілік нышаны болып табылады. Геральдика заңы бойынша күн бейнесі байлық пен молшылық нышаны деп есептеледі, сондықтан байыптап қарағанда Елтаңбамыздағы күн сәулелерінің молшылық пен байлық негізі – бидай масағы түрінде берілуі бекер емес.

Көшпенділер дүниетанымында дала қыранының орны ерекше. Нышандар тілінде қырандар

бейнесі мемлекет билігін, кеңдігі мен көрегендігін білдіреді. Дала тұрғындары үшін бұл – бостандықтың, айқын мақсатқа, биікке ұмтылудың, болашаққа самғаудың белгісі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туындағы дала қыраны қазақстандықтардың жомарттығы мен қырағылығын, ой-ниетінің биіктігін білдіреді.

Туымыздың жаңаша әрі қайталанбас рең қосатын элементтің бірі-оның сабын бойлай қатар өрілген ұлттық ою-өрнектен тұратын жолақ. Ою-өрнек туымыздың ұлттық ерекшелігін айқындау үшін берілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы Шакен Ниязбеков.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

*Сөзі: Жұмекен Нәжімединов, Нұрсұлтан Назарбаев*

*Әні: Шәмші Қалдаяқов*

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой,
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

*Қайырмасы:*
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің –
Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

*Қайырмасы:*
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің –
Қазақстаным!

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

Елтаңбамыздың негізгі ойын білдіретін орталық элементі – шаңырақ. Шаңырақ – отбасы ынтымағы мен тыныштығының нышаны. Асқан шеберлікпен, әсерлі де әдемі бейнеленген түндік көгілдір, ашық аспан аясындағы жарқын күнді білдіреді. Елтаңбаның көгілдір кеңістігінде ортасынан жан-жаққа тең таралған уықтар әлемдегі жылу мен тіршілік нышаны – күн сәулелерін еске салады. Шаңырақтың үш қатардан айқасып тұратын күлдіреуіштері үш жүздің мызғымас бірлігін білдіреді.

Елтаңбаның композициялық құрылымының келесі құрамды бөлігі – аңыз-әңгімелердегі алтын қанатты ат күресте арыстанның айбарын, қыранның қырағылығын, орасан күш иесі бұқаның қуатын, еліктің шапшаңдығы мен жылдамдығын және қимыл көркемдігін, түлкінің айлакерлігі мен тапқырлығын білдіреді. Әсем де мықты мүйіздері жеті буыннан немесе бөліктен тұрады. Бұл жеті буынның байланысы, олардың мызғымас бірлігі жеті атасын білмеудің тексіздік екенін есімізге салады. Тұлпардың алтын қанаттары, бидайдың алтын масақтары түрінде бейнеленген, яғни ол – еңбектің, молшылықтың, байлықтың белгісі.

Елтаңбаның орта тұсында бес бұрышты жұлдыз бар, бұл біздің ақ жүрегіміз бен кең құшағымыздың барлық бес континенттің өкілдеріне де айқара ашық екендігін білдіреді. Елтаңбамыздың реңдік бейнесі алтын және көгілдір түсті. Алтын түс халықтарымыздың жарқын да айқын болашағына сай келеді. Ал көгілдір аспан әлемнің барша халықтарына ортақ.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.

## ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ САЗ ЖӘНЕ ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ

1972-1973 оқу жылында теміржолшылар клубында үйірмеден басталып, 1973-1974 оқу жылында дербес жетіжылдық мектеп болып ашылды. Қазір мектептің домбыра, баян, қобыз, терме, домбыра-прима, фортепиано кластарында 270 оқушы білім алады. Оқушылардан құрылған теория-сольфеджио, музыка әдебиеті, оқушылар хоры, оқушылар оркестрі, фольклор ансамблі тұрақты жұмыс істейді. Айшуақ, Шалқар, Қауылжыр, Жаңақоныс селолық округтерінде мектеп филиалдары жұмыс істейді.

Қазанғап атында Ақтөбе қаласында балалар өнер мектебі 2004 жылдан бері жұмыс жасайды.

## ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы мемлекет. Құрлықтың орт. бөлігінде (55026-40056, с.е. және 45027-87018 ш.б. аралығында) орналасқан. Республика жері батыстан шығысқа 3000 км-ге, солт-тен оңт-ке 1600 км-ге созылған. Қоңыржай белдеудің негізінен орт. және оңт. ендіктерін, ал қиыр оңт-нде субтропикке өтпелі белдеуді қамтиды. Солт-нде Ресей Федерациясымен (ұз. 6467 км), оңт-нде шығысында Қытаймен (1460 км) шектеседі, батысында Каспий т. (600 км) орналасқан. Жер аум. 2724,9 мың км$^2$. Халқы 14,9 млн. адам (2003 жылғы есеп бойынша). Оның 8,3 млн. немесе 55,7%-ын қазақтар құрайды. Республикада 131 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Астанасы – Астана қ. Әкімш. жағынан 14 облыстан және респ. маңызы бар 2 қаладан тұрады. Одан басқа Қ.-да 85 қала, 160 аудан, 176 кент, 2237 ауылдық округке біріккен 7719 ауылдық елді мекендер бар (2003). Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ұлттық валютасы – теңге, 1993 жылы 15 қарашада енгізілген.

*ҚҰЭ, 5-ші том, Алматы, 2003 жыл, 253-бет.*

## «ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ»

(ҚСЭ). Қазақ елінің көп салалы әмбебап тұңғыш энциклопедиялық басылымы. Қазақстан коммунистік партиясы ОК мен Қазақ КСР Мин. Кеңесінің 1967 жылғы 13 қыркүйекте ұйымдастырылған Қазақ совет энциклопедиясы Бас редакциясы шығарған (қ. Қазақ энциклопедиясы). Бас редакторы акад. М.Қ.Қаратаев. 1972-78 ж.ж. аралығында бұл күрделі еңбектің 12 кітабы жарық көрді. Қосымша 13-том әліппелік пәндік – есім көрсеткішіне арналған. (1982). Тұңғыш әмбебап энциклопедияда қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи даму жолын, Қазақ КСР-ның құрылу және тарихи қалыптасу кезеңдерін, экономика, ғылым, мәдениет пен әдебиет саласындағы табыстары, туысқан халықтардың, соц. елдердің достығы мен ынтымағын көрсететін материалдар мен құнды деректер жинақталған. Қазақ жерінің жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі, табиғи байлықтары кең қамтылған. Республиканың өндіріс орындары, кеніштер, қала-селолар, оқу ордалары мен мәдени мекемелер, ұжымдық, кеңестік шаруашылықтар тарихы мен соңғы жетістіктері туралы мол мағлұматтар бар. Халықтың ардақты ұлдары, батырлары мен ғалымдары, өнер қайраткерлері жайында өмірбаяндық деректер келтірілген. «ҚСЭ» әмбебап анықтамалық болғандықтан да адамзат қоғамындағы елеулі құбылыстар мен оқиғаларға, елдер мен ұлыстар, тайпалар тарихына, партиялар мен одақтар, ілімдер мен саяси ағымдар мәніне, шетелдік саяси қайраткерлер мен ғылым мен мәдениеттің аса көрнекті өкілдері өміріне байланысты мол мағлұматтар берген. Бұл күрделі еңбекті әзірлеуге республика ғана емес Мәскеу, Ленинград, Киев, одақтас республикалар ғалымдары мен зиялы қауымы, ғылым мен мәдениет орталықтары кеңінен тартылған. Көрнекті ғылым қайраткері-академиктер: У.М.Ахметсафин, О.А.Байқоңыров, С.Б.Бәйішев, С.Б. Бейсембаев, Т.Б.Дарқанбаев, О.А.Жәутіков, Ә.Х.Марғұлан т.б. ғалымдар мақалалар жазған. Энциклопедияның 8 мыңнан астам авторының ішінде 313 ғылым докторы, 4 мың ғылым кандидаты бар. Жалпы есептегенде «ҚСЭ-ның» 12 томына 48931 мақала енгізілген. Энциклопедия түрлі-түсті карталармен, диаграмма-кестелермен, сұлбалар мен жабдықталып, портреттермен және фотосуреттермен көркемделген.

*Т.Рсаев.*

*Әдеб: «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 5-ші том, Алматы, 2003, 252 б.*

## ҚАЗАҚТЫҢ 101-ШІ ҰЛТТЫҚ АТҚЫШТАР БРИГАДАСЫ

1941 ж. желтоқсанның 5-і мен мамырдың 1-і арасында Ақтөбе қаласында жасақталды. Ол атқыштар бөлімі деп аталғанмен, шын мәнінде ұлттық құрама болды. Бригада Ақтөбе, Гурьев (Атырау), Батыс Қазақстан, Қызылорда облысының тұрғындарынан жасақталды, құрамында 5007 адам болды. Оның тұңғыш командирі – подполковник С.Я.Яковленко, соңынан полк. А.И.Серебряков, полк. И.Ф.Воробьев, әскери комиссары – аға батальон комиссары Н.А.Алиев болды. Бригада 1942 ж. 28 қарашада Калинин майданының 39-армия құрамында Оленино маңындағы Кувшиново және Букарево деревняларында алғаш жауынгерлік сынақтан өтті; неміс-

тердің Ржев түбіндегі тобымен 2 ай ұрыста жаудың 2500-ден астам солдатын қатардан шығарды. Бұл ұрыстарда Х.Бекішев, У.Ахмедзянов, А.Алпыспаев, Ш.Қарамергеновтер көзге түсті. 1943 ж. көктем мен жазда Великие Луки түбінде қорғаныста болды. Күзде Демидов, Сураж-Витебский қ-лары бағытында шабуылға қатынасып, жаудың 3,6 мың солдаты мен офицерін саптан шығарды, 158 елді мекенді азат етуге қатысты. 1944 ж. жазына дейін Полоцк солтүстігіндегі ұрыстарға қатысып, жаудың 1,5 мың адамын жойды. Кейінгі ұрыстарда бригада Ресейдің Витебск, Смоленск облрын, Белоруссия мен Прибалтиканы азат етуге қатысты. Жаумен шайқаста ақтөбеліктер Б.Ержанов, Г.Житников, Р.Нұртазин, И.Нұркин, Б.Хасанов, А.Аязбаев т.б. көптеген жауынгерлер ерлік көрсетті. Қазақтың 101-ші атқыштар бригадасы 1944 ж. шілдеде таратылып, әскери күштері 47-і және 90-гвардиялық атқыштар дивизиясына қосылды. Ақтөбе қаласының бір көшесіне 101-атқыштар бригадасы аты берілген.

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК КЕЛДІБЕКҰЛЫ

(1667, Сыр бойы-1764, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Теректі бұлағындағы қыстау, бұрынғы деректерде 1665-1765)-қазақ халқының 17-18 ғ-лардағы үш ұлы биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері.

Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін Болатқожа атасынан шыққан. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл,



*Қазыбек Келдібекұлы*

өз әкесі Келдібек есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қ.д. Қ-тің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме-аңыздар мен бізге жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр рәсімдерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би әз-Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, кейін Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-кеңестер беріп отырған. Қ.Д.Қ. бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Сондықтан да батыр білекті, отаншыл жүректі алғыр азаматтың тым ерте атқа мінуіне тура келген. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне атқосшы болып алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван-Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкірек қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат тақсыр!» – деп жұлқынып алға шығады да: «Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп – найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмтұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – депті. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген. Елші-

лік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан. 17 ғ-дың соңғы ширегінде ен жатқан қазақ жеріне көз алартқан орыс, жоңғар мемлекеттері мен Орта Азия хандықтарының қоқанлоқысы, қарамағындағы ұлыстарды жеке билеуге құмартқан төре тұқымынан шыққан сұлтандар мен хандардың өзара айтыс-тартыстары әз-Тәукенің бір орталықтан жүргізіп отырған басшылығына іріткі түсіріп, мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіре бастады. Ендігі уақытта хандықтың басшылыққа тұтынып келген байырғы әдет-ғұрып заңдары, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты ел басқарудың бұрыннан қалыптасқан жүйе-жосықтары уақыт талаптарын өтей алмайтын күйге жетті. Осыны ескерген Тәуке хан қазақ халқының өз ішінен шыққан үш кемеңгерүйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, үш ұлы бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

1718 ж. әз Тәуке қайтыс болғаннан кейін жоңғар шапқыншылығы бұрынғыдан да үдей түсті, оңт-тен қырғыздар, қарақалпақтар, Хиуа, Бұхар хандықтары, батыстан башқұрттар, орыс казактары, Еділ қалмақтары қыспаққа алды. Ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен осы кезеңде Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. И.И.Неплюев, Д. Гладышев сияқты Ресей үкіметінің шенеуніктері арқылы орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Би тап осы тұста сыртқы саясатта ерекше белсенділік танытқан. Ол 1731 ж. орыс патшалығына бодан болған Әбілқайыр ханға айтарлықтай қолдау көрсетті. 1741 ж. Орск қамалына аттанған Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға хат жазып, Арғын тайпасының атынан ант беруге әзір екенін білдірген. Осы жылы Сарыманжы бастаған ойраттардың отыз мың қолдық әскері Орта жүз иеліктеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айлаәрекеттерін жасап баққан, орыс комиссиясының бастығы Неплюевпен келісімді жеделдете түскен. Ауызекі әңгімелерде 1742 ж. ерте көктемде Қазыбектің Қалдан-Серенге өзінің де барғандығы айтылады. Сөйтіп, 1743 ж. Абылай тұтқыннан босап, қазақтың 33 қаласы Әбілмәмбет ханға қайтарылып берілген. Би бұдан кейін де орыс патшалығынан қол үзген жоқ. Бұған Сібір ген-губернаторының міндетін атқарушы ген-майор фон Фрауендорфтың үкіметтің сыртқы істер алқасына 1763 ж. 11 наурызда жолдаған мәлімдемесіндегі «Орта жүздің төбе биі Қазыбектің Ресейге жақсы ниетпен қарайтындығы» жайлы тұжырым куә. Бірақ би 1762 ж. екінші ұлы мемлекет Цин империясының елшілерін қабылдамай, сыйлықтарын алудан бас тартып, Абылай сұлтанға Қытай Боғдыханынан іргені аулық салуға кеңес берген.

Қазыбек мемлекет істерімен қатар ру аралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны, 1761 ж. Түркістандағы Орта жүз ханы Әбілмәмбет Сәмекенің баласы Есім сұлтаннан теперіш көріп, қаладан қуылғанда өз баласы Әбілпейіз бен Қазыбек биді арқа тұтып Арқаға келіп, ұлы бидің қазылығына жүгінгені тарихтан белгілі. Ал Барақ сұлтан қасастықпен 1748 ж. 24 тамызда Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі сала-тын қылмыс деп бағалаған.

Қазыбек бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өнегелі өсиет сөздер қалды. Олар ел жадында құ-

рандай жатталып, қалауы бұзылмаған саф алтындай таза күйінде бүгінгі ұрпаққа жеткен. Күміс көмей кемеңгер бидің шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындығымен ерекшеленеді. Оның тұжырымы терең толғаулары, суырып салма тақпақтап айтқан сөздері тыңдаушы ойында тез сақталатын нақылға толы мақал түрінде өрілген. Сондықтан Қ. д. Қ. биден бізге жеткен мұра халық қазынасының алтын қорынан лайықты орын алған.

Би 18 ғ-дың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай ауа көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маңқан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған.

Баласы Бекболат, одан ілгері жалғасатын Тіленші, Алшынбайлар да дүйім жұртты аузына қаратқан әділ де тура билер болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы да Қазыбек бидің ұрпағы. Қазыбек би қыс түсе Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Марқұмның мәйітін Бекболат оңаша киіз үйде төрт ай сақтап, көктем шыға Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеген, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы А.И.Левшин, Ш.Уалиханов, Ш.Маржани, Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы С.Сматаевтің «Елім-ай» романында кемеңгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

*ҚҰЭ, 5-том, 457-бет.*

*Әдеб: Левшин А.И., Описание киргиз-кайсачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей, 2 том, 1832; Марджани, Мустафат улахбар фи ахвал Қазан ва Булгар, Қазан, 1885; Валиханов Ч.Ч., Собр. соч. в пяти томах, А., 1984-85; Қазақстан тарихы, 2т., А., 1998. Т.Рсаев.*

### ҚАЗАНҒАП
### Тілепбергенұлы

(1854-1921 ж.ж.) Шалқар ауданының қазіргі Айшуақ селолық округіне қарасты Ақбауыр деген жерде дүниеге келіп, сол жерде қайтыс болған. Қазақтың ұлы күйшісі.

Әкесі Тілепберген Жамантай, Тәубек байлардың жалшысы болған. Өзі де жастайынан қозы бағып, кең байтақ жазық далада табиғаттың небір таңғажайып құбылыстарымен тілдесіп, қамыстан, қурайдан құлаққа жағымды үн шығара білген. Кейін оның сырласы да, мұңдасы да домбыра болады. Қ.-тың өте зерек және сезімталдығы сондай, ауылға келген әнші-күйшілердің шығармаларын бір тыңдағаннан



кейін өзіне қайта тартып бере білген. Бұл қасиет кейін оны қолына қара домбырасын алып елге әйгілі күйшілерді іздеп сапарға шығуға мәжбүр етеді.

Ол ең алғаш Доңызтаудағы Төрешпен кездесіп, одан біраз күй үйренеді. Төрештің ақыл-кеңесімен Қарақалпақ еліндегі Бесқалада тұратын Орынбай күйшімен кездеседі. Қазанғап атақты күйшінің шығармаларын іліп алып қайта тартқанда, одан ешқандай қате таба алмаған әрі жас жігіттің бұл өнеріне риза болған Орынбай былай депті: «Екі қолыңның ниеті дәйім жерден шығады екен. Саусақтарың да пернеге дәл түсіп, нық басады, шыққан дыбыста мін жоқ. Күйді айдаулатып бірыңғай тартпай, қажетті жерінде жігер үстеп, жандырып тартасың. Мұның бәрі жақсы. Қош. Домбыра тартып отырып, оған кеудеңді артпағаның жүдә жақсы. Әйтпесе, үні кетіп, мыңқылдап қалар еді. Қош. Тағы бір жақсы әдетің – пернеге қарамайсың. Қолы жылжыған сайын домбырашы жалтақтай берсе, күй де аяғы өзөзінен тұсалып, кібіртіктеп, қопал, жасқаншақ шығады». (А.Жұбанов. «Ғасырлар пернесі», Алматы, 1975 жыл.)

Осыдан кейін Қазанғап өзі де күй шығарып, жеке ойнау стилін қалыптастыра бастайды. Орынбор жәрмеңкесінің базарбасы, өте дәулетті, бірақ күйшілік өнерді одан да жоғары қоя білген Үсен төремен кездесуі Қазанғапқа тың жігер, ерекше шабыт береді. Өйткені, Үсен төремен өнер жарыстыруға көптеген күйшілер жасқанған. Себебі, Үсен төре аса дәулетті бай адам, оның үстіне домбыра тарту шеберлігінде ол өңірде оған тең келер күйші болмаған. Міне, Қазанғап Жаманқаладан (Орск) қайтқан сапарында сол Үсен төренің аулына соғады. Қазанғаптың орындаушылық шеберлігіне тәнті болған төре оны бірнеше күн қонақ қылып, құрмет көрсетіп, сыйсияпатпен шығарып салады. Қазанғап та оны өзіне ұстаз тұтып, өле-өлгенше қадірлеп өтеді. Сол ұстаздың құрметіне «Ысырма», «Шыныаяқ тастар», «Қиту-қиту, қайт-қайт», «Құс қайтару» күйлерін шығарады.

Өткен ғасырдың аяғында Қарақалпақтың Қоңырат қаласында Әзберген хан (Есет Көтібарұлының үзеңгілес досы, атақты батыр) ұйымдастырған тоғыз домбырашының арасындағы өнер сайысы Қазанғап шығармашылығында жарқын із қалдырған айтулы оқиға болды. Себебі, Орынбай, Дүкенбай, Қаратөс Аймағамбет, Қаналы төре сияқты белгілі күй тарландарының сайысында Қазанғап өз ұстаздарынан да оза шауып, бас бәйгені жеңіп алады. Осыдан кейін Қ.-тың күйшілік даңқы бүкіл қазақ жеріне жайыла бастады.

*Қазанғаптың Ақбауырдағы бейіті*



Қазанғап күйлері – өмір шындығынан туған өлмес дүниелер. Қос ғасырдың куәгері болған Қазанғап өз заманының қоғамдық болмысын күйлері арқылы шеберлікпен бере білген. Оның шығармалары халық тағдыры мен ел өмірін бейнелейтін философиялық терең толғаныста құрылған. Қазанғап сол кездегі көпшіліктің, елдің басындағы жұтаң тіршілікті, ауыр қайғы-қасіретті жүрегімен жете сезіне білген. Оның «Көкіл», «Бала Мұхамбетжан», т.б. күйлері осының айғағы.

Қазанғаптың әрбір күйі мәнмазмұнының тереңдігімен, музыка тілінің көркемдігімен, қағыс әдіс-тәсілдерінің өте күрделілігімен ерекшеленеді. Күйлеріндегі форманың тұтастығы, музыкалық бейнелеу құралдарының көрнектілігі оның туындыларын ерекше даралай түседі. Музыка материалын асықпай өрістете келіп, барлық образдарды философиялық оймен астарлап, әрбір музыкалық ойды нақтылы тұжырымдау Қазанғаптың күйшілік шеберлігінің басты сипаты болып табылады. Күй желісінде әр буынға қайта оралып, өзгертіп, құлпыртып ойнау, домбыра шертуде сан қырлы тәсілдерді шеберлікпен пайдалана білу – Қазанғап стиліне тән нәрсе». (А.Райымбергенов. «Қазанғап Ақжелең», Алматы, 1984 ж).

Қазанғаптың шығармашылық өмір жолын толық, жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік аз. Зерттеушілер негізінен, көнекөз ақсақалдардың күйші өмірінің ерекше кезеңдері, ұмытылмас сәттері жайында естерінде қалған әңгімелеріне ғана сүйенеді. Бұл ретте қазақ музыка мәдениетінің бәйтерегі академик Ахмет Жұбановтың еңбегі ерекше зор. Кейін музыка зерттеушілер Х.Тастанов, Т.Мерғалиев, С.Балмағамбетов, А.Тоқтаған, А.Райымбергенов, т.б. Қазанғап шығармашылығын зерттеп, оның шынайы бағасын бүгінгі ұрпаққа жеткізуде елеулі үлес қосты.

Қазанғап дәстүрін жалғастырып, оның күйлерін осы заманға жеткізген Әміржан, Қайырлы, Балмағамбет, Қожай, Тайпан, Жұмалы, Кәдіралы Ержанов, Машалақ, Мырзалы Төлеуұлы, Зібира Әубәкірқызы, Боранбай Бердалыұлы, Әбдіғали Жаңбыршыұлы, Жәлекеш Айпақов, Райымберген Жолекенов, Молдағали Балымбетов, Емберген Жұмалыұлы, Байман Кенжебаев, Лұқпан Мұхитов, Рүстембек Омаров, Мәжит Бейсембаев, Келбет Тілеулин, Сәбілхан Хамзин, Жаңаберген Әлбетов, Айса Шәріпов, Бақыт Басығараев, Ізбасар Ілиясов есімдерін әрқашанда еске алып, құрметпен атаған жөн.

*М.Есмағанбетов. ҚР журналистер одағының мүшесі.*

*Әдеб: А.Жұбанов. «Ғасырлар пернесі», Алматы, 1975 ж.*

*А.Райымбергенов. «Қазанғап Ақжелең». Алматы. 1984 ж.*

### ҚАЗИ Ақай ахун

(Жергілікті халық қазақ тіліне икемдеп, Қазақай атап кеткен). 1796 жылы қайтыс болған. Саяси көзқарасына байланысты Дағыстаннан Ресейге жер аударылған. Жазалы мерзімі біткесін Пугачев көтерілісі кезінде Қазақстанға көшіп, Шалқар өңіріне орналасады. Тілеу, Қабақ, Жақайым, Жаңғылыш, Тама, Табын, Төртқара руларынан қырық шәкірт жинап, оқытқан. Қазір осы қырық шәкірттен елдің есінде анық сақталғандары Алшын (Дәулей) Қаражігіт, Қарағұл батырдың әкесі Қонақбай, Жанай молдалар.

Қазақайдың бейіті (басына ұрпағы кесене салды) Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Сауқайың деген жерде. Бұл елді мекенге қазір Қазақай бабаның аты берілді.

*Әдебиеттер:*

*1. Башқұртстан Республикасы Ғылым академиясының ғылыми архиві, 7-қор, 19-сақтау;*

*2. Ахмедов Ғ., «Алаш Алаш болғанда». Естеліктер мен тарихи деректер, Алматы, «Жалын», 1996 жыл;*

*3. Әбенов Д., Мұхтаров С., Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері (тарихи-филологиялық зерттеу), Ақтөбе, Принт-А, 2006 жыл, 31-34 беттер;*

*4. Құрманбеков Б., Шалқар өңіріндегі діни-ағартушылық бағыт және Қарағұл Қонақбайұлы, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы, 2006 жыл, №4.*

*5. Тәж-Мұрат М., Ғұмар Қараш., «А-Полиграфия» ЖШС, Ақтөбе, 2004 жыл, 285 бет;*

*6. Байдосұлы З., «Қаражігіт», «А-Полиграфия», 2008 жыл.*

### ҚАЗАҚАЙ-Қобда

Қобда с-нан 5 км жердегі ертедегі ноғай жігітінің есімін сақтап тұрған төбе. Қазақай түз тағыларын қолға үйретіп, баулушы болған. Ол туралы Башқұртстан Ғылым Академиясының қолжазбалар қорында (№7 қор, №1 делосы, №19 тіркеу) мынадай дерек кездеседі. «Мұхаммед би Ғали әл-Дағыстани. Қази ақай ахун. Қазақай ахун Қазақстанда 1796ж. опат болған. Е.Пугачев көтерілісі кезінде Қазақстанға көшкен», – делінген. Ноғайлы Нұрым ақын Текедегі кердері Әбубәкірмен айтысында «Қазақай менің атам ақын болып, о дағы ерген екен хан қасына» – деген жолдар бар. Қазақай қайтыс болған кезде су тасып кетіп, Абат-Байтақ қорымына мүрдесін жеткізу мүмкін болмай, Қобданың күнгейіндегі Сауқайың өз. жағасына жерленген. Басына құлыптас қойылған. Содан бері бұл төбе Қазақай аталады. Маңайдағы тұрғындар малға індет келгенде оның басына барып түнетеді. Сауығып кетеді деген ұғым бар.

### ҚАЗИ ахун Ақай (Қазақай) мектебі

XVIII ғасырдың 60-шы жылдарының басында Шектінің Қабағының ауылына бір ноғай жігіт келіпті. Аты Қази Ахун екен. Оның негізі, ізденуші М.Есмағамбетов пайымдауынша, Астрахан маңынан шыққан. Сонда туып-өскен. Ол Араб елдерінде оқыған, ислам дінін уағыздауды алдына мақсат етіп, қазіргі Шалқар ауданының оңтүстігіндегі Аяққұмда тұрақтап, мектеп ашып, бала оқытқан. Қази Ахун (жергілікті халық оны Қазақай деп атап кеткен) сол кездегі мұсылмандық мектептердің бұқаралық үлгісімен өзі ашқан оқу орнында балалардың бес жылдық оқитындығын, оқу негізінен қара күзден мамыр айларының аралығында өтетіндігін, оған алты қанатты бес киіз үй, әр шәкіртке төрт жылқы, бір інген, 5 саулық, киімкешегімен, мектепке бір аспазшы, бір шаруашыл адаммен қамтамалану туралы ру басыларымен келісімге келіпті. Бірінші жылының өзінде 40 шәкірт жиналған екен. Соның алғашқылардың бірі Қаражігіт Бектауұлы болыпты. Әрине, ол мектеп туралы мұрағат қорларында ешқандай да дерек жоқ. «Қазақай мектебі» деген оқу орны – қазіргі Шалқар өңіріндегі күрделіленген ең бірінші мұсылмандық оқу орны. Оған дейін де, кейін де бір-екі жылдық «Тіл сындыру», «Шәждаға бас тигізу» мектептері болған. Оларда, негізінен Хиуа, Бұқардан уақытша келген молдалар доммуллалық жасаған. Ал Қази Ахунның бес жылдық мектебі – медресеге тетелес, соның бағдарламасымен жұмыс жасаған оқу орны. Сондықтан да қазіргі Шалқар өңірінің оңтүстік беткейінде мұсылман дінін уағыздау, оның кадрларын дайындайтын мектеп қалыптасқан. Осы бір мектептің шәкірттерінің алғашқы легінен шыққан ғұлама діндар Қаражігіт Бектауұлы болса, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында – Жанаман Ахун болды. Әрине, олардың арасында талай-талай ел тарихында ескерілетін діндарлар да болған. Бірақ Қаражігіт

пен Жанаман ерекше орын алса керек. «Қазақай мектебінде» алғашқы жылы 28 әріптен тұратын араб әліппесін оқытып, жздырып, сосын «Шарант-ул-иман» («Иман-шартты»), кейінгі жылдары «Хабтияқты», «Құран кәрімді», төртінші және бесінші жылдары «Бадауиа», «Ахирзаман», «Фазаил уш шукур», «Истуани», «Қырық хадис», «Талим-ус-салат», «Фикху Кайдани» деген кітаптарды тереңдете оқытатын болған екен. Бұл туралы Қаражігіт Қазан муфтиі Пәтуатдин Ахунмен пікірлескенінде баяндапты.

*З. Байдосов*
*Қ.Жұбанов атындағы университет профессоры*

**ҚАЙДАУЫЛ батыр Едігеұлы**



(Шамамен 1766-1839 ж.ж.) – Көтібар батыр, Арыстан батыр, Достан би, Қаражігіт Бектауұлының замандасы. XVI ғ. екінші жартысынан ата қонысы болған Борсықтың төменгі жағындағы Киіз қорадан Ор өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрген Шекті ішіндегі Қырғыздың Тата аталығынан.

Халық арасында:

«Шектіден шыққан екі үлек, дүмпіген жаратылысы туған бөлек. Көтібар – алмас қылыш ел тірегі, Қайдауыл – сағы сынбас қазан жүрек», – деген жыр шумағы сақталған. 1787 ж. түрікпендер шапқыншылығының кезінде Қ.Б.Е. 250-дей жасағымен жауға қарсы аттанды, жекпе-жекпе түрікпендердің жеті батырын жеңген. 1789 ж. шектілердің башқұрттарға қарсы жорығына қатысқан Қ.Б.Е. қарсыластарының Назар деген батырын қолға түсіріп, барымталаған мал-жандарын қайырады. Қайдауыл батыр 1783-97 ж.ж. Сырым Датұлы бастаған халық-азаттық қозғалысына қатынасты, патша үкіметінің шұрайлы жерлерден ығыстыруына қарсы күресті. Шектілерден Гурьев, Жайық қалашықтары арасындағы әскери бекіністеріне шабуылдар жасап, олардың жылқыларын айдап кеткен. 1820-31 ж.ж. Ақбұлақ (Шошқакөл), Жем постыларына, Калмыково әскери бекінісіне әлденеше шабуылдар жасаған. Қайдауыл батыр 1839 ж. казактар мен Башқұрттардан құралған патша үкіметі әскерлерімен шайқаста қаза болған. Қайдауыл батырдың кесенесі Орынбор-Ташкент темір жолының бойындағы Соленей ст. жақын. «Қайдауыл» көпірі деп аталатын жерден қашық емес, Шалқар қ-ның бат-да 35-40 шақырым км жерде. 1996 ж. Шалқар ауд. халқы, батырдың ұрпақтары ас берді, оның туғанына 230 жылдық тойын атап өтті.

*Әдеб: Байдосов З. «Қазан жүрек Қайдауыл». «Ақтөбе» энц. 488-489 беттер.*

**ҚАЙЫҢДЫ**

Шалқар алабындағы өзен. Ақтөбе обл-ның Мұғалжар, Шалқар аудандары жерімен ағады. Ұз 98 км, су жиналатын алабы 1060 км$^2$. Бастауын Мұғалжар тауының шығысындағы Шортай тауынан алады. Қаратоғай а. тұсында Шетырғыз өзеніне құяды. Аңғары кең, арнасы жалпақ. Қар, жер асты суларымен толығады. Көктемде тасиды. Ағынды суы көктемдегі қар еру кезіндегі 10-15 күнге ғана созылып, жазда іркілген суларға айналады.

**ҚАЛАСОВ Шудабай Сағымбайұлы**

(22.06.1937 ж.т. Шалқар қ-2004 ж. Ақтөбе қ), инженер-механик. Мәскеу а.ш. механикаландыру және электрлендіру институтын (1959), Алматы Жоғарғы партия мектебін (1969) бітірген. Еңбек жолын 1959 ж. Ақтөбедегі «Большевик» зауытында аға инженер-технолог болып бастаған. 1961-62 ж.ж. Ақтөбе қалалық комсомол комитетінің екінші хатшысы, 1963-67 ж.ж. Мәртөк, Шалқар ауд. а.ш. басқармасында аға, бас инженер, Шалқар ауд. «Қаз. а. ш. техника» бірлестігінде басқарушы, 1969-71 ж.ж. обл. партия комитетінің нұсқаушысы, 1971-78 ж.ж. Новоресей аупарткомының екінші хатшысы, 1978-89 ж.ж. Новоресей, Ойыл ауаткомдарының төрағасы, 1989-97 ж.ж. обл. мұнай өнімдері бірлестігінің бас инженері, тете-президенті, 1999 жылдан обл. ардагер кеңесінің жауапты хатшысы. Облыстық кеңеске депутат, Қаз. Компартиясы

съезіне (1986) делегат болған. Еңбек Қызыл Ту (1973), «Құрмет белгісі» (1981), Халықтар Достығы (1986) ордендерімен, үш медальмен марапатталған.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы.*

**ҚАЛАҒАНОВА**
**Ақық Дәрменқұлқызы**

(01.06.1927 ж.т. Шалқар ауд. Қарашоқат бекеті – 13.05.2004 Ақтөбе қ.), тәжірибелі ұстаз.

Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтын (1955), Абай атындағы қазақтың педагогикалық институтын (1970) бітірген. Бұған дейін Темірдегі пед. училищеде оқып, 1941 ж. Шалқар қаласында ұстаздық еңбек жолын бастаған: мұғалім, аудандық педагогикалық кабинет меңгерушісі, мектеп директоры (1963-1982 ж.ж.). Ленин орденімен (1960), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ҚАЛАҒАНОВ Дәрменқұл**

(05.04.1897, Шалқар ауд. – 02.11.1995, Ақтөбе қ.) – Ақтөбе обл-дағы қазақ жұмысшы табы алғашқы өкілдерінің бірі. 1917 ж. темір жол саласында: 1933-42 ж. Шалқар ст. диспетчер, 1942-45 ж. Жол қатынастары халық комиссариатының арнаулы құрамаларына қарасты ВЭО-12 әскери пайдалану бөлімшесінде қызмет етті, майдан шебінде темір жолдарды қалпына келтіруге қатысты. 1945 ж.-дан Шалқар ст-да тексеруші, вокзал бастығы, әскери бөлімінің кезекшісі. Ленин орденімен марапатталған (1952), «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы» (1992 жыл).



*А.Қалағанова*

**ҚАЛДЫБАЙ Қангелдіұлы**

(XVII ғ.) – қоғам қайраткері, тарихи тұлға, Кіші жүз, Шектіден тарайтын Қабақ руынан, өздерінің ерекше ақыл-парасаттарымен, биік адамгершілік кемеңгерліктерімен елге көсем болған, хан орнында саналған. «Қарадан хан болған» тұлғалар – Қалдыбай хан, Әзберген хандар өткен.

Бірнеше ғасырлар өтсе де, олар халық жадында анық сақталған. Осылардың ішінде Қалдыбай ханның орны бөлек. Ол асқан ақылдылығымен, ержүрек батырлығымен көзге түскен.

XVII ғасырдың екінші жартысындағы, Қазақ ордасын жоңғарлар мен қызылбастардан қорғауда және 1681-1685 ж.ж. Сайрам соғысында қол бастап, ерекше ерлік көрсеткен. Осы соғыстарда Қабақтың немерелері Жарас, Жапалақ, Қарабас батырлармен бірге ел қорғаған. Сайрам соғысында мерт болған Тілеу мен оның баласы Жолдыаяқ батырлардың сүйегін Түркістанға жеткізіп жерлеуде үлкен қайрат көрсеткен. Шекті Мөңке бидің ұстазы атанған.

Қалдыбай алдымен Қоқанға, кейіннен Бішкеке хан болған белгілі қоғам қайраткері, тарихи тұлға. Осы уақытқа дейін халықтың аузында:



*Д.Қалағанов*

*«Қарадан хан болған Қалдыбайым бар,*
*Бес шектіге Ұран болған Бақтыбайым бар.*
*Алдындағы 100 жылын болжаған Мөңке әулием бар,*
*Қыдырды үш көрген Сәңкібайым бар...»* деген асыл сөздер бар. Бұл да бір дерек.

Түркістан қаласында Қалдыбай хан атында көше бар. Ұрпақтары Өзбекстанның Науаи облысында тұрып жатыр деген бар. Олар өздерін Бөлекпіз деп атайды екен.

*О.Әділбаев.*

*Әдеб: Қазақ КСР тарихы. Алматы. КМБ. 1957 жыл. 248 б.*

*Ж.Дәуренбекұлы. С.Құтыбайұлы. «Алты ата Әлім» – Алматы. 1992 жыл. 23 б. «Ақтөбе» энциклопедиясы, 2001 жыл.*

**ҚАЛДЫБАЕВ Мәндібай**

(1901ж.т. Шалқар т.-1978ж. Қотыртас б), озат теміржолшы.

1921 жылдан т.ж. бойында: жол жөндеуші, кейіннен қараушы. Ленин орденімен (1952), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ҚАЛМҰРАТҰЛЫ Ақылбек**

(13.02.1940 ж.т. Шалқар ауданы – 12.11.2007 ж. Атырау қаласы), ауданымыздың шетте жүріп абыройлы қызмет атқарған зиялы азаматы.



А.Қалмұратұлы

Шалқардағы қазақ орта мектебін (1958), Алматыдағы Абай атындағы Қаз.ПИ-ді (қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндері бойынша) бітірді (1962), мұғалім, кейін партия және кеңес қызметкері.

Еңбек жолының 6 жылын Шалқар ауданында өткізді: мұғалім, оқу бөлімінің инспекторы, аудандық комсомол комитетінің 1-хатшысы. Кейінгі өмірі мен қызметі Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласында өтті: Гурьев облаткомы мен облпарткомында жауапты қызметтерде болды (1968-1986), Атырау облысындағы дін жөніндегі өкіл болып 11 жыл қызмет жасады, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде студент жастардың көкірегіне білім нәрін құйып, тәрбие нұрын сеуіп, дәріс берді, ғылыми доцент атағын алды. Терең білімді, арапша оқи, жаза да білетін, орыс және қазақ тілдерін жетік меңгерген азамат болып танылды. Аудармашы ретінде ҚР Ұлттық банк пен «Нұрбанктің» Атырау филиалдарында 10 жыл қызмет етті (1997-2007). Бірнеше Үкімет наградаларының иегері. Атырау құрметтеген азамат. «Кіші жүз рулары», «Намаз» кітаптарының авторы.



И.Қалпенов

**ҚАЛПЕНОВ Ибрагим Сейтмағамбетұлы**

(11.08.1942 ж.т. – Шалқар қ.), дәрігер, онколог. Ақтөбе мемл. медицина институтын бітірген (1965). Еңбек жолын Новоресей аудандық ауруханасында оташы болып бастаған. 1967-70 жылдары ординатурада оқыды.

1970-1973 ж.ж. Ақтөбе обл. ауруханада оташы. 1973 жылдан Ақтөбе онкодиспансерінің бас дәрігері, 1992 жылдан облысаралық онкологиялық ғылыми-тәжірибе бірлестігінің директоры. Республикадағы қатерлі ісік ауруларын емдеу мекемелері арасында бірінші болып компьютерлі томограф пен ангиограф орнатып, пайдалануға беруде белсенділік көрсеткен дәрігер. 20-дан астам ғылыми еңбектердің авторы. XII шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1981). Жоғары категориялы онколог.

*Қараңыз: «Ақтөбе» энц., 492 б.*

**ҚАЛЫПТЫҚ ҚҰМ КЕНІ**

Қалыптық құм кені – Шалқар ауд. №74 т.ж. бекетінің батысында 1,5 км жерде. Пайдалы қабатының 9,6м тереңдігінде



Н.Қаниев

кварцты түйіршікті құм бар. Аршу қабаты 1-2 м. Кен қоры жер астындағы су деңгейіне дейін есептелген. Қор мөлшері А2-В-С категориясы бойынша 20344 мың т. Құм арқылы газдың өтуі жоғарғы деңгейде. Құрамындағы кремнозем (96-98%) бойынша кварц құмы 1 категориялы класқа жатады, отқа төзімділігі 1720 градустан 1750 градусқа дейін өзгереді. Fe 2О3 құрамы 0,2%-тен, 0,5%-ке дейінгі аралықта. Құм болатын шойынның және түсті металдар құйылымдары үшін қалып болу талаптарына жауап береді, дәріхана шыны сауытын, шөлмек шынылар, қабырғаға жапсыратын плиталар жасауға жарамды.

*«Ақтөбе» энциклопед., 493 б.*

**ҚАНИЕВ Нұралы**

(05.05.1930 ж.т. Шалқар ауд. №16а. – 1995. Ақтөбе қ.) – ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы, ғалым-зоотехник. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген (1953). 1953-91 ж.ж. Темір аудандық Димитров МТС-інің аға, бас зоотехнигі (1953-1958), ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, «Кеңқияқ» кеңшарының директоры (1961-1965), Темір аудандық

өндірістік басқарма бастығы (1965-1972). 1972 жылы Ырғыз аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып сайланды, содан кейін Мұғалжар ауданы «Темір» кеңшарының директоры (1980-1991). Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Марапаттары – Еңбек Қызыл Ту және екі «Еңбек даңқы» ордендері, 8 медаль.

**ҚАНИЕВ Сералы**



(01.05.1937 ж.т., Шалқар ауданы №16 ауылы), физика-математика ғылымдарының кандидаты (1965), доцент (1968).

1954 ж. орта мектепті бітіріп, Абай атындағы Қаз-ПИ-ге түсіп, 1958 ж. физика-математика мамандығы бойынша бітіріп шықты. Осы жылы Темір қалалық қазақ орта мектебіне мұғалім болып орналасты. 1960-1963 ж.ж. Украинаның Днепропетровск қаласындағы университет аспирантурасында оқыды. 1964 жылдан Қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында аға оқытушы, математика кафедрасының меңгерушісі (1967-1969) қызметін атқарды. Зейнеткерлікке шыққанша ЖОО-нда қызмет жасады. Марапаттары бар.

**ҚАНСҰЛТАНОВ Әмірәлі**

(23.04.1903 ж.т. Шалқар ауданы – 05.05.1961 ж., Шалқар ауданы), Ақтөбе обл. алғашқы халық ағартушылардың бірі. Ауыл молдасынан сауат ашып, кейін Хиуадағы Құтылмұрат Инақ медресесін тәмәмдаған. Араб, парсы, шағатай, түркімен тілдерінде еркін сөйлеп, сауатты жаза білген. Ақтөбедегі мұғалімдер институтын бітірген (1950ж.). Шалқар ауданында ересектерді, Қайыр, Қарашоқат мектептерінде балаларды оқытқан. Молда деген жала жабылған соң 1928 ж. Хорезм жаққа кетіп, 1932-1934 ж.ж. Түркіменстанда болған. Еліне оралған соң (1934) мұғалім бола жүріп, Қорғантұз, Қарашоқат мектептерінде, Шалқар жетім балалар үйінде директордың орынбасары, Шетырғыз, Қайыр, Аяққұм мектептерінде директор болып қызмет жасаған (1934-1961), арасында Ұлы Отан соғысына қатынасып, жарақат алып, елге оралған.

Педагогикалық еңбегі «Халық мұғалімі» журналында, басқа да республикалық басылымдарда жарық көрген. Педагогикалық еңбегі жоғары бағаланып, бірнеше үкімет наградаларына ие болған.

*Т.Тілешев.*

**ҚАРА БАТЫР Аққісіұлы**

(Шамамен 1675-1748), қырғыз руынан, Барақ аталығынан, алты ағайынды. Ағасы Бәйімбетпен бірге Шекті жасағының құрамында Жоңғар және Еділ қалмақтарының, Орта Азия хандықтары мен түрікпендердің шапқыншылықтарынан жерін, елін қорғау шайқастарында ерлік көрсетіп, «Қара батыр» атанған. 1710 ж. үш жүздің Қарақұмдағы құрылтайына қатынасқан. Ол 1708-09, 1711-12, 1726-29 ж.ж. жоңғарларға қарсы шайқасқан. 1730 ж. Кіші жүздің Ресейге қосылуында ағасы Бәйімбет батырмен екеуі Әбілқайыр ханды жақтаған. Ресей патшасы Анна Ивановнаның Кіші жүзді бодан болуға көндіруге жіберген елшісі А.И.Тевкелевтің күнделік «Журналында» «Қарашаның 8-і күні Әбілқайыр хан, Бөгенбай батыр інісімен және күйеу баласымен, Қарабатыр ағасымен және інілерімен Тевкелевтің үйіне түсті. Осында олар Ресей қоластына енетіндігін және адал қызмет ететіндігін мәлімдеді. 4 желтоқсанда Тевкелевті, оған жақсы қарайтын старшина Қара батыр түстікке шақырады» деп көрсетілген. Тевкелевке қауіп те төнген еді. 1732 ж. 6 наурызда Тевкелевке жақсы ниеттегі ағайынды старшиналар Бәйімбет және Қара батыр келіп Қазақ старшиналарының көптеген қазақтармен ыңғайсыз пиғылмен келе жатқанын хабарлайды. Тевкелев пен Әбілқайыр хан шиеленіс болмауының шарасын алды. Егер Бәйімбет батыр мен Қара батыр Тевкелевке бұл жайды хабарламағанда қантөгіс болуы мүмкін еді. Қ.б. 1743 ж. Есет Көкұлының бастауымен 2000 қолдық жасақ қатарында Еділ қалмақтарының шапқыншылығына тойтарыс берген. Еділдің арғы бетіне өткенде Есет батырмен бірге қолға түсіп, тұтқында болған. Алайда, Әбілқайыр ханның араласуымен олар еліне аман-сау оралған.



*С.Қарағұлов*



*Б.Қарағұлова*



*Н.Қаражанов*

Қара батыр 1748 жылдың жазында Әбілхайыр ханмен бірге Орскіден Ырғыз бойындағы хан ордасына оралып келе жатқан 14-15 адам құрамында Әбілхайырды өлтірген Барақ Сұлтанның (100 қаралы) күшімен шайқаста Қара батыр және Бәйімбет батыр ауыр жарадар болып біріншісі Ырғыздың тегістігіндегі Телқара өзенінің бойында қаза болып, сол жерде жерленген. Ал Бәйімбет батыр 1749 жылдың тамызында дүние салған.

*З.Байдосов, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік университетінің профессоры, Қара батырдың ұрпағы.*

**ҚАРАБАС**

XVI-XVIII ғасырлар шамасында өмір сүрген. Жоңғарларға қарсы белсенді күрес жүргізген. Кіші жүздегі атақты батырлардың бірі. Бүгінде ұрпақтары рулы елге айналды. Бұл әулеттен көптеген ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ірі өндіріс, шаруашылық орындарының жетекшілері, Еңбек Ерлері, діни оқымыстылар, көкірегі ояу, шежіреші ел ақсақалдары, еңбек, соғыс ардагерлері мен озаттары шыққан. Көптеген азаматтар ел басқару ісіне араласып, мәдени-әлеуметтік саланы дамытып, өндірісті өркендетуге үлкен үлес қосты. Қазіргі жаңа буын жастар тәуелсіз Қазақстанның іргесін нығайту жолында күш-жігерлерін жұмсауда.

Кезінде әкесі Пұсырман әулие «...Қарабасты жауға қой» деген сөз қалдырыпты.

**ҚАРАҒҰЛОВ Сағидулла**

(1927-1997 ж.ж., Шалқар ауданы). «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері».

Еңбек жолын 1943 ж. ауыл мұғалімдігінен бастаған. Н.Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтын бітіргеннен кейін зейнет демалысына шыққанша, яғни 1987 ж. дейін Аяққұм мектебінде ұстаздық етті. Ұлағатты ұстаз ұлт-азаттық қозғалыстың (1847-1858) көрнекті қайраткері Қарағұл Қонақбайұлының шөбересі, ал атасы Қонақбай атақты Қазақай ахунның 40 шәкіртінің бірі болған. Қарағұлов Сағидулланың үш бірдей баласы – Әнипа, Сабыржаң Балкенже ғылым кандидаттары, доценттер. Сабыржаны «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Бір немересі Салтанат халықаралық грантты жеңіп алып, Мәскеудің М.В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетін үздік бітірсе, Болат, Сандуғаш, Жанар атты немерелері де ата жолын қуып, жоғары оқу орындарында оқып жатыр. Текті ағаның ұрпақтары осындай.

**ҚАРАҒҰЛОВА**

**Балкенже Сағидоллақызы**

(07.11.1971 ж.т. Шалқар ауданы, «Айшуақ» кеңшары), қазақ тілі маманы.

1979-1989 ж.ж. Айшуақ орта мектебінде, 1989-1994 ж.ж. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып бітірген (1994). Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында «Басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі және аударма» кафедрасында оқытушылық қызмет атқарды (1994-1998 ж.ж.).

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында мақсатты аспирантураға түсіп оқып, «Тарихи жырлар лексикасы» атты кандидаттық диссертация қорғады (2001). Осы жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемле-

кеттік педагогикалық университетінің «Жалпы тіл білімі және қазақ тілі» кафедрасына аға оқытушылық қызметке алынды.

2004 жылы оған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық доценті атағы берілді. 2005 жылы «Магистратура және аспирантура» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Доцент (2006). Осы уақытқа дейін 30 шақты ғылыми мақалалары және «Қазақ ескіліктерінің тілдегі көрінісі» атты оқулығы жарық көрді.

**ҚАРАЖАНОВ Нұржан**

(а.к.б. 1908 ж.т. Шалқар ауданы Қыздаршыққан елді мекені-24.03.1973 Шалқар ауданы «Айшуақ» кеңшары), Қаракөл қойын өсірудің Ақтөбе облысы бойынша озат шопаны.

Еңбек жолын бала кезінен байға жалшы болып бастаған, кейін әртүрлі жұмыстар атқарып, жаңа құрылған Кеңес үкіметіне адал сеніммен қарап, аянбай еңбек етті.

Ұлы Отан соғысына қатынасып, Беларусь майданында ауыр жараланып, елге оралған соң «Көкала», «Жаңа қоныс» ұжымшарларында (1946-1963) қой бақты, Қаракөл қойын өсірудің майталман маманы атанып, Еңбек Қызыл Ту орденімен (29.03.1958), бірнеше медальдармен марапатталды. Кейін «Айшуақ» кеңшарында қызмет етіп, «Ақтөбе облысының таңдаулы шопаны» атанды.

**ҚАРАЖІГІТ Бектауұлы**

Молда (шамамен 1752-1835 Ақтөбе обл. Шалқар ауд.) – халық зердесіндегі әңгімеде ол 1762-68 ж. Шалқар өңіріне белгілі Қазақай ахунның мектебінде діни сауатын ашады, жазуды, оқуды меңгереді. Бұқара медресесін бітіріп, туған еліне оралады. Сол жылы Тәңірберген ауылында мұсылмандық мектеп ашып оқытады. Келесі 1776 ж. Орынбор генерал-губернаторының шешімімен Әлім дуанының хатшы-іскері болады, әрі бала оқыту ісін одан әрі жалғастырады. 1777-80 ж. Қазан қаласына барып, ондағы муфтимен қауышып, ақыл-кеңестер алған, 47 мүшеден тұратын муфтиліктің құрамына енген. Қ.Б.м. Кіші жүзден Бұқар медресесін бітірген және Қазан муфтилігінің құрамына кірген бірінші діни қайраткер. 1788 ж. 22-ші қыркүйекте Ресей патшасы II Екатеринаның жарлығымен Орынбор муфтилігі құрылғанда Қаражігіт Бектауұлы Мұхамбетжан Хұсайыновтан кейінгі муфтилік дәрежеге бекітілді. Бірақ, Қ.Б. м. Сырым Датұлы қозғалысына қатысқаны үшін оны екінші муфтиліктен босатады. Ол сонда «Мен Алла жолына шынайы берілген адаммын. Халық деген Алланың бір аты. Сырым Халық оғлы» деген. Ол 1788-1793 ж. Байұлы, Әлімұлы, Жетіру тайпаларына, ру басыларына жазған Үндеу хаттарында Патша үкіметі мен жергілікті Орынбор генерал-губернаторлығының қысымын, шұрайлы жерлерді жаппай орыс-казактарына беріп жатқандығын, старшиналар мен ру басыларының билік құқтарын жойып жатқандығын айтып, халықты Сырым жағына шығуға шақырды. 1890 ж. ол: «Байлығымен де, кеңдігімен де аты жайылған Достан мырза, жаудан қайтпас Көтібар баһадур, жау жүректі Қайдауыл баһадур, мұхиттай ақылды Саршонай би, Бұл губернатор кəттə, қаһарлы. Илга Лашкер шығармақ. Сырымға күш кәрәкләр. Жаулыбай һәмь Қалдыбайды жіберіңләр» – деп қолын қойып, мөрін басып хат жіберген екен. Бұдан кейін шектілер 500 жасақпен Жемнен өтіп, Сырымға келген, Илецк әскери бекінісіне шабуыл жасаған. Қ.Б.м. Арынғазы Әбілғазыұлы, Шерғазы хан Айшуақұлы арасындағы саяси тартыс кезінде Арынғазыны қолдайды. Орынбор генерал-губернаторлығының полковнигі А.З.Горихвостовтың журналында: «Қаражігіт мулла Әлімұлы руында Арынғазыны хан деп біледі... Ол жақында ғана ордаға келді, жолшыбай қазақ ауылдарына соғып Арынғазы ордамызға хан болып келді деп жария салды» – деп жазған. Қ.Б.м. Арынғазымен ілесе 1822 ж. Санкт-Петербургте болған. Кейін елге келіп Кіші жүз, Орта жүздің бірсыпыра игі жақсыларымен бірге (389 адам) 1 Александр патша атына Арынғазыны айдаудан босату туралы хат жолдаған. Қ.Б. м. 1835 жылы қайтыс болады. Оның ұрпақтары Шалқар, Ақтөбе қалаларында тұрады.

*З.Байдосов. Қаражігіт, Ақтөбе, 2008, 318 бет; Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 5-ші том, 572 бет.*

**ҚАРАЖІГІТ МЕКТЕБІ**

Қаражігіт Бектауұлы Бұқар медресесінде үздік оқыған. Ал

Бұқар медресесі сол кездегі Орталық Азия өңірінде ең ірі, әрі беделді оқу орындарының бірі болғандығына ешкім де шек келтіре алмас. Онда оқу кезкелген пенденің пешенесіне жазылмаған. Қаражігіт қазіргі Шалқар, қала берді Ақтөбе аймағынан Бұқар медресесінде оқыған ең біріншіберегей адам. Қаражігіт 1774 жылы медресені абыроймен тәмамдап, өзінің туып-өскен өңіріне оралды. Осында «Қазақай мектебінің» үлгісімен мұсылмандық мектеп ашты. Сөйтіп XVIII ғасырдың 70-шы жылдарының ортасынан ауа Шалқар өңірінде «Қазақай мектебі» және «Қаражігіт мектебі» деген екі мектеп болған екен.

...1788 ж. Орынборда салынып жатқан мешіт құрылысы аяқталды. Мұқамбетжан Хұсайынов Орынбор мұсылмандарының муфтиі болып келді. Ал Қаражігіт Бектауұлы муфтиден (имамнан) кейінгі муаззиндік жұмысқа шақы-рылды. Оның үстіне ІІ-ші Екатерина Орынборда, сол мешіт жанынан 16 шәкірттік «Азия мектебі» дегенді ашу туралы жарлық шығарды. Сол жылы осындай оқу орны Омскіде де ашылды. Қаражігіт Бектауұлы Орынбордағы ашылған Азия мектебінде оқытушылық міндетті де қоса атқарған. Алайда осы жұмысты атқарудың алғашқы күнінен бастап-ақ М.Хұсайынов пен Қаражігіт арасында сызат пайда бола бастады. Бұл екеуінің алшақтығы Ресей үстемдігіне деген танымдық көріністің екі шоқылығы еді. М.Хұсайынов мұсылмандарды «Алланың атынан ақ патшаға шынайы беріліп құлшылық етіңдер...» деп шақырса, Қаражігіт «Алла: халқының арын арлап, намысын қорға, әділдік пен бостандық жолымен жүр дейді. Сондықтан да Ислам туы астында топтасып күреске шығыңдар» деп шақырды. Осы бір терең түсініктен шыққан екі арна бұл екеуін барған сайын біріңнен қашықтата да түсті. М.Хұсайынов патшашылдық идеологиясына тартылды. Ал Қаражігіт Бектауұлы өз халқының көкейкесті арман-мақсатының шеңберінде рухани бағыттаушы ретінде уағыздаушы болып қала берді.

*З.Байдосов, Қ.Жұбанов ат. университет профессоры.*



*Ш.Ш.Қарамергенов*



*Ш.Қарамергенұлы*

## ҚАРАКӨЛ

Шалқар ауданындағы тұйық көл. Ырғыз алабындағы Балғасын өзенінің саясынан оңтбатыста 16 км жерде. Ауд. 10,0 км$^2$, ұз. 7 км, ені 2 км-ге жетеді. Жағалауы жайпақ, батысы батпақты. Көлде үлкенді-кішілі 6 арал бар. Суы тұзды. Көл деңгейі қар суымен көтеріледі. Төңірегі жайылым.

## ҚАРАМЕРГЕНОВ Шынболат Шыныкұлұлы

(17.01.1947 ж. Шалқар қ.) – теміржолшы, экономист, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі (1993). Шалқар қазақ орта мектебін (1965), Алматы Құрылыс техникумын (1972), халық шаруашылығы институтын (1979) бітірді.

Еңбек жолын темір жолда 1965 ж. Шалқар вагон деповында слесарь болып бастады, Шалқар локомотив деповында жалғастырды. Кеңес Армиясы қатарында болды. 1972-1981 ж.ж. Ырғыз аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесінде шебер, Шалқар мұнай базасында бас инженер, Ақтөбе облыстық мұнаймен жабдықтау басқармасында инженер, Ақтөбе облыстық коммуналдық шаруашылық жобалау институтында жобалаушы-инженер, Ақтөбе қалалық сумен жабдықтау және канализация басқармасында аға инженер. 1981 жылдан бері Батыс қазақстан т.ж. Ақтөбе жол бөлімшесінде кадрлар бөлімінің аға инженері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі аға инженер, кадрлар бөлімінің бастығы, қаржы-экономикалық бөлімі бастығының орынбасары. 1994-1997 ж.ж. Ақтөбе т.ж. бөлімшесінің экономикалық бөлімінің бастығы. 1998 ж. бері «Қазақстан

темір жолы» ҰКАҚ, Ақтөбе өндірістік-техникалық орталығында бас маман қызметінде. 2004 ж. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының «Адал еңбегі үшін» кеуде белгісімен марапатталды. Белгілі журналист: Республикалық, облыстық, аудандық, темір жол газеттерінде жарияланған жүзден аса мақаланың, «Қауышу» кітабының авторы. Мақалалары «Теңіз бен түзді тоғыстырған теміржол» кітабына енді.

*Т.Тілешев.*

**ҚАРАМЕРГЕНҰЛЫ Шынықұл**

(23.02.1910 ж.т. Шалқар ауданы, Қабырға болысы №5 ауыл – 21.06.1990, Шалқар қаласы), КСРО журналистер Одағының мүшесі, Ұлы Отан соғысына қатысушы.

Еңбек жолы: 1923-1930 ж.ж. № 20 ауылда ауылдық Кеңестің секретары; Шалқар аудандық Кеңес атқару комитетінде нұсқаушы, нотариус. 1935-1937 ж.ж. Шалқар аудандық НКВД жол технигі, 1937-1938 ж.ж. Шалқар аудандық финанс бөлімінде салықтың аға инспекторы. 1938-1941 ж.ж. Шалқар аудандық газетінің жауапты хатшысы, 1941-1944 ж.ж. 101-ші дербес атқыштар бригадасының құрамында Ұлы Отан соғысына қатысып, 1-ші атқыштар батальонының рота хатшысы, кейін саяси жетекшісінің орынбасары, батальон саяси жетекшісі, бригадалық «Отан үшін» газетінің жауапты хатшысы, кейін Бірінші Балтық майданының 83 Қызыл Тулы Городокскі гвардия атқыштар дивизиясының 250-полкі-нің бірінші батальонының бірінші ротасының командирі болған. 1944 ж. 2-ші топтағы соғыс мүгедегі, гвардия аға лейтенанты дәрежесінде елге оралған соң 1944-1945 ж.ж. Шалқар аудандық тұтынушылар одағының төрағасы, 1945-1952 ж.ж. Шалқар аудандық газетінің жауапты хатшысы, редактордың орынбасары, 1952-1953 ж.ж. Қазақстан КПОК жанындағы партия мектебінің тыңдаушысы. 1953-1962 ж.ж. Шалқар аудандық газетінің жауапты хатшысы, редактордың орынбасары, 1962-1963 ж.ж. Батыс Қазақстан өлкелік газетінің әдеби қызметкері, 1964-1970 ж.ж. Қазақстан т.ж. Ақтөбе бөлімшесінің вагон-клуб меңгерушісі, Темір аудандық газетінің тілшісі, Темір және Шалқар аудандық радио хабарын тарату редакциясының редакторы қызметтерінде болған.

Очерк, репортаж, публицистикалары облыстық, республикалық газет-журналдарда жарияланды. КСРО Жоғарғы Советінің (Кеңесінің) депутаты Қашақбай Пірімовке жазған хаты «Фронтовой привет тебе, Казахстан» кітабына енді. Республикалық «Социалистік Қазақстан», облыстық «Коммунизм жолы» газеттерінің Шалқар ауданы бойынша штаттан тыс тілшісі.

I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордені және бірнеше медальдармен марапатталған. Шалқар қаласы әкімінің шешімімен «Мұрагер» ЖШС баспахана қабырғасына есімі жазылған ескерткіш тақта қойылды (2001).

*Т.Тілешев.*



*Н.Қарасаев*

**ҚАРАКҮШІКОВ Кәрібай**

(1913-1979), теміржолшы. Еңбек жолын 1929 ж. №9 Орынбор темір жолына қарасты Шалқар жол дистанциясы Қарашоқат бекетінде жол монтері болып бастаған. 1938 ж. сол жерде жол бригадирі қызметіне ауысқан ол кейін осы бекетте жол шебері (1941-1974) қызметінде болып, жалпы 45 жыл абыройлы жұмыс жасаған. Жолдың күйін үнемі «өте жақсы» бағада ұстап, поездардың аса жоғары жылдамдықпен жүруін қамтамасыз еткені үшін екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған (1951,1954.). 1979 ж. кәсібі бойынша үздік атанған. «Ерлік еңбегі үшін» медалі, т.б. 5 Үкімет наградалары бар. «Құрметті теміржолшы».

**ҚАРАСАЙ**

Шалқар алабындағы өзен. Ақтөбе обл-ның Мұғалжар ауд. жерінен ағады ұз. 50 км, су жиналатын алабы 1060 км. Өзен Мұғалжар тауының шығысындағы бұлақтан басталып, Қаратоғай ауылына шамалы ғана жетпей Шетырғызға құяды. Негізінен қар, жер асты суынан толығады. Су режимі бойынша тасқыны көктемде, сабасы жазда бола-

тын өзендер қатарына жатады. Ағындысының негізгі бөлігі көктемдегі қар еру кезінде қалыптасады. Жазда иірімдерге бөлініп кетеді. Жайлымы шабындық ретінде, суы мал суаруға пайдаланылады.

**ҚАРАСАЕВ Нұрғали**

(1908, Шалқар ауданы. Жомарт а. – 23.1.1988. Алматы) – банк жүйесінің қызметкері. «Қазақ КСР-нің еңбегі сіңірген экономисі» Ақтөбе қ. балалар үйінде тәрбиеленген. 1925 жылы Мәскеу қаласындағы «Красная заря» фабрикасында жұмысшы болды. 1929 жылы Ташкентте кооператив техникумын бітіріп, бүкіл еңбек жолын қаржы-несие жүйесімен байланыстырды. 1952 жылы сырттан оқытатын Бүкілодақтық қаржы институтын бітіріп, ақша және несие мамандығын алған.

1948 жылы КСРО қаржы Министрінің бұйрығымен оған «Финанс қызметінің бірінші рангалы аға кеңесшісі» атағы берілді. 1954-1957 ж.ж. Қазақ Республикалық Банк кеңесінің басқарушысы, 1976 ж. өмірінің соңына дейін Республика Құрылыс банкінде кадрлар жөніндегі инспектор қызметін атқарды. Еңбек Қызыл Ту, үш мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ҚАРАША Сенбі**

(1904 ж.т. Шалқар қ. – 1979 ж. Бершүгір б.), озат теміржолшы.

1922 жылдан т.ж. бойында: жол жөндеуші, кейіннен жол қараушы. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.



*Ғ.Қартмағанбетов*

**ҚАРТМАҒАНБЕТОВ Ғабдол Қартмағанбетұлы**

(15.09.1923 ж.т. – 26.05.1980 Шалқар ауданы Біршоғыр стансасы). Соғыс және еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз.

1941-1944 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасып, жараланып елге оралған соң саналы өмірін педагогикалық қызметке арнады: мектеп мұғалімі, 1952-1955 ж.ж. Н.Байғанин атындағы Ақтөбе пединститутында оқытушы, Ойылдағы қазақ, Біршоғырдағы қазақ-орыс орта мектептерінде директор (1955-1980) болды, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» (1970) атанды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі «Қызыл жұлдыз» ордені және 5 жауынгерлік медальмен бағаланды.

**ҚАРЫМСАҚОВ Қалмағанбет**

(1899-1987 ж.ж.), теміржолшы. Еңбек жолын 1930 жылы № 60 айырықта жол жөндеуші болып бастады. Кейін жол қараушы болып ауысты. Теміржол саласындағы ұзақ жылғы адал қызметі мен жол қауіпсіздігін сақтаудағы үздік еңбегі үшін 1952 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, 4 медаль және көптеген



*Қ.Қарымсақов*

төсбелгілермен марапатталған. Еңбек демалысына шыққаннан кейін де Біршоғыр жол дистанциясында еңбек еткен. Елге құрметті ақсақал атанды.

**ҚАРТ ЖУРНАЛИСТ ТІЛЕУЖАН ШОЙҒАРИННІҢ АЙТҚАНДАРЫНАН ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАРДАН**

1947 жылы 26 қаңтар күні бір топ жолаушылар тонға оранып машина кузовына орналастық. Олардың ішінде аудандық партия комитетінің екінші хатшысы С.Н.Миронов, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Б.Есенеев, облыстан және ауданнан ерген өкілдер бар. Кабинада Дінмұхаммед Ахметұлы, шофер Списцин деген жігіт. Қаладан шығарда партия комитетінің бірінші хатшысы Дәбен Бөкешов ескерту жасады:

– Қысқасы, жол ауыр, қар қалың. Машина артынан атшана, тағы да басқа көлік қамдап жібереміз. Өздерің де сақ болыңдар.

– Жолшыбай көп қиындық көрдік. Машинамыз қарға батып қалды. Шофер да, біз де қатты састық. Тек Дінмұхаммед Ахметұлы ғана ешқандай абыржушылық білдірген жоқ. Іңір қараңғы-

лығында «Талдықұм» колхозына жеттік. Бізді колхоз басқармасының төрағасы Қайырбек Тәмпішев қарсы алды. Шалқардан 40 шақырым жерге 12 сағатта әрең жеттік-ау.

Ертеңіне колхоз еңбеккерлерімен жиналыс өткіздік. Сайлаушылар біркісідей Қонаевқа дауыс беретін болып қолдарын көтерді. Әрі қарай «Тұмалыкөл» колхозына атшанамен бардық.

Не керек, үш күн дегенде қалаға шаққа жеттік. 29 қаңтарда В.И.Ленин атындағы клубта Д.А.Қонаевтың қала сайлаушыларымен кездесуі болды. Оны Д. Бө-кешов ашты. Осы жиналысқа бір ғана паровоз депосынан 538 жұмысшы қатысты. Жиналыста Плугаторов, Б.Сүлейменова, Давыдов, Ш.Құрманалин, Неровнов, М.Орынбасаров сөйледі.

### Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ ШАЛҚАРҒА КЕЛУІ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі № 90 Шалқар сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып 1947 жылғы 15 январь күні Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев тіркелді».

*(Шалқар аудандық «Социализм туы» газетінен). «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі» кітабынан.*

### ҚАРЖЫ САЛАСЫ

Қазақ АССР-нің Финанс Халық Комиссариаты 1920 жылы 19 қазанда болған Бүкілқырғыздық Кеңесінің құрылтайшы съезінің шешімі бойынша құрылды. Халықтық финанс комиссариатына жабылған Қырғыз революциялық комитетінің финанс бөлімінің барлық функционалдық қызметтері берілді.

Финанс кадрларының жеткіліксіздігінен Халықтық Финанс комиссариатының орталық аппараты Орынбордың губерниялық финанс бөлімінің базасында құрылды.

1921 жылғы 20 тамыздағы Халық комиссарлар кеңесінде бекітілген автономиялық республикадағы Қаржы Халық Комиссарлары туралы тәртібінен кейін қаржы саласы жоғарғы деңгейде дами бастады. Бұл құжат жаңа құрылған жас республикамыздың дамуына көп септігін тигізді, яғни қаржы саласының міндеттерін, бағытын, жоғарғы және төмен құрылымдарының құрылу тәртібін көрсетіп берді.

Шалқар аудандық қаржы бөлімі 1928 жылы құрылған. Қаржы саласының мамандары республикада болған бүкіл саяси және экономикалық саясатты тұрақтандыру, яғни қазан төңкерісінен кейінгі еліміздің тұрмысын көтеру, Ұлы Отан соғысы кезеңдері, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде еңбектің алғы шебінде болған.

*А.Баешов.*

### ҚАУЫЛЖЫР

Өзеннің аты. Өңірдің өзені – өмірдің өзегі. Мұғалжар өңірінің Біршоғыр тауынан бастау алып, Шалқар көліне құяды. Ұзындығы 142 шақырым, су алқабы 1670 шаршы шақырым. Жағасы жарлы, жазда тартылып қалады. Қайдауыл (бұрынғыша Соленая) т.ж. бекеті тұсында үстінен үлкен көпір салынған – Уақбай көпірі (1903). Ленин орденді теміржолшы Қасымов Алдоңғар осы жерде туған, қызмет еткен.

### ҚАУЫЛЖЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы – Қауылжыр елді мекені. Құрамына Қайдауыл, Ұлпан теміржол бекеттері, № 66 және 67 теміржол айырғылықтары (разъездері) кіреді. Жер көлемі 126601 га, халқының саны 1858 адам. Аудан орталығынан 45, облыс орталығынан 320 шақырым жерде орналасқан. Тұрғын халқы негізінен газ тасымалдау саласы мен темір жол бойы жұмысшылары, шаруа қожалықтарының жұмысшы-қызметкерлерінен тұрады. Округте 3 мектеп (1 орта, екі бастауыш), балабақша, дәрігерлік емхана, клуб, пошта, телеком, теміржол саласының бөлімшелері бар. Бұл жер әуеліде «Соленая» т.ж. бекеті (1903), кейін Қауылжыр ауылы (1964) Бұқара-Орал газ тасымалдау стансасы негізінде құрылған. Қазіргі уақытта Ақтөбе газ тасымалдау басқармасының Шалқар тораптық-өндірістік бөлімі болып аталады. Бұл ауылда өмірінің соңғы уақыттарына дейін дәулескер күйші Бақыт Басығараев тұрды.

### ҚАУЫСҰЛЫ Нұржігіт

(1891-1978, Шалқар ауданы.) Нұржігіт ел арасында беделді, діни білімді адам, халық қамын ойлайтын азамат болды. Он бір жасынан Қази ақай ахунның ұрпағы Төремұрат ишанның меші-

тінде тәрбиеленіп, кейін Бұқарадағы діни ғұламаларынан сабақ алған. Кеңес үкіметі орнаған соң серіктестіктер ұйымдастырды. Сауатты адам ретінде билікке араласып, ел тірегін жеңілдетуге ат салысты. 1930-33 ж.ж. аштық кезінде халықты жаппай қырылып қалмас үшін кәсіпке бейімдеуге, ашыққан ауылдарға көмек көрсетуге шақырып, елді өндірісті жерге көшіруге күш салады. Кеңес үкіметі күш алған соң ел сенетін азаматты қудалау басталғаны белгілі. «Шалқардағы 23-тің ісі» бойынша қараланып, кейіннен 1937 жылдың 25 қазанында «Дінисламдық көзқарасы үшін», «Ұ.Құлымбетовтың ісін жақтағаны үшін», тағы басқа айыптар тағылды. 1937 жылдың күзінде Сталиндік репрессияның құрбандығына шалынып, жауапқа тартылып, 10 жылға бас бостандығынан айрылды. Ел ішінде «Сары молда» атанып, дін жолындағы терең білімдарлығы мен ақиқатты жақтаған іс әрекеті үшін жазықсыз жапа шекті.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

*1. Ақтөбе облыстық әкімдігі шығарған «Саяси қуғынсүргіндер» кітабы. Редакторы З.Байдосов.*

*2. Ұзақбай Қауыс «Қарыз бен парыз» деректі әңгіме.*

*3. Ғалымдар С.Мұқтаров пен Н.Е.Хегайдың мақалалары.*

**ҚАУЫС**
**Ұзақбай Сағидуллаұлы**



*Ұ.Қауыс*

1949 ж. Шалқар қаласында теміржолшының отбасында дүниеге келген.

1966 ж. №1 Шалқар қазақ орта мектебін бітірді. Бір жыл еңбек еткеннен кейін 1967 ж. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне түсіп, 1971 жылы бітіріп шықты.

Еңбек жолын Мұғаджар аудандық «Еңбек таңы» газетінде бастады. Аудандық комсомол комитетінің хатшысы, осы газеттің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, кейін аудандық баспаханасының директоры қызметін атқарды.

1985-1993 ж.ж. Темір аудандық «Жұмысшы туы – Рабочее знамя», кейін «Темір» газетінің бас редакторы қызметін атқарды.

Ел сеніміне бөленген азамат ретінде бірнеше дүркін аудандық Кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланып, аудандық Кеңестің тұрақты комиссиясын басқарды. Облыста алғашқылардың бірі болып ұйымдастырылған «Қазақ тілі» қоғамы аудандық ұйымының төрағасы болды. КСРО Журналистер Одағының мүшесі ретінде қолынан қаламы түскен жоқ.

1993-1996 ж.ж. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің органы болып



*Ж.Қобыландин*

табылатын «Халық кеңесі» газетінің Ақтөбе облысы бойынша меншікті тілшісі болып жұмыс істеді. Сол жылы Үкімет қаулысымен «Заң газетінің» Ақтөбе облысындағы меншікті тілшісі қызметіне тағайындалды. 1996-1998 ж.ж. өзі облыста «Тура би» заң газетін ұйымдастырып, сол газеттің бас редакторы қызметін атқарды.

1998-2004 ж.ж. Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің Ақтөбе облыстық басқармасында тілдерді дамыту бөлімін басқарды. 2004 ж. облыс әкімінің кеңесшісі қызметіне тағайындалды. Осы кезге шейін Ақтөбе облысы әкімі аппаратында жауапты қызметте.

Облыста белгілі, танымал журналист ретінде бірнеше кітаптар мен жинақтар шығарды.

1992 ж. Оразақын Асқар мен Байбота Серікбай құрастырған «Мерейлі мекен» жинағына шығармалары жарияланды. 1993 ж. «Ақсай ақиқаттары», 1999 ж. «Айтарым бар, адамдар», 2000 ж. «Ел қорғаған Көтібар» жинақтары шықты. 1995 ж. бері Әлия Молдағұлованың өмір жолын зерттеуші ретінде Ғ.Байдербеспен бірге «Әлия, батыр қызы, сең



Н.Қобыландин



С.Қобыландин



С.Қобыландин

халқымның» (1995), «Әлия – ғасыр аруы» (2000), Әлия мен Мәншүкке арналған «Аңызға айналған арулар» (2002), «Девушки, ставшие легендой» (2003), «Әлия-ғұмыр: ерлік пен өнеге» (2006) кітаптарының авторы болды. «Жарас мерген Пұсырманұлы» атты ғылыми деректі жинақ шығарды. Бірнеше үкімет наградалары бар.

## ҚОБЫЛАНДИН
**Жаңабай Нағымұлы**

(20.06.1959 ж.т. Шалқар ауданы Қопасор ауылы); Өмірдерегі: Шалқар ауданы Тоғыз орта мектебінің түлегі. Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ ауылшаруашылығы институтын (1981), Қазақ Мемлекеттік көлік және коммуникация Академиясын (2000) бітірген. Мамандығы – инженер-механик, инженер-құрылысшы.

Қызмет жолы: Алматы қаласында «Қазақ ауылшаруашылық механизацияландыру» ғылыми-өндірістік бірлестігінде инженер-конструктор, жоғары ғылыми қызметкер (1981-1990), Шалқар «Аудандықагро» өндірістік-техникалық кәсіпорында жаңа техника жөніндегі инженер (1990), «Жаңалық» көппрофильді кіші кәсіпорнының директоры (1991-1993), Шалқар ауданының «Шалқар» кеңшарының директоры, кейін «Жаңажол» ЖШС директоры (1993-1999), «Қазақ көлік жолдары» Республикалық Мемлекеттік Қазынашылық Кәсіпорны Ақтөбе облыстық филиалы директорының орынбасары (1999), «Қазақ көлік жолдары» Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны Ақтөбе облыстық филиалы директорының орынбасары (2000-2001). 2003 жылдан бастап «Қазақавтожол» Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны Ақтөбе облыстық филиалының директоры. Қазіргі қызметі Астана қаласында. «Құрметті жолшы» атағы бар (2007). Шалқар аудандық мәслихатының бірнеше дүркін депутаты, Ақтөбе облыстық мәслихатына депутат болып сайланған (2006). Аудан құрметтейтін азамат.

## ҚОБЫЛАНДИН
**Нағым Қобыландыұлы**

(07.11.1931 ж.т. Шалқар ауданы Кіндікши а. – 10.02.1997 ж. Шалқар қаласы), республика ауыл шаруашылығына ерекше еңбегі сіңген қызметкер.

16 жасынан бастап еңбекке араласқан: ауылда жұмысшы, агроном. Сол кездегі «Қызыл Ту», «Қазақстанның XXX жылдығы», «Қызыл жұлдыз» ұжымшарларында төраға орынбасары, партком хатшысы, мал маманы қызметтерінде болған (1958-1964 ж.ж). Н.Қ.Қобыландин 1965-1994 ж.ж. 30 жылға жуық Шалқар ауданының «Тоғыз» кеңшарын басқарды. Ол басқарған жылдары кеңшар 18 рет Одақтың, 9 рет республиканың жеңімпазы атанды; ауыспалы Қызыл туларды жеңіп алып, бірнеше Құрмет грамоталармен, дипломдармен марапатталды. Кеңшар директоры Н.Қ.Қобыландин СОКП-ның XXVI, Қазақстан Компартиясының XIV съездеріне делегат болып қатысты, Социалистік Еңбек Ері атанды (1991 ж); Ленин, Октябрь революциясы, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерінің және бірнеше медальдардың иегері.

Ұжымдарда, кеңшар басшылығында жүрген кездерінде аудандық, ауылдық Кеңестердің депутаты, сайланбалы партия ор-гандарының мүшесі болды, XI шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне (1985) депутат болып сайланды, кооператор-

лардың Бүкілодақтық Х, республика кәсіподақтарының XI съездеріне делегат болды.

«Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1996). Шалқар ауданының орталығында, Ақтөбе қаласында атында көше бар.

**ҚОБЫЛАНДИН**
**Сәрсенби Нағымұлы**

(09.01.1951 ж.т. – Шалқар қаласы,) медицина ғылымының докторы, профессор.

1976 жылы Ақтөбе медициналық институтының емдеу факультетін бітірген. Интернатураны бітіргеннен кейін 1977-1984 ж.ж. Ақтөбе облыстық клиникалық ауруханасында оташы. 1985 жылы Харьков қаласында кандидаттық диссертация қорғаған ол 1986-1991 жж. Ақтөбе мединститутында ассистент болып қызмет істеді. 1991 ж. докторант. Докторлық диссертациясын 1994 ж. қорғаған. 1996-2002 ж.ж. Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының кафедра меңгерушісі, 2003 ж. бастап Атырау облыстық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары. 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы, 5 ұсынысы өндіріске енгізілген, 8 ғылым кандидатының жетекшісі. Жоғарғы санатты дәрігер-оташы, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, Н.И.Пирогов атындағы оташылар ассоциациясының және РФ эндовидеохирургия ассоциациясының толық мүшесі. Профессор (1998).

*Шығ: Послеоперационный илеус. Ақтөбе, 1993 г; Лекции по факультетской хирургии. Ақтөбе, 1998 г.*

**ҚОБЫЛАНДИН**
**Сенбай Нағымұлы**

(08.05.1954 ж.т. Шалқар қаласы). № 2 Шалқар қазақ орта мектебін (1971), Ақтөбе пединститутын (1976) бітірген. 1976-1983 ж.ж. Шалқар ауданындағы Тоғыз орта мектебінде мұғалім, интернат меңгерушісі. 1983 жылдан бері аудандық білім бөлімінде инспектор, бас маман болып қызмет етіп келеді. «ҚР Білім министрлігінің озық қызметкері» (1995). Министрліктің Құрмет грамотасымен (2001), Ы.Алтынсарин атындағы белгімен (2007) марапатталған.

**ҚОНАҚБАЕВ Әлитан**

(1899 Шалқар ауданы Қорғанжар ауылы – 05.05.1979, сонда), теміржолшы.

Еңбек жолын темір жол бойында жай жұмысшы болып бастаған (1920), кейін бригадир болған. Жалпы еңбек өтілі – 42 жыл, озат теміржолшы. Мінсіз қызметі үшін Еңбек Қызыл Ту (1952 ж.), Ленин ордендерімен (1954) және бірнеше мақтау қағаздарымен, көптеген заттай сыйлықтармен марапатталған.

*Л.Әбдіғапарова.*
*Сауда ісінің озық қызметкері.*

**ҚОНАҚБАЙҰЛЫ Қарағұл**

(1806-1890). Патшалы Ресей отаршылдығына қарсы Шекті руы қазақтарының 1847-1858 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі. Ел ішінде батыр, би, молда, мырза атанған тарихи тұлға. Ел жадында сақталған көптеген ескі әңгіме, жырлармен қатар қазіргі заманда жарық көрген бірқатар көркем шығармалардың басты кейіпкері. Бейіті Шалқар ауданы территориясындағы Көкбұлақ деген жерде. Бір ғасырдан астам уақыт ішінде табиғат әсерімен су тиді, жел қақты болып мүжілген бұл бейіт 1996 жылы қайта жаңартылды. Ақтөбе, Шалқар қалаларындағы көшелерге батыр есімі берілген.

*Әдебиеттер:*

*1. Ақтөбе энциклопедиясы, «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспаханасы, Ақтөбе, 2001 жыл, 516-бет;*

*2. Құрманалин С., 1847-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Орал, 1999 жыл;*

*3. Байдосов З., «Үш ғасыр перзенттері», «Полиграфия» баспахана бірлестігі, Ақтөбе, 1997 жыл, 150-бет;*

*4. Әбенов Д., Мұхтаров С., «Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері», ПринтА, Ақтөбе, 2006 ж.;*

*5. Құрманбеков Б., Шалқар өңіріндегі діни-ағартушылық бағыт және Қарағұл Қонақбайұлы. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының Хабаршысы, 2006 жыл, № 4.*

**ҚОЙ ӨСІРУШІ КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАСЫ**

XX ғ. 70-жылдарының басында Кеңес Одағы Орталық партия комитетінің Бас хатшысы Л.И.Брежнев Қазақстанда қой санын 50 млн-ға жеткізу жөнінде міндет қойды. Ол кезде республикада 32 млн қой бар болатын. Бұл міндетті орындау үшін қой бағудың жаңа әдісін табу қажет болды. Бірінші болып Семей

























UBE


























облысы Шұбартау ауданының жастары қой өсіруші комсомол-жастар бригадасын құру жөнінде бүкіл республика жастарына үндеу тастады: мектеп бітірген жастар кеңшарларға барып, екі жыл қой бағуға тиіс болды. Бұл бастама біздің ауданда 1974 ж. қолдау тауып, алғашында 8 қой өсіруші комсомол-жастар бригадасы құрылды. Әр бригадада мектеп бітірген 8-10 қыз-жігіттер еңбек етті. Оларға 3,5-4 мың бас қой бекітіліп берілді. Жайлауларда бригадаларға арналып жаңа ғимараттар салынып, олар түрлі керек-жарақ, жиһаздармен толықтырылды, жұмысшы жастарға толық жағдай жасалды, олардың еңбекке деген құлшыныстары артып, қатарлары көбейді. Сөйтіп 15 жылда (1974-1989 ж.ж.) ауданда 55 комсомол-жастар бригадасы істеп, олар 205581 қойды бағып, күтті. Сол жылы бүкіл бригада бойынша әр жүз саулықтан, 97,1 қозы алынды. Бұл үздік көрсеткіш болатын.

Осы қой өсіруші КЖБ өмірінен бір мысал: 1978 ж. ауданның «Сарыбұлақ» кеңшарында жаңадан құрылған «Жалын» КЖБ-на 21 жыл педагогикалық өтілі бар ұстаз Қуанышкереев Сайым жетекші болып тағайындалды. Жасы қырыққа енді толған, бұрыннан да жаз айларында кеңшарға тракторшы болып көмектесіп, мал азығын дайындауға қолғабысын тигізіп жүрген, мектеп мұғалімі енді өзінің отбасындағы 10 баласына қосып бригадаға келген 30 ұл-қызды зайыбы «Алтын алқа» медалінің иегері Ақпатша Бисенқызы екеуі 11 жыл бойы еңбекке тәрбиеледі, аудан



*Ж.Қожбанов*

көрсеткішін де биік дәрежеге көтерді. «Х бесжылдықтың екпіндісі», «Коммунистік еңбек жеңімпазы» аталған бригада Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Көрмесіне қатынасып, алтын медальмен марапатталды. Бригада жетекшісіне, «Батыр АНА» Ақпатша Бисенқызына КСРО Жоғарғы Кеңесінің Указымен «Еңбектегі жеңісі үшін» медалі, адал еңбегі үшін тегін «Волга» автомашинасы табыс етілді (1984). Бүгінде ерлі-зайыпты Сайым және Ақпатша Қуанышкереевтер – зейнеткер, Ұлы Отан соғысының (теңестірілген) тылдағы ардагері, үлгілі отбасы, ұрпағы өскен, жақында «Алтын тойлары» атап өтілген ардақты ата-ана.

*Т.Тілешев.*

### ҚОЖБАНОВ Жұмабек

(а.к.б. 1905 ж.т., Шалқар ауданы – 28.03.1985 ж., Шалқар ауданы, Аяққұм ауылы) – Мал шаруашылығының 1 класс шебері, еңбек ардагері.

Жастайынан байға жалдана жүріп, ауыр жұмысқа араласқан. Кейін «Есентай», ірілендірілген «Жданов» ұжымшарында, «Сарыбұлақ» кеңшарында 42 жыл бойы қой баққан. Арасында бір жарым (1942-43) жыл Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Еңбегі еленіп, Ленин орденімен марапатталған (29.03. 1958). Бірнеше медальдары бар.

### ҚОЗАЙДАРОВ
**Пәтуәлі (Мұханбетуәли)**

(1862 ж.т. Шалқар ауд. №7а – 03.11.1937 ж., Ақтөбе қ.)

Пәтуәлі-ишан Бұхарадағы Хазірет Рахымберді медіресесінде оқыған. Оқуды бітіргеннен кейін Шалқарға келіп, атақты би Мырзағұл Шыманұлы, Тотан бай салдырған мешітте бала оқытқан. Емші, көріпкел. Сол кезде айтқан пәтуәлі, дуалы сөздері үшін, оны халық Пәтуәлі ишан деп атап кеткен. Атақты би Шыманұлы Мырзағұл, ақын Кердері Әубәкір, Тотан бай, Батақтың Сарысы, Сарышолақ шайыр сияқты елге белгілі адамдармен араласқан. Дала Комиссары, Ә.Жангелдинмен кездесіп, оған ақыл-кеңес берген деген де дерек бар.

Пәтуәлі ишан – мұсылманшылық сабақ үйретумен қатар мешітке жақын жерге бау-бақша салып, халықты диханшылық кәсіпке үйреткен. Кезінде Шалқар жұртын мұсылманшылыққа уағыздап, бала оқытып, адам емдеп, халыққа мәлім болған Пәтуәлі ишан туралы әңгімелер, оның көріпкелдігі, айтқан болжамдары мен Пәтуәлі сөздері халық арасында кең тараған.

Пәтуәлі ишан 03.11.1937 жылы халық жауы ретінде атылған, кейін ақталды.

*Әдеб: «Шалқар шежіресі: Қуғын-сүргін құрбандары» құрастырушы З.Байдосов.*

**ҚОЖАҒҰЛОВ Жұмамұрат**

(1931-2006 ж.ж., Шалқар ауданы, Қотыртас бекеті), озат теміржолшы. 1947 жылдан т.ж. бойында. 1992 жылға дейін әртүрлі жұмыстар атқарған.

«Құрмет Белгісі» (1981), «Еңбек Қызыл Ту» (1986) ордендерімен, бірнеше медальдармен, «Құрметті теміржолшы» белгісімен (1991) марапатталған.

**ҚОЖАНАСЫР**

Түркі халықтарының арасында кең тараған күлдіргі әңгімелердің кейіпкері. Әңгімелерде Қ. бірде қу, бірде аңқау, бірде өткір тілді қалжыңбас бейнесінде сипатталады. Қ. туралы әңгімелер бүкіл Орта, Кіші және Алдыңғы Азия, Арабия, Грекия, Румыния, Сербия, Еділ бойы, Кавказ халықтары фольклорында Молла Насреддин, Насреддин әпенді деген аттармен кең тараған.

*Н.Асқаров. ҚҰЭ, 6-том, 14 б.*

**ҚОРҒАНЖАР АУЫЛЫ**

Қорғанжан ауылы немесе Орынбор-Ташкент теміржолының № 60 айырығы. Ақтоғай селолық округінің солтүстік батысында, округ орталығынан 16, аудан орталығынан 110 шақырым жерде орналасқан. Тұрғыны 108 адам. Мұнда Біршоғыр жол дистанциясының 9-околоткасы, Шалқар белгі беру электромеханикалық бөлімі, айырық бекеті және бастауыш мектеп жұмыс жасайды.

Бұл ауылдан еңбегі еленіп, КСРО орден, медальдармен марапатталған Ә.Қонақбаев (Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордені),



*С.Қорғанбаев*

Қ.Қарымсақов, И.Отарбаев, З.Үсенов, М.Нурадинов (Еңбек Қызыл Ту ордені), О.Елкеев («Құрмет белгісі» ордені), «Құрметті теміржолшылар» Т.Исмайлов, А.Нурадинов, Т.Әбенов, Х.Алдияров, Б.Әбуов, А.Құлжұмыров, Ш.Насыров, Қ.Жұмабаев, А.Кемаладинов, Е.Әлниязов, Н.Қашқынбаев, С.Байтілеуов, С.Үсенова, Д.Қазақова, С.Елкеев, Б.Жұбаназаров, Р.Мәмбетбергенов, «Отан соғысы» (ІІ дәрежелі) орденімен марапатталған М.Изекешев, тағы да Т.Берістемов, Ә.Тасмағанбетов, М.Құдайбергенов сынды ардагерлер шықты. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болған Сағитжан Аяпбергенов те осы ауыл мектебін бітірген. Ауылда мұраты ұйысқан, аузы бір жастар тұрады.

*С.Б.Жұбаназаров.*

**ҚОРҒАНБАЕВ**
**Сағынай Қарамергенұлы**

(02.05.1916 – 19.04.1984 ж.ж.) – Шалқар ауданының №1 ауылында дүниеге келген. 1926-1934 жылдары Шалқар қазақ орта мектебінде, Ақтөбе халық ағарту бөлімі жанындағы курста оқыды. Кейін Шалқар балалар үйінде тәрбиеші, Сталин атындағы колхозда есепші болды. 1942-1943 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысты. Ақтөбе облыстық атқару комитетінің аға нұсқаушысы, төрағаның көмекшісі, Батыс Қазақстан өлкелік ауыл шаруашылығы басқармасының колхозаралық құрылыстар мекемесінің бастығы қызметтерін атқарды (1943-1961 ж.ж.).

1964-1981 ж.ж. обл. ауыл шаруашылық басқармасының колхоздар бойынша бөлім бастығы болды. «Қызыл Жұлдыз», екі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

**ҚОРЫҚТЫҚ**

Шопандар тағамы. Шілдеңің аптабында мал жайып, далада жүрген шопан түскі асқа пайдаланып, қорек еткен. Ол үшін күн төбеге көтеріліп, әбден шыжыған шақта 3-4 саулықты (немесе ешкіні) көнекке сауып алады. Содан соң іріктелген ыстық малта тастарды жуып, көнектегі сүтке салады. Қатты қызған тастар сүтті лезде қайнатады. Тастарды алып тастап, уыздай тәтті, қоймалжың сүтті қанжылым күйінде ішеді. Көректік сапасы жоғары, кешке дейін қарын ашырмайды.

*Т.Барақұлы. ҚҰЭ, 6-том, 59-б.*

**ҚОСЫМОВА Гүлбану**

(07.11.1954 ж.т. Шалқар ауданы Копмола т.ж. бекеті), ғалым: филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қосымова Гүлбану – Шалқар қаласындағы №1 мектеп түлегі; 1973 жылы Абай атындағы Каз.ПИ-дің филология факуль-

тетін бітірген. Мамандығы бойынша Шалқар қаласында 2 жыл жұмыс істеген, содан кейін өзі бітірген ҚазПИ-де (қазір университет) жұмыс істеп келеді.

Гүлбану Қосымова ғылымизерттеу жұмыстарымен айналысып, «Қазақ эпосындағы фразеологизмдер» тақырыбына кандидаттық (1991 ж.), «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік талғамы» (2004 ж.) тақырыбына докторлық диссертация қорғады. 2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантына ие болды.

Г.Қосымова авторлығымен жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» атты оқулықтар жарық көрді. Ол жетекшілік ететін «Қазақ тілі бағдарламасының» негізінде мұғалімдерге арналған бірнеше әдістемелік кітапшалар, көмекші құралдар баспадан шықты. Г.Қосымова 70-ке жуық ғылыми-әдістемелік мақалалардың және «Қазақша-Корейше сөздіктің» авторы, Университет жанындағы докторлық диссертация кеңесінің мүшесі.

*Т.Тілешев.*

## ҚОШҚАРАТА

Қошқарата – Шалқар ауданындағы сорға айналған көл. Үлкен Борсық құмының батыс бөлігінде Көкала қыстағының батыс жағында. Ауд. 65,0 км$^2$. Көл орнына көктемде қар суымен Кендірлі өзені құяды. Жазда кеуіп, сор болып жатады. Төңірегі – жайылым.



*Ж.Қуатбаев*

## ҚУАНДЫҚОВ Әбдіхан Қуандықұлы

(1932 ж.т. Шалқар ауд. Шетырғыз ауылы – 23.01.2008 ж., Шалқар қаласы), «Құрметті теміржолшы». Еңбек жолын 1949 жылы Шалқар вагон жөндеу депосында жұмысшы болып бастаған. Кейін әртүрлі қызметтер атқарған (шебер, ауысым бастығы, т.б.). Депо жұмысшылары кәсіподағы ұйымының төрағасы (1958-1963), депо бастығының орынбасары (1958-1963) қызметтерін абыройлы атқарған.

Кезінде социалистік жарыстың жеңімпазы (1973-1975 ж.ж.), «Құрметті теміржолшы» (1991) атанған. Еңбек Қызыл Ту орденінің (1977) иегері. «Теміржолға 100 жыл» төсбелгісімен марапатталған (1987).

*Т.Тілешев.*

## ҚУАТБАЕВ Жадырасын

(10.01.1933 ж. Шалқар ауданы, Тұмалыкөл селосы), денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы.

Алматы медицина институтын үздік бітірген (1955), 18 жыл бойы Шалқар ауданының денсаулық сақтау жүйесінде басшы қызметте болды: ауданның бас дәрігері (1965-1975). Бас Оташы (1955-1975), Лордәрігер (1975-1996). 1996 жылдан зейнеткер. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1975), басқа да марапаттары, үкімет наградалары бар.

## ҚҰДАБАЙ ЖЫРАУ

(1898- 1979). Осы күнгі Есет Көтібарұлы селолық округіне қарасты Аяққұм өңірінде туып, өскен. Шалқар қаласында ауыр науқастан қайтыс болды. Қ. суырып салма ақындығымен бірге ел ішінде жырау ретінде аты қалды. Ол «Едіге», «Орақ-Мамай» қиссаларын жырлаумен бірге «Кердері Әубәкірдің ноғай молдасымен айтысы» деген көлемді толғауды да артына мұра етіп қалдырды.

Мақамы ноғайлы елінің сарынына ұқсас келеді. Оның толғаулары жазылған үнтаспа сақтаулы.

## ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Жәнібек Құдайбергенұлы

(28.01.1947 ж. Шалқар ауд.), экономист, газ саласының белгілі маманы. Шалқар қазақ орта мектебін (1965), Орынбор автомобиль жолдары техникумын (1972), Алматы халық шаруашылығы институтын (1987 ж.) бітірген.

Еңбек жолын 1965 ж. Шалқар аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде автокөлік жүргізушісі болып бастады. Кеңес Армиясы қатарында болды (1966-1968). 1969-1992 ж.ж. Шалқар ауд. жерімен өтіп жатқан Бұхара-Урал газ тасымалдау құбырында әр түрлі қызметтерде болды (ЛПУ қызметінде аға инженер, «Қазақгаз» Ұлттық компаниясы «Ақтөбетрансгаз» МК Бас ди-

ректорының орынбасары, «Газқамту» АҚ газ құбырын салу мекемесінің директоры, «Батыс газ» АҚ Ақтөбе филиалының директоры). Кейін «Вента» ЖШС-нің атқарушы директоры, ЭЦ ЕС «Қазақстан» РМК Ақтөбе филиалының директоры, Ақтөбе облыстық газ шаруашылығы басқармасының директоры (2003 жылдан). «Құрмет белгісі» орденімен (1974 ж.), «Мингазпром»-ның құрметті қызметкері» белгісімен (1983 ж.), бірнеше медальдармен марапатталды. Облыстың абыройлы азаматы.

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Қазы**

(15.05.1917 – 19.06.1982 ж.ж. Шалқар ауд.), темірді балқытып, түйін түйген т.ж. саласы бойынша бірінші ұста. Еңбек жолын Шалқар вагон жөндеу депосында ұста болудан бастады. 1938-1946 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті, Ұлы Отан соғысына қатысты. Артиллерия полкінде бөлімше командирі болды. Кавказды жау әскерлерінен азат етуге қатысып, Берлинге дейін барып қайтты. Келген соң өмірінің ақырына дейін Шалқар вагон деposында ұсталық қызметін атқарды. Жауынгерлік ордендері мен медальдары, Қатынас жолдары басшылығынан алған марапаттары бар.

**ҚҰЛҚАЙ ӘУЛИЕ Түменбайұлы**

Атақты Пұсырманнан тарайтын Жарас мергеннің немересі, XVIII ғасырда өмір сүрген. Ол жөнінде бүгінге дейін жеткен көп әңгімелердің бірі төменгідей.



*Қ.Құдайбергенов*

Бірде Жарас баласы Түменбай сапарда жүріп айдаһар жыланға кездеседі. Арбасып, арпалысып, ақыры оны өлтіреді. Бұл туралы ешкімге тіс жарып айтпайды, селқос жүреді. Осыны сезген әкесі: «Әй, сен неге жүбау жүрсің?» – деп сұрайды. Сонда Түменбай жолаушылап жүргенде айдаһар жылан кездескенін, оны өлтіргенін, одан өзінің сескенгенін айтады. Әкесі: «Өлтірген жыланды таба аласың ба?» – деп сұрайды. Жыланды өлтірген жерінен тауып алып, екеуі жыланның тілі астынан жыға (алтын) алады. Осы жығаны алған кісіге оташылық әулиелігі қонады екен. Сол әулиелік Түменбай баласы Құлқайға қонған екен дейді. Осыдан кейін-ақ Құлқай аты әулие ретінде жалпақ елге тарай бастапты.

Тағы бірде Табын руында бір байдың жалғыз қызының шат сүйегі айырылып сынған екен дейді. Айтып отырған ағайынның аты мәлім болған өз емшілері де бар екен. Бірақ олардың бірдебіреуі сырқатқа жәрдем бере алмапты. Дағдарыс сәтінде оларға Құлқай деген жас оташы аян берген көрінеді. Дереу Құлқайға қос атпен жіберіп, алдырады. Құлқай үйінен шыққаннан сезгендей байдың қызы тыныштала бастайды. Үй иесі Құлқайды құрметтеп, қонақасы береді. Келгеніне біраз уақыт болған Құлқай осы ел емшісімен әңгімелесіп отыра береді. Тағаты таусылған бай оларға: «Сіздерді әңгімелесуге шақырған жоқпын ғой, мына ауруды емдемейсіңдер ме?!» – депті. Сонда Табын оташысы: «Баланың енді қолмен ұстап емдейтіндей ештеңесі жоқ. Құлқай үйінен шыққасын-ақ баланың шыққан сүйегі орнына түсті... Менің аруағым боз жылан еді. Құлқайдың аруағы қара жылан екен. Ол үйдің оң жақ босағасынан кірді де боз жыланды қуып шығып, қыздың аяғына оратылды; қыз шошынып, селк еткенде, сынық орнына түскен», – депті.

Халық аузындағы әңгіме осылай басталып, Құлқайдың емшілігін ел тани бастайды. Әулие атанады.

«Көктас» АҚ басшысы Б.Жақыповтың басшылығымен Мұғалжар ауданындағы «Қарамола» деген жерде әулие басына кесене тұрғызылды. Ол жер қазір «Құлқай әулие» деп аталады.

**ҚҰЛҚАЕВ Тайғара**

(а.к.б. 1905 ж.т. Шалқар ауданы – 17.10.1954, Шалқар ауданы №59 жол айрығы), теміржолшы.

1921 жылдан т.ж. бойында жұмысшы. Рабфак (жұмысшы факультетін) бітірген (1924), №59 жол айрығында жол жөндеуші, бригадир. Орынбор қаласындағы жол шеберлерін даярлайтын техникалық мектепті бітірген (1933) соң жол шебері болған ол «Озат жол шебері» атағын 4 рет алған. «Құрмет белгісі» ордені


Т.Құлқаев


Ж.Құлмағамбетов


Н.Құлмұхамедов


Ғ.Құлмұхамедов

(1942), «Құрметті теміржолшы» төс белгісі (1950) иегері. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған, Ленин орденін 1951 жылы алған озат теміржолшы.

**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ**
**Жәдіғұл Исаұлы**

(1922 ж.т., Шалқар ауд. №7а. –11.5.1999, Ақтөбе қ.) – партия, кеңес, шаруашылық қызметкері.

Шалқар қаласындағы №39 (қазір №5) мектебінде оқып, Ақтөбе ауылшаруашылық техникумын (1942 ж.) бітірген. 1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Содан кейін Ақтөбе педагогикалық институтын, Мәскеу жоғарғы партия мектебінде оқып, білім алады. Шалқар, Алға аудандық партия комитеттерінде бөлім меңгерушісі, хатшы, Ырғыз аудандық кеңес атқару комитетінде төраға (1950-1968 ж.ж.) қызметтерінде болып, кейін Ақтөбе облысының бірқатар аудандарында кеңшар, мектеп директоры болып жемісті еңбек етті. (1969-1985 ж.ж.).

Ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланып, Октябрь революциясы, екінші дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Шалқар қаласындағы №5 (бұрынғы №39) мектеп ғимараты қабырғасына есімі жазылған ескерткіш тақта орнатылған (2006 ж.).

**ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**
**Нұрмағамбет Дәуітұлы**

(1906 ж.т., а.к.б. Хобда ауд. – 13.02.1988 ж., Ақтөбе қ), белгілі партия, кеңес қызметкері.

Әуелі ауыл молласынан бастауыш рухани мұсылмандық білім алып, кейін Байәділ мешіті жанындағы қазақ тілі мұғалімдерін даярлайтын 8 айлық курсты (1917ж) бітірген, өз бетінше орысша оқып білім алған ол комсомолға өтіп, қызметке араласады: губерниялық атқару комитетінде, денсаулық сақтау бөлімінде іс жүргізуші бола жүріп атты әскер эскадроны үшін кіші командирлер даярлайтын курсқа түсіп, оны бітіріп, взвод командирі жәрдемшісі қызметін 1927 ж. дейін атқарған. Сол жылы Қызылордадағы екі жылдық өлкелік кеңес-партия мектебіне түсіп бітірген соң, Ақтөбе губерниясының комсомол комитетінде, Хобда, Ойыл аудандарында комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметінде болады. Кейін ОГПУ-дың бір жылдық курсын бітіріп, ішкі істер органдарында 1938 жылға дейін жауапты қызметте болып жүргенінде партия, кеңес жұмысына жіберіледі: Ключевой аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, партия комитетінің хатшысы (1939-1944 ж.ж.), Темір аудандық партия комитетінің 2-хатшысы (1944-1947), Шалқар аудандық партия комитетінің 1-хатшысы (1950-1959 ж.ж.), Ақтөбе облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы, облыстық жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары (1959-1962 ж.ж). 1962 ж. құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де Хобда ауданында жауапты қызмет атқарып (1964-1971 ж.ж.), республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды. Көптеген орден, медальдары бар.

*Т.Тілешев.*

**ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**
**Ғани Қоңырбайұлы**

(28.07.1958 ж.т. Шалқар қаласы), ғылым кандидаты.

Шалқар қаласында орыс орта мектебін алтын медальмен (1975), Москва қаласында түсті

металдар институтын қызыл дипломмен (1980) бітірген. Оқуды тәмамдаған соң институт жолдамасымен Новосибирск қаласына (Ресей) қызметке жіберілген: «Гидроцветмет» ғылыми-зерттеу институтында (1980-2002) аға ғылыми қызметкер, «Химполитех» қоғамында директордың орынбасары (2002 жылдан бүгінге дейін). Ғылым кандидаты (1991), 8 ғылыми еңбегі бар.

### ҚҰМДАҒЫ ІЗ

Құмға еңкейіп қарасақ, жер бетінде әртүрлі іздердің бар екендігін көресіз. Құм класс тақтасы сияқты. Оны шексіз жазып, өшіріп отыруға болады. Бірақ оның бетіне әртүрлі аңдар, құстар шілтер сияқты өрнек салады. Ол әсіресе таңертең жақсы көрінеді, өйткені аңдар түнде жортып жүреді де күндіз көлеңкеде дем алады. Құмда жүгіргенде ешкім із қалдырмай кетпейді, кейде тіпті бір нәрседен қорыққан кесіртке де құйрық ізін қалдырып кетеді. Міне шілтерге ұқсас ұзын-ұзын із, ізін қалдырып алысқа кеткендей. Ал, қоян жүріп кеткен жерде шұңқырға ұқсас терең із қалдырады, Біздің құмда бұдан басқа іздер көп. Олардың шетіне жету мүмкін емес.

*Д.Төлебаева.*

### ҚҰНТӨЛЕУОВ Аманбай

(05.05.1941 ж.т. Шалқар ауд. Құл. Бұрынғы Арал ауд. Құланды ауылы). – заңгер. Заң. ғыл. кандидаты (1980), доцент (1981), Қызылорда обл. Қазалы а.ш. тех-ын (1961), Мәскеудегі Бүкілодақтық заң институтын (сырттай, 1972) бітірген.

Еңбек жолын 1957 ж. «Жаңажол» ұжымшарында колхозшы болып бастаған. 1961-1971 ж.ж. Ақтөбе обл. а.ш. өндірісінің жоспарлау-есеп жүйесінде, Шалқар, Ырғыз ауд. а.ш. басқармаларында, обл. мал бордақылау тресінде қызметтер атқарды. 1971-1981 ж.ж. Қарабұтақ ауаткомы ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі, ауд. жоспарлау комиссиясының, а.ш. қызметкерлері кәсіподағы ауд. комитетінің төрағасы, 1981-1983 ж.ж. Ақтөбе Жоғары ұшқыштар училищесінде ауа құқығы пәнінен аға оқытушы, доцент болды. 1983-1984 ж.ж. Қазақтың сот сараптаушы ғылыми-зерттеу институтында аға ғылыми қызметкер (Алматы қ.) 1984-1991 ж.ж. «Басқүріш кеңшар-құрылысы» Бас басқармасында аға тексеруші, бақылау-тексеру бөлімі бастығының орынбасары, бастығы. 1991-1993 ж.ж. Қаз КСР Қаржы министрлігінде бақылау-тексеру басқармасының бас маманы, А.Ш. мин-нің «Қазгромелиосушар» республикалық өндірістік бірлестігінің экономика, қаржы және бухг-лік есеп басқармасының бастығы. 1993 ж. бері «Қазақ аудит», «Аудитжүйе», «Астана-Аудит» аудиторлық компанияларында бас директор. Сонымен бірге 1998 ж.-дан «Тұран» «Қайнар» университетінде доцент, Орталық Азия университетінде құқық кафедрасының мең-шісі жұмыстарын қоса атқарады. Қаз. Журналистер одағының мүшесі (1997). 23 ғылыми еңбектері жарияланған. Көптеген журналдар мен республикалық газеттердің тұрақты авторы.



*А.Құнтөлеуов*

*Шығ: Жастарға арналған праволық білім негіздері (автормен бірге). Алматы, 1985; «Аудиторлық қызмет» (авторлармен бірге.) Ақмола, 1997, «Аталар аруағы» (қысқаша тарихи ЭССС). Алматы, 1997, «Ұрпаққа Ұран – Бақтыбай» (тарихи деректер мен очерктер). Астана, 1998; «Бухгалтерский учет для начинающего предпринимателя», Практическое пособие (со автором). Астана. 1998; «Воздушное право: Методические указания», Ақтөбе, 1982; «Деловые люди столицы» (со автором). Ақтөбе. 1998 год.*

### ҚҰРАН ШЫҒАРУ

Хатым түсіру (араб.-хатм-ул-Құран) – Құранды бастан аяқ оқып, қайтыс болғандар үшін Алладан жарылқау тілеу. Шариғат бойынша Қ.ш. сауапты іс болып есептеледі. Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) хадисінде Құран оқудың артықшылығына қатысты: «Құран оқыңдар. Өйткені Қиямет күні ол өз иелеріне (оны оқыған кісілерге) шапағатшы болып келеді», – десе, тағы бір сөзінде: «Алламен сөйлескісі келген адам, Құран оқысын», – делінген. Құ-

ран оқып, дүниеден өткен ата-бабасы үшін Алладан жарылқау тілеу-мұсылман баласының қасиетті міндеті.

*А.Махат. ҚҰЭ, 6-том, 130-б.*

**ҚҰРМАНАЛИН Жоламан**

(1937 ж. Шалқар ауд. Байқадам ауылы). Ташкент инженерлік теміржол институтын бітірген. Еңбек жолын 1958 ж. Ақтөбе теміржол техникумын бітіргеннен кейін Шалқар жол дистанциясында жұмысшы болып бастаған, ол 1965 ж. Шалқар аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1971-1989 ж.ж. бөлім меңгерушісі, 1989-1991 ж.ж. аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 1991-1995 ж.ж. аудандық Кеңес төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Құрманалин Жоламан 1960 ж. артта қалған бригаданы алға шығару қозғалысына қатысып, еңбектегі жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған, бірнеше медаль иегері.

**ҚҰРМАНАЛИН Самат Бақытжанұлы**

(21.06.1971 ж.т. Шалқар ауданы, Байқадам ауылы), ғалым. Қорғантұз орта мектебін (1988), М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін (1994) үздік бітірген, тарих ғылымдарының кандидаты (1999), доцент (18.04.2003 ж.). Ғылыми ізденіс жұмыстарының негізгі бағыты – Кіші жүз тарихы, XVIII-XIX ғ.ғ. Қазақстан тарихы мәселелері. Кандидаттық зерттеу жұмысының тақырыбы – «1847-1858 ж.ж. Есет Көтібар-



*Ж.Ж.Құрманалин*



*С.Б.Құрманалин*



*Т.Құрманалин*

ұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс». 30-дан астам ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы. 1994 жылдан бері өзі оқыған университетте оқытушы, аға оқытушы, тарих кафедрасының меңгерушісі.

**ҚҰРМАНАЛИН Төлебай**

(10.05.1927 ж.т. Шалқар ауданы №1 ауыл), «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауылшаруашылығы қызметкері» (1973) Оңт. Қаз. обл. Қапыламбек малдәрігерлік техникумын, КОКП Орт. Комит. жанындағы Жоғарғы партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1943 ж. Әйтеке би (Қарабұтақ) ауданы Милі бастауыш мектебінде мұғалімдіктен бастады. 1947-1951 ж.ж. Қиыр Шығыстағы Советтік Гавань қаласында әскери борышын өтеді. 1951-1961 ж.ж. Қарабұтақ аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, отызмыңыншылар қатарында ұжымшар басқармасының төрағасы, аудандық Кеңес атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, «Ярослав», Партияның XX съезі атындағы кеңшарларында партком хатшысы, 1971-1986 ж.ж. Ырғыз аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы, ауатком төрағасы, 1986-1987 ж.ж. Қазақ КСР-нің Жерге орналастыру институтының Ақтөбе филиалында аға агроном болып еңбек етті. Ол облыстық парткомның мүшесі, обл. кеңес депутаты болып бірнеше рет сайланды.

Еңбек Қызыл Ту (екі мәрте), Халықтар Достығы ордендерімен, 6 медальмен марапатталған.

*«Ақтөбе» энциклопед., 533 б.*

**ҚҰРМАНОВ Әли**

(1901 ж., Шалқар ауд. – 1969, Алматы қ.) – әнші (тенор), жыршы, термеші, «Қаз КСР-нің еңбек сіңірген әртісі» (1936), Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің алғашқы домбырашыларының бірі.

20-шы ж-да Шалқарда театр үйірмесін ашқан, сонда «Қызыл сұңқарлар», «Бетім-ау, құдағи ғой», «Үш қонақ», «Салақ қыз» пьесаларын қойып, өзі басты рөлдерде ойнаған. Республикалық халық өнерпаздарының слетіне (1943 ж.), Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне (1936) қатысқан. «Әлидің өткір термесі, қолдарын неше саққа жүгіртіп, ойнақшытып, домбыраны қағуы,ән орында-

ғандағы шеберлігі, бай мимика Мәскеу тыңдаушыларының айызын қандырды» (А.Жұбанов).

А.Жұбановтың «Сары» пьесасында Қабыл ақынның рөлін ойнады (1940). Ұлы Отан соғысы ж-да майдан жауынгерлері арасында концерт берді. Репертуарында Мұхиттың, Қызылдың, Батақтың Сарысының әндері, Қаршығалы жыршының сазы, көптеген термелер, халық әндері «Әлди-ау», «Сусар-ай», «Молдабай», «Сүмбіл шаш», «Он алты қыз» сияқты халық әндері болды. Гастрольдік сапармен Мәскеуге, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанға барып, қазақ өнерін кеңінен насихаттаған мәдениет қайраткері.

*ҚҰЭ, 7 том, 49 бет. А.Жұбанов. «Замана бұлбұлдары». «Жазушы», 1975 ж.*

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, Ақтөбе, 2001, 533-534 беттер.*

### ҚҰРМАШЕВ Жұма

(1912 ж., Шалқар ауданы № 8 ауыл – 1987 ж., сонда), ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы.

ХХ ғ. 30-шы жылдарында Темір ауданында ұйымдастырылған «Алға» ұжымшарының төрағасы болып, сол кездегі ашаршылықта ауылдастарын аман алып қалу істерін ұйымдастыруда үлкен белсенділік көрсеткен. Ұлы Отан соғысына қатысқан (1941-1946).

1947-62 ж.ж. Матай жайылымында шаруашылық басқарған, аудандық жер бөлімінің төрағасы, «Кеңқияқ» ұжымшарының басшысы болған. Шахта



*Ә.Қ.Қуандықов*



*Жұма Құрмашев*



*Ж.Құрмашев*

кәсіптік-техникалық училищесінің директоры (1962-1966). «Құрмет Белгісі», I-II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдарымен марапатталған

### ҚҰРМАШЕВ
### Жангелді Айтуғанұлы

(08.08.1952 ж.т. Шалқар ауданы Шахта поселкесі). 1969 жылы Шахта орта мектебін бітіріп, Қостанай педагогикалық институтын тарих және қоғамтану мамандығы бойынша аяқтады. 1974-1978 ж.ж. Шахта поселкесіндегі №179 кәсіптік-техникалық училищесінде дәріс берді. 1978-1986 ж.ж. Шахта орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының орынбасары, 1986-1992 ж.ж. Мұғалжар аудандық білім бөлімінде әдіскер, Ембі қалалық орыс-қазақ орта мектебінің директоры, білім беру саласы қызметкерлері кәсіподағы аудандық Комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1992 жылдан Мұғалжар аудан әкімінің орынбасары қызметінде. ҚР Конституциясының 10 жылдығы құрметіне мемлекеттік медальмен, «Нұр Отан» ХДП төрағасының атынан Құрмет грамотамен марапатталған.

### ҚҰРЛЫҚТАҒЫ СУЛАР, МИНЕРАЛ БҰЛАҚТАР

Бұлақтар таулы жерде көп кездеседі. Мұғалжар тауында да өте көп. Бұл сулар таза, мөлдір және мұздай болып келеді. Өлкеміздің бұлақтарына: Таскөпір, Шілікті, Төсбұлақ, Шоқысу, Алтынқұдық, Ақбұлақ, Шилібұлақ, Шолақжиде, Сарыбұлақ, Қайнар, Көкжиде, Қосшыңырау, Тұщыкөлтабан, Бәймен жерлері жатады.

*Д. Төлебаева.*

### ҚҰСАЙЫНОВ Сәндіғали

(15.3.1916 ж.т. Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы Елтай ауылы – 2.2.2001, Ақтөбе қаласы), партия және кеңес қызметкері. 1936 ж. Ақтөбе зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын, 1942 ж. Ақтөбе мұғалімдер институтын, 1971 ж. КОКП ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебін бітірді. 1936-38 ж.ж. Байғанин ауданындағы мал емдеу орнының меңгерушісі болды. 1938-40 ж.ж. әскер қатарында, 1943-47 ж.ж. Новоресей аупарткомының хатшысы, 1947-51 ж.ж. осы ауданның «Қызыл қайың» кеңшарының директоры. 1951-69 ж.ж. облпарткомның а.ш. бө-

лімі меңгерушісінің орынбасары, Ключевой, Шалқар ауаткомдарының төрағасы, Ырғыз аупарткомының бірінші хатшысы, 1969-79 ж.ж. облаткомның бөлім меңгерушісі, ауыл шаруашылыы қызметкерлері кәсіподағы обл. комитетінің хатшысы. 1955-59 ж.ж. және 1959-63 ж.ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Облыстық Кеңестің депутаты болып сайланды. Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен, 7 медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталды.

### ҚЫЗДАР ШЫҚҚАН

Жердің аты. Бозой ауылдық округі территориясында. Бір топ қыз ұрын келген күйеулерімен жаяулап қырға шығып келеді. Мезгіл отамалы, қазіргі бесқонақ деп аталатын сәуір айының орта шені болса керек. Алдында ғана күн жаймашуақ, қыр басы толы қызғалдақ болатын. Жастар жеңіл киініп, көктем қызығына мәз болған еді. Биік қырдың басына шығып ойын дүкені қызған кезде кенет алай-түлей ақ боран болып, жастар бағдарынан айырылып қалады... Ертеңгілік жылқышылар үйме-жүйме болып мәңгілік ұйқыға кеткен жастарды тауып алады. Кейін барлығын бір қорымға жерлейді. Ел бұл биікті «Қыздар шыққан» деп атап кетеді.

### «ҚЫЗ ЖІБЕК» операсы Шалқарда

(Абай атындағы академиялық опера және балет театрының бас режиссері. КСРО және Қазақстан республикасы Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты. Қазақстанның халық әртісі, профессор Байғали Досымжановтың 1989 жылы 7 маусымда берген интервьюі):

– Әрине, біздің Шалқарға келетініміз жөнінде ел-жұрт түгел құлақтанған ғой деймін. Өйткені, кеше өзіңіз көрдіңіз, анау «Факель» стадионында 6 мыңның үстінде халық жиналып, біз қойған «Қыз Жібек» операсын тамашалады. Оның бағасын көрермен жұртшылық өздері бере жатар. Менің айтайын дегенім, бұл опера халық көңілінен жайлы орын тапқан, қай жерге барсақ та, қазақ өнерін шырқау биікке көтерген көркем туындылардың бірі. 1968 жылы біз «Қыз Жібекті» 1000-шы рет қойып, онда алғашқы қойылымда ойнаған әртістерді түгел қамтуға тырыстық. Ол да бір үлкен өнер мерекесіне айналып еді. Енді таяу арада бұл операның 1500-ші рет қойылуын атап өткелі отырмыз. Ал гастрольді басқарып келіп отырған өздеріңіздің жерлестеріңіз Базарғали Жаманбаев. Ол осындағы №1 мектепте оқып жүрген кезінде өзінің ерекше әншілік дарынымен Роза Бағланованың көзіне түсіп, 1959 жылы мектепті бітіртпей-ақ Алматыға алып кеткен. Базарғалидың содан кейінгі өмірі өнер әлемімен біте қайнасып келе жатыр. Ленинград консерваториясын бітірді. Болгарияда болып, дирижерлік өнердің қыры мен сырын үйреніп қайтты. Қазір Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор, осы опера және балет театрының директоры. Оны сайлап қойған да театр ұжымы.

Ал, өз басым осы уақытқа дейін қырықтан астам операда ойнадым. Шетел, Совет Одағы және Қазақ композиторларының классикалық туындыларында басты рольдерде ойнадым. Кейінірек режиссерлік жұмысқа біржола ден қойдым. Одан бері де 20-дан астам операны сахнаға шығардым. Мұнымен бірге Қазақстанның 50-60 жылдық юбилейіне арналған Алматы және Мәскеудің Кремльдегі съездер Сарайында өткен мерекелік концерттерді басқардым. Қазір өз жұмысыма қоса консерваторияда сабақ беремін.

Әрине, уақыт өткен сайын біздің орнымызды жастар басып келеді. Оларды тәрбиелеу біздің ардақты борышымыз. Өйткені, балет әртістері 35-37 жасында, ал әншілер 50 жастан кейін-ақ негізгі мамандығымен қош айтысады. Бұл – өнерге қойылар биік әрі қатаң талап. Міне, сондықтан да «Қыз Жібектің» бұл жолы қойылымында өңкей талантты жастар ойнайды. Оларды бірбірінен жеке-дара бөліп айту қиын. Мысалы, бұл жолы Жібек партиясын Нұржамал Үсенбаева, Төлеген партиясын Мұрат Шалабаев, Бекежанды Бақытжан Ысқақов, Шегені Қанат Омарбаев орындады.

Өзіңіз білесіз, біз бұрын тек қана ірі қалаларда өнер көрсетіп жүрдік. Көптеген шетелдерде болдық. Осыдан бірер жыл бұрын Лейпциг, Дрезден қалаларында көрсеткен өнерімізге неміс халқы шын жүректен шыққан бағаларын берді. Қарап отырсақ, біз өз халқымыздан шеттеп бара жатқан сияқтымыз. Міне, Шалқар

жеріне сапарымыз осы бір олқылықтың орнын толтыру мақсатынан туған еді. Атап айтайын, бұл Қазақ опера және балет театрының аудандарға жасаған алғашқы сапары. Біз Шалқардан кейін тағы да бір-екі ауданда болып, Ақтөбеде өнер көрсетеміз. «Қыз Жібек» өнер мерекесінің беташары. Ал концерттің екінші бөлімінде жекеленген әртісіміз өнер көрсетеді. Мұнда ән де, күй де, би де бар. Махмұд Тобажанов домбырамен ән шырқайды, өздеріңіздің жерлестеріңіз Сәдуақас Балмағанбетов Қазанғап күйлерін шертеді. Ал Ермек Серкебаев пен Бибігүл Төлегенова сияқты тарландарымыздың жеке концерті болады. Таяуда ғана «Қазақстан аруы» атанған Сәуле Рахметованың да өнері көпшілік көңілінен шығады деп ойлаймыз.

Біз Шалқарға 90-дай адам келіп отырмыз. Келгендегі тұрмыс-тіршілікті былай қойғанда, спектакльді қоюға қажетті құрал-жабдықтардың өзін алып жүруге қаншама техника, көлік керек, оны орнатуға да үлкен күш пен шеберлік керек. Спектакльдің ашық далада қойылуының да бір себебі осында жатыр. Оның үстіне 600 орындық мәдениет үйінде (басқа кейбір аудандарда 300 орындық) бүкіл халықты қамту мүмкін емес.

Біздің театр ұлттық операға ең бай театр. Басқа республикаларда олай емес. Төл туындыларымыз «Алпамыс», «Біржан-Сара», «Ер Тарғын», «Қамар сұлу», «Құрманғазы», «Еңлік-Кебек», «Жалбыр», «Жұмбақ қыз», «Ақан сері» опералары біздің ұлттық мақтанышымыз. Қазір композитор Базарбай Жұманиязов «Махамбет» операсын аяқтады. Биыл күзде оны сахнаға шығармақ ойы бар. Ендігі мақсат ұлттық балет өнерін дамыту болып отыр. Қазірдің өзінде Алмас Серкебаев «Ақсақ құлан», Тимур Мыңбаев «Фреска» балеттерін жазды. Ғазиза Жұбанованың «Қарагөз» балетін де келер жылдың басында көрермен таразысына салмақ ойымыз бар. Рас, балаларға арналған балеттер («Үш торғай», «Доктор Айболит», «Алтын кілт», «Сиқырлы музыка») әзір баршылық. Енді қазақ ертегілеріне байланысты балеттер жазылу қолға алынып жатыр. Бұған тақырып жеткілікті.

Соңғы сұрағыңызға орай айта кетейін. Біздің театрда 670 адам жұмыс істейді. Оның 300-і творчество адамдары. Атап айтқанда симфониялық оркестрдің құрамында – 90 адам, хорда – 80 адам, балетте – 85 адам жұмыс істейді. Мұнымен бірге 50 солист, 15 көркемдік жетекші бар. Сонымен қатар тігін, бутафория, күзет, т.б. цехтарда жүздеген адам еңбек етеді. Өнерді мақсат еткен екенсің – басқа дүниені мансұқ етесің.

*М.Есмағанбетов.*

## ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ

Тағы бір ғасыр – XX ғасыр тарих қойнауына енді. Оның өн бойына ой жүгірткенімізде қалың қатпарлары мен бел-белестері арасынан небір құпия сырларға тап боласыз. Солардың ішінде жанымызды ауыртып, жүрегімізге салмақ салатын жәйттердің де бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Тарихымыздағы сондай кезеңдердің бірі – өткен ғасырдың отызыншы жылдардағы ойраны. Ақтөбе облысынан ғана 5000-нан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, тірлік тауқыметін тартқан. Олардың арасында ары таза, іліп алар кінәсі жоқ атпал азаматтарымыздың көп болғанына бүгінгі күні шек келтіруге ешкімнің де қолы көтеріле қоймас.

Әрине, қуғын-сүргіннің қасіреті жеткілікті. Талай әйел мезгілінен бұрын жесір атанып, көзі жәудіреген талай сәбилер әке алақанының жылуын тіпті де сезінбей өсті. Қуғындалғандардың отбасы бітпес үрей, басылмайтын қорқынышпен өмір сүрді.

Тарихқа тереңірек толғана қарағанда осының бәрін біз жақсы сезінеміз.

Шалқар өңірі де қазақ халқына бүйідей тиген бұл зұлматтан тыс қала алмады. Айрандай ұйып отырған аз ғана халқы бар ауылдардың өзінен «Халық жауын» табу қиынға түспеді. Олар еңбекпен түзеу колониясына жіберілді, ұзақ мерзімді лагерьлерге айдалды, ату жазасына бұйырылды.

1997 жылы Елбасы «Жалпы ұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Жылын» жариялап, жазықсыз жапа шеккен сол бір азаматтардың аруағына тағзым ету мүмкіндігін жасады.

Қазіргі уақытта біз жыл сайын мамыр айының 31 жұлдызында қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, Аза күні деп жария еттік.

«Тарихты түгендеу қашанда оңай емес. Тарих ғылымының кандидаты, профессор «Шалқар

ауданының құрметті азаматы» Зәкіраддин Байдосов қыруар еңбек жасап, арыстарымызды қайта тірілткендей жұмыстар жүргізді. Соның нәтижесінде қуғын-сүргін құрбандарының тізімі қолға алынды.

### *СОЛ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ:*

**АГАРЫЧЕВ Яков Степанович** – орыс, 1910 жылы Кишиневте туған. Орынбор темір-жолы Шалқар станциясында ОДТО бастығы. 02.02.40 жылы НКВД шешімімен 2 жылға бас бостандығынан айрылған. 28.05.92 жылы ҚР Бас прокуратурасы ақтаған.

**АЙДАРБЕКОВ Мендібай** – қазақ, 1896 жылы Шалқар қаласында туған. Шалқар станциясы асыл тұқымды мал шаруашылығында қара жұмысшы. 20.11.1937 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «Кеңеске қарсы насихаты үшін» ату жазасына кесілген. 28.06.63 жылы Батыс Қазақстан өлкелік сот шешімімен ақталған.

**АЙТАНАСОВ Қалдан** – қазақ, 1897 жылы Шалқар ауданының 3 ауылда туған. Сонда «Шетырғыз» серіктестігінің мүшесі. 19.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен контрреволюциялық ұйымға мүше ретінде ең жоғары жазаға кесілген. 17.03.89 жылы облыс прокурорының шешімімен ақталған.

**АЙТҚОЖИН Бекжан** – қазақ, 1892 жылы туған. 19 ауылда артель мүшесі. 22.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен атылған. 1989 жылы 16 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығымен ақталған.

**АЙЫМҚҰЛОВ Жақан** – қазақ, 1887 жылы Шалқар ауданы 16 ауылда туған. Колхозшы. 22.06.40 ж. НКВД жанындағы ЕМ шешімімен контррев. үгіті үшін 8 ж. ЕТЛ-ға айдалған. 31.01.90 жылы облыстық прокуратура шешімімен ақталған. Екінші рет 21.01.41 жылы Қарағанды облысы сот бөлімінің шешімімен 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалған. 24.07.89 жылы обл. пр. шешімімен ақталды.

**АҚБОЛАТОВ Ғабдеш** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауданында туған. 15 ауылда жеке шаруа. 10.10.37 жылы Ақтөбе облысы УНКВД Үштігі шешімімен контррев. ұлтшыл ұйымға қатысқаны үшін ең жоғары жазаға берілген. 24.01.90 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**АЛДАНАЗАРОВ Жанұзақ** – қазақ, 1863 жылы Шалқар ауданы 18 ауылда туған. Сонда мешіт молдасы. 19.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен зиянкестік қызметі үшін ең жоғары жаза берілген. 23.05.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**АЛДАШЕВ Ауылбай** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауданы 11 ауылда туған. Ауылдық кеңестің төрағасы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 8.05.61 жылы Обл. сот. Пред. қаулысы шешімімен ақталған.

**АЛДАШЕВ Жайылхан** – қазақ, Шалқар ауданы 12 ауылда туған. Сонда серіктестік мүшесі. 19.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен контррев. ұйымы мүшесі және зиянк. үгіті үшін ату жазасына кесілген. 29.05.89 жылы Обл. прок. шешімімен ақталған.

**АЛҚАМБАЕВ Қамаш** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауданы 17 ауылда туған. 01.11.37 жылы Обл. сот ар. ком. шешімімен 20 жылға бас бостандығынан айрылған. 22.05.56 жылы Қаз. ССР Жоғары Сот Қылмысты іст. бойынша Сот коллег. шешімімен ақталған.

**АЛТЫНОВ Өтеш** – қазақ, Шалқар ауданы 23 ауылда туған. Мал өсіруші. 20.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіті үшін» ең жоғары жазаға кесілген. 22.05.89 жылы Обл. пр. ақталған.

**АМАНИЯЗОВ Оразмағамбет** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауданында 4 ауылда туған. Шалқар ст. вагон жөндеу депосының жұмысшысы. 08.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіті үшін» ату жазасына кесілген. 19.06.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**АМАНИЯЗОВ Рахым** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. «Жиделі» арт. мүшесі. 8.08.37 жылы Шалқар ауданы УНКВД шешімімен астыртын үгіті үшін тұтқындалған. 16.10.37 жылы қолхатпен босатылған. 14.03.90 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған. Екінші рет 1943 жылы әскери трибунал шешімімен ең жоғары жазаға кесілген. 24.04.92 жылы Москва әскери пр. шешімімен ақталған.

**АНЕНКОВ Дмитрий Филиппович** – орыс, 1907 жылы Орынбор обл. Сакмара с. туған. Шалқар ст. депода слесарь. 26.02.43 жылы 10 жылға сотталған. 15.07.62 жылы КСРО Әскери Сот Кеңесі шешімімен ақталған.

**АРҒЫНБАЕВ Қоңырбай** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 23. ауылда туған. «Жиделі» ТОЗ-ның төрағасы. 26.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен контр-рев. Топ ұйымд. үшін ең жоғарғы жаза берілген. 29.05.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**АРЫСТАНОВ Қоянбай** –қазақ, 1874 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Бершүгір ст. санаторий жұмысшысы. 30.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіті үшін» ең жоғары жаза берілген. 28.06.89 жылы Обл.пр. шешімімен ақталған.

**АСҚАРОВ Өтемұрат** – қазақ, Шалқар ауданында туған. 15 ауылда ТОЗ мүшесі, 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 08.05.61 жлы Обл. сот шешімімен ақталған.

**АСҚАРИН Атарбай** – қазақ, Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Ауыл кеңесінің төрағасы. 17.02.33 жылы Обл. сот шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айрылған. 07.10.58 жылы ҚазССР Жоғ. Сот колл. шешімімен ақталған.

**АТАШЕВ Әлжан-Әлібек** – қазақ, 1899 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Бершүгір шахт. жұмысшысы. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. ұлтшыл үгіт жүрг. үшін» 10 жыл ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы Обл.пр. шешімімен ақталған.

**АХМЕТОВ Орынбасар** – қазақ, 1894 жылы Қарабұтақ ауданы 1 ауылда туған. Шалқар ст. жұмысшысы. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен зиянк. жұмысы үшн 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 07.05.90 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**АХМЕТОВА Алмаш** – қазақ, 1915 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Қара жиде» колхозының колхозшысы. 24.09.45 жылы НКВД жанындағы ЕМ шешімімен «Отанына опасыз семья мүшесі» ретінде Ақт.обл. ауд-ның біріне 5 жылға жер аударылған. 29.08.89 жылы Обл.пр. шешімімен ақталған.

**АЯПОВ Мұхамедияр** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауданы 1 ауылда туған. Шалқар ст.слесарь. 08.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен контррев. ұйым мүшесі ретінде ең жоғары жаза берілген. 23.06.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**ӘБДИЕВ Қалмағанбет** – қазақ, 1882 жылы Шалқар ауданында туған, 13 ауылда есепші, 20.03.34 жылы Үштіктің шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 08.05.61 жылы Обл. сот шешімімен ақталған.

**ӘЗБЕРГЕНОВ Есенжол** –қазақ, 1876 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Айшуақ» серікт. мүшесі. 20.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кең.қарсы топқа қатысушы» ретінде ең жоғ. жаза берілген. 22.05.57 жылы Обл. сот през. Қаулысы шешімімен ақталған.

**ӘЗБЕРГЕНОВ Есенжол** –қазақ, 1878 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Малшы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешмімен Қарағанды обл. 3 жылға жер аударылған. 8.05.61 жылы Обл. сот шешімімен ақталған.

**ӘЙТЕКЕНОВ Балкерей Байзақұлы** – қазақ, 1905 жылы Бат. Қаз.обл Барбастау а. кең-де туған. Шалқар ауданының 15 ауылында сушы. УНКВД ЕМ шешімімен «контрев. қызм. үшін» 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 22.05.89 жылы ОБЛ. пр. ақтаған.

**ӘЙТЕКЕНОВ Байман** – қазақ, 1896 жылы Шалқар ауд. 18 ауылда туған. А.ш. Серікт. хатшысы. 26.06.37 жылы Обл. сот шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 05.06.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**ӘЛМҰРАТОВ Сағымбай** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 18 ауылда туған. А.ш Серікт. хатшысы. 26.06.37 жылы Обл сот. шешімімен 7 жылға бас бостандығынан айрылған. 04.11.92 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**ӘЛНИЯЗОВ Бисен** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 5 ауылда туған. Малшы. 15.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. ұйымға қатысқаны үшін» және «дұшп. жұм. үшін» айыпталған. 23.06.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**ӘЛНИЯЗОВ Бисен** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 5 ауылда туған. Колхоз мүшесі. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кеңес өкіметіне жау пиғылы» үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 18.11.64 жылы Батыс Қаз. өлкелік сот през. шешімімен ақталған.

**ӘЛНИЯЗОВ Омар** – қазақ, 1903 жылы Шалқар ауд. 2 ауылда туған. Бершүгір ст. карьер меңгер. 09.02.38 жылы КСРО ЖС Әскер.колл. шешімімен ақталған.

**ӘЛСЕЙІТОВ Орда** – қазақ, Шалқар ауд. 3 ауылда туған. «Шетырғыз» серіктест. мүшесі. 19.10.37 жылы УНКВД Үштігі

шешімімен контрев. ұлтшыл ұйымға мүше ретінде ең жоғ. жаза берілген. 17.03.89 жылы Обл. пр. шешімімен ақталған.

**ӘЛІБЕК Көптілеу** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Шаруа ЖС. Әск. колл. шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 15.02.58 жылы ЖС шешімімен ақталған.

**ӘЛІМОВ Асқат Ысмағұлұлы** – қазақ, 1913 жылы Шалқар ауданында туған. Шұбарқұдық ст. пар. отд. паровоз диспетчері. 17.12.44 жылы Орынбор т.ж. Әск. триб. шешімімен 5 жылға бас бост. 2 жыл тұру құқынан айрылған. 21.06.90 жылы Қаз. КСРО ЖС сот колл. шешімімен ақталған.

**ӘЛІМОВ Аяш** – қазақ, 1895 жылы Шалқар ауд. туған. Шалқар т.д. ст. жұмысшы, 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қызм. үшін» ең жоғ. жаза берілген. 30.07.89 жылы обл. пр. шешімімен ақталған.

**ӘМІРӘЛИЕВ Қуанышбай** – қазақ, 1869 жылы Шалқар ауд. 12 ауылында туған. Бақташы. 15.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен контррев. ұйым мүшесі ретінде 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 28.06.59 жылы обл. пр. шешімімен ақталған.

**БАЙҚАНОВ Бірмағамбет** – қазақ, 1872 жылы Шалқар ауд. туған. 17 ауылда ТОЗ мүшесі. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен тұтқында болған мерзімі есепке алынып, жазалау шарасы шектелген. 08.05.61 жылы обл.сот шешімімен ақталған.

**БАЙРОВ (Байыров) Мұхамбет** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 14 ауылында туған. Шалқар қаласында тұрған. Жұмыссыз. Орынбор т.ж. ГУГБ НКВД шешімімен 58-10, 1 б бойынша айыпталған. Соттың шешімі жоқ. 21.05. 90 жылы обл.пр шешімімен ақталған

**БАЙЛЕПЕСОВ Байнияз** – қазақ, 1896 жылы Шалқар ауд. 22 ауылда туған. «Көкала» серіктестігінің төрағасы, 17.08.37 жылы сот коллегиясының шешімімен 3 жылға бас бостандығынан айрылған. 15.01.60 ж. Қаз. ССР ЖС шешімімен ақталған.

**БАҚТЫБЕРГЕНОВ Медеубай** – қазақ, 1889 жылы Шалқар ауд. 2 ауылында туған. 1.08.33 жылы Қаз.ПП ОГПУ Үштігі шешімімен 58-2, 1 б. бойынша 8 жылға бас бостандығынан айрылған. 05.02.58 жылы Қаз. КСР ЖС қаулысымен ақталған.

**БАҚТЫБЕРГЕНОВ Темірбай** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 11 ауылында туған. Шалқар ст. пеш салушы 22.04.38 жылы Орынбор обл. бойынша УК УНКВД Үштігі шешімімен «контррев.рев, қызм. үшін» ең жоғ. жаза берілген. 24.07.89 жылы обл. пр. шешімімен» ақталған.

**БАЛПАҚОВ Алағозы** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 22 ауылында туған. 24 ауылда артель мүшесі. 23.01.38 жылы Шалқар РО УНКВД шешімімен «контррев. қылм. үшін» тұтқындалып, 21.02.38 жылы босатылған. 21.03.90 жылы ақталған.

**БАТЫРОВ Омар** – қазақ, 1912 жылы Шалқар ауд. 7 ауылында туған. Мұғалім. 19.04.38 жылы Арн. колл. Шешімімен 58-10 б. бойынша айыпталған. 26.05.38 жылы обл. сот шешімімен ақталған.

**БАХАЕВ Мұқан** – қазақ, 1869 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. 3 ауылда серікт. мүшесі. 19.10.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. «контррев. мүшесі» ретінде ең жоғ.жаза берілген. 17.03.89 жылы обл. пр. шешімімен ақталған.

**БӘЖІКОВ Тілеу** – қазақ, 1889 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. «Көкжар» колхозының мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қызм. үшін» ең жоғ. жаза берілген. 23.05.89 жылы обл.пр. шешімімен ақталған.

**БӘЙІМБЕТОВ Өтеш** – қазақ, 1872 жылы Шалқар ауд. 13 ауылында туған. «Сарғора» серікт. мүшесі 20.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен а.с. топқа қатыс. ретінде ең жоғары жаза берілген. 22.05.57 жылы обл. сот. Президиумының Қаулысымен ақталған.

**БӘЙІМБЕТОВ Сәрсен** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 12 ауылында туған. «Сарғора» колның мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қызм. үшін» ең жоғ.жаза берілген. 23.05.89 жылы обл. пр. шешімімен ақталған.

**БӘСЕНОВ Ілияс** – қазақ, 1908 жылы Шалқар ауд. 3 ауылында туған. «Екінші бесжылдық» кол-да қатардағы к-шы. 07.03.38 жылы обл.сот шешімімен 58-10, 1б. бойынша 7 жылға бас бостандығынан айрылған. 5.05.38 жылы КСРО ЖС ұйғаруымен үкім өзгертілген.

**БЕКЖАНОВ Хакім Ғаниұлы** – қазақ, 1911 жылы Пенза кол-да туған. Шалқар қаласында лимонад цех. меңгерушісі. 26.06.38 жылы айыпталған. 04.12.38 жылы іс тоқтатылған. 14.05.90 жылы обл.пр. ақтаған.

**БЕКМУРЗИН Сары** – қазақ, Шалқар ауд. 19 ауылында туған. Жеке шаруа. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіт жүр. үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 25.05.56 жылы обл.сот презид. ақтаған.

**БЕКНИЯЗОВ Мұхамеджан** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 15 ауылында туған. «Жиделі» арт. мүшесі. 08.08.37 жылы Шалқар АБ УНКВД шеш. Ас. үгіті үшін тұтқындалған. 14.03.90 жылы обл. пр. шешімімен ақтаған.

**БЕКНИЯЗОВ Нұрболды** – қазақ, 1899 жылы Шалқар ауд. 17 ауылында туған. Ст. жұмысшысы. 22.04.38 жылы Орынбор облысы УНКВД Үштігі шешімімен зиянкес. қызметі үшін ең жоғ. жаза берілген. 24.07.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**БЕРДІМАҒАМБЕТОВ Нұғыман** – қазақ, 1921 жылы Шалқар ауд. 12 ауылында туған. Әскер. қыз. 24.01.50 жылы Оңт. Ур. Әскер тр. Сот шеш. 25 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 17.12.93 жылы ЖС През. қаулысы ақтаған.

**БЕРКІМБАЕВ (Құлназаров) Достияр** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 10 ауылында туған. К-шы. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен кр. үгіті үшін мүлкі кәмпес.ату жазасына кесілген. 29.05.89 жылы обл.пр.ақтаған.

**БЕРМҰХАМБЕТОВ Нұрфазыл** – қазақ, 1896 жылы Торғай ауданында туған. Шалқар қаласында РКП(б) хатшысы. 05.03.38 жылы ең жоғ. жаза берілген. 12.08.92 ж. ҚР Бас пр., ақтаған.

**БЕРІСТЕМОВ Тәжібай** – қазақ, Шалқар ауд. 5 ауылында туған. Ст-да жол көрсетуші. 28.05.42 жылы Орынбор т.ж. Әскер пр. шеш. айыпталған. 29.06.42 жылы Орынбор т.ж. НКВД қаулысы ақтаған.

**БЕРТАҒИН Бақтыбай** –қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 5 ауылында туған. Шалқар ст. дайын. контр.жұм. 15.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 21.04.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**БЕРІМБЕТОВ Иманғазы** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 8 ауылында туған. «Сүттікөл» к-да мүше. 17.03.41 жылы обл. сот шшімімен 5 жылға бас бостандығынан айрылған. 10.12.92 жылы обл. пр. ақтаған.

**БЕРІМБЕТОВ Нұрмағамбет** – қазақ, 1889 жылы Шалқар ауд. 8 ауылында туған. «Сүттікөл» к-да мүше. 17.03.41 жылы обл. сот шешімімен 3 жылға бас бостандығынан айрылған. 10.12.92 жылы обл. пр.ақтаған.

**БИЖАНОВ Күміс** – қазақ, 1907 жылы Шалқар ауд. 2 ауылында туған. Жұмыссыз. 28.04.45 жылы КСРО НКВД жанындағы ЕМ шеш. «Отанына опасыз семья мүш.» ретінде Ақтөбе облысы ауд-ның біріне 5 жылға жер. ауд. 29.08.89 ж. обл.пр. ақтаған.

**БИСӘЛИ (Бесәлиев) Мұқаш** – қазақ, 1890 жылы Гурьев қаласында туған Шалқар ст. дист. жолда есепші. 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 16.11.92 жылы обл. пр.ақтаған.

**БИСЕНӘЛИН Жұбатқан** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 23 ауылда туған. Райзаг конторында бухгалтер. 25.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен а.с.үгіт үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 19.06.89 жылы обл.пр. ақтаған.

**БОЖКО Иван Семенович** – украин, 1910 жылы Новоресей ауд. Задонск поселкесінде туған. Шалқар ст. маш. 23.01.46 жылы отанын сатқан деген күдікпен ұсталған. Іс 12.02.46 жылы тоқт. 18.06.90 ж. обл.пр. шеш. ақтаған.

**БОЖОВСКИЙ (Божевский) Леонид Михайлович** – орыс, 1894 жылы Волынск губ. Лушнода туған. Шалқар ст. депо маш. 14.04.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. 24.01.58 жылы ақталды.

**БОҚАНОВ Сатыбалды** –қазақ, 1899 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. «Ленин» к-ның мүшесі. 10.10.37 ж. УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қызм. үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 23.05.89 жылы обл. пр. ақтады.

**БОЛДАСОВ Дәмжан** – қазақ, Шалқар ауд. 10 ауылда туған. Кол-шы. 21.08.43 жылы КСРО НКВД жанындағы ЕМ шешімімен Қостанай обл. 5 жылға жер аударылған. 29.08.89 жылы обл. пр. шешімімен ақтаған.

**БОРАНҚҰЛОВ Қожағұл** –қазақ, 1892 жылы Бат. Қаз.обл. 12 ауылында туған. Шалқар ауд. парторг. УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. жұмыс үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 27.03.58 жылы обл.сот шешімімен ақтаған.

**БОСНАЗАРОВ Айтуған** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауданында туған. Тері жинаушы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жыл ЕТЛ-ға айдалған. 8.05.61 жылы обл. сот. ақтаған.

**БӨЛЕКБАЕВ Жарасбай** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 22 ауылында туған. «Кеңқияқ» колх. төрағасы. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 01.07.57 жылы обл.сот през. ақтаған.

**БУГА Иван Абрамович** – украин, 1885 жылы Шалқар ауд. Тоғыз ст. туған. 17 колх. колхозшы. УНКВД шешімімен 15.09.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілген. 22.05.89 жылы Обл.пр. ақтады.

**БҰХАРБАЕВ Алмағанбет** – қазақ, 1869 жылы Шалқар ауд. 19 ауылында туған. «Қараша» серікт. мүшесі. 25.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен а.с. үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы обл.пр. ақтаған.

**БҮРКІТОВ (Есенжолов) Жұмағали** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 11 ауылында туған. Карьерде жүк тасушы. 23.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіті үшін» мүлкі тәркіленіп, ең жоғ. жазаға кесілген. 29.05.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**БҮРКІТОВ Оралмағанбет** – қазақ, 1895 жылы Шалқар ауд. 4 ауылында туған. Малшы. 25.12. УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. топқа қатысқаны үшін» 10 ж. ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**БІРІМЖАНОВ Дәулет** – қазақ, 1889 жылы Шалқар ауд. 25 ауылында туған. Жұмыссыз. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. зиян. үшін» ең жоғ. жаза кесілген. 23.06.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ВАЛЬДИНГЕР Праудин Рудольф Иванович** – неміс, 1889 жылы Венгрияда туған. Шалқар ст. маш. УНКВД Үштігі шешімімен 17.10.38 жылы «тыңшылығы үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 28.04.89 жылы ақтады.

**ВАГНАТОВ Александр Павлович** – орыс, 1885 жылы Куйбышев облысында туған. Шалқар ст. шеберх. мең. 25.12.37 жылы «тыңшылығы үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 20.06.67 жылы Приволжье ӘО-да ақтады.

**ВИТУХОВ Сергей Григорьевич** – орыс, 1891 жылы Пенза обл. Николаев ауданында туған. Шалқар жол. дистан. пешші. 28.03.41 жылы Орынбор т.ж.лин. Соты 6 жылға бас бостандығынан айырды. 27.06.90 ж. ақталды.

**ВЯЗЕМ Александр Христианович** – орыс, 1894 жылы Нейцюрихте туған. Бершүгір шах-да бас бух. орынбасары. 14.08.37 жылы зиянкест. үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Бат. Қаз. өлкелік соты 01.03.63 жылы ақтады.

**ГАШИН Иван Владимирович** – орыс, 1898 жылы Куйбышевте туған. Шалқар ст. дайындау цех. шебер. 26.02.43 жылы Орынбор Әск. Тр. 10 жылға соттады. 15.07.62 жылы КСРО Әск. Кең. соты ақтады.

**ГЕЙМАН Алексей Васильевич** – орыс, 1910 жылы Ленинград қаласында туған. Шалқар ст.деп. электромонтер. 17.10.33 жылы «тыңшылық жолымен отанын сатқаны үшін» УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. Обл.пр. 25.04.89 жылы ақтады.

**ГЕНРИХСОН Александр Робертович** – еврей, 1900 жылы Архангельск обл. Двиск қаласында туған. Шалқар ст. депо токарь. Обл сот 20.10.48 жылы 8 жылға соттаған. 25.04.90 жылы ақтады.

**ГОЛИК Николай Назарович** – орыс, 1917 жылы Маньчжурияда туған. Шалқар ст. қоймашы. НКВД шешімімен 25.12.37 жылы ас. үгіті үшін 10 жылға сотталған. 24.07.89 жылы ақтады.

**ГРЕДЯКИН Борис Константинович** – орыс, 1898 жылы Владивосток қаласында туған. Шалқар қ. Тәж. Ст. машинисі. 20.03.37 жылы әлеуметтік қауіпті элемент ретінде Ленинград қаласынан Қазақстанға 5 жылға жер аударылған. Обл.пр. 12.02.90 жылы ақтаған.

**ГУРШИН Николай Никитович** – орыс, 1912 жылы Шалқар қаласында туған. Автобаза шоферы. УНКВД Үштігі шешімімен 12.10.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. 27.02.57 жылы Оңтүстік Ур. Әскер. Тр. ақтады.

**ҒИМРАНОВ Хаджи** – татар, 1914 жылы Тат. АССР Тоқаев ауд. Мамышшами д-да туған. Шалқар ауд. тұт. одағ. қойма меңг. 25.11.37 жылы тұт. кооп. жүйесіндегі іріткі салу жұм. үшін айыпталды. Обл.пр. 28.04.90 жылы ақтады.

**ДАНАБЕКОВ Жалмағамбет** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауданында туған. Жұмыссыз. 13.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қыз. үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 29.05.89 жылы Обл. пр. ақтады.

**ДАУЫЛОВ Бекнияз** – қазақ, 1867 жылы Шалқар ауд. 13 ауылында туған. Жұмыссыз. 03.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. 29.05.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ДӘРІБАЕВ Әлен** – қазақ, 1861 жылы Шалқар ауд. 2 ауылында туған. 20.08.37 ж. УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 22.05.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ДӘУЛЕТИЯРОВ Төлеусары** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. Серікт. төрағасы. 03.09.37 жылы УНКВД Үш-тігі шешімімен «контррев. қызм. үшін» ең жоғары жазаға кесілді. 23.05.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ДӘУЛЕТОВ Қонар** – қазақ, Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Малшы. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 13.01.58 жылы обл.сот ақтаған.

**ДӘУЛЕТОВ Нұртуған** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 24 ауылда туған. «Жаңа қоныс» кол-ның мүшесі. 15.03.37 жылы обл.сот шешімімен 3 жылға бас бостандығынан айырған. 07.12.92 жылы обл.пр.ақтады.

**ДӘУЛЕТОВА Дәмет** – қазақ, 1914 жылы Шалқар ауд. 24 ауылда туған. Үй шар. әйел. 21.07.43 жылы «отанына опасыз семья мүшесі» ретінде Қостанайға 5 жылға жер аударылды. 22.08.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ДЕДИК-Дедиков Павел Герасимович** – орыс, 1888 жылы Воронеж обл. Козинка сел-да туған. Шалқар ст-да деподa жұмысшы. 20.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға сотталды. 15.11.89 ж. обл. пр. ақтады.

**ДЕМЕСІНОВ Мұқанай** – қазақ, 1883 жылы Шалқар ауданы 16 ауылында туған. «Астауқұл» к-ның бригадирі. 22.06.40 жылы «контррев.үгіті үшін» 8 жылға сотталған. 21.01.90 жылы обл. пр. ақтады.

**ДЕМИН Сергей Иванович (немесе Соловьев Владимир Моисеевич, немесе Гришкин Николай Маркович)** – орыс, 1907 жылы Орлов губ. туған. Шалқар ст. жұм. Обл. сот шешімімен 29.09.43 жылы 10 жылға сотталды. 15.10.56 жылы Қаз. КСР Жоғ. Кең. През. ақтады.

**ДЕНКЕВИЧ Иван Борисович** – орыс, 1878 жылы Куйбышев қаласында туған. Шалқар ст. 4 разъезд бастығы. 28.10.35 жылы Орынбор т.ж. соты 6 жылға соттады. ҚР Бас пр. 10.06.92 жылы ақтады.

**ДЕРЕВЯНЧЕНКО Григорий Андреевич** – украин, 1901 жылы Харьков обл. Марковка селосында туған. Шалқар ст. шебер. Орынбор т.ж. Әскери тр. 13.04.44 жылы 8 жылға бас бостандығынан айырған. 23.10.46 ж. ақтады.

**ДЕРЕЧИН Дмитрий Федорович** – орыс, 1902 жылы Воронеж обл. Андреев ауд. туған. Шалқар ст.стрелкашы, УНКВД Үштігі шешімімен 03.11.37 жылы «контррев. қыз. үшін» 10 ж. ЕТЛ-ға жазаланған. Обл.сот.през. 29.06.60 жылы ақтаған.

**ДОБРОВ Федор Иванович** – орыс, 1901 жылы Ойыл пос. туған. Шалқар ст.жұм.. УНКВД Үштігі шешімімен 08.02.38 жылы «контр рев. ұйымға мүше болғаны үшін» ең жоғ. жазаға кесілген. Обл. пр. 09.06.89 ж. ақтады.

**ДОЛМАТОВ Петр Гаврилович** – орыс, 1905 жылы БССР, Назаровка селосында туған. Шалқар ст. кезекшісі. 16.12.37 жылы желілік сот 5 ж. ЕТЛ-ға кесті. Обл.пр.25.06.89 ж. ақтады.

**ДОМАЛАҚОВ Тілеу** – қазақ, 1873 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Ақыш» серікт. мүшесі. 14.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. ұйым мүшесі» ретінде ең жоғ. жазаға кесілді. 29.05.89 ж. обл.сот ақтады.

**ДОМШАНОВ Ахметқали** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. «Қараша» серікт. мүшесі. 30.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев.үгіті үшін» 10 ж. ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы обл. пр.ақтаған.

**ДОНАШЕВ Ыбраш** – қазақ, 1881 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кеңеске қарсы насихаты үшін» 10 ж. ЕТЛ-ға айдалды. 29.08.89 жылы обл.пр. ақталды.

**ДОРОШИН Лаврентий Поликарпович** – орыс, 1895 жылы Орынбор обл. Медведко селосында туған. Шалқар ст.слесарь. 25.04.40 жылы «кеңеске қарсы әңгімесі үшін» 3 ж. ЕТЛ-ға жазаланды. 23.08.64 жылы ақталды.

**ДОРОФЕЕВ Владимир Иванович** – орыс, 1884 жылы Орынбор обл. Сырт станциясында туған. Шалқар ст. депо бастығы. 13.01.39 жылы Орынбор т.ж. желілік соты 8 жылға бас бостандығынан айырды. 28.04.90 жылы ҚазССР Жоғарғы Соты ақтады.

**ДОСМЫРЗАЕВ Орынбасар** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауд. 26 ауылда туған. «Қара шоқат» ст. күзетшісі. Орынбор обл. УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. құлақтық-диверсиялық ұйымға қ.» ретінде 10 жылға бас бостандығынан айрылды. 13.08.60 жылы обл. сот ақтады.

**ДОСЫМОВ Ахмет** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Ұста. 18.11.41 жылы Шалқар УНКВД шешімімен айыпталған. 12.09.44 жылы УНКВД қаулысы ақтаған.

**ДИКАРЕВ Константин Яковлевич** – орыс, 1914 жылы Амур обл. Суражевка ст-да туған. Шалқар ст.есепші. СССР Пр. мен НКВД комиссиясы шешімімен 25.12.37 ж. ең жоғ.жаза кесілді. Обл.пр. 24.07.89 жылы ақтады.

**ДУВАНОВ Василий Иванович** – орыс, 1905 жылы Куйбышев обл. Бузулук қаласында туған. Шалқар ст. кәсіподақ ком.төрағасы. 17.03.38 жылы Орынбор т.ж. УНКВД транспорт бөл. айыптаған. 3.01.39 жылы қайтыс болуына байланысты іс қысқартылған. Обл. пр. 29.04.90 жылы ақтады.

**ДҰРЫМБЕТОВ Арысхан** – қазақ. 1902 жылы Оңтүс. Қаз. обл. Мерке ауд. 12 ауылда туған. Шалқар ауд. 12 ауылда тұрады. 10.06.38 жылы СССР НКВД жанындағы ЕМ шеш. әлеум. қауіпті элемент рет. тұрғылықты жері бойынша 2 ж. ашық бақылауға алынған. 29.08.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ДҮЗБАЕВ Ақет** – қазақ, 1877 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 24.01.42 жылы СССР НКВД жанындағы ЕМ шешімімен а.с. үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 24.07.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ДҮЗБАЕВ Ақет** – қазақ, 1883 жылы Шалқар ауд. 23 ауылда туған. Малшы. 01.04.32 жылы Қаз. ОГПУ, колл. көш. сессия шешімімен ас үгіті үшін қоныс аударылған. 29.08.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ДҰЗМАҒАНБЕТОВ Райымбай** – қазақ, 1903 жылы Шалқар ауд. Кішіқұм ауылында туған. Колхозшы. 23.03.42 жылы обл. сот шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айрылды. 27.11.92 жылы обл. пр. ақтаған.

**ДЬЯЧКОВ Иван Григорьевич** – 1872 жылы Таврич губ. Бердичев селосында туған. Шалқар ст. диірменші. ОГПУ шешімімен 17.05.29 жылы Сібірге 3 жылға айдалды. Обл. пр. 21.05.90 жылы ақтады.

**ДЯБИН Николай Иванович** – орыс, 1908 ж. Тат. АССР-ы, Бугульма қаласында туған. Шалқар ст. 58 раз.бастығы Орынбор т.ж. жел. Соты 08.04.35 жылы 6 жылға соттады. СССР Көш. сессиясы 20.06.57 жылы ақтады.

**ЕВЛАМПИЕВ Исак Матвеевич** – орыс, 1895 жылы Саратов обл.туған. Шалқар ст. мал дәрігері, Қаз.ССР НКВД Әскер. Тр. 17.09.37 жылы шешімімен 20 ж. бас бостандығынан айрылды. Обл. пр. 01.06.90 жылы ақтады.

**ЕВТЮГИН Григорий Дмитриевич** – орыс, 1911 жылы Чкалов обл. Павлов ауданында туған. Шалқар ст.депо жұм. Орынбор т.ж. жел. Соты 3.09.39 жылы 5 ж. бас бостандығынан айырды. 22.02.90 жылы Қаз.ССР Жоғ. Кеңесі Сот колл. ақтады.

**ЕГОРОВ Александр Андрее-вич** – орыс, 1897 жылы Ярослав обл. Рыбинск қаласында туған. Шалқар ст.депо монтері. Обл.сот шешімімен 15 жылға ЕТЛ-ға айдалды. 10.06.57 жылы ақтады.

**ЕЖОВ Петр Михайлович** – орыс, 1906 жылы Куйбышев обл. Кинель станциясында туған. Шалқар ст.паровоз машинисі. Орынбор жел. соты 5 жылға ЕТЛ-ға жіберді. Бас пр. 28.05.92 жылы ақтады.

**ЕЛЕУОВ Махамбет** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Малшы. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. бүлдіргіштік қыз. үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы обл.пр. ақтаған.

**ЕЛИСЕЕВ Владимир Александрович** – орыс, 1914 жылы Шалқар қаласында туған. Ақтөбе қаласында әскери қызметкер. 26-атқыштар корп. Әск. Тр. 27.08.37 жылы 7 жылға соттады. Қиыр. Шығыс. Әск. Тр. 23.08.74 жылы ақтады.

**ЕЛИФАНОВ Фирс Николаевич** – орыс, 1888 жылы Орынбор обл. Поляновка селосында туған. Шалқарда УНКВД Үштігі шешімімен 30.11.37 жылы «контррев. қызм. үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.пр.11.06.89 жылы ақтады.

**ЕЛДЕСОВ Үсен** – қазақ, Шалқар ст.тас карьерінің жұм. 17.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «шпион-дивер ісі үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 24.07.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ЕРЖАНОВ Өтеген** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауд. 17 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қызм. үшін» ең жоғ.жазаға кесілді. 23.05.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ЕРМАҒАНБЕТОВ-ҚҰЛНИЯЗОВ Жанаман** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауданы 3 ауылда туған. Ойыл ауд. тұт. одағына есепші. 25.11.37 жылы «контррев. үгіті үшін» УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалды. 24.04.89 ж. обл. пр. ақтады.

**ЕРМЕКОВ Ондасын** – қазақ, 1880 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Шаруа. 2.02.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. террор.ұйым мүшесі» ретінде ең жоғ. жазаға кесілді. 28.06.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ЕРОШЕНКО Устин Тимофеевич** – украин, 1889 жылы Полтава обл. Ливенцовка дер. туған. Шалқар ст. жұмыс істеген. УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. зиянкес. диверс. қызм. үшін» 3.0037 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр.24.07.89 ж. ақтады.

**ЕРУСАЛИМСКИЙ Александр Григорьевич** – украин, 1881 жылы Полтава губ. Дарнадежде селосында туған. Шалқар ст. депо завхозы. РСФСР Жоғ. Соты. Қазақ бөлімшесінің Арн. колл. шешімімен 13.04.35 ж. 5 жылға соттады. 22.02.90 ж. ақтады.

**ЕРШОВ Иван Петрович** – орыс, 1868 жылы Рязань губ. Адаевск селосында туған. Шалқар ст. тұрған. УНКВД Үштігі шешімімен 15.09.37 жылы «контррев. қыз. үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтады.

**ЕСАЛИН (Тасбаев) Мәмбет** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Колхозшы. 2.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен зиянкес. қыз.үшін ең жоғ. жазаға кесілді. 04.07.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЕСАЛИНОВ Қайырмағанбет** – қазақ, 1906 жылы Жұрын ауд. 19 ауылда туған. Шалқар ст. заводта тас қалаушы. 19.12.44 жылы Орынбор т.ж. Әскер. Тр. шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айырылды. 16.11.92 жылы обл. пр. ақтады.

**ЕСБОСЫНОВ Үбнияз** –қазақ, 1901 жылы Ойыл ауд. 4 ауылда туған. Шалқар қаласында райОНО меңг. 15.02.38 жылы Әскер. колл.шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. 23.01.59 ж. СССР ЖС Әск. колл. ақтаған.

**ЕСЕЛБАЕВ Сансызбай** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 9 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. дұш.үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 05.06.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ЕСЕНБАЕВ Сан** – қазақ, 1911 жылы Шалқар ауд. 9 ауылда туған. Шалқар ст. поезд құрастырушы. 15.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 21.07.43 жылы СССР НКВД жанындағы ЕМ шешімі өзгертіліп, тұтқыннан босатылған. 08.06.90 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЕСЕНГЕЛДИН Есмұрат** – қазақ, 1871 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. Молда. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 16.11, СССР ЖС Презд. қаулысы ақтаған.

**ЕСЕНҒҰЛОВ Асан** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Шаруа. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев.ұйымға қатысқаны үшін» және үгіті үшін 10 жыл ЕТЛ-ға айдалған. 09.06.89 жылы обл.пр.ақтаған.

**ЕСЕНҒҰЛОВ Жұмағали** –қазақ, 1876 жылы Шалқар ауд. 2 ауылда колхозшы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 1 жылға еріксіз жұмысқа жіберілген. 08.05.61 жылы обл.сот ақтаған.

**ЕСКЕМБЕТОВ Көшек** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Колхозшы. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл сот. 28.03.57 жылы ақтаған.

**ЕСҚАЗИНОВ Ағанас** – қазақ, 1913 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Малшы. 05.05.32 жылы Қаз. ПП ОГПУ жанындағы Үштік шешімімен 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 28.12.89 ж. обл. пр. ақтаған.

**ЕФИЦКОВ Иван Иванович** – орыс, 1905 жылы Орталық Волга өлкесі, Петров ауданында туған. Шалқар қаласында күзет бөлімінде жұмыс істеген. Обл.сот шешімімен 07.05.32 ж. жазаланды. Обл. пр. 27.02.90 ж. ақтады.

**ЕФРЕМОВА Ефросинья Никифоровна** – орыс, 1913 жылы Пенза обл. Сураж қаласында туған. Шалқар қаласында тұрды. Жұмыссыз. Обл. сот. 18.07.50 жылы 10 жылға жазалады. Қаз.ССР көшпелі сессиясы жаз. шарасын 5 жылға төмендетті, 19.03.90 жылы ақтады.

**ЕЩАНОВ Ахмет** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Колхозшы. 25.11.37

жылы УНКВД Үштігі шешімімен «котррев. ұлттық ұйымға жұм. үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 15.06.89 жылы обл. пр. ақтады.

**ЕШАНОВ Қитан** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауданында туған. 12 ауылда сельпо төрағасы. 11.03.34 жылы Үштік шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 30.09.55 жылы ҚазССР ЖС.ПР қаулысы ақтаған.

**ЖАЙМАҒАНБЕТОВ Әкім** – қазақ, 1904 жылы Ырғыз уд. 7 ауылда туған. Шалқар ст. деposында кочегар. 22.04.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев.топқа мүше» ретінде 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Орынбор обл.соты ақтаған.

**ЖАЙНАҒҰЛОВ Қайролла** – қазақ, Шалқар ауд. 22 ауылда туған. «Көк-Ала» бір. мүшесі. 17.08.37 жылы обл.сот колл. Шешімімен 3 жылға бас бостандығынан айрылған. 15.01.60 жылы ҚазССР ЖС ақтаған.

**ЖАЙНАҒҰЛОВ Қайырлап** – қазақ, 1877 жылы Шалқар ауданы 22 ауылда туған. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 1 жылға ықтиярсыз жұмысқа жіберілген. 8.05.89 ж. обл. пр. ақтаған.

**ЖАЙЫҚБАЕВ Қаныбай** – қазақ, 1872 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. УНКВД Үштігі шешімімен ас.үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы обл.пр. ақтаған.

**ЖАКУПОВ Жанғазы** – қазақ, 1881 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Колхозшы. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контрррев.үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 15.06.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЖАКУПОВ Ораз** – қазақ, 1893 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. «Жиделі» серікт. молда. 15.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «контррев. қыз. үшін» 8 жылға сотталған. 19.06.89 жылы обл.пр.ақтаған.

**ЖАҚСЫБАЕВ Қопа** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауданында туған. Сельпо сатушы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ЖАҚСЫЛЫҚОВ Баймұқан** – қазақ, 1916 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Жұрын ауд. 12 племсовхозда тұрған. 25.05.36 жылы обл. сот шешімімен 4 жылға бас бостандығынан айрылған. 25.12.92 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЖАҚСЫЛЫҚОВ Жұмағали** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 21 ауылда туған. Ақтөбе хим. комб. жұмысшысы. 30.11.37 жылы УНКВД үштігі шешімімен к-р бүлікшіл ұйымға мүше болғаны үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.пр. 28.06.89 жылы ақтады.

**ЖАҚСЫЛЫҚОВ Құндызбай** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. Қарашоқатта туған. «Ақтасты» кол-да колхозшы. 08.06.49 ж. обл. сот шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айырылған 24.08.59 жылы ҚазССР ЖС ақтаған.

**ЖАМАНҚҰЛОВ Ханерей** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. «Есентай» серікт. мүшесі. 10.11.37 жылы УНКВД үштігі шешімімен к-р ұйымға мүше ретінде 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 28.06.89 ж. обл. пр. ақтаған.

**ЖАМБЫЛОВ Отар** – қазақ, 1906 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Ауылдық кеңес төрағасы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 08.05.61 жылы обл. сот През. ақтаған.

**ЖАНДОСОВ Төлеубай** – қазақ, 1914 жылы Табын ауд. 16 ауылда туған. Шалқар ст. кочегар. 8.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к.р див. зиянкестік топ мүше» ретінде ең жоғ. жазаға кесілді. 11.07.82 ж. Обл. пр. ақтаған.

**ЖАНДОСОВ-БАЛМАҒАМБЕТОВ Ұлмағамбет** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Шалқар ст. депо слесары. 08.02.38 жылы УНКВД үштігі шешімімен ас.қыз.үшін ең жоғ. жазаға кесілген. 10.02.62 жылы обл. сот през. ақтады.

**ЖАНҚАЙСОВ Жолмағанбет** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Кандидат топтың хатшысы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 08.05.61 жылы Обл. сот през. қаулысымен ақталған.

**ЖАНТАЛОВ Өтеш** – қазақ, 1907 жылы Қазалы қаласында туған. Шалқар станциясында тұрады. 10.06.38 жылы СССР НКВД жанындағы ЕМ шеш. «Отанына опасыз семья мүшесі» ретінде 8 жылға айдалған. 16.04.58 жылы Обл.сот ақтаған.

**ЖАСАРОВ Өсербай Жасарұлы** – қазақ, 1906 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. 3.07.44 жылы 35 ар. Триб.шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 24.01.61 жылы СССР ЖС Әск. колл. ақтаған.

**ЖАУЛЫБАЕВ Әжғали** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. Молда. 20.03.34

жылы 35 ар. Триб. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 24.01.61 жылы СССР ЖС Әск. колл. ақтаған.

**ЖАУЛЫБАЕВ Әжіғали** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. Молда. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 08.05.61 жылы обл. сот ақтаған.

**ЖАУЛЫБАЕВ Бақыт** – қазақ, Ключев ауд. 22 ауылда туған. Шалқар ст.жұм.3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «ұлтаралық араздықты өршіткені» үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 28.06.89 жылы обл. пр. ақтаған

**ЖАУЛЫБАЕВ Кәрібек** –қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. Ферма меңгерушісі 10.10.41 жылы УНКВД Үштігі шешімімен айыпталған. 12.09.44 жылы УНКВД ақтаған.

**ЖӘКЕНОВ Беркімбай** – қазақ, 1906 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. 8 ау. кең. төрағасы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 8.05.61 ж. обл. сот. ақтаған.

**ЖӘМЕКЕНОВ Қалшау** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. 45 разъезде жұмысшы. 26.04.40 жылы УНКВД ЕМ шешімімен ас. үгіті үшін 3 жылға сотталды. 29.08.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЖӘНЕТОВ Үсен** – қазақ, 1903 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Колхозшы. 22.06.40 жылы СССР НКВД ЕМ шешімімен к-р. үгіті үшін 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 31.01.90 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЖӘРІМБЕТОВ Ашубай** – қазақ, 1878 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Ауд.бай. бөлімінде почта тасушы. 17.05.41 жылы СССР НКВД ЕМ шешімімен мем. құпияны жарияланғаны және ас үгіті үшін айыпталған. Обл. сот 27.12.67 жылы ақтады.

**ЖДАНОВ Алексей Григорьевич** – орыс, Шалқар қаласында туған. Шалқар ст. вгон деposының слесары. Орынбор т.ж. жел. соты шешімімен 15.05.36 жылы 5 жылға ЕТЛ-ға жазаланған. Қаз.Рес.Бас.Пр. 05.06.92 жылы ақтаған.

**ЖЕЛТОВ Матвей Александрович** – орыс, 1895 жылы Смоленск обл. Масальск ауданында туған. Шалқар ст.құрылыс учаскесіндде тас қалаушы. Ерекше Кеңес шешімімен 24.01.42 жылы «кеңеске қарсы үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалды. Обл. пр. 20.01.90 жылы ақтады.

**ЖЕРАНСКИЙ (Бронович) Болеслав Иосифович** – поляк, 1921 жылы Беласток обл. Ломж қаласында туған. Шалқар станциясында жүкші. СССР НКВД жанындағы ЕК шешімімен 10.07.43 жылы 10 жылға сотталған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ЖЕТПІСБАЕВ Тұрғанбай** – қазақ, 1910 жылы Қобда ауд. Қаратал ауылында туған. Шалқар ст. СТО-да приказчик. 08.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен к-р. дұш. үшін ең жоғ. жазаға кесілген. Обл.сот 15.09.65 ж. ақтаған.

**ЖЕТПІСБАЕВ Ғаббас** –қазақ, 1882 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. К-шы 6.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен к-р ұйым мүшесі ретінде ең жоғ. жазаға кесілген. 2512.58 жылы обл. сот ақтады.

**ЖИДЕЛОВ Семен Георгиевич** – орыс, 1898 жылы Вятск, губ. Серленко қаласында туған. Шалқар аэропортында шофер. 14.01.38 жылы «Жапон барлау ісіне қатыстылығы үшін» СССР Пр. мен НКВД қаулысымен ең. жоғ. жазаға кесілді. 24.06.60 жылы ақталды.

**ЖИЕНБАЕВ Нұрлан Демесінұлы** – қазақ, 1908 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Стрелочник. 28.02.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ас. ұйымға қат. ретінде 5 жылға бас бостандығынан айрылды. 20.07.59 жылы обл. сот ақтады.

**ЖИЛИНА Наталья Федоровна** – орыс, 1898 жылы Куйбышев өлкесі, Бузулук ауд. Кутуш селосында туған. Шалқар ст. тұрды, үй. шар. әйел. 10.06.38 жылы «отанын сатқан семья мүш.» ретінде 8 жылға бас бостандығынан айрылды.12.07.57 жылы ақталды.

**ЖИЛИНА С. Болеслав Юлианович** – поляк, 1877 жылы Ковенск губ. Сұлукөл өңірі, Рупина фермасында туған. Шалқар ст. депо машинисі, СССР Пр. және НКВД шешімімен 16.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтады.

**ЖОЛАМАНОВ Беккожа** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Бақташы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот. 8.05.61 жылы ақтаған.

**ЖОЛАМАНОВ Бесекен** – қазақ, 1906 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Шалқар қаласында ауд. парт.ком. хатшысы. 15.02.38 жылы СССР ЖС Әс.

колл. шешімі бойынша ең жоғ. жазаға кесілді. 23.01.59 жылы СССР ЖС әс. колл. ақтады.

**ЖОЛАМАНОВ Жолмағанбет** – қазақ, 1899 жылы Шалқар ауданында туған. РайФО мең. 20.05.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 8.05.61 ж. облсот ақтаған.

**ЖОЛАМАНОВ Нұрғали** – қазақ, Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 29.12.37 жылы УНКВД үштігі шешімімен к-р үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 28.06.89 ж. обл. пр. ақтаған.

**ЖОЛАМАНОВ Нұртаза** –қазақ, 1882 жылы Шалқар ауд. 22 ауылда туған. табельші. 22.06.40 жылы СССР НКВД жанындағы ЕМ шешімімен к-р үгіті үшін 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 31.01.90 жылы обл. пр. ақтады.

**ЖОЛАМАНОВ Тұрдәлі** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Ст-да слесарь. 22.04.38 жылы Орынбор обл. УНКВД шешімімен к-р. диверс. топқа қатысушы ретінде 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 30.07.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЖУК Адам Максимович** – украин, 1925 жылы Ровно қаласында туған. Шалқар ст. жұмысшысы. Сатқындық тәртібі үшін 24.08.45 жылы 5 жылға бас бостандығынан айрылды. 07.01.56 ж. Оңтүстік Урал Әск. триб. ақтады.

**ЖУКОВ Дмитрий Петрович** – орыс, 1898 жылы Чкалов қаласында туған. Шалқар станциясында тұрды. Жұмыссыз. СССР Жоғ. Соты колл. 27.12.40 жылы 3 жылға бас бостандығынан айырды. ҚР Бас пр. 01.06.92 жылы ақтаған.

**ЖУРАВЛЕВ Иван Дмитриевич** – орыс, 1893 жылы Киев обл. Курсунка дер. туды. Шалқар ст. депо ұстасы, УНКВД Үштігі шешіммен 20.11.37 жылы зиян. әрекеті үшін 10 жылға бас бостандығынан айрылды. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтады.

**ЖУРАВЛЕВ Михаил Елифанович** – орыс, 1880 жылы Симбирск губ. Талызина селосында туған. Шалқар станциясында пешші. СССР Пр. және НКВД қаулысымен 15.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. 28.04.67 жылы Приволжье триб. ақтады.

**ЖУРАВСКИЙ Иосиф Николаевич** – белорус, 1898 жылы Минск обл. Марщиновичи дер. туған. Шалқар ст. құр. Учаск. штукатур. СССР НКВД шешімімен 13.03.38 ж. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтады.

**ЖҰБАНАЗАРОВА Сүйрік** – қазақ, 1912 жылы Арал ауданыныда туған. Шалқар ауд. жұмысшысы. 20.01.43 жылы СССР НКВД жанындағы ЕМ шешімімен «отанына опасыз семья мүшесі» ретінде Павлодар обл. 5 жылға жер аударылған. Обл. пр. 05.05.89 жылы ақтаған.

**ЖҰМАҒҰЛОВ Дәде** – қазақ, 1912 жылы Шалқар ауд. 22 ауылда туған. «Көкала» бірлест. мүшесі. 17.18.37 жылы облсот колл. шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айрылған. 15.01.60 жылы Қаз.ССР ЖС ақтаған.

**ЖҰМАҒҰЛОВ Серікбай** – қазақ, 1887 жылы Шалқар ауд. 69 ауылда туған. Ст.жұмысшы. 08.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. 10.02.60 жылы обл. сот ақтады.

**ЖҰМАТОВ Балтемір** – қазақ, 1902 жылы Ырғыз ауд. 9 ауылда туған. Шалқар ст. вагон жөндеу пунктінде слесарь. 15.03.38 жылы Орынбор обл. УГКВД үштігі шешімімен контр.насихат үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 20.04.40 жылы Чкалов обл. УНКВД шешімімен іс тоқтатылған.

**ЖҮСІПОВ Мұхамбет** – қазақ, 1873 жылы Шалқар ауданында туған. «Екінші бесжылдық» колхозында тұрған. 30.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ас.үгіті үшін 10 жылға бас бостандығынан айрылған. 05.06.63 жылы Бат. Қаз. өлкелік соты ақтаған.

**ЖЫЛҚАЙЫРОВ Құлдүгір** – қазақ, 1873 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. Станцияда жұмысшы. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен к-р әрекет. үшін ең жоғ.жазаға кесілді. 30.07.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЖЫЛҚЫБАЕВ Елмағамбет** – қазақ, 1875 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 25.01.57 жылы обл. сот ақтаған.

**ЗАГРЕБИН Авенир Дмитриевич** – орыс, 1883 жылы Ленинград обл. Путилов селосында туған. Шалқар ст. жұмысшысы. 04.03.35 жылы Үштік шешімімен 5 жылға айдауға жіберілді. 09.08.88 жылы ақталды.

**ЗАРОЧИНЦЕВ Семен Никанорович** – орыс, 1882 жылы Курск обл. Вязовск селосында туған. Шалқар ст. тұрды. 13.06.42 ж. СССР НКВД шешімімен 5 жылға сотталды. Обл. пр. 22.08.89 жылы ақтаған.

**ЗАШИНИКОВ Сергей Владимирович** – орыс, 1904 жылы Шалқар станциясында жолшы. Орынбор т.ж. желі. соты. 6.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кескен. ҚР Бас Пр. 27.09.83 жылы ақтаған.

**ЗВЕРЕВ Григорий Иванович** – орыс, 1905 жылы Астрахань қаласында туған. Шалқар ст.ауд. жұмыс жабд. бөлімінде балықшы. Орынбор т.ж. Әск. триб. 23.10.44 жылы еңбекпен түзеу лагеріне жібереді. 17.05.62 жылы ақталған.

**ЗДАНОВСКИЙ Станислав (Владислав) Константинович** – поляк, 1887 жылы Польшада туған. Шалқар ст-да тас карьері меңгерушісі. 16.12.37 жылы «дивер. зиянк. әрекеті» үшін ең жоғ. жазаға кесілді. 05.11.57 жылы Оңтүстік Урал әск. Тр. ақтады.

**ЗНОТ Петр Янович** – латыш, 1891 жылы Латвияда, Валтер қаласында туған. Шалқар станциясында етікші. УНКВД Үштігі шешімімен 10.11.37 жылы к.р. қызм.үшін 10 жылға бас бостандығынан айрылған. Обл. сот 12.05.65 жылы ақтады.

**ЗОЛОТАРЕВ Порфирий Ильич** – орыс, 1884 жылы Таврия губ. Ново-Григорьевка селосында туған. Шалқар станциясында кочегар. УНКВД Үштігі шешімімен 20.11.37 жылы к-р үгіті үшін ең жоғ.жазаға кесілді. Бат. Қаз. өлке соты 2.08.62 ж. ақтады.

**ЗУБЧЕНКО Иван Фадеевич** – украин, 1899 жылы Бессарабияда Измаил қаласында туған. Шалқар қаласында депо ұстасы. 20.02.42 жылы ЕК шешімімен 5 жылға бас бостандығынан айрылған. Обл. пр. 05.05.89 жылы ақтады.

**ЗЮБИНА Раиса Яковлевна** – орыс, 1924 жылы Черкасск обл. Новое селосында туған. Боқай ст. стрелкашы. 03.04.43 жылы «отаның сатқан семья мүш.» ретінде Қостанай обл. 5 жылға жер аударылған. Обл. пр. 5.05.89 жылы ақтаған.

**ИБАЛДИН Байзақ** – қазақ, 1895 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Шаруа. 30.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен к-р. үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 11.07.89 ж. облпр. ақтаған.

**ИГЕСІНОВ Қопа** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Шалқар ст. стрелкашы. 25.12.45 жылы Приволжск әск. Триб.шешімімен 7 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 10.06.92 жылы Бас пр. ақтаған.

**ИМАНОВ Жасар** – қазақ, 1876 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Айшуақ» серікт. мүшесі. 20.08.37 жылы УНКВД үштігі шешімімен ас.топқа қатысшы рет. Ең жоғ. жазаға кесілді. Облсот 22.05.57 ж. ақтады.

**ИСАТАЕВ Кенжеғали** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Серікт. мүшесі. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р ұйымға мүше» рет. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Облпр. 16.06.89 жылы ақтаған.

**ИТІМОВ-ҚҰТТЫМҰРАТОВ Жүсіп** – қазақ, 1874 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 16.01.89 жылы СССР ЖС ақтаған.

**ИШАНОВ Берден** – қазақ, 1876 жылы 3 ауылда туған. Шаруа. 13.05.33 жылы ПП ОГПУ жанындағы Үштк шешімімен 3 жылға жер аударылған. 21.11.37 жылы обл. пр. ақтаған.

**КОСЬЯНОВ Константин Викторович** : орыс, 1885 жылы Полтава губ. Дарнадежда селосында туған. Шалқар нефтебазасының директоры. УНКВД Үштігі шешімімен 25.12.37 жылы «кеңеске қарсы үгіті» үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 28.06.89 жылы ақтады.

**ҚАУЫСОВ Нұржігіт** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Айшуақ» серікт. мүшесі. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р ұйымға қатыс.» үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Кейін қылмысы болмауына байланысты ақталды.

**КЕНЖЕБАЕВ Танаберген** – қазақ, 1887 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. РПС бөлімі күзетшісі. 29.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кеңеске қарсы үгіті» үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Бат. Қаз. өлке соты 14.08.63 ж. ақтады.

**КНЯЗБАЕВ Оразалы** – қазақ, 1893 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Шалқар ст.шахта күзетшісі. 06.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р үгіті үшін» 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған обл. пр. 13.06.90 жылы ақтаған.

**КНЯЗБАЕВ Татуал** – қазақ, 1896 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Станция карьерінде жұмысшы. 28.02.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кеңеске қарсы ұйымға қат.» үшін 3 жылға бас бостандығынан айрылған. Облсот 20.07.59 жылы ақтаған.

**КОБЫЛСКИЙ Михаил Петрович** – орыс, 1908 жылы Куйбышев обл. Сергеев ауд. Нижне-Козл. селосында туған. Шалқар ст.бухгалтер. СССР Пр. және НКВД Комис. 22.06.40 жылы «кеңеске қарсы үгіті» үшін 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**КОВАЛЕВИЧ Семен Гаврилович** – украин, 1898 жылы Гроднен. губ. туған. Шалқар ауд. Бик-Баули станциясында стрелкашы. 07.02.31 жылы Ақтөбе ОГПУ-і жазалаған. ОГПУ қаулысымен 21.03.31 ақтаған.

**КОЗЛОВ Георгий Дмитриевич** – орыс, 1893 жылы Николаев обл. Майорек поселкасында туған. Бер-шүгір ст. дәрігер. Уч. бастығы. Орынбор т.ж. Әск. тр. 28.06.42 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырған. Обл. пр. 27.11.92 жылы ақтаған.

**КОЛЬФЕРТ Николай Иванович** – неміс, 1904 жылы Хайлар ст. туған. Шалқар ст.депо маш. Орынбор обл. УГКВД Үштігі шешімімен 14.10.38 жылы ең жоғ. жазаға кесті. Оңтүстік Укр. Әск. триб. 25.04.57 жылы ақтаған.

**КОМАРОВ Михаил Иванович** – орыс, 1884 жылы Куйбышев обл. Семеновка дер. туған. «Бершүгір» санат. шар. меңг. Орынбор т.ж. Жұрын ауд. желі. соты 02.09.37 жылы 5 жылға бас бостанд. айырған. ҚР Пр. 01.06.92 жылы ақтаған.

**КОНКОПОВИЧ Семен Казимирович** – белорус, 1882 жылы Минск обл. Заемное селосында туған. Шалқар ст.депо кочегары. СССР Пр. және НКВД 20.12.37 жылы ең жоғары жазаға кесті. Привольж. Әск.тр. 27.05.58 жылы ақтаған.

**КОРУХОВ Ильия Никифорович** – орыс, 1906 жылы Башқұрт АССР-да туған. Шалқар ст. дайындау цехында слесарь. Орынбор т.ж. Әск.тр. 25,02.43 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға жазалаған. 15.07.62 жылы ақтаған.

**КОСТИН Матвей Петрович** – орыс, 1880 жылы Донецк обл. Хлебное селосында туған. Бершүгір ст.тех. Жетекші. 14.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен зиянк. үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Бат. Қазөлк. Сот 1.03.63 ж. ақтаған.

**КӨБЕЕВ Сатыбалды** – қазақ, 1922 жылы Шалқар ауд. 17 ауылда туған. 02520 Әскери бөлім. қыз. Оңтүстік Урал Әск.тр. шешімімен 25 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 17.12.93 жылы ҚР ЖС ақтаған.

**КӨБЕНОВ Мәмбетәлі** – қазақ, 1871 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 17.03.41 жылы обл. сот шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айырған. Обл. сот 10.12.92 жылы ақтаған.

**КӨККӨЗОВ Мәмбетәлі** – қазақ, 1893 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. «Қаражиде» серікт. мүшесі. 15.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ұйым. Мүшесі ретінде 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот. 28.06.58 ж. ақтаған.

**КӨШЕКБАЕВ Жанділдә** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. 17 ауылда малшы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**КӨШКІМБАЕВ Есмағамбет** – қазақ, 1886 жылы Шалқар ауд. 10 ауылда туған. Малшы. 29.12.37 жылы УНКВД үштігі шешімімен кеңеске қарсы үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы Обл. пр. ақтаған.

**КРЕДЕНЦЕР-ВАВЖИКОВСКИЙ Альбин Иосифович** – еврей, 1892 жылы УССР, Волочинскіде туған. Шалқар ст. жинау цехы мастері, 09.02.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. 24.02.59 жылы ақталды.

**КРУГЛОВ Федор Яковлевич** – орыс, 1874 жылы Ярослав обл. Рыбино қаласында туған. Шалқар ст.агент. ОГПУ Колл. 17.02.33 жылы 3 жылға ЕТЛ-ға жазалаған. Обл.пр. 24.07.67 жылы ақтаған.

**КУЛЕШОВ Александр Терентьевич** – орыс, 1913 жылы Маньчжурияда, Хунжа қаласында туған. Шалқар ст. аға бухгалтер. 25.12.37 жылы «тыңшылығы үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Приволж. Әск. тр. 13.02.69 жылы ақтаған.

**КРУПАЦКИЙ Николай Николаевич** – орыс, 1897 жылы Минск қаласында туған. Шалқар паравоз. бөлімше. бастығы. 09.02.38 жылы ең жоғ.жазаға кесілді. 8.04.58 жылы ақталған.

**КУЧЕРОВ Иван Антонович** – орыс, 1904 жылы Азово-Черномор өлкесі, Белая Калитва стда туған. Шалқар ст. вагон жөндеу депосы бастығы. СССР көш. сесс. шешімімен 09.02.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. 24.02.59 жылы ақталды.

**КҮБЕНОВ Қуандық** – қазақ, Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Мектеп директоры. 31.12.33 жылы обл.сот шешімімен 15 жылға бас бостандығынан айрылған. Обл. пр. 27.04.90 жылы ақтаған.

**КҮЗБАСОВ Сексембай** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Жұмысшы. УНКВД Үштігі шешімімен «кеңеске қарсы ұйымға қатысқаны» үшін 5 жылға бас бост. айырылған. Обл. сот. 20.07.59 жылы ақтаған.

**ҚАЗИЕВ Төлеген** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Колхозшы. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен панислам ұйымға қатысқаны үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 09.06.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ҚАЖЫБАЕВ Тұралы** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. 15 а кеңес төрағасы. 26.03.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «кеңеске қарсы үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.сот 31.10.57 жылы ақтаған.

**ҚАЛЫМОВ Сақи** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауда-нында туған. «Қотыртас» ст күзетшісі. 06.12.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «Кеңеске қарсы үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот. 31.10.57 жылы ақтаған.

**ҚАЛЫМБЕТОВ Тарым** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 16.12.31 жылы Көш. сесс. шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. 28.05.92 ж. ҚР Бас. Пр. ақтаған.

**ҚАНАЛИЕВ-ЖАНАЛИЕВ Ідіріс** – қазақ, 1906 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Карьер меңгерушісі 28.02.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен кеңеске қарсы ұйымға қат. ретінде 8 жылға бас бостандығынан айрылған. Обл.сот 20.07.59 жылы ақтаған.

**ҚАНАТБАЕВ Сартанау** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Тоғыз ст. стрелкашы. Орынбор УНКВД Үштігі шешімімен «к-р дивер. ұйымға мүше» ретінде 10 жылға бас бостандығынан айрылған. 15.02.39 жылы Чкалов обл. УНКВД шешімімен іс тоқтатылған.

**ҚАПЫШЕВ Жұбай** – қазақ, Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Стда қоймашы. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р ұйым мүшесі» ретінде ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 20.05.87 жылы ақтаған.

**ҚАРАБАЕВ Асу** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Малшы. 28.10.27 жылы ОГПУ ЕМ шешімімен 3 жылға жер аударылған. Обл. пр. 25.11.92 жылы ақтаған.

**ҚАРАМЕРГЕНОВ Жұмағали Сейтмағамбетұлы** – қазақ, 1907 жлы Орал ст. Шиілі ауданында туған. Шалқар ауд. «Қамыстыкөл» колхозда колхозшы. 30.12.39 жылы обл.сот шешімімен 5 жылға бас бостандығынан айрылған. 26.07.68 жылы ақтаған.

**ҚАРАМОЛДИН Дошан**— қазақ, 1876 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Артель мүшесі. 14.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 289.05.89 жылы ақтаған.

**ҚАРАМОЛДИН Жолдақ** – қазақ, 1882 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Артель мүшесі. 14.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. Обл.пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ҚАРАМУЛДИНОВ (ҰЛМАҒАНБЕТОВ) Кенжебай** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Есепші. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 28.06.89 ж. ақтаған.

**ҚАРЖАУБАЕВ Ділтай** – қазақ, 1881 жылы Шалқар ауд. 24 ауылда туған. «Жаңа-қоныс» к-да к-шы. 03.09.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кеңеске қарсы үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. сот 30.09.59 жылы ақтады.

**ҚАСАЕВ Кенжебай** – қазақ, 1895 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. әрекеті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**ҚАСЫМОВА Батжалы** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 5 ауылда туған. 29.05.43 жылы УНКВД Үштігі шешімімен Қост. обл. 5 жылға айдалған. Обл. пр. 22.08.89 жылы ақтаған.

**ҚАШҚЫНБАЕВ Кәрібай** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Мұғалім. 30.01.30 жылы Қаз. ПП ОГПУ Үштігі шешімімен 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 29.08.89 ж. ақтаған.

**ҚИЫМБАЕВ (КИИМБАЕВ) Ахмет** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 16.12.45 жылы Орынбор НКГБ шешімімен тұтқындалған. 11.02.46 жылы ақталған.

**ҚИЯСОВ Әлібек** – қазақ, 1895 жылы Шалқар ауданында туған. 15 ауылда малшы.

29.03.34 жылы УНКВД Үштігі Қарағанды обл. 3 жылға жер аударған. Обл. сот. 08.05.61 ж. ақтаған.

**ҚОЖАЛАЕВ Нұрғали** – қазақ, 1895 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. Молда. 30.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Облыс. пр. 15.06.89 жылы ақтаған.

**ҚОЖАМҚҰЛОВ Жиенәлі** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 5 ауылда туған. Бершігүр ст. тас. карьерінде десятник. 9.02.38 жылы СССР Әск. колл. ең жоғ. жазаға кесті. 26.07.90 жылы СССР ЖС ақтаған.

**ҚОЖАНОВ Қалдымұрат** – қазақ, 1896 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. «Айшуақ» серікт. мүшесі. 20.08.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен кеңеске қарсы топқа қат. ретінде ең жоғ. жазаға кесілді. 22.05.57 жылы обл. сот ақтаған.

**ҚОЗАЙДАРОВ Мұқамбет** – қазақ, Шалқар ауданында туған. Белгілі кәсібі жоқ. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ҚОҢЫРБАЕВ Молдабай** – қазақ, 1897 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Қотыртас ст. жұм. 29.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 26.03.40 ж. УНКВД ақтаған.

**ҚОСАЕВ Мұхамедияр** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 20.08.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «кеңеске қарсы ұйымға қат. үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. 22.05.57 жылы обл. сот ақтаған.

**ҚУАНЫШКЕРЕЕВ Байым** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған, артель мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. әрекеті үшін» 10 жылға бас бостандығынан айрылған. Обл. пр. 29.05.89 ж. ақтаған.

**ҚҰДАБАЕВ Келік** – қазақ, 1880 жылы Шалқар ауд. 4 ауылда туған. 25.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 11.07.89 жылы ақтаған.

**ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Бірімжан** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Артель мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 29.05.89 ж. ақтаған.

**ҚҰЛАМБЕТОВА Дәме** – қазақ, 1915 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. 09.10.43 жылы СССР НКВД шешімімен Қостанай обл. 5 ж. жер аударылған. 28.03.90 жылы ақтаған.

**ҚҰЛИМОВ Сағитжан** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Малшы. 15.11.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 2.06.90 ж. ақтаған.

**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ Қауса** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Ст. карьер жұм. 28.02.34 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «кеңеске қарсы ұйымға қат. үшін» 3 жылға бас бостандығынан айрылған. Обл. сот. 20.07.59 жылы ақтаған.

**ҚҰЛЫМБЕТОВ Сербай** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. 56-резъезде кезекші. 13.11.38 жылы Орынбор т.ж. желі соты шешімімен 5 жылға бас бостандығынан айрылған. 07.07.92 жылы ҚР Пр. ақтаған.

**ҚҰРАҚБАЕВ Артықбай** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 16. ауылда туған. Ақт. қаласында «Қаззаготпушнина» меңгерушісі. 15.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айрылған. 17.04.90 жылы обл. пр. ақтаған.

**ҚҰРБАНҒАЛИЕВ Ботанай** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 6 ауылда туған. Ст. транс. қоймасының меңг. 30.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «Кеңеске қарсы үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 15.05.58 жылы ақтаған.

**ҚҰРМАНОВ Дүйсен** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. 12 ауылда есепші. 20.03.34 жылы УНКВД Үшт. шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 8.05.61 ж. ақтаған.

**ҚҰРМАНОВ Өтекеш** – қазақ, 1886 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 18.08.49 жылы обл. сот шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айрылған. 17.07.90 жылы ҚазССР ЖС ақтаған.

**ҚҰРМАШЕВ Бекмағанбет** – қазақ, 1896 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 14.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. әрекеті үшін» 10 ж. бас бостандығынан айрылған. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ҚҰРМАШЕВ Сүйеумағанбет** – қазақ, 1879 жылы Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Малшы. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. ұйым мүшесі» ретінде 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 28.06.89 жылы ақтаған.

**ЛИЦМАН Ольга Павловна** – украинка, 1890 жылы Чернигов обл., Берздна қаласында туған. Шалқар ауд. Боқай ст. бастығы. Орынбор т.ж. Әск.тр 03.10.42 жылы бас бостандығынан айырды. Обл.пр. 27.11.92 ж. ақтаған.

**ЛОБАЧЕВ Андрей Иванович** – орыс, 1907 жылы Моск. обл. Мякичева станциясында туған. Шалқар вагон депо слесары. Оңт. Ур. Әск. тр. шешімімен 15.02.51 жылы бас бостандығынан айрылған. 27.03.68 жылы ақталған.

**ЛЮБЧИК Самуил Моисеевич** – еврей, 1902 жылы Бат. Бел. Городище ст-да туған. Бершігүр ст. ларек меңг. СССР НКВД шешімімен 16.08.38 жылы «тыңшылығы үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Об. Пр. 24.07.87 жылы ақтаған.

**МАГДИН Станислав Маркович** – Серб. 1893 жылы Югославияда, Загреб қаласында туған. Шалқар ст. депо бух. Орынбор т.ж. НКВД шешімімен айыпталған. 21.03.38 ж. іс қысқартылған.

**МАИБОРОДА Иосиф Гаврилович** – украин, 1902 жылы Краснодар өлк. Кубань селосында туған. Шалқар ст. депо бух. СССР НКВД шешімімен 2.03.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақталған.

**МАКАРОВ Василий Васильевич** – орыс, 1914 жылы Тула обл. Куркум ауд. Лисаревка селосында туған. Гурьев ар. конторының Шалқардағы моторисі. Темір ауд. УНКВД 27.10.41 жылы жазалады. Обл. пр. 21.05.90 жылы ақтаған.

**МАКАРОВ Иван Петрович** – орыс, 1892 жылы Кубаньда туған. Шалқар ст. депо инженері. 09.06.42 жылы Әск. тр. ең. жоғ. жазаға кесілді. Бұл жазалау шарасы 10 жылға ЕТЛ-ға өзгертілген. 18.12.57 жылы ақталған.

**МАКЛЕУОВ Николай Федорович** – орыс, 1896 жылы Астрахань қаласында туған. Шалқар ст. рай ОРС-та балықшы. Орынбор т.ж. Әск.тр. 23.10.44 жылы 7 жылға ЕТЛ-ға жазалаған. 17.05.62 жылы ақталған.

**МАКОВСКИЙ Владимир Казимирович** – украин, 1906 жылы Саратов қаласында туған. Шалқар ст. маш. көмекшісі. СССР Пр. және НКВД ком. шешімімен 20.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Привол. Әск.тр. 27.05.58 жылы ақтаған.

**МАҚАНОВ Қыстаубай** –қазақ, 1895 жылы Шалқар ауд. 17 ауылда туған. Шоқысу ст. жұм. 22.04.38 жылы Орынбор обл. УНКВД шешімімен «к-р. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 30.07.89 жылы ақтаған.

**МАҚАТОВ Оспан** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Каучук зав. бастығы 29.12.37 жылы УНКВД шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған, обл. сот 30.11.55 жылы ақтаған.

**МАЛИНИН Иван Петрович** - орыс, 1888 жылы Астрахань қаласында туған. Шалқар ст. рай. ОРС балықшылар бригадирі. Орынбор т.ж. Әск. тр. шешімімен 23.10.44 жылы 7 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 17.05.62 ж. ақталды.

**МАЛҚАЖДАРОВ Үсен** – қазақ, 1906 жылы Шалқар ауданында туған. Белгілі кәсібі жоқ. 20.03.36 жылы РСФСР ЖС Қаз. бөл. шешімімен 6 жылға бас бостандығынан айрылған. 04.05.90 жылы ҚазССР ЖС ақтаған.

**МАЛЫШЕВ Георгий Иванович** – орыс, 1908 жылы Маньчжурияда туған. Шалқар ст. деposында слесарь. СССР Пр. және НКВД ком. қаулы. 20.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Приволж. Әск.тр. 27.05.58 жылы ақтаған.

**МАМАЕВ Сәрсен** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Ст-да 61-резъезд бастығы. 6.12.37 жылы УНКВД Үштігі шеші-мімен «зиянк. әрекеті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 11.16.90 жылы ақтаған.

**МАМАЕВ Талмағамбет** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауданында туған. Жол бригадирі. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот. през. 8.05.61 жылы ақтаған.

**МАМАЕВ Төлмағамбет** – қазақ, 1883 жылы Шалқар ауд. 10 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 25.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен кеңеске қарсы үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**МАМАЕВ Хасен** – қазақ, 1907 жылы Шалқар ауд. 4 ауылда туған, есепші-экономист. УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. ұлттық үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 27.11.39 жылы тұтқыннан босатылған.

**МАМОНТОВ Василий Федорович** – орыс, 1886 жылы Тавр. губ. Бердимск уезінде туған. Шалқар қаласында құрылыс

кеңесінің ұстасы. 17.05.29 жылы ОГПУ шешімімен Сібірге 3 жылға айдалған. Обл. пр. 21.05.90 жылы ақтаған.

**МАНАБАЕВ Төрген** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. К-шы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**МАНУИЛОВ Александр Александрович** – орыс, 1922 жылы Измаил. обл. Аккерман қаласында туған. Бершүгір ст. руд. жұм. Обл. сот шешімімен 29.04.43 ж. 8 жылға бас бостандығынан айрылған. 30.09.63 жылы ақталған.

**МАНЬКОВСКИЙ Франц Игнатьевич** – белорус, 1895 жылы Минск қаласында туған. Шалқар ст. рудник жұм. СССР Пр. және НКВД шешімімен 01.12.37 жылы «кеңеске қарсы үгіт жүрг. үшін» ең жоғ. жазаға кесілген. 15.02.58 жылы ақталған.

**МАРТЫНЮК Павел Никитович** – украин, 1911 жылы Брест обл. Кобрин уезінде туған. Шалқар станц. депо жұм. обл. сот 15.08.41 жылы 5 жылға бас бост. айырған. 04.05.90 жылы ақталған.

**МАХАМБЕТОВ Ілияс** – қазақ, 1907 жылы Шалқар ауд., 16 ауылда туған. Тоғыз ст. жол қараушы. 10.10.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «кеңеске қарсы үгіті үшін» 10 жылға бас бостандығынан айрылған. 8.01.64 жылы Бат. Қаз. өлке. Соты ақтаған.

**МАХАНОВ Ерғали** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 17 ауылда туған. Ауыл кең. төрағасы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 ж. ақтаған.

**МАХАШЕВ Керім** – қазақ, 1873 жылы Шалқар ауданында туған. Белгілі кәсібі жоқ. 3.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. нас. үшін» ең жоғ. жазаға кесілген. 29.05.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**МӘМБЕТОВ Қожахмет** – қазақ, 1881 жылы Ырғыз ауд. 8 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 20.11.38 жылы Шалқар УНКВД шешімімен сотталған. 20.03.90 жылы обл. пр. ақтаған.

**МӘНДІБАЕВ Сарымсақ** – 1907 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. Серікт. мүш. 25.06.37 жылы Обл. сот арн. колл. шешімімен 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 04.11.92 жылы обл.пр. ақтаған.

**МЕДЕТОВ Әбдіғаппар** – қазақ, 1886 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Етікші. 25.11.39 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 27.11.61 жылы обл. сот ақтаған.

**МЕЛЬКЕР Монард Игнатьевич** – неміс, 1908 жылы Витебск қаласында туған. Шалқар ст. тех. Бюро инспекторы. СССР Әск. колл. 09.02.38 жылы ең жоғ. жазаға кесті. 24.02.59 жылы ақталды.

**МЕСЯЦ Андрей Иванович** – украин, 1895 жылы Киев обл. Рудянова ст-да туған. Шалқар ст-да қойма күзетшісі. Орынбор т.ж. Әск.тр. 13.06.42 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырды. РСФСР ЖС 26.08.69 ж. ақтаған.

**МИЗЕРСКИЙ Иосиф Иосифович** – еврей, 1898 жылы Любохинск обл. Расв. уезінде туған. Шалқар ст. маш. көмекшісі. ОГПУ 25.06.31 жылы жазалады. 1931 жылы іс қысқартылды.

**МИКЛАШЕВСКИЙ Владислав Витальевич** – поляк, 1915 жылы Харбин қаласында туған. Шалқар ст. маш. көмекшісі. СССР Пр. және НКВД қаул. 25.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Одесса Әск. тр. 04.10.57 жылы ақтаған.

**МИХАИЛОВ Яков Михайлович** – орыс, 1904 жылы Орынбор обл. Бузулук ауд. Шулаевка селосында туған. Шалқар ст. тексеруші. СССР Әск. колл. шешімімен 09.02.38 жылы ең жоғары жазаға кесілді. 24.02.59 жылы ақталған.

**МИШИН Александр Григорьевич** – орыс, 1911 жылы Псков обл. Хотинцы селосында туған. Шалқар ст. депо жұм. РСФСР ЖС Қаз. бөл. аре. колл. 25.09.36 жылы шеш. 5 жылға бас бостандығынан айырған. 22.02.90 жылы ақталған.

**МОРЧАЛ Савва Данилович** – орыс, 1902 жылы Киев обл. Богуслов. ауд. Карачино селосында туған. Бершігүр шахта құр. Жүкшілер бригадасында жұм. істеген. Обл. сот. 27.02.34 жылы ең жоғ. жазаға кескен. СССР Пр. 29.11.91 жылы ақтаған.

**МОРОЗОВСКИЙ Константин Михайлович** – поляк, 1898 жылы Варшавада туған. Шалқар ст-да 60-резъезд диспечері. УНКВД 02.12.37 жылы ЕТЛ-ға кесті. Обл. пр. 26.03.40 ж. ақтаған.

**МУНТЯН Исаи Тимофеевич** – молдаван, 1897 жылы Бендеры қаласында туған. Шалқар ст. депо маш. Обл. сот. 27.06.45 жылы ең жоғ. жазаға кесті. СССР ЖС 26.06.58 жылы ақтаған.

**МУСИН Бисенәлі** – қазақ, 1881 жылы Шалқар ауданында туған. Слесарь 20.03.34 жылы УНКВД Үшт. шешімімен 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот. 08.05.61 жылы ақтаған.

**МУСИН Керімберді** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Ст-да жұмысшы. 08.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. дивер. ұйым. мүш. ретінде» ең жоғары жазаға кесілді. 3.07.59 жылы обл. сот ақтаған.

**МУСИНА Хадиша** – қазақ, 1903 жылы Семей қаласында туған. Шалқар станц. тұрғыны. Үшт. шеш. 22.05.39 жылы СССР НКВД ЕМ шешімімен 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Обл. пр. 22.05.89 жылы ақтаған.

**МҰҚАНОВ Ғани** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 4 ауылда туған. Новоресей ауд-да мұғалім. 25.12.37 жылы Үшт. шеш. ас. үгіті үшін 10 жылға бас бостандығынан айырылған. 31.01.90 ж. ақтаған.

**МҰРАТОВ Қармыс** – қазақ, 1907 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. 77157 Әск. бөл. жауынгері. 04.11.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «ас. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 09.09.93 жылы Бас. Пр. ақтаған.

**МҰСТАМБАЕВ Ідіріс Мұстамбайұлы** – қазақ, 1898 жылы Семей қаласында туған. Шалқар ауд. 22 ауылда к-шы. 15.11.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. 9.05.59 жылы ақталған.

**МҰСТАФИН Мерхамбет-сафа** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Молда. 06.12.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен ең жоғ. жазаға кесілді. 05.06.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**МҮСІРӘЛИН (Итемгенов) Өсер** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. 04.11.37 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**МЫРЗАБАЕВ Балғабай** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Депода кочегар. 08.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен «к-р. үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілген. Обл. пр. 11.07.89 жылы ақтаған.

**МЫРЗАҒҰЛОВ Данағұл** – қазақ, 1897 жылы Шалқар ауданында туған. Су тасушы. 19.10.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен ең жоғары жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**МЫРЗАТАЕВ Инип** – қазақ, 1896 жылы Шалқар ауд. 22 ауылда туған. К-шы. 15.02.38 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 13.02.40 жылы Чкалов обл. УНКВД ақтаған.

**НАЗАРГЕЛДИН Аман** – қазақ, 1895 жылы Гурьев обл. Мақат ст. туған. Шалқар ауд. 16 ауылда к-з төрағасы. 08.02.38 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. ұйымға қат. үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 04.07.89 жылы ақтаған.

**НАЗМУТДИНОВ Абдулаха Сабирович** – татар, 1895 жылы Орынбор обл. Серек пос-де туған. Шалқар ст. астық дайындау қойма меңг. УНКВД Үшт. шешімі-мен 25.12.37 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Обл. пр. 23.06.89 жылы ақтаған.

**НАЛИКИН Матвей Ильич**-башқұрт, 1894 жылы Башқұрт АССР-ы Белебай ауданында туған. Шалқар ст. депода тексеруші. Обл. сот шешімімен 20.02.39 жылы бас бостандығынан айрылған. Обл. пр. 16.04.90 ж. ақтаған.

**НАМАЗБАЕВ Әбдірайым** – қазақ, 1899 жылы Шалқар ауд. 22 ауылда туған. 24 артельде артель мүшесі. 21.01.38 жылы УНКВД «Үк. к-р. әрекеті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. обл. сот 14.12.56 жылы ақтаған.

**НАУРЫЗБАЕВ Әбдірахман** –қазақ, 1877 жылы Шалқар ауд. 2 ауылда туған. Шалқар ауд. 19 ауылда тұрған. Белгілі кәсібі жоқ. 19.10.37 жылы УНКВД үк. шешімімен «к-р. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 31.05.89 жылы ақтаған.

**НАУРЫЗБАЕВ Жасай** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Көкбұлақ» серікт. мүшесі. 25.11.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. әрекеті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 14.12.56 жылы ақтаған.

**НУРЫЗБАЕВ Садық** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 20.03.36 жылы РСФСР ЖС Қаз. бөл. шешімімен 6 жылға бас бостандығынан айрылған. 04.05.90 жылы ақталған.

**НАУРЫЗОВ Күнтілеу** – қазақ, 1868 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Бел. кәс. жоқ. 25.11.37 жылы Үшт. шеш. «к-р. үгіті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 11.07.82 жылы Обл. пр. ақтаған.

**НЕДЗВЕЦКИЙ Карл Деонизович** – украин, 1905 жылы Житомир обл. Любгута селосында

туған. Шалқар ст-да слесарь болып істеген. Обл. сот 23.03.51 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырған. 14.12.61 ж. ақтаған.

**НЕКРЫЛОВ Алексей Тимофеевич** – орыс, 1907 жылы Орынбор обл. Кирсановка селосында туған. Шалқар ст. жұм. істеген. 03.11.37 жылы 10 жылға айдалған. Обл. сот 29.06.60 жылы ақтаған.

**НЕПОЧАТЫЙ Анатолий Иванович** – украин, 1895 жылы Курск облысында туған. Шалқар ст. депо жұм. ОГПУ қау. 03.01.28 жылы жазаланды. Обл. пр. 28.09.91 жылы ақтады.

**НИЯЗОВ Құттыбай** – қазақ, 1879 жылы Арал ауд. 8 ауылда туған. Шалқар ауд. 12 ауылда серікт. мүшесі. 29.12.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 23.06.89 ж. ақтаған.

**НИЯЗОВ Мырзалы** – қазақ, 1864 жылы Шалқар ауд. 6 ауылда туған. Малшы. 29.12.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. СССР ЖС шешімімен 16.01.89 ақталған.

**НОВИКОВ Михаил Семенович** – орыс, 1903 жылы Башқұрт елінде, Комовка селосында туған. Шалқар ст. кезекші. Орынбор т.ж. желі. соты 09.04.41 жылы 5 жылға бас бостандығынан айырған. СССР ЖС 24.07.63 ж. ақтаған.

**НҰРАЛИН Қойболды** – қазақ, 1922 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. 67315 әск. бөл. жауынгері. 24.04.54 жылы Оңт. Урал әск. тр. шешімімен 25 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 17.12.93 жылы ҚР әск. соты ақтаған.

**НҰРҚАРОВ Есенаман** – қазақ, 1912 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. ТОЗ-дың мүшесі. 27.07.35 жылы НКВД ЕМ шешімімен «к-р. іс-әрекет. үшін» 5 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 24.04.89 жылы Обл. сот ақтаған.

**НҰРМАҒАМБЕТОВ Закария** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. Малшы. СССР НКВД ЕМ 21.05.35 жылы шеш. «к-р. үгіті үшін» 3 жылға айдалған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**НҰРМАНОВ Мырзатай** –қазақ, 1897 жылы Ырғыз ауд. 13 ауылда туған. Шалқар ст. кеңсе қызм. 20.11.38 жылы «к-р. іс-әрекеті үшін» 10 жылға айдалған. 20.09.39 жылы УНКВД шешімімен ақтаған.

**НҰРСЕЙІТОВ Алдаған** – қазақ, 1891 жылы Гурьев обл. Есіккөл ауд. 22 ауылда туған. Шалқар ауд. 12 ауылда тұрған. Белгілі кәсібі жоқ. 20.12.32 жылы Қаз. ПП ОГПУ шешімімен «зиян. әрекеті үшін» 10 ж. бас бост. айырған. Обл. сот 15.09.65 ж. ақтаған.

**НҰРТАЕВ ИБРАГИМ** – қазақ, 1876 жылы Маңғыстау обл. «Киринев» пос. туған. Шалқар ст. тұрған. Белгілі кәсібі жоқ. 29.08.38 жылы УНКВД уч. шешімімен ең жоғ. жазаға кесілген. Обл. пр. 22.05.89 жылы ақтаған.

**НҰРПЕЙІСОВ Аманжол** – қазақ, 1900 жылы Шалқар қаласы 13 ауылда туған. К-шы. 25.11.37 жылы УНКВД Үш. шешімімен 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр 24.07.89 жылы ақтаған.

**ОНИПКО Александр Лукьянович** – украин, 1894 жылы Примор. өлке. Дубки селосында туған. Шалқар ст. депо бригадирі. 25.12.37 жылы «рев. қарсы үгіт үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Оңтүстік Урал Әск. тр шешімімен 04.10.57 жылы ақталған.

**ОРАЗАЕВ Жақия (Якия)** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 24 ауылда туған. Малшы. 10.11.37 жылы УНКВД үшт. шешімімен «к-р. үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілген. Обл. сот 3.07.59 ж. ақтаған.

**ОРАЗАЛИН Жұмабай Лекмұхамбетұлы** – қазақ, 1884 жылы Орынбор обл. Жайық ауд. туған. Шалқар ауд. Қарашоқат ст. мектеп директоры. 25.01.37 жылы УНКВД үк. шеш. «к-р. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. сот 03.07.59 жылы ақтаған.

**ОРАЗБАЕВ Өтеген** – қазақ, 1908 жылы Шалқар ст.туған. Бершігүр шах. жұм. 29.12.37 ж. УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. ұйым мүш. рет» ең жоғ. жазаға кесілген. Обл. сот. 25.05.56 ж. ақтаған.

**ОРАЗОВ Жамансары** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. «Ақши» к-ның мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. сот 25.05.56 жылы ақтаған.

**ОРАЗОВ Қадір** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 6 ауылда туған. Жұрын ауд. 2 совх. бриг. 15.09.37 жылы УНКВД Үшт. шешімімен «к-р. қарсы әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ОҢАЛБАЕВ Асқар** – қазақ, 1882 жылы Қызылорда обл. Арал ауд. 3 ауылда туған. Шалқар ауд. 12 ауыл бақташы. 4.11.37 жылы УНКВД үк. шеш. «к-р. үгіті үшін»

10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 04.05.56 жылы ақтаған.

**ОРЫМБАЕВ Дәкумаш** – қазақ, 1892 жылы Шалқар ауданында туған. 12 ауылд к-шы. 19.10.37 жылы УНКВД үшт. шеш. «контррев. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ОТАРОВА Мәрия** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 6 ауылда туған. 15.04.44 жылы СССР НКВД жан. ЕМ шешімімен «отан. опасыз сем. мүш рет» Қостанай обл. 5 жылға жер аударған. 29.08.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ОХРЕМКИН Николай Андреевич (Савин Иван Романович)** – орыс, 1900 жылы Челябі обл. Чебракуль ауданында туған. Шалқар ст. депо слесары. 31.03.42 жылы СССР НКВД жан. ЕМ шеш. «кеңеске қарсы үгіті үшін» 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. обл. пр. 01.02.90 жылы ақтаған.

**ӨТЕБАЕВ Құрманәлі** – қазақ, 1905 ж. Шалқар ауданында туған. 12 ауылда сатушы. 20.03.34 жылы УНКВД Үштігі шешімімен 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 8.05.61 ж. ақтаған.

**ӨТЕГЕНОВ Құлмұханбет** – қазақ, 1865 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Сонда молда. 25.11.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ӨТЕКОВ Айдапкел** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Колхозшы. 20.10.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді Бас. Пр. 25.11.92 ж. ақтаған.

**ӨТЕУМАҒАНБЕТОВ Тәкеш** – қазақ, 1880 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Малшы. 20.08.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. насихат. үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 22.05.89 ж. ақтаған.

**ӨТЕШОВ Жақсылық** – қазақ, 1916 жылы Шалқар ауд. 22 ауылда туған. Ауд. а.ш. бөлімінде құрылысшы-техник. Оңт. Урал. Әск. тр. шеш. 25 жылға бас бостандығынан айырылған. ҚР Бас пр. 02.06.94 жылы ақтаған.

**ӨТЕШОВ Мұхамбетәлі** – қазақ, 1883 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Қаражиде» артелінің мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. үгіті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ПАВЕЛКИН Алексей Лазеревич** – орыс, 1897 жылы Куйбышев обл. Арбат ауд. Пурдакова селосында туған. Шалқар ст. жол дист. бригадирі. Орынбор т.ж. желі. соты 25.03.37 жылы бас бост. айырған. Бас пр. 17.08.62 жылы ақтаған.

**ПАНЬКО Василий Антонович** – украиң, 1877 жылы Печалов өңірінде туған. Шалқар ст. ДТО бастығы. 16.02.40 жылы 2 жылға бас бост. айырған. ҚР Бас пр. 28.05.92 жылы ақтаған.

**ПЕРИНСКИЙ Анатолий Иосифович** – орыс, 1906 жылы Краснодар қаласында туған. Шалқар ст. су айдау машинисі. СССР НКВД және Пр. 7.05.38 ж. ең жоғ. жазаға кесілген. Оңт. Урал. Әск. т. 3.09.57 ж. ақтаған.

**ПЕРОВА Пелагея Ивановна** – орыс, 1913 жылы Пенза обл. Сура қаласында туған. Шалқар қаласында тұрып жұмыс істеді. Обл. сот 18.07.50 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға айдаған. Жаза шарасы 07.02.55 жылы 5 жылға кемітілді. 19.03.90 жылы ақталды.

**ПЕТРОВ Иван Федорович** – орыс, 1914 жылы Калинин обл. Тверь қаласында туған. Шалқар ст. машинист жәрдемшісі. УНКВД Үшт. шеш. 13.10.38 жылы бас бост. айырған. Обл. сот 30.07.75 жылы ақтаған.

**ПИВОВАРОВ Михаил Емельянович** – орыс, 1865 жылы Воронеж обл. туған. Шалқар қаласында құр. уч. шебер. 29.11.36 жылы РСФСР ЖС ар. колл. шеш. 5 жылға ЕТЛ-ға жіберілді. 15.03.93 жылы ақталды.

**ПЛЮСКИН Лев Александрович** – орыс, 1882 жылы Свердлов обл. Усолье селосында туған. Шалқар ст. депо бухг. УНКВД Үшт. шешімімен 30.11.37 жылы жауапқа тартылған. Қайтыс болуына байл. іс тоқтатылды. Обл. пр. 19.06.91 жылы ақтады.

**ПОВЕЛЕЙЦЕВ Антон Осипович** – орыс, 1890 жылы Литвада туған. Шалқар ст. депо ұстасы. УНКВД Үшт. шеш. 18.10.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Оңт. Ор. Әск. тр. 16.02.57 жылы ақтады.

**ПОЗДНЯКОВ Василий Михайлович** – орыс, 1892 жылы Астрахань облысында туған. Шалқар ст. ауд. жұмыс жабд. бөлім балықшысы. Орынбор т.ж. Әск. тр. 23.10.44 жылы 6 жылға ЕТЛ-ға кескен. 17.05.62 жылы обл. пр. ақтаған.

**ПОНЕТАЙКИН Тимофей Кузьмин** – орыс, 1884 жылы Саратов өлке. туған. Шалқар ст. поезд мастері. УНКВД Үшт. шеш.

15.02.38 жылы «к-р. топқа қат. рет.» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. обл. пр. 19.06.90 жылы ақтаған.

**ПОНОМАРЕВ Валентин Васильевич** – орыс, 1895 жылы Қарағанды обл. туған. Шалқар ст. қойма кілтшісі. Обл. сот 16.08.41 жылы бас бостандығынан айырған 28.04.90 жылы ақтаған.

**ПОРОШНИНСКИЙ Сергей Александрович** – украин, 1916 жылы Винница обл. туған. Шалқар ст. поезд кочегары. Орынбор т.ж. Ақтөбе ст. УНКВД Үшт. шеш. 30.07.35 жылы жазалаған. Обл. пр. 19.06.90 жылы ақтаған.

**ПОРЯДКОВ Андрей Григорьевич** – орыс, 1913 жылы Куйбышев облысында туған. Шалқар ст. вагон майлаушысы. Орынбор т.ж. желі. соты 28.05.35 жылы 3 жылға ЕТЛ-ға жазалаған. ҚР Бас пр. 5.06.92 жылы ақтаған.

**ПОСТОВА Сельма Иосифовна** – эстон, 1893 жылы Тарту қаласында туған, Шалқар ауд. аурух. қызмет етуші. 27.10.38 жылы УНКВД Үшт. шеш. ең жоғары жазаға кесілді. Обл. пр. 28.04.89 жылы ақтаған.

**ПОТАПЕНКО Григорий Иванович** – украин, 1897 жылы Страврополь губ. Николаевка селосында туған. Шалқар ст. машинист. Обл. сот 23.06.42 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға жазалаған. 28.02.61 жылы ақтаған.

**ПРИПАДЧЕВ Дмитрий Сергеевич** – орыс, 1911 жылы Орынбор обл. Илецк қаласында туған. Шалқар ст. 39 разъезд бастығы. Орынбор т.ж. желі соты 17.05.37 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырған. 2.03.60 жылы ақтаған.

**ПРОШКИН Алексей Матвеевич** – орыс, 1909 жылы Саратов обл. Кіші Грязнуха селосында туған. Шалқар ст-да депо маш. көмекшісі. 15.02.38 жылы «к-р. әрекеті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Чкалов обл. соты 25.02.57 жылы ақтаған

**ПУСТОВОЙТОВ Константин Васильевич** – орыс, 1909 жылы Гомель қаласында туған. Тоғыз ст. эл. механик. Орынбор т.ж. желі. соты 5.08.42 жылы 7 жылға бас бост. айырған. ҚазССР Жоғ. соты 16.10.66 жылы ақтаған.

**ПІРІМБЕТОВ Әбиболпан** – қазақ, Шалқар ауд. 13 ауылда туған. «Қаражиде» қ-ның мүшесі. 20.11.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. әрекеті үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған, обл. пр 16.06.89 жылы ақтаған.

**ПІРІМБЕТОВ Жұмағали** – қазақ, 1888 жылы Табын ауд. 12 ауылда туған. Шалқар ауд. 12 ауылда к-шы. 25.11.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. диверс. ұйымға қат. үшін» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған.

**ПІРІМБЕТОВ-ПЕРИКЕЕВ Әбдікәрім** – қазақ, 1875 жылы Оңт. Қаз. обл. Ванновка селосында туған. Шалқар ауд. 12 ауылда к-шы. 1942 жылы ҚССР НКВД Әск. тр. шеш. ең жоғ. жазаға кесілді. СССР ЖС 27.08.59 жылы ақтаған.

**РАКОВИЧ Иван Демидович** – белорус, 1907 жылы Брест-Литва обл. Суходоп селосында туған. Шалқар қаласында ағаш шебері. Орынбор обл. Әск. тр. 28.12.43 жылы 10 жылға бас бостандығынан айырған 23.03.63 жылы ақтаған.

**РАМАЗАНОВ Ернияз** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 19 ауылда туған. Молда. 29.12.37 жылы УНКВД үшт. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалды. Обл. пр. 28.06.89 жылы ақтаған.

**РЕКАЧУК Семен Алексеевич** – украин, 1919 жылы Симферополь қаласында туған. Шалқар ст. депо слесары. Обл. сот шеш. 15.02.44 жылы 6 жылға бас бостандығынан айырылған. ҚазССР ЖС 1.06.90 ж. ақтаған.

**РЗИН Жәлел** – қазақ, 1908 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Шалқар ст. байланыс жүйесінде жұм. істеген. 29.12.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. ұйымға мүше ретінде» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 31.05.60 жылы обл. сот ақтаған.

**РИДЕЛЬ Григорий Самуилович** – еврей, 1893 жылы Полтава обл, Бритовка селосында туған. Шалқар ауд. кеңесінің нұсқаушысы. УНКВД Үшт. шеш. 18.10.38 ж. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 22.05.89 жылы ақтаған.

**САВИН Николай Михайлович** – орыс, 1901 жылы Куйбышев обл. Елхоз ауд. туған. Шалқар ст. депо слесары. Орынбор т.ж. Әск. тр. 26.03.46 жылы 4 ж. бас бостандығынан айырған. Обл. пр. 20.02.92 жылы ақтаған.

**САҒИЕВ Ыбыраш** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Жұмысшы. 03.11.37 жылы УНКВД Үш. «к-р. ұйымға мүше ретінде» 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 23.06.89 жылы ақтаған.

**САҒЫМБАЕВ Мырзабек** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд.

22 ауылда туған. «Көк-Ала» к-ның бригадирі. Обл. сот колл. шеш. 17.08.37 жылы 2 жылға бас бостандығынан айырған. Қаз. ССР ЖС 15.01.60. жылы ақтаған.

**САҒЫНДЫҚОВ Отжан** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 9 ауылда туған. «Қорғантұз» серікт. мүшесі. 10.10.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. «к-р. әрекеті үшін» ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр 23.05.89 жылы ақтаған.

**САДЕНОВ Мағзұмия** – қазақ, 1870 жылы Жылықосын ауд. 8 ауылда туған. Шалқар ауд. 8 ауылда к-шы. 10.11.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. ас үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. обл. сот 14.10.59 жылы ақтаған.

**СЫДЫҚОВ Әзиз** – қазақ, 1874 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. УНКВД Үшт. шеш. 29.12.37 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 5.06.89 жылы ақтаған.

**СЫДЫҚОВ Мазамбет** – қазақ, 1895 жылы Ырғыз ауд. 8 ауылда туған. Шалқар депосында жұм. 08.02.38 жылы УНКВД үшт. шеш. ең жоғары жазаға кесілді. Обл. сот 10.02.60 ж. ақтаған.

**САДЫҚОВ Талтақ** – 1899 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. «Бершүгір» к-да жұм. Қаз. ССР ЖС колл. 29.12.90 ж. ақтаған.

**САДЫРБАЕВ Нұрмағанбет** – қазақ, 1875 жылы Шалқар ауд. 10 ауылда туған. Малшы. 29.12.37 жылы УНКВД үшт. шеш. 10 жылға ЕТЛ-айдалған. Обл. пр. 19.06.89 жылы ақтаған.

**САЗАНОВ Әлімқұл** – қазақ, 1894 жылы Ферғана обл. Боцкимел селосында туған. Тоғыз ст. шаруа. Обл. сот шеш. 29.09.43 жылы 8 жылға бас бостандығынан айырған. Қаз ССР ЖС 15.10.56 жылы ақтаған.

**САЙЫМОВ Жалмағанбет** – қазақ, 1903 жылы Ойыл ауд. 2 ауылда туған. Шалқар ауд. 2 ауылда к-шы. 4.11.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. зиян. әрекеті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 19.06.89 жылы Ақтаған.

**САЙЫМОВ Тұрмағанбет** – қазақ, 1900 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. ТОЗ төрағасы. УНКВД Үшт. шеш. 20.03.34 жылы 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл сот 8.05.61 жылы ақтаған.

**САҚТАҒАНОВ САҒИ** – қазақ, 1900 жылы 21 ауылда туған. Бершүгір ст. 21 ауылда жұмысшы. УНКВД Үшт. шеш. 2.02.38 жылы контррев. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. сот 15.05.58 жылы ақтаған.

**САЛТЫҚОВ Бірмағанбет** – қазақ, 1899 жылы Шалқар ауд. 21 ауылда туған. Малшы. 3.11.37 жылы УНКВД үшт. шеш. к-р панисл. ұйымға мүше рет. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 16.06.89 жылы ақтаған.

**САРАГУЛОВ Петр Павлович** – орыс, 1876 жылы Орынбор обл. Орск ауд. Терекші ауданында туған. Бершүгір ст. қоймашы. УНКВД Үшт. шеш. 3.11.37 жылы к-р. үгіті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Облпр. 30.07.89 жылы ақтаған.

**САРИМАНОВ Бүркітәлі** – қазақ, 1886 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. «Қамқа» серікт. мүшесі. 3.09.37 жылы УНКВД Үшт. шеш к-р. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 23.05.89 жылы ақтаған.

**САНДАЛОВ Федор Михайлович** – орыс, 1884 жылы Куйбышев обл. Кутузов ауд. Хансевка селосында туған. Шалқар ст-да депо машинисі. Орынбор т.ж. НКВД-сы қау. жазаланған. 11.02.39 жылы ақтаған.

**САРТОВ (Құрманов) Өтеген** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 22 аулда туған. К-шы. 5.11.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. ең жоғары жазаға кесілді. Обл. пр. 31.05.89 жылы ақтаған.

**САРТАЕВ Демесін** – қазақ, 1887 жылы Шалқар ауд. 5 ауылда туған. Малшы. 15.11.37 жылы УНКВД үшт. шеш. кеңеске қарсы үгіті үшін 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 20.06.89 ж. ақтаған.

**САТЫБАЛДИН Құрманғали** – қазақ, 1901 жылы Маңғыстау обл. Үйтан ауданында туған. Шалқар ст-да ауд. денс. бөлімінде есепші. 29.08.37жылы УНКВД Үшт. шеш к-р. үгіті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**САФРОНОВ Георгий Федорович** – орыс, 1916 жылы Маньчжуриядағы Чжалантунь ст-да туған. Шалқар ст. деподa слесарь. СССР Пр. және НКВД ком. шеш. 25.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**САФРОНОВ Николай Федорович** – орыс, 1915 жылы Астрахань қаласында туған. Орынбор т.ж. Шалқар ст. дистанциясында бухгалтер. Желі. сот 13.02.41 ж. 7 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 23.04.90 ж. ақтаған.

**СӘРСЕКОВ Төлеген** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 10

ауылда туған. Қарабұтақ ауд. Жармұхамедов ат. шар-ғы 1 фермада к-шы. 25.11.37 жылы Үшт. шеш. к-р. әрекеті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 31.01.90 жылы ақтаған.

**СӘТМАҒАНБЕТОВ Садық** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Шалқар ст-да майлаушы. 08.02.38 жылы УНКВД Үшт. шеш. к-р. насихат үшін ең жоғ. жазаға кесілді.

**СЕЙТБАЕВ Кенжетай** – қазақ, 1908 жылы Шалқар ауданында туған. 17 ауылда сельпо сатушы. УНКВД Үшт. шеш. 20.03.34 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**СЕКСЕМБАЕВ Сәтқұл** –қазақ, 1910 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. 65 разъезд бастығы. 04.03.41 жылы КСРО ЖС ком. шеш. 3 жылға бас бост. айырылған. 01.06.95 жылы ҚР Бас пр. ақтаған.

**СЕНЕЮК Иван Лаврентьевич** – орыс, 1897 жылы Киев обл. Белоцерков ауд. Фасуры селосында туған. Шалқар ст-да мастер. Приволжье Әск. тр. ең жоғ. жазаға кескен. 06.04.57 жылы ақталған.

**СЕМІЗЕКОВ Қожантай** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 10 ауылда туған. Шалқар ст. слесарь. 24.01.42 жылы КСРО НКВД-сы кеңеске қарсы үгіті үшін 8 жылға ЕТЛ-ға жазалаған. Обл. пр. 30.07.89 жылы ақтаған.

**СЕНЮК Иван Григорьевич** – украин, 1916 жылы Кинпулун болысы, Керимбаба селосында туған. Шалқар ст-да құрылыс конторында шебер. КСРО НКВД-сы 22.07.42 жылы әлеуметтік қауіпті элемент рет. Бас бостандығынан айырды. Обл. пр. 05.05.89 жылы ақтаған.

**СЕРІКБАЕВ Қалды** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауданында туған. 23 ауылдық кеңестің төрағасы. 20.03.34 жылы УНКВД Үшт. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 08.05.61 жылы ақтаған.

**СМИРНОВА Екатерина Алексеевна** – орыс, 1902 жылы Смоленск қаласында туған. Шалқар ст. кеңсе қызметкері. КСРО НКВД-сы. 9.01.38 жылы отанына опасыздық жасаған семья мүш. рет. 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 28.01.89 жылы ақтаған.

**СНАЛЬСКИЙ Степан Иосифович** – белорус, 1891 жылы Польшада туған. Шалқар ст. жұмысшы. УНКВД Үшт. шеш. 13.11.38 ж. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл пр. 24.04.85 жылы ақтады.

**СОЛОВЕЙ Николай Степанович** – украин, 1897 жылы Старая Лупиянка селосында туған. Шалқар қаласында аудандық сауда бөлімінде есепші. УНКВД Үшт. 14.10.38 жылы тыңшылығы үшін ең жорғ. жазаға кесті. Түркістан Әск. тр. 24.01.62 жылы ақтаған.

**СОЛОМАТИН Василий Иванович** – орыс, 1880 жылы Саратов обл. Василевка дер. туған. Шалқар ст. шеберханада етікші. УНКВД Үшт. 04.11.37 жылы к-р. қызм. үшін ең жоғ. жазаға кесті. 25.09.58 жылы ақтаған.

**СОЛАМАТИН Николай Никитович** – орыс, 1914 жылы Тула обл. Елиеран ауд. Соламатовка дер. туған. Шалқар ст. жұм. Обл. сот шеш. 29.09.43 жылы 10 жылға бас бост. айрылды. 15.10.56 жылы ақтаған.

**СПЕШОВ Иван Иванович** – орыс, 1906 жылы Шалқар қаласында туған. Ст-да депо дайындау цехының слесары. Орынбор т.ж. Әск. тр. 26.02.43 жылы 10 жылға бас бост. айырған. КСРО ЖС 15.07.62 ж. ақтаған.

**СТАНИШЕВСКИЙ Николай Францевич** – белорус, 1899 жылы Пятигорск қаласында туған. Шалқар ст. депо бухгалтері. УНКВД Үшт. шеш. 30.11.37 жылы 10 ж. бас бост. айырған. Іс УНКВД шеш. 07.09.39 жылы тоқталды.

**СТЕПАНОВ Николай Васильевич** – орыс, 1904 жылы Забайкалье обл. Куропино селосында туған. Шалқар ауд. құдық ст. жұмысшы. КСРО Пр. және НКВД-сы ком. қаул. 25.12.37 ж. ең жоғ. жазаға кесті. Приволжье Әск. тр. 27.05.58 жылы ақтаған.

**СТЕПАНЦЕВ Петр Степанович** – орыс, 1902 жылы Воронеж обл-да туған. Шалқар ст-да шеберхана меңг. Обл. сот 12.07.45 жылы 5 жылға ЕТЛ-ға жазалады. 01.09.89 жылы ақталды.

**СУРГУТСКИЙ Петр Петрович** – орыс, 1893 жылы Бегульск обл. Репелев селосында туған. Шалқар ст. жол қараушы. КСРО Пр. мен НКВД-сы 25.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесті. Привольже Әск. тр 26.04.60 жылы ақтады.

**СУСЛОВ Павел Алексеевич** – орыс, 1891 жылы Кострома обл. Трофимцево селосында туған. Шалқар ст-да депо жұм. Астрахань ауд. НКВД-сы кеңеске қарсы қызм. үшін жазалады. Обл пр. 19.06.90 жылы ақталды.

**СУХАНОВ Дәрбан** – қазақ, 1881 жылы Шалқар ауд. 16 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 14.10.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. к-р. үгіті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. ҚР Пр. 10.11.92 ж. ақтады.

**СҰЛТАНОВ Қалымбет** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Малшы. УНКВД Үшт. шеш. 20.03.34 ж. айыпталған. Обл. сот 8.05.61 ж. ақтаған.

**СҮСОВ Қалаш** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Шалқар ст-да ауыл старшыны. 29.12.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. кеңеске қарсы үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.сот 29.08.69 жылы ақтады.

**СҮГІРОВ Мырзағали** – қазақ, 1902 жылы Шалқар ауд. 2 ауылда туған. Жұрын ауд. Бершүгір заводында десятник. 09.12.38 жылы КСРО ЖС ең жоғ. жазаға кесті. ҚР.Пр. 8.07.92 жылы ақтады.

**СҮЛЕЙМЕНОВ Бердіқожа** – қазақ, 1895 жылы туған. Уездік қаржды бөлімінің қызметкері. Кеңестердің уездік IV және VI съездеріне делегат болып қатысқан. 07.12.38 жылы УНКВД Үш. қаул. Ең жоғ. жазаға кесілген. 1961 жылы 5 маусымда Сурхандария облыстық соты қаулысымен ақталған.

**ТАҒАНОВ Қанапия** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 4 ауылда туған. Малшы. 4.11.37 жылы УНКВД үшт.шеш. 10 жылға бас бостандығынан айырған. 24.12.57 жылы Оңт. Урал. Әск.тр. ақтаған.

**ТАСҚОРҒАНОВ Таслиман** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. «Шетырғыз» к-ның төрағасы. 12.02.43 жылы обл. сот шеш. 6 жылға бас бост. айырған. 7.10.58 жылы ҚазССР ЖС Әск. колл. ақтаған.

**ТАСҚЫМБАЕВ Ахмет** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Малшы. 29.12.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. кеңеске қарсы үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 28.06.89 жылы ақтаған.

**ТАСҚЫМБАЕВ Мұхамедияр** – қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 15 ауыл кеңес хатшысы. УНКВД Үшт. шеш. 20.03.34 жылы 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ТАСМАҒАНБЕТОВ Қартай** – қазақ, 1902, Шалқар ауд. 8 ауылда туған. Ақтөбе қаласында адвокат. Обл.колл. қорғаушысы. УНКВД Үшт. шеш. 15.11.37 жылы 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл.пр. 26.04.91 жылы ақтаған.

**ТАТАНОВ-УАНБАЕВ Рас Татанұлы** – қазақ, 1884 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. ОГПУ ЕМ шеш. 28.10.27 жылы 3 жылға жер аудар. Обл.пр. 25.11.92 жылы ақтаған.

**ТАУҚАЕВ Әбдіғали** – қазақ, 1914 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Шалқар ст-да маш. көмекшісі. УНКВД Үшт.шеш. к-р. ұйымға мүше рет. 8.02.38 жылы ең жоғары жазаға кесті. 29.04.63 жылы Бат. Қаз. өлк. соты ақтаған.

**ТАУҚАЕВ Рай** – қазақ, 1907 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Шалқар ст-да табельші. УНКВД Үшт.шеш. к-р. ұйымға мүше рет. 8.02.38 жылы ең жоғ. жазаға кесті. 26.12.62 жылы Бат. Қаз.өлк. Соты ақтаған.

**ТАУШКИН Михаил Матвеевич** – орыс, 1907 жылы Башқұрт АССР-ы Комавки дер. туған. Тоғыз ст. бастығы. Орынбор т.ж. желі. соты 08.06.38 жылы бас бост. айырған. СССР ЖС 20.10.61 жылы ақтаған.

**ТӘЖІКОВ Сегізбай** – қазақ, 1894 жылы Маңғыстау обл. Бейнеу ст-да туған. Шалқар ауд. 13 ауылда тұрған. Жұмыссыз. 14.04.33 жылы ОГПУ жан. Үш. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Бас пр. 25.11.92 жылы ақтаған.

**ТӘҢІРБЕРГЕНОВ Молдаш** – қазақ, 1893 жылы Гурьев обл. Жылықосын ауданында туған. Шалқар ауд. «Жаңажол» к-ның мүшесі. 30.11.37 жылы УНКВД үшт. шеш. к-р. үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған 16.06.89 жылы ақталған.

**ТӘШРЕНОВ Өтеғұл** – қазақ, 1877 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. Серікт. мүшесі. 14.10.47 жылы УНКВД Үшт. шеш. к-р. ұйымға мүше рет. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ТЕЛЕРМАН Наум Алтерович** – еврей, 1890 жылы Одесса обл. Беляевка селосында туған. Шалқар ст. депо механигі. Оңт. Урал. Әск. тр. 10 ж. ЕТЛ-ға айдалған. 15.12.60 ж. ақталған.

**ТЕМИРДЖИ-ОГЛЫ Едихан Мәмедұлы** – түрік, 1885 жылы Түркияда Мехмед қаласында туған. Жұмысшы. Шалқар НКВД-сы жазалаған. Обл. пр. 28.05.90 жылы ақтаған.

**ТЕМІРБАЕВ Торғай** – 1895 жылы Шалқар ауд. 2 ауылда туған. Малшы. 29.12.37 жылы

УНКВД Үшт.шеш. кеңеске қарсы үгіті үшін 10 жылға бас бостандығынан айырған. Бат. Қаз. өлк. Соты 23.12.63 жылы ақтаған.

**ТЕРЕКОВ Медресін** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Шалқар ст. мұғалім. 22.12.37 жылы Шалқар УНКВД шеш. к-р. ұйымға мүше рет. айыпталған. Кейінгі тағдыры белгісіз. Обл.пр. 3.04.90 ж. ақтаған.

**ТИМШИН Казимир Эдуардович** – белорус, 1891 жылы Латвиядағы Курляндия губ. Митава қаласында туған. Шалқар с. депо слесары. Орынбор т.ж. желі соты 25.08.38 жылы зиянк. үшін жазалаған. Обл.пр. 14.05.90 жылы ақтаған.

**ТАСМАМБЕТОВ Досмұхан** – қазақ, 1883 жылы Шалқар ауд. 15 ауылда туған. Шалқар ст. тұрған. Жұмыссыз. Обл. сот шеш. 04.11.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. ҚазССР ЖС 22.05.56 жылы ақтаған.

**ТОҚСЕЙІТОВА Жұмахан** – қазақ, 1914 жылы Қызылорда обл. Қармақшы ауд. туған. Шалқар ст. тұрған. 10.06.38 жылы СССР НКВД жан ЕМ шеш. отанына опасыз семья мүш. рет. 2 жылға ашық бақылауға алынған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ТОҚТАРОВ Сәрсен** – қазақ, 1898 жылы Шалқар ауд. 11 ауылда туған. Серікт. мүшесі. 15.07.35 жылы СССР УНКВД жан. Ем шеш. к-р. әрекеті үшін 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ТОМАШЕВИЧ Петр Станиславович** – белорус, 1886 жылы Студельцы ст. туған. Шалқар ст. жол дист. бастығы. СССР Пр. және УНКВД ком. шеш. 16.02.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Обл.пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**ТОМЧУК Иван Никифорович** – украин, 1913 жылы Польшада Гдыняда туған. Шалқар ст. тұрған. Жұ-мыссыз. СССР НКВД шеш. 11.02.38 ж. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 ақтаған.

**ТОРҒАЕВ Жүсіпбай** – қазақ, 1880 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Көкбұлақ серікт. мүшесі. 2.02.38 жылы УНКВД Үшт. шеш. к-р. ұйымға қат. рет. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 28.06.89. жылы ақтаған.

**ТӨЛЕУОВ Мұқан** – қазақ, 1899 жылы Шалқар ауд. 14 ауылда туған. Малшы. 25.11.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. к-р. үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 16.06.89 жылы ақтаған.

**ТӨРЕБЕКОВ Төрехан** – қазақ, 1885 жылы Шалқар ауданында туған. 12 ауылда малшы. 20.03.34 жылы УНКВД Үшт. шеш. 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ТӨРЕҒҰЛОВ Сағын** – қазақ, 1909 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Малшы. 3.03.30 жылы ОГПУ колл. жанын. ЕМ шеш. 3 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 29.08.89 жылы обл.пр. ақтаған.

**ТӨРЕМҰРАТОВ Әлібек** – қазақ, Шалқар ауд. 14 ауылда туған. Жұмыссыз. 03.09.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. к-р. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. 05.89. жылы обл. пр. ақтаған.

**ТУМЫШЕВ Орынбасар** – қазақ, 1891 жылы Гурьев обл. Жылықосын ауд. 6 ауылда туған. Шалқар ауд. 12 ауылда к-шы. Ойыл УНКВД-сы кеңеске қарсы үгіті үшін айыптаған. Обл. пр. 28.03.90 жылы ақтаған.

**ТУНИК Сергей Васильевич** – украин, 1871 жылы Чернигов обл. Партизан селосында туған. Шалқар ст-да кассир-төлемші. СССР Пр. және НКВД ком. қаул. 25.12.37 жылы тыңшылығы үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Приволжье Әск. тр. 13.02.59 жылы ақтаған.

**ТҰҢҒАШИН Ахмет Хангерейұлы** – қазақ, 1890 жылы Ырғыз ауд. 7 ауылда туған. Шалқар ветбаклаборатория меңг. 18.10.50 жылы обл. сот шеш. 10 жылға бас бост. айрылған. Қаз. ССР ЖС 15.01.58 жылы ақтаған.

**ТҰРҒАНБАЕВ Артығали** – 1897 жылы Шалқар ауд. 1 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 14.10.37 ж. Үшт. шеш. к-р. үгіті үшін 10 жылға концлагерге айдалған. Обл. пр. 31.05.89 ж. ақтаған.

**ТҮЙІНОВ Сүлеймен** -қазақ, 1894 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Ұста. 19.11.37 жылы УНКВД Үшт.шеш.кеңеске қарсы үгіті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. 10.10.63 жылы Бат. Қаз. өлк. соты ақтаған.

**ТЫНЫМБАЕВ Мешітбай** – қазақ, 1908 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Қарабұтақ ауд. «Іркөл» к-зы төрағасы. 07.05.39 жылы Обл. сот шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Облыс. пр. 26.04.91 жылы ақтаған.

**ТІЛЕГЕНОВ Ақтан** – қазақ, 1861 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Жұмыссыз. 29.10.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. ең жоғ. жазаға кесті. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтады.

**ТІЛЕУХАНОВ Сейілхан** – қазақ, Шалқар ауд. 4 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 15.02.38 жылы УНКВД Үшт.шеш. к-р. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. 30.07.89 жылы ақталған.

**ТІЛЕУПІНОВ Есқан** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 4 ауылда туған. Шалқар ст. кондуктор. 15.02.38. жылы Орынбор обл. НКВД Үшт. шеш. к-р. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. 30.07.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ТІНӘЛИН Аяп** – қазақ, 1893 жылы Шалқар ауд. 4 ауылда туған. Малшы. 25.12.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 05.06.89 жылы ақтаған.

**УСОВ Леонтий Георгиевич** – орыс, 1905 жылы Харбин қаласында туған. Шалқар ст. депо машинисі. СССР Пр. және НКВД ком. қаул. 25.12.37 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Одесса Әск. тр. 04.10.57 жылы ақтаған.

**ҰЖАНОВ Сүлеймен** – қазақ, 1905 жылы Оңт. Қаз. обл. Жаңақорған ауд. туған. Шалқар ауд. атқару ком. экономист. 15.11.37 ж. УНКВД Үшт. шеш. к-р. ұйымға мүше рет. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. сот 16.09.59. жылы ақтаған.

**ҮСЕНОВ Жетес** – қазақ, 1913 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Шалқар ст. сатушы. 3.12.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. тыңшылығы үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 23.06.89 жылы ақтаған.

**ҮСЕНОВ Күнжағал** – қазақ, 1905 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Жұмысшы. 03.11.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. к-р. ұйымға мүше рет. ең жоғ. жазаға кесілді. ҚР Пр. 2.11.92 жылы ақтаған.

**ФАЗЫЛОВ Абдразан** – қазақ, 1874 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. Молда. 26.08.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. үгіті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 22.05.89 жылы ақтаған.

**ФЕОДОРЕНКО Максим Семенович** – украин, 1873 жылы Новоалексеевка п-де туған. Шалқарда тұрған. Обл. сот 21.12.29 жылы 2 жылға бас бост. айырған. Обл. пр. 04.11.92 жылы ақтаған.

**ФЕДОРОВ Владимир Иванович** – орыс, 1900 жылы Виленск обл. туған. Шалқар қаласында мектеп директоры. 26.08.44 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 9.05.62 жылы ақтаған.

**ФЕДЮХИН Алексей Аристархович** – орыс, 1870 жылы Тоцкий ауд. Медведка селосында туған. Шалқар ст. ат бағушы. УНКВД Үшт.шеш. 22.04.38 жылы ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**ЮЛЮГИН Степан Андреевич** – орыс, 1910 жылы Куйбышев обл. Студенец селосында туған. Шалқар ст. слесарь. 9.02.38 жылы СССР ЖС шеш. 15 жылға бас бост. айырған. 27.03.58 жылы ақталған.

**ФУРСЕВИЧ Иван Михайлович** – поляк, 1917 жылы Польшада туған. Шалқар депосында слесарь. СССР УНКВД шеш. 25.07.37 жылы тыңшылық әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**ХАБИЛОВ Нұржан** – қазақ, 1912 жылы Шалқар ауд. 13 ауылда туған. Шалқар ст. машинист. 08.02.38 жылы УНКВД Үшт.шеш. к-р. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл.пр. 11.07.89 жылы ақтаған.

**ХАБИБУЛЛИН Бари** – қазақ, 1912 жылы Шалқар қаласында туған. Шалқар ст. кезекші. 08.02.38 жылы УНКВД Үшт.шеш. кеңеске қарсы үгіті үшін ең жоғары жазаға кесілді. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ХАМИДОВ Мұстафа** – өзбек, 1905 жылы Фериана қаласында туған. Шалқар қаласында мектеп директоры. СССР НКВД-сы 26.08.44 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға жіберілген. 30.12.53 ж. ақталған.

**ХЛЯКИН Иван Иванович** – орыс, 1897 жылы Воронеж обл. Колотово с-да туған, Шалқар ст. стелкашы. 19.10.38 жылы 15 жылға бас бост. айырылған. Обл. Пр. 28.02.90 жылы ақтаған.

**ХМЕЛЬНИЦКИЙ Владимир Яковлевич** – украин, 1908 жылы Кировоград қаласында туған. Шалқар ст-да ауд. жол құр. бухгалтер. ҚазССР НКВД Әск. тр. 31.10.41 ж. ең жоғ. жазаға кескен. СССР ЖС 28.01.57 ж. ақтаған.

**ЧУБАН Мирослав Васильевич** – украин, 1910 жылы Станислав обл. Миловсиев с-да туған. Шал-қар ст. ПЧ-да ұста. Орынбор т.ж. Әск.тр. 26.05.44 жылы 8 жылға бас бост. айырған. обл. пр. 20.02.92 жылы ақтаған.

**ЧЕРНЕНКО Николай Иванович** – украин, 1894 жылы Херсон губ. Ананьев уезі Юзенполь с-да туған. Шалқар ст-да жұм. Приволж. Әск. окр. Әск.пр.ең жоғ. жазаға кескен. 6.04.57 жылы ақталған.

**ЧЖАН-Юй-Хван** – корей, 1909 жылы Кореяда туған. Шалқар ст. почта күзетшісі. УНКВД Үшт. шеш. 06.12.37 жылы кеңеске қарсы үгіті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 06.06.89 жылы обл. пр. ақтаған.

**ЧУПРИН Михаил Федорович** – украин, 1884 жылы Дон. обл. Каменцкий ауд. туған. Шалқар ст. слесарь-машинист. УНКВД Үшт. 13.11.37 жылы к-р үгіті үшін ең жоғ. жазаға кескен. Обл. пр. 29.05.89 жылы ақтаған.

**ШАБЛОНОВ Иван Сергеевич** – орыс, 1883 жылы Калуга ауданында туған. Шалқар ст. депо есепшісі. УНКВД Үшт.шеш. 25.11.37 жылы 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. обл. пр. 05.03.38 жылы ақтаған.

**ШАВИРО Николай Иванович** – еврей, 1908 жылы Могилев обл. Орша ст. туған. Шалқар ауд. Тоғыз ст. 10 жол дист. жұмысшы. СССР ЖС 09.02.38 жылы 20 жылға бас бост. айырған. 28.07.54 жылы ақталған.

**ШАЛАТАЕВ Ноғайбек** –қазақ, 1886 жылы Шалқар ауд. 2 ауылда туған. Белгілі кәсібі жоқ. 10.01.37 жылы 5 жылға бас бост. айырылған. Обл. пр. 07.12.92 жылы ақтаған.

**ШАМПЫҚОВ-АҚНАЗАРОВ Ыбырай** – қазақ, 1890 жылы Шалқар ауд. 17 ауылда туған, сонда артель төрағасы. 6.12.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. к-р. әрекеті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Облпр. 12.06.89 жылы ақтаған.

**ШАПАВАЛОВА Мария Семеновна** – орыс, 1902 жылы Сталинград өлк. Ленин уезінде туған. Шалқар қаласында тұрған. Белгілі кәсібі жоқ. СССР НКВД-сы 31.03.36 жылы кеңеске қарсы үгіті үшін Москва, Ленинград, Киев қ-да тұру құқынан айырған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ШАШУРИН Алексей Николаевич** – орыс, 1910 жылы Шалқар қаласында туған. Шалқар ст. депода дайындау цехының слесары. Орынбор т.ж. Әск. тр. 26.02.43 жылы 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. 15.07.62 ж. ақталған.

**ШАУМЕНОВ Жұмабай** – қазақ, 1888 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. 20.03.34 ж. УНКВД Үшт. 10 жылға ЕТЛ-ға айдаған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ШЕЙНОВ Евгений Демидович** – еврей, 1897 жылы Орлов обл. Людвинов ауд. Кистня ст. туған. Шалқар ст. бастығы. ОГПУ колл. 01.02.33 жылы 3 жылға ЕТЛ-ға айдаған. Обл. пр. 24.07.89 жылы ақтаған.

**ШЛИЗЕРМАН Шмуль Пилович** – еврей, 1892 жылы Молдавияда Бельцкий уезін-де туған. Шалқар ст. жұм. Орынбор т.ж. Әск. тр. 16.07.41 жылы 10 жылға бас бост. айырған. 24.09.62 жылы ақталған.

**ШЫМАНОВ Өтеғұл** – қазақ, 1872 жылы Шалқар ауд. 7 ауылда туған. Малшы. 13.03.30 жылы ОГПУ колл. жан. ЕМ шеш. Оралға 1 жылға жер аударылған. Облпр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ШОРМАНОВ Аман** – қазақ, 1887 жылы Гурьев обл. Жылықосын ауданында ту-ған. Шалқар ауд. 12 ауылда к-шы. 06.12.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. панисл. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. 05.06.89 ж. ақтаған.

**ШТЕКЛЯЙН Яков Петрович** – неміс, 1907 жылы Алтай өлкесі, Кутань с-да туған. Шалқар ст. депода жұмысшы. Орынбор т.ж. Әск. тр. 29.12.42 жылы 10 жылға бас бост. айырған. 29.12.42 жылы ақталған.

**ШУМАКОВ Алексей Семенович** – орыс, 1909 жылы Бугуруслан обл. Беледино селосында туған. Шалқар ст. вагон қабылдаушы. 09.02.38 ж. ең жоғ. жазаға кесілді. 24.02.59 жылы ақталған.

**ШУТОВ Алексей Семенович** – орыс, 1902 жылы Ульянов обл. Тушнин ауд. Кунуши ст-да туған. Шалқар ст. электр ст. бастығы. НКВД 10.09.41 жылы отанына опасыз семья мүшесі рет. Краснояр өлк. 5 ж. жер аударған. Обл. пр. 30.07.89 жылы ақтаған.

**ШҮЙІНШӘЛИН Әлекен** – қазақ, 1918 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. «Алақозы» к-ның мүшесі. 30.05.43 жылы обл. сот шеш. 10 жылға бас бост. айырылған. Қаз. Рес. ЖС. 28.04.90 жылы ақтаған.

**ШҮЙІНШӘЛИН Сәрсенбай** – қазақ, 1907 жылы Шалқар ауд. 3 ауылда туған. Малшы. 1937 жылы 10 жылға бас бост. айырған. Обл. пр. 10.05.90 жылы ақтаған.

**ШҮКІРОВ Семсек** – қазақ, 1904 жылы Шалқар ауд. 24 ауылда туған. Сельпо сатушы. 30.03.34 жылы УНКВД Үшт. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 8.05.61 жылы ақтаған.

**ШЫНТАСОВ Дәкен** – қазақ, 1891 жылы Шалқар ауд. 24 ауылда туған. Есепші. 20.03.34

жылы УНКВД Үшт. шеш. 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ЩЕРБАКОВ Савелий Михайлович** – орыс, 1910 жылы Ростов обл. Принт дер-да туған. Шалқар ст. шеберханада токарь. 29.04.42 жылы НКВД ең жоғ. жазаға кескен. УНКГБ қаул. 30.11.43 жылы ақталған.

**ЫСҚАҚОВ Тоқтамыс** – қазақ, 1892 жылы Гурьев обл. Маңғыстау ауданында туған. Шалқар ауд. 15 ауылда к-шы. 08.02.38 жылы УНКВД Үшт. шеш. к-р. ұйымға мүше рет. ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. сот 27.09.60 жылы ақтаған.

**ІЗБАСАРОВ Ермұхамбет Ізбасарұлы** – қазақ, 1880 жылы Шалқар ауд. 12 ауылда туған. К-шы. 25.11.37 жылы УНКВД Үшт. шеш. кеңеске қарсы әрекеті үшін 10 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. пр. 11.07.89 жылы ақтаған.

**ІЗТІЛЕУОВ Бізтілеу Жанияз** – қазақ, 1853 жылы Шалқар ауданында туған. Жұмыссыз. 03.11.37 жылы УНКВД Үшт.шеш. ең жоғ. жазаға кесілді. 29.05.89 жылы ақталған.

**ІЗТІЛЕУОВ Түгел** – қазақ, 1881 жылы Шалқар ауд. 23 ауылда туған. Малшы. 01.04.32 жылы Қаз. ОГПУ колл. көш. сесс. шеш. кеңеске қарсы үгіті үшін жер аударылған. Обл. пр. 29.08.89 жылы ақтаған.

**ІЗІМОВ Алмағамбет** – қазақ, 1887 жылы Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Малшы. 20.03.34 жылы УНКВД Үш.шеш. 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот 08.05.61 жылы ақтаған.

**ІЗІМОВ Байғұл** – қазақ, 1901 жылы Шалқар ауданында туған. Сонда бригадир. 20.03.34 жылы УНКВД Үшт.шеш. 8 жылға ЕТЛ-ға айдалған. Обл. сот. 08.05.61 жылы ақтаған.

**ІЛИЯСОВ Жақып** – қазақ, Бат. Қаз. обл. Жымпиты ауданында туған. Шалқар ст. сатушы. 09.12.37 жылы Орынбор обл. УНКВД Үшт.шеш. к-р. әрекеті үшін ең жоғ. жазаға кесілді. Обл. пр. кейіннен ақтаған.

**ЭЛЗЕР Иван Федорович** – неміс, Одесса обл. Васировка селосында туған. Шалқар ст. депо бухгалтері. Обл. сот. 5.04.50 жылы 25 жылға ЕТЛ-ға айдаған. ҚазССР ЖС 19.03.90 ж.ақтаған.

**ЮСУПОВ Біләл** – қазақ, 1911 жылы Шалқар қаласында туған. Белгілі кәсібі жоқ. 29.12.37 жылы УНКВД Үш. шеш. халық жауларымен байлан. үшін 10 жылға бас бост. айырған. Бат. Қаз. өлк Соты 29.02.64 жылы ақтаған.

**ЯХИН Елубай** – Шалқар ауд. 25 ауылда туған. Жұрын ауд. Бершігүр карьерінде десятник. 28.02.34 жылы УНКВД Үшт.шеш. кеңеске қарсы ұйым. Мүше рет. 10 жылға бас бост. айырған. обл. сот 20.07.59 жылы ақтаған.

*(«Шалқар» шежіресі: қуғын-сүргін құрбандары» Құраст. З.Байдосов. Ақтөбе. 2000 ж.)*

**P.S. Көшкімбаев Рамазан** – (1902 ж.т. Орал облысы, Жымпиты ауданы). Шалқар ауданы қаржы бөлімінің бастығы болып тұрғанда (1938) ұсталып, сотталған, кейін ақталған.

**Дәулетов Қонар** – (1895 ж.т. Шалқар ауданы № 1 ауыл). Шалқар аудандық Халық сотының төрағасы, 10 жылға сотталған (1937). 1958 ж. ақталған.

# М

**МАҒАДЖАНОВ Әлжан**

(1894-1918) Шалқар ауданының №13 ауылында дүниеге келген. Ақтөбе гимназиясын бітірген. 1917 жылы Қазан төңкерісіне қатысып, Ақтөбе өңірінде Кеңес өкіметін орнатуға айрықша үлес қосқан қайраткер. 1918 жылы азамат соғысына да белсене қатысқан. Бірақ сол жылы байлардың қолынан қаза тапқан. Ақтөбе облысында астық қабылдау пункті мен бір шаруашылық Ә.М. есімімен аталады.

**МАЗЫ Бұзаубай**

(т.ж. белгісіз – 1901 ж.қ. Ырғызда) – қазақ ауыз әдебиетіндегі Қожанасыр, Алдаркөсе сияқты аты аңызға айналған кейіпкер. Ата-тегі былайша таратылады: Әлім-Төртқара-Қасым-Торым. Қасымнан Қаракісі, одан Мазы руы. Ел арасында «Мазы Бұзаубайдан, құлтас Күдербайдан сақтасын» деген сөз бар. Б.Жайлы әзіл әңгімелер Қарабұтақ, Ырғыз, Жаманқала (Орск), Шалқар, Арал аймақтарында кеңінен тараған. «Тоқта, губернатор, Бұзаубай келе жатыр» деген сөз де ұрпақтары есінде. Б. Бірде қу, бірде аңқау бейнесінде суреттеледі, ел аузында өмірдегі арамдықты, сараңдық пен қатыгездікті, бай-шонжарларды, әділетсіз әкімдерді әшкерлеуші әйгілі есім. Оның немересі Мопық Исатайұлынан (республикаға белгілі күйші) тараған ұрпақтары Ақтөбе қ, Қарабұтақ өңірінде өмір сүруде. Кезінде Қарабұтақ ауд. «Жаңа өмір» газетінде «Бұзаубай бұғалығы» деген сын-сықақ беті беріліп тұрды.

*«Ақтөбе» энциклопед., 543-б.*



*М.Майкупов*

**МАЙКУПОВ**
**Мысыр Сахиұлы**

(1917 ж. Ырғыз ауданы, № 9 ауыл – 25.07.1998 ж., Шалқар қ.), медицина қызметкері – фельдшер. 1935 жылға дейін балалар үйінде тәрбиеленіп, ФЗО-да оқыған. 1936-1939 ж.ж. Қызылорда қаласында фельдшерлік училищені бітірген.

Еңбек жолын 1939 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып бастаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1946-1949 ж.ж. Шалқар теміржол ауруханасында фельдшер, кейін Шалқар ауданы Аяққұм, Тұмалыкөл фельдшерлік пункттердің меңгерушісі (1949-1969), аудандық ауруханаының жедел жәрдем бөлімінің, Талдықұм фельдшерлік пунктінің меңгерушісі (1969-1979), Шалқар қаласында дәрігер (1979-1985).

Бір орден, 8 медаль иегері, «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1967).



*М.Майлыбаев*

**МАЙЛЫБАЕВ**
**Мұрат Назарұлы**

(01.01.1964 ж.т. – Шалқар қаласы), оташы-дәрігер, ғылым кандидаты. Шалқардағы № 5 орта мектебін (1981) бітірген соң, 1981-1987 ж.ж. Алматы мемлекеттік медицина институтында оқыған.

Еңбек жолын 1988-1992 ж.ж. Алматыда оташы-дәрігер болып бастаған. 1992-2000 ж.ж. Шалқарда сынықшы-дәрігер, 2000

жылдан бастап Алматы қаласындағы №7 клиникалық ауруханада нейрохирург. Омыртқа аралық дискілердің жарақаттары және жарықтары кезіндегі жұлынның трансторакілді декомпрессия тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған (2006). Ғылыми жұмыстарын жалғастыруда.

### МАЙЛЫСАЙ

Шалқар ауданындағы өзен. Шалқар алабында. М.Шағырай үстіртінің солтүстігіндегі бұлақтардан басталып, Тентексор көліне құяды. Арнасы жарлы. Жер асты, жауын-шашын суларымен толығады. Қар суымен көктемде ағын болып, жазда иірімдерге бөлінеді. Әрқайсысының ұз. 10 шақырымнан аспайтын 15 саласы бар. Жылдық орташа су шығыны сағасында 1,40 м$^2$/сек. Алабы жайылым, суына мал суарылады.

### МАЛАЙДАРОВ Есіркеп

(1906 ж., Ырғыз – 1981 ж., Шалқар қ.) Еңбек жолын 1921ж. байға жалшы болудан бастаған. 1928-1931 ж.ж. Ырғыз ауданындағы №23, №13 ауылдық Кеңестерінде тұқым себуші, мелиоративтік партияда жұмысшы болып істеді. 1933-1936 ж.ж. Ырғыз ауданының №12, №13 ауылдық Кеңестерінің төрағасы, 1937 ж. аудандық жер шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Мұнан кейін ол Алматы Кеңес құрылысы курсына оқуға жіберілді. 1939-1942 ж.ж. Қарабұтақ аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1942-1943 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысып, одан оралғаннан кейін Қарабұтақ аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығы, 1944-1947 ж.ж. Ырғыз ауд. Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, мұнан кейін үш жыл осы ауданда партия комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс істеді. 1950-1955 ж.ж. Байғанин аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1955-1963 жж. партияның шақыруымен «отызмыңдықтар» қатарында Шалқар ауданының «Қызыл жұлдыз» ұжымшарының басқарма төрағасы, 1965 ж. зейнеткерлікке шықты.

Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

### МАЛАЙДАРОВА Марта Есіркепқызы



(02.03.1955 ж.т. Шалқар қаласы), «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісі мен «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері (2000, 2007 ж.ж.).

Шалқар №1 қазақ орта мектебін, Гурьев (Атырау) növ пединститутын бітірген. Мектепте мұғалім, директордың орынбасары қызметін 1996 жылға дейін атқарған. 1996 жылдан бастап мектеп директоры (№1 Шалқар және №32 Ақтөбе қаласы мектептерінде), «Модульдық оқыту технологиясын» мектеп тәжірибесіне енгізген басшы, «Мектеп басқару модулі» атты республикалық сайыстың жүлдегері (1999). «Ауыл мектебі-өркениетті елдің іргетасы» атты әдістемелік кітапқа есімі еніп, іс-тәжірибесі облыс көлеміне таратылған, теориялық білімі терең, әдістемелік шеберлігі шыңдалған ұстаз. 2002 жылғы «Республика Жыл мұғалімі», Қазақстан мұғалімдерінің II және III съездерінің делегаты (2001, 2007), Шалқар аудандық мәслихатына екі рет сайланған депутат. «ҚР тәуелсіздігіне – 10 жыл» медалімен марапатталған, республика іскер адамдары туралы «Қалдырған ізің мәңгілік» атты жинақта өмірдерегі мен тәжірибесі толық баяндалған мектеп басшысы.

### МАЛДӘРІГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ЖАЙЛЫ

Мәлімет өте аз, мұрағаттық деректер ауданда жинақталып, зерттелмеген. Дегенмен ауданда, оның ұжымшар-кеңшарларында мал емдеу мамандарының болғаны анық. Мысалы, кешегі кезде ұжымшар-кеңшарларында бас мал дәрігері болып қызмет еткен әкелі-балалы Жұмағали, Қайырғали, Өтешовтар мен Қонысбай, Сұлтан Дощановтар, ағайынды Қонысбай, Санақбай Бақтыбаевтар, Құдайберген Таханов, Қартбай Қабақбаев және Тыныштықбай Қалуов, Есенбай Тасқожин, Елеш Қалдыбаев, Мұхит Бұрханов сынды т.б. ауданға, ауылға абыройлы болған азаматтар нәтижелі жұмыс жасады.

«Аймақ халқының негізгі күн көріс кәсібі ежелден мал шаруашылығы болғандықтан малдәрігерлік қызмет өз бастауын ертеден алады деуге негіз бар, ал ғылыми малдәрігерлік қызмет патшалы Ресейдің басқаруына өтуімен байланысты.

Сол қызмет бастауын Совет заманында ветстанса, ветлаборатория болып жалғастырды. Ол малдәрігерлік мекемелерді әр түрлі кезеңде: ветстансаны И.Нұрмұханбетов, А.Тасеменов, Ш.Резванов, С.Дүйсенов, С.Бақтыбаев, Е.Есжанов, ветлабораторияны Т.Иманалин, Ә.Нұрымбетов, Қ.Таханов, Ж.Көрпебаев сынды азаматтар басқарды. Өз алдымызға мемлекет болған кезеңнің алғашқы жылдарынан бастап аталған малдәрігерлік мекемелер біріктіріліп, малдәрігерлік бірлестік аталды.

Кейін атқаратын қызметтері ажыратылып, ветинспекция, ветлаборатория, ветстанса болып жіктелді. «Соның ішінде мемлекеттік мекеме болып ветинспекция қалды», – дейді аумақтық инспекция мамандары.

1999 жылы осы ветинспекция негізінде ауыл шаруашылығындағы барлық қызметтерді қадағалаушы мекеме «ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Шалқар аудандық аумақтық басқармасы» болып қайта құрылды (бастығы Е.Есжанов.)

Мекеменің негізгі қызметі – малдәрігерлік қызметті, асыл тұқымды мал мен өсімдік қорғау және карантин ісін мемлекеттік қадағалауды, техникалық бақылауды жүзеге асыру.

*Т.Тілешев.*

**МАМАЙ Достанұлы**

(1780-1860 ж.ж.) – елдің елдігі мен еркіндігі үшін «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып», халықты ұрыс даласына бастаған батыр. Ержүректігі мен қаталдығы аңызға айналған Мамай батыр туралы халық арасында небір хикаяттар, өлең-жырлар туған.

«Орақ-Мамай» жырындағы Мамай батырдай болар ма екен деп, Тілеу аталығының Достан бидің әйелі Қызайдан туған екінші балаға ырым етіп Мамай деп ат қойған. Ырымы қалт кетпей, Мамай да бабасына ұқсап батыр болған (Түп аталығы Едіге тұқымынан).

Мамай Достанұлы сыртқы жаулармен қарсы соғыстарға асқан ерлік үлгісін көрсетіп, жекпе-жек ұрыстарда танылған. Жауына аса мейірімсіз, қатты да қатал, ешкімнен қорқып айылын жимаған, ержүрек адам болған.

Ол «Жауды аяған – жаралы» деген қағиданы қатаң ұстанған. Көнекөз қариялардың сипаттауынша, Мамай сом денелі, ірі кісі, басына шаш шықпаған сұсты, екі жауырыны мен төсінің арасында жылқының қара құйрығындай ұзын, қалың жалы бар көрінеді.

Мамай-Көтібар, Арыстан, Қарағұл, Жәрмен, Есет батырлармен қарулас, үзеңгілес болған батыр. Ол өз әкесі Достан би Тәңірбергенұлымен бірге Сырым Датұлы бастаған халық-азаттық қозғалысына да белсенді қатынасқан. Кезінде Сырым батыр: «Япырай, мына жау, Достанның Мамай бастаған отыз ұлынан өтіп, бізге қалай жетті екен», – депті дегенді айтыпты.

Мамай батыр әкесі Достан бидің барлық іс-әрекеттеріне әркез араласып отырған.

Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне де қатысқан. Достан бидің 11 әйелінің бірі Ханша Исатайдың жақын қарындасы екен. Сондықтан Достан Исатаймен бір жағынан күрес жолында ниеттес болса, екінші жағынан жекжаттық жақындығы болып, малымен де, жанымен де көмек беріп отырған. Мамайдан Ресей шенеуніктері сескенген. 1831 жылы Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Григорьевтің хатында «Мурзам: Достану, Тлегену, Мамай, Самаю; биям Жаманшию, Балакаю, Жалмухамеду, Жаулыбаю, Желкилдеку, Таубаю, Қайдаулу, чтобы вы были со всеми Вашими здоровы и благополучены», – деп Мамайдың да атын атапты.

Мамай есімі Сарышолақ шайыр жырлаған көп батырдың ішінде былай аталады:

> Мәрттікке әр кез болдың дем,
> Жеңіске жеткен шайқаста
> Бөкенбай, Айтбай, Қайдауыл
> Хас батырлар кімнен кем?
> Бақтыбай, Тайлақ, Нарқасқа
> Көтібар, Достан, Қайдауыл
> Арыстан, Мамай, Қарағұл.

Көріпкел, әулие, батыр Мамай Шалқар жеріндегі Балғасын тамынан он шақырымдай қашықтықта, биік төбенің басына жерленген. Мамайдың күмбезді тамы кезінде еңселі, биік болған, қазірде де бар. Мамай туралы құжаттар Санкт-Петербург, Мәскеу, Орынбор мұрағаттарында сақталған.

*З. Байдосов.*

**МАМАНОВ Смағұл**

(1896 ж., Торғай обл. Ырғыз ауданы № 24 ауыл – 1976 Тұмалы а.) 1932 жылы «Тұмалыкөл» колхозына мүше болып кірді. Кейін бұл колхоз «Қазақстанның 30 жылдығы» деп аталды. С. Маманов 1935 жылға дейін егін шаруашылығында, одан кейін мал шаруашылығында жұмыс істеді. Әуелі бақташы, 1938 жылдан бастап товарлы жылқы фермасын басқарды. 1948 жылы «Тұмалыкөл» ауыл шаруашылық артелінің товарлы жылқы фермасын басқарды. Сол жылы «Тұмалыкөл» ауыл шаруашылық артелінің товарлы жылқы фермасы аудандағы ең озат ферма болды. Тек соғыс жылдары ғана колхоз Кеңес жауынгерлеріне 80 ат жіберді. 1947 жылы С. Маманов 62 биеден 62 құлын алып, аман өсірді. Еңбектегі осы жетістігі үшін оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы Көрмесі мен КСРО халық шаруашылығы Көрмесіне үш рет қатысты.

**МАМЫРБАЕВ**
**Әбдрахман Мамырбайұлы**

(1908, Ақтөбе обл. Шалқар ауд. 1981, Ақтөбе қ.) заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

1938 ж. Қазан қаласындағы кеңестік құқық институтын бітіргеннен кейін Ақтөбе обл. прокурорының көмекшісі, Темір ауд. Түркістан-Сібір т.ж. прокуроры. 1942-45 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945-50 ж.ж. Талдықорған обл. прокурорының бірінші орынбасары, Ақтөбе обл. әлеуметтік қамтемелеу бөлімінің меңгерушісі, 1950-53 ж.ж. Алматы мем. Заң институтының, 1954-56 ж.ж. Петропавл пед. институтында тарих кафедрасының меңгерушісі. Ақтөбе, Батыс Қазақстан өлкелік «Білім» қоғамының төрағасы.

**МАРКЕТИНГ**

(Ағыл. marketihg – рынок, базар, өткізу сауда) – кәсіпорынның (фирманың, бірлестіктің, т.б.) тауар өндіру-өткізу және сауда жасау қызметін ұйымдастыру мен басқару жүйесі. М. нарық дамуының жай-күйі мен келешегін зерделеуге негізделеді, тұтыну мен өндіріс өніміне (тауарға, көрсетілген қызметке) сұранымды қалыптастырады, табыс алу мақсатымен рынокта тауарлардың өткізілуін тездетуге бағытталады. М. – сұранымды жан-жақты зерделеп, болжау, жарнаманы пайдалану, өндірісті ынталандыру, сақтау мен тасымалдаудың осы заманғы тәсілдері, тауарлардың тұтынушыға жетуіне жәрдемдесетін тех. және басқа түрлерін қолдану негізінде кәсіпорынның жаңа өнімді әзірлеу, өндіру мен өткізу жөніндегі ұйымдық-тех., қаржы, коммерц. және басқа қызмет түрлері жатады. М-інің мәні – экономиканы, жарнаманы, инженерлік істі, психологияны, жоспарлауды, болжауды оңтайлы ұштастыру, яғни М. – тауарларды өндіру мен өткізу туралы ғылым. Оның негізгі мақсаты барынша көп пайда алумен бірге айырбас, тауарлардың тұтынушыға жеткізілуін тездету және өндірістік – коммерц. қызметтің тиімділігін арттыру арқылы рыноктың (адамдардың, фирмалардың, кәсіпорындардың) тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) сұранымын қанағаттандыру.

*Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 374-бет.*

**МАТАЙҚҰМ**

Матайқұм – Үстірттің солт. бөлігіндегі құм. Теңіз деңгейінен биікт. 70-80 м. Батыстан Шығысқа қарай 40 шақырымға созылып жатыр, ені 8 шақырымға жетеді. Ауд. 260 м$^2$. Төбешікті құм асты төменгі сарматтың әк тасы, сазынан түзілген. Көпшілік жерінде грунт сулары 1-12 тереңдікте кездеседі. М-да шағырлы еркек шөп өседі. Көктемде, жазда, күзде жайылымға пайдаланады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 548-б.*

**МАТҚАН**
**Молдағали Матқанұлы**



(1940 ж., Шалқар ауданы). Белгілі публицист, сыншы, жазушы, саясаттанушы, қоғам қайраткері, ХЭА академигі. Еңбек жолын Шалқар ауданы К.Маркс атындағы ұжымшарда шопан болудан бастаған. 1969 ж. Алматы малдәрігерлік-зоотехникалық институтын, кейін аспиратураны бітірген. 1973-1981 ж.ж. ҚР ҰҒА микробиология және вирусология институтында ғылы-

ми қызметкер, «Білім» қоғамында үгіт-насихат бөлімінің бастығы, «Кітап» қоғамында өндіріс-баспа бөлімінің бастығы, 1986 ж. Алматы «Сәуле» өндіріс бірлестігінің бас директоры, 1990 жылдан «Ақниет» Халықаралық көпсалалы Ізгілік Орталығының президенті. Ол 500-ден астам әртүрлі көкейтесті тақырыпқа жазған ғылыми-публицистикалық, тарихи-философиялық, сыни мақалалардың, онға жуық кітаптардың авторы. Жазған дүниелері халықаралық «Азия» және «Түркістан», «Халық кеңесі», «Солдат», «Азат» газеттерінде жарық көріп, «Азаттық» радиосынан берілді. М.М. тіке араласуымен 300-ден астам жетімтастанды бала жоғары оқу орнына түсті. Ана және бала мәселелері жөнінде бірнеше рет Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізді. 2005 жылдан «Алтын қадам» ЖШС-нің президенті, сонымен қатар жақында ашылған гуманитарлық-инвестициялық «Шақшақ Жәнібек Тархан» қорының бас директоры қызметін қоса атқарып келеді.

**МАХАМБЕТОВ**
**Бақытжан Саназарұлы**

(1910, Шалқар ауд. № 7а. – 1981, Ақтөбе қ.) – ұлттық өнеркәсіп индустриясын құруға қатысушылардың бірі.

Еңбек жолын 1930 жылдан бастап, 1934-42 ж.ж. Орынбор т.ж. IV бөлімшесі бюросының бастығы, осы т.ж. басқармасының кадр жөніндегі бастығының орынбасары (Чкалов қ.), 1942-48 ж.ж. Ақтөбе ферроқорытпа зауыты директорының



О.Мақатов

жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, 1948-56 ж.ж. «Ақтөбекөмір» мекемесі басқарушысының орынбасары, Дөң тау-кен байыту басқармасы жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің бастығы., Ақтөбе хром қосындылары зауыты құрылыс басқармасы бастығының орынбасары. 1956-71 ж.ж. осы зауыт директорының жалпы мәселелер және материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі орынбасары. Ол соғыс және соғыстан кейінгі жылдары АЗФ, АЗХС зауыттарын тұрғызуға белсене қатынасты. Жұмысшылар үшін тұрғын үйлер салуға көмек көрсетті. Хром қосындылары зауытында істі жаңаша жоспарлап жүргізу, ауыр жұмыс үрдістерін механикаландыру арқылы еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыратын өнертапқыштық ұсыныс енгізген. Қаз. КП II съезіне делегат болды. Үкімет наградаларымен, Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ақтөбе қ. бір көшесіне есімі берілген.

**МАҚАТОВ**
**Омар Аллақұлұлы**

(а.к.б. 1914 ж.т., Шалқар ауд., № 13 ауыл – 1990 ж., Шалқар қ-сы), еңбек және соғыс ардагері.



Омар Мақатов

Еңбек жолын 1932 ж. Шалқар депосында бастап, 1936 жылға дейін токарь болып жұмыс жасаған ол 1936-1938 ж.ж. Қызыл Армия қатарында (байланысшы) болған. Білімі арнаулы ортаесепші, экономист, 1938-1941 ж.ж. Шалқар тұтынушылар қоғамында аға есепші қызметінде жүргенде әскер қатарына қайта шақырылып, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасқан. Ерлік көрсеткен, III дәрежелі «Даңқ» орденімен, 3 медальмен марапатталған. I дәрежелі Отан соғысы ордені (1965) бар.

Соғыстан оралған соң Шалқар мал өнімдерін дайындау мекемесінде, Байғанин, Степной, аудандары тұтынушылар қоғамы басқармасында, ауданаралық базада, Орынбор т.ж. жұмысшыларын жабдықтау мекемесі Шалқар филиалында басшы (директор, басқарма төрағасы, бастық) болып қызмет атқарған (1945-1959), кейін Шалқар тұтынушылар қоғамы басқарма төрағасының орынбасары, дайындау конторының экономисі қызметінде болып, зейнеткерлікке шыққан (1959-1972). Сауда ісінің ардагері. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде 2 медальмен,

басқа да марапаттарға ие болған. Аудан құрметтеген азамат ретінде ардақталған адам.

**МАҚАТОВ Оспан**

(05.12. 1909 ж.т. Шалқар ауд. № 13 ауыл-наурыз айы – 1978 ж. Шалқар ауд.), есеп қызметінің ардагері. Шалқар қаласындағы орыс мектебінде білім алып, Ақтөбе, Алматы, Ленинград қалаларында кәсіптік мамандыққа оқыған. Есепші-экономист.

1931-1937 ж.ж. банк жүйесінде, Өзбекстандағы «Өзбек – Қаракөл» тресінде бас экономист, Шалқар сағыз зауытында бас есепші қызметтерін атқарған. 1937 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, тергеусіз сотталып, «Воркутауголь» комбинатында лагерьде болған (1937-1947). Елге оралған соң, Шалқар жинақ кассасында, май зауытында бас есепші және К.Маркс атындағы ұжымшарда, «Шетырғыз» кеңшарында (Шалқар ауданы), Мұғалжар жылқы зауытында бас экономист болып абыройлы қызмет атқарған. Діни де сауатты, бес тілді еркін меңгерген зиялы азамат болып өмірден өткен. «Әлиманың әні» атты поэмасы жеке кітап болып шықты.

**МАХАТОВ Қуаныш**

(1906-1970, Шалқар ауд). Еңбек жолын 1915 ж. әртүрлі салаларда жұмыс істеуден бастап, 1939 ж. № 63 разъезде стрелочник, № 64 разъезде жұмысшы болды. Адал еңбегі арқасында көзге түсіп, Ленин (1952 ж.), Еңбек Қызыл Ту (1956) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНЕТІН БОЗОЙ ӨҢІРІНДЕГІ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР**

2008 жылдың тамыз айында Алматыдағы «Қазпроектреставрация» басқармасының тарихи ескерткіштер жөніндегі бас архитекторы Әбен Оразбекұлы Итенов басқарған төрт адамы бар экспедиция ауданымыздың оңтүстігіндегі Бозой өңірін аралап, ондағы «Мәдени мұра» бағдарламасына енетін тарихи ескерткіштерді зерттеп, суретке түсірді, оларға ғылыми сипаттама берді:

**АҚҚОЛҚА БЕЙІТІ**

Бозой ауылының оңтүстік батысқа қарай 30 шақырым шамасында Аққолқа биігінде орналасқан төрт күмбезді етіп қолдан күйдірілген кірпіштен салынған. Кірер есігі құбылаға қаратылған. Кесененің оңтүстік батыс жағында 400-500 м. жерде күйдірілген қыш кірпіш даярлайтын орын сақталған. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, кесене шуйт Нияз бидікі, Нияз би шамамен 1810 жылдары қайтыс болған.

**«ЖӘҢКЕ» ТАМЫ**

Бозойдан батыс бағытына қарай 40 шақырым шамасында. Бір күмбезді, күмбезі құлаған. Қыш кірпіштен салынған. Бұл там ҚР-ның тарихи ескерткіштер қорына енгізілген. Жәңке әрі би, әрі батыр, әрі әулие адам болған. Там орналасқан алқапта Жәңкенің сайы, Жәңке жайлауы аталатын жерлер бар.



*Е.Мәмбеталин*

**«ҚАЛДЫБАЙ» ТАМЫ**

Бозойдан батыс бағытта 50 шақырым шамасында «Қыздаршыққан» шоқысы маңында. Там қабырғасы қашалған, тегістелген тастардан қаланған. Еңселі, күмбезделген. Төрт қабырғасына да ауа алмастырғыш ретінде жиі тесіктер қалдырылған. Қалдыбай Жабағыұлы – әруақты батыр, мерген, Есет Көтібарұлының сарбазы болған адам.

**«ҚОШҚАР АТА» қорымы**

Бозойдың батысында 110 шақырым шамасында. Үстіртпен деңгейлес биікте орналасқан. Бейіттер әртүрлі. Көбісі жерден 20 см. етіп жер тастарынан (шақпақ) қаланған. Шақпақ тастардан жатқыза қаланған шағын күмбезді 8 бейіт те ерекше құрылыстар. Осы бейіттердің ішіндегі ең еңселісі күйдірілген қыш кірпіштен қаланған «Қошқар ата» мазары. Мазар ҚР-ның тарихи ескерткіштер қорына енгізілген. Қошқар ата – ықылым заманда халық арасында ислам дінін насихаттап тарату мақсатында қазақтар арасына жіберілген діни өкіл.

*Н. Нұртаев.*

**МӘМБЕТАЛИН Жұмағазы**

(1895, Шалқар ауд. Қаражиде а. – 1960 сонда) – қой шаруашылығының шебері. Шаруашылықта қой бағуды кәсіп етіп, Карл Маркс атынд. ұжымшарда ұзақ жыл еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында мал басын өсіру, төл алу, жүн тапсыруда ұдайы жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрді. М.Ж. ауылшар. қажырлы еңбегі ескеріліп, Ленин орденімен марапатталды.

**МӘМБЕТАЛИН Есенғос Сағынайұлы**

(27.01.1940 ж.т. Шалқар ауданы Қотыртас б., 25-ауыл), уролог-ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

1963 жылы Ақтөбе медицина институтының (қазір Академия) емдеу факультетін бітірген. Еңбек жолын Шалқарда т.ж. ауруханасында оташы, емхана бас дәрігері болып бастаған (1963-1967 ж.ж.) ол кейін жеті жыл бойы Қандыағаш тораптық темір жол ауруханасының бас дәрігері болып қызметін жалғастырады. (1967-1973 ж.ж.) Мәскеудегі дәрігерлердің білімін жетілдіру Орталық институтының аспирантурасында оқып, несеп-жыныс мүшелері бойынша қорғап, ғылым кандидаты атағын алады. (1973 ж). Содан кейінгі қызметі Ақтөбе медицина институтында (қазір Академия): урология кафедрасының ассистенті, кафедра меңгерушісі, доцент (1973-1994 ж.ж.). 1992 ж. Мәскеуде урология, гигиена мамандықтары бойынша докторлық диссертация қорғап,



*Т.Мәндібай*

ғылым докторы атағын алады. 1994 ж. Алматыда ашылған Республикалық урология ғылыми-зерттеу институтында директордың орынбасары – клиниканың Бас урологі болып, зейнеткерлікке шыққанға дейін (2005 ж.) қызмет атқарған. Профессор (1993 ж.). 2005 жылдан бері С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінің урология кафедрасының профессоры қызметінде. 1996-2005 жылдары Қазақстан урологтар қоғамының Басқарушысы (Президенті), 120-дан астам ғылыми еңбектердің авторы, оның үшеуі қазақ тілінде жазылған. Жеті ғылым кандидатына, бір ғылым докторына ғылыми жетекшілік етіп, дайындаған.

«КСРО денсаулық сақтау саласының үздігі» (1977 ж.), басқа да марапаттары бар.

**МӘМБЕТОВ Төлеген**

(1894 ж.т. – Шалқар ауд.-да, 20.10.1988 – Шалқар ауд.), озат теміржолшы. 1919 жылдан т.ж. бойында: жол жөндеуші, жол қараушы. Ленин орденімен (1952 жыл), бірнеше медальдармен марапатталған.



*Ш.Мәуметов*

**МӘМБЕТОВ Үбайдулла Есенұлы**

(15.08.1947 ж.т. Шалқар ауданы), экономист-ғалым.

1965 жылы Шалқар қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. 1966-1969 жылдары Совет Армиясы қатарында болды. 1969-1974 ж.ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің философия-экономика факультетінде оқып, «Саяси экономия» мамандығы бойынша бітірді. 1974 жылдан бастап жоғары оқу орындарында саяси экономия, экономикалық теория, экономиялық ілімдер тарихы, экономиканы мемлекеттік реттеу және басқа да экономикалық пәндерден ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді. Қазір Ақтөбе мемлекеттік пединститутында «Құқық және экономика негіздері» кафедрасының меңгерушісі, доцент.

Ү.Е. Мәмбетов 50-ден астам ғылыми, әдістемелік жұмыстардың, 3 оқулық, оқу құралдарының авторы.

Еңбектегі табыстары үшін Қазақстан Республикасы оқу-ағарту ісінің үздігі атағы бар, Қазақстан Республикасы Құрмет Грамотасымен марапатталған.

**МӘНДІБАЙ**
**Төрежан Бердімұратұлы**

(18.03.1937 жылы – Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы № 16 ауыл «Сарытепсең» ұжымшары) ұстаз, жазушы.

1960 жылы Қызылорда пединститутының физика-математика факультетін бітірген. 1960 жылдан 1997 жылы зейнеткерлікке шыққанға шейін аудан мектептерінде мұғалім.

Шығармашылық жұмыспен 1960 жылдан бері айналысып келеді. Алғашқы өлеңі – «Ағынбай» 1960 жылы Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» газетінде басылды. Бастапқы өлеңдері мен әңгімелері «Жас керуен», «Жібек жел», «Күлеміз бе, қайтеміз» атты кітаптарда жарық көрген. Бұдан кейін «Сыпыртқы командасы», «Оңай деймісің», «Махаббат минөті», «Қазығұрт – Қорасан» атты кітаптары шықты.

Қазақстан Жазушылар Одағының және Қазақстан сықақшылары «Найзагер» қауымдастығының мүшесі, «Шалқар ауданының Құрметті азаматы», Ақтөбе облысы әкімі әдеби сыйлығының лауреаты.

**МӘУМЕТОВ Шаймерден**

(20.12.1939, Шалқар қаласы), Құрметті теміржолшы, Қазақ КСР халық депутаты (1990-1993 ж.ж.).

Еңбек жолын 1958 ж. Шалқар вагон деподында слесарьлықтан бастаған. Кейінгі өмірдерегі: 1958-1960 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында болып елге оралған соң 1963 ж. дейін т.ж. саласында қызмет еткен ол 1963 ж. Ташкент т.ж. институтына оқуға түсіп, 1968 ж. бітіріп шыққаннан кейін Шалқарға қайта келіп т.ж. белгі беру және байланыс мекемесінде 1973 ж. дейін аға электромеханик қызметінде болды. 1973 жылдан бастап 26 жыл бойы бір орында – Шалқар белгі беру және байланыс мекемесінде бастық болып абыройлы қызмет атқарды. Бұл жылдары дистанция ВДНХ-нің Құрмет тақтасына және Алтын кітабына жазылды; 23 рет КСРО т.ж. Министрлігінің, 14 рет Батыс Қазақстан т.ж., бірнеше рет Кеңес Одағы басшылығының мақтау грамоталарымен, дипломдарымен марапатталды, «Коммунистік еңбек ұжымы» (1982) атанды. Бұл ұжым бүгінде де абыройлы.

Шаймерден Мәуметов 1999 ж. бері зейнеткер болса да Ақтөбе белгі беру және байланыс бас дистанциясы бастығының орынбасары қызметінде. Омырауында «Құрмет белгісі» ордені (1980 жыл), 8 медаль, „Құрметті теміржолшы" төсбелгісі (1983) бар.

**МӘУМІТ БАТЫР СЕЙТПЕМБЕТҰЛЫ**

(1783-1855 ж.ж.), патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушы басшыларының бірі. Қолбасшы Есет Көтібарұлының кеңесшіақылшысы. Көтеріліс қарулы жасақтарының Бас туын ұстаған, ержүректігімен, қайсар мінезімен аты аңызға айналған қаһарман батыр; ел арасында зор беделге ие болған, құрметке бөленген кісі. Сүйегі Арал қаласы маңындағы Жақсы Қылыш төбесіне жерленген.

*Қ. Төлеуов.*

**МЕКЕБАЕВ Жолмаш**

(1900-1975). Жолмаш Мекебаев – 1918 жылы өз еркімен Ырғыздағы партизан отрядына кіріп, 1919 жылдың сәуірінен 1920 жылға дейін I Солтүстік атты әскер полкында Қызыл гвардияшы болып қызмет етті. Әскери командованиенің ерекше тапсырмаларын белсенді орындады, күзет құрамында және барлаушы бола жүріп жау әскерлерінің іс-қимылдары туралы маңызды мәліметтерді әкелді. Сол кезде елеулі стратегиялық маңызы болған Шалқардан Аралға дейінгі аралықта жауынгер және қару-жарақ тиелген поездарды алып жүрді.

Ырғыз, Шалқар, Тоғыз, Сексеуіл, Арал қалалары мен теміржол стансаларын колчактар мен алашордашылардан азат етуде, сондай-ақ Ақтөбе, Орынбор, Бұзұлұқ түбінде Серов пен Сапожниковтың бандыларына қарсы күреске қатысты.

Мекебаев Жолмаш бейбіт жылдары ішкі істер органдарында, ауыл шаруашылығы, қаржы саласында жемісті еңбек етті. 1934-1937 ж.ж. және 1938-1953 ж.ж. Мемлекеттік банктің Шалқар аудандық бөлімшесінің басқарушысы қызметтерін атқарды.

**МЕКЕБАЕВ**
**Көпжүрсін Бисенбайұлы**

(1941 ж.т. – Шалқар ауданы, №24а.), медицина ғылымдарының кандидаты.

Шалқар қазақ орта мектебін (1957), Ақтөбе медицина институтын бітірген (1965). Ойыл, Норесей туберкулез санаторияларында бас дәрігер болған



(1965-1970). Қырым медицина институты аспирантурасында оқыған (1970-1973), кандидаттық диссертация қорғаған (1974). Ақтөбе қалалық туберкулез диспансерінде дәрігер (1973-1975), 1976 жылдан бері мединститутта ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі.

70-тен аса ғылыми еңбектері бар, патент иегері. «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі», басқа да марапаттары бар.

**МЕКЕБАЕВА-БІТІНБАЕВА**
**Роза Жолмашқызы**

(1943 ж. Шалқар қ.) Шалқардағы қазақ орта мектебін, 1966 ж. Алматы мемлекеттік медицина институтын (қазіргі С. Асфендияров атындағы медакадемия) бітіргеннен кейін еңбек жолын Жамбыл облысында бастаған. Алғашқыда обл. балалар ауруханасының бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары, облыстың штаттан тыс эндокринологі қызметтерін атқарды. 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XI шақырылымының депутаты болып сайланды. Абыройлы қызметі үшін бірнеше үкіметтік наградалармен марапатталған.

**МЕККЕ**

(Араб) – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда Қағба, әл-Харам мешіті орналасқан. Сауд Арабиясының батысындағы М. қ-нда Мұхаммед (с.ғ.с.) дүниеге келіп, пайғамбарлығын осында бастаған. Ол арабтардың ежелгі мәдени орталығы саналады. Исламдық сенім бойынша мұнда Адам ата мен Хауа ана, Шис, Ибрахим, Исмаил пайғамбарлар (с.ғ.с.) тұрған, джурхум, хузаа тәрізді ежелгі тайпалар мекен еткен. Ал 4 ғ-дың аяғында мұнда құрайыш тайпасы қоныстанған. Қағбадан оңт. шығысқа қарай 800-900 м. және оңт.батысқа қарай шамамен 500 м ауданды алып жатты. Тарихта Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) М-ден кеткенімен, Мединедегі жаңа ғибадатхананы Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты. (қ. Құбыла). 630 ж. мұсылмандардың М-ні басып алуы оның діни орт. ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, жоғары дәрежеге көтере түсті. Қағбаны айналып қажылық ету салтына Арафат тауына бару енгізілді. М-ге барып тәу ету мұсылмандықтың бес парызының бірі болып жарияланды, әлемдік ислам қозғалысының орт. саналатын М-де сунниттік (ханифиттік, маликиттік, шафииттік, ханбалиттік мазһаб) және шииттік оқу орындары орналасқан.

*Ө. Тұяқбай.*

*«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. 6-шы том. 444 бет.*

**МЕКТЕП**

Шалқар ауданы мектептерінің тарихы әріден басталады: 1896 жылдың 10-қазанында «Ақши» деген жерде ашылған Шеңгел ауылдық мектебін ауданымыздың бірінші оқу орны деп атап жүрміз (діни мектептерді қоспағанда). Кейін С. Көбеев ашқан Кішіқұм мектебі (1901), 1907 ж. ашылған орыс,1918 ж. ашылған қазақ мектептері, т.т.

Қазір ауданда 39 мектеп бар, оның 22-і орта, 8-і негізгі, 9-ы бастауыш және бір кәсіптік-техникалық мектеп бар. Шалқар қаласының өзінде 8 орта мектеп бар, бір мектеп 12 жылдық мектеп үлгісінде типтік жобамен салынуда. Барлық оқушы саны 9 мыңдай, оларға 1450 ұстаз сабақ береді.

**№ 1 ОРТА МЕКТЕП**

№ 1 орта мектеп – Шалқардағы білімнің қара шаңырағы. Мектептің негізі 1918 жылы Шалқар стансасында ашылған бастауыш сауаттану мектебі болып қаланды. Алғашқы мұғалімі – Дүйсекен Әзірмәмбетов. 1924 жылы бастауыш мектеп болып ашылды да, оның меңгерушісі, ұстазы болып Мейірхан Орынбасаров тағайындалады.

1926 жылы мектеп бастауыштан жетіжылдыққа айналып, 1935 жылға дейін «Шаруа –жастар мектебі» деген атпен жұмыс істеп келді. 1936 жылы мектеп орта мектепке айналып, 1938-39 оқу жылында оның бірінші түлектері 10-класты бітірді.

Мектеп үйі алғаш Есет Көтібарұлы көшесінде болды, кейін Әйтеке би көшесіндегі ғимаратқа көшті. Мектептің сырты ақ түспен әктелгендіктен 1939-40 жылдан бастап «Ақ школ» атанған.

1972-73 оқу жылында мектеп еліміздің экономикасы мен халықтың әл-ауқатының артуына, оқушылар санының көбеюі, сапалы білім беру қажеттігіне байланысты қазіргі мекені М. Мәметова көшесінде орналасқан үш қабатты еңселі, биік ғиматқа көшті. Мектептің атауы да өзгеріп, № 1 қазақ орта мектебі деп атала бастады. (бұл кезде Шалқар қаласында бірнеше мектеп болған еді).

Ұлы Отан соғысы басталғанда, мектептегі ұстаздардың бірсыпырасы майданға аттанды. Олар: Әбдірахман Күзенбаев, Пана Оралбаев, Әбілез Омаров, Ыбырай Күзеуов, Рашит Ғалиев,т.б. Мектептң өркендеуіне үлес қосқан ұстаздар үкімет тарапынан ескерусіз қалған жоқ.

Ұстаздардан Орынбасаров Мейірхан (1945 ж.), Боташева Ұлдай (1964 ж.), Тілеубергенов Өксікбай (1966 ж.), Зинурова Ғалия (1978 ж.), Мұратова Балзия (1980 ж.) «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алды.

Ленин орденді Ақық Қалағанова, «Еңбек Қызыл ту» орденді Бижамал Жақсымбетова, «Құрмет белгісі» орденді Орман Дайрабаев пен Карима Байтоғаева, т.б. ұстаздар оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде аянбай еңбек етті.

1990-жылдардың ортасынан бастап мектеп білім берудің модульді оқыту технологиялық әдістеріне көшірілді, оқу-тәрбие жұмысы ғылыми-шығармашылық бағытқа жұмылдырылды. Мұғалімдер мен оқушылар пәндік олимпиадаларға, ғылыми жоба қорғау шараларына қатысып, үнемі жоғары көрсеткіштер көрсетіп отырды.

К. Мұрсалова, Р. Ізбаева, Т. Тұрғанбаева модульдік технологиямен оқытудың сертификатын алды. «Білім беру ісінің үздігі» С. Аяуова аудан бойынша «Жыл адамы-2004» атағына ие болды.

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ дайындау басты назарда тұр. Мектеп 12 жылдық білім жүйесіне көшудің сынақ алаңына енгізілді.

Қазір мектепте екі мультимедиялық кабинет, замана үлгісімен жабдықталған физика кабинеті, компьютер үйрету орталығы мен «Салауат» мұз айдыны ашылды.

XXI ғасыр технология ғасыры болса, мектептегі ұстаздар коллективі талапқа сәйкес білім, ғылым жүйесінде аянбай еңбек етіп жатыр. Р.Оразалина, С. Аяуова, Д. Төлебаева, К. Мұрсалова «Білім беру ісінің үздігі» болса, көптеген ұстаз «Жыл мұғалімі», «Жыл сынып жетекшісі» атағын алды.

Жоғары санатты – 31, бірінші білікті – 22 мұғалім алға қойылған талапқа сай білім беруде.

Осынау қара шаңырақтан білім алып, республика, қала берді күллі әлемге атағы жайылған кешегі мектеп түлектері – бүгінгі біртуар тұлғаға айналған қайраткерлеріміз жетерлік. Сөз маржанын кестелеген жазушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісов, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Бек Сүлейменов, КСРО Архитектура Академиясының корреспондент-мүшесі, алғашқы қазақ сәулетшісі Төлеу Бәсенов, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Дәулет Үмбетжанов, Медицина Ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі, Ресей және Дүниежүзілік нейрохирургтер ассоциацияларының мүшесі, әлем дәрігері Серік Ақшолақов, т.б.

Осы уақытқа дейін (2007) мектепті 70 түлек медальмен бітіріп шықты. 1999 жылы мектептің 75 жылдығы үлкен дәрежеде аталып өтілді.

## МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАР

Мектеп-интернаттар – балалардың оқып тәрбиеленуіне арналған мектептің бір түрі. Тың, тыңайған жерлерді игеру, ұжымшарларды ірілендіру, кеңшарлар ұйымдастыру кезінде көптеген елді мекен мектепсіз қалатын болды. Соғыс және еңбек мүгедектерінің, панасыздардың, зейнеткерлердің, мемлекет көмегіне мұқтаж ата-аналар мен шалғай мал жайылымындағы малшылардың балаларының оқуына мүмкіндік жасау үшін мектеп-интернаттар 1956 ж. ашыла бастады. Облыста мектеп-интернаттар Ақтөбе, Шалқар, Хромтау қалаларында, Родников, Жайсаң, Тамды, Құрайлы селоларында ашылды. Осылардың қатарында Шалқар мектеп-интернаты да болды. Жалпы білім беретін мектеп пен мектеп жанындағы интернаттардан бұл өзгеше. Мұнда балалар толық мемлекет қарауында (тамақ, киім, оқу құралдары т.б.). болды. Мектеп-интернаттар үйлері типтік жобада салынды. Өздері арнаулы ереже (1957 ж.) бойынша жұмыс жасады. Облыста жалпы

орта білім берумен бірге дарынды балалар (математика, өнер салалары, т.б.) мектебі, өкпе ауруларын емдеуге бағытталған, сөйлеу-есту қабілеті төмен, ақыл-ойы кеміс балаларға арналған мектеп-интернаттар болды. Денсаулығы кеміс балалар мектеп-интернаттарға облыстық дәрігерлер мен ұстаздардан құралған сарапшылар комиссиясы арқылы қабылданады. Бұл оқу орындарына Шалқар ауданының жыл сайын 25-30-дай оқушы қабылданатын еді.

*«Ақтөбе» энциклопед., 555-б.*

## МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТТАР

Мектеп жанынан интернаттар ашу тәжірибесі ертеден бар: біздің облыс бойынша 1933 ж. Ойыл ауданының Алтықарасу интернатында 70 бала тәрбиеленген. 1938-39 ж.ж. оқу жылында Қарабұтақ ауданының Тасөткел орталау мектебі жанындағы интернатта сол маңының 13 ұжымшарының 50 баласы жатып оқыпты. Интернатқа панасыз немесе қашықтағы кішігірім елді мекендерде тұратын отбасы балалары қабылданған. Соғыстан кейін 1955 ж. облыста 5 пансион (соның бірі Шалқарда), 36 бюджеттік, 16 жартылай бюджеттік, 22 қоғамдық интернат болыпты. Бұлардың әлгідей аталуы, бөлінуі интернатқа қабылданатын әр оқушының отбасы жағдайына байланысты. Пансион мен бюджеттік интернатта балалардың жатар-тұрар орны, тамақ, сырт және қысқы киімі, оқу құралдары ол кезде тегін, яғни мемлекеттік бюджеттен болатын 1934-35 ж.ж. оқу жылында облыста 173 интернат болды, онда 5594 бала тәрбиеленеді. 1940-50 ж.ж. 3 мың орындық 20-25 пансион (Ақтөбе,т.б. жерлерде, біздің ауданда) болды. 1945 ж. интернаттар, орталау мектептер жанынан ашыла бастады. Бізде (Аяққұм, Қорғантұз, Қарашоқат, т.б. мектептер жанынан) шаруашылық есебінен қаржыланды. 1980 ж. облыста 165 бюджеттік интернат болса, оның 15-і Шалқар ауданының мектептері жанынан ашылды. Іргедегі орталау мектептер оқушылары мен кішігірім елді мекендердің, т.ж. бойының балаларын оқуға тарту мақсатында аудан орталығындағы № 496, № 59 орта мектептер жанынан да интернат ашылды.

*«Ақтөбе» энциклопед., 555-б.*

## МЕЛДЕКӨЛ

Шалқар ауданындағы көл. Құсмұрын тауынан оңт. шығыста 18 км. Ауд. жауын-шашынға байланысты 19,8 км-ден 25,0 км-ге ұлғаяды. Су жиналатын алқабы 2920 км$^2$. Ұз. 14 км., ені 3 км., жағалауы шығанақтармен тілімделген. Көлдің солт.батысы сортаңды. Суы тұзды. Көлге көктемде қар суымен Жабысай өзені құяды.

*«Ақтөбе» энциклопедиясы. Ақтөбе, 2001 жыл, 556 бет.*

## МЕШІТ

Мұсылмандардың құдайға құлшылық етуіне арналып салынған дін үйі. Діни аңыздарға қарағанда алғашқы М. 7-ғ-дың 1-ширегінде Медине қ-ның жанындағы Құба деген елді мекенде салынған. Төбесі пальма ағашының жапырақтарымен жабылған төрт бұрышты үй болған. М-ке мұсылмандар намаз оқу, діни өсиеттерді тыңдау және қоғамдық мәселелерді талқылау үшін жиналатын болған, М-тің ауласы және төбесі күмбезделіп жабылған екі түрі кең өріс алған. Ашық аулалы түрі негізінен араб елдерінде, күмбезді мешіттер Орта Азияда жиі кездеседі. М-тің Меккеге қараған қабырғасында мінажат ету үшін жасалған қуыс-михраб, оның оң жағын ала құран немесе аят оқу мақсатында орнатылған мінбар болады. Орта ғасырда тұрғызылған көптеген мешіттер (Самарқандағы Бибі ханым мешіті, Бұқарада-



ғы Калян т.б.) сәулет өнерінің тамаша туындыларына жатады.

*Әдеб: «Ислам. Энциклопедия», А., 1995 жыл, 114-бет.*

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, Ақтөбе, 2001, 556-557 беттер.*

**МИНАРЕТ**

Мінажат етушілерді намазға шақыратын мұнара. Мешітпен бірге не оның жанынан салынады. Бұрама басқышы бар. Египет, Иран, Ирак, Орталық Азия халықтарында М-тің дөңгелек (Калян мұнарасы) немесе көп қырлы түрі кең тараған. М. бедерлі кірпіш, жылтыр плиткалармен нақышталады. Сирия мен Солт. Африка елдерінде планы шаршыланып келген М-тер жиі кездеседі. Түркиядағы М-тердің ұшар басы найза ұшындай сүйірленіп барып бітеді. (қ. Мұнара).

*Әдеб.: «Ислам. Энциклопедия» А., 1995 жыл, 115 бет.*

*«Ақтөбе» энциклопедиясы, Ақтөбе, 2001 жыл, 557 бет.*

**МОЛДАҒҰЛОВ Әубәкір**

(Туған жылы белгісіз – 1982, Алматы қаласы), белгілі теміржолшы. 30-шы жылдары Шалқар ауданында малшылар одағының төрағасы болған, кейін Алматыда Казкомвуз аспирантурасын бітірген. Әулиеата (Тараз), Түркістан-Сібір теміржолында саяси қызметте болған. Ол 1935 жылы Москвада және Ленинградта әскери-теміржол академиясында оқып, Ташкентте қызмет еткен. Кейінгі жылдары Жамбыл обл. парт. ком. хатшысы, Алматы теміржол вокзалының бастығы болған.

Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованы тәрбиелеген, оқытқан нағашысы Әубәкір Молдағұлов Шалқарда қызметте болғанда Әлия оның қолында болып Шалқарда тұрған.

*Қараңыз: журналист С.Тойтанбаевтің 1985 ж. шыққан «Социалистік Қазақстан» газетіндегі мақаласы.*

**ӘУБӘКІР МОЛДАҒҰЛОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН**

Анасы өлген Әлия менің анам Тәжікеннің тәрбиесіне алынды. Содан кейін 1928 жылдың жазынан бастап менің семьямда тұрды. Мен Ақтөбе совпартмектебін бітіріп, Түркістан-Сібір темір жолының саяси бөлімінде өкіл болып, 1933 жылдың сәуірінен желтоқсанға дейін істедім.

1933 жылдың желтоқсанында Жамбыл қаласына (бұрынғы Әулие-Ата) Түркістан-Сібір темір жолы бөліміне инспектор болдым. Осында 1934 жылы қыркүйекте Әлия темір жол мектебінің бірінші класына барды. Бір жылдан соң 1934 жылы қарашада мен Москва қаласындағы Әскери-транспорт академиясына оқуға түстім. Әлия менің қарындасым Сапура екеуі 1935 жылдың қыркүйек айынан бастап 1938 жылдың наурызына дейін №35 (қазір №135 мектеп) орта мектепте оқыды. Мектеп әскери-транспорт академиясының оқу үйі жанында болатын. 1938 жылдың наурызынан академия Ленинград қаласына көшірілді.

1941 жылдың мамыр айында оқуды бітірген соң, Орта Азия әскери округіне қарасты Ташкентке жіберілдім. Мен жоқта әйелім семьялық жағдайға орай Әлия мен Сапураны №46 балалар үйіне тапсырыпты. Кейін біз Сапураны алдық. Әлия балалар үйінде қалып оқығысы келді. Әлияны соңғы рет 1943 жылғы мамыр айының алғашқы онкүндігінде көрдім.

Мен оны Амерово темір жол стансасынан іздеп таптым. Бұл станса Москваға таяу Ярослав темір жолының бойында еді. Ол үздік атқыштар даярлайтын әйелдердің мектебінде оқитын.

*Шынболат Карамергенов. Теміржолшы. Ақтөбе қаласы. («Ақтөбе» газеті 13 маусым, 1995 жыл. № 70).*

**МОСЫ**

Қазан, шәугім асу үшін немесе өрмек тоқитын станокта пайдаланылатын құрал. Ол көтерме М. үш бөлшектен (сирақ, тілі (ілгек) және шығыршық), оның сирағы 3 ағаштан тұрады. Әр ағаштың ұз. 110-120 см, бір шетінің ұшы үшкірлеу болады. Жоғ. ұштарына тесік жасалып, олар темір шығыршық арқылы қосылады. Шығыршыққа шай қайнату үшін шәугімнің тұтқасы ілініп, астына от жағылады.

*Н.Байтұрсын. ҚҰЭ, 574-бет.*

**МУСИН Зинел**



(1922-1979 ж.ж.), Шалқар ауданында туған. 1940 ж. мұғалім

болып жүргенінде әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатынасып, жауынгерлік «Жауға қарсы аттан» газетінің тілшісі болған. Газеттің 1944 ж. № 47-де қос орденді аға сержант З.Мусинақын былай деп елге, жерге деген сағынышын білдіреді:

*Мұғалжар тауы басында,*
*Салған ем талай шоқырақ.*
*Бала күнде аунаған,*
*Есімде ыстық топырақ.*

Елге оралған соң Ақтөбе облыстық қамсыздандыру бөлімінде инспектор, Новоресей (қазір Хромтау) ауданының халық соты, Гурьев (Атырау) облысында кәсіподақ ұйымы төрағасының орынбасары, Алматы-1 т.ж. бөлімшесінде жауапты қызметтерде болған (1946-1979 ж.ж.).

Бірнеше жауынгерлік орден, медальдармен марапатталған. «Құрметті теміржолшы» (1973). Жауынгерлік өмір жолы Құланбай Көпішевтің «Қаһармандар» повесінде кеңінен баяндалған.



### МӨҢКЕ БИ

Ноғайлы Мөңке би, Шекті Мөңке би (шамамен 1675-ө. ж.б.) – белгілі би, Әбілқайыр хан кеңесшілерінің бірі, жырау. Ата тегі шежіре бойынша өз әкесі Тілеу әрі қарай Айт, Бөлек, Қалу, Сирақ, Мұса хан, Уақас би, Нұраддин болып жалғаса береді. Әбілқайыр дүние салған соң Нұралы ханның билігін тану туралы Елизавета Петровнаға жазылған хатқа Орта жүздің беделді адамдары Жәнібек тархан мен керей Наурыз би бастаған топпен, сондай-ақ Кіші жүздің 30 би, батырларымен бірге қол қойған. М.б. өз заманында «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би», келер күнді айнытпай болжайтын сәуегей және дала даналығының көрінісі іспетті ой-тұжырымын тағылымды поэтик, жырға айналдырған жырау ретінде танылды. М. б-дің филос. толғаулары, ритор. сұрақ-жауап, болжау, билік, кесім, шешім түріндегі мұралары өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. М.б. философиясы қазақтар қандай мықты өркениеттің әсері болса да көшпелі болып қалуы керек дейтін кредоны ұстанудан туған философия. Көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда заман аңысын аңдап, оның келешек кескінкейпін дәл болжай білу М.б. шығармның басты белгісі. Оның «Түрлі-түрлі халық болады, Күндіз-түні жарық болады... Дүниенің жүзіне, Өре мен темірден жол тартылады... Адам ақысыз жұмыс істемейді, Дүниені түрлеп кестелейді» деген толғау жолдарынан келер күнді болжаған сәуегейлік көрінеді. Сондай-ақ «Құрамалы-қорғанды үйің болады, Айнымалы, төкпелі биің болады. Халыққа бір тиын пайдасы жоқ, ай сайын басқан жиын болады. Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады, Жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады, Дүдәмалдау дінің болады. Әйелің базаршы болады, еркегің қазаншы болады» деп келетін жолдардан болашақтың бет алысын, бағыт-бағдарын тап басып танығандығы аңғарылады. М.б.-дің Сырым батырға қойған астарлы сұрақтары мен оған Сырымның қайтарған жауаптары, сондай-ақ оның шеркеш Түрке би, тана Нұрке билермен кеңесе отырып айтты дейтін «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» дейтін толғаулары белгілі. Оның көркем бейнесі Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен «Ел қорғаны» пьесасында, Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында көрініс тапты. М.б.-дің өмірі мен шығарм. мұрасы әр жылдары А.Жұбанов, Т.Кәкішев, С.Негимов, Б.Адамбаев, Қ.Сыдықұлы, М.Тілеужанов, С.Байменше, Б.Омарұлы, Ж.Асанов, К.Төлеубайұлы, т.б. ғалымдар ғыл-зерт. еңбектерін жазды. Ақтөбе обл. Шалқар ауд. Қайыр ауылына М.б-дің есімі берілген, Ақтөбе қ-нда ескерткіш-мүсіні орнатылған.

*М.Құл-Мұхаммед. ҚҰЭ, 6-шы том, 577-бет.*

*Ж.Асанов, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті:*

М.Құл-Мұхаммедке дейін де Мөңкенің ата-тегіне, өзіне қатысты біраз материалдар баспасөз бетін көргенді. (Қараңыз: Асанов Ж. Шекті Мөңке би Тілеуұлы. – Астана,: Елорда, 2001 ж. 138 бет. «Мөңке би толғаулары». «Ақиқат». 1999, №9-10; «Мөңке би». «Жұлдыз», 2000, № 4; «Мөңке Тілеуұлы – дана ойшыл, ұлы ақын, әйгілі би». «Алтын Орда». 07.04.2000; т.б.)

Мұхтар осы әр жерде айтылғандарды, жария көргендерді жинақтап, бас-аяғын бүтіндеп, тұтастандырып сомдаған. Іргелі зерттеу еңбек болып шыққан. Тереңнен тартқан. Жан-жақты білімдар азаматтың, қазақ шежіресіне де жетіктігі қайран қалдырады. Және бір озық жері данагөйге қатысты алда не істеуге болады деген мәселені де күн тәртібіне қойған. Жалпы алғанда, М.Құл-Мұхаммедтің бұл зерттеу еңбегі Мөңкетану саласында шоқтығы биік, оқшау тұрған дүние. Ғұмыры ұзақ, өлмейтің, өшпейтін зерттеу.

*Мөңке. Ел-шежіре. Алматы, 2007-259 беттер.*

*Дәйек көздері:*


*1. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. – Алматы: Жазушы, 1984 ж.*

*2. Негимов С. Шешендік өнер, – Алматы: Ана тілі, 1997 ж.*

*3. Республикалық Орталық Ғылыми кітапхана, 1067-бума, 5-дәптер.*

*4. Сәрсенбай Қ.Шал мен шенунек (Жас алаш, 09.10.1999 ж.)*

*5. Керімов Ш. Мөңке шешен. (Ана тілі, 10.01.1991).*

*6. АВПР ф. 122, 1748 г. Д. 8 лл. 15 об. – 16 об.*

*7. «Шалқар» газеті, 04.03.1994*

*8. ӘӨИ, қ.қ. 139-бума. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. –Алматы: Отау, 1992 ж.*

*9. ҰҒА кітапханасы, 1281-бума, 2-дәптер.*

*10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992*

*11. Қазақ елінің қысқаша тарихы. 5-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1996 ж.*

*12. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы. – Алматы: Білік, 1999*

*13. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994.*

*14. Шалқарлық зейнеткер Ахмедиев Тіркестің жеке архивінен 1998 ж. алынды.*

*15. Байғанин Н.Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1991*

*16. Табылдиев Қ, Қалмұратов А. Кіші жүз рулары. – Алматы: Ер Дәулет, 1994 ж.*

*17. Кемал Б. Тарихта неше Мөңке бар? ( «Шалқар» газеті, 2001, 4-сәуір).*

*18. Үсенов Оңдасынның жеке архивінен 1997жылы алынды.*

*19. Төреқұлов Н., Қазыбек М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1993 ж.*

*20. Көкішев Т. Билер сөзі. – Алматы: Қазақ Университеті, 1992 жыл*

*21. Адамбаев Б. Шешендік сөздер. – Алматы: Отау, 1992.*

*22. Республикалық Орталық кітапхана, 137-бума, 6-дәптер.*

*23. Алдияров Ж. Сайрам шайқасының сардары. – Алматы: Зерде, 2000 ж.*

*24. Мұхтар Құл-Мұхаммед. Мөңке би. (Егемен Қазақстан. 18-21 қараша, 2003 ж.).*

*25. Ысмайлов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956 ж.*

*26. Б.Омарұлы. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білік, 2000*


*Оқыңыз: Мөңке, Алматы, «Ел-шежіре», 2007 ж.*

## МӨҢКЕ БИ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы Мөңке би елді мекені. Шалқар ауд. солтүстік бат. Тұрғыны 1,2 мың адам. Құрамына Мөңке би, Әбді, Алкелді ауылдары кіреді. Бұрын «Біршоғыр» кеңшарының орталығы болды. (1964ж.). Сайлар: Ақсансай, Ақсерке, Бақатайсайы, Зікірсай, Садысай, Терісбұтақ, Тобылғысай, Тебенсай, Қарағансай, Шилісай, Шаңқұлсай, Қызыллеспе, Құмқұдық, Аққұдық, Қимас, Құттықұдық, Қауылжыр, Майлысай, Ақсай, Жұмырсай, Жайылма, Бақшалысай, Құмсай. Көлдер: Ақмолалыкөл, Сүттікөл, Домалақкөл, Жомарткөл, Шыбынкөл, Қопасор, Ұялыкөл, Миялыкөл, Жыңғылдыкөл, Итжуалыкөл. Төбе-таулар: Жалшоқат, Құмшоқат, Ырыстышаты, Әбді, Ақжар, Жамантау, Жақсытау. Округте орта мектеп, балабақша, клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді, тұрғындар телехабар қабылдайды. Елді мекен табиғи газ игілігін көріп отыр. Кезінде 6 адам КСРО ордендерімен және медальдармен марапатталған.

* * *

Бұрынғы өткен қарттардың айтуынша, бізге белгісіз ерте кездерде түскен ұлы Борсықтың орғыл-орғыл бұйрат құмдарын Арал теңізі жағының Құлымбет шыңы тұсынан Шалқар көліне қарай қақ жарып кесіп өтетін «Ноғай жолы» аталатын күре жол бар. Мөңке бидің ата қонысы

саналатын осы аймақта қырғыздар мен ноғайлар қазірде ұрпақ өсіріп рулы елге айналып отыр.

*Ж.Дәуренбекұлы, С.Құттыбайұлы «Алты ата Әлім» кітабынан, Алматы: «Рауан», 1992. – 21 бет.*

### МӨҢКЕ БИ ЕСКЕРТКІШІ

(Мүсінші Қ.Егізбаев, суретші С.Әлімбетов) «Шекті Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауды бітірген екен» (А.Байтұрсынов). Қара қылды қақ жарған, мың жылдығын болжаған дала кемеңгері Мөңке бидің ұрпақтары облысымыздың көптеген аудандарында тұрады. Тұғырдың биіктігі 2,7 м., ескерткіштің биіктігі 1,5 м. ақшыл түсті мәрмәр тастан жасалынған.

### МҰҒАЛЖАР ТАУЫ

Қазақстанның бат. бөлігіндегі қыркалы аласа таулы массив. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 20 шақырымға созылып жатыр, ені 30 шақырым. Орташа биікт. 400-500м., ең биік жері Үлкен Боқтыбай тауы – 657 м. Орал тауының оңтүстігіне ұласқан жіңішке таулы қырқа болып басталған М.т. бірте-бірте қатарласа жатқан 2 тармаққа бөлінеді: оларды қазан шұңқырлы ойыс бөліп жатады. Солтүстіктегі Алабас қазан шұңқырының ені 15-20 шақырымға жетеді. Бат. жотаның оңт. бөлігі биік келеді, беткейлері қатты тілімделген. Шығ. жотасын тайпақ төбешіктер тізбегі құрайды, оны Ырғыз өз-нің бастауы тілімдеген. М.т. силур, девонның жасыл тасты эффузияларынан, габбро тәрізді интрузиялардан түзілген. Климаты қуаң континенттік, қаңтар айының орташа темп-сы 14°С, ал шілдеде 24°С. Жылына 250 мм-дей жауын түседі. Жер асты тұщы суының мол қоры шоғырланған. Өсімдіктен сортаңды жерінде жусан, көкқияқ, мия, бұйырығын, сарсазан, қоңыр топырақта бетеге, көде және қараған тәрізді бұталар өседі. Құм массивтері бидайықты шабындықта бекінген. М.т.-нда тас көмір, мұнай, марганец, фосфорит, мыс, т.б. кен орындары бар.

*Әдеб. Казахстан, М.1969., Казахстан, М. 1970. «Ақтөбе» энциклопедиясы, 566 бет.*



С.Мұқашев



Б.Мұратова

### МҰҚАНҰЛЫ Мәжит

(04.10.1920, Шалқар ауд. Ырғыз а. – 03.02.1985, Алматы қ.) Психология ғылымдарының докторы (1980), проф. Ленинградтың А.И.Герцен атынд. педагогика институтын бітірген. Еңбек жолын 1934 ж. Ақтөбе қ. ұшақ алаңында жұмысшы болып бастады. 1939 ж. Вольск әскери училищесін бітірген. ҰОС қатысқан. 1953 ж. кандидаттық диссертация қорғады. 35 жыл бойы жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогикалық жұмыста. 1968 ж. Абай атындағы педагогикалық институтта психология кафедрасын басқарды. 1980 ж. педагогика ғыл. докторы, 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы, 1971 ж. бастап КСРО психологтар қоғамы Қазақ респ. бөлімшесі басқарма төрағасы болды. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, медальдармен марапатталған.

*«Ақтөбе» энциклопед., 567 б.*

### МҰҚАШЕВ
**Серікжан Шайзадаұлы**

(21.04.1964 ж.т., Ақтөбе қаласы), негізі – шалқарлық, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2007).

Өмірдерегі: 1984 ж. Ақтөбе авиаотряды бірлестігінде еңбек жолын бастаған, кейін транспорттағы Ақтөбе ІІБ транспорт прокуратурасында жауапты қызметтерде болған (1984-1990). «ТЭТ» ЖШС-ң коммерциялық директоры, «Банк-Рика» ААҚ бақылау кеңесінің төрағасы, «Ақтөбеоблгаз» АҚ президенті, «Ақтөбетрансгаз» ЖТАҚ басқарма төрағасы, «Актурбо» АҚ президенті қызметтерін абыройлы атқарып (1990-2000), Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары қызметіне жоғарылатылады (2000). Бұл лауазымды қызметте екі жыл болып «Ақтөбе ТЭЦ» ЖАҚ директорлары кеңесінің төрағасы, «GSM grupp» ЖШҚ директоры (2000-



Н.Т.Мұсабаев



З.Мұстафин



І.Мұратов

2004) қызметтерін мінсіз атқарды. 2004 жылдан бастап Ақтөбе қаласының әкімі, облыс әкімінің орынбасары, «Нұр Отан» КДП төрағасы бірінші орынбасарының кеңесшісі болды (2004-2007). 2007 жылдың тамыз айынан бастап ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

**МҰҚАШЕВ Түсіп**

(1904-1966 ж.ж., Біршоғыр бекеті,) теміржолшы. Біршоғыр т.ж. бекетіне жұмысшы болып 1919 жылы кірген жол жөндеуші, жол қараушы. Еңбегі еленіп, жол қауіпсіздігін сақтаудағы ерен еңбегі үшін Ленин орденімен (1951), бірнеше медаль, төсбелгілермен марапатталды.

**МҰРАТОВА**
**Балзия Көрпебайқызы**

(08.03.1939 жылы туған – Шалқар ауданы №8а.), «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі». Шалқардағы №1 қазақ орта мектебін бітірген (1956).

1961 жылы Гурьев (қазір Атырау) педагогикалық институтын физика-математика мамандығы бойынша тамамдаған. Еңбек жолын Целиноград (қазір Ақмола) облысында мұғалім болып бастап, 1962 жылы Шалқар қаласындағы № 496 орта мектебінде жалғастырған. 1965 жылдан бастап № 1 Шалқар қалалық қазақ орта мектебінде ұстаздық етті. Осы мектептен зейнеткерлікке шықты (1995). Озат мұғалім ретіндегі тәжірибесі аудан, облыс Педоқуларына ұсынылып, жоғары бағаланды. Ұзақ жылдар ауданның математика пәні мұғалімдері методикалық бірлестігіне жетекшілік етті. 15 жыл бойы математика пәнін тереңдетіп оқытатын класқа дәріс берді. Ұзақ жылғы шығармашылық педагогикалық еңбегі «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен бағаланды. (1977).

«Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» атанды (1980.) Алған медальдары бар.

**МҰСАБАЕВ**
**Нәжмадин Түркбенұлы**

(02.02.1950 ж.т.) бірнеше аудандарды басқарған мемлекеттік қызметкер (әкім), «ҚР құрметті құрылысшы», «Құрмет» орденінің иегері.

Білімі жоғары: Шымкент химия-технологиялық институтын (1971) және Қазақ менеджмент, экономика, болжам ЖОО-н (1992 жылы) бітірген.

Еңбек жолын институтта ғылыми қызметкер болып бастаған (1971-1973) ол 1973-1992 ж.ж. Қызылорда облысының Қазалы аупарткомында жауапты қызмет атқарып, осы аудан партия ұйымының 2-хатшысы, ауатком төрағасы, кейін облыстық кеңес атқару комитет төрағасының орынбасары лауазымды жұмыстарында болған. Әкімшілік қызмет жүйесі басталғаннан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасары, Қазалы және Жаңақорған аудандарының әкімі (1992-2004) болып қызмет атқарса, 2004 жылдан бастап Арал ауданы әкімі қызметінде. Арал ауданының, Сыр халқының өсіп-өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан басшы, абыройлы азамат Нәжмәдин Түркбенұлы өзі басқарып отырған ауданымен тағдырлас Шалқар ауданы халқының да мәдени-әлеуметтік дамуы мен рухани жағынан өсу мәселелеріне байланысты аудан өңірінде жүргізіп жатқан іс шараларына ынтымақтастық танытып, тілектестік білдіріп келе жатқан азамат.

**МҰСТАФИН Задагерей**

(04.01.1927– 11.01.1981 ж.ж. Шалқар қаласы.), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген зоотехнигі.

Еңбек жолын 1943 жылы Шалқар ауданының №4 ауылдық Кеңес атқару комитетінің хатшысы болып бастаған.

1945-1946 ж.ж. ауданның «Талдықұм» ұжымшарында есепші болған. 1946-1948 ж.ж. Қазалы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында оқыған. 1948-1952 ж.ж. арасында аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде зоотехник, бас зоотехник, мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіру станциясында аға зоотехник қызметтерін атқарған. Москва қаласында зоотехникалық институтта білімін жетілдірген (1952-1953 ж.ж.).

1953-1957 ж.ж. аудан ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасында аға зоотехник, ал 1957 жылы Шалқар машина-мал шаруашылығы станцияында зоотехник қызметтерінде болған. 1957-1962 ж.ж. әуелі «Жаңажол» ұжымшарында басқарма төрағасы, кейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1963-1965 ж.ж. территориялық өндірістік басқармасы бастығының орынбасары, бас зоотехник, аупарткомның екінші хатшысы. 1966 ж. өмірінің соңғы күніне дейін аудан ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болды (1966-1981 ж.ж.).

Еңбек Қызыл Ту (2 рет), «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Құрмет Грамотасымен марапатталған.

**МҰРАТОВ Айдос**

(а.к.б. 1881 Шалқар ауданы Елтай ауылы – а.к.б. 1970 Шалқар қаласы), он саусағынан өнері тамған әйгілі ағаш шебері.



Ә.Мұхтарова



С.Мұхтаров

Оның қолынан шыққан кебеже, сандық, сықырлауық, асадал (шкаф), төсағаш бұйымдары Шалқар өңірінде көп кездеседі. Әйгілі күй атасы Қазанғапқа өз қолымен жасаған домбыраны сыйға тартқан. 1945 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы сәулет өнері жөніндегі мемлекеттік комитеттің шақыруымен Алматыға барады. Мұнда қазақтың алғашқы сәулетшісі Төлеу Бәсеновтың басшылығымен қазақтың ұлттық ою-өрнегін салу жөніндегі үлгі көрсету, этнографиялық кеңесші болады.

Қазақ КСР-інің 25 жылдығына орай қазақтың қолөнерін дамытудағы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. 1993 жылы Шалқар ауданы әкімшілігінің шешімімен Айдос ақсақал тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Бегімбет селосының бір көшесі Айдос Мұратовтың атымен аталады.

**МҰРАТОВ Ільяс**

(1920 ж.т. Шалқар ауд. №13 а. – 11.12.1997 ж., Шалқар қ.), соғыс және еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз. Шалқар қаласындағы қазақ орта мектебінде оқыған (1931-1939 ж.ж.). Ақтөбе қаласындағы мұғалімдер институтын (1941), Орал пединститутын (1960 ж.) бітірген, тарих пәнінің мұғалімі. Ұлы Отан соғысына қатысқан (1941-1943 ж.ж.).

Соғыстан кейінгі еңбек жолы: Шалқар қалалық қазақ орта мектебінде мұғалім, ауданның №13 және №4 ауылдардағы жетіжылдық мектептерде, сондай-ақ қаладағы жұмысшы жастар мектебінде директор және аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде болған. Педагогикалық өтілі – 32 жыл.

«Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1953), І-ші дәрежелі Отан соғысы ордені (1943) мен 9 медальдің иегері.

«Шалқар қаласының құрметті азаматы» (1996 ж.).

**МҰХТАРОВА Әнипа**

1954 жылы 15 шілдеде Ақтөбе облысы Шалқар ауданында дүниеге келген. 1971 жылы Қорғантұз орта мектебін бітірді. 1977 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тамамдап шықты.

1977-1978 ж.ж. Айшуақ орта мектебінде, 1979-1981 ж.ж. аралығында Қорғантұз орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметін атқарды. 1970 жылы ВЛКСМ орталық комитеті-



Қ.Мырзабаев



Н.Мырзабаев



М.Мырзағұл

нің арнаулы төсбелгісі және мақтау грамотасымен марапатталды.

1981-1993 ж.ж. Алматы қаласындағы эксперименттік мектеп-интернатта, №145 қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасады. 1993-2006 ж.ж. Алматы қаласы Білім департаментінде мектеп басшыларымен жұмыс бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. 2006 жылдан бастап қазіргі кезеңге дейін «Қайнар» университетінің қазақ филологиясы факультетінде доцент, деканның орынбасары болып жұмыс жасауда. ҚР Білім беру ісінің үздігі, методист-ұстаз, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, 2 әдістемелік кітаптың, 3 оқу құралы, 11-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығының, дидактикалық материалдардың авторы. «Біржан-Сара» оқу фильмінің авторы, «Сорос-Қазақстан» қорының гуманитарлық бағыттағы конкурсының лауреаты.

**МҰХТАРОВ**
**Сабыржан Сағидоллаұлы**

(07.10.1962 ж.т. Шалқар ауданы), филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

1980 жылы Айшуақ орта мектебін, 1981 жылы Ресейдің Воронеж облысы Семилуки қаласында №24 кәсіптік-техникалық училищесін бітірген. Еңбек жолын Бұқара-Урал газ айдау желісінің №11 стациясында (Шалқар ауданы) жұмысшы болып бастаған. 1982-1984 ж.ж. аралығында Эстонияның Валга қаласында әскери борышын өтеген.

1991 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша (бұрынғы Қаз ПИ) тамәмдап, сонда оқытушылық қызметке қалдырылған. Сол жылдың аяғында Ақтөбе педагогикалық институтына ауысады.

1996 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білім институтында стажировкадан өтіп, 1997 жылы осы институт жанындағы аспирантураның күндізгі бөліміне оқуға түседі. 1999 жылы «Қазақ тілі біліміндегі сөз таптастыру теориясының қалыптасуы, дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғауына байланысты Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына қызметіне оралады. Қазіргі кезге дейін жоғары оқу орындарында кафедра меңгерушісі, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, («Қайнар» университеті Ақтөбе филиалы), факультет деканының орынбасары, факультет деканы, ректордың көмекшісі (Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты) секілді бірқатар жауапты қызметтер атқарып келеді.

С.С.Мұхтаров 1 оқу құралы мен 2 көмекші оқу құралының және 200-ге тарта ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларының авторы. Қазақстан Республикасы Ғылым және білім Министрлігінің Алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен мадақталған.

«Қазақстан Республикасының ғылым дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалы бар.

**МЫРЗАБАЕВ Құлжар**

(а.к.б. 1913 Шалқар ауд. – 1997 ж., Ақтөбе қаласы), ауылшаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы. 1938-54 ж.ж. аудандық, облыстық кеңес органдарында, прокуратурада еңбек еткен. Ақтөбе облысының «Қарабұтақ», «Ярослав», «Темір» кеңшарларында директор болған (1954-1974 ж.ж.).

Еңбек Қызыл Ту (екі рет), «Құрмет белгісі» ордендерімен, КСРО Халық шаруашылығы көрмесінің алтын медалімен марапатталған.



Ә.Мырзалина

## МЫРЗАБАЕВ Нұрмұқанбет Жұбанұлы

(01.07.1946 ж.т., Шалқар ауданы – 15.09.1993 ж., сонда), білікті кеңшарлар басшысы.

Қорғантұз (Шалқар ауданы) орта мектебін алтын медальмен (1963), Алматы ауыл шаруашылық институтын үздік (1968 ж.) бітірген, экономист-агроном.

Еңбек жолы: «Шетырғыз» кеңшарында аға экономист (1 жыл), аудандық комсомол комитетінде (1 жыл), ауыл шаруашылық басқармасында (3 жыл), аудандық партия комитетінде (2 жыл) жауапты қызметтерде болған. (1968-1975). Содан кейін 1975-1992 ж.ж. екі кеңшарларда директор: «Сарыбұлақта» (10 жыл), «Жаңа қоныста» (6 жыл).

Еңбек жолын кеңшарда экономист болып бастап, агроном болып аяқтаған.

«Құрмет белгісі» орденімен (1980), 3 медальмен марапатталған. Өзі оқыған мектебі қабырғасына ескерткіш тақта орнатылған (2007), өмір жолы «Жасын ғұмыр» кітабында баяндалған.

## МЫРЗАҒҰЛ Марат

(1938 ж. Шалқар қ.). № 1 қазақ орта мектебін (1956), Әл-Фараби атындағы Қаз МУ-ді (1965 ж.), КПСС Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін (1973) бітірген.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі (1970), осы одақ сыйлығының лауреаты (1995), 25 жыл мемлекеттік қызметте болды. Он жыл бойы Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе обл. драма театрының әдебиет бөлімін басқарды. Әр жылдары республикалық баспаларда және Ақтөбе қаласында «Оймауыт өңірінде», «Тіл тағдыры», «Оралу», «Ақтөбем – алтын бесігім», «Тахауи театры тарихынан» атты кітаптары жарық көрді.



Ы.Мырзалин

## МЫРЗАЛИНА Әлия

(08.03.1928 ж.т., Шалқар ауданы), педагог, облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер, соғыс және еңбек ардагері.

Н. Байғанин атындағы Ақтөбе мұғалімдер институтын (1950), Орал педагогикалық институтын (1962) бітірген, математика пәнінің мұғалімі. Еңбек жолын Шалқар ауданында бастап (1944), осы ауданда үздіксіз 44 жыл бала оқытып, еңбегінің жемісін көрген жан, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1963), «КСРО оқу ісінің үздігі» (1980), «Құрмет белгісі» орденінің, 6 медальдың иегері.



Н.Мырзалинов

## МЫРЗАЛИН Ыбырайым

(17.06.1923 ж. – 18.03.1997 ж., Шалқар қаласы), есеп (қаржы) саласының маманы, халық ағарту ісінің озық қызметкері, еңбек және соғыс ардагері.

18 жасында өзі сұранып майданға аттанып, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасып, бірнеше рет жараланып (ақыры бір қолынан айрылып) елге оралған соң 42 жыл бойы аудандық білім бөлімінде бас есепші болып қызмет етті.

«Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері», есеп саласында аса білгір маманы, Шалқар, Ырғыз аудандары мұғалімдері құрмет тұтқан азамат болған адам. Ұлы Отан соғысында бірнеше жауынгерлік медальдармен, I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

## МЫРЗАЛИНОВ Нұрмұқанбет Ниязұлы

(10.04.1903 ж.т., Шалқар ауданы, № 2 ауыл – 30.10.1981 Шалқар ауданы Қотыртас бекеті), темір жол қызметінің ардагері. Еңбек жолын 1919 ж.т.ж. жұмыс-

шы болып бастаған, түрлі курстарда оқып, білімін жетілдірген.

1937 жылдан 1964 жылға дейін станция бастығы болған. Озат теміржолшы, бірнеше рет ауылдық кеңеске депутат болып сайланған. Ленин орденімен марапатталған (1960 ж.).

**МЫРЗАҒҰЛ ШЫМАНҰЛЫ**

(1847, Шалқар ауданы – 1908, Ырғыз түрмесі) – Мұрағаттық құжаттар мен Я. Полферовтың, Т. Седельниковтың жазғандарына қарағанда М.Ш. өмірінің елеулі кезеңі – 1872-1892 ж.ж. арасы. Осы жылдары ел азаматы болу тұлғасына ұмтылу, өзі қатарлы жастарды айналасына топтастыру арқылы елін сүйгіштік, ұлтжандылық сезімдері айқындала бастады. Ол 1872-75 ж.ж. және 1875-79 ж.ж. Аралши болыстығына қатарынан екі рет болыс болып сайланған. 1878 ж. Орынбор губерниясының II Александр патшамен кездесетін қазақ депутаттарының құрамында Санкт-Петербургте болып, Ресей империясына сіңірген адал еңбегі үшін Стансилав ленталы күміс медалымен марапатталған. М.Ш. 1879-87 ж.ж. тілеу руының аға биі міндетін атқарды. 1887 ж. жазында Шеңгел болыстығының болысы болып сайланды. Алайда Орынбор әкімшілігі М.Ш. 1891 ж. 15 қаңтарында «Қолайсыз істері үшін» деген айыппен болыстықтан босатады. Бұл «Қолайсыз істер» деген М.-дың патша үкіметінің қазақтарды шөл, шөлейт далаға ығыстыру саясатына қарсы күресі еді. Сол үшін Орынбор округтың сотының көшпелі сессиясының үкімімен ол алты айға Орынбор түрмесіне қамауға алынған. Түрмеде отырып Ресейдің Ішкі Істер министрлігіне Торғай облысы әскери губернаторының жер мәселесіндегі заңсыздықтарын әшкерелеп, арыздар жазған. II Николай патшаға жолдаған хатында: «біз, қырғыз-қайсақтар, ата-баба жолына берік, момын, бірақ қайсар халықпыз. Ұлы мәртебелі тақсыр! Орынбор басшылары жерімізді тартып алып, бізге зор қиянат жасауда. Бұған сізді кінәламаймыз. Олар сіздің әділдігіңізді бұрмалауда» деп жазған. М.Ш. өмірінің соңғы кезеңін (1892-1908) күрес жылдары деп қарауға болды. Бұл тұста ол Шеңгел болыстығына бірнеше рет сайланған, соңынан әскери губернатор жарлығымен орнынан босатылған. М.Ш. XIX ғасырдың 70 ж. бастап Орынбор генерал-губернаторлығының, Торғай обл-ның қоғамдық саяси өміріне кең араласқан ірі қайраткер. Ол Жем бойын әскери алқапқа айналдыруға тырысқан Орал обл. әскери губернаторының саясатына қарсы күресіп, осы аралықтағы Орал обл. қарайтын Ырғыз у-нің шебін айқындау мәселесін көтерді. 1882 ж. маусымда өткен Орал, Торғай, Закаспий болыстары мен билерінің құрылтайында шығып сөйлеп, патша үкіметінің қазақтарға көрсетіп отырған жер қысымын ашық сынады. 1901-05 ж.ж. М.Ш. Орынбор-Ташкент темір жолы құрылысын салуға қатынасты. Қазақ ауылдарынан түйе жинап, құрылыс материалдарын тасысты. Осы қызмет үшін Орынбор әкімшілігінен «Мақтау грамотасын» алды. 1908 ж. 13 қыркүйекте Ырғыз қаласында болған Орынбор округтік сотының көшпелі мәжілісінде Мырзағұл, Бидағұл Шымановұлдары, Өтеғұл және Тасым Қарағұлұлының қылмысты істері қаралды. Сот мәжілісі оларды Сібірге айдау туралы шешім қабылдады. 1908 ж. қыркүйегінде Мырзағұлмен тірі кезінде ең соңғы қауышқан адам қазақтың тұңғыш жоғары білімді дәрігері М. Қарабаев болды. М.Ш. туғанына 147 ж-ғы Шалқар ауданында атап өтілді. Оның өмірі, заманы жайлы ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Шалқар қаласында граниттен ескерткіш мүсін қойылды, көшеге аты берілді, «Қызыл жұлдыз» елді мекені «Мырзағұл ауылы» болып аталады.

*Әдеб. З.Байдосов, «Үш ғасыр перзенттері». Ақтөбе, 1997 ж.*

**МЫРЗАТАЙ**
**Ниеталы Намазбайұлы**



(11.08.1938 ж.т. Шалқар қаласы). Ұлағатты ұстаз, қажы.

№ 1 қазақ орта мектебін, (1955), Гурьев (Атырау) пединститутын (1961) бітірген, физика-математика пәндерінің мұғалімі.

1961-1997 ж.ж. педагогикалық еңбек жолында 17 жыл мектеп директоры (Шалқар қаласындағы 7 мектептің 3-нде), аудандық оқу бөлімінде мектеп инспекторы

(3 жыл), мектеп мұғалімі қызметтерін абыройлы атқарды. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» (1976), «КСРО ағарту ісінің озаты» (1987), «Беке, Аралбай шежіресі» кітабының авторы (2001). Қажы (2006). 1997 жылдан Ақтөбе облысына айрықша еңбегі сіңген зейнеткер.

Қазір «Нефтегаздем» зейнетақы орталығының Шалқардағы өкілі қызметінде. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**«1000 БАЛА ҚОЗҒАЛЫСЫ»**

1723 жылы «Ақтабан шұбырында, алқакөл сұлама» атанған халқымыздың басынан өткен қайғылы оқиға, жоңғар шапқыншылығы мен оған қарсы ұлтазаттық көтеріліс тарих парақтарында қанмен жазылып қалды. Осынау ұлы қантөгістер елін, жерін жаудан қорғап, азаттықтың көк байрағын желбіреткен жүздеген батырлар, хандар, билер, арулар, шешендер есімі халық жадында мәңгі сақталып қалды.

Алайда, бір айта кететін жәйт, осынау ұлы дүбірде бес қаруын беліне асынып, қаһармандық көрсеткен қазақтың 1000 баласы туралы біреу білсе, біреу білмейді. Сонымен, ұлы жорықта көзсіз ерлік көрсеткен 1000 бала кім, ол жайында не білеміз? Атақты Нұрмағанбет ақын Қосжанұлы (1897-1937) өзінің «Сартай» атты дастанында 1000 бала оқиғасын тарихи деректермен келістіре жырлайды. Бірақ осы дастаны үшін ақын «Халық жауы» боп ұсталып, 1937 жылы Ақтөбе маңындағы Түйетөбеде атылды. 1000 бала оқиғасының бізге көмескілеу боп жеткендігінің бір салдары осында.

Сол жоңғар шапқыншылығы кезінде Кіші жүз, Шекті, оның ішінде Жақайым руынан шыққан 15 жасар Сартай батыр елінің атақты биінен бата алып, өзі құралыптас, ат құлағында онайтын, садақ тартып, найза түйрейтін, шоқпар сілтей білетін 1000 баланы жасақтап, Әбілхайыр ханның қолына қосылады. Жер қайысқан жоңғар әскері зеңбірекпен атқылап, қазақ жасақтарын сирете бастағанда, Сартай бастаған 1000 бала жау әскеріне қақ ортадан шабуыл жасап, екіге бөледі де, сол кезде қазақ қолы екі бүйірден тиісіп, ақыры ұлы қырғында жеңіске жетеді.

Осы ұрыста 1000 баланың жартысынан астамы шейіт болады. Алматы облысының әкімі жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында, «1000 бала қозғалысын» ұйымдастырып, композиторларға тапсырыс беріп, ол туралы Бейбіт Дәлденбаев «1000 бала» Әнұранын шығарып, оны «Ер Төстік» балалар хоры орындады.

Қозғалыстың атын шығарып, негізгі шараларын ұйымдастыруда әкімнің орынбасары қазақтың қайсар қызы Жібек Әмірханованың қолтаңбасы болды.

Бірақ осы бір тамаша бастама кейін аяқсыз қалды.

Бұл ұландар бздің ел тарихында, шалқарлықтар жадында елден шыққан ерлер есебінде сақталып қалды.

*А. Қалыбаев.*

**P.S:** Бүгінде бұл қозғалысты аудан тарихының белгілі беті деп бағалап, зерттеп, игі іс тындырып жүрген ардагер азамат Амангелді Қалыбаев Шалқар қаласында тұрады.

**МЫҢЖАСАРОВА**
**Сара Рахманқызы**

(29.10.1924 ж., Шалқар ауд. Қарашоқат ст.) – жазушы. Ақтөбедегі екі жылдық мұғалімдер институтын (1942), Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы комсомол қызметкерлері курсын (1944), Жоғарғы партия мектебін (1952), бітірген. 1942 жылы Шалқар қазақ орта мектебінде мұғалім болған, сол жылы Шалқар аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1944 ж. Талдықорған облыстық комсомол комитетінің хатшысы болып сайланған. Кейінгі еңбек жолы журналис-тикамен байланыста болды. 1949-55 ж.ж. Талдықорған облыстық «Сталиншіл» газетінің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, 1955-60 ж.ж. осы обл. «Семиреченская правда» газетінің әдеби қызметкері, Алматы обл. «Коммунизм таңы» газетінің меншікті тілшісі. 1960-71 ж.ж. «Казахстанская правда» газетінің аудармашысы. 1971-83 ж.ж. байланыс министрлігі баспасөз тарату басқармасының бөлім бастығы. Алғашқы «Первая встреча» әңгімесі 1956 ж. «Семиреченская правда» газетінде жарияланған. «Ана жүрегінің ерлігі» деректі әңгімесі 1966 ж. «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» топтама жинақта жарық көрді. Бұдан кейін «Қыр қыздары» (роман 1970), «Замандастар» (деректі әңгімелер 1972), «Әйел бақыты» (роман 1981), «Женское счастье» (роман 1984), «Төзім шеңбері» (роман 1987, 1996), «Өмір көріністері» (әңгімелер, повестер, 2000), «Көптің бірі» (де-

ректі повесть 2001) кітаптарын жазды. «Сезімге сын» радио пьесасы, «Қыр қыздары» романы бойынша радио қойылымы Қазақ радиосының алтын қорында. Вьетнам жазушы Нгуен Ван Бонгтың «Буйвол» повесін (1959), Абхазияның классик жазушысы Иван Попаскиридің «Әйел намысы» романын (1965), чехтың «Алтын Прага ертегілерін» (1967) аударған, бірқатар шетелдік жазушылар шығармаларын басқа авторлармен бірге аударып, жариялаған.

**МІНДЕТБАЙ**
**Бақытжан**
**Оразмағанбетқызы**

(07.11.1937 ж.т. Шалқар қаласы), партия, кеңес қызметкері, ардагер ұстаз.

Шалқар қаласында туып, қаладағы қазақ орта мектебін (1954), Ақтөбе педагогикалық институтын (1958), Алматы Жоғарғы партия мектебін (1968) бітірген. Еңбек жолын орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалім болып бастаған ол мектеп директоры, комсомол, партия комитеттерінің жауапты қызметтерін абыройлы атқарды. Шалқар ауаткомы төрағасының орынбасары болып 14 жыл қызмет етті. Соңғы он жылда (1985-1995) ұстаздық қызметін жалғастырып, облыстық дәрежедегі зейнеткер атанып, құрметті демалысқа шықты (1995). «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері», бірнеше үкімет наградаларының иегері. «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (1997). Қазір Ақтөбе қаласында тұрады.



*Б.Міндетбаева*

**МІНДЕТБАЕВ**
**Оразмағанбет**
**Махамбетұлы**

(1899 ж.т., Шалқар ауданы, Қабырға болысы – 1967 ж., Шалқар қаласы). Қаржы саласының білгір маманы.

Шалқар өңіріне белгілі Пәтуәлі ишанның мектебінен сабақ алған. Одан кейін Шалқар қаласындағы орыс-қырғыз мектебінде оқыған. Алғашқы еңбек жолын Шалқар ауданының № 13 ауылында хатшылықтан бастап, кейін Торғай облысының облыстық сақтық кассаларында есепшілік қызмет атқарған. Сол жылдары қазақтың «Алаш» партиясының басшылары Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратаевтармен, басқа да қазақ зиялыларымен қарым-қатынаста болған. Кейін Шалқарға келіп, 1943 жылға дейін аудандық оқу бөлімінде, қаржы саласында жауапты басшы қызметтер атқарған. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Орден, медальдары бар. Соғыстан кейін аудандық қаржы мекемесінде бас есепші болып, 1963 жылы зейнеткерлікке шыққан.



*О.Міндетбаев*

**МІНЕЗ**

«...Ақыл мен мінез – бірге туған, егіз. Ақыл-тамыр, мінез-жапырақ. Жаман мінез – ақылсызға берген жаратқанның жазасы. Дән піскенде сабағы төмен иілер, жаман адамға жал бітсе, мұрнын көкке шүйірер. Жақсы адамның серігі, әмәндә, ақыл, қанағат, әдеп, төзім, сабыр, үміт, бірлік, татулық. Ер жігітке төзім – тірек, сабыр, ақыл, әл-ауқат, бата – мұра, әдеп – сән, ақиқат – ем, үміт – көңіл азығы. Осыны білмегенді үлкендер жүгенсіз дейді. Жүгенсіз кісіден, жетекке ерген хайуан артық...».

*Әйтеке би.*

Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез...

«Адамның мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім».

*Абай.*

# Н

**НАЗАРОВ**
**Болат Қонақбайұлы**

(1955 жылы туған) Ақтөбедегі педагогикалық және Алматыдағы қазақ политехникалық институттарын (сырттай) бітірген, екі мамандық иесі – физика мұғалімі және мұнай, газ саласының инженері. Еңбек жолын КАЗ.НИГРИ АҚ-нда аға ғылыми қызметкер болып бастаған ол бұл күндері «Казтрансгаз» компаниясының Бас директоры, ел құрметіне бөленген білгір басшы.

**НАЛИВКИН**
**Дмитрий Васильевич**

(25.08.1889 ж.. Петербург – қ.б.ж.б.) – геолог және палеонтолог. КСРО ҒА академигі (1946), корреспондент мүшесі (1933). Социалистік Еңбек Ері (1963). Петроградтағы тау-кен институтын бітірген (1915). 1917 ж. Шалқар депутаттар Кеңесінің бірінші төрағасы. 1921 ж. Петербург институтында оқытушы. Оның негізгі еңбектері: Орал, Орта Азия және Шығыс Европа платформасының стратиграфиясы, палеонтологиясы, палеозой палеографиясы. Оралдағы зерттеулері үшін КСРО Мемл. Сыйлығын (1946) алды, КСРО геологиялық картасын жасаудағы ғылыми жұмысқа жетекшілік еткен үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты (1957) атанды.



Б.Қ.Назаров

**НАСРЕДИНОВ**
**Убайдулла**

(23.03.1927 ж.т., Шалқар ауданы Аяққұм елді мекені), еңбек және соғыс ардагері.

Еңбек жолын Шалқар ауданының Қорғантұз ауылдық кеңесінде пошта байланыс бөлімшесінің меңгерушісі болып бастап, ауылдық кеңес хатшысы қызметін атқарған (1942-1946), кейін Ақтөбе зоотехникумында студент (1946-1948 ж.ж.).

1948-53 ж.ж. Шалқар аудандық ауыл шаруашылық бөлімінде аға, бас зоотехник, бөлім бастығы қызметін атқарған. 1954 жылы аудандық партия комитетінде нұсқаушы қызметінде болған ол «отызмыңдықтар» қатарында Қазақстанның XXX жылдағы атындағы ұжымшарға басшы болып сайланып, басқарма төрағасы қызметін атқарады (1955-1963 ж.ж.).

1963-65 ж.ж. ауд. ауыл шаруашылық басқармасында инс-



У.Насрединов

пектор-ұйымдастырушы, кейін 1966-87 ж.ж. «Жаңақоныс» кеңшарында бас зоотехник, аға экономист. 1955-58 ж.ж. тың игерушілер қатарында болған. Қазақстан Компартиясы X съезінің делегаты (1960 ж.). «Құрмет белгісі» орденімен, 10 медальмен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

**НАУРЫЗБАЙ Әліқұлұлы**

(1848-1921 ж.ж). XIX ғ. 70-жылдарының басында Ырғыз уезінің Ордақонған болыстығы түтін (Халқының) санының өсуіне байланысты екі болыстыққа бөлініп, жаңа Құланды болыстығына Нияз Отаралыұлы, Ордақонған болыстығына Есет, Қарақонған батырлардың қолдауымен Наурызбай Әліқұлұлы Мәуміт батыр немересі сайланады. Олосы болыстыққа үш рет сайланған, ел арасындағы бірлікті сақтауда, ішкі Ресеймен, Орта



Б.Наурызов



Ө.Нәжмадинов



Ж.Ниеталин

Азиямен сауда-саттықты дамытуда, елді отырықшылыққа көшіруде үлкен еңбек сіңірген адам. Ұлы Борсық құмының Алағозы өңірінде айтулы қолөнер шебері Айдостың әкесі Мұрат шеберге тұрғын үй салдырған. Бұл сол кездегі өлшеммен Шалқар аймағында тұрғызылған бірінші тұрғын үй құрылысы болатын.

Мешіт салдырып, ауыл балаларын оқыттырған: халықты сауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуге де зор үлес қосқан. Сүйегі Алағозыдағы өзі салдырған мешіттің қасына жерленген.

*Қ.Төлеуов.*

**НАУРЫЗБЕК жырау Нұржаубайұлы**

(1932-1994). Қарақалпақстан, Түркіменстан, Қазақстан өңірінде танымал жыршы. Қисса, термелерді қатарынан бірнеше күн, түн айтатын болған. Ғарифолла Құрманғалиев, Әзидолла Есқалиев, тағы басқа өнер адамдарымен аралас-құралас болған.

**НАУРЫЗОВ Байеділ Обайдоллаұлы**

(27.03.1948 ж. Шалқар ауд.), театр артисі.

Наурызов Байеділ өзінің еңбек жолын 1970 жылы Қазақтың М.Әуезов атындағы Мемлекеттік Академиялық драма театрында актерлік қызметтен бастады. Жас актер театрдың көркемдік даму жолында кезеңдік тыңдаулар болған режиссер Ә.Мәмбетовтың қойылымдарындағы «Ана-Жер-Ана», спектаклінде Жайнақ, «Қан мен терде» Рай, «Жоғалған доста» Маңғас, «Айман-Шолпанда» Маман бай рөлдерін аса сәтті орындады. Театр сахнасында отызға тарта роль сомдады. Олардың ішінде көрермен сүйіп көрген «Келіндер көтерілісіндегі» Ашыржан, «Кішкентай ауылдағы» өкіл, «Түнгі диалогтағы» көрші, «Құлыным меніңдегі» студент, т.б. рольдері актердің шеберлік қырларын, өзіндік ізденістерін жанжақты танытқан еді. Мамандығы – театр артисі: Т.Жүргенов атындағы өнер және кино институтын бітірген (1970).

Ол актерлікпен қатар театрдың әкімшілік-ұйымдастырушылық жұмыстарына да белсене араласады. 1989 жылы Байеділ Наурызов М.Әуезов атындағы қазақ драма театры директорының орынбасары қызметіне бекітілді, 1998 жылы Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының Вице-Президенті қызметіне ауыстырылады.

1999 жылы Республикалық Мәдениетті Қолдау Қорының атқарушы директорының орынбасары қызметіне тағайындалған ол өзінің ұйымдастырушылық қабілетін тағы да сан қырынан таныта білді.

2001 жылдан бастап Қазақтың Мемлекеттік Ғ.Мүсірепов атындағы Академиялық Жастар мен балалар театрының нұсқаушы директоры қызметінде.

Б.Наурызов қазіргі кезде Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының атқарушы директоры қызметін атқарады. «Құрмет» орденінің иегері. (2005).

**НӘЖМАДИНОВ Өтемұхамед (Өтеш)**

(1910-2002 ж.ж.). Туған жері – Шалқар ауданы, №14 ауыл. Жастайынан халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен сусындап өскен. Ол ұзақ жыл теміржол кәсіпорындарында, азаматтық құрылыс дистанциясында жұмысшы болып қызмет етті. Өздігінен діни сауат ашып, Құран көрім сүрелерін жатқа айтатын қари ұзақ жылдар (1986-1997) Жанаман ахун Сейтімұлы атындағы Шалқар мешітінде найб-имам, бас имам болды. Шежірені



Ы.Ниеталинов



Ә.Ниетов



М.Низамутдинов

жетік білетін, көне әңгімелер мен дастан-хиссаларды жатқа айтатын әңгімешіл адам еді.

**НИЕТАЛИН Жақсылық**

(15.12.1933 ж.т. Шалқар ауд. №10 ауыл) – Қазақстан мен Орта Азия бойынша байланыс саласынан тұңғыш шыққан ғалым. Техника ғылымдарының кандидаты (1963), доцент (1965), профессор (1998). Алматы электротехникалық байланыс техникумын (1952), Мәскеудің электротехникалық байланыс институтын үздік бітірген (1957). 1960-63 ж.ж. аспирантурада оқыған. 1957-60 ж.ж. Ташкенттегі электро-техникалық байланыс институтының ассистенті, 1963-73 ж.ж. аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1965), автоматикалық және көп каналды электрлі байланыс факультетінің деканы (1967), 1973-91 ж.ж. Алматының Қазақ политехникалық институтының «Техникалық кибернетика» кафедрасының доценті, кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы, автоматика және басқару жүйелері факультетінің деканы. 1991 жылдан Алматы энергетикалық институтының (АЭИ) «Автоматикалық электрлі байланыс» кафедрасының меңгерушісі. Ол ғылыми кадрларды және техника жүйесі мен электр байланысы инженерлерін даярлау сапасын арттыруға көп үлес қосты. Негізгі ғылыми еңбектері сымды байланыс жолымен орындалатын электр байланысындағы бөгеулерге тосқауылдықты арттыруға, сымды байланыс каналдарын сыртқы және өзара әрекеттілік әсерлерден қорғауға, байланыс жолдарының параметрлерін өлшеуге, технологиялық үрдістерді басқарудың автоматтандырылған басқару жүйелеріндегі информацияларды жеткізу әдістерін зерттеп, олардың дәлдігін арттыру әдістері мен үлгілерін жасауға арналған 50-дей ғылыми және ғылыми әдістемелік еңбектердің авторы. «КСРО ағарту ісінің үздігі», Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және медальдармен марапатталған.

**НИЕТАЛИНОВ**
**Ысқақ Ниеталыұлы**

(01.1913 ж. Жұрын (Мұғалжар) ауд. Қарағанды ауылы – 12.11.2002 ж. Ақтөбе қаласы) – теміржолшы.

Еңбек жолын т.ж. 1931 ж. Ақтөбе паровоз депосының вагон цехында жұмысшы-дайындаушы, слесарь, майлаушы болып бастайды. 1938 ж. Орынбордың техникалық мектебін бітірді. 01.06.1938-40 ж.ж. Қазалы ст. поездардың қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі участкалық ревизордың көмекшісі. 01.09.1941 ж. Орынбор т.ж. басқармасы жанындағы бір жылдық орта-техникалық курсті бітіргеннен соң Орынбор т.ж. Ақтөбе участкесінде поездардың қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі участкалық вагон шаруашылығы жөніндегі көмекшісі. 01.02.1947 ж. Орынбор т.ж. Гурьев участкесінде поездардың қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі участкалық ревизор.

1954-1957 ж.ж. Шалқар вагон депосының бастығы болды. Осы қызметте жүргенде Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Кейін Ақтөбе қаласында вагон депосында, т.ж. қауіпсіздігі саласында жауапты қызметтер атқарды (1957-1961), Темір жол кәсіподағы Ақтөбе аудандық комитетінің төрағасы болды (1961-1963). 1963-1990 ж.ж. Ақтөбе т.ж. бөлімшесінде абыройлы қызмет етті. «Құрметті теміржолшы» атанды, 8 медальдың иегері.

**НИЕТОВ Әзім Әлиұлы**

(10.03.1919 ж., Шалқар ауд. №7 ауыл – 03.02.1991 ж., Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері.

Шалқарда мектепте оқып, Б.Қ.О. Ұлжа мектебінде мамандық алған (1938-1939). Бұрынғы Новоресей (қазір Хромтау) ауданында зоотехник, Шалқар ауданында жер бөлімінде, ауд. а/ш бөлімінде зоотехник, бөлім бастығы, МТС-та зоотехник, ауд. қаржы бөлімінде аға инспектор, АТК- да аға диспетчер (1943-1983) қызметтерінде болған. Абыройлы қызмет атқарған. 1939-1942 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында соғыста болған. І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және 12 медальмен марапатталған.

**НИЗАМУТДИНОВ**
**Мубаракша**

(1887 ж.т. Татарстан, Шадринск уезі – 1950 ж. Шалқар ауданы, Алағозы ауылы), мұғалім.

Қазан қаласында әуелі гимназияда (1901-1910), кейін діни Жоғарғы Семинарияда (1910-1917) оқыған.

Шалқар өңіріне 1918 ж. келіп, халық ағарту ісіне араласып, ауданның алғашқы ұстаздарының бірі болды.

Шетырғыз, Айшуақ, Қорғантұз, Сарыбұлақ, Алағозы мектептерінде бала оқытып, ересектердің сауатын ашу ісіне де араласты (1920-1950). Халық ағарту саласындағы ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, Ленин (1949), Еңбек Қызыл Ту (1950) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» (1948) атанды.

**НИЯЗ Отаралыұлы**

(1822 ж. Шалқар ауд. – 1881 Мұғалжар тауы маңы). Би. Шекті руының XIX ғасырдағы қоғамдық-саяси өмірінде көрнекті орын алған тарихи тұлға. Қазақ халқының патшалы Ресей отаршылдығына қарсы 1847-1858 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Орынбор әкімшілігі мен көтерілісшілер арасында шебер дипломатиялық қарым-қатынас жүргізген кәнігі саясаткер. Ел ішінде Нияз би айтқан нәрлі шешендік сөз үлгілері көп сақталған. Бейіті Шалқар ауданындағы Ақтан-Сады деген жерде. 1999 жылы бейітінің жанына қазіргі ұрпақтары атынан жаңадан ескерткіш-монумент қойылды.

*С.Мұқтаров.*

*Әдебиеттер:*

*1. Ақтөбе энциклопедиясы, «Отандастар-Полиграфия» ЖШС, 2001 жыл, 583 бет;*

*2. Байдосов З., «Үш ғасыр перзенттері», Ақтөбе, «Полиграфия» баспахана бірлестігі, 1997 жыл, 153 бет;*

*3. Байдосов З., Төлепбергенов Т., «Есет батыр», Атырау, 1993 жыл, 29 бет;*

*4. Нұржанов Р., «Мирас», Ақтөбе, Нобель, 2003 жыл, 74-79 беттер;*

*5. Әбенов Д., Мұхтаров С., Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері, Ақтөбе, ПринтА, 2006 жыл*



*Қ.Ниязмағанбетов*



*Б.Нұралин*

**НИЯЗМАҒАНБЕТОВ**
**Қожабек**

(20.01.1941 ж. Шалқар ауданы), доцент.

1968 жылы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірген. 1963-68 жылдары Шалқар ауданы, Қызыл Ту сегізжылдық мектебінің мұғалімі, аудандық білім бөлімінің инспекторы.

1968 жылдан Ақтөбе мемлекеттік пединститутында кафедра ассистенті, аға оқытушы, физика-математика факультетінің деканы қызметтерін атқарған. 1998 жылдан бері аталған ЖОО-да оқыту, ұйымдастыру қызметінің бастығы болып істеді.

30-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы, «Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі». (1993 ж). Жоғарғы Аттестациялық Комиссия шешімімен доцент (1993 ж.) атағы берілді.

**НҰРАДИНОВ Мүти**

(1914 ж.т., Шалқар ауд. – 1957 ж. Бершүгір бекеті), озат теміржолшы.

1928 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, жол бригадирі қызметтерінде болған.

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен (1952), бірнеше медальдармен марапатталған.



Н.Нұралин



Н.Нұржанов



О.Нұржанов

**НҰРАЛАЕВ Дайрабай**

(1888-1960 ж.ж., Шалқар ауданы), озат теміржолшы. 1922 жылдан т.ж. бойында: жол жөндеуші, жол қараушы. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.

**НҰРАЛАЕВ Теңізбай**

(1891-1962 ж.ж., Шалқар ауданы), озат теміржолшы. 1910 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, жол қараушы. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.

**НҰРАЛИН**
**Бекет Нұрғалиұлы**

(21.12.1954 ж., Шалқар қаласы), техника ғылымдарының кандидаты (1986), профессор (2004). Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтын 1976 ж. бітіргеннен кейін осы институтта ассистент (1976-1979, 1982-1986), кафедра меңгерушісі (1986-1988), доцент (1988-1991), оқу-методикалық бөлім меңгерушісі (1991-1996). 1979-1982 ж.ж. аспирант (Челябинск қаласы). 1996 жылдан бастап проректор: Батыс Қазақстан аграрлық университеті (1996-1998, 2002, 2002-2003). «Аманат» Орал техникалық институтының ректоры (1998-2001), 2003 жылдан бері Оралдағы еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында проректор. 70-тен астам ғылыми еңбектің, оқу-методикалық жұмыстардың авторы, «ҚР білімінің құрметті қызметкері» (2002), басқа да марапаттары бар.

**НҰРАЛИН Нұрғали**

(1928 ж. Шалқар ауданы 14 ауыл – 01.08.1991 ж. Шалқар қаласы), республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Еңбек жолын 1944 жылы Шалқар қалалық коммуналдық шаруашылық комбинатында үй басқарушысы, кейін қалалық интернатта есепші қызметінен бастады. 1946-1948 жылдары Ақтөбе мұғалімдер институтында студент. 1948-1963 ж.ж. мектепте ұстаз, мектеп директоры. Кеңес Армиясы қатарында болды. Орал педагогтік институтын бітірді. (1961). «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1963).

Нұрғали Нұралин 1963 жылы Қазақстан Компартиясы Шалқар аудандық комитетінің аппаратына жауапты қызметке алынды. 1967-1971 жылдары аудандық партия комитетінің жанындағы партия комиссиясын басқарды. Ал 1971 жылдан 1985 жылға дейін аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы қызметін атқарды. 1988 жылдың мамыр айында пенсияға шыққанға дейін халық депутаттары Шалқар аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болды. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, бірнеше рет үкімет наградаларының иегері болды.

**НҰРҒАЛИЕВ Самиғұлла**

(а.к.б. 1938 ж.т. Шалқар ауданы), озат шопан. Еңбек жолын ауданның ұжымшарында жұмысшы болып бастаған, кейін мал баққан, шопан болған. 1964 ж. ашылған «Ақтоғай» кеңшарында аға шопан болып еңбек етіп, үш рет (1971, 1976, 1981 ж.ж) «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, 2 медалі бар, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалының иегері. Кезінде бірнеше мәрте облыстың таңдаулы шопаны атанған (1971,1984).

**НҰРЖАНОВ Наурызбай**

(1917 ж.т., Шалқар ауданы №14 ауыл – 25.01.1985 Шалқар ауданы «Сарыбұлақ» кеңшары), шаруашылық белсендісі, Кеңес қызметкері.

1930-1931 ж.ж. Шалқарда интернатта тәрбиеленген, кейін сырттай оқып, 10 кластық білім алған. Ұжымшарда қызмет атқарған: бригадир, кітапханашы, мал дайындау пунктінде аға жұмысшы (1932-1947), «Жаңатұрмыс» ұжымшары төрағасы (1948-1950), селолық кеңес атқару комитетінің төрағасы (1950-1958), ферма меңгерушісі (1958-1963), қайтадан селолық кеңес атқару комитетінің төрағасы (1954-1980). «Құрмет белгісі» (1961), Еңбек Қызыл Ту (1973) ордендерімен, 6 медальмен марапатталған.

**НҰРЖАНОВ Омар Нұржанұлы**

(а.к.б. 1923 ж.т. Шалқар ауданы №13 ауыл – а.к.б. 2004 Ақтөбе қаласы), ауыл шаруашылығы өндірісінің майталманы. Соғыс және еңбек ардагері.

1942-1946 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан, II дәрежедегі соғыс мүгедегі.

Ұзақ жыл басқарушы совет (кеңес) және қоғамдық ұйымдар жұмысына белсене қатысқан. 1946-1953 ж.ж. – Шалқар ауданының Елтай, Алғабас, Қызыл Ту ауылдық кеңестері атқару комитетінің төрағасы, 1953-1972 ж.ж. шаруашылықтарда бас зоотехник, ферма меңгерушісі, ұжымшарда басқарма төрағасы, 1972-1986 ж.ж. «Айшуақ» кеңшарында жұмысшылар комитетінің төрағасы.

Соғыс майдандарындағы ерлігі және ерен еңбектері үшін Ұлы Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Жастарды, адамгершілікке және бұқара қауымды имандылық жолына тәрбиелеуде беделді, дуалы сөзі болған ел ақсақалы.

**НҰРЖАНОВ Рамазан**



(15.10.1933 ж.т., Шалқар ауданы №13 ауыл), партия және Кеңес қызметі ардагері.

Шалқар қазақ орта мектебін (1950 ж.), Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік университетін (1955), Ақтөбе зооветеринарлық техникумын (1963), СОКП ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебін (Москва қаласында) бітірген (1975). Тарих ғылымдарының кандидаты (1979).

Еңбек жолын 1955 ж. Шалқар ауданының Қорғантұз орта мектебінде мұғалім болып бастаған ол бір жылдан кейін Шалқар аудандық комсомол комитетіне қызметке шақырылып, нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, екінші және бірінші хатшы қызметтерінде болып 4 жыл қызмет атқарды (1956-1960). Содан кейінгі қызметі – партия жұмысы: Шалқар, Байғанин аудандары парткомының екінші хатшысы (1965-1966), Қарабұтақ ауданы парткомының бірінші хатшысы (1966-1973). Кейінгі екі жылда (1973-1975) Москва қаласында Жоғарғы партия мектебінде оқуда болды. Москвадан Ақтөбеге келіп облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісінің орынбасары – саяси-ағарту үйінің меңгерушісі, баспасөз, полиграфия және кітап саудасы облыстық басқармасы бастығы (1975-1983) қызметін абыройлы атқарды. 1983-1990 ж.ж. облыстың Темір ауданын басқарды – аупарткомның бірінші хатшысы болды, «Ауданның Құрметті азаматы» атанды (2002), осы ауданнан Қазақстан Компартиясының XVII съезіне (1986 ж.), Бүкілодақтық XIX партия конференциясына (Москва қаласы, 1988) делегат болып қатынасты.

1990-1995 ж.ж. Р.Нұржанов облыстық Кеңес төрағасының орынбасары, төраға міндетін атқарушы қызметтерінде болды. Обл. партком бюро мүшесі. Обл. Кеңес депутаты (бірнеше рет сайланған), обл. партком мүшесі (бірнеше рет сайланған).

Тама Есет батырдың 325 жылдық, Есет-Дәрібайдың 190 жылдық, Кердері Әбубәкірдің, тағы басқа облыста өткен мерейтойлардың белсенді ұйымдастырушысы. Обл. ономастикалық комиссия төрағасы, көптеген аудан, кеңшар, ауыл, мектеп. т.б. аттарын өзгерту мен жергілікті қазақы атауларды қалпына келтіруге мұрындық болған.

Орынбор облысымен экономикалық және мәдени, достық Шарттарға қол қою комиссияларының 3 мәрте мүшесі, жетекшілерінің бірі.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының (1992 жыл), Қазақстан халықтарының I құрылтайының (1993 жыл) қатынасушысы, облыс делегациясы жетекшілерінің бірі.



*І.Нұркин*

1996 жылдан «Қазақстан Республикасына айрықша еңбегі сіңген зейнеткер». 1996-2006 ж.ж. «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ Ақтөбе – мамандырылған құрылыс-монтаж басқармасында қызмет жасады. Мемлекеттік тіліміздің жанашыры: АҚ жанындағы «Қазақ тілі» қоғамының аймақтық комитетінің төрағасы.

Шетелдерде болған: ГДР (1959 ж.), МНР (1973 ж.), Индия, Шри Ланка (1980 ж.).

«Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендермен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет Грамоталарымен (2 мәрте), «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Егемендi Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары: «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 80 жыл», «Қобыланды Батыр» мерекелік медальдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Алғыс хатының», Ақтөбе облысы Әкімі Е.Н.Сағындықовтың «Алғыс хатының» 2 дүркін иегері. Темір, Әйтеке би аудандарының «Құрметті азаматы». Облыстың зиялы азаматы.



*Ә.Нұрпейісов*

2008 ж. дерек бойынша Нұржанов Рамазан Ақтөбе облысы бойынша сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы. ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша басқарма тәртіптік кеңес мүшесі қызметтерін абыройлы атқаруда.

**НҰРКИН Іскендір**

(15.3.1914 ж.т. Қызылорда обл. Арал ауд. №2а. – 7.1.1984 ж. Ақтөбе қ.), партия-кеңес қызметкері. Еңбек жолын ағартушылық қызметтен бастады. Арал қ., Қарабұтақ ауд. мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор (1932-41). Ұлы Отан соғысына қатысты. Қарабұтақ, Мәртөк, Темір, Шалқар ауданы партия комитетінің бөлім меңгерушісі, хатшы, бірінші хатшы, ауд. атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметтерінде болды (1946-65). Қазақстан Компартиясы ОК Жоғарғы партия мектебін бітірген (1950). Ленин, Еңбек Қызыл Ту, екі рет Қызыл Жұлдыз ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**НҰРПЕЙІСОВ Әбдіжәміл**

(22.10.1924 ж., Қызылорда обл. Арал ауд. Құланды ауылы, Үшкөл деген жерде туған). Қазақстанның халық жазушысы (1985 ж.), қоғам қайраткері. 1942-1945 ж,ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Мәскеудегі А.М.Горький атындағы әдебиет институтын бітірген. Кеңес Одағы әдебиетінде алғашқы көркем шығармасын роман жазудан бастаған бірінші жазушы. Ол – «Курляндия» романы. Бұл роман Жамбыл атындағы Республикалық мемлекеттік сыйлығына ие болып, кейін «Күткен күн» деген атпен қайта басылып шықты. Н-тің «Қан мен тер» трилогиясы XX ғас. басындағы аласапыран кезең мен қазақ халқының әлеуметтік қайшылықтарға толы күрделі өмірін бейнелейді. Романда 200-ге тарта кейіпкерлер шеберлікпен сомдалған. Бұл роман бойынша жазылған Н-тің пьесасы республика театрларында қойылып, 1974 жылы Франция көрермендеріне ұсынылды. Осы еңбегі үшін жазушыға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Н. – Мәскеудегі халықаралық әдеби қордың «За честь и достойнство» сыйлығының, сондай-ақ халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтың да лауреаты. 1981 ж. «Сең» романы, 1985 ж. «Ақ бидай туралы аңыз» атты очерктер жинағы, 1999 ж. «Соңғы парыз» роман-дилогиясы басылып шықты. Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен мара-



К.Нокин



Қ.Назаров



К.Нұрпейісова

патталған. Ол – тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты.

**НОКИН Кеңес**

(23.12.1927 ж.т. Темір ауд. Алтықарасу а.) – белгілі а.ш. маманы, партия қызметкері. Экономика ғылымдарының кандидаты (1970). Ақтөбе зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын (1948) агроном мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1943 жылы Ойыл ауд. «Қызыл керуен» ұжымшарында колхозшыдан бастаған, сосын 1945 ж. дейін осы шаруашылықта есепші қызметін атқарған. 1948-51 ж. Ойыл ауд. а.ш. бөлімінде бас зоотехник, 1956-59 ж. «Құрмет Белгісі» орденді «Ембі» кеңшарында бас агроном, Ойыл ауд. «Саралжын» кеңшарының директоры. 1959-62 ж. Алға ауд. аткомының төрағасы, обл. а.ш. басқармасының бас-тығы, ҚКП Ақтөбе облкомитеті а.ш. бөлімінің меңгерушісі. 1962-65 ж. Шалқар ауд. өндіріс басқармасының бастығы. 1965-87 ж. – 22 жыл бойы үздіксіз ҚКП Ақтөбе обл. комитетінің хатшысы. 1970 ж. «Облыстың оңтүстік аудандарында етті малдарды өсіруді жеделдету» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады. 13 рет обл.кеңес депутаты болып сайланған. 4 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, он шақты медальмен, 2 рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері Көрмесінің екі алтын, бес күміс медалымен марапатталған. 1950 ж. Мәскеудегі Бүкілодақтық бейбітшілік Конференциясына делегат болып қатысқан.

**НАЗАРОВ Қонақбай**

(1913-1978 ж.ж.). Туған жері – Шалқар ауданы Маяқұм ауылы. 1930-35 ж.ж. ауылда мұғалім болып жүргенде Кеңес армиясы қатарына алынып, фин соғысына қатынасады (1935-1939). 1940-1941 ж.ж. оқып, білімін жетілдіреді. Содан кейін Ұлы Отан соғысына қатынасып майданда ерлігімен көзге түседі. Марапатталады. Майор шенінде елге оралған соң партия қызметінде болады: Ақтөбе облпарткомында нұсқаушы, екі жылдық оқу курсының тыңдаушысы (1945-1950), Қарабұтақ аупарткомының екінші, Ырғыз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы (1951-1955) болған ол кейін Темір, Октябрь аудандарында совхоз (кеңшар) парткомы хатшысы қызметін абройлы атқарады. 1973 жылы Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

**НҰРПЕЙІСОВА Кенжегүл Құлмұратқызы**

(17.11.1978 жылы Шалқар ауданы, Бегімбет селосы) – экономист-ғалым.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген (1999). 1999-2001 ж.ж. аталған университетте оқытушы қызметін атқарған. 2001-2004 ж.ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде стажер-зерттеуші, аспирант. 2005 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде аға оқытушы. «Қазіргі заманғы аймақтық экономикалық интеграциялық топтардың қалыптасуы мен даму жолдары (ЕурАзЭҚ мысалында)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (2004 ж). Бірнеше мақалалары жарық көрген, ғылыми жұмысын жалғастыруда.

# О

## ОЙЫНШЫҚТАУ

Жері құмақ, өзі жұмбақ Ойыншықтау – Шалқар ауданына қарасты Тоғыз стансасы жанындағы, аты айтып тұрғандай, айналасы небір жан-жануарлардың немесе басқа да заттардың пішініне ұқсас, қолға ұстасаң едәуір салмағы бар ұсақ мүсін тастардан құралатын тау.

Бұл тау біздің ауылдан шыға бере жаяу жүріске бір сағаттық жерде орналасқан. Жаз шыға ауыл халқы шөбі шүйгін осы бір таудың етегіне мал жаюды үрдіске айналдырған. Ес білгелі осы таудың етегіндегі мүсінді тастарды жұрт қанша алса да еш азаймайтынын қайтерсің.

Балғын бала кезімізде ауыл қарадомалақтары болып осы таудың етегінен қанша мәрте небір аң-құстардың пішініне ұқсас тастарды ауырсынбай, ауылға арқалап қайтушы едік. Жаратушы Алланың құдыретімен пайда болған бұл Ойыншықтаудың негізгі түп тарихын, қалайша ойыншық атауымен аталғанын ешкім дөп басып айта алмайды. Осыдан көп жыл бұрын ауылымыздың бетке ұстар ақсақалы марқұм Тәшкеней Зейнолда қария «осы тау туралы не дерек білесіз?» деп сауал қойғанымызда, көп жасаған данагөй қария мынадай бір аңызды жыр қылып айтқанды.

«Ертеректе бір кемпірдің жалғыз қызы болыпты. Әлгі қыз жалғыз өскендіктен бе, әйтеуір жасы біразға келгенше қуыршақпен ойнап отыра берсе керек. Қызының өзімен жасты құрбылары құдықтан су әкеліп, ас-су әзірлеп, бойын түзеп, ағаларына қолқабыс ететінін көріп жүрген анасы қатты налыпты. Күндердің бір күнінде қызының бұл қылығына күйінген анасы бар ниетімен: «Ой, құдай бар болса, қолыңдағы қуыршақтай бол» деп қарғаса керек. Сол ананың қарғысы қабыл болып, әлгі ерке қыз Ойыншықтауға айналыпты-мыс».

Ауылымыздағы аты аңызға айналған осындай етегі ойыншыққа толы тауымызды сырттан келгендер де суретке түсіріп қызықтайды. Кім біліпті, біз білмейтін ерте заманда бұл тау мүмкін қуыршықтай қыз болған шығар.

*Ж. Әбішев.*

## ОҚШАНТАЕВ Балтабай

(21.09.1949 ж.т. Шалқар ауд.), ғалым-зоотехник, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты – Қорғантұз орта мектебін (1967), Алматы зооветинститутын (1975), Алматы жоғарғы партия мектебін (1982) бітірген.

Еңбек жолында Шалқар ауданында жұмысшы (1967-1970), Мұғалжар ауданында зоотехник («Орқаш» кеңшарында), аға зоотехник (жылқы зауытында), Мұғалжар, Новоресей аудандарында партком хатшысы қызметтерін атқарған (барлығы – 21 жыл. 1967-1988 ж.ж.). Ғылым кандидаты.



*Ж.Омаров*

## ОМАРОВ Жұмабай

(01.09.1937 ж.т., Шалқар ауданы № 13 ауыл). КСРО және Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, насихатшы-ұстаз.

Шалқардың Дамбар, Аяққұм, № 1 қалалық мектептерінде оқып, Х класты бітірген (1955); білімі – жоғары, физика және математика пәндерінің мұғалімі. Педагогикалық өтілі – 38 жыл, оның 7 жылында мектеп оқу ісінің меңгерушісі, 31 жылы мектеп директоры. Ұлағатты ұстаз: «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» (1985), «КСРО ағарту ісінің озаты» (1987), Қазақстан мұғалімдері V съезінің делегаты (1980). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің



К.Нокин



Қ.Назаров



К.Нұрпейісова

патталған. Ол – тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты.

**НОКИН Кеңес**

(23.12.1927 ж.т. Темір ауд. Алтықарасу а.) – белгілі а.ш. маманы, партия қызметкері. Экономика ғылымдарының кандидаты (1970). Ақтөбе зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын (1948) агроном мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1943 жылы Ойыл ауд. «Қызыл керуен» ұжымшарында колхозшыдан бастаған, сосын 1945 ж. дейін осы шаруашылықта есепші қызметін атқарған. 1948-51 ж. Ойыл ауд. а.ш. бөлімінде бас зоотехник, 1956-59 ж. «Құрмет Белгісі» орденді «Ембі» кеңшарында бас агроном, Ойыл ауд. «Саралжын» кеңшарының директоры. 1959-62 ж. Алға ауд. аткомының төрағасы, обл. а.ш. басқармасының бас-тығы, ҚКП Ақтөбе облкомитеті а.ш. бөлімінің меңгерушісі. 1962-65 ж. Шалқар ауд. өндіріс басқармасының бастығы. 1965-87 ж. – 22 жыл бойы үздіксіз ҚКП Ақтөбе обл. комитетінің хатшысы. 1970 ж. «Облыстың оңтүстік аудандарында етті малдарды өсіруді жеделдету» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация қорғады. 13 рет обл.кеңес депутаты болып сайланған. 4 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, он шақты медальмен, 2 рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері Көрмесінің екі алтын, бес күміс медалымен марапатталған. 1950 ж. Мәскеудегі Бүкілодақтық бейбітшілік Конференциясына делегат болып қатысқан.

**НАЗАРОВ Қонақбай**

(1913-1978 ж.ж.). Туған жері – Шалқар ауданы Маяқұм ауылы. 1930-35 ж.ж. ауылда мұғалім болып жүргенде Кеңес армиясы қатарына алынып, фин соғысына қатынасады (1935-1939). 1940-1941 ж.ж. оқып, білімін жетілдіреді. Содан кейін Ұлы Отан соғысына қатынасып майданда ерлігімен көзге түседі. Марапатталады. Майор шенінде елге оралған соң партия қызметінде болады: Ақтөбе облпарткомында нұсқаушы, екі жылдық оқу курсының тыңдаушысы (1945-1950), Қарабұтақ аупарткомының екінші, Ырғыз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы (1951-1955) болған ол кейін Темір, Октябрь аудандарында совхоз (кеңшар) парткомы хатшысы қызметін абройлы атқарады. 1973 жылы Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

**НҰРПЕЙІСОВА**

**Кенжегүл Құлмұратқызы**

(17.11.1978 жылы Шалқар ауданы, Бегімбет селосы) – экономист-ғалым.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің экономика факультетін бітірген (1999). 1999-2001 ж.ж. аталған университетте оқытушы қызметін атқарған. 2001-2004 ж.ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде стажер-зерттеуші, аспирант. 2005 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде аға оқытушы. «Қазіргі заманғы аймақтық экономикалық интеграциялық топтардың қалыптасуы мен даму жолдары (ЕурАзЭҚ мысалында)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (2004 ж). Бірнеше мақалалары жарық көрген, ғылыми жұмысын жалғастыруда.

# О

## ОЙЫНШЫҚТАУ

Жері құмақ, өзі жұмбақ Ойыншықтау – Шалқар ауданына қарасты Тоғыз стансасы жанындағы, аты айтып тұрғандай, айналасы небір жан-жануарлардың немесе басқа да заттардың пішініне ұқсас, қолға ұстасаң едәуір салмағы бар ұсақ мүсін тастардан құралатын тау.

Бұл тау біздің ауылдан шыға бере жаяу жүріске бір сағаттық жерде орналасқан. Жаз шыға ауыл халқы шөбі шүйгін осы бір таудың етегіне мал жаюды үрдіске айналдырған. Ес білгелі осы таудың етегіндегі мүсінді тастарды жұрт қанша алса да еш азаймайтынын қайтерсің.

Балғын бала кезімізде ауыл қарадомалақтары болып осы таудың етегінен қанша мәрте небір аң-құстардың пішініне ұқсас тастарды ауырсынбай, ауылға арқалап қайтушы едік. Жаратушы Алланың құдыретімен пайда болған бұл Ойыншықтаудың негізгі түп тарихын, қалайша ойыншық атауымен аталғанын ешкім дөп басып айта алмайды. Осыдан көп жыл бұрын ауылымыздың бетке ұстар ақсақалы марқұм Тәшкеней Зейнолда қария «осы тау туралы не дерек білесіз?» деп сауал қойғанамызда, көп жасаған данагөй қария мынадай бір аңызды жыр қылып айтқанды.

«Ертеректе бір кемпірдің жалғыз қызы болыпты. Әлгі қыз жалғыз өскендіктен бе, әйтеуір жасы біразға келгенше қуыршақпен ойнап отыра берсе керек. Қызының өзімен жасты құрбылары құдықтан су әкеліп, ас-су әзірлеп, бойын түзеп, ағаларына қолқабыс ететінін көріп жүрген анасы қатты налыпты. Күндердің бір күнінде қызының бұл қылығына күйінген анасы бар ниетімен: «Ой, құдай бар болса, қолыңдағы қуыршақтай бол» деп қарғаса керек. Сол ананың қарғысы қабыл болып, әлгі ерке қыз Ойыншықтауға айналыпты-мыс».

Ауылымыздағы аты аңызға айналған осындай етегі ойыншыққа толы тауымызды сырттан келгендер де суретке түсіріп қызықтайды. Кім біліпті, біз білмейтін ерте заманда бұл тау мүмкін қуыршықтай қыз болған шығар.

*Ж. Әбішев.*

## ОҚШАНТАЕВ Балтабай

(21.09.1949 ж.т. Шалқар ауд.), ғалым-зоотехник, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты – Қорғантұз орта мектебін (1967), Алматы зооветинститутын (1975), Алматы жоғарғы партия мектебін (1982) бітірген.

Еңбек жолында Шалқар ауданында жұмысшы (1967-1970), Мұғалжар ауданында зоотехник («Орқаш» кеңшарында), аға зоотехник (жылқы зауытында), Мұғалжар, Новоресей аудандарында партком хатшысы қызметтерін атқарған (барлығы – 21 жыл. 1967-1988 ж.ж.). Ғылым кандидаты.



*Ж.Омаров*

## ОМАРОВ Жұмабай

(01.09.1937 ж.т., Шалқар ауданы № 13 ауыл). КСРО және Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, насихатшы-ұстаз.

Шалқардың Дамбар, Аяққұм, № 1 қалалық мектептерінде оқып, Х класты бітірген (1955); білімі – жоғары, физика және математика пәндерінің мұғалімі. Педагогикалық өтілі – 38 жыл, оның 7 жылында мектеп оқу ісінің меңгерушісі, 31 жылы мектеп директоры. Ұлағатты ұстаз: «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» (1985), «КСРО ағарту ісінің озаты» (1987), Қазақстан мұғалімдері V съезінің делегаты (1980). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің



*Б.Оқшантаев*



*Б.Оразаев*



*Т.Б.Оразаев*



*М.Оразов*

Грамотасымен (1980), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ОРАЗАЕВ Бибіталы**

(25.09.1932 ж.т., Шалқар қаласы) – партия, кеңес қызметкері. Шалқар қалалық қазақ орта мектебін (1950), С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін (1956) бітірген, тарихшы.

Қызмет бабы: Шалқар қаласында мектепте мұғалім, облыстық комсомол комитетінде жауапты қызметте (1956-1961), Шалқар аудандық партия комитетінде лекторлар тобының жетекшісі, үгіт-насихат, ұйымдастыру бөлімдерінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы (1961-1973), Ақтөбе облыстық кеңес атқару атқару комитетінің бөлім меңгерушісі (1973-1997).

«Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет Грамотасымен марапатталған. Еңбек жолы «Ақтөбе» энциклопедиясында толық баяндалған.

**ОҢАЛБЕК МАЗАРЫ**

Оңалбек – Кіші жүздің батыры. Ол ел билеу ісіне араласқан. Оңалбекке арнап XVIII ғасырда сәулетті күмбез тұрғызылған. Ол күмбездің бір ерекшелігі – қыры жоқ, дөңгеленіп келген. Тамның кірпішінің қалпы әдейі ойылып істелген. Тамның бұрын төбесінде мақпал болған. Маңдайшаға тоқылған ши салынған. Тамның іші шымылдық. Там Шалқардан 45 шақырым Балғасын жерінде.

**ОРАЗАЕВ**
**Тимур Бибіталыұлы**

1967 жылдың 20 наурзында Шалқар қаласында туған. Өмірдерегі: 1991 ж. Қ. Жұбанов атындағы педагогика институтының шет тілі факультетін бітірген.

1991-1993 ж.ж. Қ. Жұбанов атындағы педагогикалық институтта оқытушылық қызметте болған.

1993-1994 ж.ж Мәскеуның мемлекеттік университетінде аспирантурада оқыған.

1993-2003 ж.ж. ҚР Ресей федерациясындағы елшілікте консулдық қызметте.

2003 ж. Қ.Р. Сыртқы Істер Министрлігінің Ресей және ТМД (тәуелсіз мемлекеттер достастығы), Европа елдері бөлімінің бастығы.

2004 ж. Қ.Р. Сыртқы Істер Министрлігінің Ресей Басқармасының бастығы.

2004 ж. Қараша айынан Қазақстан Республикасының Болгария Республикасындағы елшісі.

2008 ж. шілде айынан ҚР сыртқы істер Министрлігінің ТМД (тәуелсіз мемлекеттер достастығы) департаментінің бастығы

ҚР Конституциясының 10 жылдығына (2005) және Астананың 10 жылдығына мерекелік төсбелгілермен марапатталған.

**ОРАЗОВ**
**Меңді Жұмабайұлы**

(25.04.1932 ж.т., Шалқар ауданы № 12 ауыл – 27.02.2006 Шалқар қаласы), ауыл шаруашылығын ұйымдастырушы.

Бүкіл саналы өмірі ауыл шаруашылығымен байланысты болды. «Алақозы» ұжымшарында жұмысшы, мал дәрігері, ет-сүт фермасы меңгерушісі болды, ауыл шаруашылығы техникумын бітірді (1948-1964), кейін 22 жыл бойы «Сарыбұлақ» кеңшарында № 4 ферманың меңгерушісі болып қызмет етті (1964-1986). 1987 ж. мамандығы бойынша мал дәрігері қызметіне ауысып 1993 ж. зейнеткерлікке шықты.

Еңбегі еленіп Еңбек Қызыл Ту орденімен (1966), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасымен (1980), бірнеше медальмен марапатталды.



*Б.Оразымбетұлы*



*П.Оралбаев*



*Ж.Оралмағамбетов*

Жергілікті кеңестің бірнеше дүркін депутаты болды.

**ОРАЗЫМБЕТҰЛЫ**
**Баймағамбет**

(1900 ж., Шалқар ауданы. Алақозы ауылы – 1992, Шалқар ауданы), қолөнер шебері. Жеті атасынан зергерлік өнерді мирас еткен. Бесаспап ұста: кезінде ұжымшарда, ҰОС тұсында Шалқар вагон депосында ұста, шебер болған. Ер-тұрман, әшекей бұйымдарын жасаған. Оның қолынан шыққан бұйымдар күміс пластикалармен қиюластырылып, сүйек шегелермен бекітілген, неше түрлі өрнектермен безендірілген. Ол жасаған ер-тұрман 1944 жылы Мәскеудің көрмесіне қойылды. Шебердің қолынан шыққан қолөнер бұйымдары ҚР Мемлекеттік мұражайының, Ақтөбе облыстық, Шалқар аудандық мұражайларының қорында сақтаулы.

**ОРАЛБАЕВ**
**Пана Әлиұлы**

(23.02.1920 ж.т., Шалқар ауданы «Көкарал» түбегі), Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетін (қазір ҚҰУ) бітірген, мұғалім, кеңес, партия қызметкері, соғыс және еңбек ардагері.

Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатынасқан (1941-1945). Соғыстан елге оралған соң Шалқардың № 1 қазақ орта мектебінде мұғалім, мектеп директоры (1946-1953) қызметінде болған ол 1953 жылы партия жұмысына ауысады: Шалқар аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі (1953-1960), Ақтөбе облысының Ойыл аудандық партия комитетінің екінші хатшысы (1960-1963 ж.ж.), Новоресей (Хромтау) аудандық партия комитетінде партия-мемлекеттік бақылау комитетінің төрағасы, екінші хатшы (1965-1970), 1970 ж. Ақтөбе аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып сайланып, бұл қызметті 1980 жылға дейін атқарды.

Ақтөбе қаласының, Шалқар ауданының «Құрметті азаматы», «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі», екінші дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы (екі мәрте) ордендерімен марапатталған, бірнеше медаль иегері. Дербес дәрежедегі зейнеткер (1980 ж.).

**ОРАЛБАЕВ**
**Әкімжан Әлиұлы**

(10.04.1938 ж. – 15.09.1985 ж.) Шалқар қаласында дүниеге келген. 1956 ж. Шалқар қалалық № 1 орта мектепті, 1963 ж. Қазақтың С.М. Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы университетінің журналистика факультетін, 1974 ж. СОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғарғы партия мектебін бітірген. Еңбек жолын 1956-1958 ж.ж. Шалқар аудандық баспаханасында жұмысшы болып бастап, «Социализм туы», «Батыс Қазақстан» – «Западный Казахстан» газеттерінде әдеби қызметкер, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде жауапты хатшының орынбасары, өнеркәсіп және транспорт бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды, ал 1975 жылдан өмірінің соңына дейін «Коммунизм жолы» газетінде редактордың орынбасары және насихат бөлімінің меңгерушісі болды. Ол Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс медалімен (1983 ж.), Қазақ КСР жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1984 ж.) марапатталған. Әңгіме, очерк, новеллалары, аудармалары мен рецензиялары 2004 ж. «Аманат» деген атаумен жеке кітап болып шықты.

**ОРАЛМАҒАМБЕТОВ**
**Жеткерген Тілеулесұлы**

(1957 ж.т. Шалқар ауданы, Талдықұм ауылы).

Еңбек жолын 1973 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданының «Шалқар» кеңшарында механизатор болып бастады. Алматы халық шаруашылығы институтын бітірді (1978), мамандығы бойынша экономист.

Институтты бітіргеннен кейін 1978 жылы Қостанай облысы, Наурызым ауданы «Шолақсай» кеңшарында экономист болып еңбек етті. Кеңес Армиясы қатарында болды (1978-1980). Кейін Мұғалжар асыл тұқымды жылқы зауытында бас экономистік қызмет атқарды (1980-1984).

1984-1989 жж. ол Қазақстан ЛКЖО Мұғалжар аудандық комитетінің бірінші хатшысы, Мұғалжар ауданы «Жаңажол» кеңшары партия комитетінің хатшысы, 1989-1992 ж.ж. осы кеңшар директоры.

1992-2003 жылдары Шалқар ауданы әкімдігі басшысының бірінші орынбасары – аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Шалқар ауданы әкімінің бірінші орынбасары, содан кейін Ырғыз, Шалқар, Қарғалы аудандарының әкімі қызметтеріне тағайындалды.

2003-2005 ж.ж. Ақтөбе облысы бойынша көші-қон және демография басқармасының бастығы, 2005-2007 ж.ж. Ақтөбе облысы төтенше жағдайлар бойынша департаментінің бастығы. 26.12. 2007 ж. бастап Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары. «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (2006 жыл).



*Т.Оралмағамбетов*

Оралмағамбетовтер отбасынан РФ Хруничев атындағы Космос орталығында қызмет жасайтын білікті инженер-конструктор, Шалқардың № 2 қазақ мектебінің түлегі Баубек Жеткергенұлы сынды азамат шықты.

**ОРАЛМАҒАНБЕТОВ**
**Тілеулес**

(1931-1982 ж.ж., Шалқар ауд.) 1956 ж. Темір малдәрігерлік-зоотехникалық техникумын бітіріп, «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы ұжымшарда ферма меңгерушісі, 1964-1982 ж.ж. «Шалқар» кеңшарының № 3 Талдықұм фермасында ферма басқарушысы болып қызмет атқарды. Өте абыройлы болды, ел сыйлады.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ОРДАҚОНҒАН**
**АУЫЛДЫҚ МЕКТЕБІ**

Ордақонған ауылдық мектебі 1898 ж. 23-қазанда осы аттас болыстықтың №3 ауылында ашылып, 13 бала оқыды. Мектептің ашылуына болыс Алдаберген Көтікұлы көп еңбек сіңірген. Тұрғындардың жиналысында мектеп қамқоршысы болып Имұхамбет Оразбаев сайланған, оқытушы болып Қарабұтақтың 2-кластық орыс-қазақ училищесін бітірген 20 жасар Құмақбаев тағайындалды. Кейінірек мұнда Қазандағы оқытушылар семинариясын бітірген 18 жасар татар жігіті Низамутдинов Мүбәрәкша тағайындалды. Ол ұзақ жылдар осы мектепте ұстаздық етіп, Ленин орденімен марапатталды.

*«Ақтөбе» энциклопед., 613 б. Нұсқа: ҚР ұлттық мем. Орт. архив, 25 қор, 1д тіркеу, 920 а іс. 16 парақ. З.Байдосов.*

**ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

Ұлы Борсық өндірістік орман шаруашылығы 1949 жылы құрылды. Оның көлемі 14164 га, негізінен құм жоталарды алып жатыр. Орман ішінде ақжусан, изен, қияқ, шағыр өседі. Жыл сайын 100-120 га орман көшеттері отырғызылады. Бұнда жалпы көлемі 6 гектар жеміс бағы бар. Орман Шалқар көлінің жағасында орналасқан. Питомникте қара сексеуіл, шегіршін, қаратерек, жыңғыл өсіріледі. Орман шаруашылығы құм жоталарына қарағай көшеттерін отырғызу арқылы қаланы құм көшкінінен қорғаумен айналысады. Ауданымыздың табиғатына ұзақ мерзімдік қара сексеуіл отырғызудың мол мүмкіндігі бар. Сексеуіл шаруашылықтың қай саласына да тиімді. Сексеуіл ағашы қыс айларында жайылымға, егістік жердің қар суын мол іркуінің арқасында құнарлылығы артады, ал жаздың құрғақ, желді айларында, құм көшкіннен сақтайды. Сексеуіл ағашы қисық қыңыр болғандықтан бұйым жасауға келмей-

ді, өте қатты, бірақ қатты ұрғанда оңай жарылады. Жылуы өте күшті. Жергілікті халық оны отын ретінде пайдаланады.

### ОРТА МЕКТЕП

Жалпы не арнаулы орта білім беретін оқу орны. Орта ғасырлардағы Еур. О.м-терде діни «жеті салалық классик. өнер» атты білім түрлері сатылана оқытылды. Қайта өрлеу дәуірінде қоғам дамуының жаңа талаптарына сәйкес түрлі типтегі гимназия, колледж, пансионаттар мен арнаулы (әскери) уч-щелер пайда болды. Орта ғасырларда Орт. Азия елдерінде, оның ішінде қазақ даласында медреселер кең тарады. Олар мешіттер жанында болды, ал қалалардағы ірі оқу орындары дербес жұмыс істеді. Медреселерде діни және дүниияуи пәндер оқытылды. Медресе ұстаздары жекелеген шәкірттерді бейімділігі мен қабілетіне орай жеке-дара баулып, дінтану, философия, математика, астрономия, медицина, т.б. ғылым салаларын тереңдете оқытты. Ресей отарына айналғаннан кейін Қазақстанда медреселермен қатар орыс, орыс-қазақ және қазақ мектептері мен уч-щелері ашыла бастады. 1917 ж. Қазақстанда 17 О.м. – 4 реалдық уч-ще, 4 ерлер және 9 қыздар гимназиясы жұмыс істеді. Оларда қазақтан 139 ұл, 76 қыз бала оқыды. Кеңес өкіметі құрылған соң О.м.-тер 9 жылдық бірыңғай еңбек мектебі болып қайта құрылды. Сонымен қатар О.м-тің жаңа түрі – жұмысшы ф-ттері дүниеге келді. 1932-33 оқу жылынан бастап О.м. онжылдыққа айналды. КСРО-дағы О.м. қатарын 2-дүниежүзі соғыс жылдары жұмысшы және шаруа жастары мектептері толықтыра түсті. Соғыстан кейінгі жылдары жалпы білім беретін еңбек политех. мектептері, жалпы және арнаулы орта білім беретін техникумдар мен уч-щелер құрылды. Қазақстан тәуел-сіздік алғаннан кейінгі кезеңде жалпы орта білім О.м-терде бастауыш, негізгі және жоғары сатылар бойынша, кәсіптік мектептер (лицейлер) мен колледждерде күндізгі және кешкі оқыту түрінде беріледі. Кәсіптік мектептер мен колледждерде кәсіби біліммен қатар жалпы орта мектептің жоғары сатысының бағдарламасы да оқытылады.

*К.Аюбай.*

*Әдеб: Щукина Г.И., Педагогика школы, М., 1977;*

*Бержанов Қ., Мусин С., Педагогика тарихы, А., 1984;*

*Әбиев Ж., БабаевС., Құлдиярова А., Педагогика, А., 2004.*

*«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 7-том, Алматы, 2005, 199 бет.*

### ОРЫНБАЕВ Әнуарбек

(а.к.б. 1923, Шалқар ауданы 23 ауыл – 11.02.2008 Ақтөбе қаласы), ішкі істер органының ардагері, подполковник.

Еңбек жолын 1943 жылы бастап 1980 жылдың желтоқсан айына дейін үздіксіз ішкі істер органында қызмет істеді.

1943-1952 жылдары Шалқар ауданында учаскелік инспектор, 1952-1963 жылдары Байғанин ауданының ішкі істер бөлімінде аға оперативтік қызметкер, кейін сол ауданда ішкі істер бөлімінің бастығы болды.

1963-1969 жылдары Темір қаласында милиция бөлімінің бастығы, 1969-1980 жылдары Ырғыз аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

Бірнеше үкімет наградаларының иегері.

### ОРЫНБАСАРОВ Мейірхан

(1895, Шалқар ауд. Тұмалыкөл ауылы – 1979 сонда), Халық ағарту ісінің ардагері.

Ерте оқыған, халық ағарту ісіне үлкен үлес қосқан зиялылардың бірі. Ол 1912 ж. Шалқардың екі кластық орыс-қазақ училищесін бітірген. 1914-1917 ж.ж. Ырғыз уезінде бітістіруші соттың (мировой судья) іс жүргізушісі болған. 1918-1919 ж.ж. жұмысшы депутаттары кеңесінің мүшесі, кейін Теректі облыстық аткомында іс жүргізуші, 1921-1924 ж.ж. Шалқар ауаткомы төрағасының орынбасары, 1925-1927 ж.ж. Шалқар уездік аткомының хатшысы қызметтерін атқарған. 1928-1966 ж.ж. Шалқар қаласында, Қарашоқат, Қайыр, Дамбар, Тұмалыкөл ауылдық мектептерінде ұстаздық еткен.

«Құрмет белгісі» орденімен (1948), үш медальмен марапатталды. «Қазақ КСР мектебінің еңбегі сіңірген мұғалімі» (1948) атанды.

### ОРЫНБАСАРОВ Нұрғожа

(1916 ж.т. Шалқар ауд. Тұмалыкөл, №19 а.) – партия-кеңес қызметкері, еңбек ардагері.

КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген (1951).

Еңбек жолын 1932 ж. Шалқар № 3 каучук өндіру кәсіпшілігін-



Н.Орынбасаров

де жұмысшы, тех. хатшы болып бастаған. 1933-42 ж.ж. Шалқар, Новоресей ауд., Ақтөбе қ. комсомол, кеңес жұмыстарында болған. 1942-43 ж.ж. Ұлы Отан соғысына, Сталининград шайқасына қатысушы. Қаһармандығы үшін I-ші дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. 1943-44 ж.ж. Шалқар ауд. атқару комитетінің төрағасының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің уәкілі, 1951-55 ж.ж. Ақтөбе обл. партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі.

1955-58 ж.ж. отызмыңыншылар қатарында Родников ауд. Чкалов атындағы ұжым. төрағасы. Артта қалған шаруашылықты алдыңғы қатарға қосты. 1958-59 ж.ж. обл. кәсіподақтары кеңесінің хатшысы. 1959-62 ж.ж. Ырғыз ауд. атқомының төрағасы. 1962-65 ж.ж. Мәртөк аумақтық а.ш., Темір өндірістік басқармалары парткомының хатшысы, 1965-72 ж.ж. шаруашылығы көп салалы, өнеркәсібі мен а.ш. қатар дамыған Октябрь, 1972-80 ж.ж. Темір аупарткомдарының бірінші хатшысы. Ол Кенкияқ мұнайының көзін ашып, оны ел ырысына айналдырғандардың бірі. КОКП XXIII съезінің, Қаз. Компартиясы съездерінің бірнеше дүркін делегаты. Сегізінші сайланған Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.



І.Орынбасаров

Жоғарыда аталған екі жауынгерлік орденнен тыс екі мәрте Ленин, Октябрь Революциясы, екі рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Ақтөбе облысының 1998 жылғы «Жыл адамы», «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы».

### ОРЫНБАСАРОВ Ідіріс

(01.01.1934 ж.т., Шалқар ауданы № 26 ауыл), еңбек және соғыс ардагері, теміржолшы.

Күн көріс үшін ауыр қол жұмысына ерте араласқан. Негізгі жұмыс істеген орны – темір жол бойы, вагон депосы: слесарь, вагон қараушы, шебер (1952-1963), байланыс және белгі беру дистанциясы (ШЧ-3): аға механик, бригадир (1963-1993). Кейін зейнеткер, т.ж. Тоғыз ст. (бекеті) бойынша ардагерлер ұйымының төрағасы, «Құрметті теміржолшы» (1988). Бірнеше үкімет наградаларымен марапатталды. Жақсы бастамалар мен игі істердің жаршысы: Ақтөбе мұсылмандары бас мешіті құрылысына жеке қаржысынан алты млн. теңге аударды (2003). Ауылында, Тоғыз т.ж. бекетінде мешіт салуға қаржылай көмек беріп, басы-қасында жүрді (2007), елдің құрметті ақсақалы. «Ақтөбе облысының Жыл адамы-2008». Ұстанымы – «Мешіт құрылысына көмектескен кісіге қабірде де, мәңгілік өмірде де сауап жазылады» (хадистен).

### ОРЫНБОР-ТАШКЕНТ ТЕМІР ЖОЛЫ

Орынбор-Ташкент темір жолы – 1901-05 ж.ж. салынды, жалпы ұз. 2090 км., оның Қазақстан арқылы өтетін бөлігі 1660 км. Т.ж. салудағы басты мақсат – Қазақстан мен Орта Азиядан арзан шикізат қорын Ресейге, ал Ресейден өнеркәсіп бұйымдарын өз орталарына тасу болды. Өйткені осы уақытқа дейін пайдаланып келген көлік-түйе керуендері Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік аудандарынан Орск мен Орынборға дейін бір айдан астам жүретін болды. Бұл өте тиімсіз еді. Жол құрылысы Орынбордан Қазалыға (946 шақырым) және Ташкенттен Қазалыға (790 шақырым) дейін екі бағытта қатар жүргізіліп, онда 38 мың адам жұмыс істеді, көпшілігі қазақ шаруалары еді. Жол 1905 ж. маусым айында пайдалануға беріліп, ол Елек, Ақтөбе, Шалқар Қазалы, Қызылорда, Түркістан, Арыс қалаларынан басып өтті, олардың орталық аудандарымен байланысын күйшейтті, экономикасының дамуына зор ықпал етті.

*Б.Оразаев, «Ақтөбе» энц-ы.*

### ОТАРАЛЫ Шоңайұлы

XIX ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға. Шекті, Қабақ руының



*И.Отарбаев*



*Ө.Отарбаев*



*С.Отарбаев*

белгілі биі. Кіші жүзде 1797 жылы құрылған Хандық Кеңеске Әлім руы атынан енген атақты Шоңайдың (Сарышоңай) бел баласы. Патшалы Ресей мен Орта Азия хандықтары арасына сауда керуендерін қатынатқан керуен басы. Кезінде Отаралы Шоңайұлының тікелей араласуымен салынған Толғанай атты түрлі жеміс ағаштары егілген Темір ауданы территориясындағы бақтың пайдасын жергілікті халық қазір де көріп отыр. Бидің зерлі шапаны, қалпағы секілді бүгінгі күні сирек жәдігерлікке айналған тұтынған заттары ұрпақтарының қолында сақталған.

*С.Мұқтаров.*

*Әдебиеттер:*


*1. Ақтөбе энциклопедиясы, «Отандастар-Полиграфия» ЖШС, 2001 жыл, 618 бет;*

*2. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова (сборник документов), Алматы, Ғылым, 1996 жыл;*

*3. Вяткин М., Батыр Сырым, Алматы, Санат, 1998 ж., 306 б.;*

*4. Нұржанов Р., Мирас, Ақтөбе, Нобель, 2003 жыл, 20-30 б.б.;*

*5. Әбенов Д., Мұхтаров С., Ұлт азаттық көтеріліс көсемдері, Ақтөбе, ПринтА, 56-57 б.б.;*

*6. Азаттықтың сұңқары, Е.Көтібаров бастаған халық-азаттық көтеріліске арналған ғылыми практикалық конференция материалдары, Ақтөбе, 1993 жыл, 107-108 б.б.;*


**ОТАРБАЕВ Игісін**

(1899 ж.т., Шалқар ауданы, 27.02.1984 ж., Қауылжыр), озат теміржолшы.

1930 жылдан ширек ғасыр т.ж. бойында жұмыста болған: жол жөндеуші, жол қараушы, т.б.

Еңбек Қызыл Ту орденімен (1956), бірнеше медальдармен марапатталған.

**ОТАРБАЕВ**
**Өмірзақ Игісінұлы**

(1939 ж.т., Шалқар ауданы-11.06.1999 ж., Ақтөбе қаласы), білікті де шебер шаруашылық ұйымдастырушы, Социалистік Еңбек Ері А.П.Тихоновтың шәкірті, байырғы теміржолшы.

Еңбек жолын 1955 жылы Орынбор темір жолына қарасты Біршоғыр жол дистанциясының №60 жол айырығында жол жөндеуші болып бастады: 1958 ж. аға жол жөндеуші, 1965-1971 ж.ж. бригадир, 1971-1975 ж.ж. жол шебері болды. Бұл жылдарда жолдың күтімін жоғары деңгейде ұстағаны үшін «Үздік жол шебері» атанды.

1975-1977 ж.ж. дистанцияның 2-ші телімінде аға жол шебері, 1977-1981 ж.ж. дистанция бастығының орынбасары, 1981-1996 ж.ж. сол Біршоғыр жол дистанциясының бастығы болды. Ұжым бұл жылдарда Қатынас жолдары министрлігі Батыс Қазақстан теміржол басқармасы мен Ақтөбе бөлімшесі бойынша Ауыспалы Қызыл Туды бірнеше рет жеңіп алып, сыйлықтармен марапатталды. Темір жол саласындағы көп жылғы табысты еңбегі үшін бір орден, 5 медальмен марапатталды. «Құрметті теміржолшы» атанды.

**ОТАРБАЕВ**
**Совет Игісінұлы**

(7.07.1941 ж.т., Шалқар ауданы Қауылжыр т.ж. бекеті). Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің доценті (1998).

Еңбек жолын Қызылту ұжымшарында жұмысшы болып бастаған (1959-61), кейін Кеңес Армиясы қатарында (1961-64) борышын атқарған.

1964-69 ж.ж. Киров атындағы Қазақтың Мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінде оқып, математика оқытушысы мамандығын алған.



*Е.Отаров*



*К.М.Отаров*



*А.Отаров*

1969-72 ж.ж. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының жоғары математика кафедрасында оқытушы, аға оқытушылық қызметтерін атқарған. 1972-1975 ж.ж. аспирант.

1975 ж. бастап Ақтөбе пединститутында аға оқытушы, математикалық анализ кафедрасы меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарып келеді.

Ы.Алтынсарин атындағы медальдің иегері. (1992).

**ОТАРОВ**
**Ертай Жалғаспайұлы**

(14.04.1975 ж.т., Шалқар ауданы, 15-ауыл) – дәрігер-ғалым.

Шалқар қаласындағы № 6 мектептің түлегі (1992), Қарағанды медицина академиясын бітірген (1998), аталған академияда жұмысқа қалдырылған, қазір аға ғылыми қызметкер. Медицина ғылымдарының кандидаты (2005), ғылыми жұмысын жалғастыруда.

**ОТАРОВ**
**Қадырхан Махмутұлы**

(17.12.1953 ж.т. Шалқар ауданы Ақтоғай ауылы), ауыл шаруашылығының шебер ұйымдастырушысы, ғалым-зоотехник. Батыс қазақстан ауыл шаруашылық институтын (Орал қаласында) бітірген (1970-1975), Москва қаласындағы марксизм-ленинизм университетін (1976-1977), сондағы агроөнеркәсібі Жоғарғы мектебін (1987-1988) тәмамдаған, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолы: Ақтөбе ауданының «Хлебодаров» кеңшарында зоотехник-селекционер (1975-1976), осы ауданның «Пригородный» және К.Маркс атындағы кеңшарларында бас зоотехник (1976-1986), ауданның агроөнеркәсіптік бірлестігі төрағасының орынбасары (1986-1987), Ақтөбе облыстық ауыл шаруашылығы бірлестігінің Бас директоры (1987-1988), Ақтөбе облыстық агроөнеркәсіп комитеті төрағасының бірінші орынбасары (1988-1992). Осы қызметтен Ақтөбе облыстық әкімшілігіне ауыстырылып, облыс әкімінің орынбасары – облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып 1994 ж. дейін қызмет жасаған ол 1994-1998 ж.ж. ҚР ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары қызметінде болды. 1998 жылдан бері Ақмола облысы әкімінің орынбасары. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, 3 медалі бар.

**ОТАРОВ Абылай**

(1938 ж., Шалқар ауданы, Ақтоғай а. – 1990 ж. Ақтөбе қаласы), доцент. Шахта орта мектебін (1956 ж.), А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын («Физика және өндіріс негіздері» мамандығы бойынша) үздік бітірген (1961). Институтты бітіргеннен кейін қызмет жолын мұғалімдердің Ақтөбе облыстық білімін жетілдіру институтында әдіскер болып бастап, кейін Ақтөбе мемлекеттік пединститутында аға оқытушы қызметтерін атқарды. 1969 ж. Мәскеудің 1-ші медицина институтының эксперименттi кафедрасының аспирантурасына қабылданған ол 1973 ж. биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап шығып, 1983 ж. дейін Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында доцент, 1983-1990 ж.ж. осы институтта физика әдістемесі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 20-ға тарта әдістемелік мақалалары мен ғылыми еңбектері бар. Кезінде ауданымыздың ардақты азаматтарының бірі болды. Бүгінде ел есінде.

# Ө

## ӨЛКЕМІЗДІҢ ЖЕР БЕДЕРІ

Өлкеміздің жер бедері тегіс, төбелі, жазық, кей жерлерде шоқылы жоталар кездеседі. Орал тауының оңтүстік етегін алып жатқан Мұғалжар тауы солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 шақырымға созылып жатыр. Ең биік жері Шалқар ауданының Біршоғыр жеріндегі Боқтыбай. Биіктігі 667 м. Жалпы өлкенің жер бедері Арал теңізіне қарай еңіс келеді. Аудан орталығын Үлкен Борсық құмы кесіп өтіп жатыр. Оның ұзындығы 220 шақырым, ені 10-20 шақырым аралығында. Бұл құммен қатар Қызылорда облысымен шектесетін Кіші Борсық құмы жатыр.

Біздің тұрған жеріміз – Тұран жазығы, оны ойпат деп те атайды. Қазақстан жерінде Тұран ойпатының солтүстік бөлігі ғана кіреді. Сонымен Тұран жазығы Қазақстанның оңтүстік батысында орналасқан. Оның солтүстігінде Мұғалжар тауы, Торғай үстірті, солтүстік шығысында Сарыарқа, оңтүстігінде Асмантай-Матай сорымен, батысында Мұғалжар тауынан оңтүстікке қарай араласып жатқан Шошқакөл, Шағырай, Доңызтау жалғасады.

Жерімізде сор да кездеседі. Сор-шөлді жердің топырағы; Ол жердің беткі қабатында еріген жер бетіне жақын жатқан іркілген минералды судың буға айналу нәтижесінде пайда болады. Шалқар жерінде Берденсор, Тентексор, Боспақсор, Боқантайсор, Астаусор, Жалпақсор деген жерлері бар.

*Д.Төлебаева.*

## ӨЛКЕМІЗДІҢ ТОПЫРАҒЫ

Біздің өлкеміздің топырағы қоңыр, ақшыл, сары құмды топырақ. Бұл топырақтың құрамында қарашірік аз және жауыншашын жеткіліксіз жауады. Бұндай жерлерді көбіне мал жайылымына пайдаланады.

Өлке табиғаты шөл-шөлейтті зонада орналасуына байланысты өсімдіктер мен жануарлар дүниесі шөлге бейім келеді. Солтүстігінде Мұғалжар тауынан бастап оңтүстікке қарай әртүрлі топырақ таралған. Түрлері құнарлы қаратопырақ, қызғылт, ақшыл сары, сазды болып келеді. Ақшыл сары топырақ климаттың ыстық болуынан қалыптасады, ол топырақ құнарсыз болып келеді. Топырақтың бұл түрі оңтүстікке қарай құмды болып, дүзгін, жусанды қыратты болып кездеседі. Өлкемізде қарашірікті топырақтың құнарлығы 1,5%-2%-тен аспайды. Сол себепті бұл жерлер суармалы егістікке жатады. Жерімізде боз, шашақты боз, бетеге, жусан, ебелек, изен өседі. Тұзды топырақты ойпаңдарда қара жусан, бүргін, көкпек, итсигек, теріскен, жантақ, ал өзен-көл жағаларында қамыс, ши, итмұрын өседі. Кей жерлерде топырақ бетіне тұз шығып, сорға айналған.

*Д.Төлебаева.*

## ӨЛКЕ ҮСТІРТІ

Үстірт Арал теңізі мен Маңғыстау түбегінің аралығында орналасқан. Үстірт бірнеше белесті бөліктерге бөлінген. Оның арасында Асмантай-Матай, Қосбұлақ ойыстары және әртүрлі үңгірлер бар. Олардың ұзындығы 5 м – 25 м аралығында, тереңдігі 1-1,5 м шамасында. Ең үлкені – Балаұйық және Өтебай үңгірлері. Үстіртте мұнай мен газдың қоры бар.

*Д.Төлебаева.*

## ӨЛКЕМІЗДІҢ ӨСІМДІГІ МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ

Табиғат өсімдіктер дүниесіне өте бай. Өсімдіктер далалы, орманды, таулы, шөлді, ылғалды және сулы жерде өз бетінше өсіп өнеді. Мұндай өсімдіктерді жабайы өсімдік деп атайды. Әртүрлі ортада өсетін өсімдіктердің сырт-қы құрылысы да түрліше болады. Яғни, өсімдік өсіп тұрған топырағы мен өсімдік құрылысының арасында байланыс бар.

Шабындық ойпаң жерлерді және өзен жағаларын жазғытұрым су басып жатады. Бұл жердің топырағы құнарлы және ылғалды болады, сондықтан шөп қалың шығады. Осындай ылғалы мол жерде өскен өсімдіктердің жапырағы үлкен және жасыл түсті болып келеді. Егер өзеннің жайылма жағасынан қырға көтеріліп, құрғақ жердегі шабындықты араласақ, бұл жерде өсімдік өзгеше, шөбі сирек және жапырағы ұсақтау болып келеді. Мұндай өсімдіктер суды үнемдеп, аз буландырады. Кейбір өсімдіктердің түсі солғын, қарасақ, оның үстіне майда түктердің пайда болатынын байқаймыз. Түкті жапырақ суды аз буландырады, мұндай өсімдіктердің тамыры тереңге кетеді де, суды топырақтың терең қабатынан алады. Бұл өсімдіктерді жұлып алу қиын. Су жағаларында өсетін жалбыздың тамыры тереңге кетпейді. Себебі өзіне қажетті ылғалды керегінше топырақтың беткі қабатынан алады. Жалбыз жапырағы кей жерде жиі болып келеді, сабағы жұмсақ болады. Оның бойында су көп. Су жағасынан қашығырақ жерде өсетін жалбыздың сабағы қаттылау болады, яғни оның бойында су аз болғаны. Өсімдіктің жапырағы үлкен болса, өсімдік соғұрлым ылғалды, көбірек буландырып отырады.

Қандай жасыл өсімдік болса да, жарық бар жерде өседі. Ашық жерде өсетін өсімдікке күн сәулесі көп түсіп, топырағы кеуіп шөлдей бастайды. Дегенмен бақбақ қурамайды. Оның түзу біткен ұзын тамыры топырақтың терең қабатына дейін кетеді, ал жапырағы ұзынша, сүйірлеу болады да, тырбиып, жер бетіне жабысып өседі. Сөйтіп бақбақтың жапырақшаларының сүйір болуы және тырбиып жатуы, оның суды қалыпты буландыруына себеп болады.

Бақбақ жарық сүйгіш өсімдік. Ол ылғалдың аздығы мен тапталуды көтере алады, ал өзінен биік көлеңкелі өсімдікпен қатар шықса, дұрыс өсе алмайды, солып қалады. Сондықтан өсімдік сирек өсетін жерде, жол бойында бақбақ жақсы өседі.

Ағаштардың ішінде жарық сүйгіш – қарағай. Ашық жердегі ағаштар орман ішіндегі ағаштардан гөрі бұтақты келеді. Ашық жерде ол күн сәулесін жан-жағынан алады, сондықтан оның жапырақтары, бұтақтары жан-жаққа таралады, өскенде қарағайдың бойы тапал, жуандау және бұтақтары тармақталып келеді. Егер сол қарағай орман ішінде өссе, онда өзгеше болады. Оның жан-жағынан ағаш қоршап тұрғандықтан, жарық аз болады. Қарағайдың қылқан жапырағы күн сәулесін көп ұстамайды. Сондықтан көлеңкесі аз болады. Тек ұшар басында бұтақтары аздаған бөрік бас түзейді. Қарағайлы орман іші жарық және құрғақ болады. Енді өзінің өскен жеріне көлеңкені мол түсіретін ағаш бар. Мысалы: шырша, жөке ағашы,үйеңкі, шегіршін ағашы. Олардың жасыл жапырақтары ірі болады. Бұтақтары бір-біріне жақын орналасқан.

Өсімдіктер өсіп тұрған ортасына байланысты және сол ортадағы ылғалы, температурасы, топырақта болатын қоректік заттардың мөлшері өсімдіктің өсуіне әсер етеді. Сөйтіп, өсімдік және оны қоршаған сыртқы ортаның жағдайы бір-біріне тығыз байланысты.


*А.Өмірзақов*

*Д.Төлебаева.*

## ӨМІЛДІРІК

Ер-тоқым әбзелдерінің бірі. Ер жылжып кетпес үшін аттың кеудесіне кигізіледі. Оны қазақ шеберлері қатты құрым теріден немесе қалың былғарыдан жасап, қайып тіккен, құйма әшекей заттармен безендірген. Кейбірінің тері негізінің астына киіз, шұға салынады. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ө. секілді ат әбзелдері ер адамдарға арналып жасалғанда күміс қақталған темір құймалармен көркемделсе, әйелдің ат әбзелдеріне әшекей молынан салынып, бүркеншіктермен күмістелген, алтындалған; кейде шашақталған бау тағылып, асыл тастар орнатылған. Ө-пен қатар өзге де ер-тұрман әбзелдері оюы мен әшекейі біркелкі болып, өзара үйлесіп тұруы үшін барлығын бір шебер жасаған.

*Т.Қартаева. ҚҰЭ, 7-ші том, 249 бет.*



Ш.Өталин



Ә.Өтеков



А.Өтекова

**ӨМІРЗАҚОВ Аман**

(а.к.б. 1916 ж.т. Шалқар ауданы Көпмола темір жол бекеті-1997ж.), Құрметті теміржолшы.

Еңбек жолын жастайынан темір жол бойында жұмысшы болып бастаған. Болашақ теміржол саласы қызметінің ардагері, жол бойында қараушы, бригадир қызметтерінде болған. Ұлы Отан соғысы кезінде де жол бойына аса қажет кадр есебінде тылда қалдырылып, өзіне деген сенімді абыройлы атқарған.

«Отличник-путеец» төсбелгісімен (1950), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1951), т.б. 4 үкімет наградасымен, Еңбек Қызыл Ту орденімен (1954) марапатталған. Елге сыйлы, ауылға құрметті ақсақал, еңбек және Отан соғысы ардагері (теңестірілген) ретінде 81 жасында дүниеден өтті.

**ӨТӘЛИН Шамшан**

(1937 ж.т. Шалқар ауданы, №13 ауыл), 1955 ж. №1 орта мектепті, 1958 ж. № 6 теміржол училищесін бітіргеннен кейін еңбек жолын Шалқар вагон депосында вагон қараушылықтан бастады. 1963 ж. Алматы теміржол техникумын сырттай оқып бітірді. лысына шыққанға дейін вагон шаруашылығының нұсқаушысы, вагон қабылдаушы, аға шебер болып жұмыс істеген. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен, «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталған.

**ӨТЕКОВ**
**Әділхан Әлшоразұлы**

(а.к.б. 1925 ж.т., Шалқар ауданы Қайыңды ауылы – а.к.б. 2003, Шалқар қаласы), еңбек және соғыс ардагері.

Еңбек жолын т.ж. машинистің көмекшісі болып бастаған (1943), әскер қатарында болған (1943-1946), елге оралған соң жұмыс жасап, автомобиль жүргізуші курсын бітірген, МЖС-те автомобиль жүргізушісі болған. Адал, абыройлы қызметі үшін Еңбек Қызыл Ту (1971), II, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» (1975,1976) ордендерімен, бірнеше медальдармен және төсбелгілермен марапатталған. 3 рет қалалық кеңеске депутат болып сайланған.

**ӨТЕКОВА-ШОЙЫНБЕКОВА**
**Ардақ Байбараққызы**

(1977 ж., а.к.б. Шалқар қаласы). № 2 Шалқар орта мектебінің түлегі (1994). С.Асфендияров атындағы Қаз ҰМУ-ды үздік бітіріп, Қазақ Тағамтану академиясының аспирантурасын тәмамдаған. Медицина ғылымдарының кандидаты (2007).

2006-АҚШ-тың Сан-Диего қаласындағы медакадемияда тәжірибеден өткен. Негізгі ғылыми жұмысы: «Алматы қаласының ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерде фоли қышқылы тапшылығының және оның алдын алуды гигиеналық бағалау». Ғылыми жұмысын жалғастыру үстінде.

**ӨТЕМҰРАТОВ**
**Мұстай Өтемұратұлы**

(25.05.1928 ж.т. – Қызылорда облысы, Сарытоғай ауылы – 2000 ж., Ақтөбе қаласы), ғалым-зоотехник.

Еңбек жолын 1943 жылы ауылдық Кеңесте салық инспекторы болып бастаған.

1947-1952 ж.ж. ауыл шаруашылық институтын бітіргеннен кейін жолдамамен Ақтөбе облысы, Шалқар ауданына келген. Кейін аудандық ауылшаруашылық басқармасында бас зоотехник, МТС (машина-трактор стансасы) директоры, «Шетырғыз» кеңшарының директоры (1962-1971). Одан кейін аудан-



А.Өтешұлы

дық ауылшаруашылық басқармасының бөлім бастығы, ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, (1972-1983), мал бордақылау-дайындау пунктінің директоры (1983-1987) қызметтерінде болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген зоотехнигі» атағы берілді (1966). Бірнеше орден, медальдар иегері.

**ӨТЕШҰЛЫ Аманғали**

(1929 ж., Шалқар а., 1992 ж. – Алматы қаласы).

Еңбек жолын 1946 ж. Шалқар қаласындағы пансионда тәрбиеші болудан бастаған. 1952 ж. Орал педагогикалық институтын бітіргеннен кейін 1964 ж. дейін Шалқар ауданының Сарыбұлақ, Қызыл Ту ауылдық мектептерінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет етті. 1964-1966 ж.ж. «Шетырғыз» кеңшарында партия комитетінің хатшысы болды. 1966-1968 ж.ж. Алматы Жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы. 1968-1977 ж.ж. Қазақ Кеңес энциклопедиясында редактор және Қазақ КСР Ғылым Академиясында партком хатшысы қызметтерін атқарды. 1977-1989 ж.ж. Қазақ



М.С.Өндіргенов

политехникалық институтында оқытушы, кейін кәсіптік-техникалық білім беру министрлігінде және Алматы облыстық Кәсіподақтар Кеңесінде жауапты қызметтер атқарды. Өтешұлы Аманғали – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген мектеп мұғалімі.

**ӨНДІРГЕНОВ**
**Мейіржан Сағиданұлы**

(01.01.1973 ж.т., Шалқар ауданы). Ақтоғай орта мектебін (Шалқар ауданы) үздік бітіріп, қой өсіруші комсомол-жастар бригадасында еңбек мектебінен өтіп, әскери борышын өтеген ол кейін кәсіпкерлікпен айналысып, осы салада «Емшан» компаниясына басшылық жасап келеді – компания президенті. Елге, туған жерге деген ыстық ықыласы бөлек азамат: өзі оқыған Ақтоғай ауылдық мектебіне 2 млн. теңгенің құрлыс материалдары мен «Газель» машинасын сыйға тартып (2004), жылма-жыл 200 оқушыға стипендия беріп келеді. Ауылда ашылған бала бақшаға 1 млн. 200 мың теңге бөліп, жөндеу жұмыстарын жүргізді (2008). «Шалқар ауданының жыл адамы-2007», Ақтөбе қалалық мәслихатының депутаты.



Ғ.С.Өндіргенов

**ӨНДІРГЕНОВ**
**Ғабиден Сағиданұлы**

1966 жылы 20 желтоқсанда Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Ақтоғай ауылында көп балалы қарапайым отбасында дүниеге келді. 1984 жылы Ақтоғай орта мектебін тәмамдағаннан кейін, өзінің алғашқы еңбек жолын Комсомол жастар бригадасында бастайды. 1985 жылы әскер қатарына алынып, Отан алдындағы борышын 1987 жылы өтеп келген соң құрылыс айналасында жетекші маман болып қызмет атқарады. 1994 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, 1999 жылы тарихшы мамандығының иесі болып аяқтайды. Сол жылдан бастап «Автопарк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде колонна бастығы қызметін атқарып жүріп, 2001 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Елбасының «Алғыс хатымен», облыс әкімінің «Мақтау қағаздарымен» марапатталған. 2005 жылдан бері «Мизам-Авто» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметінде.




















# П

## ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРЫ

Үлкен Борсық құмының Есеншағыл, Шөлшағыл, Қоянқұлақ, Қосқұлақ, Қыздаршыққан, Қошқарата, Кішкенетұз, Қорғантұз, Бозой, Көкала бойлары ен қойнауы тұнған байлық. Бұлар табиғи газ, мұнай, минералды тұз, ұлутас, мрамор, ақбалшық, қайыр, кварц пен дала шпатынан тұратын құмдары мен саздары.

Көкбұлақ ойысында, геологтардың зерттеуі бойынша, темір рудасының үлкен қоры бар екендігі анықталды. 1963 жылдан бері емдік қасиеті мол Шалқар минерал суы шығарылып келеді.

Бершүгір қиыршықтас зауыты бірнеше түрлі өнім шығарады. Бұл өнім негізінен жол салуға, құрылысқа пайдаланылады.

## ПЕРІШТЕ

Нұрдан жаралған. Оларда жыныс, нәпсі болмайды. Ұйықтау, шаршау, тамақ ішу, қателесу, ұмыту дегенді білмейді. Күнә, кемшіліктен пәк, Құдайдың әмірін мүлтіксіз орындайды, аманатқа өте бекем. Жәбірейіл, Микәйіл, Әзірейіл, Исрафил атты періштелердің әрқайсысына жүктелген қызметтері бар. Құран кәрімнің Тахрим сүресінің 6-аятында «Алланың әміріне олар қарсы келмейді, бұйырғанын ғана істейді», – деп П.-лердің негізгі қасиетін баяндайды. П-лер аспан әлемінде өмір сүреді. Жерге тек Алланың әмірімен түседі. Жәбірейіл періште пайғамбарларға, Мәриямға ер адам кейпінде келіп тілдесіп, Алланың аманатын жеткізген. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) П-нің суретін құран аяттары алғаш түскенде және Миғражға көрсетілгенде көрген. П-лер адамзатқа екі дүниеде: бұл дүние, ақиретте және рухани әлемде бірдей қызмет атқарады. Бұ дүниедегі қызметі: жаңбыр жаудыру, жел тұрғызу, апат, аурулардан қорғау, мұсылмандар құлшылығына, істеген жақсылықтарына куә болу, оларды амал кітабына жазу, мұсылмандарға, ғылым үйренушілерге дұға тілеу, жан алу. Ақиреттегі істері: жан бергеннен сауал алу, жәннат не тозаққа кіргізу, сүр үрлеу, тозақ қақпаларын күзету, жәннатқа кіргендерге қызмет қылу, амал кітабындағы істерге куә болу, момындардың қателіктері мен күнәларына кешірім тілеу. Рухани әлемдегі қызметі: Алланың мейірім шапағатын көрсету, Аллаға жасаған ғибадаттың нұры мен дін шындығын жүрекке жеткізу, пайғамбарларға Алладан уахи, аманат жеткізу, жақсылыққа итермелеу, жалғаннан шындыққа қарай тарту, адамның Аллаға деген махаббатын ояту, иманды күшейту, адамға рухани қуат беру. Ислам дінінде П-ге сенуиман шарттарының бірі.

*Ө.Тұяқбай. ҚҰЭ. 7-том.*

## ПҰСЫРМАН ЖЫРАУ

(1857-1926) – Сыр мен Елек өзендері аралығында көшіп жүрген Қабақ руына қарасты Наурызбай аталығынан тарайтын Ідірістің отбасында дүниеге келген. Жасынан ән-жырға құмар бала Пұсырман өте зерек, алғыр, құймақұлақ болып өседі. Соның әсері болса керек, ел ішіне келген әнші-жыраулар айтқан ән, дастандарды табанда жаттап алып, еш бүкпесіз қайта айтып беретін көрінеді. Сөйтіп жастайынан-ақ жыр, дастандарды таңды-таңға ұрып айтып, атақты жырау атанады. Пұсырман соншалықты жырға бай, тілге шешен болумен бірге халық оған соншалықты құрмет те көрсете білген. Қайда ойын-той, келелі басқосу болса, ел Пұсырманды шақырып, атынан аяғын жерге тигізбей түсіріп, төрден орын берген. Бар адамдар үстіне зерлі шапан жауып, кетерінде жорға жетектеткен, оның жыраулық өнерін керемет ардақ тұтқан. Сондықтан да ол:

*Халқым-ай, Пұсырман*
*жырау атандырдың,*
*Ханменен дәрежемді*
*қатар қалдың! –*

# Р

деп жырлаған. Асылдың сынығындай осы екі-ақ жол жырауды туған халқының қандай дәрежеде сүйгендігінің дәлелі бола алады. Академик А.Жұбанов өзінің «Замана бұлбұлдары» атты кітабында «Әли» деген очеркінің бір тұсында Пұсырман жырауға ғылыми тұрғыдан әділ бағасын береді. Атақты жырау өмірінің соңғы жылдарында қызылдардан қысым көріп, Жайық бойына кетеді. Ол жақта да ел ішінің құрметтейтін адамы болған.

### РАМАЗАН, РАМАДАН

Мұсылмандардың ай есебі бойынша тоғызыншы ай, ораза айы. Р. – ислам діні тарағанға дейінгі қасиетті төрт айдың бірі, ол алғашқыда жаз уақытына келетін. Ислам діні пайда болардың қарсаңында Меккеде Р-ды тақуалы істерге бағыштау дәстүрі орын алды. Аңызға қарағанда, Мұхаммед пайғамбарға алғашқы «Қасиет» осы Р. күндерінің бірінде дарыған. Р-да ораза ұстау һижрадан соң 17-18 айдан кейін, яғни құбыла ауғаннан бір айдан кейін енгізілді. Р.айындағы ораза Мұхаммед һижрадан соң іле қабылдап, дәстүрге сай Мұсаның өсиетін ұстап, Синай тауынан төмен түсетін Кешірім күнгі яһудилік оразаға байланысты он күндік «ашура» оразасымен ауыстырды. Мұхаммед пайғамбарға алғашқы «қасиет» дарыған Р-ың 27-сі күнгі түнді дәстүр бойынша мұсылмандар «кәдір түні» ретінде атап өтеді. Бұл түні Алла тағала адамдар тағдырын белгілейді деп есептеледі, Құран бойынша ол «мың айдан да қымбат», дегенмен оның нақты күні туралы пікірлер әрқилы, сондықтан да Р-ның соңғы он тәулігін, барлық тақ түндерін діни уағызға арнау әдетке айналған. Мұсылман елдерінде Р-ға бұрынғы діни мерекелер сай келеді, сондықтан Р-ға тән бірқатар дәстүрлер мен рәсімдер тек жекелеген елдерге ғана сақталған.

*Әдеб: Бируни. Памятники, 379-380; Лэйн. Нравы, 23-24. «Ақтөбе» энциклопед., 630 б.*

### РАФИКОВ
### Шамсутдин
### Хамсутдинович

(1904. Григорьевка с. Орынбор обл. – 1972. Шалқар қ.) – «Даңқ» орденінің толық иегері.

1941 ж. әскер қатарына алынды. 1944 ж. 267-атқыштар дивизиясы өтетін жолдың сорабына құрылған минаны өзінің бөлімшесімен залалсыздандырды. Одер өзені арқылы көпір салуға, Нидер-Биллау аймағында Нейсе өзені арқылы өту алдында барлау жасауға қатысты. Танкілер жолына қойылған 20 миналы алып тастап, Кеңес әскерлерінің ойдағыдай өтуіне мүмкіндік жасаған. Ұлы Отан соғысы аяқталғасын Шалқар қаласында тұрған.

### РАХМАН

Алланың бір есімі. Ерекше мейірімді, рахымды деген мағына береді. Мұхаммед пайғамбар хадисінде «Алла жерді жүз рақымымен жаратқан, жүз рақымымен біреуі жер бетінде, сол рақымымен шарапатымен аң төліне, ана баласына рақым қылады» дейді. Сондай-ақ тәпсіршілер Фатиха сүресінде ар-рахманир рахим сипаты жеке аят болып келуінің астарында Алланың ерекше мейірімділігі, рақымдылығы баяндалған деп түсіндіреді. Ислам дінінде Құранның түсуі, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) келуі, шариғаттың кемелденуі – Алланың рахымы деп есептеледі. Сондай-ақ Алланың жер бетінде жасап тұрған мейірім шапағатына рақым әсеріне назар салу, жануарларға, қоршаған ортаға мейірімді болу әрбір мұсылманның парызы.

*Ө.Тұяқбай. ҚҰЭ, 7-том, 443 б.*

### РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Республика күні-25 қазан, 1990 ж. 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін лайық және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып, Республикада тұратын халықтарды топтастырып, жалпыға бірдей адам праволары декларациясын және ұлттардың өзін-өзі билеу правосын тани отырып, қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық праволық мемлекет құруды негізге ала отырып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекет егемендігін жариялайды және осы Декларацияны қабылдайды. Бұл күн – ұлттық мереке – Республика күні, әрбір қазақстандық үшін айрықша күн. Бұл күн қазақ халқының тәуелсіз қазақ мемлекетін құру жөніндегі ғасырлар бойы ой-арманын жүзеге асырудағы бірінші қадамы болды. Сондықтан да бұл күн Президент жарлығымен мереке болып белгіленді.

*«Ақтөбе» энциклопед., 631 б.*

**РЗАБАЕВ Серікбай**

(28.01.1938 ж.т. Қызылорда обл. Арал қ.) – жылқы шаруашылығының маманы. А.ш. ғыл. кандидаты (1973), Қазақ КСР-інің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980). КСРО Министрлер Кеңесінің Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен «Аға ғылыми қызметкер» атағы берілген (1983). 1956 ж. Шалқар қ. қазақ орта мектебін, 1961 ж. Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген.

1961-71 ж.ж. қазіргі Мұғалжар ауд. «Ембі» кеңшарында бас зоотехник, Алға өндірістік а.ш. басқармасының малды асылдандыру жұмысының инспекторұйымдастырушысы, Мұғалжар асыл тұқымды жылқы зауытының бас зоотехнигі бола жүріп Ақтөбе а.ш. тәжірибе ст-да аға ғылыми қызметкерлігін қоса атқарды.

1976-78 ж.ж. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының «Жылқы және түйе түліктері» кафедрасының аға оқытушысы, 1978 жылдан Ақтөбе а.ш. тәжірибе ст-ның ғылыми қызметкері, жылқы шар. бөлімінің бастығы. Өндірістен қол үзбей «Көшім және Жабы жылқылары тұқымдарының еттілік қасиеті» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Жаңа «Көшім» жылқысының тұқымын өсіріп шығарып, х.ш. өндіргені үшін бір топ ғалымдармен бірге оған Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілген, Бүкілодақтық х.ш. жетістіктері көрмесінің қола медалімен марапатталған. Ол жылқының зауыттық бағыттағы «Барқыт», «Зубр» және «Қайыңды» тұқымдарын (1987) өсіруші, Мұғалжар жылқы тұқымын жақсартушы (1998). 159 еңбегі жарық көрген.



С.Рзабаев

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

**РОМАНОВ Василий Иванович**

(01.04.1913, Калуга облысы Лаптево с. – 11.1990 ж. Ақтөбе қаласы) – теміржолшы, Орынбор т.ж. Шалқар бөлімшесінің бастығы болған.

Еңбек жолы біздің республикамызбен тығыз байланысты. 1933 ж. Қазалы деросында паровоз машинисінің көмекшісі, депо мастері (шебер), техник, сумен жабдықтау ісінің бригадирі, паровоз машинисі, қазандық шебері, паровоз диспетчері болып істеген (1933-1937). 1937-1939 ж.ж. Куйбышев т.ж. Орск бекеті НКПС-тің қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі учаскелік ревизорының көмекшісі, 1939-1943 ж.ж. Шалқар, Қазалы т.ж. бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігінің учаскелік ревизоры, Орынбор паровоз бөлімшесінің бастығы (1943). Шалқар паровоз бөлімшесінің бастығы (1944), Гурьев, Шалқар (1945-1949), Ақтөбе т.ж. бөлімшелерінің бастығы (1944-1955). Содан кейін Ақтөбе совнархозы жанындағы транспорт бөлімінің бастығы (1956-1962).



В.И.Романов

КСРО-ның екі орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Халық депутаттарының облыстық Кеңесіне әлденеше рет депутат болып сайланған.

**РЫСКЕЛДИН Қалау**

(1908 ж.т. Темір ауд. Кеңқияқ а.) – кеңес қызметкері. 1927-31 ж.ж. ауылдық кеңестің хатшысы, мұғалім, Шеңгелши орта мектебінің директоры, 1940-49 ж. Қарабұтақ ауд. партия комитетінің хатшысы. 1949-63 ж. облпарткомның нұсқаушысы, Шалқар ауд. атқару комитетінің төрағасы, 1963-70 ж. Темір, Қандағаш ауаткомдарының төрағасы қызметтерін атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 15 жыл облыстық судан құтқару қоғамының бастығы болды. Екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

*«Ақтөбе» энциклопед., 633 б.*

# С

### САБА

Қымыз құюға арналған ыдыс. Жылқы терісінен жасалады. С-ны жасау үшін иленген теріні талдың қабығымен бояйды. Содан соң қажетті сыйымдылық мөлшерінде (шамамен 100л) төрт бой етіп пішіп, түбін кең, аузын тарлау етіп шуда жіппен тігеді. Жоғары көтеріп байлау үшін саба аузына жіп тағады. Осылайша С. дайын болғаннан кейін ішін жуып шайып, айран құйып бірнеше күн қояды. Мұны шикі дәмін алу дейді. Бұдан кейін керіп, созып, дымқылдап пештің ысын қырып алып жағады. Мұны құрамдау дейді. Оны қайтадан майлап алып, арша, тобылғы немесе қайың қабығының түтініне ұстап ыстайды. Ысталған тері әрі берік, әрі оған құрт-құмырсқа түспейді. Ыстың дәмі мен исі қымызға шауып, оның сапасын жақсарта түседі. С-ның көлемі әр түрлі болады. Астына қою үшін ағаштан сәкі жасалып, оны С. аяқ немесе С. орындық деп атайды. Қазақта «бес биенің сабасындай» деген сөзді орнықты әйелдер мен келісті бәйбішелерге мадақ сөз ретінде айтқан. Бірнеше жүз литрлік сабаны «тай жүзген» деп дәріптейді. Бұрынғы кезде асқа, салтанатқа С-мен қымыз апаратын болған. Бұл үлкен құрметтің, мырзалықтың, байлықтың белгісі саналған.

*С.Кенжеахметұлы. ҚҰЭ, 7-ші том, 505-бет.*

### САБЫРЖЫЛҒА

Қызылорда обл-ның Арал, Ақтөбе обл-ның Шалқар аудандары жеріндегі өзен. Ұз. 72 км. су жиналатын алқабы 1250 км² Арал теңізінің солт. батысындағы қырат бұлағынан басталып, Шевченко шығанағына құяды. Арнасы сәл ғана байқалады. Қар суымен толығады. Ағыны көктемде жайылымға пайдаланылады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 635 б.*

### САҒЫНТАЕВ Өтепберген

(1922 ж.т., Шалқар ауд. № 5а.) заңгер, соғыс және еңбек ардагері. Еңбек жолын 1941 жылы бастауыш мектеп мұғалімінен бастаған. Темір кеңшар-техникумын (1965) бітірген. 1941-45 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасқан. 1951-54 ж.ж. құқық қорғау саласында қызмет істеген. 1954-77 ж.ж. Қобда аупарткомының бөлім меңгерушісі, ІІ-ші хатшы, ауатком төрағасының орынбасары, Ә.Молдағұлова атындағы ұжымшар басқармасының төрағасы, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы ұжымшар басқармасының төрағасы, Ақтөбе қ. Мүгедектер қоғамы төрағасы, 1977-83 ж.ж. Қобда ауд. а.ш. басқармасының бастығы болған. Ленин, «Құрмет белгісі», І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен, Мақтау грамоталарымен марапатталған. «Қобда ауданының Құрметті азаматы» (1999 жыл).

### САҒЫН Бекзада Ұбайдуллақызы

(21.03.1968 ж.т. Шалқар қаласы), ғылым кандидаты.

Шалқар ауданының Қорғантұз орта мектебін бітірген (1985).

Еңбек жолын «Сарыбұлақ» кеңшарында бастады. (1985-1987). 1987-1992 ж.ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (кейін әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) филология факультетінде оқып, оны үздік дипломмен тәмамдады.

1992-199 ж.ж. ҰҒА тіл білімі институтында ғылыми қызметте болды, кандидаттық диссертациясын қорғады (1999), 2000 жылдан Президент әкімшілігінде қызметте.

### САҒЫМБАЕВ Таңаталы

(17.01.1937 ж.т. Шалқар ауданы № 15 ауыл). Қол жұмысына 15 жасынан араласып, әуелі «Жиделі», кейін Жданов атындағы ұжымшарларда әртүрлі жұмыстар атқарып, еңбекте шыңдалды. 1964 жылдан бастап


Т.Сағымбаев


Ж.Садықов


Т.Садықов


М.Садықов

жаңадан құрылған «Сарыбұлақ» кеңшарында 30 жыл бойы қой бағып, аға шопан атанды. «Облыстың таңдаулы шопаны» (1982,1985) атағын алды, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен (1984), КСРО ХШЖК 2 Алтын, 3 Күміс медальдарымен, тағы екі мерекелік медальмен марапатталған.

1981-1982 ж.ж. мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді және сатып алуды ұлғайту жөніндегі міндеттемелерді орындауда еңбек ерлігін көрсеткені үшін 1981 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

**САДЫҚОВ**
**Жалғас Сәңкібайұлы**

(25.12.1947 ж.т. Шалқар ауданы), «Милиция қызметінің үздігі» (1981), «Сот жүйесінің құрметті қызметкері» (2007), Шалқар аудандық сотының судьясы.

Шалқар орта мектебін (1966), Ақтөбе techинститутын (1970), КСРО ІМ Академиясын (1974, Москвада) бітірген. 1970-1977 ж.ж. мектепте мұғалім, директордың орынбасары, ІІБ, прокуратура органдарында жауапты қызметтерде (1977-1991), Ырғыз және Шалқар аудандарында сот төрағасы (1991-2008) болды. Ақтөбе облысының үздік судьясы.

**САДЫҚОВ**
**Төлбай Сәңкібайұлы**

(24.02.1954 ж.т. Шалқар ауданы, Тоғыз т.ж. бекеті), мемлекеттік қызметкер, еңбек өтілі – 33 жыл. Екі ЖОО-н бітірген, бірінші мамандығы – инженер-электрик, екінші мамандығы – саясаттанушы. Шалқар аудандық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, екінші хатшы, аудандық а.ш. басқармасында бастықтың орынбасары қызметтерінде болды.

1997 жылдан бері Шалқар аудан әкімінің орынбасары, «Аудан Жыл адамы-2008», бірнеше медаль мен төсбелгілер иегері.

**САДЫҚОВ Мүтиғұлла**

(1912. Шалқар ауд. № 4 ауыл-1955). 1929 ж. Шалқардағы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін Алматының политехникалық техникумына оқуға түседі. 2-курсты аяқтағаннан кейін Шалқарға тауарлы пойыздар кондукторы болып жұмысқа орналасады. 1933-1936 ж.ж. Ақтөбедегі Жоғары Коммунистік ауыл шар. мектебінде оқыды. 1936-1939 жж. Ақтөбе обл. комсомол ком-де саяси оқу секторының меңгерушісі, шаруа жастары бөлімінің меңгерушісі. 1939-1946 ж.ж. обл.партия ком-де нұсқаушы, ауыл шар. бөлімі бастығы, Байғанин ауд. партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. 1948 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы 2 жылдық партия мектебін бітіргеннен кейін Көкшетау обл. партия комитетінде бөлім меңгерушісі, Ақтөбе обкомы бөлім меңгерішісінің орынбасары, 1953 ж. өмірінің соңына дейін Ырғыз ауаткомының төрағасы болды.

**САДЫҚОВ**
**Махабад Мүтиғоллаұлы**

(19.12.1951 ж., Көкшетау қ), Шалқарлық, инженер.

1955-1969 жылдар аралығында Шалқар қаласында тұрып, сондағы № 439 орыс орта мектебін бітірді. 1976 жылы Қазақ политехникалық институтын тәмамдады. 1976-1978 ж.ж. «Қазарнаулыавтоматика» мекемесінде аға инженер-жөндеуші болып жұмыс істеді. 1978-1980 жж. армия қатарында офицерлік қызметте болды. 1980-1988 ж.ж. Ақтөбе троллейбус депосының бастығы, троллейбус басқарма-


М.Садықов


З.Садықов


С.Садықов


Қ.Сақиева

сының бас механигі, бас энергетигі қызметін атқарды. Одан кейін «Нефтегазстрой» директорының орынбасары, «Госстандарт» мекемесінде мұнай және мұнай өнімдері бөлімінің бастығы болып 1997 жылға дейін жұмыс істеді.

1997 жылдан «Елек-Лада» АAҚ-ның вице-президенті, президенті, ал 2000 жылдан «Елек-Лада» ЖШС автосервисінің директоры. 2000, 2001 және 2002 жылдары қажылық сапарына барып келді.

**САДЫҚОВ Зейнолла**

(15.021924 ж.т., Шалқар ауданы № 4 ауыл – 09.09. 1968 ж. Қарабұтақ ауданы, Ақтөбе обл).

Еңбек жолын 17 жасында Шалқар аудандық газетінде бастаған. Ұлы Отан соғысына қатынасқан: қатардағы жауынгер, бөлімше командирі, «Отан үшін» («За родину»), «Жеңіс туы» («Знамя победы) газеттерінде корреспондент-ұйымдастырушы (1942-1947). Елге оралған соң Ақтөбе облыстық партия комитетінде жауапты қызметкер, Ақтөбе қалалық, Шалқар, Қарабұтақ аудандық партия комитеттерінде 2-хатшы, Қарабұтақ аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, төраға орынбасары қызметтерінде болды (1947-1968). Екі жоғарғы оқу орнын бітірген (1951, 1959). Қызыл Жұлдыз орденінің және 5 медальдің иегері.

**САДЫҚОВ**
**Сәбит Зейноллаұлы**

(04.02.1958 ж.т. Шалқар қаласы), полиция полковнигі.

Шалқар қаласында орта мектепті (1975), Алматыда политехникалық институтты (1980), Қарағанды қаласындағы ҚР ҰҚК Жоғарғы мектебін (1998) бітірген.

1981 жылдан транспорттағы ішкі істер қызметінде: инспектор, оперативтік бөлімінің аға қызметкері, қылмыс тергеу бөлімшесінің бастығы, Ақтөбе т.ж. бекеті транспорттағы Ішкі Істер желілік бөлімінің бастығы, транспортағы Батыс Қазақстан ІІД бастығының бірінші орынбасары.

Құқық тәртібін қамтамасыз етудегі еңбегі үшін ҚР ІІМ Мақтау грамотасымен, 2 медальмен марапатталған

**САДЫҚОВА Қырмызы**

(07.11.1947 жж. Шалқар ауданы), белгілі трактор жүргізуші.

Еңбек жолын 1966 ж. кеңшарда жұмысшы болып бастаған. 1967-1976 ж.ж. «Тоғыз» кеңшарында трактор жүргізуші болған ол жанқиярлық еңбек үлгісін көрсеткен. 1971 жылы сегізінші шақырылымдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған. Кейін кеңшарда түрлі жұмыстар жасап, зейнеткерлікке шыққан. (1993).

«Құрмет белгісі» орденімен (1971), бірнеше медальдармен марапатталған.

**САКИЕВА**
**Қаншайым Жарасқызы**

(12.03.1953 ж.ж., Шалқар қаласы), дәрігер, профессор.

Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының (1970-1976) түлегі, интернатураны бітірген соң (1977), Қобда, Мұғалжар аудандарында акушер-гинеколог қызметтерін атқарған (1977-1987), институттың клиникалық ординатурасында оқыған (1987-1989), осы институтта ассистент (1989). Гинекология саласы бойынша медицина ғылымдарының кандидаты (1999).

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина академиясының аспирантурасында (2001-2003) оқып, 2003 ж. Москва қаласында докторлық диссертациясын қорғаған. Профессор (2008), РФ


С.Салықбаев

және ҚР медицина ғылымдарының докторы, 60-тан астам ғылыми еңбектердің авторы, 1 монографиясы, 2 авторлық куәлігі бар. Бірнеше ғылым кандидаттарының ғылыми жетекшісі.

**САЛЫҚБАЕВ Сағынадин**

(1949 жж.) Шалқар қалалық № 1 орта мектепті бітіргеннен кейін Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын 1974 жылы зоотехник мамандығы бойынша аяқтады. 1974-1978 ж.ж. Мұғалжар ауданының «Темір» кеңшарында зоотехник, бас зоотехник, бөлім басқарушысы, 1980-1985 ж.ж. кеңшар партком ының хатшысы қызметтерін атқарды. 1985 жылы Мұғалжар ауданы «Ембі» кеңшарының директоры болып тағайындалды. 1987-1997 ж.ж. Мұғалжар РАПО-сының төрағасы, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, «Темір» кеңшарының директоры, Темір ұжымдық кәсіпорнының директоры, Темір өндірістік кооперативінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1999 жылы «Құмсай» ЖШС директоры, ҚР ауыл шаруалышығы министрлігінің Мұғалжар аудандық территориялық басқармасының бастығы, 2007 жылдан бастап Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы қызметін атқарып келеді. «Тың игерудің 50 жылдығы», «Астанаға 10 жыл» медальдарымен марапатталған.


А.В.Самсонов

**САМСОНОВ**
**Анатолий Васильевич**

(28.05.1927 ж.т., Белорус КСР-і Алобан қ. 19.10.2000 ж., Шалқар қаласы). т.ж. машинисі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

1942-82 ж.ж. Шалқар қ. № 7 теміржол училищесінде, Уфа қаласында теміржол техникумында оқыған; Улан-Удэ, Қазалы, Шалқар деполарында тепловоз машинисінің көмекшісі, машинисі болып қызмет жасаған.

КОКП XXV съезінінің делегаты, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. «Құрметті теміржолшы» (1979), «Шалқар қаласының құрметті азаматы» (1989).

**САНДЫҚСАЙ**

Сандықсай Шалқар ауданындағы өзен. Шалқар алабында. Ұз. 58 км. Мұғалжар тауының солт. беткейінен басталып, Тебенсайға құяды. Арнасы тар (5-20 м), жағасы жарлы. Тұрақты ағыны қар еріген кезде ғана болады, жазда иірімдерге бөлініп қалады. Мал суарылады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 638 б.*


Ж.Сапарбаев

**САПАРБАЕВ Жеткерген**

(1919-1983 ж.ж., Шалқар ауд. № 1 а), Кеңес қызметкері.

Шалқардағы қазақ орта мектебінде оқыған (1932-1939 ж.ж.).

Еңбек жолын балалар мекемесінің тәрбиешісі, аудандық Кеңес атқару комитетінің жауапты қызметкері болып бастаған (1939-1942). Кеңес Армиясы қатарында болған (1943-1946). Елге оралған соң аудандық кеңес атқару комитетінде инспектор (1946-1949) қызметін атқарған. Содан кейін аудандағы «30 жылдық Қазақстан» ұжымшарында басқарма төрағасы (1950-1952) болған. Дамбар ауылдық Кеңес атқару комитетін басқарған (1954-1983 ж.ж.).

I, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**САПАРҒАЛИЕВ**
**Алдан Асанұлы**

(11.09.1944 ж.т., Шалқар ауданы), электроника және радиофизика саласының белгілі маманы, ғылым докторы, профессор.

1962 жылы Шалқардағы № 1 орта мектепті бітіргеннен кейін С.М. Киров (қазіргі Әл-Фараби)



А.Сапарғалиев



А.Сарин

атындағы Мемлекеттік университетіне оқуға түсті. «Физика, ядролық физика» мамандығын алып шыққан ол жолдамамен Ақтөбе педагогикалық институтына келіп, 1968-1971 жылдары физика кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарды.

1971 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының аспирантурасына «Теориялық физика» мамандығы бойынша оқуға түсті. 1974 жылы аспирантураны мерзімінен бұрын аяқтап, кандидаттық диссертация қорғап, Академияның ядролық физика институтында қызметте қалдырылды. 1983 жылы ҚазМУ-ге ауысып педагогикалық және ғылыми жұмысты шебер ұштастыра білді.

Алдан Сапарғалиев 1989 жылы докторлық диссертация қорғап, 1994 жылға дейін Академияның Алатау поселкесіндегі ғылыми орталығында ҚазМу филиалының директоры-ғылыми жетекшісі болды.

Қазақстандағы физикалық электроника және радио-физика саласы бойынша оқу процесінің негізін қалаушы Алдан Асанұлы Сапарғалиев жетекшілігімен Қазақстанда тұңғыш рет «Физикалық мемлекеттік стандарт мамандандыру оқу жоспарының негізі» қаланды. Осы сала бойынша 1988 жылдан бастап теориялық еңбектері Жапония, Франция, Ресей сияқты жоғары технологияны меңгерген елдерде іс жүзінде жүзеге асырылды.

1998 жылы «Перспективалық элементтерді, физикалық приборларды, технологиялық жабдықтар мен радиожүйені өңдеу және жасау» атты үш жылдық мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаны ұйымдастырып, оған басшылық етті. 80-нен астам ғылыми еңбектің авторы. «Электроника және радиожүйе» ғылыми-техникалық орталықтың жетекшісі.

*(«Қазақстан жоғары оқу орнындарының зиялылары» кітабынан. Алматы, 2001 ж.)*

## САРИН

**Аманғали Сарыұлы**

(27.10.1943 ж.т., Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шахта поселкесі), қоғам қайраткері.

Мектеп бітірген соң (1961 ж.) Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, оны 1966 жылы бітіріп шықты. Мамандығы – экономист. 1987 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірді.

А.С. Сарин еңбек жолын 1966 жылы Алматы облысының Балқаш ауданындағы «Бақанас» қой кеңшарында бас экономист болып бастады.

1968-1971 жылдары Жамбыл ауданының «Дегерес» кеңшарында бөлімше басқарушысы, кейін Қаскелең ауданының «Беріктас», Ленин атындағы кеңшарларында директор болды (1971-1983 ж.ж.)

1983 жылы халық депутаттары Еңбекшіқазақ аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1984 жылы Балқаш, 1985 жылы Жамбыл аудандық партия комитеттерінде бірінші хатшысы болып қызмет істеді. 1988 жылдан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инспекторы, осы жылы халық депутаттары Шығыс Қазақстан облыстық Кеңес атқару комитетінің төрағасы қызметінде болды.

Бірнеше мәрте аудандық және облыстық кеңестерінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазақстан Компартиясының XV және XVI съездерінің, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты болды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін республика су шаруашылығы министрлігінде министрдің орынбасары (1991-1993 ж.ж.), ауылшаруашылығы министрлігінде министрдің орынбасары (1993-1995 ж.ж.), Президент әкімшілігі аппаратында инспектор (1995-1997 ж.ж.), Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары (1997-1998 ж.ж.) қызметтерінде болды. 1998 жылдан «Нұр-Райымбек» компаниясының президенті.

Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендері мен бірнеше медальдардың иегері.

**САРИН Дәуренбек**

(1914-1977), соғыс және еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз.

Ақтөбе оқытушылар институтын және Орал пединститутын бітірген. Еңбек жолын 1931 ж. № 13 ауылда бастауыш мектеп мұғалімі болып бастап, кейін орталау, орта мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін Шалқар, Ырғыз аудандарында абыроймен атқарған. Өзі білім саласында болған 46 жылдың 14 жылында Шалқар, Новоресей (қазір Хромтау) аудандарының білім бөлімдерін басқарған, Мұғалімдердің республикалық I, II, III съездерінің делегаты (1935, 1953, 1960), «Қазақ КСР халық ағарту озық қызметкері».

Жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденін алған. Соғыс жылдарындағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбегі еленіп, 8 медальмен марапатталған.

**САРЫ БАТАҚҰЛЫ**

(1863-1893 ж.ж.). Ақын, әнші әрі композитор Сары Батақұлы Талдықұм ауылының Жетей-Ебес деген жерінде туған. Жасынан ән салуға әуестеніп, ел арасында «Әнші бала» атанған. Ол өз әндері арқылы өз заманындағы әділетсіздік пен озбырлықты әшкерелейді. Үстем тап өкілдерінің құдалауымен Ырғыз, Орынбор, Орск (Жаманқала) түрмелерінде болды. Ырғыздағы (Жармола) түрмеде жатқанында Айт-Бұжыр елінен үш мыңдай адам ақын Сарымен қоштасуға барады. Сол кезде Жем бойын аралап жүрген атақты күйші Қазанғап та Сарымен қоштасуға барып, оның зарын көкірегінде түйіп қайтады (А. Жұбанов). Жармоладан Орскіге (Жаманқала) айдалып бара жатқанында патша жендеттері «қашайын деген жерінде атып тастадық» деп жалған акт жасайды да Орскінің солтүстік жағындағы Есенсай деген жерде 1893 жылы Сарыны сотсыз атып өлтіреді. Мұның бір себебі, Сары ақындығымен қоса батыр болған адам. Ол жалғыз өзі қарусыз патшаның он бес солдатына әл бермей қашып кеткен. Сондықтан патша жендеттері Жармоладағы халықтың толқуы мен Сарының қаһарынан қорқып атып тастаған.

Оның «Қыз Қосан», «Дариға», «Әридау», «Дүние», «Сарының Сібірге айдалып бара жатқандағы әні», «Туған ел» әндері адамның жандүниесін, ой-арманың, қиял-сезімін қозғайды. 1940 жылы академик Ахмет Жұбанов «Сары» атты музыкалық пьеса жазды. Сарының әні «Аманкелді» кинофильмінде пайдаланылды.

*Ж.Оралмағамбетов, М.Есмағанбетов, «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі» 146-147 б.б.*

* * *

Сары Батақұлы 1863 жылдар шамасында осы кездегі Ақтөбе облысы Шалқар ауданы, Жетей-Ебестің тұсындағы Талдықұм деген жерде туды. Руы – Кіші жүз ішінде Тілеу, оның ішінде Алтон. Әкесі Батақ өз шаруасы өзіне жеткілікті адам болып, балаларының қандай бағытта болса да, талаптарына қарсы болмай, болғанынша жағдай жасады. Батақтың үлкен әкесі Достан Көтібар, Арыстанмен бірігіп, Кіші жүзден үш мың кісі қол ертіп, Исатайдың көтерілісіне жәрдем берген кісі.

Батақтан бес бала туады... Ең кішісі Сары жасынан ала-бөле көзге түседі. Өзі көркем, денесі әлпетті, алғыр, зейінді, әңгіме айтқан кісіден көзін алмай, кейін соның айтқандырының бәрін бұлжытпастан айтып береді. Дауысы аса күшті, біртүрлі зардың үні бардай ән салса безілдетіп жібереді.

...Сарының өскен ортасы басқа қазақтың мал баққан аулындай тек құйрық пен мүйіз санап өткендер емес, өнердің де базары болды. Аталары Мөңке би өз зама-нында аса тапқыр, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен адам болған. Кердері Әбубәкір сияқты Мөңкенің жаңа заманның бірқатар көріністеріне «бөленің басы» деп қарауы да болған Бірақ Мөңкеден басталған тапқыр сөз дәстүрі ол өреде үлкен орын алады.

*Ахмет Жұбанов, «Замана бұлбұлдары, (224-225 б.б.) Алматы «Жазушы» баспасы, 1975 ж.*

**САРТАЕВ**
**Ағыс Тілеужанұлы**

(1920, Шалқар ауданы № 5 ауыл –1998, Ембі қаласы), соғыс және еңбек ардагері.

Еңбек жолын 1940 ж. Жұрын ауданының № 52 жылқы зауытында есепші болудан бастаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан: атқыштар дивизиясында жауын-

гер, Астраханьдағы жаяу әскерлер дайындайтын училищеде курсант, әскерден 1947 ж. босатылды. Елге оралған соң мектептерде мұғалім, директор, ауд. партия комитетінде бөлім меңгерушісі, екінші хатшысы, кеңшар партия комитетінің хатшысы болып жұмыс стеді.

Қызыл Жұлдыз, Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдарымен марапатталған.

### САРТАБАНОВ Жайшылық Алмағанбетұлы

(22.05.1942 ж., Шалқар ауданы), физика-математика ғылымдарының докторы, профессор.

Шалқар қаласындағы № 1 мектеп түлегі, 1966 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін бітірген. 1966 жылдан осы уақытқа дейін Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде аға оқытушы, (доцент және университет профессоры), 1984жылдан бастап физика-математика факультетінің деканы.

200-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеттің докторлық диссертациялар кеңесінің мүшесі.

ҚР Ғылым және білім Министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «ҚР-ның білім беру ісінің үздігі» құрметті атағы бар.

### САРТҰЛЫ Шүрен

(1905-1980), Шалқар ауданының Көкала (қазіргі Сарт базы) деген жерінде туған.



*Ж.Сартабанов*

1937-1938 ж.ж. А. Жұбанов ұйымдастырған Құрманғазы атындағы қазақ ұлт-аспаптар оркестріне домбырашы-солист болған. Негізінен Қазанғап күйлерін және халықтық қисса, дастандары насихаттаған. Бірақ ішінде діни әдет-ғұрыптар дәріптеледі деген желеумен таспаға түспеген.

### САРНИЯЗОВ Жаныққұл

(а.қ.б. 1901, Шалқар ауданы – 06.02.1972, сонда), қой шаруашылығын өркендетудің майталман маманы, шопан. Еңбек жолын туған ауылында жұмысшы болып бастаған ол 1942-1944 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасып, жаралы жауынгер болып елге оралады; малшы болып жұмыс істейді. 1956 жылдан өмірінің соңына дейін «Айшуақ» кеңшарында шопан, аға шопан болып қызмет еткен ол абыройға ие болды, облыстың 1968,1969 және 1970 ж.ж. «Таңдаулы шопаны» атанды, «Құрмет белгісі» (1966), Ленин (1971) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды. «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» (1975) атағын алды. Бұл күнде еңбек ерінің есімі ел есінде.



*Ж.Сарниязов*

### САРЫСАЙ

Сарысай – Шалқар, Ырғыз аудандары жеріндегі өзен. Шалқар алабында. 741 км$^2$.

С. Қарашолақ тауының солт беткейіндегі бұлақтардан басталып, Ырғыз өзеніне 1 км-дей жетпей, Шабаған елді мекені тұсында тартылып қалады. Аңғары кең. Жауын-шашын, жер асты суымен толығады. Су тапшы жылдары арнасы құрғап қалады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 643 б.*

### САРЫШОЛАҚ БОРАНБАЙҰЛЫ

(1858 ж.т. Ақтөбе обл.-1929, Мұғалжар тауы). XX ғ. 1 ж. Ақтөбе өңіріндегі ақындық дәстүрді жаңа сатыға көтерген ақпа ақын, шайыр, сазгер.

*Руым Жалтуманың*
*Бестоқалы,*
*Еліміз мекен еткен*
*Сарықопаны.*
*Жел сөздің өзім білген*
*арқасында,*
*Әлімге атым шықты*
*алты аталы, –*

деп шыққан тегін, ата қонысын ақынның өзі таңбалап кеткен.

Мырзағұл Шыманұлы бастаған көтерілістің ұйымдастырушысы, әрі ұраншысы бол-

ған, өлең, толғаулары негізінен патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы бағытталған.

Сарышолаққа арнап «Ақын» атты дастанын шығарған Н. Байғанин ақын оны үлгі тұтып, шығармасының басты кейіпкері етіп алған. Кеңес үкіметін дәріптеп өлең шығармағандықтан тәуелсіздік алғанымызша ақын мұралары баспасөз бетін көрмеген. Ел аузында 12 мың жолдан астам өлең, толғаулары сақталған. Оның артында қалған мұрасы тақырып жағынан алғанда жан-жақты, мағынасы терең, көркемдік дәрежесі жоғары. Басқа ақындарда кездесе бермейтін табиғат, сауда туралы, тіл тазалығы, аң аулау жөніндегі өлеңдері, «Тілеу-Қабақ» атты әні бар. Бұдан басқа «Қарақ-ай», «Ұлы Құм» әндері бүгінгі күнге жеткен. Ұлтшыл ақын болғандықтан әлі күнге зерттеусіз «ақтаңдақтар» қатарында. Сарышолақ айтыскер ақын, оның алты айтысы сақталған. Олар –ақынның Бақи сұлумен, Тама қызбен, Тоқсұлумен айтыстары: бұлар қыз бен жігіт айтысының классикалық үлгісіне жатады. Оның әйгілі Кердері Әубәкірмен айтысқаны тарихта бар. Сонымен қатар «Намыс» атты дастан да жазған.

Ақын есімі «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясына енген. Көлемі 16,5 баспа табақ толық өлеңдер жинағы 2006 жылы Алматыдағы «Ел-шежіре» баспасынан кітап болып шықты.

*Ж.Асанов, филология ғылымдарының кандидаты.*

*Әдебиеттер:*

*1. С. Боранбайұлы. Еділден бермен жайлаған. «Жұлдыз» журналы, 2002 ж. № 7*

*2. Н. Байғанин. Таңдамалы. – А., Жазушы, 1991 ж. 116 бет.*

*3. Асанов Ж. Сарышолақтың ақындық шеберлігі. «Жұлдыз» журналы. 1998, №8, 179-192 б.б.*

*4. Кердері Әбубәкірдің Сарышолақпен кездесуі. «Қазақ әдебиеті» газеті, № 32, 14.08.1998.*

*5. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы. – А., 1999, 580 бет.*

*6. С. Боранбайұлы. Азаттық еді аңсаған. – А., Ел-шежіре, 2006.*

**СӘДІРБАЕВ**
**Саймағамбет**

(1905, Ырғыз ауд. Шеңбертал а. – 1977, сонда).

«Қаз.КСР -нің еңбек сіңірген мұғалімі» (1947), Ырғыз, Қарабұтақ және Шалқар аудандарына түгел танымал ұстаз. Еңбек жолын 1926 ж. бұрынғы Қарабұтақ ауданы ізіндегі Бұршақбай бастауыш мектебінде мұғалімдік қызметтен бастаған. 1926-33 ж.ж. Қарабұтақ, Ырғыз аудандарында мұғалім, 1934 ж. Шалқар қазақ орта мектебінде ұстаз, ал 1938 жылдан Ырғыз ауд. Қарасай орталау мектебінің директоры, 1942-55 ж.ж. Ырғыз аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін Шеңбертал орталау мектебінің директоры. С. Сәдірбаевтың халыққа білім берудегі еңбегі «Құрмет Белгісі» орденімен және «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

**СӘРСЕКОВ Әйтек**

(22.03.1908 ж.т., Шалқар ауданы, № 7 ауыл), кеңес қызметінің ардагері. Ақтөбе оқытушылар институтының тарих факультетін бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Еңбек жолын 1928-33 ж.ж. Шалқар ауданы № 10 ауыл кеңесінің төрағасы болып бастады. 1933-35 ж.ж. Ойыл ауданы Алтықарасу МТС-ның директоры, 1935-41 ж.ж. осы ауд. сақтық кассасының меңгерушісі, 1941-42 ж.ж. Жұрын, 1943-45 ж.ж. Мұғалжар ауд. қаржы бөлімдерінің меңгерушісі, 1945-53 ж.ж. Мұғалжар, 1953-63 ж.ж. Новоресей ауаткомының төрағасы. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

*«Ақтөбе» энциклопед., 646 б.*



*Ө.Сейілов*

**СЕЙІЛОВ Өмірзақ**

(04.04.1941 ж.т. Шалқар ауданы, «Сарыөзек» ұжымшары №26а. – 12.02.2003 ж., Шалқар ауданы, Шілікті селосы).

1959 ж. орта мектепті бітіргеннен кейін комсомолдық жолдамамен қой шаруашылығына барып, зейнеткерлікке шыққанға дейін Шалқар ауд. «Тоғыз» кеңшарында аға шопан болды. 1966-75 ж.ж. бағуындағы 600-620 бас саулықтан жүз аналыққа шаққанда жыл сайын тұрақты түрде 102-105-тен қозы алды. Осы мерзім ішінде 15,7т жүн қырқуды қамтамасыз етті.



М.Сейтжапаров

Еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Есімі «Ақтөбе» энциклопедиясына жазылған.

**СЕЙІТЖАПАРОВ**
**Мақсот Сыдықұлы**

(1951 ж. Шалқар қ.) Шалқар қаласындағы №1 мектепте орта білім алғаннан кейін 1974 ж. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын, 2005 ж. Қазақтың Мемлекеттік заң Академиясын бітірген. Еңбек жолы: «Ақтоғай» және «Шетырғыз» кеңшарларында малдәрігері, бас малдәрігері (1974-1982), Ойыл ауданы Құрманов атындағы кеңшарда бас малдәрігері (1982-1985), Байғанин ауданы Крупская атындағы кеңшардың директоры (1985-1993), Исатай ауданында ауылшаруашылық басқармасының бастығы (1993-1994), Ақтөбе облыстық шекарадағы малдәрігерлік бақылау қызметінің бастығы (1994-1996), Шалқар ауданының әкімі (1996-1998), Ақтөбе облыстық миграция және демография басқармасында бөлім бастығы, облыстық малдәрігерлік зертхана директорының орынбасары (1998-



А.Сейтмағанбетов

2001), Ақтөбе және Атырау облыстық соттар әкімшілерінде сот орындаушы, аға сот орындаушысы, соттардың қызметін ұйымдастыру бөлімінің бастығы (2001-2006). 2006 жылдан ҚР Жоғарғы соты жанындағы сот әкімшілігі жөніндегі Комитетінің ішкі әкімшілік басқармасының бастығы қызметін атқарып келеді. «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

**СЕЙТМАҒАНБЕТОВ**
**Аманқос Сейілұлы**

(30.01.1943 ж.т. Шалқар ауданы, Талдықұм ауылы), жоғарғы санатты дәрігер.

Шалқар қазақ орта мектебін бітірген (1959). Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын тәмамдаған соң (1967) туған ауданында (№ 11 ГКС, Бегімбет селосында) аурухана бас дәрігері (1967-1970), Шалқар аудандық СЭС-тің бас дәрігері (1970-1974), Шалқар т.ж. емханасының меңгерушісі, осындағы желілік аурухананың бас дәрігері (1974-1997), Шалқар аудандық орталық емханасының меңгерушісі (1997-2007) қызметтерін абыройлы атқарды. «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Ерен



Ә.Сейітов

еңбегі үшін» медалі мен «ҚР Конституциясына – 10 жыл» төсбелгісінің иегері. «Шалқар ауданының жыл адамы-2005».

**СЕЙІТОВ Өтеген**

(15.09.1923 ж.т. Шалқар ауданы, Ақтоғай а. – 14.12.1997 Алматы қаласы), білікті заңгер, мемлекет қайраткері.

Еңбек жолын 18 жасында бастаған Өтеген Сейітұлы 1941 жылдан (43 жыл бойы) прокуратура жүйесінде: әуелі облыстық прокуратурада хатшы, кейін канцелярия бастығы, аудандық прокурордың тергеушісі, тергеу бөлімінің прокуроры. Осы жұмыстарды ол 1949 жылға дейді атқарған. Содан кейінгі жылдарда қызметте үнемі өсу жолында болды: 1950-1951 ж.ж. облыстық прокуратураның аға тергеушісі, 1951-1959 ж.ж. республика прокурорының тергеу бөлімінің прокуроры. Одан соң әуелі Сталин (Алматы қ.) ауданының, кейін Алматы облысының прокуроры болып қызмет істеді. Бұл 1959-1962 ж.ж. аралығы болатын. Ал 1962-1966 ж.ж. Қазақ КСР-і прокурорының Бірінші орынбасары қызметін атқарды. 1966 жылдан 1984 жылы зейнеткерлікке шыққанған шейін

18 жыл бойы Қазақ Республикасының прокуроры қызметінде болды. Содан кейін үш жылдай Республика Жоғарғы Кеңес Президиумында заң кеңесшісі.

Осы қызмет жолдарының арасында Ұлы Отан соғысының отты жылдары жатыр. 1941 ж. Ашхабадтағы 6 айлық командирлік курс... Сталинград майданы, Көрші елдерді азат ету. 1945 ж. Жеңіс.

«Бастан кешкен ауыр күндердің бірі – Ұлы Отан соғысы. Соған тікелей қатысып, елімізді жаудан қорғағанымды өзіме үлкен бақыт санаймын» (Ө.Сейітов).

Бірінші дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, 20 медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің төрт шақырылымы депутаты, «Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері», «Прокуратураның құрметті қызметкері», «Өмір өткелдері» кітаптың авторы. Шалқар қаласында атында көше бар.

### СЕҢСЕҢ

Иленген қозы (1-3 айлық) терісі. С. елтіріден гөрі өскелең, сала-сала болып бұйраланып тұрады. С-ді илеп, одан бөрік, құлақшын, тымақ, ішік, т.б. киімдер тігеді. С-нен құрап, матамен астарлап, төрге төсейтін бөстек жасайды.

*ҚҰЭ, 7-том, 658-бет.*

### СЕРНЕ ЖЕУ

Жылқышылар арасындағы кәде-жоралғылардың бірі. Қыста соғым сойылған соң жылқышы сәнді киініп, айғыр ерттеп мініп, ауыл аралап, қыдыруға шығуын С.ж. деп атайды. Айғырды жылқышы жайшылықта, қыстан басқа жыл мезгілдерінде мінбеген. Хандар мен сұлтандардың ғана мініс көлігі болғандықтан, айғыр мініп ауылға келу үлкен мәртебе саналған. Айғыр мініп келген жылқышының құрметіне мол ет асылып, қазан көтерілген. Бұл салтанаттың түпкі мәні соғым малы жылқы мен оны бағып-қағатын жылқышыға деген құрметтен туындаған.

*Д.Қатран. ҚҰЭ, 7-том.*



*Ж.Симбетов*



*А.Ө.Сисембина*



*С.Сисембин*

### СИМБЕТОВ
**Жеңсікбай Санатбайұлы**

(14.03.1948 ж.т. Шалқар қаласы), ҚР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

Шалқар №1 орта мектебін (1966), Алматы дене тәрбиесі және спорт институтын (1986) бітірген. Спортпен 1960 ж. айналысып келеді, грек-рим күресінен КСРО Спорт шебері (1979), Шалқардағы №1 спорт мектебінің басшысы: директордың орынбасары (1977-1984), директоры (1984 ж. бері).

«ҚР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» (1991). Шалқар ауданының «Жыл адамы» (2001).

### СИСЕМБИНА
**Алма Өмірсерікқызы**

(06.03.1965 ж., Шалқар қаласы, Ақтөбе облысы). Екі педагогикалық ЖОО-нын бітірген: А.С. Пушкин атындағы Орал пединститутын (1988), Қазақтың мемлекеттік қыздар пединститутын (2002) орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша (екеуін де үздік дипломмен бітірген). Педагогикалық қызмет өтілі мамандықтары бойынша 26 жыл.

Еңбектері мен жетістіктері: 12 жылдық білім беруге арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар авторы (2002-2008 жж.); Орыс мектептеріне арналған «Қазақ тілі» оқулығы (1,2,3,4-сыныптар); 1,2-сыныптарға арналған жұмыс дәптерлері; Диктанттар жинағы (3-сынып); 4-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар Қазақстан Білім және ғылым министрлігі жанынан ашылған «12 жылдық білім беру мәселелері орталығы» (Центр по проблемам 12-летнего образования») қолдауымен «Алматыкітап» баспасынан шығарылып, Қазақстан мектептерінде тәжірибеден (эксперименттен) өтті.



А.Сисембин

2008 жылы 1-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығы (11 жылдық орыс мектептеріне) жарық көрді.

**СИСЕНБИН**
**Амангелді Қазыұлы**

(1959 ж., Шалқар ауданы, Қауылжыр бекеті). Еңбек жолын 1976 ж. Қазақ теміржолына қарасты Бершүгір жол дистанциясында жол жөндеуші болудан бастаған. 1977-1979 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етіп келгеннен кейін жол бригадирі, жол шебері болып істеп келеді. Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» орденін алған бірінші Шалқарлық азамат.

**СИСЕНБИН Сражадин**

(1928 ж.т., Шалқар ауданы-10.09.1998 Шалқар ауданы, Қауылжыр т.ж. бекеті), үздік т.ж. шебері. Еңбек жолын Қауылжыр бекетінде ашылған балласт карьерінде жұмысшы болып бастаған, кейін осы карьерде бригадир, шебер қызметінде болған (1943-1959 ж.ж.).

1959 жылы Орынбор теміржолына қарасты 8-ші Біршоғыр жол дистанциясында жол жөндеуші болып орналасты, жол бригадирі, жол шебері қызметтерін атқарды.



Қ.Сүйеубаев

Қазақ темір жолы бойынша «Үздік жол шебері» (1975), Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған (1974).

**СҮЙЕУБАЕВ**
**Құлыбек Сүйеубайұлы**

(1942 ж. Шалқар ауд. Қопасор ауылы). Мектеп бітіргеннен кейін еңбек жолын ауылда механизатор болып бастаған. 1965 ж. Орал пединститутын бітіргеннен кейін 1973 ж. дейін І.Үргенішбаев атындағы орта мектепте мұғалім, мектеп-интернатта (қазіргі № 3 орта мектеп) директордың орынбасары (1973-1979), аудандық білім бөлімінің инспекторы, аудандық ғылым және ағарту қызметкерлері кәсіподағының төрағасы (1979-1983), ГКС-12 орта мектебінің директоры (1983-1984), ГКС-12 бастығының орынбасары (1984-1987), ГКС-12 орта мектебінің директоры (1987-1996), аудандық білім бөлімінің меңгерушісі (1996-2003), № 2 мектеп-гимназия директоры (2003-2007) қызметтерін атқарды. 2007 ж. бері Шалқар қаласындағы оқушылар сарайы ММ директоры. «ҚР-10 жыл» мерекелік медалімен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚР білім, спорт және денсаулық министрлігінің Құрмет грамотасымен, Ы.Алтынсарин атындағы белгімен марапатталған. ҚР білім беру қызметкерлері съезінің делегаты, Шалқар ауданының жыл адамы.

**СӨЗ ҰРАН**

Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» атанған атақты 1723 жылдан басталатын жүз жылдық соғыста сөз ұранның айбыны өте күшті болған. Әрі қарай тарих қойнауына үңіле түссек, түркі тілдес халықтардың көбісінің ортақ ұраны – Алаш болған. Алашқа-түрікпен, өзбек, татар, башқұрт, қазақ, қырғыз кіреді. Осылар бірігіп дүниеге алты Алаш болып жайылған.

Алаштың да ұранға айналуы жайлы тарихта екі түрлі дерек бар. Оның біріншісі: моңғол-татарлар хандығы қарауындағы жасаққа «біз Аленше ханның баласымыз, жауға шапқанда «Аленше» деп шабыңдар, сонда жеңіске оңай жетеміз деген». Сол сөз келе-келе «Алаш» болған дейді.

Екіншісі: қалмақтар Ахмет ханды «Алаш» деп атаған. «Алаш» – қалмақша жан алғыш, қанішер деген сөз екен. Қазақ пен қалмақ жауласқанда Ахмет хан «жауға алаштай шабыңдар, сонда жау қашар» дейді. Содан бері «Алаш» сөзі ұран болпты деген сөз бар. Қалайда, жауға қарсы шапқанда сөз ұран жауынгерлерге жігер, отты рух беріп отырған.

Бертін келе әр халықтың, тіпті әрбір рудың өз ұраны болған. Яғни жауға шапқанда өздерінің пір тұтатын әруақтарының- атабабаларының атын айтып ұран ғып, ұрыс даласын күңірентетін болған. Қай жақтың ұраны басым

естілсе, көбіне сол жақ жеңіске жеткен, Сонымен, қазақ руларының мынадай ұрандары болған:

Төренің ұраны – Арқар, Қожаның ұраны – Алла,

Керейдікі – Қабанбай,

Уақтікі – Жаубасар,

Байұлыда үш ұран:

Беріштікі – Ағатай.

Алашанікі – Байбарақ.

Адайдікі – Шағырай-Бекет.

Табындікі – Тостаған.

Таманікі – Қарабура.

Жағалбайлінікі – Манатау.

Шөмекейдікі – Дөйт.

Төртқаранікі – Айыртау.

Шектінікі – Бақтыбай.

Атақты жазушымыз Әбіш Кекілбаев «Әйтеке би» деген көлемді тарихи мақаласында: «Қазақ ұлыстары тек сұлтандардың ықпалында кетпес үшін әр ұлыстың өз ұлысбегі, өз қолбасшысы, өз пірі болды. Оның біреуі «Арқар» ұранды төреден, біреуі «Алла» ұранды қожадан, біреуі «Алаш» ұранды қарадан қойылды» дейді. Демек, Бақтыбайға дейінгі алты аталы Әлімнің де ұраны «Алаш», Шектінің ұраны «Құл» болған.

*Әдеб: Ж.Оралмағамбетов, М.Есмағанбетов. «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі».*

## СТАТИСТИКА

Статистика – ғасырлар түкпірінде пайда болған сала. Мемлекеттің құрылуы мен дамуы туралы ақпарат алу қажеттілігі туғанда статистика әр уақытта мемлекеттің ажырамас бөлігі болды. Статистика латынның «статус» деген сөзінен шыққан, ол оқиғаның жай-күйін, жағдайын білдіреді. Негізінен Қазақстан статистикасының тамыры тереңде жатыр. қазіргі Қазақстан аумағында тұрақты және орталықтандырылған статистикалық қызметтің пайда болуы XVIII ғасырдың екінші жартысында, яғни Қазақстанның Ресей империясының құрамына кірген кезеңіне жатады. Кейін Қазақстанның жалпыға бірдей халық санағы 1897 жылғы – ақпанда өткізілген. Қазақстанда бірінші ресми түрде құрылған күні 1868 жылдың 22 қаңтары, ал 1920 жылға дейін Қазақстанда жоғарыда аталған статистикалық қызметтерді біріктіретін біртұтас статистикалық орган болған жоқ.

1920 жылғы 26 тамызда РСФСР құрамында Қазақ Автономиялы Социалистік Республикасы болып құрылғаннан кейін, Қазақ АССР Үкіметі өзінің 1920 жылғы 8 қарашадағы қаулысымен «Қазақ АССР-да мемлекеттік статистика туралы Ереже» бекітіп, Қазақ АССР-да статистика басқармасын құрды.

Шалқар ауданында статистика тарихы осы кезден басталады. Алғашқыда инспектуралар құрылды, кейін басқарма, қазір сектор, бөлім болып жұмыс істеп келеді. Статистикалық қызмет негізінен үш салаға бөлінеді: білім саласы – қоғамдық құбылыстарды зерттейтін ғылым, екінші – практикалық қызмет саласы: оның жұмысы – қоғам өміріндегі жаппай құбылыстар мен процестер туралы деректерді жинау, өңдеу, талдау және жариялау, үшінші – қоғамдық өмірдегі жаппай құбылыстар мен процестердің жай-күйін сипаттайтын цифрлық мәліметтердің жиынтық саласы.

*Х.Өтегенов.*

## СҰЛУ Аққісіқызы

Шамамен XVII ғ. 60-80 жылдарында өмір сүрген. Қазіргі Шалқар ауданындағы Мұзбелдің терістігіндегі «Сұлу төбе» деген жерде дүниеге келген. С.А. аты Әлімге белгілі Аққісінің тоғызыншы перзенті, Бәйімбет батырлардың қарындасы. Ол жасынан қайратты, парасаты мол болып өскен. 17 жасында «құдыққа түсіп кеткен тайды бір өзі шығарып» атағы шыққан. 18 жасында Айттың баласы Тілеуге тұрмысқа шыққан. Сұлудың «Тілеу адамның сұңқары болған» деген сөзі Тілеудің тарихи тұлғалық болмысын айқындайтын дерек болып қалған. С.А. Мөңке сынды үш жүз жылдығын болжаған әулиені дүниеге келтірген, оны тұла бойындағы барлық асыл мейірін төге аялап өсірген Ана! Ол Тілеу жоңғарлармен шайқаста қаза болғасын, екі жылдан соң, шамамен 1688 жылы дүниеден өткен. Тілеудің көзі тірі кезінде Сұлуға, қазіргі Мөңке ауылының батысындағы Сұлукөлді (Сүттікөлді) еншілеген. Мөңкенің ту тіккен жері – сол Сұлукөл. С-дың бейіті қазіргі «Сүттікөл» деп аталатын көлдің шығыс жағындағы биіктің басында.

*Зәкіратдин Байдосұлы, Қ.Жұбанов ат. мем. универс.-тің профессоры.*

## СҮЙІНІШӘЛИН
### Сұлтан (Хансұлтан)

(1905, қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. – 1941) – қайраткер, саяси қуғын-сүргін құрбаны.

Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Бүкілодақтық коммунистік ун.-тін (1932) бітірген. 1922-



Б.Сүлейменов



Қ.Сүлейменов



Қ.Сүлейменов

1929 ж.ж. Шалқар қалалық милиция қызметкері, Ақтөбе партия-кеңес мектебінің тыңдаушысы, БЛКЖО Шалқар уездік к-ті саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі, хатшысы, Қарсақпай уездік к-тінің хатшысы, Қостанай окр. к-тінде меңгеруші, окр. көшпелі партия мектебінің жетекшісі болды. 1932-1938 ж.ж. Алматы обл. к-тінің насихат секторының меңгерушісі, Риддер қалалық к-тінде меңгеруші, 2-хатшы, Қазақстан К(б)П ОК-ның бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР-і халық ағарту халық комиссары қызметтерін атқарған. 1938 ж. тұтқындалып, түрмеде қайтыс болды. 1955 ж. қыркүйекте ақталған.

*Әдеб: Қазақстанның халық комиссарлары (1920-1946), А., 2001. ҚҰЭ, 10 том, 240 бет.*

**СҮЛЕЙМЕНОВ Бекежан**

(12.12.1912, Ақтөбе обл. Шалқар ауд. – 30.6.1984, Алматы), ғалым, тарих ғыл. докт. (1965), проф. (1968), ҚР ҒА-ның корр. мүшесі (1972). Мәскеудегі К.Либкнехт атынд. Меммл. пед. ин-тның тарих ф-тін бітірген (1938). 1938-42 ж.ж. қазіргі Абай атынд. Қазақ ұлттық пед. ун-тінде оқытушы, 1942-43 ж.ж. қазіргі Абылай хан атынд. Халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-тінің ректоры, 1943-45 ж.ж. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінің Тіл, әдебиет және тарих ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1946-52 ж.ж. Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археол, және этнология ин-тында бөлім меңгерушісі болды. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатын зерттеумен шұғылданды. 1- орыс революциясы тұсындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері жайында еңбектер жазды. Е.Бекмахановтың негізсіз айыпталуына қарсылық танытып, оның Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы ғыл. тұжырымын қолдады. 1952 ж. С-тің өзі де кеңестік тоталитарлық жүйе тарапынан қысымшылыққа ұшырады. Оның еңбектеріне «реакциялық пиғылдағы бай феодалдарды, хандар мен сұлтандарды дәріптеді, ұлтшылдық идеяларды насихаттады» деген айыптар тағылып, сот шешімімен 25 жылға сотталды. Жазасын Иркутск обл-ндағы еңбекпен түзету лагерінде өтеп жүрген кезінде 1954 жылы ақталып шықты. Осы жылы Уәлиханов атынд. Тарих, археол. және этнология ин-тына ғыл. қызметкер болып орналасты, 1957 жылдан ин-ттың революцияға дейінгі Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі болды. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезіндегі агр. мәселе, 1916 жылғы көтеріліс және Қазақстандағы қоғамдық ой-пікір мен ағартушылық тарихы туралы ғыл. еңбектерін жариялады. Ы.Алтынсариннің шығармалар жинағын құрастыруға жетекшілік етті. 1980 ж. Уәлиханов атынд. сыйлық берілді.

*Әдеб: «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 8-том, 107-б.*

**СҮЛЕЙМЕНОВ Қапар**

(10.03.1923, Шалқар ауданы №7 ауыл – 9.05.2001 ж., Шалқар қаласы), соғыс және еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз.

Ақтөбе педучилищесін (1952 жылы), Орал пединститутын (1962 жылы) бітірген.

1944-1950 ж.ж. КСРО Қарулы Күштері қатарында болған, Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Ауданның Қызыл Ту, Шилібасат, Қорғантұз, Калинин атындағы мектептерінде, аудандық білім бөлімінде басшы қызметтерінде болып, білім беру саласында 48 жыл мінсіз еңбек еткен.

«Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі мен бірнеше медальдардың иегері.

**СҮЛЕЙМЕНОВ**
**Қыпшақ Абдулғазизұлы**

(25.08.1943 ж.т. – 22.12.2005, Шалқар қаласы), дәрігер-рентгенолог, УЗИ маманы, медицина қызметінің белгілі ұйымдастырушысы.

1960 ж. Шалқар қазақ орта мектебін, 1966 ж. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын бітірген. Дәрігер-терапевт. 1969-1979 ж.ж. Шалқар ауданы бас дәрігерінің орынбасары бола жүріп, ауданда рентгенологиялық қызметтің дамуына өз үлесін қосты. 1979-1986 ж.ж. Біршоғыр туберкулезге қарсы емдеу санаторийінің бас дәрігері болған ол санаторийді жыл бойына жұмыс жасау желісіне көшіріп, 75 орындық қосымша корпус салдырды. «КСРО денсаулық сақтау үздігі» (1983) белгісімен марапатталды.

Қыпшақ Абдулғазизұлы – 1992-1994 ж.ж. Шалқар қалалық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1994-1996 ж.ж. Шалқар қаласының әкімі ретінде қаладағы көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге үлкен үлес қосты. Шалқар ауданының 2001 ж. «Жыл адамы». Аудандық, қалалық кеңестеріне бірнеше рет депутат болып сайланды.

Баласы Қуаныш Сүлейменов те дәрігер, қызметі – медицинаның урология саласы, облысқа белгілі маман.

2007 жылдан бастап ҚР медицина жоғарғы оқу орындарының бакалавриат жүйесіне байланысты Ақтөбе медакадемиясы тарихында алғаш рет ашылған Оқу-клиникалық орталығының жетекшісі және урология курсының ассистенті қызметін қоса атқарады. Сертификаты бар.

17 ғылыми еңбегі жарық көрген. Практикалық денсаулық сақтау ісіне 1 емдеу-диагностикалық ұсынысы енгізілген. «Батыс Қазақстан аймағында несеп тас ауруы мен гиперпаратиреоз жағдай арасындағы байланысты зерттеу» тақырыбында диссертация дайындау үстінде.


*М.Сыдықов*

**СЫДЫҚОВ**
**Мәжит Сыдықұлы**

(08.01.1925 ж.т., Шалқар ауданы №1 ауыл – 14.02.2000 ж. Шалқар қаласы), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері.

Еңбек жолын Шалқар аудандық халық соты мекемесінде сот орындаушысы қызметінен бастап, әр салада әр қилы еңбек етті. 1961 ж. Шалқар қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің бастығы болып тағайындалып, оны 1986 жылға дейін 25 жыл бойы мінсіз басқарды: қала көшелерін асфальттау, ағаш отырғызып көркейту, қалаға газ келтіріп, тұрғындарға көгілдір отын игілігін көрсету, су құбырларын ұлғайтып, жаңарту, жылу жүйесін «жаңа әдіспен» жөндеу (1963-1986), көгілдір экраннан хабар алу, ол үшін Шалқарда телемұнара орнатып, оны монтаждау (1965-1966), т.б. игі істер М.С.Сыдықовтың басшылығымен жүзеге асты. Еңбегі еленді: «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрмыстық қамту қызметкері» (1981), «Шалқар қаласының құрметті азаматы (1996), «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерінің және бірнеше медальдардың иегері. Шалқар қаласында атында көше бар.


*Р.Сыдықов*

**СЫДЫҚОВ**
**Рахат Мәжитұлы**

(03.07.1962 ж.т. Шалқар қаласы), Шалқар ауданының әкімі.

Орта мектепті Шалқар қаласында бітірді. Алматы архитектуралық-құрылыс институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдап (1986), еңбек жолын Ақтөбе өндірістік газ шаруашылығы бірлестігінің бас инженері болып бастаған ол 1988 жылы Шалқар газ шаруашылығы басқармасына басшы бо-

лып ауысып, бұл қызметті 2002 жылға дейін атқарды. Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты болды. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетін 2004 жылы бітірді, екінші мамандығы – экономист-менеджер.

2002 жылдың маусым айынан бастап Шалқар ауданының әкімі.

Р.М.Сыдықовтың атқарған жұмыстарына берілген оң баға «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» (2006), «Астанаға 10 жыл» (2008) медальдарымен және «Құрмет» орденімен (2006) марапатталды.

## СЫНТАС

Ерте заманда бір байдың перзенттен жалғыз қызы болыпты. Қызы ерке, шолжың болып өссе керек. Бай бойжеткен қызына жасау әзірлеген екен. Қызым разы болсын деген оймен бай байлығын жасауға жұмсайды. Көп кешікпей көрші елдің баласы құда түседі. Қыз ұзатылады. Оның көші үлкен керуен болып жолға шығады. Бай қызына айтады:

– Қызым, жасауыңа разысың ба? – дейді.





Қ.Сырлыбаев

Сонда қызы:

– Қайдан разы болайын, сырығым сырланбады, босағам борланбады, – деген екен.

Мұны естіген әкесі қатты қапаланып, кетіп бара жатқан көштің соңынан:

– «Қара тас бол да қатып қал!» деген екен, сол мезет үлкен көші қара тасқа айналып кетіпті-міс. Белес-белес құм төбелердің арасында биіктігі 80-метрдей тас алыстан айқын көрінеді. Ол түйе үстінде отырған қыз бен сұлап жатқан түйе бейнесіне ұқсайды. Сол Сынтас Есет Көтібарұлы ауылдық округі территориясында, Алағозыдан 30 шақырым жерде, шұрайлы қоныс. Бұл өңір «Алағозы-Сынтас» деп аталады. Шалқардан 115, Алағозыдан 30 шақырым қашықтықта.

## СЫРЛЫБАЙ

Сырлыбай – Шалқар ауданындағы өзен. өлкейек алабында. Ұз. 65 км, су жиналатын алқабы 213 км². С. Мұғалжардың шығысындағы қыраттан басталып, Қаражар елді мекені тұсында Шетырғызға құяды. Арнасы тік жарлы. Жауын-шашын, жер асты суларымен толығады. Жазда өзен суы иірімдерге бөлініп қалады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 659 б.*

## СЫРЛЫБАЕВ
### Қаналы Жаналыұлы

(1950 ж., Шалқар ауданы). КСРО Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты (1979 ж.), КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1979-1984 ж.ж.), «Құрметті теміржолшы» төсбелгісінің иегері. Орта мектепті және темір жол училищесін бітіргеннен кейін еңбек жолын 1970 ж. тепловоз машинисінің жәрдемшісі болып бастаған. Кейін тепловоз машинисі, локомотив депосы бастығының орынбасары, депо кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1986-1992 ж.ж. Шалқар аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1992-2003 ж.ж. Шалқар стансасы локомотив депосының бастығы, ал 2003 ж. осы кезге дейін Шалқар стансасы қалпына келтіру пойызының бастығы қызметін атқарып келеді.

*Қайта бір кең дала, еңселі Шалқар,*
*Сынтастай сырлы таптым ой, сымбаттым Шалқар.*
*Аяққұм толы ақтылы қой қымбатты үн, Шалқар,*
*Айғағы соның айнымас осы өлең, Шалқар!*

*Е. Дүйсенбаев, ақын.*

# Т



Қ.Табаналы



Н.Табулдинов



Ж.Таганов



Б.Таганов

**ТАБАНАЛЫ**
**Қуаныш Құрманбайұлы**

(2.03.1951 ж.т., Шалқар ауданы, № 7 ауыл), ұстаздардың ұстазы.

Осы ауданның Қайыр, № 496 т.ж. мектептерінде оқып, 1968 жылы бітірген. Білімі – жоғары: Гурьев (Атырау) педагогикалық институтының (1973) түлегі. Мамандығы бойынша (1973-1977) мұғалім, мектеп директоры болып жұмыс жасаған ол кейін Гурьев (Атырау) облысының Новобогат ауданында білім бөлімінің меңгерушісі, ауатком төрағасының орынбасары қызметтерін абыройлы атқарды (1977-1987). 1987 жылдан бері Шалқар ауданында (мұғалім, мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры), 2003 жылдан бастап аудандық білім бөлімінің бастығы қызметінде. «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1994 жылы), «Ыбырай Алтынсарин» медалі (2007 жылы) мен басқа да бірнеше марапаттардың иегері.

**ТАБУЛДИНОВ Нажмадин**

(1915 ж. Шалқар ауд. № 2 ауылында дүниеге келген). Еңбек жолын 1934 ж. Бершүгір жол дистанциясында жол жөндеушіліктен бастаған. 1939-1947 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті, Ұлы Отан соғысына қатысты. 1947-1985 ж.ж. дистанцияда аға жол шебері болып қызмет етті. «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

**ТАҒАНОВ Жұмағали**
**Тағаниязұлы**

(а.к.б. 1907 ж.т. Шалқар ауданы Талдықұм ауылы – 3.08.1978 Шалқар қаласы). Полиграфия ісінің байырғы маманы.

Еңбек жолын 1933 жылы Қайыңды ауылдық кеңесінің хатшысы болып бастаған. Бірқатар уақыт дайындау орындарында қызмет еткен. Ол 1935 жылдан бастап Жұрын аудандық «Сталиндік дәуір» газеті редакциясына жұмысқа кірген.

1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатынасып, әріп теруші болып жұмыс жасаған. Майданнан оралғаннан кейін де Ақтөбе облысының аудандарында әріп теруші, бет құрушы, баспахана меңгерушісі болып қызмет еткен.

1954-1963 ж.ж. Жұрын және Темір аудандық баспаханаларының, ал 1963-1971 ж.ж. Шалқар аудандық баспаханасының меңгерушісі болып қызмет еткен. 8 жауынгерлік медальмен, көптеген дипломдармен марапатталған. «СССР Полиграфия ісінің үздігі».

**ТАҒАНОВ**
**Берік Жұмағалиұлы**

(06.12.1958 ж.т. Шалқар қ.). Әке жолын қуған полиграфист, техника тілін терең меңгерген баспахана маманы.



*Ж.Тағыберген*

Еңбек жолын 1976 ж. баспаханада газет басушылықтан бастады. 1992 жылдан бері Шалқар аудандық баспаханасының директоры (баспахана 2000 ж. «Мұрагер» ЖШС-не айналды). Бұл күндері «Мұрагер» кәсіпорны Шалқар, Ырғыз аудандарына таратын 5 газетпен бірге брошюра, кітап, түрлі баспа өнімдерін шығарады. Бас директор Б.Ж.Тағанов «Шалқар ауданы жыл адамы-2003», 2 бірдей Елбасы Алғыс хатының иегері, басқа да марапаттары жеткілікті.

**ТАҒЫБЕРГЕН**

**Жамашұлы**

1846 жылы туған, 1919 жылы қайтыс болған. Бейіті Қошқаратада. Ел арасында Тағыбергеннің қайырымдылығы, адамгершілігі жөнінде әңгімелер өте көп.

Тағыберген Жамашұлы алып күш иесі болумен бірге, ақылпарасаты мол, беделді би болған адам. Байлық қумаған. Өзінің отыз-қырық нөкерімен ел аралап, сол кездегі саясатқа араласып, өзі өлгенше Қошқарата болыстығын басқаруды уысынан шығармаған. Ел-жұртқа қайырымды болған.

1918 жылы Маңғыстау түбегінен оқ-дәрі, қару-жарақпен келе жатқан Әліби Жанкелдин отрядының тынығуына, керуеннің ілгері қарай қауіпсіз жылжуына жағдай жасайды. Көлікпен жәрдем береді. Риза болған Әліби Жанкелдин Тағыбергенге астындағы атын, бесатар мылтығы мен қайқы қылышын қоса сыйлаған деген әңгіме бар.

Негізінде Тағыберген батыр, еліне қамқор, жұртына сыйлы болған адам. Шалқарда батыр атында көше бар.



*Ж.Тажин*

**ТАЖИН Жанжа**

(30.05.1930 ж.т., Шалқар ауданы 24-ауыл). Жастайынан жұмысқа араласқан: 1945 ж. ұжымшарда есепші (1945-1949) болған; 1949-1952 ж.ж. Темір қаласындағы ауылшаруашылығы техникумында оқып, бітірген соң Шалқар аудандық ауылшаруашылық бөлімінде зоотехник, аудандық жоспарлау комиссиясында аға экономист (1952-1955), аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1955-1959), ауданның Жданов атындағы ұжымшарының төрағасы (1959-1962). Кейін облыстың Новоресей, Октябрь аудандарында зоотехник, бас зоотехник болып қызмет атқарды (1962-1968 ). Бүкілодақтық ауыл шаруашылық институтын (Москва қаласында) бітірген (1963), аспирантурада оқыған, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атағы бар. Мамандығы бойынша Жұрын тәжірибе станциясында, Ақтөбе қаласындағы қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық бөлімінде жауапты қызметтерде 1997 ж. дейін болған. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТАЖУТОВ**

**Ахас Хайырұлы**

(25.12.1955 ж.т. Шалқар қ.), 1982ж. Алматы шет тілдер педагогика институтын бітірген, ағылшын, француз және неміс тілдері бойынша пән мұғалімі. 1982-92 ж.ж. КСРО Авторлар құқы Ассоциациясы Қазақ бөлімінің кеңесшісі, Навои электрохимия зауытында (Өзбекстан) шетел мамандарының аудармашысы, шет елдермен достық және мәдени байланыс қоғамының «Советский Казахстан сегодня» журналының редакторы, «Арай-Заря» журналының шолушысы, 1992-97 ж.ж. ҚР Баспасөз және бұқаралық Ақпарат құралдары Мин-лігі бас басқармасы бастығының орынбасары, шығармашылықпен айналысатын «Алдаспан» ассоциациясының кеңесшісі, «Караван» акционерлік қоғамы «Аруана» газетінің тілшісі, «Время-Дәуір» газетінің бас редакторы, Қазақстан Халық бірлігі партиясы ОК хатшысы, 1996-97 ж.ж. «Новое поколение» газетінің бөлім меңгерушісі. «Түркістан» газетінің шолушысы, ҚР Премьер-Министрінің баспасөз хатшысы, баспасөз орталығының жетекшісі.



А.Тамаев

### ТАМАЕВ
### Алпысбай Тамайұлы

(20.09.1960 ж.т. Шалқар ауданы), доцент. №1 Шалқар орта мектебін (1977), Абай атындағы КазПи-ді (1982) бітірген, қазақ тілі маманы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қазір өзі оқыған ЖОО-нда доцент.

### ТАМПИЛОВ Нұрмұханбет

(1928 ж., №15 ауыл, Шалқар ауданы) – мектеп мұғалімі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі.

Ақтөбе мұғалімдер институтын (1948), Гурьев педагогика институтын (1963) бітірген, математик. 1945 жылдан мұғалімдік қызметте. Еңбек жолын Шалқар ауданының Есентай бастауыш мектебінде бастап, Байғанин ауданының Жаңажол, Жарқамыс мектептерінде физика, математика пәндерінен сабақ берді, мектеп басқарушы қызметін атқарды. Оқушылардың пәндік бағдарламаларды толық меңгеруін қамтамасыз етті, оқыту сапасын арттыру жөніндегі жаңа технологияны енгізді, әдістемелік жұмыстарды жетілдірді. Байғанин ауданының зиялы азаматы, «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» атағын облыста алғашқы алғандардың бірі.



Ғ.Танабергенов

### ТАНАБЕРГЕНОВ Ғазиз

(а.к.б. 1908 ж.т., Шалқар ауданы – ақпан айы 1986 ж., Шалқар ауданы Біршоғыр ауылы), озат теміржолшы.

1927 жылдан т.ж. бойында: жол жөндеуші, аға жол жөндеуші, жол бригадирі. «Құрметті теміржолшы» (1945), Еңбек Қызыл Ту (1951), Ленин (1953) ордендерінің, бірнеше медальдардың иегері.

### ТАҢАТАРОВ Бақытжан

(1947 ж.т., Шалқар с) – құрылыс инженері, Қазақ химия-технология институтын бітірген (1969). Кейін «Шымкентселоқұрылыс», «Казтрансқұрылыс» трестерінде тас қалаушы, шебер, жұмыс жүргізуші, аға жұмыс жүргізуші, бастық (1969-1979), «Маңғыстаумұнай» өндіріс бірлестігінде құрылыс-монтаж басқармасында бас инженер, «Маңғыстаумұнайгазқұрылыс» тіресінде бастықтың орынбасары (1979-1983), «Ақтөбемұнайқұрылыс», «Қазақмұнай құрылыс-монтаж» трестерінде бастық (1983-1987). КСРО мұнайгаз құрылыс министрлігі басқармасы бастығының Қазақстан бойынша орынбасары (1987-1990) қызметтерін атқарды.



Т.Таңатаров

1991-96 ж.ж. «Маңғыстаумұнайгазқұрылыс» концерні төрағасының орынбасары, «Мұнайгаз құрылыс» МХК-нің вице-президенті, 1996 жылдан «Қазақ Ойл» ұлттық мұнай компаниясы «Астана құрылыс» акционерлік қоғамының президенті.

«Құрмет» ордені, басқа да марапаттары бар.

### ТАҢАТАРОВ
### Төлеужан Таңатарұлы

(15.03.1946 ж.т., Шалқар ауданы, Қарасай а. – 23.07.2007 Алматы қаласы), күрделі геологиялық жағдайларда тау жыныстарында ұңғыларды бұрғылау саласы бойынша белгілі ғалым. Профессор.

Шалқар қаласында №1 орта мектепті бітірді. Қазақ политехникалық институтының (қазіргі Қ. Сәтпаев атындағы ұлттық техникалық университеті) мұнай факультетін «Пайдалы кен орындарының технологиясы және барлау техникасы» мамандығы бойынша 1969 ж. тәмамдады. Техника ғылымдарының кандидаты (1984), доцент (1989),

профессор (1998). Экология және адамдар мен табиғат қауіпсіздігі Халықаралық Академиясының мүше-корреспонденті (1997). 1969-1972 ж.ж. политехникалық институттың «Ұңғыларды бұрғылау технологиясы және техникасы» кафедрасының аспиранты; осы институтта кіші ғылыми қызметкер (1972), аға ғылыми қызметкер (1973), мұғалім, деканның орынбасары (1975-1991). 1992 жылдан кафедра меңгерушісі, 1998 жылдан өмірінің соңғы күніне дейін осы кафедраның профессоры болды.

Оның ғылыми еңбектері «Ұңғыларды бұрғылау технологиясы және техникасы» проблемаларын шешуге байланысты фундаментальді және қолтаңбалы зерттеулерді, горизонттардың жұтылу изоляциясын, ұңғының әлсіз қабырғаларын бекіту және ұңғыларды бұрғылау кезіндегі экология мәселелерін қамтиды.

Ол 100-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің, оның ішінде 2 кітаптың, 3 әдістемелік оқу құралының авторы, 10 авторлық куәлік пен патенттің иегері. Бұрғылау саласындағы бірінші рет жазылған орыс-қазақ терминдік сөздіктің авторы.

«Барлау ұңғыларын бұрғылаудың тиімді әдістері» ғылымизерттеу зертханасының ғылыми жетекшісі болған ол «ҚР білім беру ісінің үздігі» (1996), «Жер қойнауын барлаудың үздігі» (2002) атанды, «Қазақстан мұнайына 100 жыл» белгісімен, ҚР білім және ғылым министрлігінің және геология министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.



*Ә.Таңатов*

**ТАҢАТОВ Әлімжан**

(1930, а.к.б. Шалқар ауданы-а.к.б. 2001, Шалқар қ.)

Еңбек жолын 1943 ж. Шалқар локомотив деподсында қатардағы жұмысшы болып бастаған. Арнаулы курсты бітіргеннен кейін паровоз машинисінің жәрдемшісі, паровоз машинисі болып қызмет атқарды. 12 жыл бойы жолаушылар таситын пойыздың тепловоз машинисі болып абыройлы жұмыс істеп, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып (1963), «КСРО таңдаулы машинисі» (1968) атағын алған.

**ТАРАЗЫ**

Өткен ғасырда қысқа да болса қызық та қиын ғұмырды басынан кешкен, өз елінің жадында сақталып есімі бүгінгі күнге жеткен ақын қыздардың бірі – Таразы Қаленқызы (1865-1894 ж.ж.) еді. Таразы ақылмен ауыл-аймағын билеген, атақ-абыройлы келін болып түскен Қабақ руына тегіс мағлұм болған үлкен бедел иесі екен.

Тілеудің бір баласы Әлдеберді. Әлдебердіден Жалтума, Құлтума бірге туады. Құлтумадан Айбас, Айбастан Мұрат, одан Көбей, Көбейден Қален, содан Таразы ақын туған. Анасы Жаңғылыштың қызы, аты – Бибі.

Есімі үш жүзге белгілі батыр Есет Көтібарұлының қолдың саласындай сегіз ұлы болған. Бәрі де ер жетіп, әкелерінің көзі тірісінде отау тіккен. Сегіз келіннің ішіндегі ең кішісі Таразы екен. «Келіннің аяғынан» деген сөзді қазақ бекер айтпаған, құт болып келген Таразы Есет ауылының шаруашылығын ұршықша иіріп, ілгері бастырады. Үлкен той, айтулы ас беруде ұйымдастыру шараларың өткізу тәртібің сайыс түрін, қай қонаққа не тиесілі екенін, кім қандай шаруаны тындыру қажеттігіне дейін өлшеп-пішіп отырады. Үлкейген Есет біртебірте ауылының билігін ең кіші келініне біржолата беріп қояды. Кеңес сұрай келгендерге, басқа да шаруаларымен келгендерге: «Таразыға бар!» – дейді екен.

Әкесі ерте өлгенімен, оң жақта отырған Таразы бірге туған, бірінен соң бірі болыс дәулетті ағалары Алдияр мен Алжанның арқасында бұла өседі. Еркін өскен Таразыға келін боп түскен бетте-ақ ауылдың айтқырымен шекісуіне тура келеді. Жас келіннің бетін ауыл ақыны Тәшім ашады. Жасы ұлғайып қалған кісі екен. Ата дәстүрімен бетті аша-аша келіп, өсекке ерген Тәшім сөзінің аяғын бүлдіреді. Бірақ Таразы бұған мойымай, атасы Есеттен рұқсат алып қарсы уәжді өлеңмен қайтарып, ақыры Тәшімді халықтың қуып шығуына себепкер болады.

Бір жылы Бершүгір баурайындағы Бақатайда үлкен ас болыпты. Осы асқа қатысу үшін жұрт дайындық жасайды, со-

ның бірі болып Дәу де дайындалады. Дәу Таразыға қара киізден ұзын тоқым істетіп, тебінгісін әдемілеп сырытқан екен. Күйеуі тоқымды атқа салып, өзі мінетін торы атын ертіп, «тоқым атыма лайық па?» – деп Таразыдан сұрапты. Сонда Таразы:

*Құйрығы шелтеңдейді*
*торы тайдың,*
*Кескінін қарасайшы,*
*біздің байдың.*
*Құдайдан сұрап алсам*
*өлер едің,*
*Өмірі ұзақ болады*
*осындайдың.*
*Сен өлсең бір қабаққа*
*тиер едім,*
*Оны да болдырмады*
*бір құдайым, –*

дегенде Дәудің қабағы түйіліп кетеді, Таразы одан әрі:

*Бұл тоқым жарасады*
*торыңызға,*
*Мен сіздің қуанамын*
*зорыңызға.*
*Байлары кей қатынның*
*өліп жатыр,*
*Сен бірақ өлмейсің ғой*
*сорымызға! –*

деп күліпті. Дәу: «Өзіме де осы керек, нем бар еді осыны сұрағандай», – деп жүре беріпті.

Айта кету керек, Таразы бір-екі ауыз қалжың өлеңді көп шығарған. «Әзілің жарасса атаңмен ойна» деген, күйеуіне, абысын-ажынға, тіпті өз туғандарына да қалжыңдай берген.

Таразы біраз ақынмен айтысса керек, әсіресе кең тарағаны-Жангелді шалмен айтысы. Ол сондай-ақ, зейнеткер Тіркес Ахмедиевтің айтуына қарағанда, Сарышолақпен сөз қағыстырып, Марқа деген ақынмен айтысқан.



*Қ.Тәженов*



*М.Тәжин*

Таразы ақын жиырма тоғыз жасында көз жұмады. Сүйегі Шалқар ауданындағы Құлақжиде деген жерде.

Мәтін қысқартылып алынды.

*«Ырғыз, Шалқар өңірі ақындарының әдеби мұрасы (XVIII-XIX ғ.ғ)» атты кітаптан.*

### ТАУШАНОВ Жағал

(1880-1882 ж.ж., Шалқар өңірі – 1947 ж., Арал қаласы).

Би, шешен, қызыл партизан-революционер, байға жалданған. Кен инженері И.И.Красюковке атқосшы болған. 1901 ж. Санкт-Петербургке келіп сол инженердің қолында бірнеше жыл бала баққан. Питерде сауат ашады, орыс тілін үйренеді, елге оралған соң тілмаштық қызмет атқарады. №77 т.ж. бекеті тұсынан Шілікті су құбырын жүргіздіруге еңбек сіңірді. 1917 ж. Қарашоқат бекеті комиссарлығына тағайындалады. Кедей ауылдарын ақгвардияшылардың тонауынан талай рет аман алып қалған. Революциялық комитетінің №60 мандаты, қызыл партизандық №16 билеті берілген. Жаркөл, Теректі, Қарашоқат болыстарында он жыл бойы кеңес атқару комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған, болыс кезінде 12 жерге мектеп салдырған, Мұрынқұм, Опытный (қазіргі Шілікті ауылы қасында), сағыз дайындау пункттерін де басқарған. Айтқан биліктері, шешендік сөздері ел аузында сақталған. Ол Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы кейіпкерлерінің бірі.

### ТӘЖЕНОВ
### Қуандық Құлпашұлы

(16.05.1936 ж.т., Шалқар ауд., 64 т.ж. айырығы – 17.11.2006 ж., Шалқар ауданы Біршоғыр бекеті). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрметті теміржолшы».

1955-1971 ж.ж. т.ж. жөндеуші, 1971-1992 ж.ж. бригадир.

Теміржол саласындағы ерен еңбегі үшін 3-ші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен (1988), «Құрметті теміржолшы» белгісімен (1989) марапатталды. Оған өзі басқарған бригаданың жол күтімін ондаған жылдар бойы жоғары деңгейде ұстап, жолдың үстіңгі құрылымының материалдарын тиімді пайдаланудың нәтижесінде мыңдаған сом қаржы үнемдегені үшін «КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» (1991) атағы берілді, бірнеше медальдардың иегері атанды.

**ТӘЖИН Марат Мұхамбетқазыұлы**

(08.04.1960 ж.т., Ақтөбе қаласы), саясаткер, социол. ғыл. докт. (1991), проф (1993). Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген (1981). 1985 ж. Қаз.МУ-дың аспирантурасын, 1988 ж. Лондон ун-тінде еңбек өтілін аяқтады. 1991-92 ж.ж. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың қоғамдық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі болды. 1992 жылдан ҚР Президенті мен Үкіметі аппараттарында ішкі саясат бөлімінің жетекшісі, Президент аппараты жетекшісінің орынбасары, Ақпараттық-сараптама орт-ның жетекшісі қызметтерінде болды. 1994-95 ж.ж. ҚР Президентінің кеңесшісі, 1995-99 ж.ж. Президент әкімшілігі жетекшісінің орынбасары, Талдау және стратег. зерттеу орт-ның жетекшісі, 1999-2001 ж.ж. ҚР Президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болды, 2001 ж. ҚР ҰҚК-н басқарды. 2002 ж. Президент әкімшілігінде қызмет етті. 2006 ж. ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы, ҚР Сыртқы істер министрі, 40-тан астам кітаптары бар. «Құрмет» орденімен марапатталған.

*ҚҰЭ. 8-том, 292-бет.*

**ТӘЖИН Мұхамбетқазы**

(26.08.1933 Шалқар ауд. – 1998, Алматы қ.) – белгілі партия қызметкері, ғалым, тарих ғыл. кандидаты – 1973, профессор – 1991, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі. Абай атынд. мемл. ун-тін үздік бітірген 1954



*М.Тәжин*



*Ж.Тәжібаев*



*Ә.Тәжімұратов*

Алматы қ-лық, Ақтөбе обл-тық және Қаз. комсомолы Орталық Комитеттерінде жауапты қызметтер атқарды. 1961-72 ж. Ақтөбе, Гурьев обл. партия комитеттерінің бөлім меңгерушісі, Батыс Қаз. өлкелік киноландыру басқармасының бастығы., ал 1972 жылдан Гурьев обл. партия комитетінің хатшысы, «Білім» қоғамы республикалық ұйымының басшысы, Алматы Жоғарғы партия мектебінің доценті, Қазақ дене шынықтыру ин-тының кафедра меңгерушісі болды. Ондағы кітаптардың, 100-ден аса ғылыми, тарихи, публицистикалық мақалалардың авторы, 2 рет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Шалқар ауданы Мөңке би ауылындағы орта мектеп М.Тәжиннің есімімен аталады.

**ТӘЖІБАЕВ Жоламан**

(1921 ж., Ақтөбе обл. Қарағаш ауыл. – 1991 ж. Шалқар қаласы) – Орта білім алғаннан кейін Қарағаш ауылдық кеңесінде 1939 жылға дейін құжат жүргізуші, Ақмола-Қарталы теміржолында болған. 1939 ж. Ақмола кәсіптік-техникалық училищесінде оқып, 1941 ж. дейін Ақтөбе химия комбинатында слесарь болып жұмыс жасаған. 1941-1944 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жараланғаннан кейін елге оралады. 1944-1946 ж.ж. Алматыдағы екі жылдық заң мектебінде оқып, бітіргеннен кейін 1947 ж. Шалқар ауданы 1-учаскенің халық судьясы, 1948-1951 ж.ж. Родников ауд. халық судьясы, 1951-1961 ж.ж. Шалқар ауд. халық соты, 1961-1983 ж.ж. Қосестек, Новороссийск, Шалқар ауд. халық соты қызметтерін атқарды. «Қазақ КСР еңбек сіңірген заң қызметкері» (1967). Есімі Қазақ КСР Жоғарғы сотының Құрмет кітабына енгізілді (1970). Тәжібаев Жоламанға 2006 ж. ауд. сот ғимаратында ескерткіш тақта орнатылды. III-дәрежелі «Даңқ», «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТӘЖІМҰРАТҰЛЫ Әбдірахман**

(1925-1998 ж.ж., Шалқар ауд.) 17 жасында өз еркімен Ұлы Отан соғысына аттанады. 1943 ж. ауыр жараланып елге оралады. Ішкі істер органдарында қызмет етіп жүріп, 1961-1965 ж.ж. Алматы қаласындағы жоғары милиция мектебін бітіреді. Кейін Қандыағаш, Ембі, Шұбарқұдық, Шалқар станцияларында ішкі істер бөлімінің бастығы қызмет-

терін атқарады. «Қызыл жұлдыз» орденімен, бірнеше медальдармен, есімі жазылған бағалы сыйлықтармен марапатталған.

### ТӘТИҰЛЫ Ораз

(1856, Торғай обл. Ырғыз уезі, Қабырға болысы – 1917) – болыс, би. XIX ғасырдың 80-90 жылдарында екі дүркін Қабырға өңірінде болыстыққа сайланған. Шыманұлы Мырзағұл биге көмекші, кеңесші ретінде Торғай облысындағы игі жақсылар Алмат Тобабергенұлы, Самырат Алматұлы, Дербісалы Беркінбайұлы, т.б. бірге қазақ халқының болашағына көзқарас қалыптастырған. Ел ішіндегі даушараларға араласып, әділдігімен, пікірінің тоқтамға келерлік дәлелділігімен ілтипатқа лайық би болған, Алаш партиясының 1 съезінде елдегі алауыздықты жою және отарлау саясатына қарсы жұмылу қажеттігін ұсынған. Ораз бидің съездегі сөзі партия бағдарламасының негізгі ұстамдарымен үндес келеді. Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегаттыққа сайланды.

*«Ақтөбе» энциклопед., 670 б.*

### ТЕБЕЗ

Шалқар ауданындағы ағынсыз көл. Ырғыз алабында. Талдықұм елді мекенінен батыста 7 км. Ауд. 10,0 км$^2$, Ұз 3,4 км, ені 2 км, Жағалауы жайпақ, сортаңды, батысынан Балғасын ө. құяды. Жауын-шашын суымен қоректенеді, суы ащы. Тек көктемде мал суарымға жарамды. Күзге қарай судың тұздылығы күрт артады. Жағалауы жайылымға пайдаланылады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 670 б.*

### ТЕБЕНСАЙ

Шалқар ауданындағы көл. Шалқар алабында. Ұз. 135 км, су жиналатын алқабы 3790 км$^2$. Мұғалжардың оңт.-бат. беткейіндегі бұлақтардан басталып, Қопасор көліне құяды. Қар суымен қоректенеді, көктемде ағын болып, жазда иірімдерге бөлінеді. Жылдық орташа су шығыны 0,60 м$^3$/сек. Мал суаруға, жайылмасы шабындыққа пайдаланылады.

*«Ақтөбе» энциклопед., 670 б.*

### ТЕКЕЛІ

Шалқар ауд-дағы өзен. Шалқар алабында. Ұз 49 км. Текелі елді мекенінің солт.-батысында 15 км жерден басталып, Жабысай ө-не құяды. Аңғары айқын байқалмайды. Қар суымен толығады. Көктемде ағын болып, жазда тартылып қалады. Әр қайсысының ұз. 10 км-дей 30 саласы бар. Алабы жайылым.

*«Ақтөбе» энциклопед., 671 б.*

### ТЕЛЕУОВА Зияш (Зияш ханым Төлеу)



1947 ж. Шалқар ауд. №23 ауылында дүниеге келген. 1966 ж. Шахта поселкесіндегі орта мектепті бітіреді. Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы пединститутты тәмамдағаннан кейін еңбек жолын Алға аудандық «Жұлдыз-Звезда» газеттерінде тілші болудан бастайды. 1971 ж. облыстық «Коммунизм жолы» (қазіргі «Ақтөбе») газетіне жұмысқа шақырылады. 1992 ж. «Әлия жүрегі» кітабың 2004 ж. «Тау самалы» жыр жинағын, 2006 ж. «Жоғалған ауыл туралы аңыз» кітабын жарыққа шығарды.

Телеуова Зияш Мәскеулік жазушылар А.Иванов пен А.Устинованың, ағылшын жазушысы Э.Родданың шығармаларын қазақ тіліне аударды. «КСРО баспасөзінің үздігі».

### ТЕМИРГАЛИЕВ Галлям Сұлтанұлы

(1908 ж.т. Қазан губ. Арск ауд. ПоречкеЛомба а. – 15.10.1978 ж., Бершүгір бекеті), өнертапқыш.

Теміржол бойында әртүрлі қызметтер атқарған (1931-1937), кейін ауысым шебері, инженер-механик (1937-1947), слесарь-инструментальщик (1947-1972) т.ж. өнертапқыш.

Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Есімі ауданның «Құрмет кітабына» енген.

### ТЕМІРЖОЛ «ЖОМАРТ КЕҢШАРЫ»

1980-1989 ж.ж. т.ж. мекемелері жанынан қосымша шаруашылықтар ашылып, олар мал өсіріп, мал шаруашылығы өнімдерін өндіріп, мекеме жұмысшы-

ларына азық-түлік ретінде беріп тұрды. Кейін Шалқарға қарасты т.ж. жұмысшы-қызметкерлерін тұрақты түрде ет, сүт, шұбатпен (қымызбен) қамтамасыз ететін «Жомарт» кеңшары құрылып (1989), он жылдай теміржолшыларға қызмет көрсетті.

**ТЕМІР ЖОЛ (ПЧ-8) БОЙЫНША ЛЕНИН ОРДЕНІН АЛҒАН АТАҚТЫ ТЕМІРЖОЛШЫЛАР:**

– Қасымов Алдоңғар (1888-1969), Қауылжыр бекеті 1953;

– Ахметов Жалғасбай (1896-1962) – жол айрығы 1961;

– Қалдыбаев Мәндібай (1901-1978), Қотыртас бекеті 1961;

– Шәкіров Сұлтан (1900-1968), 64-жол айрығы 1951;

– Дубинин Григорий Петрович (1898-1975) Біршоғыр дистанциясы 1952;

– Калугин Иван Николаевич (1901), Біршоғыр бекеті 1951;

– Нұралаев Теңізбай (1891-1962), № 64 жол айрығы 1951;

– Нұралаев Дайрабай (1888-1960), №64 жол айрығы 1951;

– Мәмбетов Төлеген (1894-1988), Біршоғыр бекеті 1952;

– Әйтенов Елшімбай (1890-), Біршоғыр бекеті 1952;

– Шәуменов Иманша (1896-1969), Қауылжыр бекеті 1952;

– Қараша Сенбі (1904-1979), Біршоғыр бекеті 1951;

– Жаныкұлов Әділхан (1893-1973), № 62 жол айрығы 1951;

– Мұқаш Дүсіп (1904-1966), Біршоғыр бекеті 1951;

– Құлқаев Тайғара (1905-1954), Қотыртас бекеті 1951;

– Қонақбайұлы Әлитан (1899-1985), Біршоғыр бекеті 1954.

**ТЕМІРОВ**
**Болат Зайырұлы**



(05.06.1938 ж.т. Шалқар қ. – 23.01.2000 ж. Ақтөбе қаласы) – белгілі журналист, ақын. Шалқар қазақ орта мектебін тәмамдаған соң (1956), ҚазМУ-ді бітірді (1964). Мамандығы-журналист.

Шалқар аудандық «Коммунизм таңы» газетінде бөлім меңгерушісі болып еңбек етті. Алғашқы мақалалары, өлеңдері газет бетінде оқып жүргенде-ақ жарық көрді.

1968-2000 ж.ж. облыстық радио-теледидарда аға, бас редактор қызметінде болды. Облыстық «Коммунизм жолы» (кейін «Ақтөбе») газетінде, облыстық әкімшілікте жауапты қызметтер атқарды. Журналистік кәсіпті жақсы меңгеріп, өзі туып-өскен өлкеде, республикамызда қаламы қарымды журналист, ақын ретінде танылды. Жетпіске тарта өлеңі, баллада, поэмалары 1975, 1983, 1984 ж.ж. «Сыр сапар», «Балауса», «Жыр бесік», «Домалатпай» жинақтарында жарық көрді. Сондай-ақ, «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс», «Білім және еңбек», «Бастауыш мектеп» журналдарында және аудандық, облыстық, республикалық газеттерде жарияланып тұрды.

**ТЕНТЕКСОР**

Шалқар ауданындағы ағынсыз көл. Ырғыз алабында. Мұздықұдық елді мекенінің батысында 22 км жерде. Ауд. 10,50-21,8 км$^2$. Ұз. 8,0 км, ені 3,6 км. Жағалық ұз. 25,8 км. Құм саздықта жағалауы жазық. Жауыншашын аз жылдары көл суы тартылып, сорға айналады, суы тұзды. Көлге солт.-шығысынан Майлысай өзені құяды. Алабы жайылым.

**ТЕҢГЕ**

1) Орталық Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттерде және соған шектес аумақта күмістен шекілген мәнет. Тарихшылардың археол., нумизмат. зерттеулерге сүйене отырып айғақтауынша, Қазақстан аумағында Т. тарихы ежелгі замандардан бастау алады. Ежелгі түркілер Ұлы Жібек жолының бойында 6-8 ғ-ларда билеуші тайпалардың таңбасы шекілген, ру рәмізі бейнеленген Т. құя бастаған. 7-8 ғ-ларда Сырдарияның орт. алабы мен Отырар атырабындағы және Жетісуда тұрған жергілікті билеушілер өз мәнеттерін шығарып тұрған. 8 ғ-дағы түргеш мәнеттерінің сыртқы бетінде «көктегі түргеш қағанның ақшасы» деп аударылатын жазу жазылған. Археологтар мен тарихшылар осынау жоғары сынамалы күміс мәнеттерді әлемдік ақша ретінде пайдаланылған деп топшылайды. Олар Орт. Азия мен Шығыс Еуропада, Балтық жағалауы мен Скандинавия елдерінде де табылды. Қорытпа 6 металдан түзілген, құрамында

аздап алтын кездесетін 775-80 ж. шығарылған мәнеттерде күмістің құрамы 80%-ға жеткен. Кейінірек оның құрамы 50%-ға дейін кеміген. Одан кейін қорытпаға темір, мыс, қола кірген. Мәнет күміспен, кейде алтынмен жазылған. 9-10 ғ-ларда Фараб (Отырар), Испиджаб (Сайрам), т.б. қалаларда мәнет сарайлары жұмыс істеген. Ақша айналысында 3 түрлі дирхем-мүсейяби, мұхаммеди және штрифи жүрген. Тарихшылардың топшылауынша, Қарахан мемлекетінің дәуірлеген тұсында (10-13 ғ-лардың басы) Баласағұн, Орда, Тараз, Барысхан, Ис-пиджаб, Фараб, Бұдықкентте мәнет сарайлары Т. шығар-ған. 1271-72 ж.ж. моңғолдардың Шағатай ұлысына билеуші етіп қойған әкімі Масұдбек бүкіл Орт. Азияда еркін айналатын күміс мәнетті енгізді. 14 ғ-дың аяғында Қазақстан аумағында Әмір Темірдің мәнеті айналыста болды. 15 ғ-дың басында Отырар мен оның айналасында күміс мәнеттер пайдаланылды. Негізгі атауы тәңгә, ал он екіден бір бөлігі тәңгеше деп аталды. 15 ғ-дың соңғы соңынан 17 ғ-дың 1-жартысына дейін мәнет сарайлары Иасыда (Түркістан), Сауранда, Сығанақта, Сайрамда үздіксіз жұмыс істеді. 16 ғ-да Сырдария жағалауындағы қалалар Ташкентпен бірге құрамы тек күмістен тұра-тын мәнет айналыста жүретін эконом. аймақ құрды. 1525-28 ж.ж. күміс мәнеттері бірыңғай стандарт бойынша шекілді. 16-18 ғ-ларда Қазақстанда мыс тиындар да қолданыста болған. Нумизмат. зерттеулер (16-18 ғ-ларда) Қазақстанның Орт. Азия мемлекеттерімен және Ресеймен сауда-саттық байланыста болғанын айғақтайды. Орыстың «деньги» деген сөзі осы. Т. деген ақша атауынан шыққан. 18 ғ-дың ортасынан Қазақстанда Қоқанның, Ташкент хандарының ақша белгілері және орыс мәнеттері пайда бола бастайды. Ал 19 ғ-да барлық сауда алыс-берістері тек қана орыс ақшасымен жүргізілді. (қ. Ақша); 2) Қазақстан Республикасының ақша өлшемі, ұлттық валютасы. Бір Т. 100 тиынға тең. ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» 1993 ж. 13 қарашадағы Жарлығымен осы жылдың 15 қарашасында айналысқа шығарылып, ел аумағындағы бірден-бір заңды төлем құралына айналды. Т-нің айналысқа енгізілген күні 15 қараша-Теңге күні, Қазақстан қаржыгерлерінің кәсіби мерекесі болып жарияланды.

– Т-ні ҚР Ұлттық банкі 1, 2, 5, 10, 50, 100 теңгелік мәнет, 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкнот (қағаз ақша) түрінде шығарады. Банкнот алғашында Англияның «Харрисон және оның ұлдары» атты компаниясында басылды, 1995 ж. мамыр айынан Ұлттық банктің құзырындағы Банкнот фабрикасында (Ақша сарайы) басылады.

*Х.Ғабжалелов. ҚҰЭ, 8-том, 354-355 беттер.*

**ТЕҢГЕ – валюта**

Ал валюта (итал. Voluta-құн, баға) тауарлар құнының шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын ақша өлшемі. Халықаралық В-лық қаржы операциялары тәжірибесінде ол мынадай мәндерде қолданылады: 1) мемлекеттің ақша өлшемі және оның типі (алтын, күміс, қағаз ақша), мыс., Қазақстанның ұлттық ақшасы – теңге, Ресейдікі – рубль; 2) шет мемлекеттердің ақшасы: 3) халықар. (аймақтық) есеп айырысу өлшемі (вексель, чек, банкнот) және төлем құралы. 19 ғ-ға дейін күміс В. мен биметаллизм кең тарады. 19 ғ-дың басында Ұлыбританияда, 19 ғ-дың 2-жартысынан басқа елдерде алтын В.енгізілді. В-ның жалпы дағдарысы кезеңінде (1-дүниежүз. соғыс кезінде) қағаз В. кеңінен қолданыла бастады. Алтын мен күміске айырбасталмайтын банкнотттар қағаз ақша түрінде болды. Ел экономикасында ауық-ауық инфляция болғанда, В.құнсызданып отырды. Мұндай жағдайда кейбір елдер өз В-сының номиналды алтындық баламын тұрақтандыруға тырысады. Көптеген елдерде валюта курсы валюталық шектеу арқылы реттеледі. В-лар пайдаланылу тәртібіне қарай айырбасталымды (конверсияланатын), ішінара толық айырбасталымды және айырбасталмайтын (томаға тұйық) В. болып үшке бөлінеді. Бірінші топқа валюталық шектеу жойылған елдердің В-сы (АҚШ доллары, т.б.) жатады. Ол кез келген ел В-сына айырбасталады. Ішінара айырбасталымды В-ға (мыс., Ұлыбританияның, Францияның, Италияның, сондай-ақ ТМД елдерінің) жатса, соңғы топқа барлық операциялар бойынша валюталық шектеу сақталған ел-

дердің В-сы жатады. Томағатұйық валюта өз мемлекеті шегінде ғана айналыста болады.

*А.Зейнелғабдин. ҚҰЭ, 2-ші том, 535-бет.*

**ТЕРЕКОВ Емберген Медіресінұлы**

(1913 ж., Ырғыз – 1996 ж., Ақтөбе қаласы).

1927-1930 ж.ж. Ақтөбедегі мұғалімдік техникумда оқыған. 1933 ж. Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне қабылданды. Оқи жүріп Орта Азия жоспарлау институтына сабақ береді. 1939 ж. бастап Шалқар қаласындағы №1 мектепте оқу ісінің меңгерушісі. 1941-1943 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысады. 1943-1973 ж.ж. Ақтөбе облысының көптеген аудандарында директор, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет істеді. 1973 ж. Шалқар қаласында музыка мектебін ашып, 1987 ж. дейін осы мектепте директор болды. Тереков Емберген КСРО және Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі, ІІ-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Ол Ү.Уайдиннің сөзіне жазылған әйгілі «Шалқар вальсі» мен басқа да отызға тарта әннің авторы.

**ТИХОНОВ Алексей Петрович**

1895 жылы Ресейдің Ульянов обл. Карсун ауданында туған. 1903 жылы Ташкент-Орынбор теміржолының салынуына байланысты ата-анасы Қазақстанға Шалқар ауданына көшіп келген.



*А.П.Тихонов*

Шалқар қаласында 1910 жылы темір жол мектебін бітірді. Еңбек жолын 69-айырықта жол жөндеуші болып бастады. Кейін жол бригадирі және жол шебері болып жұмыс жасады. Шалқар теміржолшылар кәсіподағының және Ақтөбе аудандық кәсіподағының төрағасы болды. 1928-1930 жылдары Ленинград политехникалық техникумында оқып, жол технигі мамандығын алып шықты. 1930-1933 жылдары Забайкалье темір жолында қызмет етті. 1933 жылы Орынбор темір жолына қарасты 8-ші Бершүгір жол дистанциясына келіп аға жол шебері, кейін дистанция бастығының орынбасары болды. 1940-1942 жылдары Орынбор темір жолының жол қызметінің бастығы болып жұмыс жасады. 1942-1966 жылдары аралығында 8-ші Бершүгір жол дистанциясының бастығы болып жұмыс жасады. 1966 жылы зейнет демалысына шықты. Бершүгір жол дистанциясында жұмыс жасаған кезде А.П.Тихонов жолаушылар тасымалы мен жүктердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін аянбай еңбек етті. Әсіресе соғыс жылдарында жұмысшылардың жеткіліксіздігіне, техниканың же-



*Т.Тойбазарова*

тіспеушілігіне қарамастан соғысқа баратын эшелондармен қару-жарақтардың тоқтаусыз өткізілуіне өзінің үлесін қосты. Бұл уақыттарда дистанция Қатынас жолдар министрлігі, Орынбор темір жолы, Ақтөбе бөлімшесі бойынша ауыспалы Қызыл туды бірнеше дүркін жеңіп алып, ақшалай сыйлықтарға ие болды. Бұл кезде дистанцияның 19 адамы Ленин орденімен, 17 адамы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. А.П.Тихоновтың өзі темір жол саласындағы ерен еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағын алып, екі рет Ленин орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі рет Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен қатар қазақ тілін өте жақсы меңгеріп, қазақтың салт-дәстүрлерін білген, оны қатты қадірлеген. Ондаған темір жол мамандарын дайындап шығарды. 1974 жылы Бершүгір бекетінде қайтыс болды.

**ТОЙБАЗАРОВА Тотия**

(08.03.1923 ж.т. Шалқар ауданы – к.а.б. 1998 Алматы қаласы), еңбек және соғыс ардагері, офицер, партия қызметкері.

Шалқар қаласында мектеп бітірген соң аудандық Кеңес ат-

қару комитетінде, аудандық ішкі істер бөлімінде жауапты қызметтерде болған (1942-1943). Кеңес Армиясы қатарында Ұлы Отан соғысына қатынасып (1943-1946) аға лейтенант шенінде елге оралған соң Шалқар аудандық партия комитетінде хатшы болған. Алматы Жоғары партия мектебін, Москвадағы КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген (1946-1951). Кейін Қазақстан КП ОК-нде жауапты қызмет атқарған (1951-1978). Республикалық дәрежедегі зейнеткер Т.Т. 1998 ж. қайтыс болған.

I, II дәрежедегі «Ұлы Отан соғысы» ордендерінің, 16 медальдің иегері. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрт бірдей Құрмет грамотасымен марапатталған.

## ТОҒЫЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы Тоғыз ст. Құрамына 8 елді мекен қарайды. Жер көлемі 372 мың га. Тұрғындар саны 1577. Округ тұрғындарының негізі теміржолда жұмыс істейді. 3 шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады. Өзенкөлдері: Саркөл, Қияқты, Иманқұл, Қособа, Орман. Тау-төбелері: Ойыншықтау, Емшектау, Мықбай, Қаратөбе, Хан Жалы, Алтықұдық. Шабындықтары: Ақбосаға, Ақсай. Жазықтығы: Айшатақыр (ұз. 220 км., ені 84 км.). Округте 1 орта мектеп, 5 бастауыш мектеп, интернат, Толағай дәрігерлік амбулаториясы, 8 дүкен, клуб, кітапхана, байланыс бөлімшесі, 1 шаштаразы, 1 монша, сандық АТС жұмыс істейді.

## ТОҚПАН КҮМБЕЗІ

Сәулет өнері ескерткіші, Жаңақоныс кентінен солтүстік-батысқа қарай 25 км. жерде орналасқан. Тоқпан күмбезі – 19 ғас. басында тұрғызылған. Порталды-күмбезді, бір камералық кесененің негізі тік төртбұрышты (8х8,5 м.) Ол күйдірілген кірпіштен қаланған, маңдайшасын шикі кірпіш араластырып өрген. Күмбездің мүрде жататын батыс іргесіне құлыптас қойылып, оның үстіне өмірбаяндық-бағыштау сөздер жазылған. Мазардың қирамай сақталған бөлігінің биіктігі 3,5 м. Ескерткіш ұлттық сәулет өнерінің дәстүрі негізінде салынған. Ол композициялық тұрғыдан шешімін тапқан құрылыс тобына жатады.

*И.Степнова. ҚҰЭ, 8-том, 416 б.*

## ТОЛЫБАЙ

Батыр Толыбай Жарасұлы туралы ел аузында аңыз-әңгімелер баршылық. Нақты дерек, осы уақытқа дейін бізге жеткен әңгімелерге сүйенсек, Толыбай Барақ батырмен араласып-құраласып, жорықтас болған.

Осындай бір жорықтан кейін Асау Барақ батыр Толыбай ауылымен екі-үш жыл қоңсылас болады. Толыбайдың баласы Ерболат пен Асау жорықтарға бірге шығып, Барақ батыр мен Толыбай батыр бас қолбасшы ретінде жауынгерлерді, оның ішінде жастарды әскери өнерге баулиды. Толыбай батырдың ауылына Барақ батыр, оның жаужүрек ұлы Асаумен бірге келіп тұрған болса, бұл Толыбай батырдың солармен теңдес екенін байқатса керек.

Толыбай батыр жорықта жүргенде Хиуа ханының барымташылары Жарас ауылының жылқысын айдап кетеді. Батыр жорықтан оралған соң ауылдың үлкендеріне: «батырларыңды беріңдер, мен барлық малды қайтарамын», – дейді. Бұл батырдың жастау кезі екен. Үлкендер «сен жассың, жалғызсың, барма» – деп рұқсат бермейді. Бірақ батырды жау қолындағы малды қайтару мақсаты мазалай береді. Бұл ойын ол өзіне тете ағасы Аюға да айтады. Ол да қарсы болады: «Хиуалықтар көп халық, жазым боласың» деп беттетпейді. Бұл: «біз де аз емеспіз ғой» дейді. Ағасына атымыздың аяқ алысын байқап көрейік деп жарысып ауылдан ұзап кетеді. Енді Толыбай атының басын ауылға қарай бұрады. Мұнда да ағасынан озып кетеді. Аю артта қалып қояды. Сол кезде Аюдың артынан тасырлаған аттың дүбірі естіледі. Артына қараса, жер қайысқан қол қуып келеді екен. Толыбай ұзаңқырап барып бір төбенің басына тоқтайды. Аю: «сен мені жауға тастап кеттің, өзің құтылып кеткің келеді екен ғой», – деп қамшымен тартып-тартып жібереді. Аю да ірі тұлғалы, қайратты адам болған. Қамшы сілтегенде анау-мынау адам аттан құлап түседі екен. Ал Толыбай болса, мыңқ етпеген. Ағасына: «әзіретіңізге құлдық, енді артыңызға бір қараңызшы», – дегенде, ол жалт қараса, арттан ешкім көрінбейді. Сонда Толыбай: «ол жау емес, менің жауынгерлерім еді ғой», – дейді. Ал Аю болса, інісінің тегін емес, әруақты екенін түсінеді.

Сонымен, Толыбай батыр наурыз тойында қырық адаммен Хиуа еліне баратын болып келіседі. Айтқан күні бұлар Хиуаға жақындайды. Ел шетіне жеткенде мұның қолы жер қайысқан әскер болып көрінеді. Қаптаған жаудың ел шетіне келгенін ханға жеткізеді. Хан да сол түні түс көрген екен. Түсінде аспанның асты қаптаған өрт, бірақ өрт ауылдың айналасын қанша шарпығанмен де хан ордасының алдына келгенде сөне береді. Хан түндегі түсін тәуір көретін бәйбішісіне жорытады. Бәйбішесі «ел шетіне жау келген екен, бірақ сенің алдыңа келіп тоқтайды, келісімге келесіңдер, жаудың алдына бір уәзіріңді бас қылып елші жіберіп шақыр» дейді. Хан осылай істейді. Елшілер әскерге ақ туын ұстап қарсы жүре береді. Бір кезде шаңдақтың арасынан бір бөлек шағын әскер шығып, бұларға жолығады. Толыбай батырдың қолы осы еді. Хиуа ханы Толыбайды жолдастарымен бірге құрметпен қарсы алады. Қырық адамды бірнеше күн қонақ етіп, бұйымын сұрайды. Хан өздерінің де бейбітшілікті қалайтынын айтып, алған малдарын жинастыруға пұрсат сұрайды. Хан айтқан сөзінде тұрып, малды түгел қайтарады. Осында бірнеше күн жатқанда Толыбай батырға ханның қызы қатты ұнайды. Батыр ханға қызына ғашық болғанын біреу арқылы жеткізеді. Хан қыздың анасы арқылы оның ойын біледі. Қыздың батырды ұнатқанын білген соң хан отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, мол жасаумен қызын ұзатады.

Толыбай батыр осы барған сапарында малымен қоса ханның қызын да алып қайтып, екі елді табыстырады.

Толыбай батырдың қайын жұрты, оның жаужүрек ұлдары Ерболат, Тасболаттардың нағашысы, Хиуа ханы болған. Ал Ерболат батыр әулиенің жауынгер рухы Асау-Барақтан кем соқпаған.

Енді Толыбай батырдың шыққан тегі кім, соған келейік. Ол Әлімнің екінші баласы Қарамашақтың Жаншұқырынан тарайды. Жаншұқырдан бірнеше ұрпақ таратылып барып, Қасым (Қаркісе), Торым (Сексен), Қойлыбай деген үш бала туады. Сол Торымнан (Сексеннен) Айт, Қожас (Тайжер), Кенжес, Ырыскелді (Қызыл) дүниеге келеді. Осы Кенжестен Айдаралы, Құл, Ұлықпан, Қашан, Тұғыр тарайды.

Қашанның жеті баласының үлкені Жақсылық, одан кейінгісі Жарас. Міне, осы Жарастан Толыбай батыр туады.

*Е.Жұмаұлы.*

**ТӨЛЕБАЕВ Нағашыбай**

(1915-2000 ж.ж.). Туған, қайтыс болған жері – Шалқар ауданы, Қарашоқат т.ж. бекеті.

Еңбек жолын 1940 ж. №79 стансада т.ж. кезекшісі болып бастаған. Шалқар жол аралығының (дистанциясының) Қарашоқат стансасындағы 11-ші околоткасында жол монтері, жол бригадирі қызметінде болды (1954-1975 ж.ж.).

Жолдың күйін үнемі «өте жақсы» деген бағада ұстап, поездардың аса жоғары жылдамдықпен жүруін қамтамасыз еткені үшін Ленин орденімен марапатталды (1953), бірнеше медальдың иегері атанды.

**ТӨЛЕ БИ**



Төле Әлібек ұлы (1663, қазіргі Жамбыл обл. Шу өңірі, Жайсаң жайлауы – 1756, қазіргі оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Қазығұрт өңірі) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері.

Ұлы жүздегі дулат тайпасының жаныс руынан. Әкесі Әлібек момындығы үшін ағайындары арасында «қарашоғыр» атанғанымен, өзіндік беделі бар би болған. Бала күннен жас Төле әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі. Т.б. Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп сайлауға, үш жүздің ұлыстарын бір орт-қа бағындыруға, сөйтіп, бірегей қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтары-

ның жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатынасты. Тәуке хан Т.б-ді ұлы жүздің бас биі еткен. Т.б. Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын Жеті жарғының қабылдауына ат салысты. Ордабасы жиыны кезінде Т.б. басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйтқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясатты жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Т.б-дің қызметі орасан. 1742 ж. Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түсіп қалғанда оны тұтқыннан босатуда Т.б. белсенділік танытты. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Әбілқайыр хан мен Т.б-дің Орынбор әкімш-нен Абылайды тұтқыннан босатуға өтініш жасағандығы айтылады. Қазақтың үш жүзінен Т.б. бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады. Т.б. ішкі және сыртқы саясатта сара баға ұстанды. Хандық пен мемлекет тұтастығын, тәуелсіздігін діттеп, жаугершілікте дұшпан қолында қалған қалалар мен жерлерді қайтаруға күш салды. 1734 ж. Ресей патшасы Анна Ивановнаға және 1749 ж. Орынбор губернаторы И.Неплюевке хат жолдап, бодандықты қабылдауға ризашылық танытты. Бұл сол тарихи кезеңде шарасыздан жасалған қадам болатын. Ол жоңғар шапқыншылығынан титықтаған халықтың жағдайын жақсартуды бірінші кезекке қойды. 1748 ж. орыс сауда керуені тоналғанда, бұған кінәлі Қойгелді батырды билер алқасына шақыртып, оған бұл шығынды жұрт көзінше төлеттіреді. 1748 ж. Әбілқайыр хан қаза тапқанда оның баласы Ералы сұлтан әкесінің құнын даулап Т.б-ге шағымданады. Т.б. Әбілқайырдың өлімі үшін айыпкерлердің Жеті жарғы заңына сәйкес жеті құн төлеуі туралы шешім шығарады. Ералы айыпкерлерден екі құн алып, төрт құнды кешіреді де, әкесін өлтіруге қатысушылардың бірі Сырымбет батырды жетінші құн орнына өз қолымен өлтіреді. Әбілқайырдың балалары бұған да тоқтамай, Барақ сұлтанның жауапқа тартылуын Т.б-ден сұрайды. Бас сауғалап қашып жүрген Барақ сұлтан Т.б-ге өзі келіп, жасаған ісі үшін сотқа тартуды сұрайды. Т.б. билер сотына қазақ билерінің ішінен, Барақ сұлтанның ұсынуы бойынша төрт белгілі биді (Жалған би, Сарлыбай би, Даба би, Қабек мырза) қатыстырады, өз тарапынан бірнеше биді шақырады. Билер алқасында Т.б. Барақ сұлтанды ақтап алды. Т.б. Әбілқайыр ханның өлімі үшін жеті адамның құнын кескенде де, Барақ сұлтанды ақтап алғанда да, туысы Қойгелді батырға тоналған орыс сауда керуенінің өтеуіне екі мың жылқы төлеуге билік шығарғанда да елдің елдігін бұзбауды, әлі келгенше халықтың тыныш жағдайын, тұтастығын сақтауды көздеді. Т.б-дің бұл секілді еларалық сипаттағы билігімен қатар ұлыс ішіндегі дауларды шешкен билігінен де оның мемл. деңгейдігі парасаттылығы, ойының саралығы мен ниет-тілегінің тазалығы танылады. Т.б. – хан, сұлтандардың, бектер мен билердің өзара қырқысының ұлт тәуелсіздігі мен бостандығына ешнәрсе бермейтіндігін сезініп, татулықты жақтады. Оның елге танымал «Елге бай құт емес, би құт» дейтін қанатты сөзі айқын аңғартады. Бізге келіп жеткен аңыз-әңгімелерде Т.Б-дің ұлт бірлігін нығайтуды барынша жақтағандығы айтылады. Сондай аңыз-әңгімелердің бірінде Т.б. өз көңілін сұрай келген Қазыбек, Кәкі, Мәлік, Ержан билердің елінізге қандай өсиет қалдырасыз деген сұрағына былай деп жауап берген екен: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны. Атаға бөлінгендер адыра қалады. Көпті қорлаған көмусіз қалады. Хан азса халқын сатады. Халық азса хандыққа таласады». Т.б-дің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөнжоба сілтейтін көптеген өсиет сөздері қалған. Оның шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындылығымен ерекшеленеді. Оның Данагүл есімді келінінің де есімі көпке танымал. Т.б. Шымкент, Түркістан және Ташкент қала-



А.Төлебаев



С.Төлебаев



Т.Төлебаев

рында көпшілік пайдаланатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Т.б. халық арасында «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деген атпен танымал. Оның бұлай аталуы жайлы да аңыз сақталған. Т.б. Ташкенттегі Шайқантәуір зиратына жерленген. Қабірі Бабырдың нағашы атасы Жүніс хан мазарының қасында. Т.б. қабіріне кесене салынған. Ғибратты ғұмыр кешкен бидің жарқын бейнесіне көптеген ақын мен жыраулар оралып, оның даналығын шығармаларына арқау етіп отырды. Өткен дәуірлерде А.Левшин, П.Маковецкий, Л.Баллюзек секілді, т.б. зерттеушілері өз еңбектерінде Т.б. есіміне ілтипат білдіріп, құрмет тұта атап өтті. Әр кезде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов, т.б. Т.б-ге байланысты әр тараптағы зерттеулері мен ой-қорытындыларын жариялады. Жамбыл обл-нда Т.б. есімімен аталатын елді мекен бар. Оңт. Қазақстан обл-нда бір ауданға Т.б. есімі берілген. Жамбыл, Оңт. Қазақстан обл-нда және Астана қ-нда Т.б.-ге ескерткіш қойылған. Алматыда, Шымкентте және бірқатар елді мекендерде Т.б. есімімен аталатын көшелер бар.

*Әдеб: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сб. Документов и материалов, т. 1., А., 1961; Төле би, А., 1991; Үш пайғамбар, А., 1992; Төле би мен Қойгелді батыр, А., 1992; Левшин И.А., Описание Киргиз-кайсацких или киргиз-кайсацких орд и степей,А., 1996; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 1998. ҚҰЭ, 8-ші том, 466-бет. Е.Жасыбаев.*

**ТӨЛЕБАЕВ**
**Аманғали Төлебайұлы**

(06.04.1941 ж.т., Шалқар ауданы Қаражар елді мекені), инженер-механик, КСРО спорт шебері. Шалқар ауданы Шахта орта мектебін (1958), Алматы ауыл шаруашылық институтын бітірген (1964). Инженер-механик.

Еңбек жолы: кеңшарда бас инженер, «Казсельхозтехника» аудандық бірлестігінің меңгерушісі, Шалқар автобазасының, «Шалқар» кеңшарының (совхозының) директоры.

Спортпен жастайынан айналысқан. Самбошы. Батыс Қазақстаннан шыққан бірінші КСРО Спорт шебері (1964). Алматы қаласының (үш рет), республика студенттер ойындарының, Қазақстанның чемпионы; Москва, Гори қалаларында өткен КСРО студенттері ойындарының жүлдегері. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Самбо мектебін ашып, жастарды спортқа баулуда.

**ТӨЛЕБАЕВ Сағынғазы**

(1938 ж.т. – Шалқар ауданы №15 ауыл), аға шопан, «ҚР еңбек сіңірген ауылшаруашылық қызметкері» (1992).

Еңбек жолын 1954 жылы ұжымшарда шопан жәрдемшісі ретінде бастап, кейін шопан, аға шопан болып жұмыс істеген. 1964 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Шалқар ауданы, Аяққұм өңірінде аға шопан болып еңбек етті. Өзіне тапсырылған мемлекеттік міндеттерді мінсіз атқарып, қоғам игілігі үшін еткен адал еңбегі үшін «Мал шаруашылығының бірінші класты шебері» (1972), Социалистік жарыстың жеңімпазы (1973-1977), «10-шы бесжылдықтың екпіндісі» (1980), «12-ші бесжылдықтың екпіндісі» (1990) атанды. «КСРО халық шаруашылығын дамытудағы қол жеткен табыстары үшін» Халық жетістіктері көрмесінің 3 рет қола, 2 рет күміс, 1 рет алтын медалымен марапатталған. (1975-1980).



Ж.Төлегенов

Қазақстан компартиясы XVIII съезінің делегаты (1986).

«Құрмет белгісі» (1973), «Октябрь Революциясы» (1976), Еңбек Қызыл Ту (1981) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТӨЛЕБАЕВ Төлепберген**

(1913 ж., Шалқар ауд. – 1990 ж. Алматы қаласы).

Қазақстаннан шыққан тұңғыш экономистердің бірі, экономика ғылымдарының докторы, профессор. 1931-1937 ж.ж. Шалқар ауданында мұғалім болған.

1938 ж. КСРО Мем. банктің есептеу-экономика техникумын бітірген. 1938-1942 ж.ж. КСРО Мем. банкі ҚР кеңесінің аға инспекторы, қалалық басқармасының бастығы. 1947 ж. Абай атындағы Қаз ПИ-дің тарих-филология факультетін бітіргеннен кейін Қазақстан Компартиясы ОК-де нұсқаушы, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісі, финанс-сауда бөлімінің меңгерушісі, ал 1951-1955 ж.ж. Қазақ КСР қаржы министрі, 1955 ж.-дан Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау Ком. төрағасының орынбасары, осы комитет жанындағы ғылыми-зерттеу институтының



Ә.Төлегенов

директоры қызметтерін атқарды. Т.Т. – «Народное хозяйство Казахстана» журналын ұйымдастырушы және оның тұңғыш редакторы болды. 1964 ж.-дан өмірінің соңына дейін Алматы халық шаруашылығы институтында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Қаз. Компартиясы IV-VII съез-дерінде ОК мүшесі, Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің III-V шақырылымдарының депутаты.

Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендермен, медальдармен, үш рет Қаз. КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

**ТӨЛЕГЕНОВ Жүгініс**

(1913-2004 ж.ж. Шалқар ауданы), ауданның абыройлы ақсақалы болған адам.

II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. 1936 ж. Шалқар ауд. оқу бөлімінің хатшысы, есепші, экономист. 1939-1942 ж.ж. жер бөлімінің есепшісі, ауданның ауыл шаруашылық басқармасында экономист, аға экономист қызметтерін атқарды.

Өмірде көргені көп, түйгені мол, ойы жүйрік, көненің көзі



Е.Төлемісов

атанған, шежірелі қарт Жүгініс Төлегенов, 92-ге қараған шағында 2004 ж. дүниеден озды.

**ТӨЛЕГЕНОВ Әбдіғали**

(1917, Шалқар ауд. 11-ауыл-13.08.2004, Шалқар қаласы).

Еңбекке ерте араласқан ол ел басына түскен аштық, репрессия сынды ауыр кезеңдерді басынан өткізіп, Жапон, Фин соғыстарына қатысады, одан кейінгі тағдыры Ұлы Отан соғысына ұласып, Белоруссия жерінде партизан құрамасында болады (1939-1943). Ерлігі жазушы Әди Шәріповтің «Партизан қызы», «Тон» атты шығармаларында және «Шла война народная» кітабында баяндалған.

Ә.Төлегенов 1943 жылдың қазан айында соғыстан елге оралып, халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысына белсене араласып, Мерке ауданының «Прогресс» колхозы басқармасы бастығының орынбасары болды. 1947 жылы Шалқар жеріне оралып май зауытында, орман шаруашылығы мекемесінде еңбек етті.

«Қызыл жұлдыз», I-II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Шалқар қаласын-

дағы өзі тұрған үйге тақта орнатылып, атына көше берілді.

*Әдеб: Ә.Шәріпов. «Партизан қызы». Алматы, 1958. «Шалқар» газеті, № 34, 2004 ж.*

**ТӨЛЕМІСОВ**
**Ерназар Опаұлы**

(1940 жылы Шалқар ауданы), медицина ғылымдарының докторы, про-фессор.

Жамбыл қаласындағы медучилищені (1960), Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын (1970), Москваның 1-медициналық институты клиникалық ординатурасын, Москваның эндокринологиялық институтының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертация (1979 ж). қорғаған.

ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі (2000 ж.), жоғарғы санатты дәрігер (1993 ж.). Ем жөнінен авторлық қағазы мен өнертапқыш куәліктері бар. «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері (2007). Докторлық диссертациясын Москва қаласында қорғаған (2001). 110 ғылыми еңбектің ІІ методикалық құралдар мен монографияның авторы.

Еңбек жолын Шалқар ауданында учаскелік фельдшер болып бастап, Қызылорда қаласында учаскелік терапевт, жедел жәрдем дәрігері, ВТЭК төрағасы қызметтерін атқарған. 1979 жылдан бері Батыс Қазақстан медакадемиясында ұстаз, профессор.

**ТӨЛЕУБАЙ Кемейдулла**

(27.02.1928 ж.т. Шалқар ауд. Шеңгел болысы) – заңгер, Қазақстан Халықтары Ассамблеясының мүшесі.



*К.Төлеубай*



*Т.Төлепбергени*

Алматы мемл. заң институтын (1952), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1971) үздік бітірген. 1944-48 ж.ж. Шалқар ауд. «Қызыл Жұлдыз» ұжымшарында есепші, 1952-55 ж.ж. Қазақ КСР Мем. Қауіпсіздік Министрлігі әскери трибуналы сот мәжілістерінің хатшысы, Шалқар, Новоресей ауд. прокуратураларында тергеуші қызметтерін атқарды. 1955-62 ж.ж. Новоресей аупартко-мының бөлім меңгерушісі. 1962-65жж. Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары.

1965-69 ж.ж. Ойыл ауаткомының төрағасы. 1969-78 ж.ж. ҚКП Ырғыз, 1978-83 ж.ж. Қарабұтақ ауд. комитеттерінің бірінші хатшысы. 1983-86 ж.ж. обл. әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі. 1987-90 ж.ж. Батыс Қазақстан т.ж. басқармасы а.ш. секторының аға инженер-экономисі. 1990-95 ж.ж. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы обл. ұйымының жауапты хатшысы, 1995 жылдан осы кезге дейін басқарма төрағасы.

Қазақстан Компартиясының XIII, XIV, XV съездерінің делегаты. XIV съезде ҚКП ОК мүше болды. Ұзақ жылдар обл. партия комитетінің мүшесі, облыс. кеңес депутаты болып сайланған.

Октябрь Революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен, 2 рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің және ҚР Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Ақтөбе облысына еңбегі сіңген қайраткер» (2008) атағы бар.

**ТӨЛЕПБЕРГЕНИ**
**Төлеубай**
**Төлепбергенұлы**

(1948 жылы 28 мамыр-2007 жылы 19 мамыр) – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор. Республика білім беру ісінің үздігі, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, кандидаттық диссертацияны Москва Гуманитарлық академиясында қорғаған.

Ұзақ жылдар Атырау облыстық комсомол, партия органдарында лауазымды қызметтер атқарған, облыстық партия комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі болған.

Біраз жыл білім беру саласында еңбек етіп, 1991-2004 жылдар аралығында Атырау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры, Атырау университетінің про-



Б.Төлетов



Қ.Төлеуов



А.Төребаев



Г.Төремұратова

ректоры, тарих және құқық, тарих-филология факультеттерінің деканы қызметтерін атқарған.

2004 жылдан өмірінің соңына дейін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында Отан тарихы және тарихи пәндер кафедрасын басқарған. Бірнеше кітаптар мен мақалалар авторы.

**ТӨЛЕТОВ**
**Берік Құдайбергенұлы**

(14.11.1955 ж.т., Шалқар қаласы), құрылысшы, қажы.

Шалқар қаласындағы мектепте, Ақтөбе №100 кәсіптік-техникалық училищесінде оқыған, мамандығы мұнай бұрғылау қондырғысының машинист-дизельшісі, кейін құрылыс маманы.

1974-1976 жылдары Армия қатарында азаматтық борышын өтеп, 1976 жылы Теміртау қаласындағы жоғары техникалық оқу орнына түсіп, 1982 жылы инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітіреді.

1982 жылдан Шалқар қаласындағы №3 құрылыс басқармасында мастер-прораб, «Ақтөбемұнайгазқұрылысы» тресінің №2 құрылыс басқармасында прораб, учаске бастығы болады.

1987 жылдан Арнаулы құрылыс-монтаждау тресінің «Қазстальмонтаж» басқармасында бөлім басқарушы болып қызмет істейді.

1991 жылдан «Спецмонтаж» серіктестігін ашып, өзі басқаратын ұжыммен бірге құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізіп келеді. Шилісай фосфорит фабрикасында, №12 газ айдау станциясында, Жаңажол мұнай зауытында, Хромтау кен байыту комбинатында, Ақтөбе жиһаз фабрикасында әртүрлі цехтарды іске қосуға атсалысты. 2000 жылы қажылық парызын орындап қайтты.

**ТӨЛЕУОВ Қалмақан**

(10.08.1939, Шалқар ауданы, №12 ауыл), ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы.

Шалқар орта мектебін (1957), Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын (1962) бітірген, оқымысты-зоотехник.

Еңбек жолы: 1962 ж. «8 Март» ұжымшарында бас зоотехник, 1963-2003 ж.ж. аудандық ауыл шаруашылық басқармасында бас зоотехник, аудан әкімі аппаратында бас маман, бір саладағы еңбек өтілі – 42 жыл. 1965-1985 ж.ж. ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы озат көрсеткіштері, ғылым мен озат тәжірибе жетістіктерін а.ш. өндірісіне енгізу, өзекті мәселелер жөнінде мазмұнды құжаттар даярлап, сауатты жасалған ұсыныстар мен құнды мәселелерді жоғарғы тиісті басқарушы органдар алдына қоя білу ауданымыз үшін тиімді болып, көптеген келелі мәселелердің оң шешілуіне септігін тигізді. Аудан облыста озат атанды, республикаға белгілі болды.

Жұрт біледі, бұл жөніндегі ерен еңбек бас зоотехник, білікті маман Қалмақан Төлеуовтің есімімен тығыз байланысты болды.

Еңбегі еленді: Бүгінде ол «Құрмет белгісі» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасының, бірнеше медальдардың, І дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері.

**ТӨРЕБАЕВ Ахметжан**
**Наурызғалиұлы**

(15.01.1936 ж.т., Темір қ.), партия-кеңес органдары қызметкері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1981-1985).

1964 ж. Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетін, 1969 ж. Ақтөбе малдәрігерлік тех-н, 1982 ж. Алматы жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1955 ж. «Ақтөбемұнайбарлау» тресіне қарасты

Теректісай-Көкпекті мекемесінде техник-геолог болып бастады. 1958-70 ж.ж. Темір ауданы «Қазақ КСР 30 жылдығы» ұжымшарында есепші, бас есепші, Шұбарши кенті атқару комитетінің төрағасы, Темір аймақтық а.ш. өндірістік басқармасы бас есепшісінің орынбасары, жоспарлау-эко-номикалық бөлімінің бастығы, «Қазақстан» кеңшарының директоры, 1970-1973 ж.ж. Темір совхоз-техникумының директоры болды.

1973-85 ж.ж. Шалқар ауд. партия комитетінің бірінші хатшысы, 1985-91 ж.ж. обл. а.ш. басқармасының бас зоотехнигі, бөлім бастығы. 1991-2008 ж.ж. облыстық шаруа шаруашылығы төрағасы, обл. агроөнеркәсіп одағының төрағасы, қазір агроөнеркәсіп қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің төрағасы.

Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, 8 медальмен марапатталған. «Шалқар ауданының құрметті азаматы». «Табыс қайнары» атты кітабы Шалқар ауданы ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жетістіктеріне арналған.

**ТӨРЕМҰРАТОВА**
**Гүлнар Тобаниязқызы**

(21.08.1960 ж.т. Шалқар қаласы), Шалқар ауданы Айшуақ орта мектебін бітірген (1977).

С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің химия факультетіне оқуға түсіп, кең профильді химия мамандығы бойынша үздік аяқтап шыққан (1977-1982 ж.ж.).

1982 жылдан бері мемлекеттік университетінің Инженер-техникалық факультетінде студенттерге дәріс бере жүріп ғылыми жұмыстармен айналысқан.

1994-99 ж.ж. арасында Алматы қаласындағы ҚазМУ-ге қарайтын «Жаңа материалдар мен технологиялар» ғылыми-зерттеу институты жанындағы аспирантураны аяқтап, «Қазақстан мұнайларының ауыр фракциясынан катализдік крекинглеу жолымен мотор отындарын алу» атты тақырыптағы кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап шықты.

Ғылыми жұмыстарының нәтижесі бірнеше Халықаралық деңгейдегі конференцияларда баяндалған. Ондаған мақалалары жарық көрген.

Бензин алудың жаңа тәсілін ойлап тапқандығы туралы халықаралық патент иегері.

Мұнай мен газ және олардың фракцияларын өңдеу технологиясы бойынша студенттерге арналып жазылған бірнеше кітабы жарық көрді.

**ТӨРЕНИЯЗОВ Сағитжан**

(26.06.1954 ж.т., Шалқар ауд. №64 т.ж. бекеті) – теміржолшы, спортшы, жеңіл атлет.

Темір жолда еңбек ете жүріп, спорттың жеңіл атлетика түрімен айналысты, негізінен өте алыс қашықтыққа және ел өміріндегі белгілі бір аса маңызды тарихи, саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғаларға арналып өткізілетін жүгірулерге қатысты.

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 50 жылдығына арналған марафонда Ақтөбе, Челябі қалаларында ҚР Туын көтерді.

Спортшының үлкен табыстарының бірі – 2000 км. Ақтөбе-Тараз бағыты (1998 ж.). Түркістан қаласына үш дүркін жүгіріп барып, қаланың 1500 ж. мерекесіне қатысу құрметіне ие болды.

**ТӨРЕХАНОВ**
**Тауман Алыбайұлы**



(1931 ж. Шалқар қ.). 1948 ж. Шалқардағы №1 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін еңбек жолын қалалық кеңес атқару комитетінде хатшылықтан бастады. 1955 ж. қазақтың С.М.Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы университетін бітіріп, Шахта орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс береді. 1958-1962 ж.ж. Шалқар аудандық «Социализм туы» газетінде ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1962-1963 ж.ж. Темір аудандық «Жаршы» газеті редакторының орынбасары қызметтерін атқарды.

Т.Т. 1963-1992 ж.ж. Шалқар аудандық «Коммунизм таңы» (қазіргі «Шалқар») газетінің редакторы болып қызмет атқарды. 1990ж. оған мінсіз қызметі үшін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді. Ол – «Кісенделген да-

ла», «Ғасыр қасіреті», «Қанмен жазылған тағдырлар», «Дала Геркулесі», т.б. тарихи және бүгінгі күн тақырыбына арналған кітаптардың авторы. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған. «Шалқар ауданының құрметті азаматы» (2006 жылы).

**ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ**

Ерте дәуірден бері мал халқымыздың негізгі тіршілік көзі болған. Еті, майы, сүті – тағам, терісі, жүні – киім, мінсе – көлік. Мал баққан, өрісін тапқан қазақ ірілі-ұсақты жандығын төрт түлік деп есептеп әр қайсысының иесіне, піріне ат берген. Мысалы, түйенің иесі – Ойсыл қара, жылқының иесі – Қамбар ата, сиырдың иесі – Зеңгі баба, қойдікі – Шопан ата, ешкінікі – Шекшек ата. Оларды бағу мен өсіру оңай шаруа емес. Жаз – жайлауы, қыс – азығын қамдау қажет. Әр малдың мінезіне қарап бағалаған.

«Түйе бақтым – түйме тақтым,
Жылқы бақтым –
жылап бақтым,
Сиыр бақтым – сидаң қақтым,
Қой бақтым – қоңырау тақтым,
Ешкі бақтым – еңіреп бақтым»

– деген мәтел де қалыптасқан.

*Ділда Матайқызы, «Айналайындарым менің» кітабынан.*

Біздің Шалқар өңірін мекендеген ата-бабаларымыз ежелден төрт түлік малды тел өсіріп, оны бүгінгі ұрпақ жалғастырып келеді. Кеңестік дәуірде мал шаруашылығымен айналысатын ұжымшарлар, кейін кеңшарлар құрылды. Мәселен 1938 жылы ауданда 50 ұжымшар болса, 1964 жылдан бастап олар ірілендіріліп, 8 кеңшарға айналды. Кеңестік кезеңдегі мал басының өсуінің шарықтау шегі 1974 жыл болды. Осы жылдың аяғына қарай ауданда қой саны 325 мыңға, жылқы 11 мыңға, ірі қара 4950-ге, түйе 1513-ке жеткізілді. Бұл тек қана қоғамдық мал саны, жеке секторлардағы мал мұнда кіргізілген жоқ.

Алайда, өткен ғасырдың 20-30 жылдардың бас кезіндегі ашаршылық пен жұт салдарынан және 1963 ақ қоян жылдары мал саны мың, жүз еселеп азайып отырды.

Кеңес үкіметі тарап, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мал шаруашылығымен жеке қожалықтар айналысып келеді.

**ТОРАЙҒЫР**
**(Шүйт Торайғыр)**

XVIII ғас. соңы мен XIX ғас. өмір сүрген әрі батыр, әрі жершіл, көріпкел адам болған. Көшіп кеткен елдің жұртындағы күлден елдің қашан көшіп кеткенін дәл айтқан. Қараңғы түнек түн мезгілінде далаға қаққан қазықты дәл таба білген. Көктем келіп мұз жарылып, сең болып ығып кеткен уақыттары, сол сеңнің үстінде ығып кеткен адамдардың санына дейін және олардың қай жерде ығып бара жатқанын айтып отырған. Орынбор генерал-губернаторы Есет Көтібарұлына қарсы бірнеше мәрте жазалаушы отрядтар жіберіп отырғаны тарихтан белгілі. Сондай отрядтардың бірінің командирі ел аузындағы әңгімені естіп Торайғырды жолбасы етіп қасына ертіп алады. Сонда Торайғыр отрядты Есеттің қонған жеріне емес, көшіп кеткен жұртының үстінен шығара беріп әбден титықтатқан. Бұған қатты ашуланған отряд командирі құм арасында Торайғырды кескілеп өлтіріп тастайды.

**ТҰРҒАМБАЕВ**
**Сағынай Таласқанұлы**

(1912, Шалқар ауд. №5а – 21 10.1995, Ақтөбе қ.) – 1925-32 ж.ж. тас көмір шахтісінде, Қотыртас с.т.ж. қызмет жасаған, 1932-37 ж.ж. Қазақстан Орталық атқару комитеті жанындағы курста, Алматы Кеңес құрылысы институтында оқыған. 1937-40 ж.ж. Ақтөбе обл. Кеңес атқару комитетінде нұсқаушы, кадрлар секторының меңгерушісі, Табын ауд. кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1940-1947 ж.ж. Ақтөбе обл. Кеңес атқару комитетінің жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары, 1947-1952 ж.ж. Ойыл ауд. Кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1952-58 ж.ж. Гурьев обл. Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары, Гурьев обл. Теңіз ауд. партия комитетінің біріншің хатшысы. 1958-62 ж.ж. Гурьев халық шар. Кеңесінің жабдықтау бөлімі бастығының орынбасары, Ақтөбе обл. Мұғалжар терең бұрғылау мұнай барлау экспедициясында, 1962-65 ж.ж. Батыс Қазақстан Өлкелік Кеңес атқару комитетінің нұсқаушысы, 1965-73 ж.ж. Ойыл ауд. Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет жасады. Екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, 4 медальмен марапатталған. 1951 жылы Қазақ КСР Жоғарғы



Ж.Туменов

Кеңесіне № 138 Ойыл сайлау округінен депутат болып сайланған.

*«Ақтөбе» энциклопед., 689 б.*

**ТҰРМҰҚАНБЕТОВ Мұқас**

(а.к.б. 1905 ж., Шалқар ауд. Тоғыз бекеті – 02.02.1990 ж., Қарғалы ауд.) – майдангер, 4 орден, бірнеше медальдің иегері. 1927 ж. әскер қатарына шақырылып, үш жыл Украинада міндетті борышын өтеген, содан соң Орынбор облысының Дамбар ауданында шахтада бригадир болып жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысы жылдары үлкен жауынгерлік жорық жолдарынан өткен, соғысты Берлинде жеңіспен аяқтаған (1942-1945 ж.ж.).

Ұрыс даласындағы ерлігі жоғары бағаланып, Қызыл Жұлдыз, I-ші және II-ші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және 5 медальмен марапатталған.

**ТҮМЕНОВ**
**Жолдыбай Аққожаұлы**

(15.03.1938 ж.т., Шалқар қаласы), байланыс саласының майталман маманы. 1956. Шалқар қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін екі жыл (1956-1958) Ақтөбе қаласында заводта жұмыс істеп, Ташкент байланыс ин-



А.Тыныбеков

ститутында оқыған (1958-1963). Мамандығы – радио инженері. Кейінгі еңбек жолы: Ақтөбе өлкелік радио орталығында аға инженер (1963-1965), Шалқар байланыс техникалық пайдалану торабының бастығы (1965-1978). Ақтөбе байланыс техникумының директоры (1978-1997) қызметтерін абыройлы атқарған. Қазірде де сол өзі басқарған мекемеде (бүгінде колледж) жауапты қызметте.

Байланыс саласы ардагері ретінде «ҚР бойынша құрметті байланысшы» (1993), білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2008) белгілерімен марапатталған, алған бірнеше медальдары бар.

**ТЫЙЫМ**

Үйге атпен шаппа – жау таяп қалғанда, не өлімді хабарлағанда болатын жағдай.

Жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме – бұл құрмет.

Бас киіммен ойнама, біреуге сыйлама – қонған бақтан айырыласың, басың бірікпейді.

Ошаққа су құйма – өз отыңды өзің өшірме.

Бос бесікті тербетпе – ұрпақсыз қаласың.



Т.Тілешев

Жылқының құйрық, жалын күземе – тұл қалғанның белгісі.

Малды басқа ұрма, теппе – ырысыңнан айырыласың.

Кешқұрым ұйықтама – жынпері көшетін кез.

Айға қолыңды шошайтпа – қасиетті.

Жерге түкірме – Жер-Ана, анасының бетіне ешкім түкірмейді.

Нанды баспа – иесі ұрады.

Түнде суға барма – су перісі қағуы ықтимал.

Екі бүйіріңді таянба – қайғы, қасірет белгісі.

Бөгде адамнан қайда барасың деп сұрама – көргенсіздік.

Сорпа, шайды үрлеп ішпе – дегбірсіздік.

Жәй отырып үнілеме – уайым, қайғы шақыру.

Қолыңды төбеңе қойма – дүниеден безіну.

Табаныңды тартпа – бейнет шақыру.

Таңдайыңды тықылдатпа – жаман ырым.

Өтірік жылама – құдай шын жылатайын десе қиын емес.

Жерді таянба – торығу.

Босағаны керме – жазаланудың белгісі.

Табалдырықта тұрма – суыт хабар жеткізгеннің белгісі, Төр киелі, табалдырық ұнамсыздау орын.

Кісіге қарап есінеме – әдепсіздік.

Кісінің басынан кертұқыл алма – басыңнан тоқпақ кетпейді.

Күйеу бала қайын жұртына барғанда бас ұстамаған, дастарханға бата бермеген, сүйекке түспеген.

Келін атасымен, қайын-ағаларымен қол алысып амандаспаған – әдепсіздік саналған.

Әр тыйым заңының астарында халқымыздың өмірлік пәлсапасы жатқан жоқ па!...

*Жинаған: Д.Матайқызы.*

**ТЫНЫБЕКОВ Амангелді Садықұлы**

(1953 ж., Шалқар қаласы). Медицина ғылымдарының докторы, профессор.

1971 ж. Шалқардағы №1 орта мектепті, 1977 ж. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын (қазір М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік иедицина академиясы) бітіріп, Ақтөбе облыстық балалар ауруханасында дәрігер-педиатр қызметін атқарды. 1986 ж. Ленинград қаласында кандидаттық диссертация қорғады. 1985-1995 ж.ж. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында ассистент, кафедра меңгерушісі және педиатрия факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды. 1997-2001 ж.ж. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде бас педиатр-сектор меңгерушісі, ғылым, білім және кадр бөлімінің бастығы, 2002 ж. бастап Педиатрия және бала хирургиясы ғылыми орталығында директордың орынбасары қызметін атқарып келеді. «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», медицина ғылымдарының докторы, профессор, 50-ден астам ғылыми еңбегі және осы саладан 2 жаңалығы бар. Қазір С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті жанындағы дәрігер-педиатрлар және денсаулық сақтау саласы ұйымдастырушыларын аттестациялау комиссиясының мүшесі.

**ТЫШҚАНБАЕВ Күзенбай**

(1896-1969 ж.ж.) – байларға жалшы болған.

1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін №14 ауылда, «Жаңа тұрмыс» ұжымшарында аға шопан болып жұмыс жасаған. Бағымындағы 400 қазақы саулық қойдан 520 қозы өсіріп, қозының әр басы енесінен айырарда орта есеппен 38 кг. келіп, оларды аман сақтағаны үшін 1947 ж. Ленин орденімен марапатталған.

**ТІЛЕШЕВ Тұрсын Тілешұлы**

(19.09.1939 ж.т. Шалқар ауданы №15 ауыл), халық ағарту, оқу және білім саласының ардагері, қазақ тілінің жанашыры. Шалқар қазақ орта мектебін (1956), Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтын (1961) бітірді, мамандығы – қазақ және орыс тілдері пәндері бойынша мектеп мұғалімі.

Еңбек жолын 1961 ж. Қорғантұз орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының орынбасары болып бастаған (1961-1966) ол аудандық оқу бөлімінің бастығына дейінгі еңбек жолынан өтіп (1978-1987), білім саласындағы 15 жыл еңбегінде үлкен абырой-атаққа ие болды: «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» атанды (1980), «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталды (2008). Т.Тілешев жалпы еңбек жолында үлкен мектеп көрді: аупарткомда нұсқаушы, үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары – саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі, аудан мәдениет қызметкерлері кәсіподақтарының төрағасы, «Білім» қоғамы аудандық ұйымының төрағасы, кейін Шалқар ауаткомының жауапты хатшысы қызметтерінде болды. қазірде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық ұйымының төрағасы (1999 жылдан бері), Шалқар аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің әдіскері (2001 ж.).

Ел Президентінің екі Алғыс хатының (2001, 2005) және 3 медальдың иегері, Ақтөбе облысы әкімінің 2, Шалқар ауданы әкімінің 3 алғыс хатымен марапатталған (2002-2006). «Шалқар ауданының Жыл адамы» (2005), аудандық кеңестің бірнеше дүркін депутаты (1978-1991), «Шалқар» энциклопедиясының Бас редакторы (2007-2009), «Ақтөбе облысына ерекше еңбегі сіңген зейнеткер» (1995). Педагогикалық еңбегі А.В.Азарованың кітапшасында баяндалған, «Қазақ тілі» қоғамындағы еңбегі Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы республикалық ұйымының Президенті профессор Ө.Айтбайдың «Тіл тағылымы» кітабында қазақ тілінің сарбазы ретінде тіркелген. «Қазақ тілі» қоғамы республикалық құрылтайының делегаты (2004 жыл).



Ә.Тілеубергенов



К.Тлеулин



Ж.Тілеуқұлов

**ТІЛЕУ Айтұлы**

(1630 ж., қазіргі Ақтөбе обл. – 1684 ж., Сайрам қ.) – белгілі би, әрі батыр қолбасшы. Мыңдаған санды рулы ел Тілеу есімімен аталады. Алаш жұртына әйгілі Шекті Мөңке бидің әкесі. Күлтөбеде әз Тәукені хан сайлауға, Сұпы Әжіні пір сайлауға қатысып, ұсыныс жасап, сөйлеген. Тілеудің Есіркеміс, Алдаберді, Жолдыаяқ, Жақсымбет, Мөңке (кенжесі) деген балалары болған. 1681-84 жылдары қазақ тағдыры талқыға түскен Сайрам соғысына 17 мың қол жинап, қасына баласы Жолдыаяқ, інісі Қалдыбай батырларды ертіп, бастап барып қатысқан сардар және сол соғыстың даңқты қаһарманы. 1684 жылы Сайрам қаласын қорғаудағы шешуші ұрыста өзі де, баласы Жолдыаяқ батыр да опат болған. Екеуінің де сүйегі Қожа Ахмед Яссауи кесенесіне жерленген. Есімдері кесенедегі ескерткіш тақтада жазулы. Түркістан қаласында Тілеу-Жолдыаяқ атындағы көше бар. Тілеу Ноғайлы елінің билеушісі Мұсаның ұрпағы. Әлімнің баласы Жаманақтың (лақап аты – Шектінің) Шыңғыс, Өріс, Бәубек деген балалары болған. Сол заманда Ноғай ордасының ұлы бии Мұсаның екінші ұлы Сейдақтың – «Қарасай-Қази» жырында аты аталатын – Қалу деген баласы жас кезінде бір реттермен елінен кетіп, шектілерге келіп Шыңғысқа бала болып, сіңіп кетеді. Өсіп, ер жеткен Қалуды шектілер Зеріп деген қызға үйлендіреді. Сол Қалудан Бөлек туады. Бөлектен Айт, Бұжыр туған. Айттан Қабақ, Тілеу туады. Алаш жұртында белгілі «Тілеу-Қабақ» әні солдардың атымен аталған. Қалдыбай батыр сол Қабақтың немересі. Алтын Орда ыдырап бірнеше хандықтарға бөлінгенде Мұса мен інісі Жаңбыршы Ноғай ордасын билеген. Тарихи деректерде Мұса Алтын Орданың тұтқасын 15 жыл ұстаған Ер Едігенің шөбересі деп көрсетіледі. Қазақтың даңқты ақыны Шалкиіз Мұсаның туған жиені. Мұсадан Сейдақ, Орақ, Мамай, Алшағыр, Жүсіп, Смайыл туған. Жаңбыршыдан Телағыс пен Күрке туған. Бұлардың бәрі де орыс жылнамаларында аттары аталған ірі қоғам қайраткерлері. «Ормамбет хан өлгенде, Онсан ноғай бүлгенде» дейтін әмбеге аян сөз тіркесіндегі Ормамбет хан мен Россияға аты жайылған князь Урусовтар әулеті және Тарғын батыр Алшы – Смайылдан тарайды. «Едіге», «Нұраддин», «Мұсахан», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Жаңбыршы», «Телағыс», «Ер тарғын» жырлары бұл күнде қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының асыл қазынасына айналған мақтанышы. Қазір Қазақстанда Тілеудің ондаған мың ұрпақтары тұрады. Мөңке би, Қаражігіт молда Бектауұлы, Мырзағұл би Шыманұлы, Достан би, Тәңірберген, Сарышолақ Шайыр, Сары Батақұлы, Таразы ақын, жазушы Тахауи Ақтанов, саясаткер Марат Тажин, т.б. белгілі адамдар Тілеудің тікелей ұрпақтары.

*«Ақтөбе» энциклопед., 220 б.*

**ТІЛЕУБЕРГЕНОВ**

**Өксікбай**

(1917-1994 ж.ж.), «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі» (1966 ж.).

Білімі жоғары, тарих пәнінің мұғалімі. Еңбек жолын Ақтөбе облыстық халыққа білім беру басқармасында инспектор болып бастаған. 1940-1945 ж.ж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етіп, Ұлы Отан соғысына қа-

тыс-қан. 1945-1951 ж.ж. Шалқар қалалық қазақ орта (осы күні №1) мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, 1951-1954 ж.ж. Шалқар аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1954-1956 ж.ж. Ойыл аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1960-1978 ж.ж. Шалқар аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болды. Екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТІЛЕУЛИН Келбет**

(15.03.1913 ж., Шалқар ауданы Көкала ауылы – 02.12.1982 ж., Шалқар қаласы), композитор Қазанғап Тілепбергенұлының домбыра ойнау дәстүрін бұзбай жалғастырған және Қазанғап күйлерін бүгінгі ұрпаққа жеткізген күй өнерін орындаушылардың бірі.

Туған жері – Шалқар ауданы Көкала ауылы. Жастайынан әнкүйге әуес болған. Ұстазы –домбырашы Сүгірәлі Жалымбетов. Атақты Жәлекеш Айпақовтың Қазанғап күйлерін орындау жөніндегі ақыл-кеңесін тыңдайды. Шешек ауруы салдарынан зағип болып қалған соң бірыңғай күй тартуды ермек етеді. Композитордың шәкірттері Балмағамбет, Жұмалылармен, күйші Қонақбаймен, домбырашылар Қ.Медетов, Қ.Жантлеуовтермен араласып, орындаушылық өнерін жетілдіреді. Өзінің де шәкірттері біраз, солардың бірі – марқұм Сәдуақас Балмағамбетов. Келбет күйші туралы деректерді жинап, кітапқа кіргізген профес. Абдулхамит Райымбергенов.



*А.З.Тілеуова*

«... Келбет Тілеулин, Бақыт Басығараев айтқан мағлұматтар атақты күйшінің творчестволық тұлғасын анықтауға көп жәрдемін тигізді. Олар көптеген күйлердің шығу тарихы жөнінде қызғылықты деректерді берді» (А.Райымбергенов.)

*А.Райымбергенов.*

*Әдеб: «Қазанғап, Ақ желең». Алматы, «Өнер». 1984. «Ақтөбе» газеті, 09.09.2004 ж.*

**ТІЛЕУҚҰЛОВ**
**Жүсіп Құлмырзаұлы**

(20.07.1914 ж.т., Шалқар қаласы – 13.04.1981 ж. Шалқар қ.), теміржолшы, еңбек ардагері.

1930 ж. 16 жасында комсомол жолдамасымен Шалқар локомотив депосына токарьдың үйренушісі қызметіне келген ол өзінің ісіне құштарлығы мен табандылығының арқасында бұл мамандықты жетік игерді.

Бригадир, мастер (шебер) болып жарты ғасырдан астам теміржол саласында қызмет етті.

Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальдармен, «Құрметті теміржолшыға» төсбелгісімен марапатталған.

**ТІЛЕУОВА**
**Ақмоншақ Зархомқызы**

(30.09.1954 ж.т. Шалқар қаласы), филология ғылымдарының кандидаты (1999), доцент, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» (1986), «Үздік оқытушы» (2008 жылы).

Шалқар қаласындағы № 2 қазақ орта мектебін (1971), Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетін (1975) бітірген. 1975-1990 ж.ж. Шалқар ауданының Қаратоғай, Ә.Жангелдин атындағы орта мектептерінде қызық тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, 1990-2000 ж.ж. Ақтөбе педагогикалық институты (қазіргі Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті) қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, 1993-1995 ж.ж. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нде ізденуші.

2000-2004 ж.ж. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасында доцент, 2004 жылдан күні бүгінге дейін Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті қызметінде, 30-ға тарта ғылыми мақалалары жарияланды, бірнеше оқу құралдарының авторы.

Негізгі шығармалары: жанр табиғаты және арнау өлеңдер. Алматы «Ғылым» баспасы, 2002; Педагогикалық практиканы ұйымдастыру. Ақтөбе, 2002; Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың өзекті мәселелері. Алматы, «Қазақ ұлттық университеті», 2004; (ғылыми жинақ авторларының бірі); Қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиясы. Ақтөбе, 2008.

# Ұ

## ҰЙЫТҚЫ

Сүт ұйытып, айран жасайтын ашытқы. Қазақ халқы піскен сүттен гөрі ұйытылған, ашытылған сүт адам организміне сіңімді болатынын ертеден білген. Сондықтан мамыр айынан бастап ақ молая түскен кезде өткен жылдан арнайы кептіріп дорбаға сақтаған Ұ-ны сүтке құйып араластырады да, оны қанжылым етіп қымтап жабады. Сүт жылы болса, айран кілегейленіп, ұйиды. Өте ыстықтау болса, дәмі ащылау қатық айран болып шығады. Ұ-сы күшті, бабы келіп ұйыған айранға ағаш қасық тік тұрады. Айран ұйытуға арнаулы ыдыстар (кеспек, керсен, тегене, т.б.) пайдаланылады.

*Д.Қатран, ҚҰЭ, 9-том, 17-б.*

## ҰЛПАН

...Ақ көңіл ел Ұлпанға ырзалығын ұмытқысы келмей кіші Шалқарды бұдан былай «Ұлпан көлі» деп атайық деп сөз байлады. Әлде қай мінезімен, әлде қай ойларымен, әлде қандай үнімен, көз қарасымен, әйтеуір, Ұлпан осы елдің жүрегінен жылы орын алып кетті.

Елге қайтар алдында Ұлпан: «Қайтып көрем бе, жоқ па, өзімнің көліме тағы бір түсіп қайтайыншы», – деп көп әйелдермен барып шомылып қайтты. Ел



әйелдерінің ойында бұл да орнығып қалды. Ұлпанмен қоштасарда нағашы жұрты:

– Ұлпан қарағым, мынау сенің көлің... Ұлпанның көлі *(төменгі сурет)*. Анда-санда келіп жүр! – десіп қалды. Ұлпан жылап қоштасып жүріп кетті.

Осыдан жиырма-ақ жыл кейін, жиырманшы ғасырдың басында Орынбор-Ташкент темір жолы салынарын, дәл осы «Ұлпан көлінің» басына темір жол стансасы салынарың оның аты «Ұлпан» боларын өзі әрине білген жоқ...

Орынбор-Ташкент жолы-нының бойында Москваға кетіп бара жатқанда Шалқар станциясынан соңғы станция – сол «Ұлпан» станциясы *(жоғарыдағы сурет)*.

*Ғ.Мүсірепов, Ұлпан, 198 бет. Алматы, «Атамұра», 2003 жыл*



## ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Сауда, керуен жолдарының жалпы атауы. Ол б.з.б. 2-ғ-дан 16 ғ-ға дейін Орта Азия арқылы Қытайды Алдыңғы Азиямен байланыстырды. Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде б.з.б. 2 ғ-да ашылды. «Ұлы Жібек жолы» Сианьнан Ланьчжоу арқылы Дуньхуанға апарады, бұл жерден жол екі торапқа бөлінеді: солтүстік жол Тұрфан, Самарқан, Мервте, Ферғана алабын, ал оңтүстік жол Хотан, Жаркент, Балх және Мервте басып өтіп, Памирдің тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ Таяу Шығысқа апарады. Мервте оңтүстік және солтүстік жолдар қосылып, одан әрі батыстағы «Ұлы Жібек жолы» Ниса, Гекатомпил, Экбатана, Бағдат арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға, Тир мен Антиохияға дейін созылып жатыр. Экспорт үшін арнаулы дайындалған және Батыста жоғары бағаланатын қытай жібегі негізгі сауда товары болды. «Ұлы Жібек жолы» арқылы сауда-дипломатиялық байланыс әсіресе 1-2 ғ.ғ. аралығында мейлінше дамыды. Қытаймен негізінен ортаазиялық делдал саудагерлер сауда жүргізді. 97 ж. қытай саяхатшысы Гань Ин Парсы шығанағына дейін, ал македониялық Май Тициан 100 жыл Ланьчжоуға дейін жеткенімен жол қатынасының қиындығы Қытай мен Рим арасында тікелей байланыс жасауға мүмкіндік бермеді. III-VI ғ.ғ. «Ұлы Жібек жолы» көбінесе «қажылар жолы» ретінде пайдаланылады, бұл жол арқылы будда монахтары Қытайдан Үндістанға, Үндістаннан Қытайға сапар шекті. VII-X ғ.ғ. «Ұлы Жібек жолының» халықар. маңызы арта түсті, Қытай Византиямен және арабтармен байланыс орнатты. XVғ. теңіз байланысының дамуына байланысты «Ұлы Жібек жолы» маңызын жоя бастады. Алдыңғы Азия мен Орта Азия және Қытай халықтары арасында экономик. және мәдени байланысты дамытуда «Ұлы Жібек жолы» ролі зор болды. «Ұлы Жібек жолының» ұз. 7 мың км-ден асты.

*Әдеб: Васильев Л.С., Культурные и торговые связи ханьского Китая с народами Центральной и Средней Азий. «Вестник истории мировой культуры», 1958, №5. Қараңыз: ҚҰЭ, 9-шы том, 48 бет.*

## ҰЛТ БҰҒАУДЫ БҰЗҒАН КҮН

*(16 желтоқсан Тәуелсіздік күні)*

– Қазақ КСР-ның Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация 1990 жылғы 25 қазанда қабылданды.

– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі 1991 жылы 16 желтоқсанда жария етілді.

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу жөніндегі жарлыққа 1991 жылғы 28 тамызда қол қойды.

– Тұңғыш рет қазақ азаматы Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы қазанда ғарышқа ұшты.

– Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына 1992 жылғы 2 наурызда мүшелікке өтті.

– Сол кездегі Жоғарғы Кеңесте талқыланған, Республиканың Мемлекеттік жаңа Туы мен Елтаңбасы 1992 жылы маусымда, ал Әнұран мәтіні 1992 жылы желтоқсанда бекітілді.

– 1993 жылы қарашада ұлттық валюта-теңге айналымға енгізілді.

– Еліміздің қазіргі Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

– Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы алғаш рет ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілді.

– 1996 жыл – Халықаралық Жамбыл жылы болып белгіленді.

– 1997 жылы қазанда Елбасының «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы жарияланды.

– 1997 жылы кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығы тойланды.

– Отанымыздың жаңа астанасы – Астана қаласының тұсаукесері салтанатты жағдайда 1998 жылғы маусымда өткізілді.

– Әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы 1999 жылы көкекте ЮНЕСКО көлемінде тойланды.

– Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2000 жыл – мәдениетті қолдау жылы деп жарияланды.

– 2003 жылы Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» еңбегі жарық көрді.

– 2005 жылы 4 желтоқсанда елімізде Президент сайлауы өткізілді.

### ҰСАҚ ТИТАН-ЦИРКОНИЙ КЕНІ

Шалқар т.ж. ст. Оңт. 182 км жерде орналасқан кенді құм жоғары олигоценнің жағалау теңіз фацияларына жатады. Орташа қалыңдығы 5,0 м және 7,0м екі кенді деңгейлерден тұрады. Тау-техникалық (өңдеу тереңдігі 20м дейін) және гидрогеологиялық жағдайлардың қолайлы болуы өңдеу жұмыстарын ашық жүргізуге мүмкіндік береді.

*«Ақтөбе» энциклопед., 696 б.*

### «ҰЛЫ БОРСЫҚ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

Бұрынғы қалалық коммуналдық шаруашылық меке-месі мен темір жол бойын сумен қамтамасыз ету бөлімшесінің ізі. КМК 2002 жылдың 22 қыркүйегінде «Компания Азия» және «Барыс», «Ғимарат» және «Таңсықбаев» ЖШС-терінің негізінде қайта құрылды. Кейін КМК Бегімбет, Бозой коселкелеріндегі су, канализация, жылу нысандарын өзіне қосып алды.

Темір жолы бойындағы «Шалқар-Шоқысу», «Шалқар-Қотыртас» бағыттарындағы барлық елді мекендерді де сумен қамтамасыз ететін болды. Аудан бойынша 35600 тұрғынға және



*Ж.Елемес*

200-ден аса мекемелер мен кәсіпорындарға үздіксіз су жеткізіп келеді. Кәсіпорын балансысындағы су желісінің ұзындығы 289 шақырым.

Су үлкен Борсық құмында орналасқан ұңғылардан өндіріледі. Олардың саны 13, тағы 3 насос стансасы мен 2 су қысым мұнарасы бар. Суды қала тұрғындарының 70%-ы көшелерде орналасқан колонкалардан алады. Елді мекендерде он шақты ұңғы бар. Канализация жүйесінің ұзындығы 35 шақырым. Халықты жылумен қамту да жолға дұрыс қойылған.

«Ұлы Борсық» КМК-н Жеткерген Данағұлұлы Елемес (19.11.1952 ж.т.) көп жылдан бері мінсіз басқарып келеді. Өз ісінің маманы, тәжірибелі құрылысшы, басшылық қызметтегі өтілі 12 жыл, көпшіліктің ықыласына бөленген азамат, Шалқар ауданының «Жыл адамы», аудандық мәслихатқа бірнеше рет сайланған депутат.

### ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ

*(Шалқар туралы тағы бір дерек)*

22 маусым 1941 жыл.. Осыдан 67 жыл бұрын Ұлы Отан соғысы басталды.

Соғысқа Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам аттанды. Ұрыс даласында ерлік көрсеткен жауынгерлердің әрбір төртіншісі елге оралған жоқ.

Облысымыздан Ұлы Отан соғысына 122423 адам аттанса, олардың 36 192-сі ұрыс даласында қаза тапты. Біздің облысымызда 37 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алса, 8 адам үш дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

Осыдан үш жыл бұрын Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мұражайдың бастамасымен Ұлы Отан соғысына қатысқандардың тізімі жасалды. Онда Шалқар ауданынан 30 қыздың соғысқа аттанғаны туралы деректер бар. Мұндай деректерді бүгінгі жаңа буын біле бермейді.

*Ғалымжан Байдербес, «Қос шынар» қоғамдық қорының төрағасы. «Ақтөбе» газеті, 19.06.2008 жыл.*

# Ү

## ҮАЙДАҰЛЫ Үмбетбай



(10.11.1935 ж.т. – Ырғыз ауд. Темірастау ауылы) – сықақшы-жазушы, журналист, Қаз. Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, Қаз. сатириктерінің «Найзагер» қауымдастығы президентінің орынбасары. Қаз МУ-дің журналистика бөлімін бітірген (1965). 1954-57 ж.ж. Кеңес әскері қатарында болды. 1957-58 ж.ж. Донбастағы Красный луч қ-нда шахта құрылысшысы, Шалқар ауд. баспаханасында баспашы. Кейін Қазақ радиосында, «Ара-Шмель» журналында, «Қазақфильм» киностудиясында, «Өнер» баспасында, Республикалық кітапқұмарлар қоғамында, Жазушылар одағында қызмет етті. Әл-Фараби атынд. Қаз. МҰУ-нің журналистика факультетінде ұстаз болды. Поэзия және проза саласында еңбек етіп келеді. «Қара көзілдірік» (1968), «Құрдым сиыр» (1971), «Ендігісін айтпаймын» (1974), «Ішің білсін» (1976), «Контейнермен келген кемпір» (1978), «Тілсіз қоңырау» (1980), «Былды-былды» (1982), «Особая столичная простокваша» (1984), «Нанайын ба, нанбайын ба?» (1984), «Өмірге құштарлық» (1985), «Мәселе қайда жатыр» (1987), «Пәлен-пәштуан» (1992), «Алло, бұл кім» ()1991, «Мәңгілік мәселе» (1993), «Атың кім әй?» (1995), «Знакомство по обьявлению» (1996), «Із» (2005, Көпен Әмір-Бекпен сыр-сұхбат), т.б. кітаптары шыққан.

## ҮКІ БИ

(т.ө.ж.б.) – би, Кіші жүздің Әлім руынан шыққан. Қара халықтан шықса да, тілге шешендіктің арқасында көп жылдар бойы төбе би болған. Ү.б. Жәңгір ханның кеңесшілерінің бірі болған. Қазы бимен құрдас. Кейбір дерек көздерінде 96 жасында дүние салған деп көрсетілген.

*ҚҰЭ, 9-том, 96 бет.*

## ҮЛКЕН БАҚТЫБАЙ

Тау. Мұғалжар тауының орта тұсында, Ақтөбе обл-ның Мұғалжар ауд. жерінде орналасқан. Абс. биікт 657м, салыстырмалы биікт. 200-220 м. Тау Мұғалжардың ең биік жері саналады. Солт-тен оңт-ке қарай 12 км-ге созылған, енді жері 7 км-ге жетеді. Жер қыртысы кембрийге дейінгі және палеозойлық кварцит, тақтатас, гнейс және граниттен түзілген. Оның бетін девон мен көмір кезеңдерінің құмтасы мен әктасты шөгінділері жапқан. Таудың шығыс беткейі тіктеу келген. Бұл бөлігіндегі бұлақтардан Қауылжар (Көуілжір) өзені бастау алады. Солт. етегінде Жем қ., шығысында Біршоғыр т.ж. ст-сы орналасқан. Етегіндегі қиыршықтасты сұр, сортаңды сұр топырағында бұта аралас жусан, боз, бетеге, сұлыбас, тауаралық шатқалдарда көктерек, тал, мойыл ағаштары өскен. Ү.Б. мыс, молибден, вольфрам, т.б. кен байлықтары шоғырланған. Олардың кейбіреулері өндірілуде.

*ҚҰЭ, 9 том, 102-бет.*

## ҮЛКЕН БОРСЫҚ

Құм. Арал теңізінің солт. – батыс жағасынан Ақтөбе обл-ның Шалқар қ-на дейінгі аралықты қамтиды. Ақтөбе обл. Шалқар ауд. жерінде. Ұз. 200 км-ден астам, ені 25-30 км (теңіз жағалауында 80 км-ге дейін кеңейеді). Ауд. 3300 км$^2$. Мұғалжар тауы мен Шағырай үстіртіне жалғасқан батыс бөлігі ойдым-ойдым шағын көлдер мен сортаңдар тізбегінен тұрады. Құм жағалауларында қыстаулар

(Ойық, Итжемес, Ақши, Шұқыр, т.б.) және құдықтар (Қосшыңырау, Аққұдық, т.б.) кездеседі. Негізінен палеоген тау жыныстарының үгілуінен қалыптасқан, тек солт.-батыс бөлігі ғана жас аллювий шөгінділерінен түзілген. Жер бедері төбелі-белесті, өсімдікпен бекіген құмды жазық. Жер асты суы 1-25м тереңдіктен шығады. Қысы қатаң, жазы ыстық: қаңтардың орташа темп-расы – 12-15°С, шілдеде 25-26°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 100-150 мм. Қоңыр топырақта жусан, жүзгін, шеңгел, изен, сексеуіл, т.б. өседі. Малға жайлы.

*ҚҰЭ, 9-том, 103 бет.*

### «ҮЛКЕН БОРСЫҚ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ» М М

Ірге тасы 1949 жылы қаланған. «Үлкен Борсық далалық орман шаруашылығы» мекемесі болып құрылды. 1978 жылы «Үлкен Борсық механикаландырылған орман шаруашылығы» мекемесі, 1981 жылы «Үлкен Борсық тәжірибе өндірістік орман шаруашылығы», 1988 жылы «Үлкен Борсық өндірістік өнеркәсібі», 1999 жылы «Үлкен Борсық орман шаруашылығы», 2000 жылы «Үлкен Борсық орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі», 2004 жылы «Үлкен Борсық орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі болып атағы әркез өзгеріп отырған. Мекеме басшылығы қызметінде болғандар:

Ең алғашқы жылы Подьячев, одан кейінгі жылдары Н.К.Денисенко, Бұхарбаев Х., Медеубаев Т., Беркімбаев Ф., Қосбармақов Ж., Хұсайынов С., Ниеталина Р., Көмекбаев И.

Қаламыздың шығыс бөлігіндегі Ұлы Борсық құмында жайқалып қарағайлар өсіп тұр. Бұл ағаштарды 1962-1964 ж.ж. бастап отырғыза бастаған. Ол кезде қазіргідей техника жоқ, ағаштарды, тұқымды түйеге артып тасып, құдық қазып суарып, қолмен еккен.

Алқапқа 1962-1964 ж.ж. жеміс ағаштары, тал, терек, түрлі бұталар отырғызылған. Одан кейін 1975-1976 ж.ж. қара сексеуілді отырғыза бастаған.

Қара сексеуіл біздің климатымызға ыңғайлы, жерді құм көшкінінен сақтау, эрозияға ұшыратпау, жерді ылғалдандыру мақсатында егіледі.

Орман тұқым бағында әртүрлі ағаштардың тұқымын өсіріп, шыққан көшеттерді қала көшелеріне, мектептерге, ауылдық округтерге егуге дайындап беріп отырады. Егілген сексеуілдердің тұқымы жыл сайын шашау шығарылмай жинап алынады. Ол жиналған сексеуіл тұқымына да сұраныс көп, басқа облыстардан, аудандардан тапсырыстар келіп жатады.

«Үлкен Борсық орман шаруашылығы» мекемесінің жер көлемі қазіргі есеп бойынша 28352 гектар, оның 4705 гектарына орман егілген.

### ҮМБЕТЖАНОВ
### Дәулет Үмбетжанұлы

(25.07.1932 ж.т., Шалқар ауданы № 68 (Үшқарай) т.ж. айрығы – 30.07.1996, Алматы қаласы) – ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы,



профессор, әлемдік деңгейдегі көрнекті ғалым, математиканың дифференциалдық теңдеулер мен тербелістер теориясы саласының маманы, ұлағатты ұстаз.

1940-1950 жылдары №1 Шалқар қазақ орта мектебінде оқыған. 1955 ж. Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін бітірген.

1955-1958 ж.ж. М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқуын жалғастырған. 1959-1973 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетінің аға оқытушысы, кейін доценті (1965) қызметінде болған. 1973-1985 ж.ж. Қазақ мемле-кеттік қыздар институтында кафедра меңгерушісі және 1982 жылдан бастап физика-математика факультетінің деканы қызметін қоса атқарған. 1985-1996 ж.ж. Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының математика және механика институтында лаборатория меңгерушісі және Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры міндетін атқарған.

Ол 1964 ж. кандидаттық диссертация, 1983 ж. Украина ғылым академиясының Математика институтында докторлық диссертациясын қорғаған. 1965 жылы доценттік, ал 1984 ж. профессорлық ғылыми атағын алған. 1994 ж. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған.

Оның 115 ғылыми жұмысы, оның ішінде екі монографиясы жарыққа шықты. Ғылыми зерттеулерінің нәтижелері Қазақстан Республикасының беделді ғылыми басылымдарымен қатар Россия, Украина, Белоруссия, Қырғызстан Ұлттық академияларының ғылыми журналдарында жарияланған. Оның ғылыми жетекшілігімен 19 кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалған.

Ғалымның 1961-1970 ж.ж. ғылыми еңбектерінің негізі оның кандидаттық диссер-тациясына енген. 1971-1980 ж.ж. еңбектері «Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулердің көппериодты дерлік шешімдері» (Ғылым, Алматы, 1979, 210 б.) монографиясында және докторлық диссертациясында келтірілген. 1981-1992 ж,ж. зерттеулері «Эволюциялық теңдеулердің көппериодты дерлік шешімдері» (Ғылым, Алматы, 1990. – 184 б.) монографиясында баяндалған. Кейінгі 1993-1996 ж.ж. ғылыми зерттеулері барысында бөлшек дәрежелі жатықты көпайнымалы функциялардың жаңа кеңістігі енгізілген. Осы кеңістікке байланысты іргелі нәтижелерді академик С.М.Никольский жоғары бағалап, Россия және Украинаның орталық ғылыми баспаларына ұсынған. Бұл нәтижелер – шын мәнінде әлемдік деңгейдегі ғылыми жетістік. Аудан үшін ғалымның атының өзі – мақтаныш.

Ол «Қазақ ССР білім үздігі» белгісімен және «Еңбектегі ерекше жетістіктері үшін» медалімен марапатталған.

Шалқар қаласының бір көшесіне оның есімі беріліп, оқыған мектебінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылған.

### ҮМБЕТОВ Алтынбек Смағұлұлы

(15.08.1945 ж.т. Шалқар қаласы), химия технологиясы аппараттары бойынша белгілі маман, техника ғыл. кандидаты, 1962-64 ж.ж. «Ростсельмаш» зауытында фрезеровщик, Ростов а.ш. институтында студент, 1964-67 ж.ж. әскер қатарында. Қазақ политехникалық ин-тын бітірген соң 1973-77 ж.ж. Қаз. ҰҒА Органикалық катализ және электрохимия институтында инженер, 1977-89 ж.ж. КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің катализ институтының инженері әрі аспиранты (Новосибирск, Академиктер қалашығы), ғылыми қызметкері, катализатор жөніндегі СКТБ бөлім меңгеру-шісі, 1989-94 ж.ж. Қазақ ҰҒА органикалық катализ және электрохимия институтының жетекші ғылыми қызметкері, 1994-97 ж.ж. «Казкоммерцбанк» ашық акционерлік қоғамының эксперті, бөлім, басқарма бастығы, департамент директоры, 1997-99 ж.ж. «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» ЖАҚ басқарма төрағасы. Химиялық реакторлар, аэрогидродинамика және катализ жөніндегі 30-дан астам, инвестициялық банктер қызметі және шағын кәсіпкерлікке несие беру, республикадағы зейнетақы жүйесі жайында 20-ға тарта ғылыми мақалалары жарық көрген. Бір кездері «Дос Мұқасан» ансамблінің құрамында өнер көрсетті. халық композиторы Қазанғаптың көптеген күйлерін әсем орындайды. Ағаштан түйін түйген шебер.

### ҮРГЕНІШБАЕВ Ідіріс



(1912 ж.т. Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Талдықұм ауылы – 05.10.1943, Ресей, Гомель облысы, Лоев ауд.)

Талдықұм ауылындағы бастауыш мектептің екі класын бітірген соң (1927-29 ж.ж) аудандағы мұғалімдер даярлайтын қысқа курста (1929) оқиды да аудан ауыл мектептерінде бастауыш мектеп мұғалімі болып қызмет атқарады.

1937 жылы Шалқарда ашылған ай жарымдық курсты үздік бітіріп, жеті кластық білім алады. 1937-1942 ж.ж. Талдықұм бастауыш мектебінің мұғалімі әрі меңгерушісі бола жүріп, сауатсыздықты жоюға, үкіметтің каулы-қарарларын көпшілікке жет-

кізу сияқты үгіт-насихат жұмыстарына белсене араласа жүріп ұжымшар басқарма мүшесі, аудандық, облыстық газеттердің штаттан тыс тілшісі, санақ, сайлау комиссияларының мүшесі сияқты қоғамдық жұмыстарды да қоса атқарады.

01.1942 – 05.1943 ж.ж. – Ідіріс Үргенішбаев Ұлы Отан соғысында, Орталық майдан әскерлерінің құрамында. Курск облысы 1-Михайловск ауданы 260-шы биіктікті жаудан қайтарып алуда көрсеткен ерлігі үшін ол «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады (1943). Әйгілі Днепр шайқасы... 1943 жылы қазан айының 1-5 күндері кеңес әскерлерінің Днепр өзенін Чернигов облысы Любечь ауданы маңында кесіп өту үшін жүргізген ұрыстарында рота парторгі, сержант Ідіріс Үргенішбаев бастаған жауынгерлер жаудың шабуылына қарсы 22 рет тойтарыс беріп, нәтижесінде жаудың 90 сарбазы мен офицерінің көзін жояды, өзі де ерлікпен қаза табады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (1944 ж. 15.01).

Батырдың денесі Гомель облысы Лоев ауданы Деражичи кентінде жерленген. Батырдың атында Шалқар қаласында бір орта мектеп және көше бар, қалада және туған ауылы – Талдықұмда оған ескерткіш орнатылған.

*Әдебиеттер:*

*1. Тауман Төреханов, Тарихпен бірге жасайтын есім (көсем сөз) «Коммунизм таңы». 17.03.1967 жыл.*

*2. Зиядин Әбдуәлиев, Өшпеген жалын (дастан.)*

*3. Сәбетбай Елубаев, І.Үргенішбаев атынд. мектеп. 2000.*

*4. Әбджали Жанияз, «Әлі де жауынгерлік сапта» (мақала), «Коммунизм таңы» газеті 09.05.1979 жыл.*

*Ә.Жанияз.*

**ҮРГЕНІШБАЕВ Ысқақ**

(13.09.1917 ж.т., Шалқар ауданы, Талдықұм а., – 14.03.1990, сонда), соғыс және еңбек ардагері, ұстаз.

Кеңес Одағының Батыры Ідіріс Үргенішбаевтың туған інісі. Ұлы Отан соғысына (1941-1945) толық қатынасып, елге 1946 жылы оралған. Кейінгі өмір жолы ұстаз жолы (1946-1973).

«Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен, 7 медальмен марапатталған.

**І.ҮРГЕНІШБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП**

1958 жылы бастауыш мектеп негізінде ашылып, кейін қазақ темір жолының Шалқар стансасындағы жеті жылдық мектебі атанды. Мектепке 1962 жылы Кеңес Одағының Батыры І.Үргенішбаев есімі берілді. №496 мектеп аты 1977 жылдан бастап Батыс Қазақстан темір жолының І.Үргенішбаев атындағы №40 қазақ орта мектебі болып өзгерді. Мектеп ауласында батырға ескерткіш орнатылды (2008).

50 жыл тарихы бар бұл мектептен 4267 оқушы орта білім алып шықты. Олардың 13-і алтын, 7-і күміс және 25-і үздік аттестатпен бітірді.

Мектепте қазір 89 мұғалім жұмыс жасайды, олардың 14-і «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озық қызметкерлері». Мектепте 64 орындық асхана жұмыс жасайды. Оқушылардың оқуы мен тәрбие алуына толық жағдай жасалған.

**«ҮРКЕР» романы**

Қазақтың аса талантты жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбіш Кекілбайдың 1981 ж. жарық көрген тамаша туындысы. Романда XVIII ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі тарихи оқиғалар, кіші жүз ханы Әбілхайыр бастаған ұлт-азаттық күрес кеңінен қамтылған.

Кітапта Шалқар өңіріне байланысты тарихи тұлғалар мен жер-су аттары мол кездеседі. Атақты тұлғалар Бақтыбай, Тәңірберген, Сүйіндік, Сырлыбай, Бәби, Байқара, Теке, Жамансары, Нияз-Шалқар өңірінде өмір сүрген адамдар. Ал Қошқарата, Шаған, Ащыкөл, Ұлы Борсық, Кіші Борсық, Қамысты, Қайыңды, Сырлыбай ауылы, Шалқар, Үстірт, Айрықты тауы, Матай-Шалқарға байланысты жер-су атаулары.

*Д.Ордина, зерттеуші.*

**ҮСЕНОВ Замат**

(1912 ж.т. Шалқар ауд. – 02.05.1975 ж., Бершүгір ст.), теміржолшы.

1933 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, бригадир, жол шебері қызметтерінде болған.

Еңбек Қызыл Ту орденімен (1954), бірнеше медальдармен марапатталған.



Ә.Үсенов

## ҮСЕНОВ Әлім

(1922-2006 ж.ж., Шалқар ауданы), партия, кәсіподақ қызметкері.

1934-1942 ж.ж. балалар үйінде тәрбиеленген. 1942-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысты. 1945-1955 ж.ж. Шалқар аудандық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгеруші қызметтерін атқарды. 1955-1959 ж.ж. Алматы жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. 1959-1965 ж.ж. аудандық партия комитетінде ұйымдастырушы нұсқаушы, 1965-1984 ж.ж. ауыл шаруашылығы кәсіподағы аудандық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. I-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Украина президентінің «Украинаны азат еткені үшін» медалімен, тағы оннан астам медальмен, бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталған.



Д.Үсенов

## ҮСЕНОВ Ділдабай

(1923 ж.т. Қарабұтақ ауданы, Ұлғайсын ауылы).

Бүкіл саналы өмірін Шалқар ауданына (36 жыл) өткізіп, басшы қызметтерде болған: астық дайындау мекемесінің, май зауытының директоры және аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің, қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің, тұрмыстық қамту комбинатының басшысы қызметтерін абыройлы атқарды. 9 медаль иегері, «Тұрмыстық қамту қызметінің озық қызметкері». Ақтөбе қаласында тұрады.

## ҮШ АША ПӘЛСАПА

Үш қадірлі: ырыс, бақ, дәулет; Үш қадірсіз: жастық шақ, денсаулық, жақсы әйел; үш үміт: сауығамын деген аурудың үміті, байимын деген кедейдің үміті, кетемін деген қыздың үміті; үш қазына: ер қазынасы – жүрген із, ел қазынасы – көнекөз, тіл қазынасы – ескі сөз; үш мұрат: сауда мұраты – ұту, жол мұраты – жету, дау мұраты – біту, үш байлық – денсаулық, ақ жаулық, он саулық; үш ана: бұлақ – су анасы, тұяқ – жол анасы, құлақ – сөз анасы; үш дауасыз: тумақ – дауасыз, кәрілік – дауасыз, өлмек – дауасыз; үш тұл: қайратсыз – ашу тұл; тұрлаусыз – ғашық тұл; шәкіртсіз – ғалым тұл; үш арсыз – күлкі, ұйқы, тамақ; үш алыс – көк пен жер арасы, жас пен кәрі арасы, жақсы мен жаман арасы; үш ғайып: дидар – ғайып, нәпсі – ғайып, несіп – ғайып; үш қасиет: өліде – аруақ, тіріде – кие, аста – кепиет; үш тоқтам – ой, ақыл, шешім; үш кемшілік: атың жаман болса – жалғанның азабы, алғаның жаман болса – дүниенің тозағы, балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы.

*Д.Матайқызы.*

# Ф

### ФАБУЛА

(лат. Fabula – аңыз, әңгіме, ертегі мысал) – роман, повестердегі баяндалатын оқиға желісінің қысқаша мазмұны. Белгілі бір көркем шығарманың оқиғалық түзілімі. Кей жағдайда Ф. ұғымының орнына «сюжет» термині алынады. Көптеген қаламгерлер Ф-ны көркем шығарманың өмірден алынған өзегі, суреттеліп отырған оқиғаның схемасы деп есептеген.

*ҚҰЭ, 9-том, 151-бет.*

### ФЕТИШИЗМ

Белгілі бір материалды затқа ерекше қасиетті деп табыну. Бұл терминді голланд саяхатшысы В.Босман енгізіп, француз ғалымы Ш. де Бросс зерттеген. Ф. бойынша кез келген зат құлшылық нысаны ретінде қабылдануы мүмкін және ол зат адамды сауықтыруы, жаудан қорғауы, аңшылықта жәрдемдесуі мүмкін деп қабылданған. Француз зерттеушілері Ф-ді көне діни сенімінің қалдығы деп есептейді. Ф. этногр. тұрғыдан әр түрлі сипатталады: пұт құдайы адамның қалауын жүзеге асыруға мәжбүрлеу мүмкіндігі (Лебок), анимизмнің бір түрі (Тайлор, Спенсер), сиқыршылық (Гегель), т.б.

*ҚҰЭ, 9-том, 178-бет.*

# Х

### ХАЛАЛ

1) рұқсат етілген әрекет, пайдалануға тыйым салынбаған тағам, зат. Рұқсат етілген әрекеттердің белгілі бір шегін мандуб, мубах сияқты категориялармен бірге анықтайтын Х. мәселесін фикх ілімінде таратып баяндайды. Мәселен, сойылған мал етінің Х. болуының шарты бойынша, қасапшының дәреті болуы, бауыздағанда «Бісмиллаhи Аллаhуакбар» дұғасының айтылуы, бездерінің сылынуы, т.б. керек. 2) Некелесуге тыйым салынбаған ер немесе әйел адам. 3) Қажылық парызын атқарып қайтқан, шашын қырғызып, күнделікті киімін киіп, әдеттегі тіршілігін атқаруға даяр адамның күйі.

*ҚҰЭ, 9-том, 260-бет.*

### ХАЛЫҚОВ Үбайтжан (1903-1983) ХАЛЫҚОВА Інәл (1923-1992)

Шалқар ауд. ерлі-зайыпты озат түйешілер.

Үбайтжан Халықов еңбекке ерте араласқан: байдың қойын баққан, түйешісі болған. 1931-1963 ж.ж. теміржолшы, соғыс жылдарында да әйелі Інәл екеуі темір жол бойында жұмысшы болған. Кейін жаңа құрылған «Южный» кеңшарына барып (1964) түйе баққан: бірі – аға түйеші, бірі – жәрдемші. Ү.Ха-



лықов 1966 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Күйеуі зейнеткерлікке шыққаннан кейін аға түйеші болып «Ақ түйенің анасы» атанған Інәл Халықова 1969, 1972, 1976 ж.ж. облыстың таңдаулы түйешісі, мал шаруашылығының 1-класс шебері, еңбек екпіндісі атанған.

Еңбек Қызыл Ту (1971), Октябрь революциясы (1973) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. 15 баланы дүниеге келтірген «Батыр ана» (1967).

### ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТҰРМЫС САЛТЫ, ДІНИ НАНЫМДАРЫ

Халқымыз көрген-білгенін түйіндеп, аз сөзбен көп мағына бере білген ғой. «Құстың күші қанатында, халықтың күші достығында» деп қалай дәл тауып айтты. десеңші! Осы шағын ғана Шалқар қаласында әртүрлі ұлт өкілдері тұрақтанған. Олар қаланың алғаш ірге тасын қалау-

да, соғыс жылдарында, кейінгі ауыртпалық кезеңдерінде бір кісідей еңбек етті. Оған өткен күндер тарихы куә. Ол неміс пе, орыс па, өзбек пе, әлде грузин бе, мейілі, қайсысы болса да, халықтың қонақжайлығы, жомарттығының арқасында бір жанұяның адамындай бір-біріне бауыр басып, аға-іні, апа-сіңілі болып араласты. Ұлты, тілі басқа болса да, тілегі бір, мақсаты бір халықтың ұшар биігі де асқақ еді. Аудан еңбеккерлерінің арқасында талай мектептер мен мәдени, тарихи орындар бой көтерді.

Аудандық Мәдениет Үйі көп жылдардан бәрі әртүрлі мәдени шаралар өткізіп келеді. Аудандық кітапхана қоры да көбейтіліп, халыққа қалтқысыз еңбек етуде. Қала тұрғындарының тамашалайтын тағы бір орны – аудандық мұражай. Шалқардың кешегісі мен бүгінгісі, ардақты ұл-қыздары, тағы басқа жайлар туралы сыр шертетін мәдени орын.

Ер есімі мәңгілік ер есінде. Халық оларға тас мүсіннен ескерткіш орнатып, көшелерге, мектептерге, тағы басқа мекеме орындарына атын беріп, мәңгілік тағзым етеді. Оған куә Ұран Бақтыбай, Ідіріс Үргенішбаев, Мырзағұл Шыманұлы, Ахмет Жұбанов ескерткіштері, Бауырластар зираты, ардақты адамдар атындағы көшелер мен мектептер.

Бір ғана көшенің тарихымен сыр шертейік. Ол – Кеңес Одағының Батыры Ідіріс Үргенішбаев атындағы көше. Бұл көше шалқарлықтарға көненің көзіндей мекен болып келеді. Қасиетті топырақ өзінің ардақты ұл-қыздарын мәңгі есте сақтайды. Осы көше мен Есет Батыр көшесінің қиылысында дала комиссары, интернационалдық отрядтың жетекшісі Әліби Тоғжанұлы Жанкелдиннің штаб үйі болған. Шығысқа қарай бет алсақ, алдымызда телеграф, пошта байланыс орны орналасқан. Осы еңселі үйдің қарсы бетінде 1930-1931 жылдары шығыстың шынары атанған Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова балалық шағын нағашы ағасы Әбубәкір Молдағұлов жанұясында өткізді. Батыр атындағы көшенің 18-үйінде ағаштан түйін түйген, қазақтың қас шебері Мұратов Айдос әулетінің отбасына жазушы Ә.Нұрпейісов, ақын Қуандық Шаңғытбаев, ғалым Бек Сүйлейменов, сәу-летші Төлеу Бәсенов және талайлар ат басын бұрған. Қарап отырсақ, бір ғана көшенің бойына сыйып тұрған осындай тарих беттері бар Шалқар топырағын киелі демеске не шара?!

Шалқар қаласында 1992 жылы, жаңа мешіт ашылды. Қазірде «Ахун Жанаман Сейтімұлы» атындағы мешітінде 25 шәкірт дәріс алуда.

Қадір түні, Ораза айы, Құрбан айт, Мәуліт кеші, Миғраж кеші, Бәра-ат кеші сияқты әр түрлі діни мейрамдар аталып өтеді.

**Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Шалқар аудандық ұйымы** 1990 ж. ақпан айында құрылды.

Бүгінде 43 бастауыш ұйымы, 9000 мүшесі бар. Қоғам жұмысының негізгі мақсаты – кеңестік дәуірде руханият саласында қағажу көрген ана тіліміздің қоғамдық өмірдегі тиісті орнын, мемлекеттік тіл мәртебесін алуына барынша үлес қосу, халқымыздың әдет-ғұрпын тірілтіп, кейінгі ұрпаққа жеткізу, тілің ділің, дінің, ата-бабамыздың салт-дәстүрін сүйетін арлы, намысты, ұлт-жанды азамат тәрбиелеу.



*П.Хусаинов*

Қоғам жұмыстарының негізгі бағыттары – тіл, тарих, мәдениет, әдебиет, өнер, қазақы салт-дәстүр. Бұл саладағы жүргізіліп отырған жұмыстар нәтижесіз емес.

**ХУСАИНОВ Пиеш**

(1933 ж.т., Шалқар ауданы), ауылшаруашылығы өндірісінің шебер ұйымдастырушысы, еңбек ардагері. Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітірген (1958 ж.). 1958-62 ж.ж. Ақтөбе облыстық тәжірибе стансасында аға ғылыми қызметкер, мал шаруашылығы бөлімінің бастығы, 1963-1966 ж.ж. Шалқар аудандық өндірістік басқармасында бас зоотехник, 1967-1969 ж.ж. «Шалқар» кеңшарының директоры, 1970-82 ж.ж. Ойыл ауд. ауылшар. басқармасының бастығы, облыстық қой шаруашылығы басқармасының бастығы, облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, бірінші орынбасары қызметін атқарды. 1982-93 ж.ж. Темір ауданы «Кеңқияқ» кеңшары директоры болды.

Еңбек Қызыл Ту, 2 рет «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР-ы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған, алған медальдары бар.

# Ц

## ЦЕХАНОВИЧ
### Владимир Николаевич



(11.07.1938 ж.т. Шалқар қаласы – 19.09.1992 ж., Ақтөбе қаласы). КСРО спорт шебері, «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы».

Шалқар мектебін (1955) бітірген. Кеңес Армиясы қатарында (1956-1958), Шалқар локомотив депосында (1958-1969) қызметте болды (слесарь, инженер). Депода жұмыс істей жүріп Шалқар т.ж. клубы жанынан классикалық күрестен секция ашып, оқушыларды үйретіп, өзі де күрестің қыр-сырын меңгерген. Кейін секцияны спорт мектебіне айналдырып, директоры болды (1967). «КСРО Спорт шебері» атанды (1967). «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы» (1967), «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі» (1974) атақтары бар.

Шалқардың №1 спорт мектебі В.Н.Цеханович атында (1995). Өмірінің соңғы жылдарында Ақтөбе қаласындағы «Локомотив» ерікті спорт қоғамы төрағасы қызметінде болды (1977-1992 ж.ж.), Ташкент т.ж. институтын бітірген, «Құрметті теміржолшы».

# Ч

## ЧЕПРАСОВ
### Михаил Максимович

(1924 ж., Шалқар қаласы – 06.07.1943 ж.).

Шалқар қаласындағы осы күнгі № 5 орта мектептің 7-класын бітірген. Кейін Талдықорған облысының (қазіргі Алматы обл.) Сарканд қаласына көшіп кетіп, колхозда тракторист болған. 1942 жылы Кеңес Армиясы қатарына алынып, 73-армияның 75 гвардиялық дивизиясының құрамында жауға қарсы соғысқан. Қатардағы жауынгер Чепрасов Курск обл. Поныри теміржол станциясы маңындағы кескілескен шайқаста жаудың 4 танкісі мен ондаған солдаттары және офицерлерінің көзін жойып, осы ұрыста ерлікпен қаза тапты.

07.08.1943 жылы оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Денесі Поныри ауданының Ольховатка селосында жерленген. Сарканд қаласында Батыр атында көше бар, мектеп бар.

## ЧЕРНЯТОВ
### Василий Иосифович

(1908 ж.т., Шалқар ауд. – 1956 сонда), теміржолшы.

1933 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, бригадир болып қызмет атқарған. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1952), бірнеше медальдармен марапатталған.

*Виталий Переверзев*

## ЧУДО-ОЗЕРО

Из сокровишниц Аллахам
Преподнесен был казахам.
Бриллиант навечно в дар,
Чудо-озеро Челкар.
Здесь станут святы
Многоцветные закаты.
Изумрудный отблеск вод.
Солнца пламенный восход.
Ветер теплый и сухой,
Аромат травы степной.
Вплески рыб и чаек стон,
Камышей прибрежных звон.
Да, недаром млад и стар
Славят озеро Челкар!

**Автор жайлы:** Виталий Валерьянович Переверзев Ресей Федерациясы Бас есептеу орталығы бастығының орынбасары болып қызмет атқарған.

# Ш

## ШАҒАН

Ақтөбе обл-ның Шалқар, Байғанин аудандары жеріндегі өзен. Каспий алабында. Мұғалжар тауының оңт-ндегі Шошқакөл бұйратының оңт. беткейіндегі бірнеше сайлар суының қосылуынан пайда болып, Маныссай өз-не сағасынан 4 км жоғарыда құяды. Ұз. 157км, су жиналатын алабы 3490 км$^2$, жалпы құламасы 197м. Ш-ның 40-тан астам саласы бар. Негізгі саласы – Ащысай (ұз. 34км, оң жағасынан 105 км-де құяды). Өзен алабының оң жағын Шошқакөл, сол жағын Шағырай таулары алып жатыр. Аңғары кең, жоғарғы ағысында 1-1,5 км, сағасына жақын 5-6 км. Беткейі жайпақ, биікт. 15-25 м, сай-жыралармен тілімделген. Жайылымы орт. және төм. ағысында үзік-үзік, бірде оң, бірде сол жағасында кездеседі. Бедері көптеген жыралар (терең. 2-4м), шұңқырлар және атыздармен тілімделген. Көктемде қысқа уақыт тасып, жазғы-күзгі кезеңде құрғап, қарасуларға айналады, қыста арнасын қар басады. Суының минералд. көктемгі су тасу кезеңде 50-100 мг/л-ден, жазда ортаңғы ағыс қарасуларында 600-1000 мг/л-ге дейін өзгереді. Көп жылдық орташа су ағымы тұсында 0,52м$^3$/с. Алабы – жайылым.

*С.Әлімқұлов. ҚҰЭ, 9-т., 408 б.*

## ШАҒЫРАЙ ҮСТІРТІ

Мұғалжар тауының қиыр оңтүстігіндегі үстірт. Ақтөбе обл-ның Байғанин және Шалқар аудандары жерінде орналасқан. Үстірт оңт.-батыстан солт.-шығыс, солт-ке қарай 135 км-ге созылып жатыр. Ені 55 км-ге жетеді. Абс. биікт. солт бөлігінде 310м. Ш.ү. палеогеннің құм, саз, құмтас, конгломерат тау жыныстарынан түзілген. Оңт.-батыс, батыс беткейлері Шаған өз. аңғарына қарай тік жарлы (190 м) болып тірелген. Шығысының үстіртті бедері түйетайлы. Оңт. бөлігінде Шарқұдық тауаралық өткелі орналасқан. Үстірттің тік келген батыс бөлігінде Қожаберген, Шарқұдық, т.б. аласа таулар кездеседі. Қиыр оңт-нде Доңызтау кемері, батысында (Шаған өз-нің батыс беткейі) Шошқакөл бұйраты жатыр. Сай-жыралармен тілімделген шығысы жазық. Онда үлкен Борсыққұм құмды алабымен шектелген. Үстірттің шатқалды келген тұстарында бұлақтар (Аяққұдық, Ақбұлақ, т.б.) мен қыстаулар (Ақши, Қожаберген, т.б.) жайласқан. Ш.ү. мал жайылымына пайдаланылады.

*М.Мәуленов. ҚҰЭ, 9-т., 413 б.*

## ШАКИРОВ Сұлтан

(1900 ж.т. Шалқар қ. – 1968 ж. Бершүгір б.), озат теміржолшы. 1923 жылдан т.ж. бойында жол жөндеуші, кейіннен жол қараушы. Ленин орденімен (1951), бірнеше медальдармен марапатталған.

## ШАЛҚАР ҚАЛАСЫ

Шалқар – Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданының орталығы, қала, ірі темір жол станциясы. Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай 363 километр қашықта Шалқар көлінің жағасына орналасқан.

1870 жылы Ұлықұмның оңтүстік батыс беткейіне қазақ шаруалары келіп қоныстана бастады. Олар отырықшылық жағдайына көшіп, мал шаруашылығымен айналысып, баспана ретінде жеркепе үйлер салды. 1901-1903 жылдары Орынбор-Ташкент теміржол құрылысы басталды. 1903 жылы паровоз депосының іргетасы қаланды.

XX ғасырдың басындағы Ресей жеріндегі дүмпулер Шалқар халқына да айтарлықтай ықпал жасады. 1905 жылғы 17 қазанда Шалқарда саяси демонстрация болды. 16 қарашада Шалқар пошта қызметкерлері мен телеграфистері Бүкілресейлік ереуілге қосылды. 16 желтоқсанда түнге қарай «Тарих келеке етеді», «Дұшпандар мен достар туралы қарапайым сөздер» деген листовкалар таратылды. 1912-1917 жылдары Шалқарда ре-

волюциялық күш кеңінен етек ала бастады. Торғай облысының губернаторы ішкі істер министрлігіне қала темір жол шеберханасы жұмысшыларының революциялық ниетте екенін хабарлады. 1917 ж. 12 желтоқсанда қала тұрғындары Кеңес өкіметін танып, контрреволюцияға қарсы күреске шықты. Шалқар Кеңесінің бірінші төрағасы болып Дмитрий Васильевич Наливкин сайланды.

1919 жылдың 6 сәуірі мен 11 қыркүйек аралығында Колчактың оңтүстік Армиясы Орскіні басып алып, Орынборға жақындады. Ақтөбе майданының жауынгерлері қорғанысқа көшті. Ақтөбе гарнизоны, Кеңес мекемелері, партия ұйымдары, жұмысшылар Ақтөбені тастап, Шалқар – Арал теңізі ауданында Ақтөбе майданының жауынгерлері ақтарға аяусыз соққы беріп, 11 қыркүйекте Шалқар ақгвардияшылардан азат етілді.

1921 жылы 21 қазанда Шалқар ауданы ұйымдастырылып, орталығы Шалқар поселкесі болды, аудандық партия ұйымы құрылып, жұмысшы, шаруа және Қызыл Армия депутаттарының атқару комитеті жұмыс істеді.

1922 жылы Шалқар байланыс және белгі беру дистанциясы құрылып, жұмыс істей бастады.

1925 жылы 6 наурызда Шалқарға қала атағы берілді.

1927 жылы Шалқар уезінде алғашқы қызыл отаулар пайда бола бастады. Теміржолшылардың В.И.Ленин атындағы клубы пайдалануға берілді. Наурыз айында қалалық кеңестері ұйымдастырылды. Оның президиумына 9 адам ұсынылып, екеуі кандидат болған. Кеңестер мүшесінің құрамы 55 адамнан тұрған. Коммуналдық үй-жай, әкімшілік-кооперативтік сауда, финанс-бюджет, халық ағарту, денсаулық сақтау секциясы ұйымдастырылып, онда 13 әйел, 40 ер адам жұмыс жасаған. 1927 ж. наурыз айында Шалқар қалалық кеңесі құрылды.

1928 жылдың 1 қаңтарына дейін қалалық кеңес президиумының 14мәжілісі болып, онда 37 мәселе қаралған. Негізгілері: мал өрісіне жер бөлу, қалада мал сою қасапханасын салу, халықты сумен қамтамасыз ету, базар алаңындағы сауда-саттыққа арналса, қалған 22 мәселе қала халқының малдарын тізімдеу, бұзақылықты болдырмау, базар алаңындағы сауда-саттыққа уақыт белгілеу, 16 жасқа толған азаматтар тізімін алу сияқты жалпы мемлекеттік мәндегі мәселелер қаралған.

Қалалық Кеңестің штаты 3 адамнан тұрған, қалада 9 милиция қызметкері болды. Халық саны 6706 адамды құрап, 1621 үй шаруашылығы болған. Халықтың 5206-сы орыстар мен басқа ұлт адамдары болса 1500-і қазақтарды құраған.

Өнеркәсіптен небәрі қолөнерлікпен айналысатын біріндеген етікшілер мен тігіншілер, оқтатекте жұмыс істейтін 2 ұста шеберханасы болды. Қала халқында 609 бас мал болған, ауыз суға ашық құдық пайдаланылды. Жергілікті ұлт балаларын оқытатын 1 мектеп ашылды.

Ал 1928 жылы қалада бірінші дәрежелі 1 мектеп, екінші дәрежелі 1 мектеп, сауатсыздықты жоятын 1 мектеп, 1 кітапхана, 1 клуб болған. Қала халқына және оның төңірегіне 1 дәрігер, 2 фельдшер, тілші тіркеуші және 1 үй сыпырушы қызмет еткен.

Сол жылы Шалқар аудандық бірінші партия конференциясы болды. Оған 477 КПСС мүшесі және 140 КПСС мүшелігіне кандидаттан 55 делегат қатысты.

1929 жылы Шалқар аудандық прокуратурасы құрылып, оның штатында 4 адам жұмыс істеді. 1929-1930 жылдары қалалық Кеңес президиумының құрамында 11 мүше, 5 кандидат болды. Қалада теміржол аурухасы, қалалық аурухана және амбулатория жұмыс істеді. Теміржолға қарасты мектепте бір мыңға жуық оқушы, интернатында 132 бала, қалалық мектепте 30 оқушы, интернатында 30 бала тәрбиеленді.

1931 жылы 17-20 наурызда аудандық V партия конференциясы болды, оған 40 делегат қатысты, ал 1-4 қыркүйек аралығында аудандық VI партия конференциясы болып, оған 42 делегат қатысты. Бұл жылдары аудан партия ұйымында қанша КПСС мүшесі болғандығы жөнінде мәлімет жоқ. 1931 жылы қалада 8047 адам, 1933 жылғы санақ бойынша 11 мың 300 адам болды. 1932 ж. Ақтөбе облысы құрамында Шалқар қайтадан аудан болып ұйымдасты.

1932 жылы аудандық VII партия конференциясы болды, бірақ коммунистер саны жөнінде мәлімет жоқ. 20 тамызда аудандық «Социализм туы» газетінің бірінші нөмірі жарыққа шықты. Газеттің редакторы Әбидулла Биекенов болды.

1933 жылы Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтының Арал маңы тәжірибе станциясы құрылды. Алғашқы жылдары мұн-

да академиктер Е.А.Малюгин, А.Г.Гаель, И.А.Малюгин, А.И.Милозоров, М.С.Коликов, А.М.Алпатьев, С.В.Зонн еңбек етті.

1934 жылы каучук өңдейтін зауыт, электр стансасы, наубайхана, «Красный восток» артелі, қуаты 150 ваттық радиостанция, 2 пошта бөлімі жұмыс жасады.

1937-1939 жылдары Шалқар аудандық IX-X-XI партия конференциялары болып, оған 66-76 аралығында делегаттар қатысты. Бірақ, жалпы аудан коммунистерінің саны екі есеге жуық кеміп кетті. Бұл жағдай сол жылдардағы асыра сілтеудің салдары болса керек.

1940 жылы 24-27 ақпанда XII-аудандық партия конференциясы болды. Оған 167 делегат қатысты. Ауданда 244 КПСС мүшесі және 148 КПСС мүшелігіне кандидат есепте тұрды.

1941-1945 жылдары ел басына ауыр күн туды. Ұлы отан соғысы басталды. Әскерге жарақты ер азаматтар түгелге дерлік майданға аттанды. Қаладағы №1 орта мектеп әскер пунктіне, ал №39 орта мектеп (қазіргі №5 орта мектеп) госпитальға айналдырылды. Шалқар халқы майдан үшін астық, шикізат, азық-түлік, киім-кешек жөнелтті.

1948 жылы қалалық кеңес құрамында 9 адам және тұрақты комиссия болды. Сол жылы Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға ескерткіш орнату жұмысы басталды. Коммуналдық шаруашылық бөлімінің қарамағында 92 үй болып, қаланы көгалдандыру мақсатында 1555 түп ағаш отырғызылды.

1950 жылдан бастап қалада моншa салу ісі қолға алынып, теміржол стансасынан электр желісі тартылып, қаладағы тұрғын үйлерге жарық беріле бастады.

1952 жылы 2 орта, 1 жетіжылдық мектепте 1954 оқушы оқыды, 87 телефон нүктесі орнатылып, оның 43-і пәтерлерге қондырылды. Бір радиоторап жұмыс істеп, 938 үй радио қызметін пайдаланды. 600 үй мен 48 меке-ме секторына электр желісі тартылды. Су желісінің ұзындығы 900 метр, оның бойынан 2 колонка орнатылып, оның бірі байланыс бөлімінде, екіншісі орталау мектеп жанында болды.

1954 жылы 27 орындық 1 монша жұмыс істеп, қалаға дербес электр тогын беретін станса салына бастады. Су желісі 1 км-ге ұзартылды.

1955 жылы 29-30 қазанда аудандық XXIII-партия конференциясы болды. Оған 1314 КПСС мүшесі мен мүшелігіне кандидаттан 389 делегат қатысты. Тың және тыңайған жерді игеру мақсатында Шалқарға Украина, Белоруссия, Молдавия республикаларынан адамдар келіп қоныстанды.

1960 жылы 2579 үй шаруашылығы болды, оның 1820-сы мал ұстады. Жалпы мал саны 3777 басты құрады. Су құбыры 1,4 км-ге ұзартылып, 6 колонка орнатылды. 2 орта, 2 жетіжылдық, 1 мектеп-интернатта 3500 оқушы білім алды. 1 балалар бақшасы, 1 ясли жұмыс істей бастады. Халық саны 21 мың 713 адамға жетті. Қала тұрғындары түгелдей дерлік электр жарығымен және радио нүктелерімен қамтамасыз етілді.

1958-1968 жылдар үлкен өзгерістер кезеңі болды. КПСС Орталық комитеті мен СССР Министрлер Советінің Бұқара-Урал магистральді газ құбырын салу жөніндегі қаулысы шықты. Магистральді газ құбыры басқармасы құрылды. Газ компрессор станциялары салынды. Ауданда Бозой газ кәсіпорны пайдалануға берілді. Газ желісі арқылы сол кездегі Кеңес елінің орталығына 100 миллиард текше метр газ жөнелтілді. Қалада «Родина» кинотеатры, универмаг, бірнеше мектеп, тұрмыстық қамту үйі салынды. Республикалық теледидар бағдарламасы қабылдана бастады. 1970 жылы қалада алғаш рет 30 үйге газ желісі тартылды.

1970-1980 жылдары қалада 54 орындық қонақ үйі, Шалқар қой сою-тоңазытқыш алаңы, Ақтөбе өндірістік трикотаж бірлестігінің Шалқар филиалы, аудандық мәдениет үйі, Кеңестер үйі, көптеген тұрғын үйлер салынды. Балалар саз мектебі (қазір Қазанғап атында) ашылды.

1981-1989 жылдары XXXIX-XXXXI партия конференциялары болды. 1988 жылғы 19 қарашада аудан коммунистерінің саны 2700-ге жетті. Шалқар темірбетон бұйымдары зауыты іске қосылды. ЯК-40, АН-24 ұшақтарын қабылдайтын аэропорт салынды. Одақтық II бағдарлама қабылдау жүзеге асырылып, қала халқы үш каналда телехабар көруге мүмкіндік алды. Ауданда тарихи-өлкетану музейі ашылды. Академик Ахмет Жұбановқа және Кеңес Одағының Батыры Ідіріс Үргенішбаевқа ескерткіштер орнатылды. Әрқайсысы 1176 орындық екі мектеп, 140 орындық балалар бақшасы, трикотаж фабрикасының жаңа корпусы, автовокзал, әрқайсысы 89 және 27 пәтерлік бірнеше тұрғын үй салынды. Ақтөбемен тікелей қалааралық байланыс орнатылды.

Бүгінгі күні аудан халқының жартысынан астамы, яғни 27486 адам Шалқар қаласында тұрады. Халқы-ның 99 пайызы қазақтар. Қалада 1 кәсіптік-техникалық, 1 негізгі мектеп, Қазанғап атындағы саз мектебі, спорт мектебі, өнер лицейі, аудандық мәдениет үйі, тарихи-өлкетану музейі, аудан-аралық мұрағат, қалалық демалыс саябағы, «Гүлдер» сауықтыру лагері бар.

Қалада «Достар-А» ЖШС, «Азамат-М» ЖШС, №8 жол дистанциясы, №3 байланыс және белгі беру дистанциясы, №3 электрмен жабдықтау дистанциясы, т.б. ірі теміржол кәсіпорындары, құрылыс құрастыру басқармасы, темір-бетон зауыты, «Көктас», «Жаңа дәуір», «Алай» минералды су цехтары, нан зауыты, аудандық аурухана, аудандық емхана, 100 орындық монша, Шалқар тәжірибе стансасы, «Ұлы Борсық» орман шаруашылығы, 6000 нөмерлік АТС, ірілі-ұсақты мекемелер мен кәсіпорындар жұмыс істейді. Сонымен қатар 52 шағын және 1102 кәсіпкерлік салада 215 дүкен, 2 қонақ үй, 15 май құю бекеттері, 30 шеберхана, 6 сауда базары, 87 жолаушы көлігі, 19 кафе, мейрамхана, 66 шаруа қожалықтары қала тұрғындарына әр салада қызмет жасап отырса, 200-ге жуық тұрғындар жаңадан тұрғын үй құрылысын жүргізіп, 50 отбасы көнерген үйлерін бұзып қайта салуда. 2007 жылы бюджеттен бөлінген қаржыға күніне 340 адам қабылдайтын емхана, 140 орындық бала бақша ғимараттары салынып, пайдалануға берілді. Оқушылар сарайы жұмыс істейді.

Шалқар қаласының сәулеттік келбеті жыл сайын жақсара түсуде. Қазір 10 көше түнгі жарықпен қамтамасыз етіліп, қаланың ауыз су желісі қайта жарақтандырудан өткізілді.

Қала халқының ырысы –Шалқар көлі. Тұрғындардың көкніс егіп, құрағын орып, балығын аулап жақсы тұрмыс кешуіне үлкен септігін тигізіп отыр. Бау-бақша, көкөніс өнімдерін өндірумен 2906 адам шұғылданып, тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз етуде. Соңғы екі-үш жылда аудан әкімі Р.М.Сыдықовтың инициативасымен көлге балықтың жаңа тұқымдары жіберіліп, ол ойдағыдай өнім беруде.

*М. Есмағанбетов.*

*М.С. Қосымов.*

**Қосымов**
**Мақсат Сейілбекұлы**



(1945 ж.т., Шалқар ауданы Көпмола). Шалқар қаласының әкімі (1998-2008 ж.ж.).

Еңбек жолын 1969 ж. № 2104 Шалқар ПМК-да құрылыс шебері болып бастап, осы мекемеде инженер, бас инженер (1973-83), бастық (1983-89) дәрежесінде қызмет етті. Кейін ауаткомда құрылыс, архитектура бөлімі меңгерушісі, «Шалқарқұрлыс» трестінің басқарушысы (1990-1995), аудан әкімінің орынбасары, еңбек биржасының директоры (1995-1998) болды. «Шалқар ауданының жыл адамы-2001». Еңбегі еленген азамат.

**ШАЛҚАР**
**АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ**

Аудандағы әкімшілік бірлік, орталығы Жылтыр елді мекені. Құрамына Жылтыр, Талдықұм елді мекендері кіреді. Тұрғыны 1 мың адам. 1964 ж. мұнда «Шалқар» кеңшары мен селолық кеңес ұйымдасты. Сай-салалары: Ебес, Текелі, Жабысай, Қарабұлақсай, Шиян, Иманкөл, Тұзбұлақ, Шибақтысай, Арандысай, Бақтыбай, Тіксай, Қызылсай, Балғасын. Көлдер: Тебез, Сайқұдық, Иманкөл, Қайнар, Қалдыкөл, Иіркөл, Жансеңгір. биік төбелер: Қарашолақ (326), Қара-жан (231), Қосшоқы, Аралтөбе (213), Сарыкөл (266), Ережеп (228). Бұл өңірде Мамайтам, Балғасын ескерткіші бар. Округте орта мектеп, балабақша, клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. Телехабар қабылдайды.

**ШАЛҚАР**

Ақтөбе обл. Шалқар ауданындағы көл, Солт. Арал алабында. Шалқар т.ж. ст-ның оңт.-батысында орналасқан. Теңіз деңгейінен биікт. 167,0 м. Ауд. 5,65-7,9 км$^2$, ұз 7,0 км, ең енді жері 1,8 км. Солт. және солт.-шығыс жағалауы жазық, қалған бөлігі жарлауытты. Көл Ескі Шалқар көлімен бір қазан шұңқырда жатыр. Ертеректе екеуі суы ащы бір көл болған, 1937 ж. тас-бетон бөгет арқылы көл екіге: солт.-шығыс (Шалқар қ) және оңт.-батыс ащы (Ескі Шалқар қ.) көлдерге бөлініп қалды. Суы мол жылдары көл суының бір бөлігі бөгеттегі су жібергіш арқылы Ескі Шалқарға құйылады. Қауылжыр өз. құяды, бұрын көлден қайта

ағып шығатын. Суы тұщы, минералд. 400-500 мг/л. Шалқар т.ж. ст.-ның тұрмыстық-шаруашылық қажеттілігін өтейді, бау-бақша, мал суаруға пайдаланады. *С.Әлімқұлов. ҚҰЭ, 9-шы том, 428-бет.*

*Қ. Шаңғытбаев*

### ШАЛҚАР. ЫМЫРТТА

Көл, Шалқар кеште көрдім
айдыныңды,
Төсіңнен тостың маған
ай нұрыңды,
Томсарған тұнығыңнан
тұрдың есіп
Бір тыныш, жүрегіме
жәйлі жырды.
Үргедек, қонып жатты
жерге ымырт,
Батыста байып бояу семді
қызғылт,
Шоршыған шорағайлар
арасында
Келемін қайығымды есіп
жым-жырт.
Кербез кеш бар екен-ау
мұндай, тоба!
Мүлгиді жиектегі тұнған қоға.
Қырдағы қиқу салған
қызғыш сорлы,
Ақыры, жік-жапар боп
тынды-ау о да.
Тұрғанмен айналада бағы өмір,
Бәрін де қымтап, қымтап
алды іңір.
Қыршындай көп қызығын
көре алмаған.
Күн кетті бұл дүниеден
тағы да бір.

*Есенбай Дүйсенбаев*

### ШАЛҚАР

Әліби тұрған штаб-үй,
Нар мүсін Шалқар,
Жұбанов жазған күшті әнім,
Армысың, Шалқар.
Мақтауыма сен қалайда,
Сиясың, Шалқар,
Талмайтын қанат талайға
Ұясың, шалқар.
Бойыңа ерте бекіген,
Бұл дарың, Шалқар.
Талант боп туған шетінен,
Ұлдарың, Шалқар.
Елу де жылда ел жаңа,
Деуші еді, Шалқар.
Қайта бір туған кең дала,
Еңселі Шалқар.
Сынтастай сырлы таптым ой,
Сымбаттым, Шалқар.
Аяқұм толы ақтылы қой.
Қымбат үң, Шалқар.
Айғағы соның айнымас,
Осы өлең Шалқар.
Көсегең көктеп, жай құлаш.
Өсе бер, Шалқар.

### ШАЛҚАР

*Сөзі: Қуандық Шаңғытбаевтікі.*
*Әні: Ілия Жақановтікі.*

Шалқардың сұлу ғой
кешкі айдыны,
Бетінде көлбеп ай нұры,
толықсып жатады.
Ақ төсін самал жел
тербеп жай ғана,
Манаурап тұрып айнала
ұйқыға батады.

*Қайырмасы:*
Е-е, қайран Шалқар,
О-ой, сайран Шалқар,
көл Шалқар.
Махаббатым, сен Шалқар.
Тау мен құм, гүлдері
жасыл желкені,
Тілеу мен Қабақ мекені.

Шалқыған Шалқарым.
Ауылым тұсауын алғаш
кескен жер.
Ақсүйек ойнап өскен жер.
Сенсің ғой аңсарым.

*Қайырмасы:*
Көрсем де Айырық таудың
шыңдарын,
Ақбауыр жақтың құмдарын.
Мен талай аңсадым,
Жас күнгі достарға қайта
жолықсам.
Шаттыққа солай молықсам,
арман не, Шалқарым.

### ШАЛҚАР ВАЛЬСІ

*Сөзі: Үмбетбай Уайдиндікі*
*Әні: Емберген Терековтікі.*

Шаһарда Шалқар деген
болдыңыз ба?
Осында ер жігіттер,
өңді қыздар.
Көлі бар құралай көз
мөлдіреген.
Жағаға шатыр тігіп
қондыңыз ба?

*Қайырмасы:*
Шалқар құмы көзімізге,
Күндей ыстық теп-тегіс.
Шалқар көлі өзімізге,
Шағалалы көк теңіз.

Өшпеген осы құмда
жатыр белгі,
Комиссар ер Әліби
өткен іздер,
Жолаушы жолың болсын
деп тілейміз,
Сімірмей Шалқар суын
кетпеңіздер.

*Қайырмасы:*

Шалқардың құм деп жерін
қомсынбаңыз,
Құмы-құт, суы-байлық,
осында аңыз.
Еңбекпен бағы жанған,
шамы жанған,
Батырлар, бақыттылар
осындамыз.

## ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ

1993 жылы 10 желтоқсандағы №4100 «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заңына сәйкес Шалқар аудандық мәслихат депутаттар жиналысы 1994 жылдың 17 наурызында бірінші шақырылған кезекті сессиясында құрылды. Осы сессияда депутат Қ.Сейтмағанбетов аудандық мәслихат депутаттар жиналысының хатшысы болып сайланды.

Қиюбек Сейтмағанбетовтың өмірдерегі: 22.03.1937 ж. Шалқар ауданында туған. Орта мектепті 1954 жылы, А.С.Пушкин атындағы Оралдың мемлекеттік педагогикалық институтын 1960 жылы бітірген.

Мұғалім, комсомол ұйымының хатшысы, кеңшарда (совхозда) ферма меңгерушісі қызметтерінде болған (1960-1967) ол 1967-1987 жж. 20 жыл бойы мектеп директоры болып қызмет жасады, 1987 жылы ауылдық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болды, 1994 ж. аудандық мәслихат хатшысы қызметіне өтті. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Қиюбек» атты шаруа қожалығының басшысы. Егеменді еліміздің тәуелсіздігінің 10 жылдығында Ел Президентінің Алғыс хатымен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Азамат аудан мәслихатына сайланған бірінші хатшы ретінде көпшілік жадында. Бұл күндері аудандық мәслихат өз құдіреті шегінде жұмыс жасауда.



## ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ ӘКІМШІЛІГІ

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, ҚР орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, ҚР-ның заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттілігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты жаңа құрылым-әкімшілік (аудан әкімдігі) өз қызметіне 1992 жылдың басынан бастап кірісті. 1992-2002 ж.ж. аудан әкімдері болып К.А.Абдуллин, М.С.Сейітжапаров, Ж.Т.Оралмағамбетов қызмет жасады. 2002 жылдан бастап бұл мәртебелі қызметті Р.М.Сыдықов атқарып келеді.

## ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ІСІ ТУРАЛЫ
### (қысқаша мәлімет)

Білім деген сөздің ауқымы кең, тарихы терең. Егер арыға

| Мекемелердің құрылған жылдары мен атаулары | Мекеме басшыларының аты-жөні |
|---|---|
| 1951-1953 ж.ж. Аудандық ауыл шаруашылық бөлімі | 11.1952 ж. дейін – Бекшурин Оразғали, 12.1952-11.1953 ж.ж. – Насрадинов Убайдулла |
| 07.1953-01.1954 ж.ж. Рай. сельхоз. заг | 07.1953.-11.1953 ж.ж. – Болтаев Ислам, 11. 1953-01.1954 ж.ж. – Өтемұратов Мұстай |
| 02.1954-12.1955 ж.ж. МЖС машинно. жив. станция | Бисенбин Нұртай, Малкиэл П.Д. |
| 12.1955-06.1957 ж.ж – МТС | Өтемұратов Мұстай |
| 07.1957-01.1958 ж.ж. – РТС | Байсалбаев Әбубәкір |
| 1958-03.1961 ж.ж – рай.сельхозинспекция | Мерғалиев Айтжан |
| 04.1961-04.1962 ж.ж. Госинспекция по закупкам и качестиву сельхоз продуктов | Өтемұратов Мұстай |
| 05.1962-12.1962 ж.ж – Алға аумақтық басқармасы (Жұрын, Ключевой, Новоресей, Шалқар аудандары) | Бычков А.С. |
| 12.1962-06.1964 ж.ж. Шалқар аум-қ басқар. | 12.1962-12.1965 ж.ж. – Нокин Кеңес Нокинович |
| 07.1964-1987 ж.ж. аудандық ауыл шаруашылық басқармасы | 01.1966-01.1981 ж.ж. – Мұстафин Задагерей 02.1981-11.1984 ж.ж.– Көмекбаев Бисенбі, |

| | | |
|---|---|---|
| | | 11.1984-02.1986 ж.ж. – Қосжанов Жақсыбай, 03.1986 ж. – Елеусізов Дәулетжан |
| | 1987-1989 ж.ж – аудан. агроөнеркәсіп бірлестігі | Председатель – Елеусізов Дәулетжан |
| | Ауыл шаруашылық басқармасы | Ерішов Иманияз |
| | 02.1992-07.1992 ж.ж ауыл шаруашылық басқармасы | Аманбаев Қозыкөрпеш |
| | 07.1992 ж. | Оралмағамбетов Жеткерген |
| | 1994 ж. | Ермағанбетов Қасқырбай |
| | 1995 ж. | Оралмағамбетов Жеткерген |
| | 1996-1998 ж.ж. | Бекмағанбетов Ермек |
| | 08.1998 ж. – Ауд. әкімі апп. а/ш бөлімі | Садықов Төлбай |
| | 10.2001 ж. – Ауд.әкімі апп./аш бөлімі | Аспенов Дәулетияр |
| | 03.2003 ж. «Шалқар аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ | Аспенов Дәулетияр |
| | 01.2005 ж. – 01.2006 ж. «Шалқар аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» ММ | Аспенов Дәулетияр |
| | 01.2006 ж. «Шалқар аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ | Бекмағанбетов Ермек |

жүгінсек, ел естілері, зиялы азаматтар білімнің аса қажеттілігін сезініп, XVIII ғасырдың өзінде-ақ діни мектептер ашып, оқимын дегендерді арабша әліпбимен таныстырған: одан берегірек латынша оқытып, әріп танытқан. Осы энциклопедияда «Шеңгел ауылдық мектебі» (1891), «Ордақонған ауылдық мектебі» (1898), С.Көбеев ашқан «Кішіқұм мектебі» (1901) туралы деректермен қатар Қазақай ахун мектебі жайлы да мәліметтер бар.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін-ақ 20-30 жылдары сауатсыздықты жою жөнінде ересектер арасында бірсыпыра жұмыстар жүргізілсе, балаларды мектепке тартып, білім берудің әуелі 1,2,3,4 кластық жүйелері іске қосылды (1935 ж. ауданда осындай 42 мектеп болған). Кейін олардың саны 45-ке жеткен; 1 орталау, 1 орта мектеп болған. Аудандағы бала саны 3786 болып көрсетіліп, оның 98% – мектепке тартылған деген де дерек қолда бар. Сол бір жылдары балаларға 99 мұғалім (оның 58- нің білімі 4 кластық) сабақ берсе, бүгінде 1355 мұғалім мектептерде қызмет жасайды (оның 1057-сі жоғары білімді).

Аудан тарихында балалар үйі (детдом), кейін пансион, мектеп-интернат болғанын көне көз қариялар жақсы біледі. Ауылдық жерде ашылған мектептердің барлығының жанында интернаттар болды. Қаладағы т.ж. орта мектебі жанындағы интернатта теміржолшылардың балалары жатып оқыды. 1990 жылға дейін аудан мектептерінде 12 мыңдай бала мектепке тартылып, білім алғаны тарихтан белгілі. Бұл күндері ауданда 9 дара бастауыш, 7 негізгі және 23 орта мектеп бар, оларда 9 мыңдай бала оқиды. Қалада және селолық округтердің бәрінде де балабақша бар. Бұрынғы типтік жобамен салынды делінген мектептерді қоспағанда Шалқар қаласында 12 жылдыққа арналған жоба бойынша 1 мектеп салынып, пайдалануға берілді (2009).

### «ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ

Ауданда халықты әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі жұмыстарды 1943-1947 жылдары аудандық атқару комитетінің жанындағы комиссиялар жүргізіп отырған.

Олардың міндеті соғыста қаза болғандардың отбасылары мен соғыстан мүгедек болып қайтқандарға әлеуметтік көмек көрсету іс-шараларын белгілеп, оны орындау болатын.

1947 жылы аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі болып қайта құрылған соң ауданда мемлекет тарапынан қолдау қажет ететіндерге нақты әлеуметтік көмектер заңдарға сәйкес беріле бастады. Осындай соғыстан кейінгі қиын жылдары халықты әлеуметтік жағынан қорғау жөніндегі көмектердің 2-3 түрі ғана болған

еді. Кейін жасы ұлғайған адамдарға зейнетақылар тағайындалып, бөлім жұмысы көбейді. Бөлім бойынша зейнетақыларды тағайындау 1998 жылға дейін жүргізілді. Осы жылы Облыстық Зейнетақы төлем орталығының бөлімшесі ашылып, барлық құжаттар сол бөлімшеге тапсырылды.

Соңғы жылдары Еліміздің экономикасы көтеріліп халыққа әлеуметтік қызмет көрсету түрлері де көбейді. Бүгінгі таңда ай сайын тұрақты төленетін әлеуметтік жәрдемақылар мен көмектердің 9 түрі бар. Аз қамтылған отбасыларына тағайындалатын атаулы әлеуметтік көмек, балалар жәрдемақысы, халыққа тұрғын үй көмегі, үйде оқытылатын мүгедек балаларға жәрдем ақы және т.б. түрлері бар.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұмысының негізгі бағыттары – аз қамтылған отбасыларына, соғыс мүгедектері мен қатысушыларына, еңбек ардагерлері мен мүгедектерге, әлеуметтік көмекті қажет ететін санаттағы азаматтар мен отбасыларына қамқорлық жасау, олардың әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз еті.

1947 ж. бері қарай әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін басқарып, өздерінің айтулы үлесін қосқандар: Әлімбеков К (1947-1950); Шектібаев (1951-1952); Меңдіғалиева Л. (1953-1976); Бекмұратов К. (1976-1982); Байразақова Д. (1982-1997); Бекбергенов Ж. (1997-2002); Ерішов И. (2002 жылдан бері).

*И.Ерішов.*

## ШАЛҚАР АРТЕЗИАН АЛАБЫ

Арал теңізінің солтүстігі – жер асты суы бар өңір. Ол солт-нде Мұғалжардан басталып, оңт-те Арал мен Үстірт жотасына келіп тіреледі. Ш.а.а-нда әрқайсысының қалыңд. 100-120 м-дей болатын және жоғарғысы палеогеннің, төменгісі бордың құмды шөгінділерінде қалыптасқан. Арынды және арыны төмен сулы қабаттар орналасқан. Үстіңгі (палеоген) сулы қабат 150-200м, астыңғысы (бор) 300-600м тереңдікте. Су арынының күші өте зор, қазылған ұңғымалардан су шапшып өздігінен төгіледі. Әр ұңғыманың тәуліктік су өнімі қабаттардың үстіңгісінде 500-1200$м^3$. Судың минералд. Мұғалжар маңында 1-2 г/л, алаптың ортаңғы жағында 2-3 г/л, Арал маңында 2-5 г/л. Үсіртке таяу жерде Бозой, Аққолқа газ кендерінің маңында астыңғы сулы қабаттың минералд. 10-15 г/л. Ш. а.а-ның тұщы және аздаған ашқылтым суының табиғи қоры 300 $км^3$-ден астам. Одан жылына 450-480млн. $м^3$ су алып, жер суаруға, елді мекендерді тұщы сумен қамтамасыз етуге болады.

*Ж.Сыдықов. ҚҰЭ, 9-т., 428 б.*

## ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Шалқар аудандық мәдениет үйі (600 орындық) 1977 жылдан бастап халыққа қызмет етіп келеді. Қазіргі таңда 8 селолық клуб, 3 селолық мәдениет үйі, қалалық 1 саябақ бар. Аудандық мәдениет үйінде эстрада, күй, терме, баян, драма, би, түрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Халықтық атағы бар драма, оркестр, хореография ұжымдары бар.

1980 жылдан бастап Ахмет Жұбанов атындағы ұлт-аспаптар оркестрі халықтық атағына ие болып қызмет жасауда.

1987 жылғы 30 қазаннан халық театры өз жұмысын жасап келеді. 2003 ж. IV Ақтөбе облыстық байқауда Шалқар аудандық театры Б.Тәжібаевтың «Сал Сары мен Қыз Қосан» спектаклі үшін бас жүлдеге ие болды.

2005 жылы Ақтөбе облыстық байқауда Д.Исабековтың «Тыныштық күзетшісі» спектаклі үшін бас жүлдеге ие болса, 2007ж. VI облыстық байқауда Әлсейіт Ақпанбетұлының «Түнгі көбелек» спектаклі үшін I орынға ие болды. Сонымен үш жыл қатарынан Ақтөбе облысы халық театрларының байқауында алдыңғы орындардан көрініп келеді.

1988 жылдан бастап халықтық би ансамблі жұмыс жасайды.

Би ансамблі де жүлделі орындарға ие болып, осы уақытқа дейін халықтық атағына сай жұмыс жүргізуде.

*Г.Ізтаева.*

## ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ

Аудандық аурухана туралы сақталған жазба дерек өте аз. 1932 жылға дейін аурухана, амбулатория ғимараттары өз уақытындағы күйлі адамдардан конфискацияланған үйлерде орналасқан. Шалқар қаласында дәрігерлік амбулатория 1932 жылдан, ал аурухана 1935-1937 жылдардан бастап жұмыс істеген. Қойкі саны өте аз, әрі тұрақты болмаған, кімдер қызмет жасағаны туралы сақталған дерек жоқ, ал темір жол жүйесіне қарасты аурухана 35

койкілік, 10 койкісі жұқпалы ауруларға арналған, 1905 жылдардан бастап жұмыс жасаған.

1950-1953 жылдары ауданда 75 төсектік, тері-жыныс жолдары науқастарын емдейтін – 10 төсектік бөлімше, 5 койкілік туберкулез ауруларын емдейтін бөлімше, дәрігерлік-санитарлық эпидемиологиялық стансасы болған. Учаскелік 25 төсектік аурухана Шахты селосында көмір шахтасының жұмысшыларына және «Жағана», «Жыланды» алтын рудниктері жұмысшыларына қызмет көрсеткен.

1960 жылдардан бастап және одан кейінгі жылдары КС-10, КС-11, «Жаңа Қоныс», «Сарбұлақ» дәрігерлік ауруханалары салына бастайды. Тоғыз, Шалқар, Шетырғыз, Біршоғыр бекеттерінде дәрігерлік амбулаториялар салынды.

1965-1975 ж.ж. ауданда жергілікті мамандар көбейді. Ресейден, Украинадан, Прибалтикадан келген мамандар тұрақтамай бір-екі жыл жұмыс жасап кетіп қалып отырған. 1975-1984 ж.ж. ауданда денсаулық сақтау базасы дамыды. 1984 жылы Газшылар қалашығында типті аудандық аурухана салынды, ал емхана бұрынғы Әйтеке би көшесіндегі шағын жатақхана ғимаратынан №1 орта мектептің ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілгеннен кейін көшірілді, құрамында балалар кеңесханасы, әйелдер кеңесханасы бар. Медициналық қызмет көрсету деңгейі көтерілді. Жедел жәрдем бөлімі құрамында дәрігерлік бригада бар халыққа қалыпты қызмет көрсетті, койкі саны 200-ге дейін өсті.

1996 жылы денсаулық сақтау саласында реформа жүруіне байланысты аудандық аурухана аймақтық медициналық бірлестік болып қайта құрылды. Бұл жылдары еліміздің дербестік алғаннан кейінгі әлеуметтік қиын кездерімен сәйкес келді. Денсаулық сақтау саласы жиі реформаланып отырды, 1999 жылы аудандық денсаулық сақтау бөлімі болып қайта құрылды.

2002 жылы кезекті реформадан кейін аудандық денсаулық сақтау саласы басшылығы бас дәрігерге жүктелді. Бұл кездері аудандық аурухана ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, материалдық-техникалық базасы нығайды. 2006 жылы Аудандық аурухана ғимараты салынып, аурухана жаңа ғимаратқа көшірілді, бұрынғы аурухана ғимаратына туберкулез ауруларына қарсы жаңадан ашылған 60 койкілік аурухана орналасты.

2007 жылы аудандық ауруханадан денсаулық сақтау Министрлігінің бұйрықтарына сәйкес емхана дербес бөлінді. 2007 жылдың қазан айында аудандық емхана жаңадан салынған типті екі қабатты ғимаратқа көшті, емхана құрамында 12 дәрігерлік амбулаториялар, 12 медициналық пункт қарайды. Халыққа дәрігерлік медициналық көмек көрсетудің деңгейі көтерілді, жаңадан заманға сай медициналық құрал-жабдықтар алынды, тұрғындардың емделуіне, медициналық қызметкерлерге барлық жағдай жасалған.

*Ж.Көптілеуов.*

*(Ескерту: койкі – төсек).*

## ШАЛҚАРДАҒЫ КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАР

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылдың 13-ші қыркүйегінде №1438 Қазақстан республикасында 2005-2010 жылдар аралығында «Денсаулық сақтау саласын дамыту мен реформалау жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы туралы» және стационарлық көмекті алмастыру технологиясын одан әрі дамыту көрсетілген Жарлығынан туындаған ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігінің № 840 стационарлық көмекті ауыстыратын медициналық бөлімдер жұмыстарын дамыту туралы бұйрығына қосымша өзгерістер енгізіліп, 2004 жылы Шалқар аудандық емханасы жанынан 10 төсектік, 2005 жылы Айшуақ ДА жанынан 10 төсектік күндізгі стационарлар ашылды. Халықтың сұранысына, мемлекеттік тапсырысқа сәйкес, 2007 жылдан бастап Шалқар аудандық емханасы жанындағы күндізгі стационардың төсек саны 20-ға жеткізілді және Бозой ДА жанынан – 15 төсектік күндізгі стационар ашылып халыққа қызмет көрсетуде. 2007 жылдың қорытындысында «Аудандық емхана» күндізгі стационарында – 545адам, оның 19 – бала, Бозой ДА күндізгі стационарында 442-адам, оның 41 бала, Айшуақ ДА-сы күндізгі стационарында – 218 адам, оның 28 бала, науқастарына сәйкес жан-жақты ем алып, сауықтырылды. Бұл көрсеткіштер ауданның денсаулық сақтау саласының елеулі оң өзгерістері, жетістіктері екені даусыз.

Қазіргі заман талабына сай ауруханаға тек күндіз-түні бақылауды қажет ететін жағдайы ауыр науқастар ғана жатқызылуы керек. Мысалы, миокард инфрактісі, шок немесе кома жағдайы, жедел науқастар, хирур-

гиялық науқастар және т.б. Сондай-ақ аурухана өз деңгейінде толық жұмыс істеуі үшін медициналық құрал-жабдықтармен және маман дәрігерлермен толық қамтамасыз етілуі қажет.

Жанында күндізгі стационары бар дәрігерлік амбулатория селолық жерде медициналық қызмет көрсетудің тұрғын халық үшін тиімді үлгісі деп есептеледі. Себебі, бір жағынан күндізгі стационарға барлық емін алып кешке қарай үйіне қайтса, екінші жағынан қимыл қозғалысы қиын науқастарға жергілікті жерде үй жағдайында да стационарлық дәрігерлік көмекті ұйымдастыруға болады. Күндізгі стационарда: жүрек-қан тамыры, өкпе дем алу ағзалары, эндокринологиялық, құлақ, мұрын, ауыз қуысы, ас қорыту, зәр шығару ағзалары науқас-тары және жарақат алу жағдайларындағы, 3 жастан жоғары жастағы балалар, жас өспірімдер, ересектер, жүкті әйелдер, гинекологиялық дерттемесі бар науқастар, мүгедектер, диспансерлік есепте тұрған науқастар ем алып, сауықтырылады. Аудандық емхана күндізгі стационарында зерттеулердің барлық түрлері (қан құрамы, УДЗ арқылы бүйрек, бауыр, өт жолдарын, гинекологиялық тексерулер, ЭКГ, маммография, ФГС, флюрография т.б.), ал селолық ДА күндізгі стационарында (қанның құрамын, қандағы шекердің мөлшерін, дәреттің зерттеулерін, ЭКГ т.б.) тексерулер жүргізіледі, қажетті емдік манипуляциялар, көк тамырдан ұзақ уақыт берілетін қанда ауыстыратын сұйықтар, антибиотиктер, ағзаға қажетті тұз ерітінділері, гармондар, буындарға берілетін дәрілер, бұлшық еттен, тері арқылы берілетін дәрілер алады.

*Т.Н.Назарбаев.*

## «ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІ» ММ

Шалқар ауданы әкімдігінің 2006 жылдың 18 қаңтар күнгі №11 қаулысына сәйкес «Шалқар аудандық кәсіпкерлік бөлімі» Мемлекеттік мекемесі құрылды. Заңды тұлға болып Шалқар ауданының әділет басқармасында тіркеліп, Заңды тұлғаға Мемлекеттік тіркеу туралы №53-1904-17-ММ куәлік берілген.

Шалқар ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 18 қаңтар күнгі №268 өкіміне сәйкес Қарашолақова Дариға Өтемісқызы «Шалқар аудандық кәсіпкерлік бөлімі» ММ бастығы болып тағайындалды.

Бөлімнің негізгі міндеттері:

– ауданның кәсіпкерлік, туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын қалыптастыру;

– аудандағы кәсіпкерлікті дамытудың және туристік қызметтің жағдайына талдау жасау;

– туристік қызметтер мен кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру;

– несие, инвестиция және сауда саясатын, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қатынасты жекешелендіру саясатын қалыптастыруға қатынасу;

– ауданның кәсіпкерлікті дамыту, туристік қызметтеріне талдау, болжау және мониторинг жүргізеді;

– шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басымды жобаларын іріктеу жөніндегі жұмыстарды жүргізеді;

– басымды бағыттағы жобаларды несиелендіру және қаржыландыру мәселесі бойынша банктермен және қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

– кәсіпкерлік және туризм қызметтері мәселелері бойынша семинарлар мен кеңестер, форумдар ұйымдастыруға және өткізуге қатынасады және т.б.

## ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ ММ

1928 жылы Шалқар қаласында сауатсыздықты жоятын 1 мектеп, 1 кітапхана, 1 клуб жұмыс істеген. Сол жылдардан бастап халықты білім нәрімен сусындатып келген рухани азық ордасы – Шалқар аудандық орталық кітапханасы өз оқырмандарына жаңа дәуірде жаңа дәстүрде қызмет етіп келеді.

Бүгінгі күні 45984 дана кітап қоры бар кітапхана жылда 4000-нан астам оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсетуімен қатар мәдени-көпшілік шараларын өткізіп, рухани байлық сыйлап, ақпарат береді.

1980 жылы Ақтөбе облыстық мәдениет басқармасының бұйрығына сәйкес аудан кітапханаларын орталықтандыру нәтижесінде 1 аудандық орталық, 1 аудандық балалар, 3 қалалық және 26 селолық кітапханадан 284641 дана кітап қоры бар Шалқар аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі құрылды.

2005 ж. 22 ақпаннан бастап аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ статусын алды.

Бүгінде жүйе бойынша: 1 аудандық орталық, 1 аудандық балалар, 3 қалалық және 10 ауылдық – барлығы 15 кітапхана рухани байлықты сақтап, оқырмандарға жеткізіп, ауданның мәдени өміріне үлес қосып келе жатыр. Кітап қоры тозығы жеткен, саяси тұрғыдан мазмұны ескірген әдебиеттен тазартылып, жаңа кітаппен толықтырылып, жыл сайын көбейіп келеді.

*Б.Жақсыбаева.*

## ШАЛҚАР ГАЗ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕКЕМЕСІ

Қаланың коммуналдық мекемесінен 1970 ж. бөлініп, өз бетінше халықты газбен қамтамасыз ету жұмысымен айналысты. Әуелгі жылдары (1970-1979) халық тұтынатын газ баллондары тасымалданып, пайдаланушыларға таратылды. 1979 жылдан бері халықтың тұтынатыны табиғи газ. Бұл күнде оның рахатын Шалқар қаласының 6808 үйі көріп отыр.

Табиғи газды аудан бойынша төрт ауылдық округ (Бозой, Айшуақ, Меңке би, Қауылжыр) тұрғындары пайдалануда.

## ШАЛҚАР ДАҢҚ МЕМОРИАЛЫ

1990 жылы мамыр айында Шалқар қ. Жеңіс күні қарсаңында ашылды. Ол Кеңес өкіметі жолындағы күреске белсенді қатынасқан жауынгерлердің құрметіне арналған. Жобасын жасаған Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері Бек Төлепов пен оның балалары Дәмир, Дайыр. Кешенді құрылысты салған алматылық М.Нұрланов басқарған құрылысшылар бригадасы. Даңқ мемориалы орнатылған Бауырластар зиратында алғаш Азамат соғысы жылдарында Жылтыр және Ұлпан ауылдарына таяу жердегі ұрыстарда қаза тапқан 48 адам жерленген. Мемориал ашылар қарсаңда осында Ы.Карагулин, Ж.Мекебаев, П.Ознобин, Г.Резвановтар қайта жерленді.

## ШАЛҚАР ЖЕРІ, ШАЛҚАР СУЫ, АУАСЫ

Жүрегімде алау жырдан
от өрсем,
Жаман ғұмыр кешпегенім,
бекершең.
Байтақ елім, сенің жомарт
пейілің –
Базыналық мінезімді
көтерсең.
Туылса да, Бауыржандай
батыр боп,
Түгендеген, армандарын
ақын жоқ.
Жарқыратқан маңдайымды,
Шалқарым,
Жырламасқа, менің титтей,
хақым жоқ.
Алдарыңда, абыз ақын –
мына, мен
Ауылымнан жаяу-жалпы
құлап ем.
Ата-анамның
«өліп көрген, жалғызы» –
Азаптардың барлығына
шыдап ем.
Айдап келген, ел –
Шалқардың тұз-дәмі
Арманымдай, аппақ ару
қыздары.
Біреуіне шаққа қолым ілікті.,
Болса-дағы, бұлан күшім
қызбалы.
Шалқар жері,
шалқар суы, ауасы,
Шипа-дәрі, сырқатымның
дауасы.
Жан-тәніммен ел-халыққа
ырзамын,
Жомарттықтан
сарқылмайтың, науасы.
Шалқар суы-зәмзәм бұлақ
суындай,
Шалқар құмы-жунглидің
нуындай.
Бұл Шалқардың аппақ ару
қыздары-
Біле-білсең, сары алтынның
буындай.
Кіналама, кейін туған,
қалқам-ай,
Кездескенде, әзіл айтсам,
«байқамай».
Бір апаңды зайып етіп,
алған соң,
Балдыздарға сүйкеп
жүрсем, ерінді.
Жазың келсе, жазирандай
жайнармын,
Жарқын үнмен сандуғаштай,
сайрармын.
Ел мен жерден
қуат алған құдірет –
Ешқашанда, сарқылмайтын
қайнармын.
Қысың келсе, аязыңа
тоңармын,
Қыраныңдай қиырыңды
шолармын.
Қанатымды қатайтып
ең сен менің
Қайтып келіп тұғырыңа
қонармын.

*Зиядин Әбдуәлиев, ақын.*

## ШАЛҚАР БАСПАСӨЗІН ҰЙЫМДАСТЫРҒАНДАР

1931 жылғы 18 қаңтарда ВКП (б) Орталық Комитетінің «Селолық аудандық және төменгі баспасөз туралы» қаулысы шыққаннан кейін аудан партия ұйымының алдында күрделі міндет

тұрды. Ауданда газет шығару керек. Оған кадр керек. Ақыры таңдау екі тілге жүйрік Әбидулла Биекеновке түсті. Ол қасына өзі құралыптас Қайып Сәлпенов деген жігітті ертіп апарып, сонау Қостанайдан «Санкт-Петербург» деген баспа машинасын, басқа да құралдар әкелді. Ұзақ уақыт жүргізілген дайындық жұмысынан кейін 1932 жылғы 20 тамызда аудандық «Социализм туы» газетінің бірінші нөмірі жарық көрді.

Көп ұзамай Ә.Биекенов заң қызметіне ауысты да, 1939 жылға дейін Ембергенұлы, Қиынбайұлы т.б. азаматтар редакторлық қызметтер атқарды. 1939 жылы редакторлыққа Тілеужан Шойғарин келіп, ол бұл қызметті 1962 жылға дейін атқарды. Газет басушылар Қайып Сәлпенов пен Сәмен Ахетов болды.

1962 жылы аудан Ырғыз ауданын біріктіріп, өндірістік басқармаға айналды да, үш-төрт өндірістік басқарма тұрғындарына арналған газет «Жұлдыз» деген атпен Алға қаласынан шығып тұрды.

1963 жылы аудан қайта құрылып, аудандық «Коммунизм таңы» деген атпен қайта шыға бастаған газетке Тауман Төреханов редакторлық етті. Ол бұрын Темір аудандық «Жаршы» газетінде редактордың орынбасары болатын. Осы кезде аудандық баспахана дербес кәсіпорын болып құрылды да, оның меңгерушілігіне байырғы полиграфист Жұмағали Таганов тағайындалды. Ол бұл қызметті өмірінің соңына дейін – 1972 жылға дейін атқарды. 1972 жылдан 1992 жылға дейін баспахана ди-ректоры Иван Иванович Дронов болды. 1992 жылдан күні бүгінге дейін бұл қызметті Берік Тағанов атқарып келеді. Баспахана 2001 жылы «Мұрагер» ЖШС болып қайта құрылды.

Газет атауы 1990 жылы «Шалқар» болып өзгеріп, 1992 жылдан 1997 жылға дейін оған Мұқамбетәли Есмағанбетов редакторлық етті. Ал 1997 жылдан бері қарай Қыдырәлі Әлин жетекшілік етіп келеді.

*М. Есмағанбетов.*

## ШАЛҚАР БЕЛГІ БЕРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ДИСТАНЦИЯСЫ

1921 жылы Орынбор темір-жолының құрамында Шалқар стансасында электромеханикалық байланыс шеберханасы ашылды. Осының негізінде 1929 жылы шеберхана Шалқар белгі беру және байланыс дистанциясына айналды.

Соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі жылдары дистанция деп аталып, Қотыртас-Шалқар-Тоғыз ст. аралығын қамтыды. 1952 ж. БФ тұрақты тоқ жүйесіндегі бір жолдық автоблокировка пайдалануға берілді. Сол жылы дистанцияның қызмет ету шекарасы кеңейтіліп, Қотыртас-Шалқар-Сексеуіл ст. аралығын қамтыды. 1958 ж. қызмет ету аймағының кеңеюіне байланысты дистанцияның аты ШЧ-28, ал 1977 ж. Батыс Қазақстан теміржолының құрылуына байланысты ШЧ-3 бо-лып өзгертілді. 1973-1976 ж.ж. байланыс линиясында қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілді. 1983 ж. дистанция шекарасы Ембі-Шалқар-Сексеуіл аралығына ұлғайтылып, 341 шақырым аумақты қамтыды. 1966 ж. ДЦ қондырғысын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізіліп, «Минск» орталықтандырылған диспетчерлік жүйе енгізілді. ЭЦ, АБ, ДЦ, байланыс, радио, ПОНАБ және ДИСК-Б қайта жарақтандыруда орасан зор жұмыстар жүргізудің нәтижесінде бірнеше рет ҚЖМ-нің және Батыс теміржолының ауыспалы Қызыл туларымен марапатталды.

*А.Бақтыбаев.*

## ШАЛҚАР КАЛИЙ ТҰЗЫ КЕНІ

Орал қаласынан оңт-ке қарай 100 км жерде, Шалқар к-нің жағасында орналасқан. Шалқар құрылымы тұзбен кептелген алып тұз күмбезі болып табылады. Оның пішіні эллипс тәрізді, меридиан бағытында 25 км-ге созылған. Кен орны біршама жазық, оңт-ке еңістеліп, солт-ке күрт үзіледі. Қат-қабат 270-350 м тереңдікте ангидрит-гипс тау жыныстарымен көмкерілген. Тұз үсті қат-қабатында үш шоғыр ерекшеленеді: төм. гипс (75-140 м), орт. ангидрит (20-90 м), жоғ. гипс (20-60 м). Ш.к.т.к-нің қимасы екі қабаттан тұрады: төм. галит белдемі (1000м шамасында) және калийлі (өнімді) белдем (200м). Мұнда жоғары сапалы сильвинит (30-70%), карналлит, кизерит пен бишофит бар. Қоры 1 млрд т шамасындағы кешенді кен орны.

*Ә.Байбатша. ҚҰЭ, 9-т., 430 б.*

## ШАЛҚАР КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Тарихы ертеден басталады (негізінен ол бір ғасырдан астам

тарихы бар темір жол желісінің тартылуымен тығыз байланысты). Ауыз су жүйесі бастауын 1905-07 ж.ж. алады. Қалаға ауыз су желісі 1950 ж. тартылған, ақаба желісі 1985 жылдан. «Ұлы Борсық» коммуналдық МК 2002 жылдан жұмыс істеп тұр, оған 300 шақырым су желісі, 35 шақырым ақаба және 25 шақырым жылу жүйесі қарайды. Су жүйесі Біршоғыр-Сексеуіл, Шалқар-Бозой аралықтарын қамтиды.

Аудан көлемінде 304,7 шақырым жергілікті автокөлік жолы, қалада 27 шақырым қатты жамылғылы көше жолдары бар. Темір жолда поездар екі бағытта да Шалқар бекеті арқылы өтеді, оған қоса Шалқардан жұмысшылар поезы Жем, Сексеуіл, жолаушылар поезы Ақтөбе станцияларына үздіксіз қатынайды.

## ШАЛҚАР ЛОКОМОТИВ ДЕПОСЫ

1901-03 ж.ж. Ұлы Борсық құмы арқылы Ресей мен Орта Азияны байланыстыратын темір жол салынып, далалықта Шалқар бекеті пайда болды. Темір жол магистралімен қатар паровоз деподы, темір жол вокзалы, екі қабатты мектеп үйі (қазіргі № 5 мектебі) бой түзеді.

Паровоз депосы 1905 ж. пайдалануға енгізілді. Алғашқы паровоздардың сериясы «ОВ», «Ш», «ЭМ», кейін «СО», «ОС» сериялы паровоздар 1940 жылдарға дейін жүрді. Шалқар бекетінің паровоз депосы жұмысшылары барлық тараптардағы теміржолшылардың революциялық күшін құрады.

1907ж. революциялық қозғалыстар үшқындары Шалқарға келіп жетіп, бұл оқиға депо жұмысшыларына әсерін тигізбей қоймады. Шебер-ұста В.П.Жирков, жөндеушілер Добровольский мен Погорельский алғашқы революционерлер. Сонымен қатар партия құрылып, оған В.С.Кривошанов басшылық етті.

1911 ж. Гольто-Одесса депосынан «Кремальник» іс-қағаздарына сенімсіздік көрсеткені үшін жұмыстан шығарылып, Шалқарға 22 жастағы бозбала шағында И.Р.Доценко келді. Шалқарға келісімен РСЛДРИ ұйымы басшысы И.Р.Шудейко мен жерлесі В.П.Жирковті іздестірді. Ол да саяси сенімсіздік білдірді деген жала жабылып, жұмыстан босатылған болатын. Олар түнімен Ресейде болып жатқан орасан зор оқиғалар мен депо жұмысшыларының жай-күйі туралы сөз қозғады.

Шалқар паровоз депосының тұңғыш машинисі Пономарев бірінші класс дәрежесіне ие болып, жолаушы пойызын жүргізгені үшін күміс медальмен марапатталды.

1906 ж. депода 159 адам жұмыс істесе, 1911 ж. жұмысшылар саны 600-ге жетті. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар революциялық ой-пікірлер, қайта жарақтандыру техникасы бойынша жұмыстар жүргізді.

Шалқарлық машинист Ф.Казанцевтің жабдықтары мен жасаған тежегіші арқылы 1910 ж. жолаушы пойызы жүрді. Тежегіш құралдары Казанцев пен оның досы Тараторкиннің жеке құралдарымен жасалған болатын, бірақ қаншама қиындықтарды бастан кешірсе де, Ташкент темір жол басқармасы тежегішті жөндеуге жәрдем беруден бас тартты. Бұл қиыстырма (конструкция) Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы Кеңес жұмысшыларының жасаған тежегіш үлгісі болатын.

1913 ж. 26 көмекші машинист емтихан тапсырып, барлығы дерлік машинист куәлігін алды. Партияның бастауыш ұйымдары өсіп нығая түсті. 1917 ж. қатарға 160-қа жуық жұмысшылар есепке алынды.

## ПАРОВОЗ ДЕПОСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ҚАТЫСУЫ

Уақытша үкіметтің құлауы жайындағы хабар Шалқарға екі-үш күннен кейін келді. Депода жалпы жиналыс өтіп, партия ұйымының басшысы сөз сөйледі. Өз еріктерімен жасақ құру үшін жұмысшылар мен шаруалар үкіметін құру керектігі жөнінде сөз қозғады.

1917 ж. қазан айында Шалқар бекетінде теміржолшылардың біріккен Қызыл гвардия жасағы құрылды. Кеңес үкіметін құру үшін алдыңғы қатарлы жұмысшылар бұл қозғалысқа белсене қатысты. Өз еріктерімен алғаш шыққандар жөндеуші – Сергученко, Зубков, темір ұста – Чекалкин.

Паровоз машинисі Гришинов, Кривошанов, Сергученко, Новиков т.б. өз еріктерімен жасаққа кіріп шаруалар үкіметін құрды. Ол жасаққа өз еркімен кіргендер саны 43 адамға өсті. Мәдени-ағартушылық жұмыстарды насихаттау үшін жастар ара-сында үйірмелер ұйымдастырылды. Олар жас Кеңес Республикасын қорғау үшін күресуге дайын тұрды. Сонымен қатар әскери білім беру де ұйымдас-

тырылып, үйірмені Иван Вырва жүргізді. Жау жас республиканы тұншықтырып, түбегейлі жойғысы келді. Ташкенттегі партия ұйымы казактарды қандай жолмен болса да, қарусыздандыруға тапсырма берді. Ревком мүшелері жоспарлы әрекетпен Шалқардан барлауға шығу керектігіне шешім қабылдады. Бұл тапсырма Доценко мен машинист Живоневскийге тапсырылды. Мақсаты мен жоспарын білгеннен кейін казактарды қауіпсіздендіру жоспары іске асырылды.

Казактар полкін қарусыздандыру процесін жақсы ұйымдастырғаны үшін Ташкенттің Ревәскері Шалқардың Қызыл әскер Гвардиясына Ташкент бекінісінен алынған құрал-саймандарды, яғни 400 снаряд, 300-ге жуық берденке, 100 мың-ға жуық патрондар жіберді.

1918 ж. жасақтағы жауынгерлердің қатары 400 адамға жетті. Әрбір ұрыстан кейін паровоз депосының жұмысшыларында жаңа көзқарас пайда болып, әрбір жұмысшы бір емес, бірнеше мамандық алуға ұмтылды, бірақ білім беру жетіспеді, себебі жұмысшылардың көбі сауатсыз болатын. Сондықтан паровоз депосынан жұмысшы факультетін ашу ұйымдастырылды.

Теміржолшылар үшін тұрғын үй салына бастады, Республиканың өзге де облыстарынан жоғары білікті мамандар келе бастады. 1927 ж. А.Г.Сиднев, В.А.Самсонов, И.П.Лазаренко, машинистер-Семенов, Петин, Тальдеков, Кижеватов, жөндеушілер – Кишенев, Мансуров, темір ұста – Миронов т.б. паровоз депосына келді. Сиднев депоны 1949-1974 ж.ж. аралығында 25 жылға жуық басқарды.

1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезінде барлық жұмысшылар «Бәрі де майдан үшін, бәрі де фашистік Германияны талқандау үшін» деген ұранмен жұмыс істеді. Жұмысшылардың көпшілігі өз еркімен, кейбірі шақырту арқылы Отанын қорғау үшін соғысқа аттанды. Депода жоғары білікті мамандар қалған болатын, себебі транспорт сол кезде әскери жағдайдағы екінші майдан болып есептелгендіктен ма-мандар жастарға түрлі мамандықта білім берді. Соғысқа кеткен әке мен аға орнын 14-15 жастағы балалар басты. Олар жөндеушілер Маркин А., Қуатов С., Кенжебаев Б., Коробкин А., т.б.

1942 ж. басында Киевтен №7 теміржол училищесі құрамымен Шалқарға көшірілді. Училищенің директоры – Скворцов, саясат бөлімінің орынбасары – Черная болатын. Оқу орны депо территориясында қазіргі әкімшілік корпусы тұрған жерге орналасты. Училище локомотив және вагон депосы үшін темір ұста, көмекші машинист, паровоз жөндеушілерің, металл жонушыларды дайындады. Оқушылар гранаттың корпусын, саперлік күректер, жөндеушілер өлшейтін құралдарды жасап, қамтамасыз етті.

Темір ұста оқушылары – Сарсутдинов Ф., Маматов М., Сейітов І., Беломыцев Г. қысқа мерзім ішінде металл кескіш техникасын игерді. Жас өспірім балалар фрезерлеу және т.б. суппорт станогына бойлары жете алмай, оларға арнайы аяғының астына қоятын сүйемел істеп шығарылды. Сол уақытта кәмелеттік жасқа жетпеген бозбалалар түні бойы ешбір демалыссыз жұмыс іседі. Жастарға жетекші болып, механикалық цехтың шебері В.А.Самсонов, бригадир Тілеуқұлов Ж., Козлова М., темір ұста Мюльгаузен, Пострико, Ознобин, шеберлер Лазаренко, Салов, Орлов бекітілді.

Паровозшылар бригадасын қамтамасыз ету үшін арнайы паровоз машинистерін дайындайтын қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Депода кеңес ұйымдатырылып әйелдерге ер адамның жұмысын ұсынды. Яғни олар – паровоз от жағушысы, көмекші машинист қызметтерін атқарды. Осы қызметке үн қосқандардың алғашқылары –Боболева Наталья, Борисова Надежда, Старкова Мария, Горчакова Любовь, Кучурина Мария, Горбунова Раиса, Бодрова Клавдия, Хохлова Мария, Давыдова Валентина, Киселева-Чиброва Диана, Вершкова-Сидорова Анна. Олар Ембі-Шалқар-Сексеуіл бағытында жұмыс істеді. Бригада жетіспей бұлар ешбір демалыссыз бірнеше тәулік бойы сапарда жүрді. Бұл аяулы жандардың бәрі «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ арнайы теміржолшылардан әскери полк ұйымдастырылды. Олар соғыста істен шыққан паровоздарды жөндеді. Швидкин Н., Бухаев Т., Гончаров И., Нәжімов О., Прохина М., Сидоров Н., секілді жандар өз еңбегін аямай қызмет етті. Шалқар паровоз депосының жұмысшылары 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңу үшін көп үлесін тигізді.

Фашистік Германияны талқандағаннан кейін еліміз соғыстан кейін қираған шаруашылықты, өнеркәсіп пен кәсіпорындарды, қала мен ауылдарды қалпына келтіре бастады. Осыған байланысты күннен-күнге жүк тасқыны өсті. Теміржол көліктерін нығайтып, локомотив шаруашылығын дамытып, техниканы қайта жабдықтау керек болды.

1949-50 ж.ж. ТГМ сериялы тұңғыш тепловоздар шықты, кейін ТЭ 1, бұлардың қуаты 1000 ат күшіне тең. Осыдан кейін магистральда секциялы ТЭ 2 сериялы тепловоздар жүріп, оның қуаты – 2000 ат күшіне тең болатын. Тепловоздар цехта орналастырылды, оны Янушкин В.А, темір жол техникумын бітіріп келген шебер Пономарев В.С. басқарды. Ал әйелі Пономарева Ольга өлшеу инженері, кейін технолог болып қызмет етті. Магистральді тепловоздардың келуіне байланысты жаңа технологияны игеру үшін депо бастығы Сиднев А.Г, депо бастығының орынбасары Данилов Г.В., сол сияқты барлық мамандар, машинистер мен көмекші машинистер оқып білім алу үшін партаға отырды.

Бұлардың орнына тепловоз мамандығы бойынша жоғары және арнаулы білімі бар мамандар келе бастады. Олар – Кочаров Р., Кашкараев, Бараев, Христофоров, Шнейдбюре, Коробчинко, Лев-Болшаков т.б. Бұлардың көпшілігі жұмыс істеп, еңбегімен көзге түскендер. Депо ұста мамандығы бойынша кадрлар дайындады.

1950 ж. Шалқар депосы Орынбор темір жолы бойынша алғашқылары болып, тепловоздарды көтеріп жөндеуден шығарды. Ол кезде тепловозды жөндеу үшін білікті жөндеушілер болмады, іс-тәжірибе дағдысын жүре-бара үйренуге тура келді. Құрал-саймандар жоқ, көтеріп жөндеу механизмі жабдықталмаған, бірақ уақыт бұның бәрін күтпеді. Қысқа мерзім ішінде жылдамдатып жетістікке жету үшін қажымай еңбек етті. Нәтижесінде алғашқы тепловоз машинистері де шықты. Леонтьев-машинистердің алдыңғы қатарлысы болды. Ол ТЭ2-074 тепловозын екі жылға жуық ешбір жөндеусіз жүргізді. Тепловоздардың қуаты күннен-күнге артты. Сериялардың қиыстырмасы ауысып, магистральды тепловоздардың жаңа сериялары келе бастады. 1960 ж. магистральға ТЭ3-4000 ат күшіне тең, 1971 ж. 2ТЭ10Л-6000 ат күшіне тең, 1981 ж. аса күрделі жаңа түрдегі 2ТЭ10В, 2ТЭ10 м тепловоздары келді.

Қазіргі таңда көтеріп жөндеу цехында арбаларды жөндеп ауыстырып шығару, электромашинаның доңғалақтар жұбы және бұлғақ-піспек тобы жөнделді. Ірі жөндеу жүргізіп, құрал-саймандарды орналастыруға мүмкіндік болмады. Сондықтан 1959-60 ж.ж. цехқа қайта құру жұмыстары жүргізілді. 5-10 тонналық көпірлік кран құрылысы орнатылған цех салынып, дизельдер мен көмекші құралдар, электромашиналар, 2 және 10 тонналы крандар орнатылды. Сол кезде депо негізінен Қазақстан Темір Жолы бойынша жөндеу қоры болып есептелетін.

## ДЕПОНЫҢ ЕҢБЕКШІЛ ӘУЛЕТІ

Шалқар локомотив депосында көптеген жанұялар қажырлы еңбек етті. Соның бірі Самсоновтар отбасы. Әкесі Самсонов В.А. 40 жылдай еңбек етіп шебер қызмет атқарды, жастар жетекшісі болды, бірнеше рет басшылардан награда алды. Баласы Анатолий 30 жыл қызмет етіп, жүк және жолаушы пойыздарын жүргізді. Өндірісте жоғары көрсеткіштермен көзге түсіп, Кеңес одағының Коммунистік партиясының XXVI съезіне делегат болды, Қаз ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және «Құрметті теміржолшы» атағын иеленді.

Сол сияқты Сырлыбаевтардың да жанұясы осы депода қызмет етті. Әкесі Жаналы 40 жылдай еңбек сіңірді. Жөндеушіден бастап паровоз, кейін тепловоз машинисі қызметін атқарды. Қазіргі таңда зейнеткерлік демалыста. Депода екі баласы еңбек етіп келеді. Баласы Қаналы жөндеуші, көмекші, кейін тепловоз машинисі қызметін атқарды. 1979 ж. наурызда №131 Ақтөбе селолық сайлау округі бойынша КССР жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты болып, «Құрметті теміржолшы» белгісін иеленді.

Депода еңбек жолын 90-100 жыл құрайтын отбасылар бар, олар Сырлыбаевтар, Чикановтар, Сарсутдиновтар, Айымбетовтер т.б. Ұжым мақтан тұтарлық жандар көп. Соның бірі Мәскеуаның әскери округін басқарған СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, генерал-полковник Архипов В.М.

2004 ж. қара шаңырақтың ірге тасы қаланғанына 100 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті.

2006 ж. 7 шілдесінде депода Американдық дизель қондырылған МК сериялы тепловоз шықты.

### ШАЛҚАР МИНЕРАЛДЫ СУЫ

Шалқар қ-ның маңында жоғарғы палеоген сулы қабатынан алынатын шипалы су. 1961 ж. барланып, 1962 жылдан пайдаланып келеді. Тереңд. 60-100 м, қалыңд. 35-150 м. Суы арынды; ұңғымадан 2-8 м жоғары атқылайды. Арынды су деңгейін 0,5-6,6 м-ге төмендеткенде өнім-ділігі 35-1300 $м^3$-қа жетеді. Мине-ралд. 2,3 г/л, құрамы гидро-карбонатты хлорлы натрийлі. Су құрамы (мг/л): кремний қыш-қылы – 32,3, бром – 15, фтор – 1, барий – 2, бор қышқылы – 6,6, бұдан басқа еріген газда азот, күкірсутек, көмір қышқылы, аргон бар. Шипалы судың тәуліктік қоры 432 $м^3$, ауыз суы ретінде ішуге жарамдысы 3080 $м^3$. Шипалық қасиеті жағынан Арменияның Арзни курортының суына ұқсас. Ш.м. ас қорыту, зат алмасуды қалпына келтіру үшін қолданылады.

*Ж.Сыдықов. ҚҰЭ, 9-т., 430 б.*

### ШАЛҚАР КАУЧУГ ЗАУЫТЫ

1930-1932 жылдары Шалқар қаласының күншығыс бетінде қазіргі СМП-660 поселкесінің орнында каучуг зауыты жұмыс істеп тұрды. Ең алғашында оны «Шалқар резентресі» деп атады. Кейіннен «Шалқар каучуг зауыты» болып аталып кетті. Ол зауыт Ұлы Борсық, Кіші Борсық және Қарақұмды қамтыған көлемді кәсіпорын еді. Бұл кәдімгі құмнан шөп басына шығатын құм сағыз бен май сағыздың өзі. Соның тұқымдары Ақши деген жерге, жоғарыда аталған басқа да жерлерге көптеп егілді. Оған жұмысшы күші және ат, атан, түйе көліктері тартылды. Сол кездері зауыт директоры Розов, бас бухгалтері Мырзалы Сартаев, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Жұмабай Шамшыұлы деген азаматтар қызмет етті. Сонымен қатар көптеген сағыз дайындау пунктерінде, атап айтқанда Қарашоқат стансасында Ілияс Есенаманов, Жағал Таушанов, Шалқарда сағыз қабылдаушы Тілеужан Шойғарин, Қорғантұзда Шыңдағұл Бүркітбаев, қарақұмда Жариков еңбек етті. Олардың әрқайсысы күнігe оң, он бес түйеге артқан сағызды қабылдайтын еді. Мәселен шалқарлық Киселев деген жігіттің басқаруындағы шағын сағыз тазалау цехының өзінде сол кезде 30-дан астам адам жұмыс істеді. Олар құмсағызды құмнан айырып, сосын тазартылған майсағызды преске салады. Содан соң дайын сағыз Мәскеуге жөнелтіледі. Қыс айларында сағыздың дән, тұқымдарын даярлаумен айналысады. Сортталып үш түрге айырылады. Ең тәуірлері егіске жіберіледі. Көктем шыға егіле бастайды. Жота-жота болып атыз, арық салынып, құдықтан суырылады. Қысқасы, Шалқар каучугінің аты әлемге жайылады. Ол жайында киноға да түсірілді. Тілеужан Шойғарин ағамыз газетке «Шалқар каучугі» деген тақырыпта мақала жазды. Ал Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, кезінде сол кинода роль (жол көрсетуші) ойнаған Хакім Болатбаев (1975 ж. №20) «Жаңа фильм» журналындағы мақаласында: «1919 жылы В.И.Лениннің бүкіл Кеңес Одағы еңбекшілеріне үндеуі жарияланды. Онда бірнеше жылға созылған соғыстар елді күйзелткені, зауыт-фабрикалар, теміржолдар қирап тоқтап қалғаны жайлы айта келіп, ендігі жерде халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін бұрынғыша капиталистік елдерге кіріптар болмай, өзімізде, яғни дәлірек айтқанда Шалқарда резина-каучуг шығатыны жайлы сөз болды. Бұл Үндеуді Қарашоқат стансасының тұрғыны Кузнецов деген теміржолшы оқиды. Сол-ақ екен, Кузнецов құмға сағыз теруге кеткенде қасақана поездар соқтығысып қираған теміржол оқиғасы душар келеді. Кузнецов жауапқа тартылады. Бірақ ол әлгі резинаны Мәскеуге жіберіп үлгерген еді. Осы оқиға жайында Бүкіл одақтық «Известия» газетінің Орта Азиядағы тілшісі Эль-Регистан очерк жазады. Міне жоғарыда айтылған киносценарийге осы материал негіз болған еді. Бұл дүниені дүр сілкіндірген Шалқар жаңалығы болатын. Қолға резина түскен соң Кузнецов тұтқыннан босатылады және мың сом сыйлық алады.

*Сембай Карин.*

### ШАЛҚАРЛЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында кәсіпкерліктің де алар орны ерекше.

Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету, сауданы жақсарту, ауыл шаруашылығын дамыту жұмыстары кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының еншісінде.

Шалқар ауданы бойынша кәсіпкерлік сала 1992 жылдан бастап дамып келеді. 1999 жылдың 1 қаңтарына кәсіпкерлікті қолдау және даму көрсеткіштері бойынша ауданда барлығы 333 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, жұмыс жасады. Ал 2009 жылдың 1 қаңтарына 1868 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, олардың саны 5,6 есеге өсіп, қазіргі таңда олар нарықтық қатынастың негізгі жүйесіне айналып отыр.

Сонау 90-шы жылдардың басындағы аумалы-төкпелі заманда кәсіпкерлікке бет алып, кейін ауданның шағын және орта кәсіпкерлік саласының өркендеуіне белсене ат салысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар баршылық.

**Әліқұлов Қаржаубай Қойшыбайұлы** – 1992 жылы «Жігер» атты көпсалалы шағын кәсіпорын құрып, өз кәсіпкерлік қызметін бастап, 1997 жылға дейін құрылыс салумен айналысты. Бұл сала 1997 жылы «Ерзат» өндірістік кооперативі болып құрылды. 1997-2003 ж.ж. ол газ желілерін тарту, құрылыс салу, жылу қазандықтарын монтаждау жұмыстарымен айналысты. «Ерзат» өндірістік кооперативі жанында «Артур» кафесі бар. Жалпы «Ерзатта» жұмысқа тартылған 35 адам жылына 120 млн. теңгенің жұмыстарын атқарады. Ә.Қ.Қ – «Шалқар ауданының Жыл адамы-2004», «Үздік салық төлеушісі» (2004, 2008), «Үздік кәсіпкер-2007», «Астанаға-10 жыл» медалінің иегері.

**Меңдіғаринов Сырымбай Бисенұлы** – Қазақ политехникалық институтын бітірген (1982). Еңбек жолын Қарағанды металлургия комбинатының Атасу кен (Руда) басқармасында бастады. 1985-87 ж.ж. Біршоғыр қиыршық тас зауытында бас инженер болды, кейін Шалқар аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінде бас маман болып қызмет істеді (1986-1992 ж.ж.).

Ауданда алғашқылардың бірі болып 1992 жылы «Олжас» жеке кәсіпорын ашты, 1997 жылы «Меркас» ЖШС-н құрды. Серіктестік көпсалалы: халықты тұтыну товарларымен, жанар-жағар маймен қамтамасыз ету, жабық және ашық базарлар жұмыстары саласы. С.Б.Меңдіғаринов – қатарынан бірнеше рет аудандық мәслихат депутаты. «Ауданның 2000 жылғы Жыл адамы», «Үздік кәсіпкер-2007», «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпкер» (2008) атақтары бар.

**Қожаниязов Нәсен Исламғалиұлы** – 1997 жылдан бері «Дәулетхан» жанар-жағармай бекетін іске қосып, «Аида» (2007) сауда орталығын ашты. Ауданның «Ең үздік салық төлеушісі» (2005), «Жыл адамы» (2007). Білімі-жоғары, жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласының маманы.

**Айтенов Серік Бақбергенұлы** – 2001 жылдан бері ауданның кәсіпкерлік саласын дамытуға өз үлесін қосып келеді. Ол басқаратын «Бекбол-ЕС» ЖШС-і құрылыс жұмыстарымен қоса жиһаз шығарумен, есік-терезе жасаумен және автокөлік, автокранмен қызмет көрсету жұмыстарымен айналысады. «Ауданның Жыл адамы-2001», «Ерен еңбегі үшін» медалының иегері. Аудандық мәслихаттың үш мәрте депутаты.

**Сыдықова Жанат Мәжитқызы және Өтегенов Орынбасар Төреғалиұлы** – ерлі-зайыпты кәсіпкерлер бүгінде «Ауданның үздік кәсіпкерлері». Олар әуелі 30 орындық дәмхана мен жиһаз дүкенін ашты. Алты айдан соң жиһаз дүкенін жауып, дәмхананы 200 орындыққа кеңейтті.

2002 жылы өздерінің қарамағындағы ғимаратқа қайта жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны мейрамханаға айналдырды, аты – «Әсем». Мейрамхана 2007 жылы 400 орындық қызмет көрсету орнына айналды, жанында бильярд ойыны залы (2002), 100 орындық кафесі бар, 30 адам қызмет жасайды.

**Ноғаев Абай Сұлтанұлы** – кәсіпкерлікпен 1994 жылдан бері айналысып келеді. «Сұңқар» атты азық-түлік дүкені бар (2002).

2006 жылы ескі монша ғиматын күрделі жөндеуден өткізіп, көтерме сауда қоймасын іске қосты, жанында тәулік бойы жұмыс жасайтын дүкені бар. Енді (2008) жаңа үлгідегі қонақ үйін салу жобасымен жұмыс жасауда. А.С.Ноғаев ауданның әлеуметтік дамуына да өз үлесін қосып келеді. Аз қамтылған отбасыларына тұрақты түрде қайырым-дылық көмек көрсетуде. Азамат «Ауданның 2008 жылғы Жыл адамы».

**Ержанов Марат Олжабайұлы.** Кезінде Шалқар аудандық тұтынушылар одағының «Біршоғыр» кеңшары кооперациясының төрағасы болып қызмет

жасаған ол қазір жеке кәсіпкер. 1993 жылдан бастап т.ж. вокзалы маңынан жер участогын алып, «Нұрбол» базарын ұйымдастырып, 100-120 адамға жұмыс орнын ашып берді. Одан кейін кәсіпкерлік аясын кеңейтіп, қала ішінен 2 жанар-жағармай бекетің, «Олжа» қонақ үйің, бильярд клубын іске қосты.

Марат Олжабайұлы – «Шалқар ауданының Жыл адамы -2003».

**Көкенов Бақтыбай Елеусізұлы** – Ақтөбе облысының 2007 ж. «Жыл адамы». Ірге тасының қаланғанына 30 жылдай болған, Шалқар қаласында орын тепкен ЖБИ-30 (темір-бетон зауыты) өтпелі кезеңде жұмысын күрт тоқтатуға мәжбүр болған еді. 2006 жылдың наурыз айында құрылыс саласында, партия, кеңес органдарында басшы қызметтер атқарған шалқарлық азамат Бақтыбай Елеусізұлы өндіріс орнын өз қолына алып, басшылық жасап, іске кірісіп кетті.

Зауыттың өзің, құрал-жабдықтарын ретке келтірді, жөндеді; жетіспейтін жерлеріне жаңасын алды. зауыттың өн бойына жан кіріп, алғашқы бұйымдарын шығара бастады (2007). Қазір зауыт бұйымдарының түр-түріне жер-жерлерден тапсырыстар түсіп, ол облысымызға, еліміздің батыс аймағына қызмет көрсетуде. Жанында қыс айларында көкөніс сақтайтын 1000 тонналық қоймасы бар (2008 жыл).

## ШАЛҚАР ОБАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС СТАНЦИЯСЫ

1945 жылы Арал теңізінің «Құланды» түбегінде орналасқан «Ауан» ауылының тұрғындарының арасында оба эпидемиясының өршуінен ауыл оба індетінен қырылып қалған болатын. Осы оқиғадан кейін 1946 жылдың 5 қаңтарында Үкіметтің қаулысымен Шалқар қаласында Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясының Шалқар обаға қарсы күрес пункті ашылды. Бастапқыда пунктте 20 адам істеп, жыл аяғында қызметкерлер саны 47-ге дейін жетті. 1949 жылдың тамыз айынан бастап пункт Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясының Шалқар обаға қарсы күрес бөлімшесі болып қайта құрылды.

1994 жылы Ақтөбе қаласында Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы ашылып, Шалқар обаға қарсы күрес бөлімшесі осы станцияның қарамағына берілді. Бөлім-ше штатында Кеңес дәуірінде 78 адам жұмыс істеді. Тоқырау заманында қысқартулардан кейін бөлімше штатында 48 адам қалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылдың 28 наурызында шыққан №366 қаулысымен бөлімше Шалқар обаға қарсы күрес станциясы болып қайта құрылды. Арал теңізінің тартылуы себебінен оба ошақтарының көлемі ұлғаюына және аумақта экологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетінің 25.07.2003 жылы шыққан №20 бұйрығымен станция құрамында Бозой обаға қарсы күрес бөлімшесі ашылды. Станция штатында бұл күндері 92 адам жұмыс істейді. Соңғы 4-5 жылдықта станция автопаркінің 90% жаңартылды.

Шалқар обаға қарсы күрес станциясы бүгінгі таңда Орта Азиядағы табиғи шөлді оба ошағының құрамына кіретін Ақтөбе облысы Шалқар және Ырғыз аудандарының әкімшілік аумағында орналасқан Солтүстік Арал маңы дербес ошағының Ұлы және Кіші Борсық ландшафты эпизоотологиялық аудандарында, Арал маңы Қарақұмындағы дербес ошағында, обаның Үстірттегі, обаның алдыңғы Үстірттегі дербес ошақтарында жалпы көлемі 65000 шаршы шақырым аумақта эпидемиологиялық тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Станцияның әр түрлі құрылымдар болып, әр жылдары жұмыс істеген кезінде медицина ғылымдарының кандидаты, кейін М.Айқымбаев атындағы Қазақтың карантинді және зоонозды инфекциялардың ғылыми орталығы медицина ғылымының докторы Л.Е.Некрасова, биологтар В.К.Гарбузов, Б.В.Гарбузов, Т.Гарбузова, С.Гарбузова, биология ғылымының докторы Л.А.Бурделов, ұзақ жылдар дәрігер болып Е.П.Крылова, В.Ф.Чан Ван Шун, бас бухгалтер болып Т.М.Алтаевалар жұмыс істеді. Алғашқы қазақ ұлтының маманы болып биолог С.Аяпбергенұлы 1968 жылдан жұмыс істеп, зейнет демалысына шықты.

1946 жылы алғаш Шалқар обаға қарсы күрес пункті ашылғанда пункт бастығы болып Спицын М.П. тағайындалған. Пункт 1949 жылы обаға қарсы күрес бөлімшесі болып қайта құрылғанда бөлімше бастығы Заярко К. болды, кейін бөлімшені 1962-1970 ж.ж. Сенина Е.Ф., 1979-1981 ж.ж. Федоров В.Е., 1981-1989 ж.ж.

Күнтуаров А.Ж. басқарды. 1989 жылдан бері бөлімше, кейін станция бастығы болып С.Р.Дильман тағайындалды.

1993 жылы және 1998 жылы Солтүстік Арал маңы дербес ошағының Кіші Борсық ландшафты-эпизоотологиялық ауданында оба індетінің адамдарға жұғу оқиғалары тіркеліп, станция мамандарының індет ошағын оқшаулап, жою жұмыстарын дер кезінде толық көлемде жүргізуі нәтижесінде оба індетінің эпидемиялық асқынуынажол берілмеді. Станция мамандары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің Құрмет грамоталарымен 2003, 2004, 2005, 2006 жылдары марапатталды. ҚР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен станцияның 3 дәрігері марапатталған.

*С.Р.Дильман.*

## ШАЛҚАР ТЕМІРЖОЛ АУРУХАНАСЫ

*(Ташкент теміржол дәрігерлік-санитарлық бөлімінің 1913 ж. қысқаша есебінен)*

Төсек саны – 35 (оның ішінде 9-ы әртүрлі)

Науқастар саны – 770

Науқас күндер саны – 9,133

**Жалақы:**

Дәрігерлер – 3.984

Жай қызметкерлер – 1.464

Киім-кешек және оған жұмсалатын қаржы – 150. Бөлмені жалға алу және пәтер ақы.

Бөлмені жылыту – 1.621.40

Бөлмені жарықтандыру – 114,79

Бөлмені таза ұстау – 28.10

**Құрал-жабдықтарды сақтау және жаңалау:**

Ішкиім мен сырт киімдерді сақтау және жаңалау – 595.54

Жазу-сызу құралдары, бланкілер, кітаптар – 53.40

Дәрі-дәрмек және дәрігерлік оқу құралдары – 752.66

**Азық-түлік:**

Науқастарға – 2.726.58

Қызметкерлерге – 591.30

Қайтыс болғандарды жерлеуге – 40.00

Кездейсоқ шығындар – 1.00

Барлығы: 12.238.22.

## ШАЛҚАР Т.Ж. ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ

1934 ж. салынған. 1950 ж. бастап қалаға электр тоғын бере бастады.

Қатынас жолдар министрі орынбасары А.Ф.Подпалыйдың 1978 жылғы 10-шы қаңтарындағы №873 бұйрығымен Шалқар энерго-участогы құрылды. Шалқар электрмен жабдықтау аралығы Сексеуіл-Қандыағаш стансалары аралығындағы барлық желілік бөлімшелер мен темір жол мекемелерін электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етеді.

Белгі беру және байланыс участогының атқаратын СЦБ және ПЭС 10кВ әуе желілері жұмысының көлемі көбеюіне байланысты 1976 жылдың қазан айында Шалқар электрмен жабдықтау аралығы (Қандыағаш-Сексеуіл) құрылды.

1978 жылдың қараша айынан бастап Тоғыз, Қотыртас желілік бекеттері құрылып, ДГ-100 дизель генераторларымен жабдықталды және оларға жанаржағармай қоймалары салынды. Кейін Жұрын, Мұғалжар, Бершүгір, Соленая, Жылан және Қарашоқат күшейтілген желілік бекеттер (ЭП-2) салынды. Энергетика саласында Кеңес одағы кезінде жалғыз ғана «Трансэнерго-монтаж» тресі жұмыс жасаған болатын. Техникалық шарттар талабы бойынша «Актюбэнерго» кәсіпорны 110/10кВ-тық тарату қондырғылары, Шалқар, Мұғалжар 110/35/10кВ-тық тарату қондырғылары салынып іске қосылды.

Аралық 2-ші жол құрылысының салынуы мен оны пайдалану барысында темір жол ұжымшарының электр энергияны пайдалану көлемі бірнеше есеге көбейді. Барлық сырттан келетін энергиямен қамту көздері III категорияға, ал «НИВА» жүйелік қондырғысы ерекше категорияға жатады.

*Ж.Өтегенов.*

## «ШАЛҚАР» ГАЗЕТІ

Шалқар өңірінің жылнамасы – «Шалқар» газеті 1932 жылдың 20 тамызынан бастап «Социализм туы» деген атпен шыға бастады. Алғашқы редакторы мемлекет және қоғам қайраткерің Әбидолла Үмбетжанұлы Биекенов. Қараңыз: Ә.Ү.Биекенов. 1963 жылдың 1 мамырынан бастап газет аты «Коммунизм таңы» болды. Ал 1990 жылдың 1 ақпанынан бастап «Шалқар» деген атпен шығып келеді. Газет өзінің алғашқы нөмірі шыққан күннен бастап, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып келеді. Ең бастысы қай кезеңде де газет өзінің басты шығармашылық бағыты – халық мүддесін паш етіп, оны қорғаудан айныған жоқ. Әрдайым өмірдің, қоғамның, уақыттың талаптарынан туындайтын үлкен міндеттерді орындауда қалың жұртшылықты жұмылдыру мін-



Н.Шамұратов

детін атқарды. Және ол міндетті абыроймен атқарып келеді. Бұл газетке белгілі де білікті журналистер Тілеужан Шойғарин, Тауман Төреханов, Мұқанбетәли Есмағанбетов басшылық еткен. Газет аудандық басылымдардың облыстық, республикалық байқауларында бірнеше рет жүлделерге ие болған. Газет редакциясында белгілі журналистер, танымал ақын-жазушылар тәрбиеленіп шықты. Газеттің қазіргі редакторы Қ. Әлин.

**ШАМҰРАТОВ Насрадин**

1925 жылы Шалқар ауданының Айшуақ өңірінде дүниеге келген. 1942 жылы Шалқар қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген бойда Ақтөбеде жасақталған 101-ұлттық атқыштар бригадасының құрамында майданға аттанды.

1945 жылдың наурыз айында Чехословакияның Троппау қаласын,Морав ара-лын жаудан азат етуге қа-тысқан. Батальон командирі Н.Ф.Бардюгов бір ұрыста оны бір взводтың командирі етіп тағайындайды. Сол ұрыста ол өзіне көрсетілген сенімді абыроймен атқарып, жау әскерін талқандайды. Талай қырғыннан аман қалады.



Б.Шанов

Жеңісті Прага қаласының маңында қарсы алады. Көрсеткен ерліктері үшін екі рет «Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталды.

Соғыстан кейінгі жылдары Насырадин Шамұратов ішкі істер органдарында қызмет атқарады. 1958 жылы КазГУ-дің заң факультетін, 1965 жылы Мәскеуде мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жоғарғы курсын тәмамдайды. Сөйтіп зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін қауіпсіздік органдарында ұзақ жылдар жемісті қызмет етіп, полковник шенін алады.

«Дәуір» баспасынан шыққан «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» деген кітапта Нысарадин Шамұратов жайлы мол деректер бар.

*М.Есмағанбетов.*

**ШАНОВ**
**Бақи Ысмағұлұлы**

(1908 ж. Шалқар ауданы №7а. – 21.09.1981ж. Ақтөбе), кеңес қызметкері. 1930-1941 жылдары білім беру саласында жұмыс істеді, КСРО қарулы күштерінде қызмет етіп (1941-1946), кейін партия, кеңес жұмыстарында болды (1946-1965). 1965-69 ж.ж.



Т.Шанов

Б.Шанов Байғанин ауданының қайта құрылған кезеңінде көптеген ұйымдастыру жұмыстарын басқарды (1965-1967), ауатком төрағасы қызметінде жүргенде 1967 ж. жетінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Кейін Ақтөбе аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы қызметінен зейнеткерлікке шықты.

Орден, медальдары бар.

**ШАНОВ**
**Төлтай Түсібекұлы**

(30.12.1922 ж.т. Шалқар ауданы №1 ауыл – 24.11.1994 ж. сонда), ұстаз, еңбек ардагері, партизан.

Еңбек жолын Шалқар ауданында мұғалім болып бастаған (1941). Ұлы Отан соғысына қатынасқан (1941-1946). Тұтқынға түскен (1943). Югославия ұлтазаттық әскеріне қосылып, батальон командирі дәрежесіне дейін көтерілген, партизан болған, «Қарсыласу» қозғалысының белсенді мүшесі.

Югославияның «Қаһармандығы үшін» орденімен (1972), «Ерлігі үшін» медалімен (1971) марапатталған. Ерлігі «Советские партизаны», «Шла война народная», «Казахстанцы в го-

рах Югославии», «Өшпес даңқ» кітаптары мен өзінің «Өмірімнің өткелдері» естелігінде, «Шанов Төлтай» кітабында, «На далеких берегах» фильмінде баяндалған.

Бірнеше медальдары бар.

Елге оралған соң ұстаздық қызметін жалғастырып, Шалқар ауданы мектептерінде (1946-1956) мұғалім болды. Кейінгі жылдары (1956-1982) өз ауылындағы Дамбар орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Мектеп бұл күнде «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1981) Төлтай Шанов атында.

**ШАҢҒҰТОВ**
**Серік Тілеулесұлы**

(1953ж.т. Шалқар ауданы, Жылан теміржол бекеті), бұрынғы комсомол, партия, кеңес органдары қызметкері, ғылым кандидаты (2005).

Шалқар теміржол орта мектебін (1970), Ақтөбе пединститутын бітіріп, кейін Алматы халық шаруашылығы институтын (экономика факультетін), Қазақстан экономика, менеджмент және болжау институтын (КИМЭП-ті) тәмамдап, үшінші диплом иегері атанды.

Еңбек жолы: мектеп бітіргеннен кейін бір жыл теміржол бойында монтер болған ол бір жыл әскери борышын өтеп келген соң мектепте мұғалім, 1978-1984 ж.ж. Мұғалжар аудандық комсомол комитетінде хатшы, бірінші хатшы қызметтерінде болды. 1984-1992 ж.ж. сол ауданда кеңшар парткомының, аупарткомның хатшысы, ауатком төрағасының орынбасары жұ-



*С.Шаңұтов*

мыстарында болып, ел сенімінен шықты. 1992-1994 ж.ж. «Жұрын» кеңшарының директоры, осы аттас АҚ президенті, «Құмжарған» асыл тұқымды қой және жылқы өсіру ЖШС-нің директоры болып нәтижелі жұмыс жасады. Бүгінде «Құмжарған» ЖШС-нарыққа бейімделген республикадағы алдыңғы қатарлы шаруашылық. Аты ҚР а.ш. Министрлігінің «Алтын кітабына» жазылған.

Серік Тілеулесұлы облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды (2003), бүгінде Мұғалжар ауданының әкімі (2006 жылдан). Марапаттары: «Шапағат", «Қазақстан Республикасына 10 жыл», «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Тыңға 50 жыл", «Астанаға 10 жыл» медальдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құрмет грамотасы.

**ШАРБАҚОВ Жиенбай**

(1.3.1920 ж.т. қазіргі Мұғалжар ауданы, Құлақши а. – 01.02.1997 Ақтөбе қаласы), облыстың белгілі партия, кеңес қызметкері. 1939 ж. Темір пед. техникумын, Сталинград облысы, Камышин әскери автотрактор училищесін (1942), еңбектен қол үзбей Ақтөбедегі Байғанин атындағы



*Ж.Шарбақов*

оқытушылар институтын (1949), Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтты (1961) бітірген. Еңбек жолын Құлақши орталау мектебінде мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып бастаған. 1939-47 ж.ж. Кеңес әскері қатарында. 1947-49 ж.ж. бұрынғы Жұрын ауданы №52 жылқы зауытының орталау мектебінде директор. 1949-55 ж.ж. бұрынғы Жұрын ауданы парткомының насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, Родников ауданы парткомында екінші, Ырғызда – екінші хатшы. 1955-59 ж.ж. Ырғыз аудандық аткомының төрағасы. 1959-62 ж.ж. Жұрын аудандық парткомының бірінші хатшысы. 1962-73 ж.ж. Шалқар аудандық аткомның төрағасы, 1973-83 ж.ж. Ақтөбе облаткомның еңбек бөлімінің меңгерушісі болды. Ленин, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту, І дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, 8 медальмен, Бүкілодақтық х.ш. жетістіктері көрмесінің Кіші Алтын медалімен, 3 мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты» белгісімен марапатталған. Мұғалжар ауданының «Құрметті азаматы».

## ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ

Кешегі Кеңес үкіметі кезінде ауданда 8 кеңшар, 1 мал бордақылау пункті болды. 1990 жылдан бастап шаруа қожалықтары да құрыла бастады. 1994-1995 ж.ж. кеңшарлар таратылып, ұжымдық кәсіпорындар (ҰК) болып қайта құрылды. Сол ҰК 1997 ж. таратылып, олардың орнында өндірістік кооперативтер (ӨК) пайда болды. 1998 ж. ауыл шаруашылығын реформалауға байланысты бұл құрылған ӨК де таратылып, жаңадан 3 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 1 МТС және 156 шаруа қожалықтары (ШҚ) құрылды. Кейін олардың саны біртіндеп өсе берді.

Қазір (2008 ж) ауданда 5 жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС), 1 өндірістік кооператив (ӨК), 1 акционерлік қоғам (АҚ) – барлығы 501 ауыл шаруашылығы құрылымдары жұмыс жасайды. Олардың негізін шаруа қожалықтары құрайды.

Шаруа қожалықтары ауданда ең алғаш рет 1990 ж. Алағозы өңірінде құрылды, аты – «Алағозы», төрағасы болып мұғалім Қуанышкереев Сайын Бәймұлы (1935 ж.т.) (суретте) сайланды, қожалық төрт түлік мал өсірумен айналысты.



Келесі жылы (1991) «Арал» шаруа қожалығы құрылды. Төрағасы Маханов Зарлық (1929 ж.т.), жоғары білімді, су шаруашылығының маманы. Агроном. Қожалық картоп, көкөніс егумен айналысып, қала халқын сол кезден бастап осы өнімдермен қамтамасыз етуге өз үлестерін қосуда.

Кейінгі ашылған шаруа қожалығы – «Арай» (1996). Қожалықтың алғашқы төрағасы Есенбаев Айжарық (1938 ж.т.), жоғары білімді мұғалім, қолы шебер, ісіне мұқият азамат болды, қожалықты он жыл басқарды, құрылыс салу және мал азығын дайындау жұмыстарымен айналысты. Қазіргі кезде мал азығын дайындап, қала халқын жем шөппен қамтамасыз етуге өз үлестерін осы «арайлықтар» да қосуда.

1997 жылы аудан малды асылдандыруға бет бұрды. Осы жылы екі шаруа қожалығы асыл тұқымды мал өсіретін ШҚ-ы куәлігін алды, бірі – «Әділханит», бірі – «Азамат».

«Әділханит» шаруа қожалығы (төрағасы Әбдіхалықов Дархан Әділханитұлы) қазақтың «Жабы» тұқымды жылқысын өсіретін асыл тұқымды шаруашылық деп танылды.

Ал «Азамат» шаруа қожалығы (төрағасы Сағынаев Жоламан Мырзамадинұлы) қазақтың айыр өркешті түйесі тұқымын өсіретін асыл тұқымды ШҚ деп аталды.

Бүгінде (2008 ж). ауданда ШҚ-ның саны 494-ке жетіп, олар жемісті еңбек етуде.

## ШАУМЕНОВ Иманша

(1896-1969 ж.ж., Шалқар ауданы), озат теміржолшы. 1924 жылдан т.ж. бойында: жұмысшы, жол қараушы. Ленин орденімен (1952 ж.), бірнеше медальдармен марапатталған.

## ШАХТА КӨМІР ӨНДІРІСІ

1930 жылдардан бастап аудан территориясында геологиялық барлау жұмыстары жүргізіле бастады. Сөйтіп ауданның солтүстік батыс өңірінен көмір қоры табылды. Мәскеу ұйымдастырған экспедиция жедел іске кірісті. 1933 жылы ағылшын Лелси Уркварт кеніштi ашты.

1938-1939 жылдары алғашқы өнім өндіріле бастады. Құрылыс жұмысы кең көлемде жүргізілді... Келген материалдар мен азықтүлік жабылып қалған №61 разъезде түсірілді. Сол жылдары 7-8 шахта ашылып, руда басқармасының шахтасы Қазақстанның, ал қалған шахталарды басқару Мәскеудің билігінде болды. Шахталар жаппай ашылғанда оған теміржол веткасы тартылды. Соғыс алдында №1,3,4 шахта, ал соғыс жылдарында №2,5 шахта көмір берді. Қарағандыдан, Донбасстан көптеген маман инженерлер, кеншілер келе бастады. Негізінен, орыс, украин, өзбек, грузин, еврей ұлтының өкілдері болды.

1941 жылы соғыс басталғанда көптеген құрылыс тоқтады. Біраз мамандар мен инженерлер соғысқа кетіп, олардың орнын әйелдер, балалар басты. Сол соғыс жылдары шахтаны В.М.Кулецкий, В.М.Буданцев, Ахметжан Дүржанов басқарды. Міне осындай ауыртпалық заманда үш шахта тәулігіне 500-600 тонна көмір шығарып тұрды. 1944 жылы Шешенстанның Веденно ауданынан шешендердің үлкен

тобы көшіріліп әкелінді. Олар негізінен қара жұмыстарды атқарды. Шахтада учаскелік аурухана, танк училищесі, кейін машина-трактор стансасы, кәсіптік білім беру училищесі ашылды. Поселкеде 10-11 мыңдай халық тұрды.

Соғыстан кейін сырттан келгендер өз еліне кетті де жергілікті мамандар Т.Есенжанов, С.Сағитжанов, жазушы Ілияс Есенберлин әртүрлі басшылық жұмыстар атқарды.

### «ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕ» газеті

2001 жылғы 30 тамыздан бері шығып келе жатқан Шалқар аудандық тәуелсіз газеті. Меншік иесі – «Мұрагер» ЖШС. Газет шығаруды ұйымдастырғандар «Мұрагер» ЖШС директоры Берік Тағанов пен редакторы Мұқамбетәли Есмағанбетов. Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде 2001 ж. 25 шілдеде тіркеліп, № 2161-г куәлігі берілген. Газеттің негізгі мақсаты мен бағыты – өз оқырмандарын ұлттық рухани байлықпен сусындату. Өзі жарық көрген уақыттан бері газет Шалқар өңірінен шыққан хандар, батырлар, арулар, билер, шешендер, ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері, дін өкілдері жайлы мазмұнды танымдық мақалалар жариялады. «Шежірелі өлке» жастар тәрбиесіне айрықша көңіл бөліп, олардың шығармашылығына жеткілікті орын беріп отырады. Ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігі, құқық, спорт, медицина, дін, мектеп өмірі, т.б. тақырыптар газет мазмұнын айқындай түседі. Газеттің 2008 жылғы сәуір айындағы таралымы – 1540 дана.

### ШЕҢГЕЛ АУЫЛДЫҚ МЕКТЕБІ

Осы аттас болыстықтың «Ақши» деген жерінде 1896 ж. 10 қаза-нында ашылғанда 22 баланы қамтыған Шалқар ауд. бірінші оқу орны болды. Сол кездегі болыс Мырзағұл Шыманұлы елді шақырып той жасаған. Бірінші оқыту-шы Қазан оқытушылар семинариясын 1896 ж. бітірген Құрақбаев болды. Мектеп қажетіне мемлекет тарапынан 226 сом, Торғай обл. Земстводан – 194 сом, барлығы 420 сом бөлінді. 1897 ж. «Ақтүбекте» 4 бөлмелік шымнан мектеп үйі салынды. Сол жылдың 1-ші тамызында Орынбордағы қазақ оқытушыларын дайындайтын мектепті бітірген Давыдов Матвей оқытушы болып тағайындалды. Осы мектепте 1896-1916 ж.ж. 200-ден аса қазақ балалары білім алған. Мектепке халық қаржылай жәрдем берген. Мысалы, Үдербаев Сәрсен 300 сом ақшалай, 150 сом малдай қолдау жасаған. Осы ісі үшін Торғай облыстық оқу училищелерінің инспекторы Иван Хохловтың ұсынысымен С.Үдербаевқа күміс медаль берілген.

*Нұсқаулар: Қаз. Респ. Ұлттық Мемл. Орт. архив. 25 қор, I тіркеу, 920 а іс, 14-17, 122 парақтар, 95 қор, 2 д тіркеу, 116 іс, 4 парақ.*

*«Ақтөбе» энциклопед., 720 б.*

### ШЕТЫРҒЫЗ

Торғай өз. алабындағы өзен. Ақтөбе обл-ның Мұғалжар, Шалқар және Ырғыз аудандары жерімен ағады. Ұз. 178 км, су жиналатын алабы 4740 км$^2$, жалпы құламасы 288 м. Мұғалжардың шығыс бөлігіндегі Айрық тауындағы бұлақтан басталып, Шеңбертал а-нан 10 км солт-те Ырғыз өз-не оң жағынан құяды. Басты салалары – Сырлыбай (ұз.50 км), Қайыңды (ұз. 98 км). Алабының жоғ. бөлігі төбелі, қалған бөлігі жазық. Аңғары жоғ. бөлігінде шатқалды, ені 200-600 м, биікт. 20-50 м, беткейлері аспалы. Төменде 160-170 м-ге дейін өседі. Көктемде тасып, жазға қарай қарасуларға бөлінеді. Суының минералд. көктемде 200-600 мг/л-ден жазда 2,5 г/л-ге дейін өседі. Көп жылдық орташа су өтімі Қаратоғай а. тұсында 0,99 м$^3$/с., тасынды көлемі жылына 28 мың т. Ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады. Алабы- жайылым, шабындық.

*С.Әлімқұлов. ҚҰЭ, 9-т., 506 б.*

### ШЕТЫРҒЫЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Шалқар ауданындағы әкімшілік бірлік, орталығы Қаратоғай елді мекені. Аудан орталығынан 135 км, Ақтөбеден 500 км. қашықтықта орналасқан. Халқы 536 (1999 ж.) 1964 ж. «Шетырғыз» кеңшары мен ауылдық Кеңес ұйымдасты. Сай-салалары: Дөңгелексай, Жиделісай, Еспесай, Қопа, Ишансай, Сарысай, Шанке, Қайыңды, Қарасай, Ащысай, Сырлыбай, Тастысай, Талдысай, Аққұрдан, Шығыр, Ұлыталдық. Көлдер: Ақтұз, Ақкөл, Байжанкөл, Бақакөл, Жарықкөл, Қамыстыкөл, Сарыкөл, Шикөл, Лікөл, Шығырлыкөл, Иіркөл, Тұмалыкөл. Округте орта мектеп, бала-бақша, дәрігерлік амбулатория, клуб, кітапхана бар, теле-хабар қабылдайды.

**ШОЙҒАРИН Тілеужан**

(1906, Шалқар ауд. Кішіқұмдағы №16а. – 1991, Шалқар қ.) – облыс баспасөзінің ардагері, 43 жыл бойы (1933-76 ж.ж.) Шалқар ауд. «Социализм туы», «Коммунизм таңы» газеттерінде редактор, редактордың орынбасары, жауапты хатшысы болып жұмыс істеген. Очерк, репортаж, публицистикалары обл., респ. газет-журналдарда жарияланып, өңір тарихын жасауға мол үлес қосқан. Кәсіби журналистердің бір-неше ұрпағын тәрбиеледі. Ауд. газеттің 38 жылдық тігінділерін Шалқар мұражайына тапсырған. Шалқардағы бір көшеге есімі берілді.



*Т.Шойғарин*

**ШОҚАНОВ Мұрат**

(1907ж.т. Шалқар ауданы-13.08.1943 ж. Муравль с. Ресей)

1929-32 жылдары Совет Армиясы қатарында қызмет еткен. 1932-34 жылдары №92 атты әскер сапында Орта Азия мен Түркіменстандағы басмашылармен күресіп, Кушка, Мары қалаларын тазартуға қатысқан.

1933-36 жылдары Шалқар ауданының ішкі істер бөлімінде қызмет етіп, халықты ұжымдастыру, отырықшылдыққа айналдыру жұмыстарына белсене араласқан.

1937-39 жылдары Ырғыз аудандық партия комитетінің әуелі екінші, кейін бірінші хатшысы қызметін атқарған.

1939-41 жылдары Ақтөбе ет комбинатының директоры. 1941 жылы Ақтөбе қаласында жасақталған 101 дербес атқыштар бригадасында батальон командирінің саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары. 1942 жылы қараша-желтоқсан айларында Мәскеуді қорғауға қатысқан.

1943 жылы 13 шілдеде Орел-Курск иініндегі шайқаста қаза тауып, Ресейдің Муравль селосында жерленген.

**ШОҚЫСУ АРТЕЗИАН АЛАБЫ**

Арал теңізінің солт-нде құмтасты қабатта қалыптасқан жер асты суы бар құрылым. Ол теңіз жағалауынан солт. бағытта Кіші Борсық құмының шығыс жағасында орналасқан Шоқысу т.ж. ст. арқылы 100 км-ге созылған. Ені 25-30 км. Алаптың батысы кең тектоник. жарылыммен шектеліп, ал шығысы Арал антиклиналдық белдеміне тіреледі. Ш.а.а-нда Кіші Борсық құмына сіңген атмосфералық жауыншашын суымен қоректенетін бірнеше арынды су қабаттары бар. Мұндағы тұщы, аздаған ашқылтым (оңт. бағытта) сулы қабат жоғ. палеон (эоценолигоцен) шөгінділерінде пайда болған. Қабаттың жалпы қалыңд. 40-70 м, тереңд. 100-230 м. Қабаттағы су арынды, ұңғымадан алынған су жер бетінен 2-6 м биіктікке көтеріледі.

*Ж.Сыдықов,ҚҰЭ, 527-бет.*

**ШОЛАҚ ҚАЙРАҚТЫ**

Шолақ қайрақты Қарабұтақ ауд-ндағы өзен. Шалқар алабында. Ұз. 75 км, су жиналатын алқабы 765 км². Мұғалжар тауының солт-шығысындағы қырқаттық бұлақтардан басталып, Ұлғайсын елді мекенінен 10 км-дей төменде Ырғыз ө-не құяды. Аңғары кең, арнасы тік жарлы. Қар суымен, аздап жер асты суымен толығады. Көктемде ағын болып, жаңа иірімге бөлініп қалады. Әр-қайсысының 10 км шамасында 14 саласы бар. Мал суарады. Алабы – жайылым.

*«Ақтөбе» энциклопед., 722 б.*

**ШОҢАЙ (Сарышоңай) Алыбайұлы**

(XVIII ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген тарихи тұлға. Қазақ халқының белгілі билерінің бірі. Патшалы Ресейдің XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде хан билігі туралы мәселенің ушыға бастауынан секемденуімен құрылған Хандық Кеңеске Әлім руының атынан енген қайраткер. Атақты Отаралы, Қасым секілді қазақ тарихында аты белгілі тұлғалардың әкесі, Нияз бидің атасы, белгілі ғалым Бекежан Сүлейменовтің бабасы болып келеді. Алыбайұлы Шоңай туралы Ресейдің ірі қалалары мен еліміздің архивтеріндегі сақталған деректермен қатар ел аузында айтылатын аңыз әңгімелер, өлең-жырлар мол кездеседі.

*Әдебиеттер:*

*1. Вяткин М. Батыр Сырым, Алматы, «Санат», 1998.-344 с.*

*2. Мұхтар Ә.Жарас Пұсырманұлы және ұрпақтар сабақтастыығы, «Ақтөбе» газеті, 29.05.2008 жыл.*

3. Әбенов Д., Мұхтаров С., Ұлт-азаттық көтеріліс көсемдері, Ақтөбе, «ПринтА», 2006 – 64 бет.

4. Нұржанов Р. «Мирас», «Нобель», 2003 – 545 б.

5. Оралмағамбетов Ж., Есмағанбетов М., Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі, Алматы, «Кітап» баспасы, 2001 – 181 б.

**ШОРИНА Мәлика**

(01.01.1902 ж.т. Шалқар ауданы Көкжар ауылы), 107-нің дәмін татып отырған кейуана.

Екі баласынан 16 немере, 32 шөбере көріп отырған тыл ардагері. «Жаратқан ием маған мағыналы өмір сыйлады, бала мен немеренің, шөберенің қызығын көруді жазды, тірлікте адам баласына бұдан артық бақыт бар ма?! Аллаға мың тәубе!», деп шүкіршілік етеді қарт ана.

*М.Мырзалин.*

**ШОШҚАКӨЛ бұйраты**

Мұғалжар тауының оңт. сілеміндегі қырқалы, ұсақ шоқылы төбелер. Ақтөбе обл-ның Байғанин, Шалқар аудандары аумағында, оңт.-батыстан сол.-шығысқа қарай 135-140 км-ге, Шағырай үстіртімен қатарласа созылып жатыр. Ш.б-ның ең биік жері 408 м, салыстырмалы биікт. 40-60 м. Топырағы құнарсыз. Жусан, сораң шөп, бұта өседі.

*Қ.Қарпеков. ҚҰЭ, 9-т., 545 б.*

**ШУДАНОВ**
**Орман Қалымжанұлы**



О.Шуданов

(1941 ж.т. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Қарашоқат станциясы), еңбек жолын 1956-1958 жж. Сексеуіл жол дистанциясында жол жөндеуші болып бастады. 1958-1961жж. Ақтөбе темір жол техникумында оқыды, кейін №56 Шұбарқұдық жол дистанциясында жол бригадирі қызметін атқарды. 1961-1964 ж.ж. әскери борышын өтеді. 1964-1969 ж.ж. Москва темір жол көлігі инженерлік институтында оқыды. 1969-1970 ж.ж. № 64 Орал жол дистанциясында жол шебері, 1970-1975 ж.ж. № 51 Бершігүр жол дистанциясында бас инженер, аға жол шебері, 1975-1998 ж.ж. № 5 Шалқар жол дистанциясында директор қызметін атқарды.

1998 жылы зейнеткерлік демалысына шықты. Еңбек Қызыл Ту ордені (30.05.81) мен «Құрметті теміржолшы» (17.02.81) төсбелгісінің иегері.

**ШҰБАРЖЫЛҒА**

Ақтөбе обл. Шалқар ауданындағы өзен. Солт. Арал алабында. Ұз. 68 км, су жиналатын алабы 1520 км$^2$. Шағырай үстіртінің шығыс беткейіндегі бұлақтан басталып, Баршын бейіті тұсында тартылып қалады. Ағыны көктемде ғана бір аптадай жүреді. Алабы жайылым.

*А.Жүндібаев. ҚҰЭ, 9-т, 568 б.*



Ғ.Шүйтенов

**ШҮЙТЕНОВ**
**Ғабит Жұмабайұлы**

(5.07.1973 ж.т., Шалқар ауданы «Шалқар» кеңшары), ғылым кандидаты.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтын физика және информатика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген (2001), аталған институтта «Информатика және есептеу техникасы» кафедрасында оқытушы.

Қазіргі кезде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің қашықтан білім беру технологиялары орталығының директоры болып жұмыс істейді.

Педагогика ғылымдарының кандидаты (2007). 15 ғылыми мақалалар мен жарияланымдардың авторы.

# Э

## ЭЙФОРИЯ

(грек. еурога) – объективті жағдайға сай кел-мейтін көтеріңкі, қуанышты көңіл-күй немесе мамыражай бейқамдық; мимикалық және жалпы қозғалыстың ширығу, психикалық қозу нышандарының байқалуы.

*ҚҰЭ, 10-том, 13 бет.*

## ЭКОЛОГИЯ

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңы

*Үзінді*

МАЗМҰНЫ

Арал проблемасы планетаның орасан зор экологиялық апаты ретінде аса өткір сипат алып отыр. Осыны негізге ала отырып, «Арал өңірінде тұратын халықтың өмір сүру жағдайын түбірінен өзгерту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысымен Арал аймағының Қазақстан бөлігі экологиялық қасірет аймағы деп жарияланған болатын.

Айналадағы табиғи ортаның тез арада шөл далаға айналуы және оның құлдырауының қалпына келмейтіндей тұрақты процесі, тіршілік жағдайының нашарлауы, аурудың көбеюі экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын халықты әлеуметтік қорғау шараларын заң жүзінде шешіп, құқықтық жағынан реттеуді талап ететін жаңа әлеуметтік-экономикалық және экологиялық ахуал туғызды.

*I бөлім*

*ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР*

*1-бап. Заңның мақсаты мен міндеттері*

Осы Заң Арал экологиялық апаты салдарынан зардап шеккен азаматтардың қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс және олардың статусын, аумақтардың топталуын айқындайды, әлеуметтік оңалту шараларына мұқтаж адамдарға өтем мен жеңілдіктер белгілейді, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау, тұрақты тіршілік жағдайын қамтамасыз ету, халықты экологиялық таза тамақ өнімдерімен, медицина құралдарымен, ауыз сумен басым жабдықтау, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жүйесін қалыптастыруға принципті көзқарастарды баянды етеді.

Заң Арал өңірінің әлеуметтік проблемаларын шешу жөніндлегі шараларды жүзеге асырудың негізгі амалын белгілейді.

# Ю

*2-бап. Арал өңірі Қазақстан бөлігінің экологиялық қолайсыз аумағын топтау*

Қалыптасқан экологиялық қолайсыз жағдайдың ауыртпалық дәрежесін, айналадағы табиғи ортаның шөл далаға айналуы мен ластануының адам денсаулығына әсерін ескере отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының тұжырымдамасы негізінде Арал өңіріндегі экологиялық қасірет аймағы.

экологиялық апат;

экологиялық дағдарыс;

экологиялық дағдарыс жақындаған аймақтар болып бөлінеді.

*3-бап. Экологиялық апат аймағы*

1...

2. Экологиялық апат аймағына Қызылорда облысындағы Арал және Қазалы аудандарының, Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданының аймақтары кіреді.

...***Оқыңыз:*** Заңның толық нұсқасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы жинағында. 1992 ж. 2-т. NV-VII Заң IV бөлімнен, 24 баптан тұрады. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған.

«2030 жылы Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуға тиіс».

*Н.Ә.Назарбаев.*

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТ

Табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдіктің күйреуі. Э.а. кезінде төтенше жағдайлар туып, табиғи экожүйелер мен әлеуметтік жағдайлар күрт өзгереді, жалпы тіршілікке, соның ішінде адамның қалыпты өмір сүруіне қауіпті жағдай төнеді. Э.а-қа ұшыраған аумақтардағы табиғат өзгерістерін бастапқы қалпына келтіру мүмкін болмайды. Сондықтан Э.а. қайтымсыз құбылыс болып саналады. Э.а-тың таралу деңгейіне қарай: ғаламдық, аймақтық және аумақтық (жергілікті) деп бөлінеді. Ғаламдық Э.а. бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, адамзатқа қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік мұхиттардың ластануы, озон қабатының (озонсфера) жұқаруы, қышқылды жаңбырдың жаууы, т.б. Э.а-тың пайда болуына байланысты табиғи және антропогендік (техногендік) болып бөлінеді. Э.а-тар көбіне кенеттен болатын табиғи жағдайлардың әсерлерінен (жер сілкіну, жанартау атқылау, құйынды борандар, су тасқындары, т.б.) және ұзақ уақытқа созылған экол. дағдарыс зардаптарынан пайда болады. Соңғы кезде адамның іс-әрекеттерінің тікелей немесе жанама әсер етуі де себепші болуда. Табиғи Э.а-тардың ертедегі геол. замандарда да оқтын-оқтын болып тұрғаны – ертеде теңіздерде тіршілік еткен жануарлардың қаңқа қалдықтарының көптеп табылуы дәлел болады. Мысалы, палеозойдың ордовик кезеңінің соңында екі рет жойқын Э.а. болған. Оған Әлемдік мұхиттар деңгейінің алғаш күрт төмендеуі және екінші рет оның күрт көтерілуі әсер етіп, бұрынғы тіршілік еткен теңіз жануарларының көптеген түрлері толықтай жойылып кеткені дәлел. Кейде ғыл.-тех. прогрестің қарқынды дамуының өзі Э.а-тарға әкелетіні белгілі. Мысалы., 1945 ж. атом бомбасының қолданылуы, 1986 ж. Чернобыль АЭС-сындағы техногендік апат, т.б. 20 ғ-да адам қолымен жасалған Э.а-қа Арал т-нің тартылып қалуы жатады; қ. Арал апаты.

*Р.Сәтімбекұлы. ҚҰЭ, 10-шы том, 19 бет.*

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АПАТТЫ АЙМАҚ

XX ғасырдың 70-90 ж.ж. түрлі себептер мен табиғи құбылыстарға байланысты Арал теңізінің тартылуы сол аймақта тұратын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатты әсерін тигізді. Үкімет қабылдаған қаулыларға қарамастан жағдай жақсылық жағына қарай баяу өзгерді. Бұл аймақтағы экологиялық апат тереңдей түсіп, шын мәнінде бақылау аясынан бығып кетті және ол бұрын болып көрмеген салдарға әкеп соқты. Халық арасында жүрек-қан тамырлары ауруы, тыныс демікпесі, сусақ аурулары, т.б. созылмалы дерт жиілеп кетті.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі осы жағдайды ескере келіп, 1990 жылғы 22-мамырда «Арал өңірі аймағындағы экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулы қабылдады. Бұдан кейін Үкімет аймақтағы жағдайға жиі оралып, көптеген маңызды шараларды белгіледі. Ал ҚР Жоғарғы Кеңесінің VIII сессиясы 1992 жылғы 30 маусымда «Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заң қабыл-дады. Бұл Заң бойынша Қызылорда облысының Қазалы, Арал аудандары және Ақтөбе облысының Шалқар ауданы экологиялық апатты аймаққа жатқызылды. Өңірдегі бірқатар аудандар экологиялық дағдарыс және экологиялық дағдарыс алдындағы жағдай аймағы болып белгіленді. Заңға сәйкес еңбекке ақы төлеу, зейнетақы, стипендия және жәрдемақы төлеу экологиялық апат аймағы бойынша 1,5, экологиялық дағдарыс аймағы бойынша 1,3, экологиялық дағдарыс алдындағы жағдай аймағы бойынша 1,2 коэффициентке көбейтілді. Бұған қосымша уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты еңбекақының 100 пайызы мөлшерінде үзіліссіз жұмыс стажының қанша екеніне қарамастан жәрдемақы төлеу, жыл сайынғы ақысы төленетін қосымша демалыс (зиянды еңбек жағдайында жұмыс істегені үшін берілетін демалысқа қосымша) аймақтар бойынша тиісінше 12,9 және 7 күнтізбелік күн болып белгіленді. Жыл сайын еңбек демалысын берумен бірге бір мезгілде, қолданып жүрген төлемдерден тыс, мемлекеттік бір айлық еңбекақы мөлшерінде ден сауықтыруға арналып материалдық көмек берілетін болды. Бұл айтылған

жеңілдіктер Заңның 13-бабының бірінші тармағында көрсетілген.

Осы баптың екінші тармағында және 14-бапта дәрі-дәрмекті тегін алу, қарттар мен мүгедектерді оларға арналған интернат-үйлерде орынмен алдымен қамтамасыз ету, I,II және III топтағы мүгедектерге тиісінше ең аз жалақының 2 жылдық, 1,5 және 1 жылдық мөлшерінде бір жылғы төлем ақы беру, ден сауықтыруға жыл сайын I,II топтағы мүгедектерге ең аз жалақының үш есесі мөлшерінде, III топтағы мүгедектерге ең аз жалақының екі есесі мөлшерінде жәрдемақы төлеу қарастырылды.

Заңның 14-бабы ана мен баланы қорғауға арналды. Атап айтқанда, бала туылғанда ең аз жалақының үш есе мөлшерінде бір мезгілде жәрдемақы төлеу, диспансерлік есепте тұратын балаға берілетін азық-түлік құнының 50 пайыз өтемін алу, балаларды жыл сайынғы емдейтін орындар мен санаторий тектес мекемелерінде тегін сауықтыру, сырқат баланың ата-анасының біреуімен немесе олардың қосып берген адамымен медициналық мекемесінің жолдамасы бойын-ша емдеу орнына дейінгі және кері қайту жолын тегін беру белгіленді.

XX ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде жүргізілген оңтайландыруға байланысты бұл Заңның қазіргі қолданыста жүрген баптарының кейбір тармақтарынан басқасы алынып тасталды. Дегенмен, Республика Президентінің Жарлықтарына сай, жергілікті өзін-өзі басқару және атқарушы органдарға берілген өкілеттіліктердің жыл сайын ұлғаюына байланысты халықтың әл-ауқатын арттыру ісі тұрақты жүргізіліп келеді.

*М.Есмағанбетов.*

## ЭМБАРГО

(испан. embargo – тыйым) – халықаралық құқықта бастапқыда мемлекеттік биліктің өз елінің порттарынан басқа елдер кемелерінің немесе өз кемелерінің шығуына тыйым салуы; кейіннен елге басқа елдер тарапынан импортқа немесе өз елінен экспортқа тыйым салуы. Э. соғыс уақытында да, бейбіт уақытта да енгізілуі мүмкін. Бейбіт уақытта Э. басқа елдерге ықпал ету шарасы ретінде немесе экон. қысым жасау құралы ретінде қолданылады. БҰҰ Жарғысында Э-ны халықаралық қауіпсіздікке қатер төндіретін мем-лекеттерге қарсы ұжымдық қуғындау шарасы ретінде белгілеу мүмкіндігі қарастырылған.

*С.Аханов. ҚҰЭ, 10 т., 72 бет.*

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Жазу-сызу өнері ерте дамыған халықтардың кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған киелі мұрасының бірі – энциклопедия; бұл – грек сөзі – enku-klopaideia – білім (жалпыға бірдей) өрісі.

Алғашқы энциклопедия біздің дәуірімізге дейінгі заманда жазылған сияқты. Ондай кітаптар сол елдердің кейінгі ұрпағы үшін тарихнама, көне шежіренама түрінде айрықша маңыз атқарып, өмір, өнер, ғылым, қоғам, дүниетаным, салт-дәстүр, әдет-ғұрып секілді т.б. сан-салада мағлұматтарды нақты, кең түрде баяндап отырды.

«Ақтөбе» энциклопедиясына жүгінсек, энциклопедия – ғылымның белгілі бір, не барлық саласынан мәлімет беретін ғылыми анықтама кітап. Антик қоғамында «Э» атау жеті еркін өнерді (грамматика, риторика, диалектика немесе логика, геометрия, арифметика, музыка және астрономия) белгіленіп көрсету үшін қолданған. XVI ғ. Батыс Европада бұл термин «әр алуан мазмұнды жинақ» дегенге жақын жаңа ұғымда қолданыла бастады. XVIII ғ. білімді топтастыру деген түсінік орын алады. Э. қазір таралған мағынасы: барлық ғылым саласынан анық мағлұмат беретін және іс жүзінде қолданатын әмбебап Э. немесе қайсы бір жеке ғылым саласынан (салалық Э) ғылыми басылым деп те атайды. Э. құрылымды жүйелі түрде жасалады – ғылыми саласы бойынша іріктеп алынған ма-териалдар алфавит тәртібімен орналастырылады. Э. сипатты еңбектер ең алғаш қытай халқының жазбаларында (б.з.б. XII-X ғ.ғ.) пайда болған. Б.З.Б. ежелгі Римнен де Э-лар шығарылған. Ертедегі Э. Әбу Насыр Әл-Фарабидің (870-950) араб тілінде жасалған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Синаның «Доншнома» («Білім кітабы») энциклопедиялық трактаты. XVIII ғ. – дың аса көрнекті философы Д.Дидро шығарған француз Э-ның ықпалы зор болды. XIX-XXғғ. Европа елдерінің бәрінде дерлік Э. жасалды. XIX ғ. «Жаңа Америка энциклопедиясы» басылды. КСРО да (көп томдық) «Үлкен Кеңес энциклопедиясы» үш рет шығарылды. Тұңғыш «Қазақ

Кеңес энциклопедиясы» (12+1т) 1958-78 ж.ж. жазылды. Енді «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы» (10 том) шықты. Біз де барымызша негізгі талаптарды сақтай отырып «Шалқар» энциклопедиясын жазып, шалқарлықтарға ұсынып отырмыз.

*Т.Тілешев.*

**ЮСУПОВ Мұханбетқали**

(а.ж.б. 1924, Шалқар ауданы, №7 ауыл), соғыс және еңбек ардагері, II топтағы мүгедек. 18 жасында (1942) әскер қатарына алынған; Ұлы Отан соғысында 1944ж. ауыр жараланып елге оралып, мұғалім болған. Білімі-арнаулы орта, ұстаздық еңбек өтілі – 44 жыл. Халық ағарту ісінің ардагері, I,II дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен түрлі дәрежедегі 14 медальмен марапатталған. Ауылдың сыйлы ақсақалы.

**ЮСУПОВ Нығматулла**

(28.02.1924 жыл, Шалқар ауданы, №10 ауыл) – 2001 жыл, Шалқар қаласы), полковник.



*Н.Юсупов*

Орта мектепті Шымкент обл. Ленин ауд. бітірген. 1942 ж. Ұлы Отан соғысы майданында қатардағы жауынгер, бөлімше командирі болып офицер дәрежесінде елге оралады. 1946-1948 ж.ж. Шымкент обл. Келес ауаткомында сектор меңгерушісі, жауапты хатшы (1948-1958 ж.ж). Шымкент обл. Қаратас ауданында әскери комиссардың орынбасары, 1958-1975 ж.ж. Шалқар, Мәртөк аудандарында әскери комиссар, 1975-1990 ж.ж. Шалқар ауд. партия комитетінде, ДОСААФ автомото мектебінде жауапты қызметтер атқарады. Ұлы Отан соғысының 50 жылдығына байланысты полковник шені берілді.

Жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз», I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және 18 медальмен марапатталған.

**ЮСУПОВА**
**Гүлсім Жанғалиқызы**

(20.03.1963 ж.т. Шалқар қ.)- эстрада әншісі. Шәмші Калдаяқов атындағы халықаралық әншілер конкурсының лауреаты (1992), республикалық «Шабыт» фестивалінің жүлдегері (1998). 1984 ж. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінің ұлт-аспаптар бөлімін бітірген. 1984-97 ж. облыстық филармонияда, арасында үш жыл (1985-88) «Қазақконцерт» ұжымында әнші, 1998 ж-дан Ақтөбе қ. әкімі жанындағы эстрадалық үрмелі аспаптар оркестріне әнші болып ауысты. Репертуарында халық әндерімен бірге Ш.Қалдаяқовтың, Ә.Бейсеуовтың, Е.Тerekовтың, Б.Жұмалин сияқты сазгерлердің 30-дан астам әндері бар.

# ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАНДАР

**КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары:**

Нұрпейісов Әбдіжәміл
Тәженов Қуандық

**Қазақ КСР және ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаттары:**

Абдуллин Ысқақ
Есенжолов Арман Бекетұлы
Жүгінісов Елеусіз
Рзабаев Серікбай
Самсонов Анатолий Васильевич

**КСРО Жоғарғы кеңесіне сайланған шалқарлық депутаттар:**

Сырлыбаев Қаналы Жаналыұлы
Аяпбергенов Сағитжан Аяпбергенұлы

**Қазақ КСР Жоғарғы кеңесіне Шалқардан сайланған депутаттар:**

Айтығұлов Сары
Айтмағанбетов Жұбатқан
Қонаев Дінмұхаммед Ахметұлы
Дүйісов Жұмабек (екі рет – 1947, 1951)
Алдияров Төлеу Алдиярұлы
Кетебаев Қамалбай Кетебайұлы
Төребаев Ахметжан Наурызғалиұлы
Тәкежанов Сауық Темірбайұлы
Қадырбаев Владимир Қасымұлы
Кузьминцева Антонина Александровна
Садықова Қырмызы
Қобыландин Нағым
Изюмников Валентин Карпович
Мәуметов Шаймерден

**Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1985-1990) болған:**

Мекебаева Роза Жолмашқызы, дәрігер, Шалқарлық, Тараз қаласынан сайланған.

**Шалқар ауданын басқарғандар, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары:**

| | |
|---|---|
| Ақсартов | 1928-1929 ж.ж. |
| Бұхарбаев | 1930-1931 ж.ж. |
| Ахметов | 1931-1932 ж.ж. |
| Жұмасейтов Уақат | 1933-1937 ж.ж. |
| Бермұхамбетов | 1937-1937 ж.ж. |
| Тущев | 1937-1938 ж.ж. |
| Құртаев Бимағанбет | 1938-1941 ж.ж. |
| Хасанов | 1941-1942 ж.ж. |
| Широченко Иван Терентьевич | 1942-1944 ж.ж. |
| Байсалбаев Әубәкір (Әбу) | 1944-1945 ж.ж. |
| Бөкешов Дәбен | 1945-1947 ж.ж. |
| Төлеуішов Ғинаят Құлмұхамбетов | 1947-1950 ж.ж. |
| Нұрмағанбет Дәуітұлы | 1950-1959 ж.ж. |
| Нүркин Іскендір | 1959-1962 ж.ж. |
| Алдияров Төлеу Алдиярұлы | 1962-1973 ж.ж. |
| Төребаев Ахметжан Наурызғалиұлы Беркімбаев | 1973-1985 ж.ж. |
| Сматулла Молдашұлы | 1985-1986 ж.ж. |
| Жекеев Мәлік Наурызғалиұлы | 1986-1991 ж.ж. |
| Алдабергенов Бағдат Өтемісұлы | 1991-1992 ж.ж. |

**Аудан әкімдері:**

| | |
|---|---|
| Абдуллин Кеңес Асанұлы | 1992-1996жж. |
| Сейтжапаров Мақсұт Сыдықұлы Оралмағамбетов | 1996-1998 ж.ж. |
| Жеткерген Тілеулесұлы | 1998-2002 ж.ж. |
| Сыдықов Рахат Мәжитұлы | 2002 ж. мамырдан бері |

**Шалқар аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағалары:**

Айтмағамбетов Жұбатқан
Есентасов
Жаңбыршин Есім
Рыскелдин Қалау
Хусайнов Сәндіғали
Шарбақов Жиенбай
Біржанов Молдағали
Жүсіпов Мұрат
Атантаев Шора
Жекеев Мәлік Наурызғалиұлы
Марченко Анатолий Николаевич
Чемоданов Владимир Леонидович
Алдабергенов Бағдат Өтемісұлы (аудандық Кеңес төрағасы)
Елеусізұлы Қанатбай (аудандық Кеңес төрағасы)

**Қалалық кеңес атқару комитетінің төрағалары:**

Досов Әбен
Балманова Мүлкат
Қарамергенов Өтеген
Жармағанбетов Жаржан
Пұсырманов Сағынай
Смағұлов Ерболат

Князов Жақсыбай
Ахметов Жалғабай
Мұратов Ақмырза
Көкенов Бақтыбай
Сүлейменов Қыпшақ

**Қала әкімдері:**
Сүлейменов Қыпшақ
Елеусізов Қанатбай
Қосымов Мақсат
Данағұлов Ербол

**Шалқар аудандық комсомол ұйымына жетекшілік еткен хатшылар:**

*Әуелгі кезде:*
Шүйіншалин Қансұлтан
Мырзалин Дәуқара
Дінішев Мұса
Әйтімов Тұрғанбай...

*Содан соң:*
...Орынбасаров Нұрқожа Мейірханұлы
Мыңжасарова Сара Рахманқызы
Ертаев Дүйсембі
Құрманалин Шерали
Хусаинова Рауза
Идрисова Рафиха
Есенқұлов Қойшыбай
Қожабергенов Төлеу...

*Кейін:*
...Тәжин Жанжа
Нұржанов Рамазан
Байдосов Закратдин
Пұсырманов Сағынай
Қалтаев Сәрсеналы
Қалмұратов Ақылбек
Мәмбеталин Аманғос Сағынайұлы
Комлева Наталья Николаевна
Шәңгірбаев Юнис Ыбырашұлы
Ділманов Жаңабай Рахметоллаұлы
Мұңайтбасов Марат Әлібекұлы
Жиеналина Іңкәр Сүйеумағанбетқызы
Бигеев Ысқақ

**Қазақ КСР ерекше еңбек сіңірген дербес зейнеткерлер:**
Құлмұханбетов Нұрмағанбет Дәуітұлы
Төлеубай Кемейдолла
Нұржанов Рамазан
Байдосов Закратдин
Беркімбаев Сматулла Молдашұлы
Алдияров Төлеу Алдиярұлы
Орынбасаров Нұрғожа Мейірханұлы
Төребаев Ахметжан Наурызғалиұлы

**«Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері»**
Дүйсенбаев Әкімжан Қондыбайұлы
Төреханов Тауман Алыбайұлы
Басығараев Бақыт

**«Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері»**
Қобыландин Нағым
Мұстафин Задагерей
Абдуллин Ысқақ
Жанауов Ықылас
Дүйсенбаев Қондыбай

**«Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі»**
Өтемұратов Мұстай

**«Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген құрылысшысы»**
Абуов Нұрғали

**В.Н.Цеханович атындағы №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен шыққан атақты спортшылар**
**Қазақ КСР-на еңбегі сіңген жаттықтырушылар:**
Цеханович Владимир Николаевич
Симбетов Жеңсікбай Санатбайұлы

**ҚР-ң спорт қайраткері:**
Есенжолов Мұрат Әлімбайұлы

**ҚР-ң оқу ісінің үздігі:**
Цеханович Владимир Николаевич
Аяпов Мұхит Елужанұлы

**Халықаралық дәрежедегі КСРО спорт шебері**
Батырғарин Есенгелді Мұханбетшәріпұлы

**КСРО спорт шеберлері – Грек-рим күресі**
Цеханович В.Н.
Есенжолов М.Ә.
Беляков А.
Шакаев А.Ж.
Төлемісов С.О.
Бердалин Б.Ж.
Лысенко А.Г.

Селиверстов А.Т.
Симбетов Ж.С.
Қазымбетов Ш.С.
Ережепов А.
Қайрақбаев Қ.
Изтлеуов Ж.А.
Ахмадиев Р.
Көшелеков Қ.
Панов А.
Меркулов С.
Шакиров Рашид.
Шакиров Ренат
Насыров И.
Пак А.
Каюмов Р.
Батырғарин Есенгелді
Батырғарин Жангелді

**КСРО спорт шеберлері (Самбо күресі)**

Төлебаев А.
Кеммалов О.
Дәулеталин Г.

**КСРО спорт шеберлері (Бокс)**

Айымбетов С.
Көкенов Б.

**Қазақстан Республикасының спорт шеберлері (Грек-рим күресі)**

Жоламанов С.Б.
Избаев А.Қ.
Батырғарин Б.
Шатаев Р.Н.
Тақаев А.
Елмұратов Н.
Құдайбергенов А.

**Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Баспасөз ісінің үздіктері:**

Төреханов Тауман Алыбайұлы
Тағанов Жұмағали
Есмағанбетов Мұқамбетәли
Телеуова Зияш.

**Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы есеп, қаржы, салық саласы қызметінің үздіктері:**

Бекжанов Тұрмағанбет (1958)
Боранбаева Айша
Мұқанов Даңғай
Мұңайтбасов Марат Әлібекұлы.

**Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Денсаулық сақтау ісінің үздіктері:**

Қуатбаев Жадырасын Қуатбайұлы
Бимағанбетов Жұбаныш Бимағанбетұлы
Галиахметова Нелля Сафовна
Сейтмағанбетов Аманғос Сейілұлы
Жүсіпов Жолдыбай Жүсіпұлы
Қасымбетова Динезат
Сүлейменов Қыпшақ Абдулгазизұлы

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісінің үздіктері:**

Амантаева Гүлнар Бақытжанқызы
Сүлейменов Айнысан Бименұлы
Көптілеуов Жексенби Аққабиұлы
Чан Ван Чун Валентина Федоровна
Скендиров Едіге Жақсылықұлы
Нұрмағанбетова Күлпаршын Шамшақызы
Шекенова Бағдаш Төреғалиқызы
Ешниязова Ботагөз Аманғалиқызы
Батырханов Алдажар

**«Шалқар ауданының құрметті азаматы» атағына ие болғандар** *(атақ алаан жылы)*

Ахтанов Тахауи – 1993
Нұрпейісов Әбдіжәміл – 1994
Уайдин Үмбетбай – 1995
Елецкий Виктор Константинович – 1995
Байдосов Закратдин Байдосұлы – 1995
Міндетбаева Бақытжан – 1996
Қобыландин Нағым – 1996
Алтаева Сәуле Мұқамбетқызы – 1996
Мәндібаев Төрежан – 1997
Жанғалиева Бақыт – 1997
Төребаев Ахметжан Наурызғалиұлы – 1998
Көптілеуов Ниетқали – 1999
Оралбаев Пана – 1999
Жекеев Мәлік Наурызғалиұлы – 1999
Жақыпов Бөген – 2000
Абдуллин Кеңес Асанұлы – 2000
Ақшолақов Қуандық – 2001
Төреханов Тауман Алыбайұлы – 2006
Оралмағамбетов Жеткерген Тілеулесұлы – 2006
Есбосынов Саудағазы – 2007
Әділбаев Оразбай – 2007

**«Шалқар қаласының құрметті азаматы» атағына ие болғандар:**

Жақсымбетова Бижамал
Сыдықов Мәжит – 1996
Мұратов Ілияс – 1996
Клюев Владимир Сергеевич – 1996
Жандосов Өтеген – 1997

**Жыл адамы-1999**
*(27 желтоқсан 1999 ж, № 561 шешім)*

**Әбдуәлиев Зиядин** – ақын

**Зият Адай** – электр қуатын өткізу және жеткізу бөлімшесінің директоры.

**Құрманбай Мәжит** – №8 жол дистанциясының бастығы.

**Малайдарова Марта Есіркепқызы** – №1 орта мектеп директоры.

**Сүйеубаев Құлыбек Сүйеубайұлы** – аудандық білім бөлімінің меңгерушісі.

**Сыдықов Рахат Мәжитұлы** – ауданаралық газ шаруашылығы мекемесінің бастығы

**Шанбатыров Мұқатай** – Бозой газ сақтау қоймасының директоры.

**Жыл адамы-2000**
*(29 желтоқсан 2000 ж. №769-шешім)*

**Бердалин Берік** – №6 орта мектеп мұғалімі

**Көптілеуов Жексенби Аққабиұлы** – аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі.

**Қуатбаев Әбдісәлім Жадырасынұлы** – Тұран Әлем банкінің аудандық филиал директоры

**Маханбетов Әлібек** – т.ж. тораптық электр желісінің бастығы.

**Меңдіғарин Сырымбай** – жеке кәсіпкер.

**Жыл адамы-2001**
*(29 желтоқсан 2001 ж, №174-шешім)*

**Әйтенов Серік-Тұғыр Бақбергенұлы** –«Ғимарат» ЖШС директоры

**Қосымов Мақсат Сейілбекұлы** – қала әкімі

**Мұңайтбасов Марат Әлібекұлы** – аудандық салық комитетінің төрағасы.

**Өтепова Гүлжанат Сламғалиқызы** – мәдениет үйінің қызметкері

**Сейімбетов Жеңсікбай** – спорт мектебінің директоры

**Сырлыбаев Қаналы Жаналыұлы** – локомотив жөндеу депосының бастығы.

**Сүлейменов Қыпшақ** – дәрігер.

**«Шалқар ауданының жыл адамы» атағын алған азаматтар.**

**Жыл адамы-2003** *(29.XII. № 285-шешім)*

**Бақтыбаев Аманғазы Жарасұлы** – белгі беру және байланыс дистанциясының Шалқар желілік пайдалану бөлімшесінің бастығы.

**Дайрабаева Бекзада Орманқызы** – Шалқар аудандық орталық ауруханасының жасөспірімдер дәрігері.

**Ержанов Марат Олжабайұлы** – жеке кәсіпкер.

**Есжанов Еңсепбай Есжанұлы** – Шалқар аудандық аумақтық басқармасының бастығы.

**Муытова Айгүл Жарылғасынқызы** – аудандық халық театр режиссері.

**Тағанов Берік Жұмағалиұлы** – «Мұрагер» ЖШС директоры.

**Үмбеталин Сейіл Ержанұлы** – Қорғантұз орта мектебінің директоры.

**Жыл адамы-2004 ж.**

**Аяуова Сәбира Романқызы** – №1 орта мектептің мұғалімі.

**Әділбаев Оразбай** – аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы.

**Әлиқұлов Қаржау Қойшыбайұлы** – «Ерзат» өндірістік кооперативінің төрағасы.

**Елғондин Еркінбек** – № 8 Бершүгір жол дистанциясының бастығы

**Есмағанбетов Мұқамбетәли** – «Шежірелі өлке» газетінің редакторы.

**Қазыбеков Құрышбек** – «Толағай-Кішіқұм» ЖШС төрағасы.

**Үмбеталин Мұханбетпана** – №21 кәсіптік-техникалық мектептің директоры.

**Жыл адамы-2005 ж.**

**Аязбаев Аманжол** – «Алымбет» шаруа қожалығының төрағасы.

**Ерішев Иманияз Ерішұлы** – аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы.

**Жайлаубай Серғали Аманғалиұлы** – № 8 шалқар жол дистанциясының бас-тығы.

**Жәмеков Әнес Ермекұлы** – Тоғыз орта мектебінің директоры.

**Сейтмағамбетов Аманғос Сейілұлы** – аудандық емхананың меңгерушісі.

**Тілешев Тұрсын Тілешұлы** – халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық ұйымының төрағасы.

**Шакаева Башан Жаңабергенқызы** – кәсіпкер.

**Жыл адамы-2006ж .**

**Амантаева Гүлнар Бақытжанқызы** – АОМСЭКД Шалқар аудандық бөлімінің бастығы.

**Бимаханов Жәңгір** – Шалқар Даму қорының директоры.

**Бекмағанбетов Ермек Қанашұлы** – «Аудандық ауыл шаруашылық бөлімі» ММ-нің бастығы.

**Елеусізов Дәулетжан Райымұлы** – Еңбек ардагері.

**Есенбаев Жақсығұл** – «Қуат» шаруа қожалығының төрағасы.

**Жалниязова Маржан** – жеке кәсіпкер.

**Жоламанов Серік Бағжанұлы** – №1 бала-лар-жасөспірімдер спорт мектебінің аға жаттықтырушысы.

**Игісінов Мұрат Өмірзақұлы** – ПЧ-7 жол дистанциясының бастығы.

**Көмекбаев Исатай Бисенбіұлы** – «Ұлы Борсық» КСМК бастығы.

**Садықов Жалғас Сәңкібайұлы** – аудандық сот төрағасы.

**Жыл адамы-2007 ж.**

**Аллысбай Тілеубай Қыстаубайұлы** – Шалқар селолық округі мәдениет үйінің директоры.

**Елемес Жеткерген** – «Ұлы Борсық» КМК бастығы.

**Жаңғозин Жалғас Тажадинұлы** – аудандық телеком-муникация торабының бастығы.

**Қожаниязов Абдулнасыр** – «Дәулетхан» ЖЖМБ төрағасы.

**Өндіргенов Мейіржан Сағидуллаұлы** – «Емшан» компаниясының президенті.

**Өтегенов Жеткерген Жеңсікбайұлы** – ЭЧ-3 мекемесінің бастығы.

**Сағынай Күлән Сағынайқызы** – Т.Шанов атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі.

**Сарманов Шахзада** – Қауылжыр селолық округіндегі «Бірлестік» ШҚ-ның директоры.

**Сыдықов Қанат Мәжитұлы** – аудандық газ шаруашылығы мекемесінің бастығы.

**Талипова Сәуле Қасқырбайқызы** – №2 мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі.

**Құттыбаева Маржангүл Нұрғалиқызы** –Қауылжыр дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері.

**«Шалқар ауданының Жыл адамы-2008» атағын беру туралы**

*Аудан әкімі өкім етеді:*

Мына адамдар «Шалқар ауданының Жыл адамы-2008» болып жариялансын.

**Абай Сұлтанұлы Ноғаев** – кәсіпкер.

**Амандық Кәрібайұлы Қаракүшіков** – № 8 жол дистанциясының бастығы.

**Бақтылы Бақытжанқызы Спанова** – «Балдырған» санаториялық үлгідегі мектепке дейінгі балалар мекемесінің меңгерушісі.

**Гүлмираш Тұрдықұлқызы Абдраманова** – МҚҚК Шалқар аудандық емхананың бөлім меңгерушісі.

**Жұман Әбдікер Шәріпұлы** – «Жұман» шаруа қожалығының төрағасы.

**Құрманияз Мұқатайұлы Таласбаев** – Арал тораптық өндірістік газ тасымалдау басқармасының бастығы.

**Нұрболат Адманұлы Жанаманов** – Қазанғап атындағы саз мектебінің оқытушысы.

**Төлбай Сәңкібайұлы Садықов** – аудан әкімінің орынбасары.

**Төлепбай Сембайұлы Сәрсембаев** – «Жаңатас Продактс» ЖШС-нің директоры.

**Тұрғанбай Нұрмағанбетұлы Маханбетов** – «Азамат-М» ЖШС-нің директоры.

**Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген Ауған соғысына қатысқан Шалқарлықтар**

*(аты-жөні, туған жылы)*

| | |
|---|---|
| Ахметжанов Рамиль Гамелұлы | 1969 |
| Абибулин Елтай Дәуітұлы | 1964 |
| Айжанов Болатбай Зинуллаұлы | 1966 |
| Ахметов Есет Қожаназарұлы | 1968 |
| Алдияров Жексенбай | 1959 |
| Алдашев Рүстем Мырзалыұлы | 1963 |
| Балманов Жәнібек Мұханбетұлы | 1963 |
| Бұлқайыров Қосымжан Жанәділұлы | 1964 |
| Данабеков Ерсайын Әбукәкімұлы | 1965 |
| Елубаев Құрманғазы Тұрғанұлы | 1962 |
| Жаналинов Рысбай Мұстафаұлы | 1961 |
| Жанықұлов Бисенғали Сидақұлы | 1965 |
| Женсікбаев Қайрат Илдашұлы | 1966 |
| Жанғабылов Ғазиз | 1959 |
| Қожамұратов Үбайдулла Қуандықұлы | 1960 |
| Көптілеуов Жеңіс Тұрғанұлы | 1969 |
| Көптілеуов Базарқұл Аманғазыұлы | 1959 |
| Қалдин Өтепберген Жетпісбайұлы | 1960 |
| Қазиев Қайрат Әміруұлы | 1966 |
| Масақбаев Меңдіғали Мұханұлы | 1961 |
| Пұсырманов Сағидулла | 1962 |
| Сатыбаев Мұрат Едігеұлы | 1958 |
| Сейпілов Бақберген Жеткергенұлы | 1967 |
| Сүйінов Қамрадин Махшаұлы | 1967 |
| Сатенов Галман Мұхитұлы | 1967 |
| Сырлыбаев Нәби Абдуллаұлы | 1963 |
| Төлегенов Пірімжан Ынтаұлы | 1959 |
| Түксікбаев Қобыланды Егізбайұлы | 1967 |
| Тулешов Амантай Шоқпытұлы | 1960 |
| Омаров Ақылбек Әбдіжалиұлы | 1968 |
| Шуданов Талғат Жетесұлы | 1961 |
| Шекенов Бекет Нұрғалиұлы | 1961 |

**Сирия соғысына қатысқан шалқарлықтар:**

| | |
|---|---|
| Ахметов Әбуғали Қуанышұлы | 1955 |
| Барбосынов Шалғынбай | 1955 |
| Сағынов Ғалымжан | 1955 |

**Чернобыль апатынан бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарына қатынасқан шалқарлықтар:**

| | |
|---|---|
| Әбдіқалықов Серік Құлахметұлы | 1967 |
| Байжанов Ғалымжан | 1969 |
| Байымбетов Шынтемір Шыңдәулетұлы | 1957 |
| Жалелов Есқара Оңталапұлы | 1961 |
| Қалиев Жәкен Маратұлы | 1967 |
| Керімов Исатай Керімбайұлы | 1966 |
| Кенжалин Жылқыбай Серадинұлы | 1966 |
| Сартаев Ырғызбай | 1965 |
| Сағымбаев Қуандық Сағымбайұлы | 1958 |
| Сартаев Нағашыбай Жанбалаұлы | 1956 |

**Соғыстан кейін бейбіт кезеңде қайтыс болған Ауған соғысына қатысушылар:**

| | |
|---|---|
| Жоламанов Нұрлан Амандықұлы | 16.12.1962 |
| Избанов Қаржаубай Таласбайұлы | 23.02.1960 |
| Карин Марат | 28.10.1969 |
| Пірімбетов Жақсыұлан Жанабергенұлы | 28.10.1969 |
| Тлеужанов Асылбек Мұханбетжанұлы | 04.12.1964 |
| Тайжанов Сәбит Мұханбетұлы | 08.05.1961 |
| Федоров Вячеслав Николаевич | 02.12.1967 |

**Ауғанстанда қаза болған интернационалист жауынгерлер:**

| | |
|---|---|
| Шүйіншалин Үбайдулла | 22.07.1960 |
| Тұрғанбаев Имамадин Балмұханұлы | 26.07.1961 |
| Прохоренко Владимир Леонидович | 23.02.1964 |

**Білім саласы бойынша «Ыбырай Алтынсарин» медалымен марапатталғандар:**

Қобыландин Сенбай Нағымұлы
Малайдарова Марта
Сүйеубаев Құлыбек Сүйеубайұлы
Табаналы Қуаныш Құрманбайұлы
Тілешев Тұрсын Тілешұлы

**«КСРО білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталғандар:**

Мырзалина Әлия
Әметов Сағитжан
Елмағанбетов Шәуен
Лепесова Зағипа
Садықов Әмір
Байшүкіров Жолаушыбай
Омаров Жұмабай
Мырзатаев Ниеталы
Туюшев Равиль Рафкатович

**Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, ҚР білім беру ісінің озық қызметкерлері атағын алғандар:**

Тереков Емберген Медіресінұлы
Оралбаев Пана.
Жолаева Жамал
Бұрханов С.
Көшелеков Берден
Малайдаров Есіркеп
Дәулетов Мұхит
Қарағұлов Сағидулла
Ақшолақов Қуандық
Покровская Эмилья Игнатьевна
Гатаулина Гүлбағила
Исмагулов Байәділ
Балниязова Салиха
Боташева Ұлдай
Көрпебаева Бөпей
Күзембаев Әбдірахман
Нұралин Нұрғали
Павлищева Н.И.
Резванова Сания
Томленова Л.И
Түлкібаева Ақжібек
Умирзакова Ш
Өтешев Аманғали
Батыров Омар
Дайрабаев Орман
Мырзалина Әлия
Төлеуова Тәрбия
Тілеубергенов Өксікбай
Баймағанбетова Қанипа
Ахметқалиева Жамал
Қартмағанбетов Ғабдол
Иманалина Ұштап
Асқаров Сырашадин
Жанасаев Сыдық
Тағыбергенов Меркебай
Қансұлтанов Әміралы
Сұлтанова Н.Т
Томленова В.И
Орынбасарова Зоя Мейірханқызы
Алтаева Сәуле Мұханбетқызы
Иманов Нәжмадин
Құлшықова Кәбира
Таженов К.
Қаниев Аяш
Көшенов Бержан
Мендияров Ә.Е.
Татанова Сарқыт
Абдикаримова Сабила
Галиев Рашид
Мұратов Илияс
Резванова Қанипа

Шанов Мақсым
Жүгінісов Керман
Тағанова Күлмереке
Аметов Сағитжан
Боранбаев Иманғазы Әділұлы
Енсепов Көпжасар
Алдияров Төлеу Алдиярұлы
Жидеханов Өтеғұл
Күштаев Төлебай
Омарова Інжу
Шарбақов Жиенбай
Байшукуров Жолаушыбай
Лепесова Зағипа
Бақытжанова Шайкен
Абдыхалыков Керей Абдіқалықұлы
Кубаева Самиға
Елмағамбетов Шәуен
Бисеков Жантөре
Наталичева А.Л.
Жантурин Қуанышбай
Науанова Әлпен
Сатенов Мұхит
Цеханович В.Н.
Абденов Орман
Абдразаков Қойшыбай
Жұмағалиева Айжан
Мұратова Балзия
Сугурбаева Мария
Төребаева Рауия
Фаткуллина Мария
Жылқыбаева Заңи
Спанова К.
Сыдыкова Несібелі
Тлегенова Әнапия
Ильясов Ізбасар
Қалағанова Ақық
Дәрменқұлқызы
Құрманов Рамазан
Сатыбалдин Зағит
Бақов Оспан
Байтоғаева Карима
Омаров Жұмабай
Төлеуова Шайзада
Белугина Н.А.
Тілешев Тұрсын
Аяпова Жұмагүл Исағалиқызы
Балмағанбетов Кален
Шанов Төлтай Түсібекұлы
Нұрмағанбетов Сабанбай
Еспенбетова Тілек
Мұхамбедриярова Орынша
Боздақов Койшекен
Нұртаев Нұрмұханбет
Әйтенов Бақберген
Ешмұратов Жақсымұрат
Жәкешева Қалила
Ибрагимова Қаныш
Қауысов Нағашыбай
Қожашева Айжамал
Енсепбаева Алданыш
Ізбасова Алма
Керимов Тұрсын
Сүйеубаев Құлыбек Сүйеубайұлы
Бажаева Шамшырақ
Байжанова Ақбөпе
Қосанова З.
Жайханов Іздек
Қожанов Мәтей
Мурзалин Ыбрайым
Сулейменов Қапар
Доскабылов Бұхарбай
Тілеуқабылов О.
Әминов Қойшыбек
Оразалина Рая
Тлеуова Ақмоншақ
Тасырова Мажыра
Шүйтенова Гүлжахан
Айтжанова Торғын Б
Есеналина Айман Ж.
Мамбетова Бибігүл
Наурызбаева Ханзада
Балмағамбетова З.
Боранбаева Б.А.
Жұмагалиева А.
Ильясов Жайшылық
Кулмуханова Мәлика
Мекебаева Х
Сүйеуов Әубәкір

**«ҚР білім беру ісінің үздігі» атағын алғандар 1991-2007 ж.ж.**

Аяуова Сәбира
Боранқұлова Зейнегүл Қапақызы
Құлмұханова Мәлика
Орынбасарова Таня
Сауырбаева А
Оразалина Рая Оразалықызы
Үсенова Сания Әлімқызы
Мүсаева Рабиға
Закарьянова Бақытгүл
Байжанова Ақбөпе Омарқызы
Әлиева Миуа
Итегулова Қаншайым
Мұханбетжан Несібелі
Борашева Күләш
Есбосынова Маруса
Исбусинов Әкімжан
Жолекенов Зинельабдин
Жұмағалиева Күләй Тынымбайқызы
Жәмеков Әнес Ермекұлы

Төлеген К.
Төлебаева Дәмеш Ізбағанбетқызы
Доштиярова Сара Қонақбайқызы
Туюшев Равиль Рафкатович
Кузнецова Наталья Евгеньевна
Жүгінісов Абай
Есмағанбетова Зияда
Сейіт Салима
Мурсалова Күләнда Әділқызы
Кеулімжаева Базаркүл
Көпенова Зинаида
Жеткергенова Сайраш Аманғосқызы
Арық Ермек
Лазаренко
Сарина Сайран
Жангелдина А.Б.
Нұрбаева Қ.
Баймағанбетова Ділда
Назаров Қайырғали
Барманов Серік Орынбасарұлы
Нұрбаева Қарашаш Нұрбайқызы
Мамбетсафина Жарасқан.
Әбдіғалиев Мырзаберген
Есенаманов Аманғали
Борашева Күләш
Оспанова Мінуар
Өтебасов Есенжол Садықұлы
Мырзатаев Ырысбай Құдайбергенұлы
Жармағанбетова Шолпан
Шүйтен Жексенбай Тамайұлы
Аяпов Мұхит
Еңсепов Бердімжай
Мусин Кәдіржан
Қожашева Моншақ
Балмағанбетова Ділда
Табаналы Қуаныш
Қобыландин Сенбай

*Методист-мұғалім*

Елпанова А.Е.

Аға мұғалімдер

Дайрабаев Орман
Лепесова Зағипа
Көрпебаева Бөпей
Абдинасырова Жұмагүл
Жугинисов Сағындық
Кенжебаева Марияш
Көшенов Жамбыл
Бабанова Жамал
Оспанова Мінуар
Центель Н.В.
Дарибаева Айман
Нашанова Мария

**КСРО Орден-медальдарымен марапатталған педагог қызметкерлер**

Низамудинов Мубаракша – Ленин ордені
Қалағанова Ақық Дарменқұлқызы – Ленин ордені
Никольский Михаил Григоревич – Ленин ордені
Қарағұлов Сағидолла – «Құрмет белгісі» ордені
Бекмағанбетова Рауза – «Құрмет белгісі» ордені
Базарбаева Айша Базарбайқызы – Еңбек Қызыл Ту ордені
Мырзалина Әлия – «Құрмет белгісі» ордені
Жақсымбетова Бибіжамал – Еңбек Қызыл Ту ордені
Амантүгелова Жұпар – «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі
Байтоғаева Карима – «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі
Аяпова Жұмагүл Исағалиқызы – «Еңбектегі үздік шыққан үшін» медалі
Жұбаниязова Жақсыбике – «Лениннің 100 жылдығы» медалі
Дүйісмағамбетов Мақсат – «Еңбектегі ерлігі үшін».

**Шалқар аудандық оқу (білім) бөлімін әр жылдары басқарғандар**
*(қолдағы дерек 1939 жылдан басталады):*

Сарин Дәуренбек – 1939-1940
Бектенғалиев Хайролла – 1940-1942
Дәулетов Мұхит – 1942-1946
Сарин Дәуренбек – 1947-1952
Мұратов Ілияс – 1953-1955
Мырзақұлов Іляс – 1955- 1960
Тілеубергенов Өксікбай – 1960-1978
Тілешев Тұрсын Тілешұлы – 1978-1987
Боранбаев Иманғазы – 1987-1992
Төлемісов Серікбай – 1992-1996
Сүйеубаев Құлыбек – 1996-2003
Табаналы Қуаныш – 2003 жылдан бері.

**Қазақ КСР-на еңбек сіңірген шалқарлық мұғалімдер:**

Алғиев Әділхан
Базарбаева Айша Базарбайқызы
Боташева Ұлдай
Ещанов Әлібай
Зинұрова Ғалия
Мұратова Балзия Көрпебайқызы
Овдиенко Иван Александрович
Орынбасаров Мейірхан
Тәмпілов Нұрмұханбет
Тілеубергенов Өксікбай

---

*Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау.*

**З. Қабдолов.**

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ:

Д.Абдуллина
Қ.Айжарықов
М.Айжарықов
Ж.Асанов
Н.Асқаров
С.Аханов
К.Ахметов
М.Аяпов
Л.Әбдіғапарова
З.Әбдуәлиев
Ж.Әбішев
О.Әділбаев
Қ.Әлин
З.Байдосов
Ғ.Байдербес
Ә.Байжұманов
Н.Байтұрсын
С.Балмағанбетов
Т.Барақұлы
С.Бәтібаева
Қ.Биғожин
Т. Болтаев
Е.Дүйсенбаев
Ә.Дүйсенбаев
А.Добромыслов
С.Ділман
И.Ерішов
М.Есмағанбетов
Б.Жақсыбаева
А.Жақыпова
Н.Жанаманов
Ә.Жанияз
А.Жанаев
С.Жұбаназар
Д.Ильясова
А.Қалыбаев
Е. Қазыбеков
Д.Қатран
Ш.Қарамергенов
С.Қарин
Ұ.Қауыс
М.Қошаев
С.Кенжеахметұлы
Ж.Көптілеуов
Д.Матайқызы
А.Махат
С.Мұхтаров
Ә.Нұрмағанбетұлы
Ғ.Нұрышев
Б.Оразаев
О.Оразов
Д.Ордина
Ә.Ормұқанбетұлы
Ә.Оспанов
А.Өтегенов
Н.Пұсырманов
А.Райымбергенов
Р.Рысқалиева
А.Сейтмағанбетов
Ж.Симбетов
Ж.Сыдықов
А.Б. Сүлеймен
Е.Тапалов
А.Тоқтаған
С.Тоқсанбай
Д.Төлебаева
Т.Төлепбергени
Қ.Төлеуов
Т.Тілешев
Ө.Тұяқбай
Қ.Шаңғытбаев
Г.Ізтаева
Ү.Уайдин (Уәйдаұлы).

# ШАЛҚАР ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

Бас редактор: **Т.Тілешов**
Тех. редактор: **Б.Тағанов**
Көркемдеуші редактор: **Р.Әминова**
Компьютерде терген: **Ә.Тағанова**
Беттегендер: **Г.Алғабекқызы, С.Құдайберген**

Пайдаланылған әдебиеттер және көркемдеп безендіруге кейбір суреттер мына кітаптардан алынды:

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Алматы. 1998-2007 ж.ж.

«Ақтөбе» энциклопедия, Ақтөбе 2001 ж.

Н.Қ.Есенғарин. «Қазақстанның атақты теміржолшылары». Алматы, 2004 ж.

«Аграрлы Қазақстан – Аграрный Казахстан», Алматы
«Архивные источники по освоению Оренбургско-Ташкентской и Туркестано-Сибирской железных дорог». Алматы. 2007 ж.

«Қазақстан теміржолдары медицинасының тарихы». Алматы, 2006 ж.

Энциклопедия Шалқар қаласындағы «Мұрагер» ЖШС-де дайындалды.

Теруге 01.10.2008 ж. берілді.
Басуға 15.03.2009 ж. берілді.
Таралымы 1500 дана.
Тапсырыс № 2666.

Көлемі 24 баспа табақ. Кітап офсеттік тәсілмен басылды.